

Сейдін Бизақов

СӨЗ НҰСҚАЛАРЫ ЖӘНЕ БАЛАМА АТАУЛАР

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Бизақов С. Сөз нұсқасы және балама атаулар. Алматы: «Арыс», 2008. –
000 бет.

Бұл еңбекте қазақ тілі мәдениетінің ең өзекті мәселесінің бірі сөз нұсқаларының қолдану ерекшелігі, сондай-ақ жаңа атаулардың әдеби тілге әсері сөз болады.

Сөздің жарыспа тұлғалары қазақ тіліндегі лексика-семантикалық сөздер тобының айрықша түрін құрайды. Тіл білімінің жеке салаларының жиынтық әсерінен қалыптасқандықтан, сөз нұсқалары қазақ тілі мәдениетіндегі ең өзекті мәселе ретінде танылуда. Ұсынылып отырған еңбек оқушылар мен студенттерге, мұғалімдер мен оқушыларға, баспасөз қызметкерлері мен қалам қайраткерлеріне, білімқұмар қалың оқырманға арналған.

СӨЗДІҢ ЖАРЫСПА ТҰЛҒАЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Әдеби тіл өлшемімен тығыз байланысты тіл мәдениеті мәселесі қазақ тіл біліміндегі ең өзекті тақырып ретінде әр кезде әр түрлі жағдайға байланысты ұдайы күн тәртібінен түспей көтеріліп келеді. Бұл тіл біткеннің бәріне ортақ үрдіс десе де болғандай. Қазақ тілі мәдениеті – лексикологияға, лексикографияға, диалектологияға, орфография мен орфоэпияға, яғни тіл білімінің барлық саласына қатысы бар ауқымы кең үлкен тақырып.

Баспасөз бетінде ауық-ауық сөз болып жүрген жарыспа тұлғалардың қолданылуын тұрақтандырып, бірыңғай нормаларын саралау – қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясына бірдей қатысты, үлкен ілтипат қоя зерттейтін мәселе. Тіл – өмірмен өзектес жанды құбылыс болғандықтан, үнемі қозғалыс үстінде болып, онда жанару, өзгеру, кейбір атаудың көнеру процесі жүріп отырады.

Сөздің жарыспа тұлғалары қазақ тіліндегі лексика-семантикалық сөздер тобының айрықша түрін құрайды. Мұндай вариант пен дублет сөздер – халық тілінің сөздік қорын байытып келген, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму барысында ұдайы өзгеріске түсіп отыратын лексика-семантикалық сөздердің айрықша тобы. Халықтың қоғамдық-әлеуметтік жағдайының, тұрмыс-тіршілігіндегі өзгерістің, басқа халықтармен тарихи, рухани, шаруашылық қарым-қатынасының сөздің әр алуан жарыспа тұлғаларының түзілуіне әсер еткені анық. Бұл салада жазылған диссертациялар, монографиялық еңбектер, жинақтар тағы басқа басылымдар баршылық. Тілдегі варианттылық қазақ тілін зерттеуші түркі танушылар назарын ерте кезден, 19 ғасырдан бастап-ақ аударғанын байқаймыз¹. Түркі тілдерінде тек 20 ғасырдың 50 жылдарынан кейінгі зерттеу еңбектерінде ғана сөз нұсқалары жайында ара-тұра кейбір пікірлер айтыла бастады². Орыс тіл білімінде вариантылыққа байланысты теориялық мәселелерді анықтау өткен ғасырдың 40-жылдарынан бергі уақытта жарық көрген еңбектерде алға қойылды³. Қазақ тіліндегі сөздің фонетикалық варианттарына арналған арнайы зерттеулер диалектолог ғалымдардың өткен ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі еңбектерінде көріне бастап, тіл мәдениетіне қатысты бұл мәселе өз жалғасымын тауып, тереңірек, жан-жақты зерттеле бастады⁴.

¹ Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1961, С. 65, 72, 88, 98, 130, 141, 153, 164; Мелиоранский М.П. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Фонетика и этимология. СПб, 1894, ч.1. С.14, 17, 24, 37, 70

² Киекбаев Дж.П. Фонетика башкирского языка (опыт писательного и сравнительно-исторического исследования), Уфа, 1955. С. 426–490.

³ Виноградов В.В. О формах слова. ИАН, ОЛЯ, 1944, т.3. вып 1; Смирницкий А.И. К вопросу о слове (проблема «тождества слова») / Труды Института языкознания АН СССР, М., 1954, т.4. С. 25; Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. М., 1957, с. 193–194; Филин Ф.П. О слове и вариантах слова / Морфологическая структура слова в языках различных типов. М.–Л., 1963, с.130–133; Рогожникова Р.П. Варианты слов в русском языке. М., 1966. С. 15–65; Горбачевич К.С. Вариантность слова и языковая норма. Л., 1978.

⁴ Кенесбаев С.К., Исаков А.И., Мұсабаев Г.Г. Сыздыкова Р.Г. О нормах казахского литературного языка. СБ/Вопросы развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. Алматы, 1964; Балакаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965; Тіл мәдениеті және баспасөз / Ғылыми конференция

Жалпы тіл заңдылығына сәйкес өзгеріп отыратын категорияға жататындықтан, сөздің жарыспа тұлғаларын бір өлшем-жүйеге келтіріп, бірыңғай нормасын саралап, үлгі-өрнектерін орнықтыру, оны оқырман қауымға ұсыну – өскелең өмір талабы. Сөздің әр алуан варианттарын әдеби тіл нормасы тұрғысынан бір жүйеге келтіру – тілдің күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде қызметінен, сөйлеу тіліндегі әр түрлі өміршең элементтің сұрыпталуынан қалыптасатын, үздіксіз жүріп отыратын күрделі процесс.

Бір сөздің жарыспа тұлғалары дегеніміз – мағыналық жағынан абсолют теңдікте тұрған, сөйлемде ешбір реңктік, стильдік бояуымен ерекшеленбейтін, әр алуан себептерден дыбыстық немесе тұлғалық ауытқуға ұшырап, әрқалай жазылып, әрқалай айтылып жүрген дыбысталуы бөлек, бірақ қолдануында мағыналық дербестігі жоқ бірнеше нұсқада айтылатын сөздер.

Вариантты сөздер барлық дерлік сөз табынан ұшыраса береді. **Зат есім:** *пәтер/бәтер, былғары/бұлғары, апиын/әпиін, аужай/әужай, дуадақ/дуалақ, екпет/етпет, өткеншек/әлпеншек.* **Сын есім:** *зеңгір/зеңгер/ заңғар, түзу/дүзу, алал/адал.* **Етістік:** *аңду/аңлу, бүкшеңде/бүкшіңде, жұбату/жуату, ұқсау/ұсау.* **Есімдіктер:** *ол/о, ана/әне/әні, қане/кәне, әгәр/егер.* **Шылаулар:** *да/де/та/те, мен/бен/пен, қой/зой, көрі/гөрі, қана/ғана, құрлы/ғұрлы, шейін/дейін.* **Үстеулер:** *бұнша/мұнша, біржолата/біротала.* **Одағай түрлері:** *айхай/айқай/айһай/ойхой.* **Еліктеуіш сөздер:** *пыр-пыр/быр-быр, ныс-ныс/быс-быс.* **Сан есім:** *жүз/дүз, жетпіс/джетпіс, сегіз/секіз.*

Тіл мәдениетін арттырудың басты шарты бүкіл жұртшылыққа ортақ жазба әдеби тіліміздің нормасын қатаң сақтау, емле ережелерін басшылыққа алу, сөз қолданудағы ала-құлалыққа жол бермей, бірізділікті сақтау мәселесі бүгін таңда өткір күйінде қалып отыр. Аға ғалымдарымыздың айтып келгеніндей, қайбір тілде болмасын сөз атауларының барлығы бірдей өзінің бастапқы қалпында я түрінде қалып қоя бермей, заман озған сайын дыбыстық, тұлғалық өзгеріске ұшырап отырғаны белгілі. Сондықтан да болар, халық тіліндегі сөздің фонетикалық вариантының саны әдеттегіден анағұрлым көп. Олардың санын әрдайым дәл анықтау оңай емес. Мысалы, қазіргі тілімізде *ештеме/ештеңе* терізді бір сөздің екі вариант қатары жарыса қолданып жүргені белгілі. Бұған көркем әдебиетте әлі күнге дейін кездесіп қалатын қарапайым сөйлеу тілінің элементтері *іштеме/іштеңе* сынарларын қоссақ, олардың саны көбейе түседі. Сондай-ақ бұл сөздің жергілікті ерекшелікке жататын *еждеңе/еждеме/іждеңе/іждеме/ештеңке/іштеңке* дыбыстық нұсқалары кездесетіні мәлім. Сөйтіп, бір ғана «ештеме» сөзінің он шақты вариант қатарын келтіруге болады екен.

Қазақ тіліндегі жарыспа тұлғалар лексикада, қос сөздер мен фразада, морфологиялық, синтаксистік құрылымда жиі ұшырасады. Жеке адамдардың индивидуальды сөйлеу ерекшелігіне байланыстысы да бар. Мағыналық тепе-

материалдарының тезистері. Алматы, 1968; Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 329-б; Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы, 1970, 55-б; Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. Алматы, 1988.

теңдіктегі тұлғалар сөйлеу тілі мен атыраптық (говорлық) деңгейде шектеліп қалмайды. Олардың баспасөзде жарыса қолданылып жүргені де аз емес: *ажуа/эжуа, заңғар/зеңгір, залал/зарар, дейін/шейін, тозақ/дозақ, бәйек/бәйік, ертегі/ертек, арам/харам, өмір/ғұмыр*. Кісі аттарына байланысты *Абдолла/Ғабдолла/Қабдолла, Әли/-Ғали/Қали, Иса/Айса/Ғайса*, халық атауларына байланысты *моңғол/маңғұл/маңғол/мұңғыл* дегенге ұқсас түзілген вариант сөздер де бар. Байырғы сөздер мен терминдердің вариант қатарын түзуі баспасөзде сирек кездеседі. Оған керісінше, кірме сөздердің вариант қатары өте көп. Араб-парсы элементтерінің бірнеше нұсқада айтылып жүргендері баспасөзде әлі күнге дейін жиі ұшырасса, русизмдердің бір нұсқасының әдеби нормаға айналуы басым. Мұндай жарыспа тұлғалардың қолдану көлемі де бірдей емес: ғылыми әдебиетте сирек, көркем әдебиетте одан гөрі көбірек, ал қарапайым сөйлеу тілінде бәрінен де жиі ұшырасады.

Тілдегі варианттылықты зерттеушілер уақытша құбылысқа жатқызады. Сондай-ақ бұл жарыспа тұлғалар көне мен жаңаның сабақтастығын танытатын тілдің объективті даму кезеңімен сипатталады. Осылайша вариант сөздер халық тілінің дыбыстық құрылымына сай жазу дәстүрінің, орфографиясының жоқ көзінде жалаң сөйлеу тіліндегі түрлі процестер ықпалымен талай ұрпақтың нақты сөз қолдану тәжірибесінде үздіксіз қалыптасып келген.

Тілдегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық заңдылықтар мен олардың өзгеру бағытына орай сөздің тұлғалық вариантына қатысты мынадай жәйттерді аңғарамыз:

1. Сөздің көп варианттылығы – көбінесе әдеби тілдің қалыптасуының ертеректегі кезеңіне тән құбылыс.

2. Сөздің вариант қатарлары тілде кездейсоқ, пайда болған құбылыс емес, белгілі заңдылыққа сай ғана қалыптасып келген. Сөздің жарыспа нұсқаларының түзілу себебін ең алдымен сол тілдің өзінен, ондағы түрлі процестен, даму заңдылықтарынан іздеуге тиіспіз.

Сөз нұсқаларының қалыптасуын тіл тарихының әр дәуірінде ықпал еткен түрлі фонетикалық құбылыспен, морфологиялық түрленіспен байланысты алып қарау қазақ тіліндегі сөздің дыбыстық өзгеру жағдайын түсіндіру үшін де маңызды. Вариант тұлғаларының тілдің даму тарихының белгілі бір кезеңіне тән екендігі де фонетикалық заңдылықтың ықпал ету уақытының шектеулігінен болса керек. Бұл салада әсіресе көне түркі жазбаларын салыстыра зерттеу құнды мағлұмат беруі мүмкін. Сөз нұсқаларының қалыптасу жолын диахронды және синхронды тұрғыдан қарастыру үшін әр дәуірдегі түрлі тілдік құбылыстың басты ерекшеліктері мен өзара байланысын қарастыра берудің керегі айқын.

Тілдегі фонетикалық, грамматикалық, лексикалық өзгеріс бірнеше лингвистикалық себептердің жиынтық әсерінен, тілдік фактордан тыс (экстралингвистикалық) себептерден, бір жүйеге, тәртіпке (бірыңғайлыққа) ұмтылудан қалыптасуы мүмкін. Варианттылықтың мәнін, қалыптасу тарихын айқындауда тілдегі грамматикалық, семантикалық құбылыстар жеткілікті дәрежеде еленбей, көбінесе фонетикалық принципке сүйенудің жеткіліксіз

екені қазіргі таңда анықталып отыр. Сондай-ақ мұнда тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі ерекшелігі әлі де жете ескерілмегені белгілі. Тілдегі кез келген басқа құбылыстар тәрізді сөз нұсқаларының қалыптасу тарихы мәселесіндегі ескеретін басты нәрсе – жарыспа тұлғаларды тілдегі түр мен мазмұнның байланысы, диалектиканың бірлігі тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі. Тіліміздің эволюциялық даму барысында ұдайы түзіліп келген вариант сөздердің түр-түрінің сипатты белгілерінен синтагмалық (мағыналық, интонациялық), парадигмалық (қосымша түрлері) үйлесімі, тілдегі экономия (үнемдеу) принципіне сәйкестігі танылады.

Жарыспа тұлғалардың айырым белгісін мыналар айқындайды:

1. Ең негізгі белгісі – сөз варианттарының тұлғалық айырмашылығы олардың мағыналық бірлігін, тепе-теңдігін бұзбауы.
2. Сөз варианттарының кемінде екі сыңардан құралуы және олардың барлығының да тұлғасы ұқсас, негізі бір сөздер болуы тиіс.
3. Бір сөздің дыбыстық варианты болуы үшін тікелей аффикстер арқылы түрленбей, бір түбірдің ғана фонетикалық өзгеріске түсуінен түзілуі шарт.

Айырым белгісінің бірлігіне қарамастан, басқа тілдермен салыстырғанда қазақ тіліндегі варианттардың өзіндік ерекшелігі аз емес. Бұл оның түрлерінен де, қалыптасу жолдарынан да байқалады. Тіліміздегі сөздің вариант қатарының қалыптасуында үндестік заңы, дыбыстардың ассимиляциясы мен диссимиляциясы, дивергенция мен конвергенция тәрізді фонетикалық процестердің ықпалы елеулі болды.

Қазақ тіліндегі сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауына әсер еткен фонетикалық процестер әр алуан. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі фонетикалық өзгерістің қарапайым түрлері аферезис пен синкопа, редукция мен элизия, дауысты дыбыстардың протеза мен эпентезаға ұшырауы, сөз тұлғасындағы дыбыстың түсіріліп немесе қосылып айтылуы, метатеза мен сандхи (бір топ фонеманың өзгерісі) тәрізді құбылыстардың ықпалымен де тікелей байланысты.

Қазақ тіліндегі сөздің дыбыстық өзгеруінің тарихи фонетикаға тікелей қатысы бар. Бұл жағдай көне түркі жазбаларындағы кейбір фонетикалық құбылысты қазіргі тіл фактілерімен салыстыра зерттеуді керек етпек. Тіліміздегі сөздің фонетикалық варианттары *спонтанды* өзгерісті де (*адал/алал, илану/инану, есен/исаб, мүлде/мүтде, балағат/лағанат, бүкіл/бүтіл*), *комбинаторлық* өзгерісті де (*аянкес/әйенкес, ғана/қана*) қамтиды.

XIX ғасырдың II жартысындағы кітаби лексика мен диалектизмді бейберекет қолдану, сондай-ақ үстем тап өкілдері, дін иелері, зиялылар, қарапайым адамдар сияқты халықтың әр түрлі әлеуметтік тобының сөйлеу тілінің ерекшелігі де жарыспа варианттардың қалыптасуына өз әсерін тигізді. Сөздің мұндай тұлғалық өзгерісіне тілдегі әр алуан сыртқы әсерге байланысты өзгерістер және таза тілдік факторларға байланысты өзгерістер (фонемалардың сапалық өзгерісі, ритмика, дыбыстық үйлесім, екпін, сөйлеу қарқыны, сөйлеу орғандары гармониясының жетілуі, дыбыстардың артикуляциялық базасының өзгеруі т.т.) жатады.

Тілдегі үнемдеу принципіне сәйкес айтылуы (артикуляциясы) ауырлау дыбыс элементтерінің өзгеруінен немесе түсіп қалуынан сөздің жаңа тұлғаға ауысуы басталады. Осы аталған үнемдеу теориясы фонетикалық өзгерістің жан-жақты салаларын қамти алады. Атап айтқанда, дыбыстардың тарихи алмасуы мен сөз тұлғасының ықшамдалуында болсын, жалпы тіл механизмі мен техникасын жақсартуда болсын, шеттен ауысқан сөздердің сол тілдегі дыбыстардың артикуляциялық құрылымына бейімделуінде болсын үнемдеу (экономия) процесінің тікелей әсері бары анық.

Фонетикалық элементтердің тілдегі түрлі үрдіспен байланысы жан-жақты. Бірінен-бірі туындап отыратын бұл құбылыстардың бір ұшы тілдің мағына ажырату функциясымен байланысты. Екіншіден, қазіргі вариант тұлғаларының едәуір бөлігі кірме сөздерге байланысты. Олай болса, варианттылық мәселесінде басқа тілдердің тигізген ықпалы, ондағы тіл дыбыстарының артикуляциялық өзгерісі ескерілмек. Үшіншіден, сөздің дыбыстық варианттары (бұрыннан сөз болып келе жатқан тарихи фонетика, шет тілдің әсері, жергілікті ерекшеліктермен қабат) – тілдің ғасырлар бойғы эволюциялық даму барысында ішкі және сыртқы факторлардың қат-қабат байланысынан түзілетін аса күрделі құбылыс. Бірақ оның өзі сөз нұсқаларының түзілуінің дәл анықталған себептері емес, соған керекті жағдайлар, алғышарттар ғана.

Сөз нұсқаларының қалыптасу жағдайының күрделі процесс екеніне мыналар айғақ бола алады:

а) Аталған факторлар жеке-дара әрекет етпейді. Сөйлеу тәжірибесінде бірнеше фонетикалық, морфологиялық процестің жиынтық әсерінен барып вариант қатары түзілуі басым;

ә) Варианттар сөздік құрамның басқа топтарынан оқшау тұрған құбылыс емес. Олар тілдің даму барысында лексикадағы синонимия, омонимия, паронимия, полисемия категорияларымен, морфологиялық, семантикалық құбылыстармен шектеседі;

б) Вариант сөздер қазақ тілінің дыбыстық құрылымына, жалғамалық құрылысына, даму, өзгеру жағдайларына сай ғана қалыптаса алады. Бір сөзбен айтқанда, олар тіл білімінің көптеген салаларының басын біріктіретін процесті таныта алады.

Қазақ тіліндегі сөз нұсқаларының түзілуіне ықпалын тигізген сыртқы себептер де болды. Оған халықтың географиялық және тарихи-әлеуметтік жағдайы, көшпелі тұрмыс тіршілігі, басқа халықтармен қарым-қатынасы, мәдени байланысы, әдет-ғұрпы т.б. жатады.

Тілдегі вариант сөздердің ұқсастығы да, елеулі айырмашылығы да болатыны анық. Тіліміздегі жарыспа тұлғалардың түр-түріне қатысты мынадай ерекшелігін атауға болады:

1. Грамматикалық варианттар фонетикалық түрімен салыстырғанда сан жағынан азырақ.

2. Фонетикалық варианттардың шегін ажырату қиынырақ. Себебі сөздің дыбыстық варианттары говорларға, басқа тілдің әсеріне ғана емес, орфоэпияға, қарапайым сөйлеу тіліне, тіпті жеке адамдардың сөйлеу

ерекшелігіне де байланысты түзіле беретіні байқалады.

3. Фонетикалық варианттардың семантикалық даралануы басқа түрлерімен салыстырғанда басым. Сондықтан тілімізде жарыса қолданылып жүргендері көп.

4. Сөздің тұлғалық варианттары түбір тұлғаларда, аффиксте, біріккен сөз бен сөз тіркестеріне қарай да кездесе береді.

5. Сөздің вариант қатарларының ішінде әсіресе фонетикалық түрінің әдеби тіл нормасы тұрғысынан бір жүйеге келуі өте күрделі және ұзағырақ уақытқа созылатыны байқалады.

Қазақ тіліндегі сөз тұлғаларының вариант қатарын түзуінің басты екі түрі кездеседі:

1. Тіл арты дыбыстарының тіл алды сыңарына ауысуы. Бұл қазақ тілі вокализмінен де, консонантизмінен де байқалады екен.

2. Сөздің ықшам тұлғаға ауысуы мүмкін. Бұл екі бағыт өзара байланысты. Алғаш дыбыс алмасуын тудырған өзгеріс кейін келе сөздің ықшам тұлғаға ауысуына ұласуы мүмкін.

Жарыспа тұлғалардың түр-түріне ортақ айырым белгісімен қоса, айырмашылығы да бар. Тұлғалық ерекшелігіне, тілдік қатынасына, қолданылу сипатына қарай оларды сөздің жарыспа тұлғаларының фонетикалық тобы, орфографиялық және орфоэпиялық тобы, семантикалық тобы, тарихи тобы, морфологиялық және синтаксистік варианттар, дублет сөздер деп ажыратамыз. Мұндай жарыспа тұлғалардың аралас түрі де кездеседі. Мысалы, *кілең/кіл/гіл, қодық/қодыға, өңкей/өңшең, әйеншек/әйенкес/аяншақ/аянкес, секілді/сықылды, әлдеқашан/алдақашан, болжам/болжал, дейін/шейін/шекейін, ерегiс/егес/ерегес, қажет/әжет, дабыра/дабыр, уәде/уағда, замана/заман, жұбану/жуану/уану, дағара/дағар, беймаза/беймаз, хакім/әкім, гашық/ашық, ішқұста/ішқұса, нысана/нысан, ертегі/ертек, шабдалы/шабдал, бағана/баған, шұбады/шуады, тыныш/тиыш, уәде/уағда, гұмыр/өмір, алхоры/алхор, хақы/ақы, жарықшақ/жарғышақ, еститін/есітетін, түзу/дузу/түзік, мұншалық/бұнша жарыспаларынан сөз тұлғасының фонетикалық та, морфологиялық та түрленісі бірдей байқалады. *Апырай/апырмай/апырмау/апырой/апырым/япырым/япырмай/ойпыр-ай/ ойпыр-ау/ойпырмау, барлығы/бәрі/әммесі/баршасы, аяқ/адақ, әуре/әлек, шырғалаң/шырғал, қала/шаһар/шәрі, қант/секер/шекер, пиалай/кесе, не қылып/неғып/нағып* жарыспалары варианттылықтың әрі фонетикалық, әрі орфографиялық, әрі морфологиялық, әрі лексикалық ерекшелігін қамтиды. *Лағынет/нәлет/лағнет/нағылет/ләнет* жарыспаларынан сөз тұлғасының әрі фонетикалық, әрі орфографиялық, әрі морфологиялық түрленісін байқаймыз.*

Тіліміздегі жарыспа тұлғалардың ішіндегі сан жағынан ең молы әрі жиілігі жағынан да ең көлемдісі – **фонетикалық варианттар**. Сөздің фонетикалық варианттарын қолдану сипатына, тілдік қатынасына, шығу арналарына қарай бірнеше түрге бөлеміз:

1. **Дауысты дыбыстардың** алмасуынан түзілген сөз варианттары әр алуан. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне тән сипатты ерекшелігі буын

үндестігінің жарыспа тұлғалардың қалыптасуына тигізген ықпалы болғаны анық. Бір сөздің жуан және жіңішке буынды варианттарын сингармонизмдік параллельдер дейміз. Мұндай варианттар қолданылу сипатына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

а) Олардың көп бөлігінің таралу шегі (изоглосы) бар. Мәселен, *маусым/мәусім, сама/шәма, қаужаңда/кәужеңде, уәде/уағда, жәрдем/жардам, әйел/аял, кәрі/қары, әбден/абдан* варианттарының соңғы сыңары – жергілікті ерекшеліктер;

ә) Сөйлеу тілінде ғана ұшырасатындары. *Уайым/уәйім, қатер/кәтер, қартай/кәртай, қартамыс/кәртәміс* варианттарының соңғы сыңары – сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер;

б) Баспасөзде әлі күнге дейін жарыса қолданылып жүргені: *бейсауыт/бейсеуіт, қария/кәрия, ажым/әжім, ажуда/әжуда, азар/әзер, баз/бәз, газиз/әзиз, аппақ/әппақ.*

Қазақ тіліндегі сингармонизмдік параллельдер бір сөз ішіндегі үндесуден (дүния/дүние, адабият/әдебиет) не қосымшалардың әсерінен ғана емес (аянкес/әйенкес), сондай-ақ сөз аралығындағы үндесуден де қалыптасуы мүмкін. Мәселен, *әтеңе нәлет, әре кідік, міне жер.* Алайда орфографияда бұл ескеріле бермеуі мүмкін: жазылуы *міне жерде, әне кезде* емес, *мына жерде, ана кезде.*

Екіншіден, қазақ тіліндегі сингармонизмдік параллельдер сөз тұлғаларының ықшамдалуы арқылы да жасалады. Мысалы, *ғалам/әлем, ғұмыр/өмір, харекет/әрекет, қаріп/әріп, мағлұм/мәлім, тағлым/тәлім, тағзым/тәжім.*

Қазақ тіліндегі сингармонизмдік параллельдердің ертедегі түрі жуан буынды сыңары екені талас тудырмайды. Мәселен, өткен кездегі ақындардың өлең-жырларында көбірек ұшырасатын *айал, жана, мағлұм, дары, даража, сабаб, ағар* сөздерінің орнына қазір *әйел, және, мәлім, дәрі, дәреже, себеп, егер* сияқты жіңішке буынды сыңарлары ғана қолданылады.

Ашық және қысаң дауыстылардың алмасуынан түзілген варианттардың ішінде сан жағынан молы, әрі жүйелі түрде ұшырасатыны – *а/ы, е/і* дыбыстарының алмасуы. Бұл дауыстылардың алмасуының территориялық шегі (изоглосы) бар. Мысалы, жергілікті ерекшелікке жататын *шырлау, тыстау, сырғынау, дырдай, қысап, сынамық, айырмысы* сөздеріндегі «ы» дыбысының орнына әдеби тілде «а» айтылады: *шарлау, тастау, сырғанау, дардай, қасап, сынамақ, айырмасы.* Ашық жіңішке дауысты «е»-нің қысаң «і» дыбысына ауысуынан да осыны байқаймыз. Мысалы, *кесерткі/кесірткі, кереует/кіреует, ерегес/ерегіс, әп-әсем/әп-әсім, пәтер/пәтір, әсіресе/әсіресі, зембіл/зімбіл, бөлену/бөліну, жүлде/жүлді, өткел/өткіл, өрескел/өрекіл* варианттарының әдеби тілдегі түрі – «е» мен айтылатындары да, соңғы сыңары жергілікті ерекшелікке жатады.

Езулік *ы, і* мен еріндік *ұ, ү* дауыстыларының алмасуының жергілікті ерекшелікке байланысты айтылатын түрлері бар. Ыстама, қырттай, быдан, бызу, был, жылын, бықа, сырқия, тыман, тыру, ылғаю, ыят, індеме, інемдеу, биі, бызау, мақыл, сырау, былақ, мыздау тәрізді сөздер жергілікті

ерекшелікке жатса, әдеби тілде ондағы «ы», «і» орнына «ұ», «ү» айтылады: ұстама, құрттай, бұдан, бұзу, бұл, жұлын, бұқа, сұрқия, тұман, тұру, ұлгаю, ұят, үндеме, үнемдеу, бүйі, бұзау, мақұл, сұрау, бұлақ, мұздау.

А/ұ, ө/ү дауыстыларының алмасуы да жергілікті ерекшелікке байланысты. Мәселен, оңтүстік-батыстың кейбір аудандарына тән құлдану, құныс, құртынды, сұпы, сұрақы, ұяту, күңіл, үткіл тұлғалары әдеби тілде қолдану, қоныс, қорытынды, сопы, сорақы, ояту, көңіл, өткел болып айтылады.

Жазба ескерткіштер материалы тіліміздегі о/ұ дыбыстарының алмасуы да ертеден келе жатқан дәстүрлі құбылыс екенін танытады. Өйткені қазіргі ұрнақ/орпақ, оқса/ұқса, сұра/сора, ұқсас/оқсас тәрізді вариант қатарының қазақ говорларында айтылатын сыңарлары еекі жазбаларда ұшырасатыны белгілі. Ертеректе «о» дыбысы қолданған кейбір сөздерде қазір «ұ» айтылып жүр: сұрау (сорау емес), ұқсас (оқсас емес).

2. **Дауыссыз дыбыстардың** алмасуынан түзілген варианттар әр алуан жолмен қалыптасқан. Мысалы, шұғыл *п/б* дыбыстарының алмасуынан қалыптасқан варианттардың халық тілінде мынадай түрлері бар:

а) Өткен ғасырлардағы өлең-жырларда, жазба ескерткіштерде олардың қатаң вариантын қолдану қазіргіден гөрі жиірек болғаны белгілі. Мәселен, *п/б* дыбыстарының алмасуынан түзілген варианттардың көне түрі – қатаң «п»-мен айтылған сыңары;

ә) Қазіргі қазақ тіліндегі *п/б* дыбыстарынан басталатын варианттардың көпшілігінің территориялық шегі (изоглосы) бар. Олардың қатаң «п»-дан басталатын сыңарларының жергілікті жерге тән ерекшелік болуы басым. Мысалы: *пүткіл/бүткіл, пүтін/бүтін, полат/болат, пітіру/бітіру, пұтақ/бұтақ, тапа/таба, пада/бада, пәле/бәле, палуан/балуан, пәлен/бәлен, пензин/бензин* тәрізді варианттардың қатаң сыңары оңтүстік, ішінара батыс өңірі говорларында қолданылады.

П/б дыбыстарының алмасуынан түзілген вариант тұлғаларының сөйлеу тіліндегі фонетикалық заңдар ықпалымен *б/в, б/у, б/м, м/ң* түрінде одан әрі комбинаторлық өзгеріске түскені байқалады.

Үндестік заңы ықпалымен тіліміздегі *қ, к* шұғыл дауыссыздарының да өзгеріске ұшырап, ұяң *г, з* дыбыстарына ауысуы байқалады: *бақпан-бағбан, доқабә-доғабә, айқай-айғай, тақа-таға, тостақан-тостаған, үзеңкі-үзеңгі, байқұс-байғұс, садақа-садаға, бақшию-бағжсию*.

Қазақ тіліндегі *т/д* шұғыл дауыссыздарының алмасуы сөздің басқы және ортаңғы позициясында келе береді. Әдеби тілімізде ұяң «д» дыбысына қарағанда қатаң «т»-дан басталатын сөздер әлдеқайда көп екені белгілі: *дым, мүлдіксіз, дүзелер, ділмар, дізгін, доң, дөрт, дүз* сөздерінің әдеби тілде қатаң «т» дыбысынан басталатын сыңары қолданылады: *тым, мүлтіксіз, түзелер, тілмар, тізгін, тоң, төрт, түз*.

Сөздің ортаңғы позициясында сонор дыбыстар қатар келгенде, үнді «л»-дің диссимиляциялық өзгеріске ұшырап, ұяң «д»-ға айналатыны белгілі. Мысалы: *лл, нл, мл, ул, рл* дыбыс комплексінің *лд, нд, мд, рл, уд* боп өзгеруінен *түңлік/түндік, алла/алда, молла/молда, аңлы/аңды,*

ақтаңлақ/ақтаңдақ, таңлай/таңдай, мұңлы/мұңды, саңлақ/саңдақ, дәмлеп/дәмдеп, бітеулей/бітеудей, мейірлендіру/мейілдендіру тәрізді вариант қатары түзілді.

Ш/с дыбыстарының сөздің барлық (анлаут, инлаут, послеаут) позициясында алмасып келіп, вариант түзуі жергілікті жерлерде көбірек кездеседі. *Машақ, мышық, тышқары, шамал, шерік, ошал, шерт, таш, оқымаш, тұрмыш, ешек, машқара, құрдаш, шанымы, шанды, шекер, мошқал* варианттарының әдеби тілдегі сыңары: *масақ, мысық, тысқары, самал, серік, осал, серт, тас, оқымас, тұрмыс, есек, масқара, құрдас, сенімі, сенді, секер, мосқал*.

Араб-иран сөздерінің қазақ тілінің фонетикалық құрылымына қарай түзілген кітаби вариантының тұлғалық өзгерісі мына тәрізді:

а) Үндестік заңына сәйкес өзгеріс ар. *пишани/пешене*, парсы. *дахиз/дәліз*;

ә) Айтылуы ауырлау дыбыс тіркесінің ықшамдалуы немесе дәнекер дыбыстың үстемелеп айтылуы арқылы болған өзгеріс: парсы. *дост/дос*, ар. *хариф/әріп*, ар. *халал/адал*, парс. *раст/рас*.

Тіліміздегі араб-иран элементтері вариант тұлғаларының күрделі жүйесін құрайды. Кірме сөздердің о бастағы тұлғасынан (кітаби вариантынан) алшақтау сипатына қарай бейтарап және қарапайым нұсқаларын ажыратамыз.

Этимологиялық варианттардың ендігі бір үлкен тобы – орыс тілі арқылы енген сөздерге байланысты. Ертеден енген орыс сөздері фонетикалық күшті өзгеріске түскен қалпымен тілімізге сіңісіп кетті. Тіпті тұлғасы анық, көпшілігі өткен ғасырлардан қолданыла бастаған *сөлкебай (целковый), бөкебай (пуховый), бөрене (бревно), самауыр (самовар), сөтке (сутка), мескей (миска), қануа (канава), боқырау (повровка), песір (писарь), орыс (русь), облыс (область)* сөздерінің тым «қазақыланып», сөйлеу тілі ауанымен түпнұсқадағы тұрқын өзгертіп жіберуі байқалады.

Бүгінгі тұрмыс-тіршілігімізде ортақ тіл орыс тілі арқылы енген сөздерді ол тілдегі емлесін мүмкіндігінше сақтап жазу – тіл мәдениетін, оқушылар сауаттылығын арттырудың бірден-бір тиімді жолы. Тіліміздің фонетикалық жүйесінің кең өрісті бола түсуі үшін де аталған жайдың әсері бары анық.

Төрткүл дүние түгел дерлік өзгеріссіз қабылдаған, сөздік қорымызға сіңісіп кеткен *цирк, интеграция, телеграф, телефон, вокзал, олимпиада, математика, физика, интернационализм, генератор, карбюратор* секілді сөздердің түпнұсқасын сақтап жазудан тіліміздің оралымдығы артып, өрісі ұзарып, фонетикалық мүмкіндігі кеңейе түскені мәлім. Тілімізде әбден қалыптасқан, үлкеніміз де, жасымыз да дұрыс айтып жүрген, айтылуы мен жазылуы толық сәйкес келетін *европа, завод, машина, милиционер, директор, техника, математика, телефон, цемент, электр* секілді сөздерді бұрысқа айналдырып, еуропа, зауыт, мәшине, мелиса, деректір деп, оқылуын қиындатып, емледегі ала-құлалыққа жол беріп, бұрмалап жазу жөн емес.

3. Орфоэпиялық варианттар. Қазақ тіліндегі сөздің вариант қатары сөйлеу тілі ауанымен болатын өзгерістен және жазу дәстүрі мен жазу нормасының ықпалымен қалыптасқан түрлерге бөлінеді. Сөздің

орфоэпиялық варианттарының қалыптасуының негізгі себебі берік жазу дәстүрінің және орфоэпиялық норманың болмауынан, жалаң сөйлеу тілі ауанымен сөздерді еркін қолданудың әсерінен екені анық. Сөздің орфоэпиялық варианттарының екі түрін атауға болады.

а) Уақытшалық сипаттағы варианттар. Бұған жергілікті ерекшеліктер, сондай-ақ қарапайым сөйлеу тілі дәстүрімен сөзді еркін өзгертіп айту жатады. Мысалы, *гүл/күл, газет/казет/кәзит, гашық/қашық, ганибет/қаныбет* варианттарының соңғы сыңары – әдеби тілдің нормасы емес. Олардың жүре келе сөйлеу тілінен де шығып қалатыны даусыз. Уақытшалық сипаттағы варианттарға сөз құрамындағы бір я бірнеше фонеманың кездейсоқ алмасуынан, ықшам тұлғаға ауысуынан немесе үстеме дыбыстардың пайда болуынан түзілген сөз тұлғаларының метатезалық өзгерісі мен жергілікті сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер жатады.

ә) Тұрақты варианттар. Бұлар қазақ тілінің орфоэпиялық өлшеміне байланысты: *ұқсап/ғұсап/құсап, ақ/ағ(ағ лақ), сәрсенбі/сәрсембі, он бір/ом бір, бес жыл/беш жыл, өзен/өзөн, құлын/құлұн* т.б. Тұрақты варианттар – қазақ тілінің фонетикалық даму ерекшелігі тудырған сөз тұлғалары. Олардың орфографияда белгіленетіндері де бар: *қана/ғана, да/де/та/те, көрі/гөрі* т.б.

Орфоэпиялық варианттың бір бөлігі үстеме дауысты дыбыстың қабаттаса айтылуынан қалыптасқан. Ол екі түрлі:

Протеза. Айтылуын жеңілдету мақсатында дауысты дыбыстардың (призвуктердің) үстемеленуі: *стол/үстел, станция/ыстанса* т.б.

Эпентеза. Сырттан ауысқан түбірлерде дауысты дыбыстың үстемелеп айтылуы. Сөз шұғыл дыбыстан басталып, одан кейін сонар л, н, р дыбыстары келетін жағдайда, олардың аралығында *ы, і, е, о, ө, у* дауыстыларының бірі айтылады: *кровать/кереует, пляж/піләж, протокол/пыртокол, шляпа/шіляпі* т.б.

Орфоэпиялық варианттар дыбыстардың комбинаторлы орын ауысуынан да жасалады. Оған сөздің тұлғалық өзгерісінің әріден келе жатқан түрі тілдегі метатезалық құбылыс жатады. Мысалы, *естігелі/есіткелі, жайпауыт/жайпуат, жалаң аяқ/жаңалаяқ, жалаңаш /жаңалаш, жекпе-жек/жепке-жек, жұмақ/ұжмақ.* Қазақ тіліндегі сөздердің мұндай метатезалық өзгерісі айтылуы ауырлау дыбыс тіркестерінің өзгеру үрдісінен байқалады. Мәселен, қазақ тілінде түбір сөздегі екі дауыссыздың қатар тұруы сирек. Мұндай жағдайда олардың тұрғалық өзгеріске, соның ішінде метатезалық өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ондай дыбыс тіркестеріне *пк, лг, рк, лп, гз, нк, нс, қс, рм, ми, рз* жатады: *ұлғат/лұғат, түркі/түрік, құлпы/құлып, елегзи/елгізи, ынсап/нысап, ұқсап/құсап, жармы/жарым, алдамшы/алдамыш, ырза/рыза, дорба/добыра.*

Говорлардағы сөздің орфоэпиялық варианттарына жазуда еленбейтін, жалаң сөйлеу тіліне ғана тән түрлерін жатқызамыз: а) Олардың ішінде жүйелі түрде ұшырасатын ең сыпатты ерекшелікке спирант *ш, ж* дыбыстарының аффрикат *ч, дж* дыбыстарымен алмасуы жатады: *шана/чана, шөп/чөп, шалғы/чалғы, шара/чара, шын/чын, шиқан/чиқан, шықты/чықты, шаң/чаң, шақыр/чақыр, шөл/чөл, шай/чай/чәй, шал/чал, жоқ/джоқ,*

жібер/джібер, жыл/джыл, жер/джер, жұрт/джұрт, жар/джар, жақ/джақ, жақсы/джақсы, жүр/джүр; ә) Жергілікті ерекшелікке байланысты сөз вариантына кейбір етістік формасындағы *л* дыбысының сусып түсіп қалуынан түзілген сөз тұлғасы жатады. Мысалы, *келген жоқ/кеген жоқ, қалған/қаған, салған/саған, болған оқиға/боған оқиға, алған жоқпын/аған жоқпын* жарыспаларының соңғы сыңары әдеби тілдің сөйлеу нормасына жатпайды; б) Жергілікті ерекшелікке байланысты орфоэпиялық варианттың тағы бір түріне кейбір атырап тұрғындарының сөйлеу тіліне тән жуан және жіңішке дауыстылардың (*а-ә, о-ө, ы-і, ұ-у*) алмасуынан түзілген жарыспа тұлғалар жатады. Мысалы, *шаш/шәш, жарайды/жәрәйді, рақат/рәхат, шаруа/шәруа, сағат/сәғат, тоғыз/төғыз, жаңа/жәңа, шағын/шәғын, мархабат/мәрхабат, махаббат/мәхаббат, ақымақ/әхмақ, саған/сәған, маған/мәған, оған/өған, шапағат/шәпағат, ақын/әқын, тағы/тәғы.*

Қазақ тілінің дыбыстық құрылымына тән сипатты ерекшеліктің бірі – дауысты дыбыстардың, сондай-ақ сөз ішіндегі *я* сөз аралығындағы ұяң, сонор дыбыстардың келу ыңғайына қарай дауыссыздардың да ассимиляциялануы, яғни ішкі үндестігі, өзара гармониялы болып келуі. Соған орай тіліміздегі *қ, к* дыбыстарынан басталатын сөздер екі, кейде одан да көп орфоэпиялық вариантта айтылып жүр: *кел/гел, көл/гөл, құрт/гұрт, қазан/газан, қыр/гыр, қаш/гаш, көз/гөз, қой/гой, кері/гері.* Мысалы: *жас қазақ, қазағ* жігіті, *қара қазақ, қыр қазағы* (жазылуы: *қазақ жігіті, қара қазақ, қыр қазағы*).

Өкінішке орай, қазақ тіл білімінде орфографияға ғана баса көңіл бөліп, орфоэпиядан ауытқуға жете мән бере қоймай келгеніміз белгілі. Орфоэпияның бүгін таңдағы ең күрделі мәселесі – кітаби стильде сөйлеу дағдысы, басқаша айтқанда сөздерді өзара үйлестірмей, сірестіріп, жазылуына сәйкестендіріп айту. Вариант тұлғаларының орфографиялық сыңарының біртіндеп сөйлеу нормасына айналуы әр алуан лингвистикалық жағдайға байланысты.

а) Атап айтқанда, көршілес тілдердің орфографиялық өлшемге де біртіндеп әсер ете алатыны белгілі. Мәселен, орыс тілі арқылы енген сөздер сингармонизм заңы бойынша түрленіп отырмайды.

ә) Буын, дыбыс үндестігіне қатысты өзгерістер аяқталып, шегі анықталып біткен жоқ. Олай дейтін себебіміз буын, дыбыс үндестігінің өзгерісі барлық сөзде бірыңғай емес. Айталық, *бес жыл/беш жыл/беш шыл, бес жас/бес шас/беш шас* вариантының соңғы ең қарапайым сыңары жасөспірімдер тілінде ұшыраспайды дерлік. Қалып бара жатқан осындай еекі сөйлеу нормасы ерін үндестігінен анығырақ байқалады. Бұл процесс ХХ ғасырға дейін-ақ байқалғанмен, бұрынғы сөйлеу тілінде ерін үндестігінің ықпалы қазіргіден айқынырақ болғаны белгілі. Алайда ғасырымыздың бас көзінде-ақ *отын/отұн, жұлын/жұлұн, өркен/өркөн, күрес/күрөс, көтер/көтөр, көңіл/көңұл, көркем/көркөм, құлық/құлұқ, өлең/өлөң, осы/осұ, көзі/көзү, бөрік/бөрүк* тұлғаларының бірі – сөйлеу, бірі – жазу нормасы болып вариантталуының біртіндеп қалып бара жатқаны, бұл варианттардың соңғы сыңары жазу дәстүрінің, орфографиялық норманың ықпалымен келе-

келе қарапайым сөйлеу тілінен де ығыса беретіні сезілген еді.

4. Орфографиялық варианттар. Әдеби тілдегі сөздер мен сөз тіркесін ауытқуға жол бермей, бірыңғай етіп жазудың тәсілін белгілейтін ережелер жиынтығын орфография деп атаймыз. Бір сөздің баспасөзде әрқалай жазылуынан орфографиялық варианттар түзіледі: *рахмет/рақмет, ақымақ/ахмақ, кемтар/кем-тар, кәсіпорын/кәсіворын, хазірет/қазірет, шекара/шегара, жина/жыйна, қорытынды/қортынды, қауіп/хауіп, махрұм/мақұрым, ірткі/іріткі, көк ала/көгала, даусы/дауысы, аулы/ауылы, айуан/аюан, әм/һәм, байиды/баиды/байыйды, кейиді/кеййіді/кеиді, бара алмаймын/баралмаймын, сатып алды/сатывалды, қарсы алды/қарсалды, барып па екен/барыппекен, насихат/нәсихат, тіл қатты/тілғатты.* Атынды келед әр гез қайталағым (Ә. Сәрсенбаев). Көл ғып қанын құл қылад (С. Сейфуллин). Орыныңды қайдан табармын (Айтыс). Әргімге үйренісед өсек аңдып (І. Жансүгіров). Түзінде де сан ірет кездестім еңбек үстінде (С. Мұқанов) мысалдарында *келеді/келед, кез/гез, қылып/ғып, қылады/қылад, орныңды/орыныңды, әркімге/әргімге, рет/ірет* вариантының қазіргі орфографиялық нормаға жатпайтын соңғы сыңары қолданылған.

Тілімізде сөздің орфографиялық варианттары екі түрлі: а) Емле ережелерінің өзгеріп отыруына байланысты түзілген вариант тұлғалар. Жазу дәстүріне сай қалыптасқан сөздің орфографиялық варианттарына тән сипатты ерекшелік пен белгілерге бір әріптің орнына басқасын таңбалаудан түзілген варианттар жатады: *қайран/хайран, сақара/сахара, рақат/рахат, жай/жәй, шыл/шіл, рахмет/рақмет, хазірет/қазірет, шекара/шегара, айуан/аюан, байиды/баиды/байыйды, иә/я/ия, байғұс/байқұс, қанішер/қанышер, қайсыбір/қайсібір, қадір/қадыр, һәм/хәм, тыйым/тиым, сыймастай/симастай, бәйтерек/байтерек, кәдімгі/қадімгі/кәдуелгі/кәдуінгі, шайқор/шайхор, мағына/мағана/магна, үлгіру/үлгеру, хикая/кихая/хихая, бұқара/бұхара, жина/жыйна, қина/қыйна.*

ә) Жазу, сөйлеу нормасына сәйкес түзілген орфографиялық, орфоэпиялық варианттар *жай/жәй, шай/шәй, табиғат/тәбиғат, жайлау/жәйлау, керек/герек, бес жас/беш жас.*

Емле ережесін жетілдіріп, оны кем-кетіктен арылту мақсатындағы бірлі-жарым түзетулердің дұрыс-бұрысы туралы пікір алысқанда, ана тілінің мәртебесін өсіру, өрісін ұзарту, ауқымын арттыра беру жолын есте тұтпақпыз. Егер бұрын қазақ тілінде *р, ф, л, г, з, х* және басқа әріптерден сөзді бастап жазуда бірізділік болмай келсе, қазір олардың емлесі тиянақталды. Соған орай *рай/ырай, рең/ірең, лас/ылас, лай/ылай, рас/ырас, рахмет/ырахмет/рақмет, гүл/күл, газет/кәзит, гашық/қашық, ганибет/қаныбет, гәп/кеп, газ/каз, география/жағрафия, гажап/қажап, гауһар/жауһар, гапу/қапу, газиз/қазиз, гәріп/кәріп, ділда/тілда, түзу/дүзу* варианттарының соңғылары әдеби тілдің нормасы емес.

Артық әріпті үстемелеп жазудың емле ережесін қиындататыны анық. Сөз құрамында дұдамалдау дыбыстарды үстемелеп жазатын кез болса, оның мынадай өзіндік себебі бар:

а) Тіліміздің орфоэпиялық нормасына сәйкес сол дыбысты таңбалау

кажет деп есептеген жағдайда: *мынау, ылғи, қынама, ылпың, сынау (мнау, лғи, қнама, лыпың, снау емес)*;

ә) *Ы, і* дыбыстарын таңбалауда сөздің бастапқы түбір күйіндегі тұлғасы ескеріледі: *іл-гек, іл-мек, ілу-де, ірі-к, ірі-миік, іс-мер, іс-кер, іш-ірткі, іш-імпаздық, ым-дасу, иір-ім, ілгері-рек (ілгеррек емес)*. Мұнда сөзді дұрыс айтуға керекті ырғақ, буын саны ескерілетіні белгілі;

б) Көп мағыналық негізінде сөз варианттарын саралау мүмкін болған жағдайда «ы» әрпі сақталады. *Егер (шетке) ысыру – (бет жағын) сыру, ысырма-сырма, ауру (зат есім) – ауыру (қимыл атауы), (су) құрығанда – (ең) құрғанда*.

Осы тәрізді белгіленген емле нормасына қарамастан, *ы, і* әріптерінің емлесіне қатысты даулы пікір толастар емес.

Ы, і әріптерін қатар келген дауыссыз дыбыстар аралығында селбестіріп жаза беру термин сөздер мен сырттан енген басқа сөздерді айтпағанның өзінде, байырғы төл сөздерімізді жазуда да, едәуір қиындықтар келтіріп жүр.

Тіліміздегі күрделі атаулардың бірде бірігіп, бірде бөлек жазылуы орфографиялық варианттардың белгілі бір тобын құрайды. Біріккен тұлғалардың тіркестерден мағыналық жағынан да дараланып кете алатынына тілімізден нақтылы айғақтар келтіруге болады. Емлені икемді ете түсуге қатысты үлкен мәселе кіріккен түбірдің шегі мен әдеби тілге жататын сөз формасын анықтау екені белгілі. Тілдегі варианттылық тіліміздің тарихи дамуының бір айнасы, елесі іспеттес. Демек, сөздердің лексикалануы мен жаңа сөз тұлғаларының пайда болуынан грамматикалық формалардың да өзгеріп жетіле түсу бағыты сезіледі.

Тіліміздің басты орфоэпиялық заңдылығына сөз тіркестеріндегі сөздердің бір-бірімен үндесіп, үйлесіп айтылуы арқылы әуендік, ырғақтық дыбысталу жүйесі жататыны белгілі. Тіліміздің табиғи жарасымды ырғағына қиянат жасамас үшін, қайсыбір сөздерді құлаққа қасаң естілетіндей, сындырмай сірестіріп айтуға жол бермей, *әрғашан, өргім, әлдеғалай, әлдеғашан, көгеніс, қыргүйек, шегара* деп естілуінше жазу тиімді болмақ. Біріккен сөздерді фонетикалық тәсіл бойынша жазу тіліміздің дамып, сөздік құрамының баюын, оралымдық сапасының артқанын таныту үшін қолайлы деп есептейтін ғалымдардың пікірі ойлантарлық. Фонетикалық тәсілді тиімді жерінде қолдану емледегі солқылдақтықты болдырмау, әрі әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормасын сақтау талабын жеңілдетер еді. Жазу, сөйлеу нормаларын жетілдіру бағыты орнығар еді. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің құрастырылғанына көп уақыт болған жоқ. Сондықтан оқырман қауымның емле ережесін фонетикалық принцип тұрғысынан қабылдауға бейім тұратынын байқап жүрміз.

Сөз тұлғасын үстеме дыбыстардан аршып, өзінің табиғи дұрыс дыбысталуын сақтау – тіліміздің бүгінгі мен ертеңіне жанашырлық білдіргендік. Сөз құрамында басы артық дыбысты үстемелеп жазу тіліміздің орфографиялық нормасы үшін де, орфоэпия заңдылығының қалыптасуы үшін де қолайлы емес. Өйткені басы артық әріппен тілдің табиғи әуезділігінің берекесін кетіруіміз мүмкін. Қазақ тілі орфографиясының

негізін қалаушы аға ғалымдарымыздың *ы, і, и* әріптерінің емлесі туралы айтқан пікірлері – мұның айғағы.

Баспасөз сауаттылығына атүсті қарамай, орфографиялық ережеге мән беріп, қатесіз жаза білу – тіл мәдениетінің басты шарты. Қазақ тілінің келелі мәселесінің ішінде орфография, демек сөзді дұрыс қолдану, дұрыс жазу ережелерінің жинағы бәрінен де маңыздырақ. Тіліміздің жоғын жоқтап, қадір-қасиетін сақтап, беделін арттырып, мерейін үстем етуде тынбай еңбектеніп, еселеп күш-жігерін жұмсайтын қазіргі таңда тіл ғылымының белді бір саласы – орфографияға жүктейтін міндет пен қояр талабымыз бүгінде арта түскені анық. Барынша тиімді әрі икемді емле ережелері арқылы сөз формасының жалпы халыққа танымал түр-тұлғасын, айтылу үлгісін бұрмаламай, тілді шұбарлауға итермелейтін ала-құлалық пен тұрақсыздықты аластап, тілімізді әуезді де әсем ырғақты етіп жетілдіре түсу мүмкіндігін есте тұтарымыз белгілі.

Қазақ тілі – жеке диалектіге бөлінбейтін бүтін тіл, бірегей тіл. Әдеби тіл ешбір жергілікті говор деңгейінде қалып қоймай, бүкіл халықтық тіл негізінде қалыптасқан деп жүрміз. Бұл жағдай орфоэпиялық варианттардың әуендік, дыбыстық құрылымына, әсем ырғағына байыппен үңіле қарап, ең айқынын, қолайлысын анықтау арқылы әдеби норма үшін үлкен мәні бар мәселенің шешімін табуды жеңілдетпек.

5. Грамматикалық варианттар морфологиялық және синтаксистік варианттарға ажыратылады.

Морфологиялық варианттар бүтіндей лексеманы немесе оның нақтылы грамматикалық формасын қамтиды. Олардың түріне мыналар жатады: а) Сөздің морфологиялық варианттары түбір морфеманың дыбыстық өзгеріске ұшырауынан, қосымшалық морфеманың өзгерісінен түзіледі: *өңге/өзге, шейін/дейін, бірдеме/ бірдеңе, ештеме/ештеңе, меніңше/менімше, дәнеме/дәнеңе, бітеудей/бітеулей, шаладай/шалалай, жартыдай/жартылай, екіншідей/ екіншілей, баралық/барайық.*

ә) Түбірге әр алуан аффикстің жаяғануы арқылы варианттар түзіледі: *сойыс/сойым, тиісті/тиесек, шоқынды/шоқыншы, пішін/пішім, піспек/піскек, арызқой/арызқор/арызшы, шаруақор/шаруашыл/шаруагер, дәмегөй/дәмеқор;* б) Морфологиялық варианттардың жергілікті ерекшелікпен байланысты айтылатыны едәуір көп: *барасыз/барасыңыз, бересі/бережақ/берешек, келісімге/келімге/келіске (келді), келешек/кележақ, алатын/алажақ, айтқын/айтың, барыпты/барулы, көбнесе/көбнекей.*

Мақал-мәтел мен нақыл сөздерде морфологиялық варианттардың қазіргі тілімізде сирек қолданылатын сыңары кездеседі. Мысалы, *Ұлық болсаң, кішік бол. Ұлық бол, халқыңа жақын бол. Қонақ қонақтан ұлық. Ораздының ұлы өсер, жиырлының қызы өсер. Асау тулап жықпасқа, артқы айылдың беркі игі. Арамның асы – харам. Жылқы жылы жылыс болды, жылан жылы ұрыс болды (жылыс-болыс). Той тоянасыз болмас. Ойында өрелгі жоқ.*

Халық поэзиясында *бұлбұлдай – бұлбұлдайын, бүлінген – бүлген, самғайтын – самғайтұғын, танбайтын – танбайтұғын, қапыда – қапияда* тәрізді варианттар жарыса қолданылады. Мысалы, «*Сақтағыл, Алла, біз*

құлды» (Батырлар жыры), «*Тотыдайын* таранған, *Сұңқардайын* сыланған» (Қыз-Жібек) деген өлең жолында сақтай гөр, тотыдай, сұңқардай сөздерінің нұсқалары айтылған. Орманбет би өлген күн, он сан ноғай *бұлген* күн. («Қазақ әдебиеті»). Мына заман қай заман, – *бағы* заман, Баяғыдай болар ма тағы заман («Қазақ әдебиеті»). Сөз тіркестерінде де морфологиялық варианттың пассив тұлғалары айтылады: *амал нешік, қабағы қатулы, қабағы салыңқы, иен дала*.

Бұрындары жарыспа тұлғаларға жатқызып келген сөз формаларының мағыналық жағынан сараланғандары да бар. Мысалы, *қырсықтану-қыңырлану-қыңыратқу, әумесер-әулекі-әуейі, жиналыс-жиылыс, піспек-піскек, тиісті-тиесілі, уақытында-уақтылы, күнінде-күніге-күнде* – мағыналық жағынан сараланған сөздер.

Жергілікті ерекшелікке тән морфологиялық варианттардың семантикалық, мағыналық даралануы олардың жеке сыңарларының көп мағыналығына негізделеді. Мәселен, бір кезде жергілікті жерлерде *жылауық/жылаңқы/жылағыш/жылаукер* боп әртүрлі айтылатын говорлық варианттардың кейбіріне тән тура және ауыспалы мағыналарының әдеби норма үшін маңызы болуы мүмкін.

Белгілі бір жұрнақтың, буынның, дыбыстың сусып түсіп қалуынан, көп буынды сөздің аз буынды сөзге ауысуынан, демек сөздің ықшам тұлғаға айналуынан түзілген морфологиялық варианттар. Мысалы, *барлығы/бәрі, ұл/оғыл, қадірменді/қадірлі, аяулы/аялы, қаңғыру/қаңғу, түгесілді/түгеді, бақталас/бақас, ақпарат/ақпар, қожайын/қожса, қапшық/қап, масалаң/масаң, келінті/кепті, қалыпты/қапты*. Мұндай варианттардың бір бөлігі жергілікті ерекшелікке қатысты: *даяғашы/даяшы, аңызғақ/аңызғақ, сақаяу/сауығу, кигіз/киіз, шаңғарақ/шаңырақ, бірдеңке/бірдеңе, шыңдау/шыңау, шығанда/шығада*. Белгілі территориялық шегі жоқ варианттар: *бүткіл/бүкіл, мыйсал/мысал, сыйпат/сыпат, аңызғақ/аңызғақ, сондай/солай* т.б.

Қазіргі тіліміздегі сөздің ықшамдалған варианттарын тұлғалық ерекшелігіне қарай төрт топқа бөліп алдық. Олар: аферезис, синкопа, апокопа және сөз тіркестеріне қарай ықшамдалған түрі.

а) **Аферезис** немесе сөз тұлғасындағы басқы дыбыстың түсіп қалуы арқылы түзілген варианттар. Олардың әр түрлі стильдік реңкіне қарай қазіргі тілде қолданылып жүргендері мыналар: Мағыналық жағынан сараланған жарыспа тұлғалар: *жұбаныш-уаныш, жұбату-уату, нақыл-ақыл, тажал-ажал, гайып-айып, қазір-әзір, балтамсадай-алпамсадай, характер-әрекет, самарқау-марқау, ғылым-ілім*. Орфографиялық норма арқылы ажыратылып белгіленуі қалыптасқан тұлғалар: *иесіз-есіз, ұру-ру*. Шығу тарихы еліктеу мәндес сөздерді танытатын жарыспа тұлғалар: *мызың-ызың, шүңгиген-үңгиген, шүңірек-үңірек, сасқалақта-асқалақта*.

ә) **Синкопа** – сөз ортасындағы бір я бірнеше дыбыстың сусып түсіп қалуы. Синкопа тәсілімен түзілген варианттар қазіргі тілде жиі ұшырайды. Мысалы: *сыпайшылық/сыпайылық/сыпалық, тарымшылық/таршылық/тарлық, жатырған/жатқан, жұбауратты/жұбатты/жуатты/уатты*,

бұрқырату/бұрқату/бұрқау, барасыңыз/барасыз. Синкопада сөздің әр бағытта ықшамдалуы мүмкін: бүткіл/бүтіл/бүкіл, жұмылдырық/жұдырық/жұмырық, ләйлім/ләйім/ләзім.

б) **Апокопа** – сөз соңындағы дыбыстың сусуы арқылы ықшамдалуы. Қазақ тілінде олардың мынадай түрлері бар: а) Кірме сөздердің соңындағы элементтердің сусуы. Иран сөздері: *дост/дос, раст/рас, тахт/тақ (трон), бахт/бақ, ренк/рең, уақыт/уақ, дара/дар*; орыс сөздері: *минута/минут, газета/газет*. Қазіргі тілде бақыт, ренк сөздерін есептемегенде, бұл варианттардың толық сыңарлары қолданылмайды. а) *Дост, раст, тақт* сөздері өткен ғасырдағы өлең-жырларда ғана кездеседі. ә) Сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер: *айдаһар/аждаһа, еді/ед*. б) Өлең ұйқасында буын өлшеміне қарай: *замана/заман, құдайа/құдай/құда, нышана/нышан*. в) Мағыналық саралануға байланысты сақталған ықшам варианттар: *жидек/жиде, тақтай/тақта*. г) Көнеленген жұрнақтардың келуінен түзілген дыбыстық варианттар: *-қ, -к: бұзанақ/бұзана, ұлық/ұлы; -н: әдейі/әдей, жауһазын/жауһаз; -м: жазғытұрым/жазғытұры; -ки: әнеки/әне; -т: салғырт/салғыр, мұрсат/мұрса, әлпет/әліп*. Бұл варианттардың да бір бөлігі – морфологиялық тұлғалар.

Кейбір сөздердің ықшамдалуына аферезис, синкопа немесе апокопа араласып келеді: *жұбауратты/жұбатты/жуатты/уатты, хайуанат/хайуана/хайуан/айуан, қадам/қадым/адым, газиз/әзиз/әз, біржолата/біротала/біржол, найзағай/нажағай/ажағай, отырғанмын/отырғамын/отырғам*.

Морфологиялық варианттардың бір тобы кіріккен тұлғаларға қатысты. Бұлар – әр алуан тәсілмен біріккен сөз тұлғалары. Оның ішінде жүйелі түрде ұшырасатын ең сыпатты ерекшелікке *ж/й* дыбыстарының алмасуы жатады. *Ж/й* дыбыстарының алмасуы – қазақ тілі говорларының көпшілігінен байқалатын ерекшелік. Бұл сөз тіркесінің кіріккен сөзге ауысу бағытымен байланысты. Мысалы, *алып кет – әпкет – әкет, сол жақ – со жақ/сояқ, бұл жерде – бұ жерде/бүйерде, сол жерде – со жерде/сөйерде, солай еткені – сөйткені, алып бер – әпер, алып бар – апар, күнге дейін – күнгеше, келген соң – келгенсін, осылай етер – өстер*. Жарыспа варианттардың бірін ғана әдеби норма деп анықтарда олардың морфологиялық тұрғыда жетілген сыңарын таңдау көптеген тіл тәжірибесінен белгілі. Сөздік құрам осындай жолмен де молығып отырған.

6. Грамматикалық жарыспа тұлғалардың тағы бір түрі – **синтаксистік варианттар**. Егер түбірге жалғанған жұрнақтардың әр түрлілігінен морфологиялық варианттар қалыптасса, жалғаулардың өзгеріске түсуінен синтаксистік варианттар түзіледі.

Әр алуан жалғаумен түрленіп, грамматикалық мағынасы тепе-теңдікті білдіретін сөз тұлғасының парадигмалық (септелу, жіктелу үлгісі) өзгерісінен түзілген синтаксистік варианттардың қазақ тілінде түр-түрі бар. Атап айтқанда, грамматикалық байланыстың бір формасының екінші формаға ауысуынан түзілген синтаксистік варианттар мынадай түрге ажыратылады.

а) Жіктік жалғауының өзгерісінен түзілгені: *түсінемін/түсінем*,

жүремін/жүрем, сеземін/сезем, көргенмін/көргенбін/көргем, болғанмын/болғамын/болғам, бергенмін/бергем/бергенбін, сұрағанмын/сұрағам, қойғанмын/қойғамын/қойғам, барғанмын/барғамын/барғам, сөйлеймін/сөйлейм. ә) Тәуелдік жалғауының өзгерісінен түзілген варианттар: бірі-бірісі, көбі-көбісі, уақыты-уақытысы, ешқайсысы-ешқайсы, тәңірісі-тәңірі. б) Жалғаулардың түрленіп келуінен түзілген варианттардың көп бөлігі – ымшам тұлғалы жарыспа сөздер. Оларға жергілікті ерекшелікке жататын синтаксистік варианттар да жатады. Мысалы, ала ма/алады ма, жатқан/жатырған, барасыз/барасыңыз, күлесіз/күлесіңіз, келесіз/келесіңіз, көресіз/көресіңіз, оқисыз/оқисыңыз, жүретін шығармын/жүрем шығар жарыспаларының соңғы сыңары – әдеби тілге тән емес. в) Септік жалғауының өзгерісінен я түсіп қалуынан түзілген варианттар бар. Мысалы, **Ілік септігі:** институттың/институт (түлектері), сол үшін/соның үшін, мен үшін/менің үшін/менім үшін, сен үшін/сенің үшін. **Шығыс септігі:** қайтадан келді – қайта келді/қайрадан келді, келгеннен бері – келгелі бері, кешеден бері – кешелі бері. **Барыс септігі:** оғанға дейін/оған дейін, Тәкеңе жолықтым/Тәкеңмен жолықтым, соңына таман/соңыра таман. **Жатыс септігі:** аулада қалдырды/аулаға қалдырды, суда жүзді/суға жүзді. **Көмектес септігі:** бізбен бірге/бізбенен бірге, өз бетімен – өз бетінше. г) Сөздің тіркес күйінен өзгеріп, әр түрлі құрамда қолданылуынан түзілген варианттардың баспасөзде қатар қолданылып жүргені мынадай: есенсіз бе/есенбісіз, амансыз ба/аманбысыз, жақсысыз ба/жақсымысыз, жазасын ба/жазамысың, шақырасың ба/шақырамысың.

Синтаксистік варианттың бір тобы сөз тіркесіне қатысты. Мысалы, алғашында/алғашқы кезде/ілкі әзірде, көкей кесті – көкей тесті, етек алу – етек жаю, лықа толы – лық тола, әуел баста – әу баста, бері қара – бермен қара, ол түгіл – ол тұрғай.

Жеке сөйлемдердің де варианттары кездеседі: жасың қаниада/қаниа жастасың/қаниадасың, жасың нешеде/неше жастасың/нешедесің, жасым жиырмада/жиырма жастамын/жиырмадамын, сапар сәтті болсын/сәт сапар, жол болсын/жол болғай; қазақ тіліне аудар/қазақшаға аудар/қазақшала; мамырдың бесі/бесінші мамыр/мамырдың бесінші жұлдызы/мамырдың бесі күні.

Фразеологизмнің де мағыналық тепе-теңдігін сақтап, стильдік, реңктік жағынан еш өзгешелігі болмай, жарыса қолданылатыны бар: ант атқан – ант ұрған, аспанмен таласқан – аспанмен тілдескен, атарға оғы жоқ – атарға оғы болмады, ат кекілін кесті – ат құйрығын кесті.

Мемлекеттік мәртебе алып, ғылым тіліне де айнала бастаған қазақ тілінің стильдік жағынан жатық, дұрыс қалыптасуына да мән береміз. Орысшадан тәржімеленген ресми құжаттар, үкімет қаулы-қарарлары жатық та кедір-бұдырсыз, түсінікті жазылуға тиіс. Мүлдем басқа жүйеге жататын тілден тәржімелегенде әр атау, әр сөз формасы өз орнында қолданылып, айтатын оймен шебер қабысып келуіне баса көңіл бөлетініміз анық.

Орыс тіліне көзсіз еліктемейміз десек, әр сөздің мағына айқындығы мен мәнерлілігін сақтап, дұрыс қиыстырып, ұйқасымын келтіруге жете мән

берген болар едік. Өйткені тіл – тілдің қайталанбас өз ерекшелігіне орай әр сөздің өз орнында тұрып, ұғым-мағынасы дәл берілмейінше, оның нәзік иірімі мен көркемдігін аңғарта алмаймыз.

Мысалы, орыс тіліндегі «и» жалғаулығының түрлі мағыналық қолданысына сәйкес қазақ тілінде *және, мен, бен, пен, әрі, да, де, та, те* секілді әлденеше дәл де айқын баламасы бар. Сондай-ақ «и» жалғаулығының түгел қайталанбай, қайсыбір кезде түсіп қалуы мүмкін немесе көсемше формасымен де аударылатынын есте тұтқанымыз абзал.

Тіліміздің өз ерекшелігін жете ескермей, орыс тіліне орай желіп, сол тілдің шылауында кетіп, түбір тұлғада тұрып-ақ көптік ұғымды білдіретін сөздерге *гүл+дер, су+лар, шырын+дар, әтір+лер, жеміс+тер, көкөніс+тер, сусын+дар* деп, көптік жалғауын жалғау немесе *қойлар жайылды, жылқылар бағады, шаштарым өсіп кетті, халдер қалай, сиырлар бадасы, сүттер қазандарға толған* деп, орыс тілінен сөзбе сөз аударып, көптік жалғауымен шымқап матап қою – сөз саптауымызға жараспайтын оралымдар.

Қазақ сөзімен орысша сөз саптаудың кері әсері басқа да сөз тіркесінен байқалады. *Арқаланып кеттіні – аруақтанып кетті* деп, *атқа міндіні – атқа отырды* деп, *хабар аяқталдыны – хабар бітті* деп, *сегіз тұяқ қойды – сегіз бас қой* деген секілді ой елегінен өткізбей, қолдана салған кереғарлық, құлаққа естілуі томпақтау шұбалаңқы тіркестер аз емес. Өралуан құжат пен үкімет қаулы-қарарын, жарлық пен заңдарды мінсіз, жатық, түсінікті тілде аудару – мемлекеттік мәртебеге ие болған тіліміздің ресми стилі анықталған толыққанды тіл ретінде танылып, дамуы үшін қажет.

Грамматикалық тұлғалар мен тіркестердің орнын айқын біліп, айырмау кейде орынсыз шумақтардың орын алуына, сөйлем мен сөз тұлғаларын орынсыз күрделендіруге жол беріп, сөздің ырғағын кемітетіні белгілі. Сөзіне сөз, тіркесіне тіркес жасап сірестіріп қою – аударма мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Қазақ тілінің икем-орайына келмейтін сөз саптаудың орыс тіліне орынсыз да қисынсыз еліктеуден пайда болғаны анық. Басқаша айтқанда, орысша ойлап, қазақша сөйлегенде (жазғанда) осындай әр алуан стильдік қателер жіберіледі. Тіл табиғатына жат сөйлем мен тіркестер тілімізді шұбарлап, оның ажарына нұқсан келтіріп жүр десек, артық айтқандық емес. Орыс тілінен аударылған мектеп оқулықтарын осындай олқылықтардан арылту – уақыт талабы.

7. Сөздің жарыспа тұлғаларының келесі түрі – **лексикалық сөз нұсқалары**. Оларды дублеттер деп те атайды. Фонетикалық варианттар бір сөздің түрліше дыбыстық ауытқуынан түзілсе, дублеттер – мағыналық тепе-теңдікті білдіретін түбірі мен тұлғасы әр басқа сөздер. Мысалы, *сенек/дәліз/ауыз үй, мақпал/барқыт, шұбат/қымыран, қант/секер, теңге/сом/ділда, жұмыртқа/тұқым, бұрыш/лазы, таңертең/азанда, айқайлады/қышқырды, шелек/мосы*. Лексикалық вариантқа сырттай ұқсас, бірақ құрылым-құрылысы мен атқарар қызметі жағынан дублетке кереғар тілдік құбылыстар бар. Оның түр-түріне *жаргон, арго, табу, эсперанто* сөздері жатады.

Лексикалық варианттардың басым көпшілігі – жергілікті ерекшелік.

Келбет/сықпым, шолан/шошала, ілгек/салытқа, тұмақ/құлақшын, әмиян/шилан, сүзек/кезік, сүзгі/кәкір, шәлі/ желек, кебек/күрпі, жүгері/порми, көрпе/жұрқан, ылғи/деней, күмістелген/деңбет, дәке/бөлер/мәрлі, шамалы/бітегене, нағашы/таға, көлгірсу/әбіксу, даңғой/әулекі, секілді/зәлітті/зәліттес, мамыр/зауза, бағана/сақа/діңгек/үстін/тіреу, оқ/ұтас/ақ, балшық/известь, ақым/лақат, сіріңке/ шырпы/оттық/шақпақ/күкірт, бәкі/шаппа/селебе/забиял/лөкет, шот/тесе/шаппашот/құстұмсық /байтесе/белкүрек/кетпеншот, әкпіш/иінағаш/мойынағаш/суағаш/күйенте/құрамыс, ұшық/ықтың/қытық/топан/шар, басқыш/теппе/зәңгі, үй/әжіре/там, сәресі/сахар, меншік/бәсіре, жөні/мәуірт, айдар/сатар, рұқсат/мәулет, қапсағай/науша, доғабас/айылбас, қайнаға/жәке, бөбешік /кішкене тіл жарыспаларының алдыңғы сыңары әдеби норма болса, соңғы сыңары баспасөзде сирек қолданылатын жергілікті сөйлеу ерекшелігіне жатады.

Жергілікті ерекшелікке тән лексикалық варианттардың әдеби тілдегі баламасын ескермей, шамадан тыс ауа жайылып, жергілікті жерге тән ерекшелікті ешбір екшеусіз, пайымдаусыз тықпалау – тілді шұбарлауға жол беретін жарамсыз әрекет. Сондай-ақ әдеби тілде дәл баламасы жоқ кейбір өзі естімеген, жете түсінбеген сөзді диалектілер қатарына еш ойланбастан қоса салу да бір шектен екінші шекке шығушылық. Соңғы кезде көбірек назар аударылып отырған тілдегі күрделі мәселенің бірі дублеттер мен варианттардың говорларға қатысты жақтары аз емес. Өйткені әр түрлі говорлар мен диалектілер – жалпы ұлттық тілдің дамуының белгілі бір фазалары.

Қазақ әдеби тілінің нормасы көптеген говорлардың жан-жақты ықпал етуі негізінде қалыптасқан. Барлық қазақ говорлары әдеби тілдің сөздік қорының үздіксіз баюына ықпалын тигізіп келді. Қазір говорлық сипаттағы сөздерді қолдану да, олардың әдеби тілге енуі де ертеректегі кезбен салыстырғанда көп шектеледі. Бірақ әлі күнге дейін әдеби тілдің кәдесіне жарайтын мағыналық жігі ап-айқын жергілікті сөздер мол сақталынған. Оған қазіргі кезге дейін қалың оқырманға кеңінен таныс бола қоймаған есімдік (желкек, желкен, жерсана, еңлік), тағам (жентек, ежігей, жентелей), киім-кешек (желпей, желпен, жемелек, жепен, жарғақ, жатақ), бұйым (желқом, желпуіш, желпіншек, жеркелі, желі, жом, ергенек) атаулары, әдет-ғұрышпен, кәсіппен байланысты атаулар мысал бола алады.

Әуелде бір сыңары жергілікті ерекшелікке жатқан *қонақ/мейман, қонақ үйі/мейманхана, қораз/әтеш, бұлбұл/сандуғаш, райхан/раушан, қала/шаһар/кент (поселок), арай/шапақ, дала/сахара, төреші/қазы, үлгі/зибрат, мәре/кәмбе, асар/үме, тыныш/тиыш, сенек/ауыз үй, іш/құрсақ, маңдай/пешене, хабаршы/жаршы, әңгімелесу/сұхбаттасу, тұмақ/малақай, қолғап/биялай, темекі/шылым, таңертең/азанда* атаулары – қазір бүкіл халыққа түсінікті синоним сөздер. Жалпы айтқанда сөздің синонимдік қатары мен жарыспа сөз тұлғаларының ара жігін дәл ажырату мүмкін бола бермейді. Тіпті мағынасы тепе-тең бір сөздің дыбыстық варианттарының да тілімізде абсолют синоним ретінде қолданылып жүргені аз емес: *бейіл-пейіл,*

айғайла-айқайла, бәле-пәле, мана-бана, дақ-тақ, нәзік-нәтік, дырдай-дыңдай, жәбір-зәбір, қостау-қоштау.

Ана тілімізде баламасы бар сөздердің кейбір жергілікті жерде орысша атауы айтылып келді. Оған *зембіл, арасан, дәліз, дәке, жозы* т.б. жатады. Жергілікті ерекшелікке (демек говорлық дублетке) жатқызып келген сөздердің ішінде әдеби тілде баламасы жоқтары кездесетіні жайлы қазақ тілін зерттеушілер әрдайым айтып келді. Сөйтіп, басқа да жарыспа тұлғалар тәрізді дублет қатарларының да айырым белгісін анықтап, олардың түрлерін арнайы зерттеу қазақ тіліндегі басқа құбылыстардың сыр-сипатын аша түсу үшін қажет.

Жергілікті ерекшеліктің жүре келе синонимдік қатар құрағандары мен мағыналық жағынан дараланғандары бар. Мысалы, *мола-қабыр-мүрде/там, тамақ-ауқат, елгезер-елек-елеуіш, бақай-башпай, пешене-маңдай, көрші-қоңсы-ауылдас/сыбай/хошына, бұршақ-көмбе/қонақ, айыр-аша, ақша-теңгесом-пұл-ділда-манат, қодық-көдек, бапкер-атбегі-саяткер/атсейіс, өтетым-жүдә, бастау-бұлақ, қонақ үйі-мейманхана, қолғап-биалай, ежелгі-бағзы.* Қазіргі кезде *қамыт-қақыра-шым үй, сараң/пес (нағыз шық бермес шығайбай), дағыра – дабыл қазатын аспап, мол/ырғын (барынша мол, аспап-төкпе), рахаттану/жырғау (ойындағысы орындалып, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болу), сірә/жүдә, делбе/кеңкелес, пысық/сарамжал, ботқа/атала, оттық/шақпақ, қалау/зауығу, әк/ұтас, атақты/мәшһүр* жарыспаларының көп бөлігі көркем әдебиетте, кітаби жазу стилінде қолдану арқасында әдеби тіл нормасына айналып үлгірді.

Баспасөзде қатар қолданыла келе, синонимдік қатар құрап кетуі мүмкін сөздерге божы-делбе, барқыт-мақпал, бөшке-күбі, шөмеле-кепене, қонақ-мейман, қораз-этеш, қарбыз-дарбыз, музыка-саз, рақаттану-жырғау, дәуіт-сиясауыт, лезде-дәсте, сабақ-дәріс, тәсбиқ-дәсіп, үнемі-дәуелі, шапағат-дәремет, көрпе-жуырқан, тебен-жуалдыз жарыспалары жатады. Олардың алдыңғы сыңары басымырақ қолданылып жүр. *Беде* мен *жоңышқа* бір емес. *Беде* – қолдан егілгені, *жоңышқа* – өздігінен өсетіні. *Жырғалу* сөзінің рақаттанудан мағыналық айырмашылығы рақат пен ләззат сөздерінің ерекшелігінен кем емес. *Жырғалу* – әрі рахаттану, әрі қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болу. Баспасөзде ара-тұра қолданғанына қарамастан, әзірше тек диалектілік сипатта қалып отырған, бірақ контекстік, реңктік бояумен ерекшеленетін сөздер қаншама. Мағыналық жігі айқын аңғарылатын, әдеби тілді байытатын, баламасы жоқ, я қолдануында стильдік үстеме мәні бар сөздерді қажетімізге жарату – абыройлы парыз. Мысалы, «Жергілікті жерде ғана айтылатын, көпшілікке беймәлім, бірақ әдеби тіл терминологиясын байытуға қажетті сөздерді жарыққа шығарып, әдеби тілге енгізу арқылы көпшілік қауымның игілігіне айналдыруда диалектологиялық сөздіктің пайдасы мол» – дейді проф. Ш. Сарыбаев («Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі». Алматы, 1969, 3-бет). Мысалы, сөздікте *қамар* – қаракөл елтірісінің өте қымбат қара түсті түрі, *тұт* – кішкене домалақ тәтті жеміс, *түбіртек* – қызылшаның тәтті жемісі, *түбілтек* – қызылшаның түбіндегі қалдығы, *пияла* – шай ішетін кішкене кесе, *забел* – үйдің іргетасы; әр үйдің алдына

балшықтан салып жасаған отырғыш деген ұзақ сөз тіркестерімен түсінік беру бұл сөздердің әдеби тілде баламасының жоқтығын дәлелдейді. *Тақия-тебетей-кепеш, сегізкөз-шонданай, кимелеу-итіну* секілді сөйлеу тілінде экспрессивті реңкі бар, стильдік бояуы анық, көпшілікке таныс сөздер де әдеби тілдің өлшеміне лайықты атаулар.

Жергілікті ерекшелікке жатқызған сөздердің әдеби тілде баламасы жоқтары тіркес түрінде сипаттама атаумен аталып келген. *Жозы* – тамақ ішетін аласа үстел, *түймеш* – қарынға салып қатырып тастаған ет, *қауыз* – бидайдың қабығы, *жарын* – келесі жыл, *шанда* – анда-санда, *рабайда* – кейбір шақта, *құшнаш* – бал ашатын әйел, *сыбырдақ* – сирақ майы, *бажар* – ала бажақ түстің аты, *кежім* – ат жабуы, *таспыш* – бақаның баласы, *қаншыр* – арыстанның ұрғашысы, *үскі* – үлкен жуан біз, *кежандар* – еркек үйрек, *қашыр* – ұрғашы есек, *шақырық* – қазға ұқсас дала құсы, *қақыра* – шымнан тұрғызған үй, тесік ожау – *кепсер*, ауыз үй – *дәліз*, *сенек*/арқалықтың үстіне салатын ағаш – *шанжа*, *пәруз*; үш егіз – *үшем*; төрт егіз – *тәртем*; *қамыр* пісірілген еттің наны; *елгезер* – үн елегіш, *қалбыр* – бидай т.б. дақылды елегіш, *елек* – құм, тағы басқаны елегіш, *далабез* – үйде көп тұрақтамайтын, қыдыра бергіш, *дағалаң* – бір жылда екі лақтайтын ешкінің кейінгі лағы, *қарғын* – жылғадан аққан су, *қамар* – қаракөл елтірісінің өте қымбат қара түсті түрі, *даңғарадай* – үлкен әрі кең, зор, *көкбораздау* – әбден кірлеп, тердің шайыры жұққан, дақ түскен киімнің өңін ашу үшін нілге (купоросқа) салып шайқау, *күйенте* – автомобильдің иін төмірі, *қанар* – неше пұдтық үлкен қап, *қараталасу* – орынсыз жерде қарбалас тудыру, *қарғылау* – үсті-үстіне қарғып өте беру тәрізді ұзыннан-ұзақ сөз тіркесімен сипаттама түрінде анықтама беру бұл сөздердің әдеби тілде баламасының жоқтығын дәлелдейді.

Әдеби тілдің діттеген мүддесіне сәйкес келетін сөз қолданыс жүйесінің, лайықты балама табудың әр алуан арнасы мен тәсілдері анықталды.

1. Жергілікті ерекшеліктен балама табу – кең тараған тәсіл. Мысалы, *кемпірек* – *конфорка*, *зияткер* – *интеллигенция*, *қағидат* – *постулат*, *әйнекей* – *глазурь*, *әрлендіру* – *дизайн*, *себезгі* – *душ*, *шанақ* – *бункер*, *нымша* – *блузка*, *себет* – *корзинка*, *әмиян* – *кошелек*.

Ертеректе қолданылып, кейін келе көнерген тұлғаға айналған сөздердің мағыналық жаңғыруы арқылы, сондай-ақ жаңа мағыналық реңктің үстемеленуі арқылы соны балама жасау сөз тудырудың кең тараған тәсіліне айналуға: *бопса* – *шантаж*, *төлқұжат* – *паспорт*, *кешенді* – *комплекті*, *кібісе жыл* – *високосный год*, *қанаха* – *алтарь*, *қож* – *шлак*, *қорамсақ* – *патронтаж*. Халық тілінің сөздік қорындағы сөздерді пайдалану немесе жеке авторлардың өздері қиыстырып тапқан атаулары алғашында дублеттік жұп құрып, соңыра қолдана келе әдеби нормаға айналатын кезі бар: *дәріхана/аптека*, *емхана/поликлиника*, *аялдама/остановка*, *ұшақ/самолет*, *хұқық/хұқы/право*, *жанұя/семья*, *егемен/суверенитет*, *ғимарат/здание*, *саяжай/дача*, *жағажай/пляж*, *гүлзар/оранжерея*, *гүлдесте/букет*, *брокер/делдал*, *ағза/организм*, *мәйтхана/морг*, *зейнеткер/пензионер*, *спонсор/демеуші*, *қаламақы/гонорар*, *мерейтой/юбилей*, *сынын/класс*.

Жаңа ұғымдарды қазақтың өз сөзімен беру, жатық та дәл балама табу өнериеттегі үздік үрдіс дейміз. *Өткін – прогон, серпін – импульс, тегершік – рычаг, жамигат – публика, зақлия – публикация, зыптама – выправка, мәслихат – семинар* секілді баспасөзде қолдану жарасымы орнымен табылған, қажеттіктен туған сәтті де орайлы баламалар – мұның айқын айғағы. *Хабарлама, дәлелдеме, құйма, қосылыс* сөздері секілді орыс тіліндегі атаулардың баламасы тілімізде аз емес. Қазақ, орыс сөздері жарыса қолданылып, кейін келе қайсыбірі синонимге де айналып үлгерді: *тіл білімі/лингвистика, ұшқыш/пилот, кейіпкер/герой, жүк/багаж, басқыншы/агрессор, қор/фонд/резерв, нұсқау/инструкция, демалыс/каникул, шөлмек/бөтелке, кеспек/бөшке, шыт/сиса, шәугім/шәйнек, тәулік/сөтке, түрме/абақты, таразы/гір, қыш/кірпіш, шығын/рысқұт, тыңшы/агент, жансыз/шпион, бейне/образ, будан/гибрид, емхана/амбулатория*. Қазақ тілі сөздік қорын байытуға септігі тиер баламасы жоқ сөз формалары да бар: *дата* (жылы, айы және күні), *диқия* – дауыс мәнері, *звондау* – телефон соғу, телефон шалу, *деградация* – кері құлдырау, *наводка* – көздеп дәлдеу.

Дегенмен орыс тілі арқылы енген сөздерге балама іздеуде ескеріп-елеп, ойластыратын мәселе әлі жетерлік. Атап айтқанда, күнделікті қолданыстағы тілдің бір орында қатып-семіп, тұралап қалмайтыны белгілі. Ол өзінің даму, жетілу барысында өз реті, өлшемі, тәртібімен басқа тілдер есебінен де жаңа сөздерді бойына сіңіріп, молығып отырмақ. Мән-мағынасы жөнінен дәл баламасы табылуы мүмкін бола қоймайтын халықаралық сөздер мен терминдерге дейін өзінше дәлбарлап, аудармақ боп әлекке түсуіміз үстірттік пен ұшқарылыққа, шалалыққа ұрындырмас па екен деген ой толғандырады тіл жанашырларын.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде актив қолданылатын сөз тудырушы – *шы, -ші, -ым, -ім, -м, -ма, -ме, -лық, -лік, -ғы, -гі, -ыс, -іс, -шыл, -шіл, -нама, -неме, -дама, -ман, -мен, -кер, -гер, -хана* жұрнақтары арқылы калька жолымен аударылған балама атаулар көп. Мысалы, басшы, нұсқаушы, төреші, дүкенші, еңбекші, үгітші, тәрбиеші, кеңесші, сұраным, ұсыным, көшірме, құрамы, мінбе, оқулық, мамандық т.б.

Қазақ лексикологиясындағы жаңа қолданыстар ретінде танылып жүрген туынды тұлғалардың мемлекеттік терминкомның қаулысы бойынша көпшіліктің қажетіне жарап үлгергені аз емес. Тіліміздің ішкі қорын бар мүмкіншілігінше пайдалануда аударманың үлкен ықпалы болғаны белгілі. Аударма жұмысы негізінен орыс тілі арқылы ғана жүргендіктен, қаламгерлер орыс тіліндегі сөз бен сөз орамдарының қазақша сәтті баламаларын табуда қыруар еңбек етті. Алайда жаңа термин мен атаулардың бәрін бірдей қазақ тілі лексикасындағы сәтті шыққан дүниелер деуге келмейді.

Көнерген тұлғаға айналып, таяу уақытқа дейін тілдің қатпар қойнауында елеусіз боп, қалтарыста қалып қойған байырғы сөздердің, сөз формасының көркем әдебиетте, мерзімді баспасөзде қолдана бастауы нәтижесінде әдеби тілде орныға алатынын тәжірибе байқатып отыр. *Мердігер, лайқат, әмбебап, сірне, наубай, айлақ, сүдігер* – осындай сөздер. Сондай-ақ *жауынгер/сарбаз, есер/келесау, үлкен/дөкей, ерен/әйдік, бәкі/шаппа, ерсі/сөкет,*

тайынша/баспақ, тұлпар/дүлдүл, дәу/нән, көремет/әйдік, кәрі/лақса, төлем/бодау, пайымдау/бағамдау, салғыласу/тәжікелесу, мезгіл/мәуірт, сөздік/лұғат, бейнет/мехнат, есіркеу/жебеу, тебен/жуалдыз, бәрі/баршасы-әммесі, құмыра-көзе, куәгер-айғақкер, шұбат-қымыран, қақыра-шымнан құйып қалаған үй сөздері баспасөзде жарыса қолданып жүр. *Үлкен-зор-дәу-нән-дөкей, өте-рә (жақсы), ежелгі-бағзы, қала-шаһар-кент, және-әм, ерсі-сәкет-әбес, еңгезердей-зіңгіттей, ақын-шайыр, есерсоқ-кеңкелес* жалпы халыққа түсінікті.

Соңғы кездері осылайша вариант қатарының сирек қолданылатын пассив сыңарының, кірме сөздер мен жергілікті ерекшеліктің еленіп-екшеленіп ретке келуі қарқындырақ бола бастады. Дей тұрсақ та *шырға, сімер, нетерелі, мұқым, ешіру, шетік, қыну, ештену, ыпын, хауыз, шарғы, шатыраш, көбе, жертаған, қауақ, қамар, әуір, гарасат, бойра, жінаят, уазипа, мінәсіп, мәкіру, ғұзыр, мәулет, ләм, лау, көсік, салқар, әспет, пәт, пәм, қырма (мал соятын жер), кежендар (еркек үйрек), ұтыға, ажырғы, жам, жанжамы, жуырат, қадамам, жараңқа* секілді көптеген көнеден жеткен сөздер күні бүгінге дейін көпшілікке беймәлім күйінде тасада қалып отыр («Ана тілі», 14.02.1991). Мен саған көрсетейін *теперішті* («Лен.жас»). Жырлаған *баябанда* неше *мүддет* (Бат.жыр). *Қошуақ* болған еді ол пәлекет (Айтыс). *Рә жақсы, нән* балық деген де осы секілді.

Мақал-мәтелде, қанатты сөздерде, қос сөздерде лексикалық варианттардың көнерген сыңарының сақталып қалуы мүмкін. Мысалы, Білгенге анық, білмегенге *танық*. Жақсы *лепес* – жарым ырыс. Ескіні еске алмай, жаңа *жадыға* түспес. Таланттан таланттың *озғыны* мен *бәскіні* бар. *Лақса* кәрі сылқымнан сақтасын, *шалықтың* «шапағатынан» сақтасын. Мықты болсаң, *бопсаға* шыда. Атадан алтау туса да, *абаданы* (мықтысы, айбарлысы) бір болар. Өтірік ұят-шын *мият*. Дертін жасырғанға *дару* жоқ. Өтпейтін темір жоқ, *шыңауы* жетпейді. Ел *телісіз* (тентексіз) болмас. Елу жылда ел жаңа, жүз жылда *қазан*. Өткен жауынды *жамылыш* алып қума. Жүрген аяққа *жөргем* ілінеді, Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі *түменге*. Аз асқа *жасауыл* болма, көп асқа *бөгеуіл* болма. Төбелеске бергісіз араша бар, ағайынға бергісіз *жанаса* бар (жанасымды – үйлесімпаз, тілін, бабын таба білетін). Қарақұрт жеп қой семіреді, *қансоқта* жеп ит семіреді. Бәледен *машайық* қашыпты. *Ораздының* (бақытты адам) баласы *он* бесінде баспын дейді. Біреудің төсін жесең, өзіңнің *ұшаңды* сайла (құйрық, жамбас). *Дәдесін* қолына берді.

Жарыспа тұлғалардың бірлі-жарым көнерген сыңары сондай-ақ жыр-дастанда, жеке авторлардың сөзінде кездесіп қалады. «Өркімде қалды *татырап*, Уақиға болды *қауыста*, Алдында өтті *ақырап*» (Қашаған Кіржұманұлы) деген өлең жолында *сасу/татыра, қараша/қауыс, қазан айы/ақырап* жарыспаларының ертедегі көне сыңары айтылған. Жамал Манкеева *күдер үзу, өресі биік, өрелі сөз, өркенің өссін, арыстай азамат, арсықа түсті, шүйгін шөп, шүйген жер* секілді құрамында көнерген тұлғалар бар тұрақты тіркестер метафоризация негізінде, ауыспалы мағынаның күшеюі негізінде қалыптасқан дейді. («Ана тілі», 20.09.1994). Бұл сөздер

поэзияда, көне жыраулар шығармаларында кездеседі. Мысалы, Айдын *шүйсең*, тарлан *шүй*, Көтерілген сона құтылмас (Шалғиіз жырау). Сол күнде ажал жетіп Мұстапа өліп, Жыртық жетім, болмады ол *жас өрім* (Абай). Доңғалақ арба жүре алмас, Қос *арысы* сынған соң (Үш ғасыр жырлайды) («Ана тілі», 10.01.1991). *Аданас* – туыстас, бауырлас. Екі аданас айрылып, мал үшін болған о да жат (С. Қасиманов). *Аламан* – жортуылшы, жорықшы. Аламанға дем бердік, Аса жұртты меңгердік (Махамбет). *Пәрмене* – отқа, шыраққа келіп түсетін көбелек. Жарыққа түсіп жанған мен пәрмене (Ақан сері). *Мәзір* – сыйлық тарту. Бар мәзір, жоқ әзіріміз осы (С. Қасиманов). *Қосағалы* – орнықты, байсалды. О дағы адам еді қосағалы (С. Қасиманов). Он сан елім *бұлген* күн (М. Өтемісов). *Еждиһатсыз, михнатсыз* Табылмас ғылым сарасы (Абай). Өмірге өткен *шиттей* өкінбеймін (Абай). Өйдеуінің мәнісі *ілкі* қазақта өз тағдырын болжағысы келген жігіт қоянның тобығын жұтады-мыс. Жұтылған тобық жігіттің табанынан сүйел құсап томпиып шығуға тиіс (Д. Досжанов). Ілуде бір кездесетін іргілдеуін таңдап алады (С. Шүкірұлы). *Байрақты* жүре алдырған, Бастай қуып шалдырған («Қазақ әдебиеті»). Будапеште қазақ *мейманының* құрметіне қабылдау болды (қонақ емес) («Лен.жас»). *Самсөз* салғырттығы, қысыр сөз қуған кежірлігі ойландырады («Жас алаш»). Жұрт малын *жылулаған* аясын ба (І. Жансүгіров). *Жылу* – дәстүр. Молдаға беретін *жұмалық* – дәстүр, *жолдасу* (жолын беру) – дәстүр. Қоштаспайды – *бақылдасады* («Соц. Қаз»). Өзіне де, өзгеге де *сыни* тұрғыдан қарайтын тура мінезді («Ана тілі»). Ондағыларға түз – алтыннан *әтуарлы* (А. Жүнісұлы). Ғалым Н. Уәлиев пен мәдениет қайраткері Ә. Қарағұлов көне мұралар тілінде кездесетін, бірақ түп төркіні беймәлім сөздерді, сондай-ақ қалың бұқара арасында ұмыт бола жаздаған сан алуан еекірген сөзді саралап ортаға салып, оларды жаңаша пайдалануды ұсынып, тілдің сөздік құрамын сан жағынан еселей отырып, сапа жағынан да ұштай түсуге жұртшылық назарын аударады. Тіліміздің қойнауында қорланып жатқан осы қазынадан керегімізді сүзіп алып, саралап екшеп, қолдану үйлесімін тауып, қажетімізге жаратудың парыз екені даусыз («Ана тілі», 13, 20, 09, 18, 10, 1990).

Қазақ әдеби тілінің кезек күттірмес келелі мәселесі вариант сөздердің толық зерттеліп, бір жүйеге келуіне байланысты. Сөздің әр алуан нұсқаларын әдеби тіл нормасы тұрғысынан бір жүйеге келтіру – тілдің күнделікті қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметінен, сөйлеу тіліндегі әр түрлі өміршең элементтің сұрпталуынан қалыптасатын, үздіксіз жүріп отыратын күрделі процесс.

Әдеби тіл дегеніміз жазба әдебиет пен жазу мәдениетінің даму барысында екшеленген, жалпыға ортақ лексикалық және грамматикалық нормасы тілдің ішкі заңдылығы негізінде жүйелі қалыпқа түсіп айқындалған, орфографиясы мен орфоэпиясы бірыңғайланған, стильдік тармақтары сараланып жетілген, сымбаттылық қасиеті артқан, қоғамдық қызметі әр алуан тіл деп жүрміз. Әдеби тіл дегенде тіл мәдениеті сөз болады. Тіл мәдениетінің дағдарысқа ұшырамай, толыққанды сипатта, өз мәнінде өркендеуі жолында ұстанар бағыт-бағдардың болатыны белгілі.

Сөздің тұлғалық варианттарын тіл жүйесінің сымбаты мен гармониясына нұқсан келтіретін кездейсоқ құбылыс ретінде нұсқау берудің нәтижесі әрдайым дұрыс бола бермесе керек. Тіл шұбарлауға итермелейтін сөз қолданудағы ала-құлалық пен тұрақсыздықты аластауға жағдай жасай отырып, тілді байытуға, түрлі амал-тәсілді жетілдіруге, стильдік өң беруге септігі тиюі ықтимал тенденцияны дамыту мақсаты көзделетіні белгілі.

Тіл-тілде бірдей мағынаны бір түрлі айтуға ұмтылу тенденциясы басым. Соған орай тіліміздегі көптеген вариант тұлғаларының қолданудан шығып қалуының негізгі себебі – олардың барлық сыңарының бірдей функцияны білдіруі, яғни мағыналық толық тепе-теңдігі. Мұндай вариант тұлғаларын саналы түрде бір жүйеге келтіру әдеби тілдің үйлесімдігін арттыра түспек.

Тілде әртүрлі жолмен қалыптасқан, бірақ мағыналық тепе-теңдікте қалып қойған жарыспа варианттардың артық сыңарының қолданудан шығып қалуы тіл біліміндегі экономия (үнемдеу) принципіне сай екені аян. Сөз варианттарын әдеби тіл талабына сай екшеп, бір жүйеге келтіруде басшылыққа алатын қағида да әр алуан. Атап айтқанда, вариант сөздерін бір өлшем – жүйеге келтіру үшін әдеби тілдің стильдік тармақтарын, ішкі заңдылығын, сөздің шығу төркінін ескерумен қоса, тілді ресми түрде нормалау бағытындағы жұмыстың да жарыспа тұлғалардың мүмкін болған мағыналық жігі мен әрқилы стильдік реңкін орнықтыруда айрықша маңызы бар.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздің дыбыстық варианттарын орфографиялық нормаға негіздей отырып, біртіндеп ретке келтіруде басшылыққа алатын мынадай қағида-принципі бар.

1. Мұнда ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық құрылымына тән заңдылықты ескеру принципі көзделмек. Мәселен, көптеген туыс тілдерде «ш» фонемасы келген жерде қазақ тілінде «с» айтылатын болғандықтан, *сүйінші/шүйінші, сұрамсақ/сұрамшақ, иланыс/иланыш, қартамыс/қартамыш, бағыста/бағышта* типтес вариант қатарларының алдыңғы сыңарлары ғана әдеби норма болып есептелді.

2. Территориялық изоглостық принцип негізінде көптеген жарыспа тұлғалардың әдеби сыңары орныққаны мәлім. Дегенмен әдеби сыңары әлі күнге дейін анық емес *әшейін/әншейін, құдағи/құдағай, балуан/палуан, ақшадай/ақшалай, саңдақ/саңлақ, бәйгі/бәйге, тиірмен/диірмен, бекіре/мекіре* тәрізді бірсыпыра варианттың таралу шегін дәл анықтау арқылы олардың әдеби вариантын орнықтыруға болары даусыз. Сөйлеу тілінде берік орын алған варианттардың жиілік сөздігін жасау арқылы бір өлшемге келтірудің маңызы бар.

3. Сөздің фонетикалық вариант қатарының қолданылу кезеңдері, өзгеру бағыты ескеріледі. Мысалы, *шылдахана/шілдехана, жана/және, күл/гүл, қашық/ғашық* тәрізді варианттардың алдыңғылары – ертедегі әдебиетте қолданылған көне формалар. Жаңа жазу нормасына сай қалыптасып кеткен *дұшпан, абиыр, мақсат, мысал, әйел, және, мәлім* сөздерінің өткен кезде қолданылып келген *тұспан, абұйыр, мақсұт, мыйсал, айал, жана, мағлұм* вариант сыңары баспасөзде ғана емес, қазіргі сөйлеу тілінде де кездесе

бермейді дерлік.

4. Бұрынғы сөйлеу тіліндегі вариант қатарын тудыруға жағдай жасайтын себептерін азайту (структуралық шектеу) принципі әсіресе үндестік заңы ықпалының өзгеруінен анық байқалады. Бұған сөз тіркестеріндегі, сондай-ақ емле ережесі ықпалымен түбір сөз бен біріккен тұлғалардағы буын, дыбыс үндестігінің біртіндеп солғындауы, сөйлеу тіліндегі ауытқудың шектелуі мысал бола алады.

5. Орфографияда бірыңғай бағыт ұстау үшін, вариант қатарының артық сыңарын тікелей алып тастаудың да (яғни сөздікке енгізбеу, баспасөзде жіберілмеуін қадағалау) ескерілетін кезі бар. Мысалы, *ажуа/әжуа, ажым/әжім, құдағи/құдағай, мысық/мышық, есек/ешек, пияз/бияз, палуан/балуан, кәсіп/кесіп, ие/еге* варианттарының да орфографиялық сөздікте бір ғана сыңары алынған.

6. Морфологиялық талдау принципі. Қазіргі қазақ тілінің жазу нормасы халық тілінің көбінесе морфологиялық құрылымына негізделгені мәлім. Сондықтан ауызекі тілде дыбыстық ауытқуға ұшырап келген сөздердің морфологиялық негізі ескеріледі. Мәселен, *жалғыз/жаңғыз* вариантының соңғы сыңары бастапқы «жалқы» түбірінен алшақтап кеткендіктен, сөйлеу тіліндегі қарапайым сөзге жатады.

Қазақ тілінде әдеби нормаға жататын тұрақты варианттар да бар. Бұл – қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық даму ерекшелігі тудырған сөз тұлғалары.

Үндестік заңына қатысты варианттар қазақ тіліндегі жарыспа тұлғалардың едәуір бөлігін қамтиды. Мысалы, *да/де/та/те, мен/бен/пен, менен/бенен/пенен, ба/бе/па/пе, зой/қой, көрі/гөрі, гана/қана, құрлы/зұрлы* варианттары сөз аралығындағы басқы дыбыстың кейінгі дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал етуі арқылы жасалған.

Тұрақты варианттардың ішінде өзіндік ерекшелігімен айрықшаланатыны – семантикалық түрі: *быжалақта-шыжалақта, быж-быж – быж-тыж, быр-быр – пыр-пыр, бырт-бырт – пырт-пырт, быттию-баттию, га-га – за-за, зөй-зөй – көй-көй, гу-гу – ку-ку, гуле-куле, гуілде-куілде, гүж-гүж – күж-күж, гүжіл-күжіл.*

Одағайлардың мелодика мен интонациялық құбылмалығы контексте түрлі варианттардың келе беруі үшін қолайлы екен: *әттең/әттегене, ойбай/ойбүй/ұйбай, па/пах/пай, пах-пах/пай-пай, оһо/еһе, бай-бай/пай-пай, бәлі/пәлі, ей/ой, а/о, оһ/аһ/үһ, ой/ай, уа/уай, айқай/айхай/ойхой/айхой/ойһой/айһай.* Ситуация мен интонацияның құбылмалығы бірсыпыра еліктеуіш сөздердің де әлденеше вариантта түрленіп келуіне себеп болатыны белгілі. Мысалы, *аяғын дақ-дақ, тақ-тақ, нық-нық, дық-дық, тық-тық басып* деп айтыла береді.

Семантикалық варианттарға тән ерекшелік бірен-саран басқа сөздерден де байқалады. Мысалы, *кіп-кішкентай сөзінің құртымдай; титімдей, биттей, минамдай* синонимдік қатарының әлденеше варианты жарыса қолданылады.

Алайда ең тұрақты деген вариант қатарлары да біртіндеп өзгеріп отыруы

мүмкін. Мәселен, «шейін», «ырза» варианты өткен кездегі шығармаларда жиі қолданылса, кейінгі шығармаларда сирегірек кездесе бастады.

Сингармонизмдік параллельдердің еліктеу мәнінде қолданылатыны көп. Семантикалық варианттардың жеке сөздерге айналуы, оның ішінде мүлдем басқа ұғымды білдіріп кетуі де байқалады. Олардың кейбір түрлері сөз тіркестеріндегі буын үндестігі мен контскстегі ой үйлесімінің, логикалық сымбаттылығының арта түсуі үшін қызмет етеді. Сөз нұсқаларын қазіргі әдеби тіл нормасы тұрғысынан ретке келтірудің ең күрделі мәселе екені анық.

Варианттардың алдағы нормаласу жағдайын болжап айтуға әрдайым мүмкіндік бола бермейді. Өйткені вариант сөздер – жалпы тіл заңдылығына сәйкес өзгеріп отыратын категория. Бір дәуірде вариант қатарын құрған сөздің артық сыңарының екінші дәуірде қолданудан шығып қалуы немесе дербес сөзге айналуы да мүмкін. Атап айтқанда, варианттардың стильдік, мағыналық саралануын сөз қолдану тәжірибеміз байқатып отыр. Олардың а) әдеби тілдің түрлі стильдік тарам – салаларында қолдана алуы; ә) тілдің ішкі заңына бағыну арқылы тұрақты түрде қолданылуы (жүре келе бұлардың сараланатыны да болады) мүмкін. Тілдің стильдік қат-қабаттарымен қоса, мұндағы – жазу дәстүрінің жетілуі, тілдің қоғамдық функциясының артуымен жаңа ұғымдар мен атаулар да үздіксіз қажет болып отырады.

Икемді емле ережесінің игі әсері арқасында қазақ тіліндегі бұрыннан айтылып келген жарыспа сөздердің тұлғалық жағынан болсын, мағыналық жағынан болсын реттелуі байқалады. Мысалы, бұрынғы сөздің омонимдік қатарларын *қайтып-қайтіп, бұлай-былай, ысыру-сыру, ием-ем, өкімет-үкімет, ұру-ру, ауыру-ауру, қазақ-казак* түрінде ажыратып жазудың қалыптасып кеткені сонша, қазіргі сөйлеу тілінде де олардың тұлғалық айырмашылығы сақталатын болды. Жергілікті сөздердің әдеби тілге енуі үшін мағыналық жігінің ажырауы жеткіліксіз екен.

Сонымен бірге олардың баспасөзде, сөз шеберлерінің қолдануында жарасымдылық табуы арқылы жұртшылыққа түсінікті атауға айналуының маңызы бары анық. Дегенмен, жергілікті ерекшелікке жататын сөздердің сырын аша түсу, олардың әдеби тілдің кәдесіне жарайтындарын мүмкіндігінше пайдалану қажеттігін көптеген фактілер дәлелдей түседі.

Халық тілінің мол байлығына ұқыпты қарап, вариант тұлғаларын мүмкіндігінше әдеби тілдің қажетіне жарата білу – басты мақсатымыздың бірінен саналады. Бұл қайдағы бір субъективтік көзқарастар негізінде сөздерді орынсыз тықпалаудан, тіл заңдылығы мен әдеби тіл мүддесін ескермеуден болатын болжам емес, тіл мәдениетінің мол мүмкіндігін тарылту да емес; керісінше, тіл табиғатына тереңірек үңіліп, оның дұрыс үрдісін дамыту арқылы ғана ғылыми шешімін табу жолы. Сөз зергерлерінің талғамы мен шеберлігіне қарай тілдегі амал-тәсілдерді шебер пайдалануының, оның ұтымды жағын аңғарып, өзгеше көркемдік эффекті табуының ерекше мәні бар. Біраз уақыт жарыса қолданылып келген вариант сөздерге мағыналық я стильдік реңк үстемелеу арқасында жазушылар, ғалымдар, аудармашылар, тілшілер тіліміздің сөздік қорын молайтуға

лайықты үлес қосып келеді. Әр заман сөз шеберлерінің шығармаларындағы *дағуа/дауа, әліп/әріп, мақсұт/мақсат, нұсырман/мұсылман, гақыл/ақыл, галам/әлем, мағлұм/мәлім, дару/дәрі, ұлық/ұлы, оғұл/ұл* секілді жарыспа тұлғалардан ғасыр тынысын, қоғам өмірін, халық тіршілігін сезгендейміз.

Сөз шеберлерінің вариант тұлғаларының түрлі мағыналық жігін ажыратып қолдануға ұмтылуы әр кезде-ақ байқалып келді. Тіпті осы кезге дейін вариант тұлғаларға жатқызылып келген *әні – әне, залал – зиян, алап – адал, нәсіп – несіп* жарыспаларын да ажыратып қолдану ұшырасып қалады. Нағыз тепе-теңдікте тұрған сияқты көрінетін *ғұмыр – өмір, заңғар/зеңгір/сеңгір, кілт/ашқыш, аяулы/аялы, ажар/әр, сірә/жүдә, кілең/кіл, дәу/нән, таңертең/азанда, көремет/әйдік, тықақтау/тақақтау, қажет/әжет, мол/ырғын, рахаттану/жырғау, сес/сұс, шынашақ/шынтақ, әзілқой/әзілкеш, еңбекқор/еңбекшіл* секілді уақыт сынынан өткен ұқсас тұлғалардың сәл-пәл мағыналық, стильдік реңкіне сәйкес синонимдік қатар түзейтіні анық.

Қазіргі көркем әдебиетте жарыса қолданылып жүрген қайсыбір сөз варианттарының кездесу жағдайлары мынандай: а) сөйлеу тіліндегі жергілікті колоритті құрайды; ә) қайталамау үшін қолданылады; б) кейде (әсіресе поэзияда) сөз түрлендірудің, өлеңнің өлшем ұйқасы мен буын санын ескерудің әсерін байқатады; в) жеке кейіпкердің сөз саптау ерекшелігін (индивидуальное словоупотребление) байқатады.

Жарыспа варианттардың ара жігінің ажырауы арқылы сөздік құрамнан орын алуының басты шарты – семантикалық критерийі. Варианттардың мағыналық саралануында көп мағыналылықтың (полисемияның) ықпалы басым болса, олардың артық сыңарын реттеуде омоним сөздердің тұлғалық даралануының да елеулі ықпалы бар екен. Сол арқылы мағыналық алшақтық тұлғалық дербестікке үйлестіріледі.

Омоним сөздерінің тұлғалық даралану процесінің вариант қатарымен байланысының әдеби тіл нормасы үшін маңызы бар. Себебі өзінің даму барысында тіл тек мотивсіз айтылған сөздерден ғана құтылуға тырыспайды, сонымен бірге ол өзгеше бір «варианттар» тұлғалық тепе-теңдікті білдіретін тіл категориясы омонимдердің санын азайтуға да ұмтылып отырады. Тіл қоғамдық өмірде, адамның дүние танымы мен ұғымында болатын түрлі өзгерісті, ең алдымен, көп мағыналық арқылы бейнелейді. Ал сөздің семантикалық көп пландығы неғұрлым нақтыланған, лексикалық жағынан дараланған ұғымды білдіретін жаңа сөздерді қажет етеді. Қазақ әліпбиіндегі әріп санын азайтпай, емле ережесін үйлесімді етудің де омоним сөздердің тұлғалық даралануына септігі тиюі мүмкін. Мысалы, *х* әрпінің емлесін орнықтыру арқасында *хал-қал, хат-қат, халық-қалық, хас-қас, халайық-қалайық, хан-қан, ханым-қаным, хатым-қатым, хина-қина, хор-қор, хорда-қорда, хош-қош* секілді көптеген сөз тұлғалық дербестігін сақтаған.

Жас ұрпақты тіл өнері мен сөз мәдениетіне баулу, бай да шұрайлы тілімізді қадір-қасиет тұту от басы, ошақ қасынан басталмақ. Туыстық атаулардың жер-жерде әрқалай айтылып, түрліше қолданылуы этнографиялық, этикалық салт-дәстүрге байланысты. Туыстық атаулар да

заман озған сайын тұлғалық өзгеріске ұшырап, оларға қосымша мағыналық реңк жамалып отырғаны белгілі. Туыстық атауларын бір өлшем-жүйеге келтіріп, бірыңғай нормасын саралап, үлгі-өрнектерін орнықтыру, оны оқырман қауымға ұсыну – өскелең өмір талабы.

Сөздің жарыспа варианттарын әдеби тіл мүддесі тұрғысынан ретке келтіруде туыс тілдер тәжірибесін ескерудің, оларды ана тілімізбен салыстыра зерттеп, пайдалысын пайымдап кәдеге асырудың маңызы айырықша. Бүгінгі таңда демократиялық қайта құру арқасында күллі түркі халықтарына бірдей оқу-ағарту жүйесі, әліпбиі, діни және мәдени мекемелері, насихат пен ақпарат құралдары жататын тіл, дін, салт-дәстүр, сана-сезім ортақтастығына жету мәселесі жан-жақты сөз болуда. Осыған байланысты түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағы үшін ортақ терминология түзудің атқарар қызметі айрықша мәнге ие болуда. Туыс тілдердің ең әуелі өз ішінде терминологияның бірегейленіп тұрақтануы төл тіліміздің таралу өрісін кеңейтіп, ұлан-ғайыр қоғамдық қызметін арттырып, ұлт мүддесін толығынан қанағаттандыратыны белгілі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі тілдерді дамыту департаментінің, терминология комиссиясының 1981 жылдан бері бекіткен қоғамдық-саяси терминдер және басқа атаулар бар. Ойдан қиыстырған тың атаулардың өз үйлесімін тауып, тілімізде орныға алуы екі талай болатын кездері де аз емес: *жасуша – клетка, субояу – акварель, көлік – транспорт, стюардесса – аспансерік, тоспадоп – волейбол, салмадоп – баскетбол, қақпадоп – теннис, қумадоп – футбол, додадоп – регби, салматаяқ – хоккей*. Осыған ұқсас күнделікті айтылып жүрген қарапайым сөз термин сөздің дәл мағынасын бере алмайды. Мысалы, *объект – зат, конус – шошақ, корпус – тұлға, кнопка – бастырма, проекция – кескін, спираль – шиыршық, чертеж – сызба, шпонка – сына, цикл – айналма, эскиз – нобай, спазм – түйілім, стрелка – бағыттама, усовик – жақтау, стержень – оқтама, мацерация – баздану, интоксикация – улану, рецепт – шірткі, агония – жанталас, проспект – даңғыл, логика – қисын, меценат – жебеуші, брокер – делдал, демагог – даурыққой, фабула – желі, токсин – у, маховик – сермер, саммит – басқосу, иллюзионист – амалшы, корректор – түзетуші, планета – галамшар, парик – кимешек* аудармаларын да аталған сөздердің дәл баламасы деу қиын.

Бір бәйтерек бұтағындай қанат жайған исі түрік жұртына лайық кемел әліпбидің қажет екеніне мән берген, егемендікке ие болған түркі республикаларында латын жазуына қайта оралу мәселесі көтеріліп отыр. Ана тіліміздің тағдырын айқындайтын латын әліпбиі негізінде іске асуы тиіс жаңа жазу реформасының толғауы тоқсан қызыл тілдің толғақты мәселесін, оның қоғамдық-әлеуметтік қызметін қағажу қалдырмау тұрғысынан қолға алынғанын қалайтынымыз анық.

Сөйтіп, жарыспа варианттар – әлденеше қырынан көрініс алатын, оралымдық, икемділік мүмкіндігі мол тілдік категория. Демек, тілді шұбарлауға итермелейтін ала-құлалық пен тұрақсыздықты аластауға жағдай жасай отырып, тілді байытуға, түрлі амал-тәсілдерін жетілдіруге септігі тиюі

ықтимал үрдісті дамыта беру мақсаты көзделгенде ғана сөз нұсқаларын нормаға келтірудің ғылыми дұрыс шешімін табуға болатынына сөз қолдану тәжірибеміз дәлел.

Қазақ тіліндегі вариант сөздердің мол қамтылған көлемді сөздігі тұңғыш рет 2000 жылы «Білім» баспасынан жарық көрді. Аталған сөздікте сөйлеу тілінде айтылатын сан мың сөз вариантын түгел қамту мақсаты қойылмағаны белгілі. Бұл жолғы басылымда баспасөзде ара-тұра қолданылып қалатын вариант сөздерді, сондай-ақ изоглостық таралу шегі анық еместерін, әдеби варианты тиянақтала қоймағанын, сондай-ақ әдеби тіл лексикасын байытуға септігі тиер стильдік реңкімен ажыратуға икемді қалың көпшілікке әзірше беймәлім сөздерді қалдырмай алуға тырыстық. Ал жалаң сөйлеу тіліне тән варианттарды (*шана/чана, шық/чық, жаңа/жәңа, тағы/тәғы, жол/джол, жар/ джар*), қазіргі сөйлеу тілінен де шығып қалып ұмыт болғанын (*және/жана, гашық/қашық, гүл-күл*), үндестік заңына сәйкес түрленген, бірақ баспасөзде кездеспейтіндерін (*керек/герек, қарай/гарай, гана/гәнә, қана/кәнә*), емле ережесінің өзгеріп отыруынан түзілгендерін (*жина/жыйна, рақат/рахат, қауіп/қауып, кіна/кінә, табиғат/тәбиғат*) сөздікке алуды қажет деп таппадық. Соншама мол сөзді қамтуды сөздіктің көлемі де көтермес еді. Орыс тілінен енген сөздердің де варианты көп болған. Олардың да бірен-саранынан басқасы сөздікке енген жоқ. Жергілікті ерекшелікке байланысты кейбір сөздің вариант қатары айтарлықтай көп. Мысалы, *әпкіш/әкпіш/күйенте/күйеңке/иінағаш/мойынағаш/йығағаш/имеағаш, сіріңке/оттық/күкірт/кеуірт/шырпы/шақпақ, зор/кәтта/күжім/қожақ/құбаған/жоян/пансат, есалаң/жарымес/қасреп/құңжың/мақаунес/суасы/ нөкес/самал/надрус, күрке/балаған/лашық/жеркепе/ жолымүй/күбірек/ тақсы/қосүй/жерүй/жертөле/жергәме/зілмәңке/қастен/бөктергі, кепсер/кәкпір/кекпір/шолпы/шабала/күнғалақ/майшолпы/сүзекі, жақында/жуырда/жуықпанда/жоғармақта/жуырқанда, зембіл/зәмбіл/зембер/зәмбар/зімбіл* секілді вариант қатарын да түгелімен тізіп беруді қажет деп таппадық. Басқа арнайы сөздіктерде алынғандықтан, лексикалық варианттардың (терминология мен ұмыт бола бастаған жергілікті ерекшеліктің) көп бөлігі сөздікке енбеді.

Стильдік белгілер әдеби тілдің нормасына айнала қоймаған сөздерге ғана қойылды. Олар мынадай топқа бөлінеді: *жерг.* (жергілікті ерекшелік), *көне.* (көнерген сөз), *кітаб.* (кітаби лексика), *лекс.* (лексикалық вариант), *морф.* (морфологиялық вариант), *орф.* (орфографиялық вариант), *поэз.* (поэзиялық шығармада кездесетін), *поэт.* (поэтикалық), *синт.* (синтаксистік вариант), *сөйл.* (ауызекі сөйлеу тіліне тән вариант), *қарап.* (қарапайым сөз), *индив.* (жеке адамдардың сөйлеу ерекшелігі), *тарих.* (тарихи әдебиетте кездесетін сөз). Демек, лұғаттық ұяда берілген бірнеше сөз ешбір стильдік белгісіз берілсе, олардың бәрі әдеби тіл нормасы болғаны. Алфавит тәртібімен басталатын сөздің вариант қатарының әдеби тұлғасы ең алдымен беріледі. Егер екі немесе одан да көп варианты әдеби тіл нормасы болған жағдайда, олардың актив сыңары алдымен алынып, соңынан пассив сыңары беріледі.

Халық тілінің сөз байлығы әлі де болса өз мәнінде жиналып теріліп біткен жоқ деп жүрміз. Әдеби тіл лексикасының әлі де болса молығып баю үстінде екенін ескеріп, көнеріп архаизм аулына ауысқан, сондай-ақ таралу шегі (изоглосы) бар, қалың көпшілікке танымал бола қоймағанымен, жергілікті жерде сәл-пәл мағыналық реңкімен ерекшеленетін әдеби тілде баламасы жоқ белгілі бір ұғым мен зат атауларының біразын стильдік белгісіз алдық. Атап айтқанда, сөз тіркесімен берілетін кейбір ұғымның жергілікті жерде атауыш сөзі кездеседі: *жұмыстады* – жұмыс істеді, *ақшалады* – ақшаға айналдырды, *жарын* – келесі жыл, *жарықтау* – жарық қылу, *жаяулау* – жаяу жүру, *жәдігеш* – жадында сақтағыш, *саранау* – сүтті сиыр. Мұндай сөздер баспасөзде қолданыла келе, әдеби тілдің сөздік құрамын молықтырмақ. Көпшілік қауымға беймәлім, бірақ әдеби тілде баламасы жоқ сөздер сипаттама анықтамамен берілген. 1996 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» әдеби тілде баламасы жоқ көптеген сөз берілген. Мысалы, *абдыра* – үлкен ағаш сандық (11-б), *абылаңқы* – ерте туған төл (11-б), *ағашат* – қайтыс болған кісіні салып көтеретін ағаш (13), *ағлан* – суға түсіретін иірім (14), *адамдау* – көптеп-көлемдеп көмектесіп, іс тындыру, *адырна* – уықтың аяқ бауы (16), *айбарақтау* – істеген ісін мойнына алмай жалтару (20), *айлақ* – өзен, көл, теңіз жағалауындағы кеме тоқтайтын бұғаз, шығанақ; *айырақ* – судың тарамдалып бөлінуі (28). Жеке қаламгерлердің баспасөзде жарасымын тауып қолдануы арқасында мұндай сөздердің жүре келе әдеби тіл нормасына айнала алатынын тәжірибе көрсетіп отыр.

Лұғаттық ұяда орналасқан сөздің вариант қатарына анықтама берілмейді. Сөздің әр вариант қатарына әр-алуан жанрда жазылған әдеби-көркем шығармадан, мерзімді баспасөзден (газет-журналдан), ғылыми және саяси әдебиеттен мысалдар берілді. Екі сыңары да бір сөйлемде қолданылған сөз варианттарына жалғыз ғана мысал берілгендері бар. Әдеби тілде дәл баламасы жоқ, бірақ жалпы халыққа кең түрде танымал болып үлгірмеген бірлі-жарым атауыш сөздің варианты есебінде онсыз да сипаттама сөйлеммен берілген анықтамасына мысал алу қажет те емес шығар. Мысалы, алаңшы/кісі өлтіруші адам, алаша/асыл түйе мен жабы түйе арасынан шыққан будан, аңбаршы/хат-хабар жеткізуші адам. Сөздің жарыспа тұлғаларын жиып-тернегенде әдеби тіл нормасына жатпайтын я сирек қолданатын сыңарына мысал қалдырмай алынып, әдеби тіл нормасы екені күмән тудырмайтын күнбе-күн айтып жүрген сөздерге мысалдың арнайы жиналмағаны белгілі. Айталық, *кел*, *отыр*, *жүр*, *қала*, *теңіз*, *әуе*, *жол*, *әйел*, *және*, *көрпе* секілді байырғы сөздердің вариант қатары табыла қалған жағдайда, әдеби тіл нормасына жататын сөздерге мысалды даяр сөздіктерден немесе ауызекі тіл деп алған кезіміз болды. Мерзімді баспасөз атауларының қысқартылып алынғандары бар: «Егем.Қаз» – «Егемен Қазақстан», «Соц.Қаз» – «Социалистік Қазақстан», «Қаз.әдеб.» – «Қазақ әдебиеті». «Лен.жас» – «Лениншіл жас».

Абақты/набақты жерг./лабақты сөйл. Күйеуі абақтыда отыр. «Еңбек туы». Набақтыда әр түрлі қылмыстылар бар. Ж.Жұмаханов. Ноғай жігіті лабақтыға жабылды. «Айқап».

Абдыра/әбдіре сөйл./лары жерг. Абдыраның аузын ашып, бір бешпент алып берді. Б.Майлин. Шешем бұрышта тұрған әбдірені ашты. С.Шаймерденов. Танабай өзінің ларына кіріп кетіп, түшкіріп жүрді. С.Сейфуллин.

Абдырау/абалақтау жерг. Төре алдына барғанда абдырайсың да қаласың. Ғ.Мүсірепов. Көңілін қатер жайлағанымен абдырап, абалақтаған жоқ. М.Мағауин.

Абжылан/әбжылан сөйл. Мен көргем абжыланды сұры қашқан. Жамбыл. Көбелек секілді келгенде, кеткенде әбжылан секілді. Қ.Мырзалиев.

Абзал/әбзел сөйл./әбзәл сөйл. Тарихты алға бастырған, асқардай биік абзалым. К.Әзірбаев. Жерді іле-шала жырттып тастаса, содан әбзелі болмас еді. М.Әуезов. Екі әбзәл кәрінің ұлы да, қызы да өзі. М.Әуезов.

Абиырлы/әбиірлі сөйл./абұйырлы сөйл. Абиырлымын деп ойлама, әркімге тиіп бұрқылдап. І.Жансүгіров. Өзің де, құдай қаласа, әбиірлі боласың. «Қаз.әдеб». Біреуі сондай шарифатқа теріс, ақылға абұйырлы бойға теріс. Абай.

Абиырсыз/әбиірсіз сөйл./абұйырсыз сөйл. Абиырсыз болғаннан сақтасын. «Жалын». Адамға әбиірсіз аса мақтан, орынсыз осы сөзің, ей, сен айтқан. Айтыс. Артқа қарап ақ бейіл шалға күліп, абұйырсыз, атақсыз көрге құлар. Абай.

Абыр-дабыр/абыр-жұбыр Абыр-дабыр купе іші қарбалас. М.Әлімбаев. Мақұл – десті абыр-жұбыр мойындарын созған жасақшылар. Х.Есенжанов.

Абыржы/әбіржі сөйл. Абыржыған қарт үндемей жанымда тұр. Мың бір түн. Өн шырқалған үй әрі қуанып, әрі әбіржіді. Т.Әлімқұлов.

Абырой/абиыр сөйл./әбиір сөйл./абұйыр сөйл./әбүйір сөйл. Кісінің есімі абыройына анықтауыш бола алмайды. «Жалын». Күн күркіресе, жерге абиыр; жер исе, малға абиыр. Мақал. Онымен әбиір алмайды. М.Әуезов. Айшаның аман келгені абұйыр болды. С.Сейфуллин. Әлден келсе, әбүйір әркім алмақ. Жамбыл.

Абыройлы/абиырлы/әтуерлі Өз қарауындағы жұмысшылар алдында абыройлы. «Еңбек туы». Өз ұжымында беделге ие, абиырлы. «Жетісу». Жұртқа сыйлы, әтуерлі адам. «Еңбек туы».

Абыр-сабыр/абыр-жабыр Жұрт абыр-сабыр болып жатқан. С.Мұқанов. Промсоль алды иін тірескен халық, ығы-жығы, абыр-жабыр. Ә.Нұрпейісов.

Аға/ака жерг. Қазақтың данасы, жасы үлкен ағасы, бар демес сендей бір адамның баласы. Абай. Мұртты аға, ақама жіберіңізші. Ә.Сәрсенбаев.

Ағдарғыл/әрі ділмар, әрі шешен Өзі нағыз ағдарғыл демек әрі ақын, әрі ділмәр, әрі шешен адам. «Халық кеңесі».

Ағза/организм Қан арқылы денеге жайылған у адам ағзасын уландырады. Е.Оразақов. Адам организміне ең керегі – су. «Денсаулық».

Ағзам/ағызам *орф.* Өзіндей мейрімсіз ағзам етіп шығаруды аңсады. Т.Әлімқұлов. Кешегі патша ағызам заманында, нөкері, төлеңгіті аманында. С.Дөнентаев.

Ағуа/үгіттеген әңгіме Жас балаға ондай ағуаң әсер ете бермейді. Диал.сөздік. Балаға үгіттеген әңгімеден гөрі нақтылы іс-әрекеттіміз үлгі. «Қаз.мұғ».

Ағыл-тегіл/егіл-тегіл *сөйл.* Қатын-қалаш, бала-шаға ағыл-тегіл жылауда. «Жұлдыз». Жұрт сілтідей тынады қайран қалып, егіл-тегіл еңірескен Сарыбайға. Қозы Көрпеш.

Ағын/ағыс Шабдар мойнын созып жіберіп, ағынға қарай жүзді. Ж.Жұмаханов. Майда толқынды, ағысы баяу, арнасы кең өзен. Қ.Жармағамбетов.

Ада/әде *сөйл.* Мал дегеннен ада, күшінен басқа сөнері жоқ. С.Мұқанов. Жүдедім әде болып ішер астан. «Жұлдыз».

Ада-гүде/ада-жұда *сөйл./ада-күде орф.* Ол ада-гүде жазылмайды. К.Өтегенов. Ескі жұртынан ада-жұда қол үзіп жатқандар аз емес. Ө.Қанахин. Таршылықтан ада-күде құтылды. «Халық мұғ.».

Адал/халал *кітаб./алал сөйл./қалал қарап.* Мына мінезін қызықтап, адалдығына разы болып қалды. М.Әуезов. Харамға халал кісі жүрмес жақын. Айтыс. Алдау қоспай, алал еңбегін сатқан қол өнерлі – қазақтың әулиесі сол. Абай. Қалалдан болған асылым, Айрылған бізден жөндерің. А.Оңғарбекұлы.

Адалдық/адалдылық *морф.* Сабыржанның адалдығы да мол еді. О.Сәрсенбаев. Жастарды адалдылыққа жастайынан баулуымыз қажет. «Халық мұғ.».

Адамгершілік/адамшылық/адамдық Келдейдің адамгершілік қасиетін таныған. А.Хангелдин. Қардай борап үстіңнен оқ жауса да, адамшылық арыңнан аттама тек. С.Керімбеков. Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселермен тығыз байланысты. Абай.

Адамсы/адамсын Сескендіріп ер адамсып, Монтансынып алдандырғыш. І.Жансүгіров. Әшкәбүс адамсынбай тұрды күліп. Т.Ізтілеуов.

Адвокат/әтпекет *көне.* Атақты адвокат Ақбаев бір сөз үшін айдалып та кете жаздаған. Ғ.Мұстафин. Бала кезімде әтпекет Дүйсснбаев кездесіп қолына алды. Ғ.Мұстафин.

Адьютант/атұлтан *сөйл.* Мен оның адьютантымын. «Қаз.әдеб». Оны өзіне атұлтан ғып алыпты. С.Мұқанов.

Адым/қадам/қадым *сөйл.* Адамдықтың адымы қысқа, өмірі келте. Қ.Қуанышбаев. Халитке бір қадам қалғанда қыз кілт тоқтай қалды. Х.Есенжанов. Аяғыма оралып, қадымымды бөгейді. Н.Сералиев.

Адыра (қал)/адырам/әдіре/әдірем/әдірә *сөйл.* Үйтіп көкігенше, адыра ғал! Ғ.Мүсірепов. Шақшитпа көзіңді. Адырам қал. «Жұлдыз». Әдіре қалғыр қу нарын, талауға түсіп бүлініп, құлазыған жер қалды-ау. Махамбет. Байлығы әдірем қалсын, бір тоя жеген тамағым да. Б.Нұржекеев. Әдірә қалған дүниені аз көріп жүр ме? А.Мекебаев.

Адыранда/әжіренде Әшейінде адырандап, мені көрсе жыны ұстайтын. «Қаз.әдеб». Нұрәділ әжірендеген ала көз аққұбаны қойып жіберді.

І.Жансүгіров.

Адырлы/адырмақты *сөйл.* Судың арғы өңірі адырлы қырат. Б.Соқпақбаев. Адырмақты, шынды тау елестеді. «Соц.Қаз.».

Адырна/адырана *сөйл.* Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен. Махамбет. Алтын кіріс, сары садақ адыранасы мөңіреп. С.Бегалин.

Ажал/тажал/дажал *сөйл./алғыншы морф.* Қорыққанда, ажал қуалайды. Мақал. Дажал адам баласын һәлақ етеді. Абай. Сендер ислам дінін таптау үшін дүниеге шыққан тажал хабаршылары. І.Жансүгіров. Алғыншы алсаң, аруды ал, Артында жылап қалса, кім алмас. А.Өтембетұлы.

Ажалман/өлімге құштар Ажалмандар тобынан шыққан жау тоқтамайды. М.Мағауин. Өлімге құштар тірі жанның болмайтыны анық. «Еңбекші қазақ».

Ажар/әр Ажары ашық, жүзі күлім. мерейі үстем. Б.Майлин. Бәрін кешірдік. Әрі бар, ажары бар, одан да дедік. Б.Нұржекеев.

Ажарла/әрле Ішіктің сәнін маржандар ерекше ажарлап тұр. М.Әуезов. Тәшен жұмыс столының жанында жаңа тігілген етікті әрлеп, әсемдеп отыр. К.Әміров.

Ажарлан/әрлен/өңей Қараторы өңі нұрланып, ажарланып кетіпті С.Бегалин. Өзіңіз әрленіп кеткендейсіз. «Жетісу». Жеңгем жүдеп, өзіңіз өңейіп қалыпсыз ғой. К.Оразалин.

Ажарлы/әрлі Залдың орта тұсында өңкей ажарлы қыздар. З.Қабдолов. Ұшардың жүні өте әрлі. Х.Қыдырбаев.

Ажарсыз/әрсіз Арық, ажарсыз жүзінде қан жоқ. Т.Ахтанов. Өрнек әрсіз, нашар болып шығады. С.Қасиманов.

Ажуа/әжуа *орф.* Сәтсіз халін өткір бір ажуа ретінде мәлім етті. М.Әуезов. Тағдырдың маған деген әжуасы әрқашан осылай. Б.Соқпақбаев.

Ажуала/әжуала *орф./әжуеле* *сөйл.* Жақсы қарындас орынсыз ажуаламас болар. М.Иманжанов. Бәрі әжуалап тұрғандай болып көрінді. Х.Рахимов. Жағымсыз қылықтарды әжуелей отырып, орынды қорытынды береді. Е.Исмаилов.

Ажуалы/әжуалы *орф.* Үнінде ажуалы мысқыл бар. «Лен. жас». Жұрт шаттығын су сепкендей басыпты Әлгі адамның әжуалы күлкісі. М.Шаханов.

Ажырғы/кескек/жарма қамыт Ажырғы – жауыр болған жылқының мойнына кигізетін ағаштан істелген кескек. Түсіндірме сөздік. Ажырғы – тақтайдан жасалған, мойнына кигізіп қоятын жарма қамыт. «Ана тілі».

Ажырық/әжірек *сөйл.* Бұл маңға ажырық, ақмамық сияқты кәрі шөптер қаулап кетеді. М.Сабыров. Тұзға өте төзімді әжірек дейтін злақтың жатаған сабағы. Б.Мұханов.

Ажыранда/әжіренде *сөйл.* Әйел ажырандап жақтырмаған кейіп байқатты. «Жұлдыз». Нұрәділ әжірендеген ала көз, аққұбаны қойып жіберді. І.Жансүгіров.

Азагүл/венюк *кітаб.* Қабіріңе жапқаным сағынышым – шерден өрген қаралы азагүлім. «Қаз.әдеб». Сол күні «Азаттық монументіне» венюктар қойылды. «Соц.Қаз».

Азап/ғазап *кітаб.* Қолдан сүт беріп асыраудың азабы көп екені мәлім.

Ә.Нұршайықов. Сол үшін мен разы ғазабына. С.Торайғыров.

Азапты/ғазапты *кітаб.* Басынан кешкен азапты өмірді өлеңге қосып, өнері жарыққа шықты. К.Әзірбаев. Мазақтың түбі ғазапты. Ғазапты болып жүрмеңіз. «Жұлдыз».

Азаткер/азат етуші/азатшы Делегация азаткер совет жауынгерлерінің құрметіне венотар қойды. «Соц. Қаз». Орталық Европа елдерінде азат етуші совет әскерлеріне арналған ескерткіш тақта көп. «Коммунист». Азатшы деп ат қойды сонда бізге жермен көк. С.Мәуленов.

Азаттық/ғазаттық *кітаб.* Азаттық берсеңіз тек басымызға. Е.Бердин. Мұсылманға мұраттық, Кәпірге қылса ғазаттық. Қобыланды.

Азғантай/азғана Алып іс азғантайдан құралмай ма, Алға ұстап жігерімді сапқа тұрсам? Т.Әлімқұлов. Азғана мал ауылдың қарасында көлеңке сайын топтанып тұр. Б.Майлин.

Аз-маз/аз-мұз/аз-паз Аз-маз хабар да алып қаламыз. С.Сейфуллин. Қайным аз-мұз сусын қарастырса. Х.Есенжанов. Аз-паз шаруасы бар екен. «Қызыл ту».

Азнаулақ/азнаулық/азын-аулақ *орф./азын-шағын сөйл.* Азнаулақ жиған-тергенімізді жаратып та қойдық. «Қаз. әдеб». Азнаулық малы бар екен, соны баққызып қояды. Қазақ ертегілері. Азын-аулақ болса да еншімді бөліп берсін. М.Әуезов. Балаларына азын-шағын қаражат жиып береміз. Ә.Сәрсенбаев.

Азына/азылда *сөйл./ажылда сөйл.* Күздің ұйтқып азынаған суық желі. Т.Бердияров. Азылдаған ызғарлы желі бар. Ы.Жақаев. Дәл осы кез дауыл тұрып. Ажылдады бұлтты сырып. А.Жұмағалиев.

Айбын/айбар/айдын Әлгі адам айбыныма шыдамай, кейін шегіне берді. З.Шашкин. Әл керек, айбар керек, әлсіз айбар не керек. Мақал. Қазан бұзар үй тентексің, кісі ығысатын айдының жоқ. М.Әуезов.

Айгөлек/әйгөлек *сөйл.* Айгөлек деп ән шырқа, Ел бөбегі, кел бөбек. «Қаз. әндері» Сексен қыз шыққан мынау серуенге, Әйгөлек алқа тұрып керілгенде. Қ.Бекхожин.

Айғай/айқай Айғай жағадағы елдің құлағына да шалынды. Ғ.Мүсірепов. Бала күнгі дағдысы бойынша айқай салып, қолын сілтеді. М.Иманжанов.

Айғайлау/қышқыру Бар даусымен айғайлады. Ауызекі тіл. Атай бір түрлі дауыспен қышқырып кеп жіберді. Қ.Қайсенов.

Айғақта/аянда *сөйл.* Бұл қылығың кінәлі екенінді айғақтайды. Қазақ ертегілері. Мұрша берші, аялдашы, анықтап жолдарымды аяндашы. М.Әлімбаев.

Айдай/әйдәй Қыз – қатын, айдай, қырға салды ойнақ. І.Жансүгіров. Қымыз ішіп, әйдәй қызды-қызды болып жатыр. Б.Майлин.

Айдарман/шофер *кітаб./айдауыл жерг.* Ұлым шофердің оқуын тамамдады. «Социалистік еңбек». Айдарман – автомобиль жүргізушісі. «Жаңа атаулар». Айдауылдар сәл-пәл болса да сасыңқырап қалды. Ш.Мұртазаев.

Айдаһар/аждаһа Айдаһар қимылдауға шамасы келмей өледі.

М.Етекбаев. Ажал да, аждаһа да аспанда, өте алмайды саған қастық.
Д.Әбілев.

Айдаһардай/аждаһадай *сөйл.* Ояз келсе, қайтер ең, Айдаһардай ысқырып. Абай. Аждаһадай аузын ашқан жолбарысты көрді бала.
Ә.Тәжібаев.

Айдындай/айдындайын *поэз.* Айдындай шалқып соққан кемеріне.
К.Райбаев. Айдындайын асқақтаған ақын көңілі желпінеді. Қ.Аманжолов.

Айқастыр/айқар *морф.* Қойларды айқастыра матап жатыр.
Ғ.Мұстафин. Екі иығына айқарып екі винтовка асынып келді.
С.Шаймерденов.

Айлакерлік/айлакестік *сөйл./райкерлік жерг.* Қорқақ енді айлакерлік жолына түседі. С.Мұқанов. Жобалайдың батырлығынан бұрын айлакестігі бөлек еді. М.Әуезов. Сүймеген адамның құшағында ерке Гүлпаш райкерлік жасай ала ма? Т.Әлімқұлов.

Айлақ/кемежай/пристань *кітаб.* Паром тоқтайтын айлақты жанармай құятын аралық орын етіп қайта жабдықтады. «Соц. Қаз». Өзен, теңіз жағалауындағы кеме, баржа тоқтайтын жер – кемежай. «Жаңа атаулар».

Айлық билет/сапарлық билет Оның айлық билеті бар болып шықты.
М.Мағауин. Сапарлық билет – транспортпен жүруге право беретін арнайы билет. «Жаңа атаулар».

Айнал/айлан *сөйл.* Аэродромды үш айналып, сыннан сүрінбей өтті.
С.Бақбергенов. Дүние екі айланбас, бір келеді. Батырлар жыры.

Айналайын/айдалайын *көне.* Айналайын қарағым, келдің қайдан?
Халық әнінен. Айдалайын, бал тәттім, Айдалайын, Еңлікжан. М.Әуезов.

Айналақта/аймалақта *сөйл.* Көрген жан кете алмайды айналақтап.
«Қаз.әндері». Аймалақтап анасын колхозшының баласы. «Ленин туы».

Айналсоқта/айналшақта *сөйл.* Мәулен тағы бір жұмысқа айналсоқтап, іле шыға қоймап еді. С.Шаймерденов. Қасымнан айналшақтап шықпайтын.
З.Шашкин.

Айт/айтқын *морф.* Айтпаса білмейді, ашпаса көрмейді. Мақал.
Бастыққа кіріп, жағдайыңды айтқын. «Лен. жас».

Айттыр/атастыр Ол жиырма беске толғанша айттырып әйел ала алмады. А.Хангелдин. Досболдың Хадишасын жалғыз інім Серікболға атастырып едім. М.Ақынжанов.

Айтыскер/айтысқыш/айтысқор/дәулескер *сөйл.* Айтыскердің көтерер қомы ауыр тартары сөзсіз. «Қазақстан мұғалімі». Шопандар тойында әр совхоздың айтысқыш ақыны сөз сайысына түсті. «Лен. жас». Айтысқор ақынның әншілік өнерін де жоғары бағалады. «Жалын». Ондай дәулескер домбырашы жәйлі білетіміз тапшы. Б.Алдамжаров.

Айуан/хайуан Кет, кет, айуан жақындама. А.Жұмағалиев. Әжемді ұмытқан болар, хайуан емес пе. Ш.Күмісбаев.

Айхой/ойхой/айхай Айхой, майы құрғырдың исінің жақсысын-ай.
Ы.Алтынсарин. Ойхой дүние серуен! Адам бір көшкен керуен. Жамбыл.
Айхай, дүние-ай! «Ана тілі».

Ай-шай/эй-шәй/әйт-үйт/эй-түй *сөйл./ай-жай сөйл.* Самат ай-шай жоқ

киіп-жарып, алға ұмтылды. Б.Тоғысбаев. Иванды әй-шәйге қаратпай сүйреп жөнелді. Ә.Нұрпейісов. Келе салып, әйт-үйтке қарамай, үй иесіне тиісіп берді. «Қаз. әдеб.». Ай-түйге қарамай, бірден зіркілдей бастайды. «Жалын». Бірақ Рысжан ай-жайға қаратар емес. Ж.Алтайбаев.

Айыпкер/айыпқор Айыпкер Бондаренко сот алдында тұрғалы бірсыпыра уақыт болды. Ғ.Мұстафин. Енді міне айыпқор болып отыр. «Жұлдыз».

Айыппұл/айыпақы қарап./штраф кітаб. Мұндайда бес мың сомға дейінгі мөлшерде айыппұл салумен жазаланады. «Соц. Қаз». Айыпақы – ақша төлету арқылы жазалау түрі. «Жаңа атаулар». Штраф – ақшалай төленетін айып. Түсіндірме сөздік.

Айыр/аша жерг. ұшақа жерг. Айыры пішен қасында, кісені кереге басында. Мақал. Ашаның сабы қысқалау екен. Ғ.Сыланов. Ол ұшақамен шөп жинап жүр. Диал. сөздік.

Айырла/ашала жерг. Сақан мен Бекен шөпті айырлап, лақтырып жатыр. З.Иманбаев. Сүлеймен шөбін ашалай берді. Ж.Жұмақанов.

Айырма/айырмыс жерг. Мыс пен жездің айырмасын білгісі келіп еді. Ғ.Мүсірепов. Индияның терістігінен бұл жақта үлкен айырмыс бары байқалады. М.Әуезов.

Айыру/ашалау Түйе тұқымын жақсы айыра білу керек. И.Жұмағұлов. Айналды демей не дейін, оны ашалап берейін. І.Жансүгіров.

Ақбарат/ахпарат орф./информация кітаб. Ақбарат – белгілі бір жағдай және оның жай-күйі туралы хабарлама, информация. «Жаңа атаулар». Технологиялық жетістікке қатысты ахпарат берілген. «Лен. жас».

Ақиқат/ахиқат сөйл./хақиқат кітаб. Ақиқат шындық қайда жүргенін білмеймін. Х.Есенжанов. Күле білмес қуыршақ, жылай білмес – ахиқат. Қ.Аманжолов. Ғұмыр өзі – хақиқат. Абай.

Ақкөңіл/ақшелек сөйл. Ол – өте ақкөңіл жігіт. Б.Соқпақбаев. Серік – аузын ашса көмейі көрінетін ақшелек жігіт. Қ.Ғабитханұлы.

Ақпан/үт көне. Қаңтарда күн қарға адым, ақпанда ат адым ұзарады. Мақал. Үт айының ақыры, марттың бас көзіндегі ауа райы айнымалы ғой. О.Көшімов.

Ақпар/ақбар орф. Алдыңғы күнгі ақпар өзіңізге белгілі. Қ.Сатыбалдин. Газеттегі ақбарға қарасам, шөп шабуды орындапты. Т.Ахтанов.

Ақтандақ/ақтаңлақ сөйл. Ақтандақ кер құба арқардың терісі жатыр. Ә.Әбішев. Әлі де ақшамның ақтаңлағы жоғалған жоқ. С.Сейфуллин.

Ақшалай/ақшадай сөйл. Колхоздың ақшалай табысы көп. М.Ермеков. Ақшадай төлей алмағандары нәрседей төлейді. Ғ.Мұстафин.

Ақы/хақы сөйл. Атты ақысын жаяуға жібермес. Мақал. Бұған кісі хақын жедің деп қожандайды. Ә.Нұрпейісов.

Ақылды/ақылман Ақымақ достан ақылды дұшпан артық. Мақал. Өз ойының түйінін қабағымен аңдатқан екен-ау ақылман ағамыз. М.Әлімбаев.

Ақым/лақат жерг. Жайлап ақымын қазуға кірісті. «Жалын». Бой-бой боп терлеп анасының лақатын әзірледі. О.Бөкеев.

Ақымақ/ахмақ орф. Ақымақ бұзуға бар, түзетуге жоқ. Мақал. Осынша

ахмақ болғаным, көрінгенге қызықтым. Абай.

Ақымақтық/ақымақшылық морф. Смағұлдың ақымақтығына ыза боп, ананы тартайын деп еді. М.Әуезов. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық. Абай.

Ақын/шайыр кітаб. Жамбыл – түре айтыстың ақпа ақыны. М.Әуезов. Өзбекстанның халық шайыры Садық ақсақалға арналған. С.Мәуленов.

Ақыр/оттық/аттақыр жерг. Ат байлаған ақыр тас, арқама біткен қолаң шаш. Қыз-Жібек. Аттар оттықта шөп жеп тұрған. Ә.Әбішев. Тас қабырғаны жағалай аттақыр болатын. Ш.Мұртазаев.

Ақырет/ахирет орф. ақирет орф. Тілеубайдың суық денесін ақыретке орады. З.Шашкин. Шын болса, табысармыз ахиретте. М.Мақатаев. Сіз ақыреттің ғана адамысыз. І.Жансүгіров.

Ақырында/ақырысында морф. Ақырында малымнан құр қалғыздың. Ы.Алтынсарин. Ақырысында жазықсыз жан жазаға тартылды. «Ком. жолы».

Алагөбе/алагөбен/алакөбе орф. Таңертеңгі алагөбеде тұс-тұсынан қамап алды. С.Сейфуллин. Кешкі алагөбең уақыт еді. А.Лекеров. Кеңсеге таң алакөбе бола бастаған кезде келген. С.Мұқанов.

Алай-дүлей/алай-түлей Жел алай-дүлей ұйтқып тұр. Ғ.Сыланов. Дүние алай-түлей болды да кетті. Ә.Нұрпейісов.

Алақ-жұлақ/алақ-жалақ сөйл./алақ-бұлақ жерг. Алақ-жұлақ қарап, жерошақ басына барды. Б.Майлин. Жан-жағына алақ-жалақ етіп бір қарап өтті. М.Иманжанов. Көздері алақ-бұлақ етеді. Қ.Исабаев.

Алайық/алалық Осы жерде дем алайық деді Жылбек бұрылып. Ә.Шарипов. Жарты сағат үзіліс жасап дем алалық. «Жұлдыз».

Алақшы/кісі өлтіруші (адам) Шығамысың, қайдасың Атаңның көрі алақшы. М.Әуезов. Кісі өлтірушіге кешірім жоқ. Ауызекі тіл.

Алаң-бұлаң/алаң-елең/елең-алаң/алаң-пұлаң сөйл. Осындай алаң-бұлаңда бағытын анықтап алды. С.Бегалин. Таң алаң-елеңде сиырын сауып, сүтін әкелетін. Р.Әутәліпов. Әлі күн шыққан жоқ, елең-алаң еді. М.Әуезов. Таң алаң-пұлаңда іш кимінің бауын өткізіп отырған. «Жұлдыз».

Алаңғасар/аңғалсоқ морф. Алаңғасарды ары құла десен, бері құлайды. Мақал. Аңғалсоқ батыр сынды жан екенсің, айта кет кім болсаң да атыңды атап. І.Жансүгіров.

Аларту/алайту морф. Көзін аларта қарап қойды. Ауызекі тіл. Көзіңді алайтпа маған. «Соц. майдан».

Аласапыран/арасат көне. Қызылдар қуып, ақтар қашқан сонау аласапыран кез кімге мәлім емес. Ә.Көшімов. Сонау арасат кезде сол үшін басын оққа байлаған. Т.Ахтанов.

Аласасы/аласы/алашағы морф./алмағы морф./алығы жерг./алымы жерг. Менен ала алмай жүрген аласасы болса алсын. «Жалын». Алты аласым, бес бересім жоқ. Мақал. Алашағың болса, жасырмай айт. «Лен. жолы» Бұнда алмағы бардай-ақ сұқтана қарайды. Ә.Кекілбаев. Онда біздің жүз сомдай алығымыз бар. «Колхозшы». Алым ақшасын сұрап ауылнай бір жағынан дігірлейді. Б.Майлин.

Алатын/алатұғын көне. Шашын ұстарамен алатын. «Жалын».

Алатұғын малынды, сояқтан жүріп аласың. Батырлар жыры.

Алба-жұлба/алба-далба/ұлма-жұлма Шашы жалбыраған үсті-басы алба-жұлба бір кемпір жолдың шетінде тұр. С.Омаров. Менің алдымда машинаны жүргізген шофер алба-далбасын шығарыпты. «Лен. жас». Қоян терісінің ұлма-жұлмасын шығарып тастапты. С.Тұрсынбеков.

Албар/азбар *сөйл.* Албарда сықырлаған мал. Б.Майлин. Ел азбар мен кораларын түзеп жатыр. С.Көпенбаев.

Албасты/марту көне. Хан емессің, қасқырсың, Қас албасты басқырсың. Махамбет. Ол әйелді қазір марту басқан. Д.Еркінбеков.

Алғыскер/алғыс айтушы Алғыскер – бір нәрсеге ризашылық білдіріп, алғыс айтушы адам. «Жаңа атаулар».

Алдағыш/алдамшы/алдамыш/алдампаз Алдағыш болсаң ас даяр, Алдаған кісі қасқаяр. І.Жансүгіров. Оның өзі нағыз алдамшы болып шықты. «Қазақ ертегілері». Алдамыш жалған үміт бермес пайда. М.Әуезов. Оларға карта тәсіл жүйесіндей, алдампаз айлакердің күресіндей. Т.Жароков.

Алдыңүні/алдыңғы күні/бұрнағы күні Ол кісіні алдыңүні ғана көргендер бар. «Жетісу». Алдыңғы күні ауылға келіп қайтқан. Ауызекі тіл. Бұрнағы күні осында келіп әңгімелескен. «Мәдениет және тұрмыс».

Алжұмыр/кызанақ/помидор кітаб. Салмағы бір жарым килограмдық алып алжұмырды өсірді. «Соц. Қаз». Помидор – жемісі тағамға пайдаланылатын бір жылдық көгөніс қызанақ. Түсіндірме сөздік.

Алқады/алғыс айтты Әжемнің алқағаны жетістіріп пе еді мені. М.Әуезов. Саған алғыс айтты. Ауызекі тіл.

Алқам-салқам/алқа-салқа/алым-салым морф. Алқам-салқам үлкен қоңыр үйдің іші де, сырты да топырлаған кісі. І.Жансүгіров. Киген киімі алқа-салқа. Ауызекі тіл. Жат елге алым-салым боп жұтап бармасын деп берген еді ол. Б.Соқпақбаев.

Алқым/алқам жерг. Жалпақ галстугі алқымын толтырып тұр. С.Шаймерденов. Алқамындағы салбырап бос қалған тері бұғақтың орны. Ж.Еділбаев.

Алла/алда көне. Алла бермегенді, молда бермес. Мақал. Бір алданың өзі білмесе, біз қайдан білейік. Ғ.Мүсірепов.

Алла-тағала/ақ-тағала көне. Істеген жақсылығың алла-тағаладан қайтсын. Ауызекі тіл. Айдаған әркімдерді ақ-тағала-ай, Апай-ау, сөз сөйлейсің қалай-қалай. Н.Шыршығұлұлы.

Аллауакбар/алла әкбәр *сөйл.* Шапағаты бізге де тисін, аллауакбар. Ш.Хұсайынов. Балаңды, алла әкбәр, күйеу еттік. Қозы Көрпеш.

Алло/әлло *сөйл.* Алло деген дауыс естілді. С.Мұқанов. Әлло! Бұл кім? С.Сейфуллин.

Алмағайып/кералаң көне. Күн туды алмағайып ер басына, жауыннан асырмаса айла, амалын. Қ.Жұмалиев. Ұлы ақынымыздың өз заманында түрлі кералаң жағдайға киліккенін көреміз. С.Талжанов.

Алмақсың ба/алмақпысың сінт. Көйлекті келіншегіңе сатып алмақсың ба? «Лен. жас». Жүре беріндер, төтенше жетектеп алмақпысыңдар. З.Иманбаев.

Алмас/аумас *сөйл./адмала жерг.* Алмасты ерлер вахталардан. Ә.Сәрсенбаев. Аумасып тозаңданатын дақылдардың арасында болу керек. М.Ерлепесов. Шаршағанын қалдырып, Мінгізді атты адмалап. Ғ.Шөреков.

Алпамса/шой *көне.* Екі иғына екі кісі мінгендей алпамса тұлғалы адам екен. Қ.Исабаев. Ол мықты, кеудесі де шалқақ, қол еңбегі үшін жаралған шой жігіт еді. Ө.Ахметов.

Алпамсадай/балпамсадай Алпамсадай бір дәу қасқыр сұлап жатыр. Қ.Мұқышев. Шешесі балпамсадай үш ұл тауып, үшеуі де құтаймаған. Т.Әлімқұлов.

Алпауыз/сары ала тышқан Алпауыз – егінді қиып тастайтын зиянды мақұлық сары ала тышқан. «Диал. сөздік».

Алпауыт/балпауыт Алпауыт неме екен, оңайлықпен өлмейді. Қ.Жапсарбаев. Балпауыттай еркегіңіз ширегіне келмей қалатын. Қ.Байшықов.

Алымсақ/сатып алушы Бүгін базарда алымсақ көп. «Оңтүстік Қазақстан». Сатып алушылар ренжімесін. Ауызекі тіл.

Алып/ап Әйел алып, отау шықты. «Лен. жас». Мән-жайын біліп ап, келіп отыр. «Қаз. әдеб.».

Алдың-дұлдың/арпыл-тұрпыл *сөйл.* Алдың-дұлдың мінезі бар. «Қаз. әдеб». Арпыл-тұрпыл адам екендігін ескеріп кешірген. Б.Майлин.

Алып бер/әпер Бұл аспандағы айды алып бер дегенмен бірдей. «Соц. Қаз». Айды әпер деп шарт қойса, аспанға ұшуға да әзір. Ө.Тәжібаев.

Алыс-беріс/алым-берім Ол он екі мемлекетпен алыс-беріс сауда жасады. К.Оразалин. Алым-берімге қазақтың жол-жоралғысы жетеді. Т.Ахтанов.

Амал/ғамал *кітаб.* Мұнысы көрнеу дінсіздердің амалы ғой. М.Токжігітов. Білем, бұған сен ғамал таппасыңды. Айтыс.

Амандады/амандығын білді Ағайындарын амандап қайтпақ. «Жетісу». Ел-жұрттың, ауылдастарының амандығын білді. Ауызекі тіл.

Амандас/есендес Бәйбішемен амандасты. М.Гумеров. Көтерсін есендесіп, жар-жарай. Ақан сері.

Амин/әумин/әумін *сөйл./әумиін орф.* Жұртпен бірге Сергей де қазақша «амин» айтты. Ғ.Сыланов. Әбужанның сәлематтығын тілейік, әумин! Д.Әбілев. Имандар бір ауыздан «әумін» десті. З.Шашкин. Әумиін, батаңызға көтердім қол. Жамбыл.

Ана бір/әне бір Ана бір жылы келіп қайтқан еді. «Қаз. әдеб». Иә, тек, әнебір мәселесі болмаса. Т.Ахтанов.

Анадағы/әнеугі Анадағы ескертуі аяқсыз қалмаған. С.Бегалин. Директордың әнеугі бет алысы осыны байқатады. М.Иманжанов.

Анадағыдай/әнеугідей Анадағыдай бұның мойнына артпасын кім біледі. Ғ.Мұстафин. Әнеугідей өлең айтасың ғой. С.Сейфуллин.

Анагүңгі/әнегүңгі/анагүңгі *орф./әнегүңгі орф.* Анагүңгі айтқаны есінде. «Лен. жас». Әнегүңгі қылығы анау. «Қаз. әдеб». Анагүңгі уақиғаға себепші кім болды. С.Ерубаев. Жоғалған әнегүңгі қаракерім. Д.Еркінбеков.

Ана жақта/анаяқта *морф./аннан жерг.* Дүкен ана жақта. Ауызекі тіл.

Ол кісі анаяқта отыр. Ауызекі тіл. Сенің ауырғаныңды аннан естіп келдім. «Диал. сөздік».

Анда-санда/оқта-санда *сөйл./шенде жерг./шанда жерг.* Анда-санда кілттерін салдырлатып өтеді. С.Сейфуллин. Ауыр ой кернеп, оқта-санда күрсінеді. Б.Майлин. Шенде бір адам ғана оқи алады. «Жетісу». Шанда бір адам кіреді. Б.Соқпақбаев.

Анық-қанық/анық-танық *сөйл.* Көптеген жайдың анық-қанығына көзімізді жеткіздік. «Лен. жас». Кем-кетіктердің анық-танығын зерттеу – сот орындарының міндеті. С.Мұқанов.

Аңғал/аңғалақ *морф.* Аңғал басып бәрін ұмытқан болуым керек. Б.Соқпақбаев. Бұзаубақ ақ көңіл, аңғалақ. С.Сейфуллин.

Аңғалақта/асқалақта *сөйл.* Аңғалақтама дейтін болды. С.Сейфуллин. Асқалақтап «байимын» деп, аңқау балам жүр ұғынбай. Б.Майлин.

Аңғал-саңғал/ебір-жебір *жерг.* Есік, терезелері аңғал-саңғал қалпы әлі тұр. «Лен. жас». Бомба түскен үйдей ебір-жебір. С.Адамбеков.

Аңғару/аңдау/аңлану *морф.* Жасынан әр нәрсеге зейін қойып, аңғаруға ден қойған. Б.Мұқаев. Ауызекі тіл. Айқын өзінің аңдамай ағат сөйлегенін енді ғана аңғарды. Ә.Әбішев. Алты жаста аңланып, Араластың ақылға. А.Оңғарбекұлы.

Аңқұмар/аңсақ/аугер *морф.* Өзі аңқұмар, әрі мерген. «Соц. Қаз». Үдербай жас күнінен-ақ аңсақ еді. О.Шипин. Аугер аңшылар қарақұйрықты аулағанда бүркіт салатын. Қаз ССР тарихы.

Анда/аңла Андамай сөйлеген ауырмай өледі. Мақал. Не зауал болғанын аңлай да алмай жаздаған. Ш.Мұртазаев.

Аңшыл/аң аулағыш/аңқұмар/аугер *морф.* Өзі жиі аң аулағыш, аңшыл адам. «Ком. жолы». Өзі аңқұмар, әрі мерген. «Соц. Қаз». Аугер аңшылар аңға шықты. «Жұлдыз».

Аңызак/аңызғақ *сөйл.* Аңызак жел қуырып бара жатқан тәрізді. А.Хангелдин. Қорғапты егін даласын аңызғақтан, бораннан. С.Мәуленов.

Апа/мама *индив.* Қайт деп, апа, жылай берме. С.Сейфуллин. Мамасы жұмыстан кеш қайтты. «Қаз. әдеб».

Апалаң-топалаң/опалаң-топалаң Абайсызда атылған зеңбірек оғынан немістер сасқалақтап апалаң-топалаң болды. Отан намысы үшін. Жұрт көшіп бет-бетімен қашып жатыр, опалаң-топалаң боп сасып жатыр. Қ.Тәкежанов.

Апат/опат Болмасын соғыс – қанды апат. С.Мәуленов. Қапияда опат болған. Қ.Жұмалиев.

Апиын/эпиін *сөйл.* Апиын сатып алып қайтты. М.Әуезов. Эпиін жеп бәрі мас, қирап жатыр. Батырлар жыры.

Апыл-құпыл/апыл-ғұпыл *орф./қапыл-ғұпыл* *сөйл.* Апыл-құпыл конвертті ашып хаттың жазуына жанарын қадады. О.Әубәкіров. Апыл-ғұпыл шыға жөнелді. «Лен. жас». Бір өзгеріс бола қалса-ақ соны қапыл-ғұпыл өте тез қамтиды. Ғ.Мүсірепов.

Апыл-тапыл/апыл-тұпыл *сөйл.* Баланың апыл-тапыл жүргені артық. Қ.Қуанышбаев. Аяғын апыл-тұпыл басқан бала. Қ.Исабаев.

Апырай/апырау/апырмай/апырмау Апырай, танымаймын ғой бұл

үнді. Х.Ерғалиев. Апырау, қандай жауап берсем екен? Ә.Сәрсенбаев. Тандайың тәтті, тілің май, тауып айттың, айырмай. І.Жансүгіров. Апырмау, соларға кім сыр ашады? Б.Майлин.

Апырақта/апыранда Бандының екіншісі апырақтап келіп, келіншекті үйге сүйреді. С.Сейфуллин. Апырандап Есенжол бөлмеге кіріп келді. «Қаз. әдеб.».

Араб/ғарап кітаб. Мектепте араб тілі оқытылады. «Лен. жас». Қыз ғарап ертегісін көп оқыды. Х.Есенжанов.

Араз/егер көне. Бұл күнде Әжібай араз Байболменен. С.Торайғыров. Екі ел егер болса, епті жігіт қатын алар. Мақал.

Араздас/ашылас сөйл. Оразбай қайта араздасып жауласа бастады. М.Әуезов. Директормен ашыласып барғанда Мұрат не таппақ. Т.Нұртазин.

Арагідік/аракідік орф. Арагідік өлең де оқып қояды. «Лен. жас». Аракідік үйге келуін доғармай-ақ қойды. Ө.Қанахин.

Арақатыс/арақатынас Бір-біріне арақатысы дұрыс. Қ.Құсайынов. Өзара арақатынаста болғанда ғана өнімді арттыра алады. М.Майлыбаев.

Араққор/арақкеш морф. Араққор адамдардың көзінің ағы сарғайып кетеді. Е.Оразақов. Арақкеш бұзық жігіттің өзгере қалғаны жұмбақ. «Қаз. әдеб.».

Арам/харам/һарам кітаб./қарам қарап Есектің еті арам, күші адал. Мақал. Арамның асы харам. Мақал. Һарамға қалал кісі жүрмес жақын. Айтыс. Опасыз оның өзі қарам екен. Қобылан жырау.

Арам пиғыл/татау көне. Ұқсамаған жерің қайсы Арам пиғыл жыртқыш аңға? А.Шамкенов. Көңілінде татау жоқ адам. «Қазақстан мұғалімі».

Арашашы/арашы сөйл. Арашашы боп әлдекімдер арамызға түсе кетті. С.Мұқанов. Табылмай табыстырар дос арашы. Ә.Сәрсенбаев.

Арбағыш/арбауыш морф. Жыланнан арбағыш мақлұқты көрген емес. С.Мұқанов. Арбауыш ақ сұр жылан осындай-ақ болар. М.Қаратаев.

Арбакеш/арбашы сөйл. Ерсілі-қарсылы ағылған арбакештер. Ғ.Мұстафин. Арбашы шал түйіп тастады. Ш.Күмісбаев.

Ар жақтан/әртіннен Өз ойын ар жақтан бастады. «Соц. Қаз». Әр нәрсені әртіннен ойлайтын. С.Шаймерденов.

Арқар/архар орф. Арқардың егіз екі қозысындай. І.Жансүгіров. Айшық мүйізді архар-ай. И.Байзақов.

Арлы-берлі/әрлі-берлі/ары-бері/әрі-бері/арылы-берлі орф. Уәли арлы-берлі жүгіріп алас ұрды. Т.Ахтанов. Әрлі-берлі өткен қыз-келіншекке қылжақтап әрнемені айтады. О.Сәрсенбаев. Ары-бері жүріп шаршаған шығар. Д.Еркінбеков. Әрі-бері жүріп күтумен болды. «Лен. жас», Арылы-берлі ойқастап мен жүрмін. «Лен. жас».

Арсы-күрсі/арсың-күрсің сөйл. Арсы-күрсі шалағайлықтан іргесін бөлек салған. «Қаз. әдеб.».

Жас адамда арсың-күрсің мінез басым. А.Байтанаев.

Артық-кем/артық-кеміс морф. Сонда да білінбейді артық-кемім. Қ.Тоғызақов. Артық-кемісімізді ашып бетке айтамыз. «Лен. жас».

Ар-ұждан/ар-ождан орф. Ар-ұжданы заманның, жүрегі сен елімнің.

Т.Шопашев. Біз барлық ар-ожданымызбен вьетнам халқы жағындамыз. «Қаз. әдеб».

Арық-тұрақ/арық-тұрық *сөйл.* Көктемде арық-тұрақ мал өліп те жатады. С.Мұқанов. Үйде қалғаны арық-тұрық екі қойдың еті. А.Байтанаев.

Арманы/өксегені Армансыз адам жоқ. Ауызекі тіл. Өзі емес өксегені бүкіл жұрты. Ғ.Орманов.

Арыз/ғарыз *кітаб./ғарза. сөйл./арза жерг.* Тыңда менің арызымды. Ү.Кәрібаев. Оны неге білмейсің, жұртың ғарыз қылса да. Батырлар жыры. Өз басым ғарза жазбаққа еш риза емен. Б.Аманшин. Пенсияға шығу үшін арзамды алып, ауданға бардым. Диал. сөздік.

Артист/эртiс *сөйл.* Оған халық артисі атағы берілді. Ауызекі тіл. Өнді сырша себелеп, Үсен эртiс о да бар. Д.Еркімбеков.

Артығы/асығы Артығын қайтарып берді. Ауызекі тіл. Алған міндеттеме асығымен орындалды. «Еңбек туы».

Арызқой/арызкеш *сөйл./арызқор морф./арызшыл сөйл.* Жалған арызқойды жазалау қолынан келер. К.Тоқаев. Ашуланшақ, арызкеш, мінезі бар ұнамсыз. Ш.Смаханұлы. Ол – арызқор адам. «Лен.жас». Сырт естуім, сол өзі арызшыл. А.Сатаев.

Арынды/арыншыл *сөйл.* Арынды атпен шауып көрген емес-ті. Т.Әлімқұлов. Арыншыл арқа-басы тұр құрыстап. Қ.Бекхожин.

Арып-аз/арып-тоз Қыстан арып-азып шыққан. Х.Әбішев. Арып-тозып келгенде баурына қысқан осы. З.Шашкин.

Арынып-ашынып/арып-ашып/арып-аршып *сөйл.* Мен жолда арынып-ашынып келмеген едім. Б.Момышұлы. Капиталистік қоғамда біреулер арып-ашып еңбек етеді. Б.Кенжебаев. Ақмарал жетті соған арып-аршып. А.Тоқмағамбетов.

Арыстан/арыслан *кітаб.* Елін сүйген, ер жүрек арыстан азамат екен. Ә.Нұршайықов. Бәрекалла, арыслан, ер өледі намыстан. Қамбар батыр.

Ас/ауқат *жерг.* Ас – адамның арқауы. Мақал. Күріштен істелген ауқат өте пайдалы. Ы.Жақаев.

Асар/үме көне./момыш *жерг.* Асар – көнеден жеткен халықтық дәстүр. Ауызекі тіл. Жылу, үме немесе момыш сияқты әдет-ғұрыптар міндеттеме правосына жатты. «Халық мұғалімі».

Аспаз/аспазшы/асбапшы *сөйл./асбасшы сөйл./асбазшы орф./асшы сөйл.* Аспаздың қарны асқанына тояды. Мақал. Аспазшылар бір қаз пісіріп қойыпты. Ы.Алтынсарин. Бір-екі жілігін асбапшы қатыннан қымқырып қалғанмын. Ә.Көшімов. Асбасшы жүр жүгіріп. Б.Майлин. Аспазшы әйел тарелканы қонағына ұсынып жатыр. Ж.Тілеков. Асшы әйел нанын қазанға салды. Ғ.Мұстафин.

Аспан/көк/шарық көне. Аспанның әр жерінде ала-шұбар бұлт бар. Т.Сағымбаев. Даусы көкке жетіп аспан жарған, Естілік әуезінді бір түн бізде. Жамбыл. Қанаттарын қағып, биік шарыққа көтерілді бозторғай! С.Талжанов.

Ассалаумағалейкум/салаумалейкум Ассалаумағалейкум, нар Кемпірбай! Ақын жырлары. Салаумалейкум, отағасы. «Лен.жас».

Астамшылық/асылық Өнер иесімін деген астамшылық жарықтықта

атымен болмайтын. «Қаз.әдеб.». Қолымнан келеді, қоншымнан басам десе – асылық. С.Қасиманов.

Астан-кестен/астан-кестен *сөйл.* Үй іші астан-кестен. Қ.Исабаев. Осынау әдейі тіршіліктің астан-кестені шықты. З.Иманбаев.

Астана/пайтақ *кітаб.* Астанамда талай тойды тойладым. О.Шипин. Хорезм шаһы Мұхаммед пайтағын тастап қашыпты деген сөз бар. О.Сәрсенбаев.

Астапыралла/астапыралда *сөйл.* Бәрі астапыралла деп, жағаларын ұстады. С.Мұқанов. Астапыралда, осы жұрт қайдағыны шатып тұр. О.Сәрсенбаев.

Астауша/астауыш *сөйл.* Қойға жем беретін астаушалар жасалады. М.Ермеков. Шамалы ғана бөлігі астауышқа құйылады. Мал бордақылау жұмысы.

Астыртын/астырт *морф.* Бір адамды астыртын жіберіп алды. С.Шарипов. Сөзінді астырт бердің деп, Кенекең қылған өкпені. Д.Әлімбаев.

Асығуда/асығулы Қашан келер екен деп асығуда. «Жалын». Рапорт беретін сәттеріңіздің куәсі болуға асығулымыз. Ұ.Бағаев.

Асылы/әсілі *сөйл.* Асылы, жазушының кісі жатырқамағаны жақсы. Т.Ахтанов. Әсілі, алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаған жөн. «Қаз.әдеб.».

Асып-сас/асығып-сас *морф.* Аптығар адам емес, асып-сасып. И.Байзақов. Асығып-сасып білініп қалды ма екен? М.Әуезов.

Асыр-тасыр/асыр-тұсыр *сөйл.* Өзі де бір асыр-тасыр жүретін жан. Х.Есенжанов. Баяғы асыр-тұсыр мінезі жоқ. «Лен.жас».

Ата-баба/әке-баба *сөйл.* Ата-бабам мінбеген жорғаға мінсем. Ш.Хұсайынов. Құрман амандықтың орнына әке-бабадан жіберді. М.Әуезов.

Атайман/ең мықтысы Атанып ақындардың атайманы, Тайқымай талай топты жарып еді. Айманкүл. Ауылдың ең мықты жігіттерін жинады. Ауызекі тіл.

Атаңа (нәлет)/әтеңе *сөйл.* Атаңа нәлет, сарсақал малғұн. Х.Есенжанов. Өй, әтеңе нәлет! Ернің аққа тимегірі! Ә.Нұрпейісов.

Атбегі/атпаз/атсейіс *жерг.* Атбегі, құсбегі ғанамын. З.Иманбаев. Аtpаз көрген ат таныр, ұстаз көрген хат таныр. Мақал. Абай аса білгір, саясатшы, атсейіс боп шығады. М.Әуезов.

Атқосшы/атшы *морф.* Осы ұзақ сапарда менің атқосшыдан жолым болды. С.Көбеев. Рахимов менің атшыма тамақ әкеліп беруге бұйырды. Б.Момышұлы.

Атқыла/атқақта *жерг.* Атқылап су шығып, маңайды ала бастады. Қ.Қамбаров. Аузынан қан атқақтап жатқанда жігіттері тайсақтап жалт бұрылды. Ұ.Доспанбетов.

Атлас/атылас *орф.* Ақ тоныңды жамандап, атлас қайдан табарсың. М.Әуезов. Атылас көйлегім қайда? Ә.Нұрпейісов.

Атпал/атпалы *морф.* Жүз елудей атпал азаматқа найза бергізді. М.Әуезов. Атпалы атандарға оралған шилерді артып, қолдары қолдарына жұқпайды. С.Бегалин.

Атты-жаяу/аттылы жаяу морф. Бұлар атты-жаяу боп жүре сөйлесті. А.Хангелдин. Ауылдағы аттылы-жаяу түгел жүгірді. М.Әуезов.

Аты/ныспы/намы көне. Менің атым – Тәуке. І.Жансүгіров. Хатшы жолдас, менің ныспым – Көшен. Ж.Еділбаев. Сізге мен көп намынан амандастым. Айтыс.

Атымен/атұранымен жерг. Отын деген бізде атымен жоқ. Ғ.Мүсірепов. Сайыс бізде атұранымен жоқ. Диал.сөздік.

Атырап/атрап орф. Атырапқа көз тоқтатып та үлгірген жоқты. Т.Нұртазин. Атрапқа көз жіберіп күлім-күлім етеді. Ғ.Мұстафин.

Атыс/атылыс морф. Осы кезде алыстан атыс естілді. Ө.Қанахин. Атылыс аз ба сондай өз маңында. Қ.Бекхожин.

Ауа/әуе сөйл./Һауа кітаб. Тұнық әуеде қалықтап бозторғай шырылдайды Б.Соқпақбаев. Жүзеді ашық ауада жарыстың туы желбіреп. С.Мәуленов. Енді аз күнде һауа бұзыла бастайды. О.Сәрсенбаев.

Аудар/қотар Орышпадан қазақшаға аударды. Ауызекі тіл. Түрікмен тілінен қазақшаға қотарды. Түсіндірме сөздік.

Аудар/аудармала сөйл. Бір нашардың аударып атын алды. Ө.Әбішев. Өмірде жан көрмеген ақ болатты. Қолыма аудармалап алып көрдім. Е.Қандеков.

Аударма/тәржіме Бізде аударма негізінен орыс тілі арқылы жүреді. Ауызекі тіл. Бұл өлең ақын Сырбай Мәуленовтың тәржімесінен басылды. Ә.Меңдібаев.

Ау-жайы/әу-жәйі орф. Қыс аужайы қалай болар екен? С.Шаймерденов. Әу-жәйін байқаңқырай түсейін. С.Мұқанов.

Ауқау/аухоу Сиырды ауқау деп шақырдым. «Балдырған». Жаман сасық жаңа ғана жүр еді. Аухоу! З.Жөкенов.

Ауқатты/байшыгеш/бардам лекс. Ауылдағы ең бір ауқатты семья. Б.Соқпақбаев. Абай түйе жүн шекпені бар сондай бір байшыгешті байқады. М.Әуезов. Марданды бауырына тартқан бір бардам ағайыны еді. І.Жансүгіров.

Ауқым/ауқымет сөйл. Бұл мырза ел ауқымын, замана ағымын сезбейтін дүмше кісің емес. З.Жөкенов. Қонақтарының ауқыметімен кеңеске алданып қалған. С.Мұқанов.

Аумин/әмин Сөз байлап ауқым етіп, аумин десті. Н.Ахметбеков. Әмин, айтқаның келсін. Б.Майлин.

Ауыртпалық/ауырмалық сөйл. Керек жүктің ауыртпалығы жоқ. Мақал. Салықтың ауырмалығы аса зор еді. «Еңб. қаз».

Ахлақ/мораль Бәлиғат жасына жеткенше исламдық ахлақ (мораль) негізінде тәрбиелеу керек. «Ана тілі». Ахлақ – мораль сөзінің баламасы. «Қаз.әдеб».

Ашулан/атқуылда жерг. Сөзіме ашуланып, жұлқына басып кетіп бара жатты. А.Лекеров. Алдынан Жәмила тағы атқуылдай шықты. М.Әуезов.

Ашушан/ашуқор морф. Апам да ашушаң адам еді. А.Сарбопин. Халфе жеңілтек, адымы қысқа, ашуқор сияқты көрінді. З.Шашкин.

Ауыз үй/дәліз/сенек Ауыз үйден тықыр естілді. «Жалын». Бекәділ

дәлізде тұрып көмектесті. «Балдырған». Басқышы бар үйдің сенегіне кіріп отырды. С.Мұқанов.

Ауық-ауық/ауыт-ауыт жерг. Ауық-ауық айқайлап сөйлесеміз. Б.Нұржекеев. Тарқады ма дегендей ауыт-ауыт қарап қояды. Ө.Қанахин.

Ауырсын/ауырықсын жерг. Басым-ай! – деді ауырсынған дауыспен. З.Шашкин. Ақымақ! – деді ішін ұстап, ауырықсынып тұрып. Ғ.Мұстафин.

Ауыртпалық/ауыртпашылық/сабыт жерг. Ауылдағы ауыртпалық кәрі-құртанға түскені рас. Т.Иманбеков. Оның ауыртпашылығын арқалайтын адам аз. С.Қирабаев. Содан кейін бар сабытымды мемлекет көтерді. С.Шаймерденов.

Ауысым/смена кітаб. 640 орындық мектепте оқу бір ауысымда жүргізіледі. «Алматы ақшамы». Фабрика жұмысшылары екі сменамен жұмыс істейді. «Қазақстан әйелдері».

Ауытқы/ауыт морф. Осы ойынан ауытқыған жоқ. Р.Райымқұлов. Сия салдым сауытқа, ақыным Жамбыл ауытпа. Айтыс.

Ах/ah орф. Ах, айтса айтқандай. Ш.Хұсайынов. Ah соғыс, соғыс! Не көрсетіп, не сездірмедің. Б.Момышұлы.

Ашкөздік/ашкөзділік Ашкөздікті әділдікке жеңдірді. Қ.Жұмалиев. Ашкөзділікпен тырысып, ауырлатпақшы жүрегімді. Ө.Нұрғалиев.

Ашты-тоқты/аштылы-тоқтылы Ашты-тоқты байлаулы қалған қаракер әбден титықтапты. Н.Қазыбеков. Жабай дымқос жер үйде бес айдан артық аштылы-тоқтылы жатқан. Ғ.Мүсірепов.

Аштыр/ашыр сөйл. Көз аштырмас түтеген боран. К.Қазыбаев. Адымын ашырмай құрықтап ұстап, ноқталады. С.Бегалин.

Ашық-жарқын/ашық-жарық жерг. Салиха бұрынғы қалпында ашық-жарқын күліп тұрды. Ш.Шалқаров. Күлшік ашық-жарық кісі ғой. Диал.сөздік.

Ашымал/ашыма сөйл./ашытпа сөйл./ашымақ жерг. Ашымал сатса қайтер еді. С.Бердіқұлов. Ашыма құйып берейін бе? Д.Исабеков. Ашытпа көже ішіп әл жинап алсақ. Ө.Ахметов. Салқын ашымақ тауып ішеді. Ө.Тарази.

Ащы/ашты сөйл. Тұзы удай ащы болуын ұната қоймас. М.Сәрсекеев. Ашты ма, тәтті ме деп талғадың ба? Айтыс.

Ащы-тұщы/ащы-тәтті Ащы-тұщысын бірге кешіп келеміз өмірден. Б.Аманшин. Өмірдің ащы-тәттісін көп татқан. «Қаз. әдеб».

Аюдай/аюдайын поэз. Аюдай ақырған шешесі де күн көрсетпепті. С.Омаров. Айтулы ерлер өтіпті, Аюдайын ақырып. Қ.Күршімұлы.

Аяғыш/аямпаз Баймағамбет мұқтаж адамды аяғыш. С.Мұқанов. Бишара-ай! – деп қояды аямпаз ағайын. Б.Аманшин.

Аязата/аяшал жерг. Тон киген қолғабы бар аязатаға ұқсайды екен. «Семья тәрбиесі». Жаңа жылда аязшал Бас қонақ боп келіп тұр. Т.Жароков.

Аяқтал/аяқсы сөйл. Жол құрылысы аяқталуға жақын. Ғ.Сыланов. Өн аяқсып, жадағай әңгіме бастала бергенде сөз қозғады. С.Омаров.

Аяқтаған соң/аяқтағасын сөйл. Жұмысын аяқтаған соң жолығар. «Лен. жас». Орта мектепті аяқтағасын жұмысқа орналасты. «Лен. жас».

Аял/аял-тұял/аял-тұян морф. Аял қыла тұрайық. М.Әуезов. Аял-тұял жасамай емдеу қамына кірісе жөнелді. Ж.Жұмақанов. Аял-тұян қылып, ойланып жатуға мұрша жоқ. Ф.Дінісламов.

Аямаймын/аяман поэт. Сенен аямаймын ғой. М.Сүндетов. Білімдіден аяман сөздің майын. Абай.

Аян/ғаян кітаб. Менің өмірім елге аян. Ж.Саин. Алдында жауаптардың болсын ғаян. М.Сералин.

Аянкес/аяншақ/әйеңкес сөйл./әйеншек сөйл./аянназ сөйл. Кейінгі кезде аянкес жалқаудың өзі боп алды. С.Бақбергенов. Әй, осы әйелге тән аяншақ мінез-ай. З.Шүкіров. Әйеңкес жолдастарының келер-келмесі де екі ұрық көрінеді. Ғ.Орманов. Әйеншек денесі, жиреншек жаны енді ештемеден сескенер емес. Ғ.Мұстафин. Ол өзі бір аянпаз екен. «Лен. жас».

Аяр/ғаяр кітаб. Бұлар алдамшы аяр. М.Ғабдуллин. Бір ғаяр шебер катын бар деуші еді. Амангелді.

Аярлық/аяршылық морф. Аярлықтың нышаны атымен жоқ. Ә.Кекілбаев. Аяршылық шықпайды жыры адалдан. Қ.Мырзалиев.

Аярсын/ғаярсын кітаб. Аярсынбай-ақ қойсашы. «Лен. жас». Ал мынау ғаярсынып айтқан сөзі. Т.Ізтілеуов.

Ә

Ә (бәлем)/әп Ә бәлем, сазайыңды тарттың ба! «Жалын». Әп бәлем, қолға түстің. С.Мұқанов.

Әбден/әбдән орф./абдан сөйл. Мұндайға әбден әккі болып алған. Ғ.Мүсірепов. Әбдән дәнігіп алған. «Жұлдыз». Қызыл дөненді жарысқа абдан жаратып қосқан. «Диал. сөздік».

Әбдіре/абдыра сөйл. Бұрышта тұрған көне әбдірені ашты. С.Шаймерденов. Абдыраны ашып қарады. «Қаз. әдеб».

Әбжіл/көз ілеспес Бәрінің де қимылы әбжіл. М.Қаратаев. Көз ілеспес шапшаңдықпен қағып алды. «Спорт».

Әбзел/абзал сөйл. Қол созды ер-тоқым, әбзел, жүгенге. О.Шипин. Шам жарығына салып, ат абзалын жамап отырған. А.Жангелдин.

Әбиір/абиыр сөйл. Әбиірін жапқан үстінде басқа киімі жоқ. Қ.Сатыбалдин. Тым болмаса абиырымды жапқандай бір көйлек алып бермейсің. С.Шарипов.

Әдді/істер шара Құрмет тұтпасқа әдді бар ма? М.Қаратаев. Орындамасқа істер шараң қане? «Лен. жас».

Әдебиет/әдәбиат кітаб. Өзбектің көне жазба әдебиеті бар. «Қаз. әдеб». Ғылыми әдәбиатта толық сипатталған. «Соц. Қаз».

Әдейі/әдейін поэт. Қой соңындағы Қалиға әдейі келді. Х.Есенжанов. Көрейін деп әдейін келіп отыр. «Колхозшы».

Әдейілеу/әдейілену Өшімді әдейілеп тұрып алам. М.Жұмағұлов. Әдейіленіп істелген камераға отырғызып дем алдырған. М.Сисекенов.

Әдемі/көрім/керім лекс. Әдемі қыз-келіншектер бар. Ауызекі тіл. Қызы да, келіні де көрім екен. «Советтік шекара». Абайдың сөзі керім ғой, өзі де

көруге сияқатты адам болса керек. «Диал. сөздік».

Әдемілік/әдемішілік *морф.* Өмір тек әдеміліктен ғана тұрмаса керек. О.Бөкеев. Әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі. Абай.

Әдепкі/әдеткі *сөйл.* Әдепкіде күшін жинап қарсыласып еді. Ә.Нұрпейісов. Көрер көзге әдеткі ажарынан айрылып сала береді. Ә.Кекілбаев.

Әдет/ғадет *кітаб./ғадат көне.* Ауру қалса да, әдет қалмайды. Мақал. Әр адамның бойында алуан түрлі ғадет бар. С.Байжанов. Қалпы өзіңе белгілі ғой ғадаттың. Айтыс.

Әдет-ғұрып/әдет-дәстүр/әдет-салт Сол елдің әдет-ғұрпын білетін кісі керек. К.Тоқаев. Ол біздің әдет-дәстүрімізге дейін жақсы білетін. Б.Ілиясов. Батырлардың әдет-салты айқасқа шақырады. М.Жұмағұлов.

Әділ/ғаділ *поэт.* Арасындағы тартыс та әділ шешілген-ді. Ә.Сәрсенбаев. Ғаділ туған жан екен. Батырлар жыры.

Әділдік/ғаділдік Әділдік іздеп баратын жеріңіз сол кісі. З.Шүкіров. Ғаділдік керек әр істе. «Дала уалаяты».

Әділет/ғаділет *кітаб./әделет сөйл.* Әділет іздеп алыстан, күресуге бел буды. И.Байзақов. Әділетті жүректің ғаділетін бұзыппын. Абай. Асан қайғы әделетті өмір іздеп өткен. А.Машанов.

Әділетсіз/әділсіз Әділетсіз өткен өмір көз алдына елестегендей. М.Ермеков. Ақылы жоқ жігіт арындаған ат секілді, әділсіз патша желді күнгі өрт секілді. Ә.Әбішев.

Әділетсіздік/әділсіздік Одан асқан әділетсіздік бар ма? Б.Тілегенов. Әділдік пен әділсіздікті айыра біледі бұл көңіл. Ж.Тәшенов.

Әділетті/әділетшіл/ғаділетті *кітаб.* Әділетті игі ниетіне түсінбейтініне қайран. Т.Тілеуханов. Әділетшіл болу жөнінде көп жақсы сөздер айтылды. С.Байжанов. Ғаділетті хан екен, қайыры тиген жиһанға. Батырлар жыры.

Әділеттік/әділеттілік/әділшіл *сөйл./әділшілдік сөйл./ғаділшілдік кітаб.* Әділеттік болмаған жерде қыздың өмірі еш, тұрмысы тұл. М.Дүзенов. Тарих әділеттілігі осылай. І.Есенберлин. Депті ол: әділшілік, теңдік – бәрі күні ертең орнап өмір кірер сәні. Д.Әбілев. Ең басты мәселенің бірі – баланы әділшілдікке үйрету. С.Көбеев. Ғаділшілдік хандықпен халқымды баққан заңғармын. Батырлар жыры.

Әдісқой/әдіскер/әдісшіл/әдісті Жауынгерлері ішінде ең әдісқойы – осы Тоқаң. Ә.Нәбиев. Суда флот, қырда әскер, әрі күшті әдіскер. Т.Жароков. Әдісшіл ару жігітті сонысымен жаңылдырып кетті. Ж.Жұмаханов. Алыстан болжайтын әдісті адамның жобасы. Ә.Сәрсенбаев.

Әдісқойлық/әдісшілдік Бұл ойынның әдісқойлыққа әдеттендіретін спорттық мәні бар. С.Бегалин. Алғыр ой, әдісшілдік, айлакерлік – аңдысып алысқанын алмай қоймас. Ө.Тұрманжанов.

Әжептәуір/әжептеуір *сөйл./әжәптәуір сөйл.* Бұл ауылдар әжептәуір малды көрінеді. С.Сейфуллин. Торғайдың қанаты әжептеуір икемге келіп қалғандұғын: А.Нысаналин. Әжәптәуір қызметкер дейді. Т.Ахтанов.

Әжетке/халетке (жеткізу) Осы әжетке жеткізген соның арқасы. «Жетісу». Әкеміз тынымсыз еңбегімен осы халетке жеткізді. «Советтік

шекара».

Әжім/ажым *орф.* Маңдай әжімі қалындады. Д.Досжанов. Терең ажимдары өмірінің талай бейнетіне куә. М.Әуезов.

Әжімсіз/ажымсыз *сөйл.* Ақшыл жүзі әжімсіз. Ғ.Мұстафин. Беті ажимсыз, денесі тал шыбықтай. «Жалын».

Әжімде/ажымда *сөйл.* Бет әлпеті әжімделе түскен. А.Сатаев. Бетінді толқын ажимдап, қартаясың қалтырап. І.Жансүгіров.

Әз/әзиз *сөйл.* Тек көзім ғана соққының зақымынан әз боп қапты. С.Бақбергенов. Қос жанарынан айрылған әзиз екен. «Қаз. әдеб».

Әзәзіл/әзезіл *сөйл./ғазазыл кітаб.* Шайтанды да адастырған – әзәзіл. Мақал. Әке емессің – әзезіл аруақсың. Р.Райымқұлов. Мұны оқытқан ғазазыл ма екен, жын ба екен? І.Жансүгіров.

Әзер/азар *сөйл.* Қараңғы қораның ішімен әзер жүріп келеді. Р.Тоқтаров. Тосқауылға тап келіп, азар құтылды. «Соц. Қаз».

Әзіл/ғазыл *кітаб.* Жарастықты жақсы әзіл жан азығының бір түрі. Ә.Әбішев. Мына ғазылы маған жақпайды. Алпамыс батыр.

Әзілқой/әзілкеш/әзілшең *морф./әзілшіл морф./әзілші морф./әзілқор жерг.* Нұрзияның күйеуі де әзілқой кісі. Ә.Нұршайықов. Екеуі де әзілкеш, сонысына қарамай байыпты жігіттер. С.Бақбергенов. Ашық жүз әзілшең де, мығым дене, бар өнер қолында да, тілінде де. З.Ыбраев. Әзілшіл сыпайы мінезін істеп қалжыңдай кірді. С.Бегалин. Артистер әнші де, домбырашы да, әзілші де. С.Мұқанов. Жігіттері әзілқор болады екен. «Диал. сөздік».

Әзірейіл/әзірейлі *морф.* Әзірейіл келе жатқаннан бетер. «Қаз. әдеб.». Әзірейіліні көргендей сырт айналып жүре береді. К.Туғанбаева.

Әзірліксіз/әзірсіз *сөйл.* Мал қыстатуға әзірліксіз кіріскен. «Соц. Қаз». Одан да көпке әзірсіз. Қ.Аманжолов.

Әзірше/қазірше/әзірінше *морф./қазірінше сөйл.* Бұйымтайым, мұңым да әзірше айтар сізге сол. Жамбыл. Қазірше бағадан басқа критерий таба алмай жүрміз ғой. Ә.Нұршайықов. Әзірінше өйтіп-бүйтіп күнелткен жай бар. М.Жұмағұлов. Мен қазірінше білмеймін. Б.Момышұлы.

Әйәй/әйей Ақбөбек атты әйәй қыз бопты. С.Бақбергенов. Ата, ата, әйәй ата ғой, – деген. С.Ғаббасов.

Әйбат/әйбәт *орф./әйбет сөйл.* Сондай әйбат балалар. М.Дүйсенов. Сыңсыған орманы бар бір әйбәт жер екен. Н.Ғабдуллин. Қыздарымыздың бәрі де әйбет. З.Шүкіров.

Әйбатта/әйбетте Сен бұл жігітке әйбаттап айтып бер. С.Омаров. Тарелканы әйбеттеп жуып, апарып қойды. С.Омаров.

Әйгіле/әңгірет *көне.* Әйгілеп қазақ есімін, Жар салды аспан астына. Н.Шакенов. Он екі жасқа келгенде, Есенұлы Болайдай, Ескеұлы Жолайдай, Қарабатыр атымды әңгіреттім. Қадірғали Жалаири.

Әйгілі/әйгі Есімі бүкіл майданға әйгілі болды. Т.Ыдырысов. Есімі облыс жұртшылығына әйгі болды. Қ.Қамбаров.

Әйда/әйдә/әйде *сөйл./айда сөйл./ойда/ойдәйт/ойдойт/өйдейт* Әйда, балалар, кеттік. Т.Ахтанов. Бірімізге біріміз қарап әйдә күл. Б.Аманшин. Әйде, Зура, киін тез. Ә.Әбішев. Айда, жігітім, кеттік. Ш.Хұсайынов. – Ойда,

барамын! – деп салдым. Қ.Сәрсекеев. Ойдәйт десейші! Ә.Нұрпейісов. Ойдойт деген, пайдасын білмеуін қарашы. Р.Нұрғалиев. Өйдейт дерсің! Т.Ахтанов.

Әйдай/әйдәй *орф.* Басқарманың наны әйдай жүріп тұрған тұс. О.Сәрсенбаев. Екі тентек әйдәй кеп жағаласты. М.Мақатаев.

Әйелдік/әйелшілік *морф.* Әйелдік сезімі тұтанып, құшарлана түседі. Т.Ахтанов. Ондай әйелшілікті сөзге қоймас. Ж.Қосыбаев.

Әйелшіл/әйел жанды/әйелмен *жерг.* Әйелшіл болып үйде отыр деймісің. «Мәдениет және тұрмыс». Тышқанбай шіріктің әйел жандысын қарашы. «Қаз. әдеб». Ол өзі бір әйелмен адам еді. «Диал. сөздік».

Әйеншек/әйенкес Ауру кісіні әйеншек қылады. З.Шашкин. Жалқау да, әйенкес те осы Жәметай. С.Талжанов.

Әйнекей/глазурь *кітаб.* Қыш, фаянс т.б. заттардың сыртын жалтырататын қорытпа глазурь әйнекей деп аталады. «Жаңа атаулар».

Әй-түй/әй-шүй/әйт-үйт Аш бөрілср қарасын ба әй-түйге. С.Оңғарбаев. Көрсө, әй-шүйге қарамай ұрсар еді. «Жұлдыз». Әйт-үйтке қарар емес. «Жұлдыз».

Әй-шәй/ай-жай Әй-шәйге қаратпай алып кетті. «Балдырған». Рысжан ай-жайға қаратар емес. Ж.Айтбаев.

Әкел/әпкел/әке *сөйл./әкпел сөйл.* Оны әкеліп той жасаған. Ә.Нұршайықов. Су әпкел деп жіберді уәзірлерін. «Жұлдыз». Ботинка әкел береді. М.Дүйсенов. Әкпел бері домбырамды қолыма. Қ.Аманжолов.

Әкеледі/әкелет *орфоэп.* Келген сайын базарлық әкеледі. «Лен.жас». Қызымен барып әкелет деп жүрсің бе? Р.Амангелдиев.

Әкет/әпкет Қылған қайыр болмаса, не әкетесің өмірден? Жамбыл. Басқарманың өзі әпкетті ауданға. М.Гумеров.

Әккі/әккіс *морф.* Әккі неме екен, айла жасап ұзай берген. Н.Сералиев. Әккіс неме жасырынып жатқан шығар. С.Балғабаев.

Әкпіш/мойынағаш/мосыла *жерг./мосағаш жерг./әкпішек жерг.* Бәйбіше екі шелек пен әкпіш әзірлеп берді. М.Әуезов. Мойынағашпен су әкелді. «Алматы ақшамы». Әкпішекпен екі шелек суды көтеріп келе жатқан. Б.Дәулетбаев. Мосылаға шелектерін іліп кетіп барады. «Қызыл ту». Омар мұны пішен басында мосағашқа пайдаланып жүр. Ш.Хұсайынов.

Әктет/ақтат Кеңсе ішін әктетуте тәртіп бермеді. Ш.Мұртазаев. Қораның бар қуысын түгелімен ақтатты. М.Әуезов.

Әкім/хакім *кітаб.* Завод әкімдеріне тілектерін ұсынды. С.Дөнентаев. Мәртебелі хакімнің келуі жүрегімізді бақытқа бөледі. Б.Аманшин.

Әкімдік/әкімгершілік Әкімдігі өзіне. Қылмысым жоқ. Т.Дәуренбеков. Әкімгершілікке араласамын десе, араласып кететін. Т.Әлімқұлов.

Әкімшілік/әкімшілдік/әкімгершілік *сөйл.* Әкімшілік әмірмен тыйып тастағысы келмеді. К.Тоқаев. Төрешілердің әкімшілдігі де автор қаламынан қағыс қалмаған. «Қаз. әдеб.». Бүкіл өзгерістің мәні – басқарудың әкімгершілік тәсілінен экономикалық әдісіне көшу. «Соц. Қаз».

Әкіренде/жекіренде Әкірендеп қорқытқан болды. «Жұлдыз». – Дәптерін жыртыпсың, – деп жекірендеп, мектепке келеді. «Қаз. әдеб».

Әл-ауқат/әл-қуат Еңбек адамының әл-ауқаты жақсарды. «Лен. жас».

Еңбекшілердің әл-қуатын арттыру мәселесі қаралды. «Соц. Қаз».

Әлбетте/әлбәтта *сөйл.* – Қасқыр ала ма? – Әлбетте. «Жалын». Дініңе де сондай берік шығарсың, әлбәтта? Алтайбаев.

Әлгінде/әлгіде Машина әлгінде келген ізімен тартып отырады. Б.Соқпақбаев. Әлекең бай әлгіде ақшанды төле деп кетті. Б.Майлин.

Әлдірек/әлменді *морф.* Түйенің алдыңғы аяқтары әлдірек. И.Жұмағұлов. Бұл әлмендірек көрінді. Ә.Нұрпейісов.

Әлек-шәлек/әлкей-шәлкей/әлекей-шәлекей *морф.* Басына түскен әлек-шәлек жайды еске алып келе жатқан. Ж.Жұмаханов. Лезде әлкей-шәлкей болдық та қалдық. «Еңбек туы». Ол әлекей-шәлекейге бара қоймайтын біртоға момын адам еді. «Коммунист».

Әлем/ғалам *кітаб.* Ер боп туған батырдың әлемге аян ісі бар. Қ.Қуанышбаев. Ғалым болсаң, ғалам сенікі. Мақал.

Әлемет/ғаламат/аламат *жерг./алапат көне.* Мұндай әлемет суық болғанын көрген емеспін. С.Омаров. Шатыр-шұтыр бір ғаламат майдан басталып кетті. Ә.Нұрпейісов. Ерте заманда көп аламаттар болып өтті. Диал. сөздік. Алапат дауылдың толқыны шайқап, теңіз түбін көргендей болды. Ә.Нұрпейісов.

Әлемдік/ғаламдық Әлемдік аренаға шықты. «Соц. Қаз». Лұғмановтың дәуірінде ғаламдық қазынананың жолы тар болды. «Лен. жас».

Әлемеште/әлеміште *сөйл.* Үстін әлемештеп, шалдың үйіне кіріп келді. Қазақ ертегілері. Үйді әлеміштегеннен басқа білетінің бар ма? Ш.Хұсайынов.

Әлеңкедей/әлекедей Әлеңкедей жаланған жігіттер. Ғ.Мүсірепов. Екі білегін сыбанып, әлекедей жаланған қара жігіт шықты. «Лен. жас».

Әлденеше/әлденешеу Әлденеше айтқан соң сенді. М.Әуезов. Әлденешеуін тағы тауып беремін. Жамбыл.

Әлдеқашан/алдақашан *сөйл.* Оның дінге қарсы қылықтарын әлдеқашан білгемін: М.Төкжігітов. Билеп-төстеген дәуіріңіз алдақашан өткен. Ә.Шәріпов.

Әлей болсын/әли болсын *сөйл.* – Жол болсын! – Әлей болсын! Т.Ахтанов. Әли болсын, өздеріңіздің кештеріңіз оң болсын! С.Шарипов.

Әлемиет/күллі әлем Ішінде әлемиет-дүние дүйім, сен шығар жанды жалғыз тұрған жайнап. «Қаз. әдеб». Күллі әлем көз тігіп отыр. «Білім және еңбек».

Әлпет/әліп *сөйл.* Адамның әлпетіне қарап отырып, қағаз бетіне түсіретін. Н.Ғабдуллин. Жанаттың хор қызындай бейне әлпің. Үш ғасыр жырлайды.

Әлсін-әлсін/әлсін-әлі Әлсін-әлсін жұмып көзін, бара жатыр ұйқы жеңіп. Ә.Тәжібаев. Әлсін-әлі арттарына қарайды. Ә.Сәрсенбаев.

Әліпби/алфавит Әліпби сөзі мен интернационалдық атау алфавитті абсолют синоним ретінде жарыстыра қолданып жүрміз. Ә.Болғанбаев.

Әліптес/еліптес *жерг.* Өсімдік әліптес бедерлер түсіріледі. Қаз. ССР тарихы. Үшеуміз де әкем еліптес аша маңдай, мұрындымыз. Б.Аманшин.

Әм/һәм *кітаб.* Ақша оқу-білім ісіне әм басқа игілік істеріне жұмсалып отырмақ. С.Сейфуллин. Неше бие қысыр қалды, һәм өлген-жіткені қанша.

Ж.Алтайбаев.

Әмән/әмәнда Досы әмән жылы хабар әкелетін. Ғ.Мұстафин. Кемпір әмәнда өзімен-өзі әңгімелескендей күбірлеп сөйлейтін. Х.Есенжанов.

Әмбе/әмме сөйл. Ақын жыры әмбеге ортақ. Ә.Тәжібаев. Әммесіне сол елден қыз ап беріп еліне кетпек. Батырлар жыры.

Әмбебап/универсал кітаб. Аудан орталығында әмбебап дүкен бар. «Жетісу». Универсал дүкеннен сатып алдық. «Спорт».

Әмиян/әмиан орф./шилан жерг. Қалтасынан былғары әмиянды алып, Есенге ұсынды. Ә.Нұрпейісов. Былғары әмианды Асылбек подностың шетіне қойды. Т.Әлімқұлов. Тінткенде қалтасынан былғары шилан шықты. Р.Хайруллин.

Әмеңгер/нәмеңгер сөйл. Інім өлсе, жесірі тірі, әмеңгері өзім бармын. М.Әуезов. Молдасы қолда құраны, нәмеңгер дік-дік етеді. І.Жансүгіров.

Әмеңгерлік/нәмеңгерлік сөйл. Әмеңгерлік дәстүрін сақтағысы келеді. «Соц.Қаз». Қалыңмал, нәмеңгерлік сияқты салт-санаға қарсы шықты. «Қаз.әдеб».

Әмісе/әмсе орф. Төре баламның әмісе жолы болсын! С.Бегалин. Бай әмсе ат үстінде жүрмейтін болады. І.Жансүгіров.

Ән/әуен Құр айғай бақырған Құлаққа ән бе екен. Абай. Өлеңнің соңғы жолдарын ойнақы да сырлы әуенмен көтермелей түсті. С.Алдабергенов.

Әне/ана Қазақтың «әне жер» деген иегінің астында екі жыл жүрдім. С.Мұқанов. Ана жаққа кетті. «Лен.жас».

Әнеки/әнекей сөйл./әнікей орф. Әнеки ілулі тұр ақ семсері. Жамбыл. Әнекей айттым ғой дәнеңе білмейді деп. Ж.Алтайбаев. Алыс кетті әнікей махаббаттың иесі. А.Жұмағалиев.

Әне күні/әнеукүнгі/анаукүнгі Әне күні келген сынақшылар болса керек. «Жалын». Әнеукүнгі ашуың әлі тарқаған жоқ па? Н.Ғабдуллин. Ол анау күнгіден кейін көрінбей кетті. «Жұлдыз».

Әне-міне/әні-міні Әне-міне дегенше машинасы жетіп келді. М.Әкімжанов. Әні-міні дегенше келіп қалдық. Ә.Тұрманжанов.

Әнеугі/әнәугі сөйл. Сол әнеугіден кейін жоғалып кетті. «Жұлдыз». Әнәугі адамдарың қайда жүр. «Жалын».

Әни/әти сөйл. Небір тәтті пәрәлишті Қатима әни істеуші еді. А.Тоқмағамбетов. Қоңырмен бірге болсам, әтиім несіне ренжиді. Д.Әбілев.

Әнтеқ/ентек сөйл. Осы жерден де әнтеқ қателесіп кеттің. С.Омаров. Ақ жүзі ентеқ қана күңгірттенген. Ш.Әбенев.

Әнтірек-тәнтірек/әнтірек-тентірек сөйл. Қолымен бір періп қалғанда Махмұд әнтірек-тәнтірек басты. І.Жансүгіров. Аяғын әнтірек-тентірек басады. «Қаз. әдеб».

Әншейін/әшейін/әшиін сөйл. Ештеңе емес, жәй әншейін. Т.Ахтанов. Әшейін сыпайы деп қимай тұрмын. Айтыс. Әшиінде тұнжырап тұратын көк көзінде күлкі ұшқындады. Ә.Нұрпейісов.

Әншейінгі/әшейінгі Әншейіндегідей емес, көз алдынан кетпей ыза қылды. Т.Ахтанов. Әшейінгі самарқау қалпы. «Лен. жас».

Әнші/әуенші Ол әнші адам екен. «Лен. жас». Әйгілі әуенші Қорқытқа

сыйлаған еді. Д.Досжанов.

Әншіл/әнпаз *сөйл.* Үбі жасында әншіл болатын. Х.Жұмалиев. Ана жігітті әнпаз деп еді ғой. Б.Майлин.

Әншілік/әншілдік *сөйл.* Әншілік дәстүр қазақ мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосты. «Қаз. әдеб». Құрманбек әншілдік пен режиссерлік қызметін қатар әкетеді. С.Мұқанов.

Әнгүдік/келесау Адамды ақын ететін де, әнгүдік ететін де өмір ғой. Ә.Нұршайықов. Кеңкелес болмаса, өз қылығының жөнсіз екенін ұғар еді. «Әдебиет және искусство».

Әңгімеқұмар/әңгімеғой Жақай әңгімеқұмар, сөзуар болатын. М.Ақынжанов. Мұқан ағай да әңгімеғой, ертегіші. А.Машанов.

Әңгіртаяқ/дәңгіртаяқ *сөйл.* Тағы басыңа әңгіртаяқ ойнатады. М.Әуезов. Ертең басына дәңгіртаяқ ойнатпасын. Ғ.Мұстафин.

Әпенде/әфәнде *кітаб.* Е, әпенде кісі ғой. М.Сүндетов. Біздің татардан әфәнда көп шыққан. Т.Әлімқұлов.

Әпке/әкпе *сөйл./әпеке морф./әпеке сөйл./әпше жерг.* Ол – апамның әпкесінің баласы. Ә.Дүйсенбиев. Қаныша жеңгемнің бірге туған әкпесі. Б.Соқпақбаев. Әпекем сау ма? – деп Шыңғыс жол болсын айтты. С.Бегалин. Бірге туған әпекем ақшадай жәрдемдесті. «Лен. жас.». Сара – оның туған әпшесі. «Оңтүстік Қазақстан».

Әпкелі-сіңлі/әпкелі-сіңлілі/әкпелі-сіңлілі *сөйл./апалы-сіңлілі жерг.* Шолпан екеуі – әпкелі-сіңлілер. «Қазақстан әйелдері». Олар – баскетболшы әпкелілі-сіңлілі Алма, Шолпан Сармурзиналар. «Спорт». Екеуі әкпелі-сіңлілідей өте тату. Ауызекі тіл. Сағынысып көріскен апалы-сіңлілідей аймаласты да қалды. А.Хангелдин.

Әппақ/аппақ *орф.* Келбеті аршыған жұмыртқадай әппақ. «Жұлдыз». Сақалы белуарына түскен аппақ қудай шал отыр. Қазақ ертегілері.

Әп-сәтте/әп-сағатта *сөйл./әпсінде көне.* Әп-сәтте милиция бөлімінен бірақ шығарды. С.Жұмабаев. Бүлінді, әп-сағатта ауыл көшті. Д.Еркінбеков. Әпсінде ғалым жидырып, ақ кітабын жайдырып. Шалкиіз жырау.

Әр/һәр *кітаб.* Бұл – бізге әр уақытта керек зат. Ауызекі тіл. Менің достым бар-ды һәр жерде, Іздесем табылмайды тар жерде. Шалкиіз жырау.

Әр алуан/сан алуан Әр алуан товар әкелді. «Жетісу». Көркем прозамыз сан алуан үлгі, өрнектер әкелді. М.Әуезов.

Әрбір/һәрбір *кітаб.* Әрбіріміз ескеретін жайлар бұлар. «Лен. жас.». Олар һәрбір итке жем болады. «Лен. жас.».

Әрдайым/дәйім/әманда *жерг./әмсе көне.* Турашыл, ақжарқын Жанәбіл әрдайым ұнайды. Ғ.Мұстафин. Командир дәйім әділетті болуға міндетті. О.Әлішев. Мінер көлік әманда бола берер деймісің. «Ком. жолы». Таудың етегіндегіні әмсе көре бермейсің. Ә.Әлімжанов.

Әредік/әрегідік/аракідік *орф.* Әредік үзік-үзік дауыстар келеді. С.Сматаев. Әрегідік жарыстарға да қатысып қоятын. С.Балғабаев. Күбір-күбір даусы да аракідік жетіп жатыр. Р.Райымқұлов.

Әрелдік/әрелік *сөйл.* Әрелдік туын көтеретіндер алдында жүрді. С.Мұқанов. Қызды алам деп Қодарың, әрелікте Қозыға кез келеді. «Қозы

Көрпеш».

Әрекет/харекет *кітаб./қарекет орф.* Генерал жедел әрекетке көшті. Т.Ахтанов. Көктөбеліктер өздерімен харакеттес ел. А.Мекебаев. Құмарлық қарекетінде жүріп, бақтықты естен шығарған. Ә.Көшімов.

Әрен/әзер/азар *сөйл.* – Жоқ, – деді ол өксігін әрең басып. «Лен. жас». Соңындағы әзер жылжып келе жатқандарға дем алайық деді. Ә.Шәріпов. Орынборға азар жеткендіктерін айтпасақ та болғандай. Қ.Жұмалиев.

Әрең-мәрең/әрең-пәрең Тиражы 35 мың данадан әрең-пәрең асушы еді. «Лен.жас». Құзға құлап кетуге әрең-мәрең қалып тұр. «Лен.жас».

Әркі-тәркі/әркіл-тәркіл Бұ әркі-тәркі тіршілікте не сыр барын біле алмай, қыли көзін жыпылықтатты. Ш.Мұртазаев. Келіншегінің қылығына түсінбей, көңілі әркіл-тәркіл болды. Қ.Баялиев.

Әрқайсысы/әрқайсы Тұрымтай тұсында дегендей әрқайсысы өз кезінде жарасымды. С.Байжанов. Әрқайсы бір шақырымнан шаң сұртетін үш машина кетіп барады. Т.Ахтанов.

Әрқашанғы/қашанғы Әрқашанғы сияқты Мавзолейдің қасынан өтті. «Лен.жас». Қашанғы әдеті осы. «Қаз.әдеб».

Әрмен/арман/әрмән Жанкүйерлерінің саны онан әрмен арта түседі. Е.Мекежанов. Одан арман асқынып кетті. «Лен.жас». Қос келіншекке одан әрмән таң қалуда. І.Есенберлин.

Әрнәрсе/әрне/әрнеме Әрнәрсені сұрап маза бермейді. «Жұлдыз». Әрнені ақыл елегінен өткізіп, топшылайды. А.Байтанаев. Бар бала әрнемені бір сұрайды. Ғ.Мұстафин.

Әруак/аруақ *орф.* Тек әмсе жолым болсын, я аруақ! М.Әуезов. Бабалардың аруағын шақырдым. Д.Досжанов.

Әруақтан/аруақтан *орф.* Әруақтанып, насаттана сөйледі. М.Тоқжігітов. Жігіт айдалаға шықса, аруақтанып кетеді. Ә.Нұрпейісов.

Әрі/ары¹ Алаңғасарды әрі құла десең, бері құлайды. Мақал. Бері қаратпа, ары ұста. І.Жансүгіров.

Әрі/ары² Әрі ойлап, бері ойлап, өзімен сөйлеспек болдым. «Соц.Қаз». Ары ойлап, бері ойлап, апарып тастауды жөн көрдім. Ш.Мұртазаев.

Әрі-бері/ары-бері/әрлі-берлі/арды-берді *жерг.* Досов әрі-бері жүгірді. Т.Әлімқұлов. Кабинет ішінде ары-бері жүрді. «Жұлдыз». Әрлі-берлі өткендерге жөн сілтеп тақыр бас шал отыр. «Соц.Қаз». Бәти ауылдан ұзап арды-берді жүрді. «Жұлдыз».

Әріп/қаріп *көне.* Ұсақ әріппен қазақша жазылған жазу тұр. Ж.Жұмақанов. Орауын жазды, қарпі тым ірі екен. Д.Досжанов.

Әрірек/арырақ/әрегірек Өзірленгенде әріректен бастадым. С.Төлешов. Арырақ бара тұр дегендей ым қақты. З.Шашкин. Таяқшасын әрегірек лақтырып жіберді. Н.Әбуталиев.

Әскер/лашкер *сөйл./ғаскер кітаб.* Әскер жіберді. «Лен.жас». Қалың лашкер жүріп еді бір талай жер. І.Жансүгіров. Қанша екен ерген ғаскері. Б.Аманшин.

Әскери/әскерлік Әскери тәртіп керек. «Лен.жас». Әскерлік міндетін өтеп қайтты. «Соц.Қаз».

Әткеншек/әтпеншек жерг. Тасыған көңілдің әткеншегі – ән мен күй. Ғ.Мұстафин. Сол толқынмен бірге көтеріліп, әтпеншек тепкендей. А.Шамкенов.

Әттен/әттегене/әттеге көне. Әттең көзі нашар көреді екен. Н.Ғабдуллин. Әй, әттегене, есіл еңбек зая кетер ме екен. Ә.Көшімов. Әй, әттеге, қап! – деді. Ә.Көшімов.

Әтуерле/әспетте көне. Өздерінің би, батырларын көбірек тыңдап, соларды әтуерлейтін. «Жұлдыз». Көңілінің күш-қуаты, Жүрегінің ол дидары, Көзінің ол жанары, Айрылдың әспеттеген перзентіңнен. А.Өтембетұлы.

Әу баста/тәу баста сөйл. Әу баста пәлендей көңіл аудары қоймады. «Жалын». Дәмелі тәу бастан-ақ Жантөреге рай бермеді. С.Омаров.

Әуе/ауа сөйл. Әуе айналып жерге түскендей. «Жалын». Бүгін ашық ауада ұшпай енді бола ма? Т.Жароков.

Әуежай/аэропорт кітаб. Оларды әуежайға кіргізбейді. «Соц.Қаз.». Келген меймандарды аэропортқа дейін шығарып салды. Ауызекі тіл.

Әуен/әуез/ауаз сөйл. Әннің көркем әуені күн шырайын бірден түзеп жібергендей. Б.Майлин. Асқақ ән әуезін шартарапқа таратты. А.Байтанаев. Қазанғаптың бұл күйінің динамикасы өте күшті, мелодиясында жаңа ауаз бар. А.Жұбанов.

Әуелгідей/әдепкідей Әуелгідей емес, тынышталды. «Лен.жас». Сүлеймен әдепкідей аспанға атты. Б.Мұқаев.

Әуелеп/ауалап сөйл. Әуелеп ұшты. «Жұлдыз». Ауалап ұшсам дейді бар арманым. Ө.Тұрманжанов.

Әуелгі/әдепкі Әуелгі кезек менікі. Ер Тарғын. Әдепкі ісіктен із қалған жоқ. Н.Сералиев.

Әуелде/әдепкіде/әзелде сөйл. Әуелде кірдің түсіме, Ортақтасып өміріме. Абай. Әдепкіде оның барғысы келмеп еді. Қ.Нұрғалиев. Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан. Абай.

Әулекілен/әуейлен/әулік Өз көзіммен көрдім деп әулекіленіп, өзге жұртқа бой бермейді. Т.Ахтанов. Кемпір-шал еркелеткесін, адам алаңғасарланып әуейленіп кетеді екен. Б.Майлин. Бригадирдің соттау керек деп, әулігуі де мүмкін. Ө.Қанахин.

Әулет/зәузат көне. Хан әулеті әскеріне тау асуын ашып берді. Х.Бекхожин. Осы зиратта жатқан бүкіл үрім-бұтақ, зәузаттарын тегіс атап, солардың рухына бағыштады. Қ.Жұмаділов.

Әлуетгі/әндемді Жат та болса әлуетті деп естимін, шақыр жігітінді. Қ.Жұмалиев. Қажымұқан шабуылын қарсыласынан анағұрлым әндемді бастады. М.Тенекеев.

Әумесер/әңгі/аумесер орф./аусар/әуперім сөйл./әуескі жерг. Сендей әумесерден оны да күтуде болады. Ғ.Сыланов. Аңқау аңдамайды, әңгі тыңдамайды. Мақал. Қолынан келері жоқ, құр қоқан-лоқы аумесерлері де бар. Ә.Нұрпейісов. Аусардың өзі боларсың деп, оны іштей мұқатты. С.Садырбаев. Шаш ал десе, бас алатын бір әуперім еді. С.Бақбергенов. Сендей әуескіге қайдан жолықтым екен. «Диал. сөздік».

Әуп/ап/әуіп *орф.* Әуп деп мұзын бір ырғады өзендер. Д.Әбілев. Қозыны «ап» деп иығына салып ала жөнелді. Д.Әбілев. Әйт-шу деген – атанға күш, әуіп деген – жігітке күш. Мақал.

Әупірім/аупырым *орф.* Әупірім деп совхозға жеттік. З.Шашкин. Аупырым әрең деп жаным қалды. Ғ.Мүсірепов.

Әфсана/ертегі-аңыз Ол туралы халық аузында айтылатын әдемі әфсаналар бар. «Қаз.әдеб». Елін қорғаған атақты батырлар туралы ертегі-аңыздар кең тараған. Ж.Тілеков.

Әсте/әстілі *морф.* «Әділдік» деген жалғыз сөз қарт ананың ойынан әсте шықпайды. С.Омаров. Сен ешкімге әстілі өтірік айтушы болма. «Соц.Қаз.».

Б

Баба/бабай Бәрежелді бәрі жақсы керемет, Баба қоныс баяғыдан керек ед. Х.Ерғалиев. Бабай түкті шашты Абыз, содан бата алғанда. Үмбетей жырау.

Баған/бағана *сөйл.* Бағанға шығып, сымды үздім. Ә.Қалдыбаев. Мен өткен жерде шекара бағанасы тұр екен. Ж.Тәшенов.

Бағана/мана/бана Ардақ бағана кетіп қалған. Ғ.Мұстафин. Мана өзім барғанда әкелетін едім. Б.Майлин. Банадан тұтқын күндер таң-тамаша. С.Сейфуллин.

Бағанағы/манағы/банағы Бағанағы балаңыз ба? «Жұлдыз». Манағы уәдең қайда? «Қаз.әдеб». Үйінде банағы жігіт тұратын еді. С.Сейфуллин.

Бағанағыдай/манағыдай/банағыдай/банадай *сөйл.* Бағанадағыдай емес, жел қатайып кетті. «Жұлдыз». Манағыдай тебен ине керек. «Қаз.әдеб». Банадай ғып шимайды салып жатыр. Б.Майлин.

Бағбан/бақбек/бақпан *жерг.* Оқытушы рухани бақшаның бағбаны. М.Әлімбаев. Бақбегіміз жыл сайын ұрық алады. Т.Әлімқұлов. Бақта бір бақпан болушы еді. Мың бір түн.

Бағдарлама/бағдарнама *сөйл.* Қызмет бағдарламасының мәселелерін өздері шеше алады. «Соц.Қаз». Орталық Комитет бағдарнамасын жақтамайтын топтардан бойды алыс салу қажет. «Алматы ақшамы».

Бағжан/бағжыраң *жерг.* Көзін бағжаң еткізіп ашып алады. Н.Қазыбеков. Кішірек көздері бағжыраң етіп, тесірейе қалды. С.Мұратбеков.

Бағжи/бақши/бажби/бажди *сөйл.* Енді қайттік десіп біреуіне біреуі бағжия қарасты. Б.Соқпақбаев. Көзі бақшиып аузына қарай береді. Б.Тоғысбаев. Ашулы бір әйел бажбия қарап еді. М.Қуанышбаев. Шешесі қызына қарап, баждиды да қалды. Ә.Сәрсенбаев.

Бағзы/баз/бағда *жерг.* Бағзы біреулер бастықтан тапқан қиянатын қарауындағыларға тартқызып ашу басады. М.Серғалиев. Баз біреумен ұрысып, Өлдім-талдым дегенде, Шеге жетіп келеді. «Қыз Жібек». Бағда біреулері: «Қымсынатын шығар» дейтін де қоятын. І.Есенберлин.

Бағым/бағын *сөйл.* Бағымындағы қозы елтірісі жіберіледі. Ф.Оңғарсынова. Өзінің серігімен кезектесіп бағынға кететін. С.Мұқанов.

Бағынышты/бағыныңқы/бағынысты *сөйл.* Біреулер артынан маған

бағынышты болды. А.Жақсыбаев. Қолданылған сөздердің мағынасы автордың сөздерге берейін деген ұғымына бағыныңқы. Қ.Жұмалиев. Оған бағынысты, одан қорқады. М.Әуезов.

Бағышта/бағыста *сөйл./бағышла жерг.* Өмірімнің өрлерін бүтіндей оқуға бағыштамақ едім. О.Бөкеев. Ендігі өмірін білім жолына бағыстаған. С.Шаймерденов. Бұған бағышлап бір ауыз сөз айтпаған. Ж.Тілеков.

Бада/пада Сиыр сауып, Аймүйізді бадаға қосып оралған. А.Нысаналин. Пада – ірі қара мал табыны, бір қора сиыр. «Түсіндірме сөздік».

Бадана/бадыраң/бадырақ/бажырақ/бажыр/адырақ Бадана көз бастық кеңесуіміз керек деді. Ә.Көшімов. Бадыраң көздері шатынап барады. Ш.Шалқаров. Бадырақ көз сары жігіт жайлап сөйлей жөнелді. С.Бақбергенев. Бажырақ көзі қызара алайған. Н.Ғабдуллин. Бажыр сары Сәмен қалшылдап кетті. М.Әуезов. Безеу бет, адырақ көз бұл адамды білмейтін жан кемде-кем. «Жалын».

Бадырай/бажырай Бадырайып ірі жазылған жазу. Б.Майлин. Маған бажырайып бір қарады. Ә.Сәрсенбаев.

Бажалақта/бажаланда/бажбалақта/бажбанда/бажанда *сөйл.* Бажалақтаған біреу оны тепкіге алып жатыр. Ж.Тәшенов. Кер жалқау қалар емес бажаландап. Ғ.Игенсартов. Бажбалақтап аузыңа келгенін айтпа. Б.Тілегенов. Әлдене деп бажбандап тұрған. А.Бекбосынов. Әркім-ақ тұс-тұсынан бажандады. І.Жансүгіров.

Базарнай/базаршы/базаркеш *сөйл.* Басшы етіп базарнайлар сайлап қойды. Рүстем-дастан. Қыбырлаған қалың базаршыларға қарай шаба жөнелді. С.Мұқанов. Базаркеш тентіреген, мас болдың ба? Айтыс.

Бай-бай/пай-пай Бай-бай! Сондағы жылағанын-ай. Б.Майлин. Пай-пай, жеңгей-ай! М.Иманжанов.

Байғұс/байқұс *сөйл./байқұн жерг.* Шешем байғұстың көкірек ауруы бар еді. Б.Момышұлы. Сұлтан байқұс көзі жыпылықтап, ыржалаң-ыржалаң етеді. О.Тарази. Өй, байқұның десейші! Турасын айтады да қарап тұрады. Д.Әбілев.

Байқаса/бақса Жүре келе байқаса керек. «Қаз.әдеб.». Енді бақса, кежір тіршілік басталғандай. Т.Әлімқұлов.

Байлам/байлау Мақпал төтенше бір байламға келген. Ж.Молдағалиев. Ойша бір байлау жасадым. М.Хасенов.

Байлама/байлауыш Байлама орамалының шекесінен бұрымы көрінді. З.Иманбаев. Ақ жібек байлауышының шетін тістеп, көзіне жас алмауға бекінген. А.Лекеров.

Байсалды/байсал *сөйл./сардарлы жерг.* Коңырқай жүзінен байсалды мінезін бірден аңлайсың. Е.Мырзахметов. Ол қысылмай байсал баяндады. С.Талжанов. Мұқан-сардарлы, жайсаң адам. Ғ.Сыланов.

Байсалдылық/байсалдық Аса бір байсалдылықпен сапар сырларын айта берді. Қ.Исабаев. Сұрақтарының байыптылығы мен байсалдығы таң қалдырды. М.Қаратаев.

Байсымақ/байшікеш/байшығаш *жерг.* Шабданбек деген байсымақтың қарындасын алайын деп жатыр. С.Сейфуллин. Шаймерден

деген бір байшікеш қажы сөз сөйледі. Б.Кенжебаев. Қырда тұратын байшығаш ағасы болатын. С.Бегалин.

Байызда/баязда *сөйл.* Бір жерге байыздамай жүре сөйлеп тұр. Ә.Әбішев. Бірден баяздай алмай, құрал-жабдықтарын жәшікке салды. А.Лекеров.

Байымда/байыпта/пайымда *сөйл./бажына жерг.* Бөбегінің талабын әке де байымдап отыр. М.Иманжанов. Баршагүл асықпай-саспай байыптап сөйледі. Ғ.Сыланов. Кәне тартқан шағым бар, көзінді сал, пайымда. Жамбыл. Тұқымымды куртқан сен деп бажынады. Д.Досжанов.

Байымды/пайымды *сөйл.* Ең байымды, байсалды сын Тоқтыбайұлыныңкі. С.Сейфуллин. Кеудесі кең, ақыл-ойға пайымды. «Қаз. әдеб».

Байырқала/байырғыла Байырқалап артқа қарауы, біраз ойлануы қажет. М.Мағауин. Бірі жоқ байырғылап тұрақтаған. Н.Ахметбеков.

Бақадай/бақадайын *поэт.* Таласпа, жаным-ай. Қолыңнан келмеске, Боларсың бақадай, Көп түссең егеске. Абай. Сонда бірі қалмақтың Бақадайын тырбиып, өрмелеп тауға барады. Батырлар жыры.

Бақай/башпай/башай/бәшәй *сөйл.* Омыраудан аққан тер. Бақайына тамшылап, Денесі кетті тырсылдап. «Алпамыс». Саусақтары мен башпайларында тырнақтары бар. «Адам анатомиясы». Етігінің жұлығынан үлкен башайы шығып тұр. Ғ.Мұстафин. Бәшәйдің арасына тығылған тікен тастан арылтады. Ә.Әбішев.

Бақайшақ/бақайшық *сөйл./бақалшақ жерг.* Біраз нәрсенің бақайшағын шағып, байыбына бармаппын. Т.Ахтанов. Таяғы Сұлтанның бақайшығына тарс ете қалды. Қ.Әжікеев. Келген өлеңді бақалшағына дейін тексердік. С.Мұқанов.

Бақайшақта/бақалшақта *сөйл.* Тұрмыс-тіршіліктерін бақайшақтап көргенде, қояр кінәсі жоқ екеніне көзі жетті. Ө.Қанахин. Барша тірлігін бақалшақтап, иті мен қозысына дейін сұрап жатыр. Ж.Молдағалиев.

Бақалшы/аттерші *жерг.* Зәки – ұсақ сауда істейтін қысқа қолды бақалшы. Д.Әбілев. Аттершіден алғаны айна, тарақ. Майлықожа.

Бақ-талай/бақ-талан/бақ-талап Не де болса бақ-талайымды сынайын. С.Омаров. Әр ұрпақтың өзінше бақ-таланы, мақсат-талабы бар. Ө.Қанахин. Далада жанды бүгін бақ-талабым, таптық біз дән теңізін, мақта алабын. А.Бақтыгереева.

Бақталас/бақас/бақкүндес *сөйл./бахас орф.* Бақталас екені о бастан белгілі. О.Сәрсенбаев. Екеуінің арасында бақастық бар. Қ.Исабаев. Бақкүндес жаулары оны іштей еріксіз мойындайды. Қ.Жұмаділов. Бахас боларын аңғарса да, сөзді ұзартқысы келмеді. М.Әуезов.

Бақташы/бақтаншы *жерг.* Әкесі бақташы болып істейді. Ауызекі тіл. Шопандар мен сақманшы, Екінші тыңда бақтаншы. К.Әзірбаев.

Бақша/бақ/бау Колхоздың бақшасы бар. С.Сарғасқаев. Сабырлының бағына алма бітер, Сабырсыздың басына қауға бітер. Мақал. Неше түрлі жеміс баулары бар. С.Бақбергенов.

Бақыр (ақша)/пақыр¹ *жерг.* Түркеш заманының бақыр ақшалары

табылды. «Жұлдыз». Пәлен жерде пақыр бар, барса, пақыр түгіл тақыр жоқ. Мақал.

Бақыр (бейшара)/пақыр² *сөйл.* Келе ғой, жетім бақыр. С.Мұқанов. Мен бір жетім, пақыр бала. А.Жұмағалиев.

Бақыр/барқыра *сөйл.* Құр айғай бақырған, Құлаққа ән бе екен? Абай. Барқырап көріскен даусы естіледі. С.Мұқанов.

Бақырай/бақши/бағжи Таң атқанша бақырайып жаттым. С.Мұқанов. Жұлдыз жымың, ай бақшияр Көз қысқандар тесіктен. Б.Майлин. Қаратайдың көзі бағжия түсті. І.Жансүгіров.

Бақырауық/бақырғыш Жалғыз түйе бақырауық, Жалғыз бала жылауық. Мақал. Жаулары айғайлайды еске салып бақырғыш көк есекті. М.Рәшев.

Бақыт/бак/бахыт *орф.* Адам болып жаратылудың өзі таудай бақыт. Ш.Мұртазаев. Малды жаман баққаның – Келген бақты қаққаның. Мақал. Бахыт кілті сендерде. А.Тоқмағамбетов.

Бақытсыз/бақсыз Бақытсыз әйелдің жоғалтқан жары жиырма жылдан кейін оралған екен. Ә.Сәрсенбаев. Талапсыз, бақсыз мен сорлы, Еріксіз аттап ұяттан. Абай.

Бақытсыздық/бақсыздық Бақытсыздыққа душар етті. «Жалын». Тіпті емес бақсыздыққа тұрған айдап. «Жұлдыз».

Бал/әсел Балам – балым, баланың баласы – жаным. Мақал. Әсел – емдік қасиеті бар, өте сіңімді тамақ. «Мәдениет және тұрмыс».

Балаған/жаппа/күрке/киіз қос Шағалалы жерінде, Шалқыған аулы көлінде, Үйшік-үйшік балаған. Ж.Сыздықов. Өз алдына жаппа тігіп бөлек отыр. Б.Соқпақбаев. Неше түрлі кішкене, тар, аласа күркелер тігілді. М.Әуезов. Уақытша тұруға киіз қос тұрғызды. «Жаңа өмір».

Балағат/бәлағат *сөйл.* Қуланба, мені көзімше мақтап, Сыртымнан сөгіп балағаттап. Ә.Сәрсенбаев. Ашуланып бәлағатқа басатындай болған. А.Байтанаев.

Балажан/балажанды *морф.* Жүсіп балажан болатын. І.Есенберлин. Ақынғұлдың балажанды екенін байқаған. С.Мыңжасарова.

Балақай/балақан Саған да қиын боп жүр, балақай. Т.Ахтанов. Айтпаппын саған, балақан, Аспаны бар деп аспанның. Ж.Молдағалиев.

Балалар/баллар *поэз.* Балалар келді. «Лен.жас». Баллардың әйкел қаққан мұлттындай-ақ. «Жұлдыз».

Балама/баламы *сөйл.* Қытайша баламасын таппай, ұзақ сөйледі. Қ.Жұмаділов. Орыс тілінен айналайын деген ана тілінің баламын таба алмай, әрең түсіндім. А.Лекеров.

Балаңдау/балаңқы *жерг.* Басқышта балаңдау келген екі жігіт отыр екен. Ғ.Қайырбеков. Балаңқы мінез, сауатсыз жандардың психикасына тән ерекшеліктер. М.Мағауин.

Балауса (шөп)/балау *сөйл.* Балауса шөптің исі аңқыған. Қ.Сатыбалдин. Жапырақ, балау қызғалдақ, Құлпырды жұтып жаңбырды. С.Сейфуллин.

Балапан/шөже/шіби *жерг.* Әуелі жұмыртқа, одан соң балапан. Б.Сланов. Шөже басып шығарады. «Жетісу». Бір әтеш, бір шіби, екі тауық

кіреді. Қаз.ертегі.

Балбыра/балаура *сөйл.* Балбырап ұйықтап жатқан баланы оятты. Н.Ғабдуллин. Шырт ұйқыға батып, балаурап жатқан жан жоқ. Қ.Тайшықов.

Балгер/бәлгер *сөйл.* Балгер болайын десе, балдан түк білмейді. С.Талжанов. Балгер емессіз бе, ата? З.Шашкин.

Балгерлік/балгершілік Балгерлігі барын аңғарып, құлаққағыс жасады. М.Дүйсенев. Бұрын балгершілікті кәсіп еткен. «Лен.жас».

Балдырла/балдыра *сөйл.* Балдырлап жүгіріп жүр екен. З.Шашкин. Балдыраған тілін қызық көріп, сұраушы едім. Ы.Жақаев.

Балиғат/балиға *сөйл./балағат жерг.* Балиғатқа толмаған жас бала емес пе? «Қаз.әдеб». Жасы балиғаға толмай тұрып атастырып, мал алғаным рас. С.Жүнісов. Е, балағатқа толған екенсің ғой. Т.Бигелдинов.

Балқитын/балқитұғын *поэз.* Жүрегі шымырлап, бойы балқитын. «Жалын». Тек қана балқитұғын мұз жүрегі, Қойнына көктем атты енгенде қыз. Қ.Аманжолов.

Балуан/палуан *жерг.* Поляк балуаны бөренедей қолымен бір періп қалғанда, әнтірек-тәнтірек басты. І.Жансүгіров. Палуан болсаң, белдесіп, Шық күреске сыбан да. Жамбыл.

Банда/банды *сөйл.* Өлтірмек болғандар Еркінбек бастаған бандалар еді. Б.Майлин. Бандыға сатылған бай баласы болып шықты. Қ.Құттыбаев.

Бап/бапа *жерг.* Бәйек болып, бабын тауып бәрінің. А.Хангелдин. Қолын ұсынудың бапасын таппады. Т.Тілеуханов.

Бар/баршылық/барағырақ *морф.* Етіндей жас баланың білегі бар. Абай. Елеулі кемшілік те баршылық. «Лен.жас». Кемшілігі де барағырақ шығар. «Оңтүстік Қазақстан».

Барабар/парапар Демек бір ротаға барабар боласындар. М.Ғабдуллин. Парапар сөзі теңдес адам болса, көңілім тарқаушы еді сонша шері. Айтыс.

Барақ/барак *кітаб.* Үлкен барақтың іші азынап тұр. Б.Соқпақбаев. 1931 жылы алғашқы барак салынды. Т.Қойшыманов.

Бар болғаны/барлы-жоғы Бар болғаны осы ма? «Қаз.әдеб». Барлы-жоғы үш-ақ адам еді. М.Тоқжігітов.

Барғын/барғайсың *морф.* Жиналысқа барғын. «Қаз.әдеб». Бүйтіп адам болғанша, Барғайсың жылдам молаға. Батырлар жыры.

Барлаушы/баршы Барлаушы жіберіп байқадық. «Жұлдыз». Баршыда жүрген кісілер хабарларын берді. С.Сейфуллин.

Барлық/барша/бар/күллі Елдің барлық кедейлерін соңына ерткендей С.Шәріпов. Барша жұрт зор құрметпен қарсы алды. М.Ғабдуллин. Болыс болдым мінекей, Бар малымды шығындап. Абай. Музыка тілі күллі халыққа ортақ. «Қаз.әдеб».

Барлық/баршылық Барлық жарастырар, жоқтық таластырар. Мақал. Әйтеуір көптен көлдей баршылық арылмасын. О.Сәрсенбаев.

Барырақ/баршылық Әйел қасиетінен гөрі сенде ердің ерлік қасиеті барырақ. М.Сатыбалдиев. Хат танитындары да баршылық. «Қаз.әдеб».

Бармақ/барашақ *морф.* Келесі аптада қалаға бармақ. «Жалын». Жайдарбек Сыр бойына барашақ екен. Т.Әлімқұлов.

Барылда/барқылда Жарықшақ дауыспен барылдап термелеп кетті. Т.Әлімқұлов. Қораларда үйректер барқылдайды. Д.Әбілев.

Басалқы/басалқа *сөйл.* Өзгенің басалқы ақылын қайтсін. Т.Ахтанов. Басалқалыққа ділгер көрінбейсің ғой. М.Иманжанов.

Басқадай/басқалай *сөйл.* Басқадай ем кешеден бері жасалып жатыр. З.Шашкин. Сыйластықтан басқалай бірдеме болар-ау деген үш ұйықтаса түсіне кірмеген. Ө.Қанахин.

Басқыншы/басқын *морф./баспашы* *сөйл.* Басқыншыларға қарсы тұра білді. «Лен.жас». Майданда басқын жауыз баудай түсер. Ү.Кәрібаев. Қорғады бүлікшіл баспашыдан, басқыншыдан. Қ.Бекхожин.

Баспагер/баспашы Баспагердің жаңа жылы әдеттегі жаңа жылдан ертерек келеді. «Қаз.әдеб». Баспашы – баспа өнімін шығарушы. «Түсіндірме сөздік».

Баспалдақ/басқыш/басбалдақ *орф./басқалдақ* *жерг.* Үйіңнің баспалдағы берік, терезесі жарық болсын. Ш.Хұсайынов. Жұрт оған басқышпен шығады. М.Әуезов. Саусақтары басбалдақ теміріне айқасып қатып қалғандай. С.Сейфуллин. Үш басқалдақтан бірақ секіріп жүгіріп өтті. «Лен.жас».

Баспана/үскене *жерг.* Баспана салып алды. «Лен.жас». Айрылған ата-ана мен үскенеден. Н.Нысанбайұлы.

Бастапқы/бастабы *сөйл.* Бастапқы күнді біз осылай өткіздік. С.Мұқанов. Бастабында ерсі көріп жүрдік. Ғ.Мүсірепов.

Бастық/басшы/бас/басқарма Уездік милицияның бастықтарын даярлап шығаратын. С.Сейфуллин. Басшылар бастай білсе, бұхара қостауға әзір. М.Иманжанов. Әдеті біздің елдің әуліктіріп, өзіне көрінгенді бас қылатын. Ғ.Қайырбеков. Басқарма осылай шешті. «Ком.жолы».

Бастырық/бастырма Бастырықты сырғытып, қақпаны ашты. Ж.Жұмаханов. Атын бастырма астына байлады. З.Асаубаев.

Батағой/батағой *сөйл.* Осы елдің батағөйі сол тілмаш па екен? С.Сейфуллин. Батағой ана, бұл тілегінді қуанышпен қабылдаймын. Ғ.Мұстафин.

Батпақ/батбақ *орф.* Батпағы құрғамайтын сазды жер екен. Ә.Әбішев. Батбақтар сорып белшені, Қан басты етік жұлығын. Ж.Молдағалиев.

Батпан/батпа *сөйл./баттам* *сөйл.* Пұт болдым деп мақтанба, Онан да ауыр батпан бар. Мақал. Батпа зілді көтере алмай етпетінен құлаған. Қ.Исабаев. Зіл баттам, неткен батпан құйрық. Ғ.Қайырбеков.

Батшайы/бәтшәй *сөйл./батсайы* *сөйл.* Батшайы көйлек алып қайтқам. Ғ.Сыланов. Көк ала бәтшәй көбелек. Көбелектей ме ол қайсы? І.Жансүгіров. Оң жақта батсайы шымылдық желбірейді. С.Шаймерденов.

Батыл/батым *сөйл.* Батыл, қайсар халқым бар. Жамбыл. Екі туысынан гөрі батым сөйлейтін. М.Әуезов.

Батыңқы/батық/батықтау Түбі тым батыңқы, үш жағы көтеріңкі. Ғ.Мұстафин. Батық мұрын, ешкі дауыс делінген пішіндер характер ашу үшін қажет. М.Қаратаев. Ортасы батықтау иегі көтеріле түсті. Т.Нұртазин.

Батыр/матыр Суға батырып алды. Ә.Шәріпов. Ұзын таяқты керосинге

матырды. «Тұлпар».

Батырақ/батрақ *орф.* Ол батырақтар ұйымына кіреді. Т.Нұртазин. Батырақ, батрақ – екеуі бір сөз. І.Жансүгіров.

Баулау/барлату *көне.* Мені баулап мәпелеген Тарих шыңы, Ленин бабам. Ә.Сәрсенбаев. Балуаннан нөкер барлатып, Күреске салар ма екенбіз. Нұрым Шыршығұлұлы.

Башпай/бақай/башай *сөйл.* Суға оң башпайын бір батырып, бір шығарумен тұр. Ө.Қанахин. Олар Айқанбаевтың бақайынан да келмейді. Б.Қыдырбекұлы. Ауылдағы есек оның башайына да келмеді. Ә.Шәріпов.

Башпақ/башмақ *сөйл.* Аяғына башпақ, денесіне көйлек, дамбал кигізді. Б.Шалабаев. Түйе терісінен тігілген башмағы да бар. М.Әуезов.

Баяғы (заман)/бағы Баяғыдай болар ма тағы заман. Қазтуған жырау. Бағы заман адамдарының қураған бас сүйегіне ұқсайды. С.Жүнісов.

Баяғыда/бағыда *сөйл.* Баяғыда аталарымыз айтқан екен. «Ана тілі». Құранға бойың жетпесе, нанға шықпа деп бабамыз бағыда айтқан ашық. Д.Әбілев.

Бая-шая/бая/бәйе-шәйе *сөйл.* Бая-шая күн кешті. С.Мұқанов. Ол – Нұрабек атанған бишара, бая шал. Ғ.Мұстафин. Бәйе-шәйе боп төбемізден айналып ұшқанын көретінбіз. Н.Ғабдуллин.

Бәдиһа/суырыпсалма/экспромт *кітаб.* Бәдиһа ақындар мен жазба ақындарды салыстырып қарауға болмайды. «Қаз.әдеб.». Иса Байзақов – суырыпсалма өлеңге де жазба өлеңге де бірдей ақын. «Қаз.әдеб.» Бәдиһа экспромт сөзінің мағынасын білдіреді. «Қаз.әдеб.»

Бәз (біреу)/баз *сөйл.* Бәз біреулер айтқан екен. «Қаз.әдеб.». Баз біреулер ас қамына кіріскен. «Қаз.әдеб.»

Бәз/бағзы/баз *сөйл.* Іші арам, сырты софы бәз молданың. Қ.Алдабергенұлы. Біліп айтқан бағзылар. З.Қабдолов. Баз қалпында сақтаған анам бар. Ғ.Орманов.

Бәйгі/бәйге *орф.* Керсандықты бір рет бәйгіге қос. Ә.Көшімов. Басымды бәйгеге тікпеп пе едім. Ө.Қанахин.

Бәйек (болу)/бәйік *сөйл.* Келіншек асты-үстіне түсіп бәйек болды. З.Шашкин. Үй иесі барынша күтіп бәйік болды. А.Жұбанов.

Бәйекте/бәйпекте Аясында балапаны ұшып-қонып бәйектейді. З.Қалауова. Именіп өзге ақындар бәйпектеген. Жамбыл.

Бәйпен/бәйпек Қорқақтары қорғалап. Бәйпең қағып жорғалап. Ү.Кәрібаев. Бәйпек қағып сыйлап қайырған. І.Жансүгіров.

Бәйтерек/байтерек *орф.* Үй маңы өрбіп келе жатқан бәйтеректер. Ғ.Мұстафин. Байтеректің басында отырған қара ноқатты көрді. М.Әбдіхалықов.

Бәйшешек/байшешек *орф.* Иісі аңқыған бәйшешек, түрленіп жерді жасырар. Абай. Гүл, байшешек жасыл ала жердікі. Ш.Иманбаева.

Бәкене/пәкене *сөйл.* Ол – бәкене келген Семіз сары жігіт. Т.Ахтанов. Пәкене, қожалақ тамдар. Б.Сөкпақбаев.

Бәкі/шаппа *лекс.* Бәкің бар ма? Ауызекі тіл. Жанқалтасынан шаппасын алды. «Ленин жолы».

Бәлден/бәлсін Бәлденіп, зарықтыра бермей, барып қайт. Ә.Нұрпейісов. Бәлсінбе әрі, бәлсінтпеймін. «Жұлдыз».

Бәле/пәле *сөйл.* Үндемеген үйдей бәледен құтылады. Мақал. Не пәле тағы төнді деп, біраз аңырды. М.Әлімбаев.

Бәле-жала/пәле-жала *сөйл.* Бәле-жалаға сабыр ету керек. Ж.Арыстанов. Пәле-жаланың бәрін үйіп-төккені есіне түсті. З.Қабдолов.

Бәлекет/пәлекет Адалдан бер, ақтан бер. Бәлекетін жатқа бер. М.Әуезов. Өзімен кетсін пәлекет. Қ.Жұмалиев.

Бәлеқор/бәлеқұмар «Шегебай бәлеқор» деп атың шықты. Айтыс. Сөзқұмар, бәлеқұмар Баймұрындар аз ба. М.Әуезов.

Бәлелі/пәлелі *сөйл.* Бәлелі жерді баспа, басыңа түссе, саспа. Мақал. Пәлелі іске қайдан ұрынып жүрсіндер. А.Жұмаділдин.

Бәлен/пәлен *сөйл.* Бәлен жерде бақыт бар, барсақ, бақыт түгіл пақыр да жоқ. Ж.Жұмаханов. Күнде пәлен мәртебе есіткен шығармын. «Лен.жас».

Бәлендей/пәлендей *сөйл.* Бәлендей алыста, күн астында Күнікей қызды тапсын. Қазақ ертегілері. Маған пәлендей назар аудара қойған жоқ. «Соц.Қаз».

Бәленбай/пәленбай *сөйл.* Бәленбай жыл оқығандағың осы ма? «Лен.жас». Пәленбай жыл бірге оқыдық қой. «Лен.жас».

Бәленше/пәленше *сөйл.* Мен бәленшеден кеммін бе? М.Сәрсекеева. Сом болғаны пәленше жыл. Е.Қонарбаев.

Бәлиғат/балағат *сөйл.* Бәлиғатқа толып, ержетті. «Соц.Қаз». Жетпеген балағатқа жас балаша. Айтыс.

Бәлкім/бәлки Тұра тұрайық, бәлкім ескермес. Б.Майлин. Бәлки сол заманның өз қақиқаты деп білген шығар. М.Әуезов.

Бәлсініп/бәлсіп Неге бәлсініп, шікірейе қалғанын білмеймін. Н.Сералиев. Бәлсіп жүр ғой шетінен. М.Әуезов.

Бәлі/пәлі Бәлі, үңгірі несі. Т.Сұлтанбеков. Әп, пәлі, азаматым! І.Жансүгіров.

Бәрекелді/бәрекелде *орф./бәрәкалла кітаб.* Жарайсың, бәрекелді, замандасым. Айтыс. Бәрекелде, маған керек жері осы еді. С.Шарипов. Уә, бәрәкалла, рахмет, – деді хазірет. Д.Әбілев.

Бәрі/барлығы Бұның бәрі Құнанбай аулы деп аталады. М.Әуезов. Кедейге берген түсініс, Мына сөздің барлығы. Б.Майлин.

Бәсең/бәскіл *жерг.* Бәсең дауыспен сөйледі. Ауызекі тіл. Қарашолак күндегідей емес, бәскіл ұшқан сияқты. М.Әуезов.

Бәтуа/пәтуа *сөйл.* Бір бәтуаға келейік. Ш.Мұртазаев. Қазекенде екі адамның пәтуасы бірікпейтіні қалай? Т.Әлімқұлов.

Бәтуалас/пәтуалас *сөйл.* Олар осылай бәтуаласып тарқады. «Жалын». Екі жақ пәтуаласа алмады. «Қаз.әдеб».

Бәтуалы/пәтуалы *сөйл.* Бәтуалы істің адамы. «Қаз.әдеб». Сөзден пәтуалы іске көшсек. «Соц.Қаз».

Бәтшағар/батшағар *сөйл./сарамас жерг.* Өзің қояндай қалтырайсың бәтшағар. Д.Досжанов. Күйдірейік батшағар дұспандарды деп, отқа жандырды. С.Торайғыров. Ту, сарамас, саған адам деп ақыл айтып отырған

менде де ес жоқ. Қ.Жұмаділов.

Бәтеңке/бәтіңке *орф./батинка кітаб.* Аяғымда Ныметолла берген жамаулы бәтеңке. С.Мұқанов. Бәтіңкесі келідей, Галстүгі желідей. Ш.Смаханұлы. Батинкаларымды шамалы ғана сілкіп қалып едім. Ғ.Мұстафин.

Бәтір/батыр *сөйл.* Күз жетті ме, бәтір-ау, неге тоңдым. М.Әуезов. Батыр-ай, мынаны кім тікті екен. Б.Майлин.

Беглен (басым)/бегбен *орф.* Бес ешкіні жемеген Беглен басым-ау. С.Қасиманов. Бес ешкіні жемеген Бегбен басым-ау. Қазақ ертегілері.

Бедер/беден *сөйл.* Ешбір бедер жоқ. С.Бегалин. Және бір немістің беденін байқады. Ә.Нұрпейісов.

Бедірейген/безірейген/бежірейген *жерг.* Мізбақпай бұрынғысынан бетер бедіреді. М.Иманжанов. Өзі безірейген без бүйрек. О.Серсенбаев. Сөзің бар әжептеуір бежірейген. Айтыс.

Безекте/безеңде/безденде Әркімге өсек тасып безектеген. Абай. Жүргіншіге безеңдеп қалатын иттер де босып кеткен. Х.Есенжанов. Бездендеп тыным көрер емес. «Соц.Қаз».

Безілде/безеріл *жерг.* Жез қоңырау безілдей жөнелді. З.Қабдолов. Қызыл тіл сөйлесем, безерілген. Үш ғасыр жырлайды.

Безір/безік Әміржан безіріп қолын сілкеді. Б.Майлин. Әйелдер жағы безігіп, ауыздарын бұртитты. Б.Майлин.

Безірей/безірен *сөйл.* Кеңсе барсаң кекірейген, жауап қатпай безірейген. Қ.Қуанышбаев. Туған ауылы жат көрініп, әбден безіреніп алды. М.Қаратаев.

Бейбақ/бибақ *сөйл.* Не көрмеген бейбақпын. Ер Тарғын. Мына бибаққа не болды. М.Иманжанов.

Бейбас/бейбастақ Бригадиріміз – ұрыншақ, бейбас адам. Б.Серкебаев. Бұл неғылған бейбастақ балалар? М.Иманжанов.

Бейжай/бижай *сөйл.* Бейжай болуға тырысты. Ғ.Мүсірепов. Кейде көңілдің бижай қоңыр күйін сөздіруі мүмкін. Қ.Жұмалиев.

Бейкүнә/бикүнә *сөйл.* Сырттай қарағанда бейкүнә сияқты. Ә.Тәжібаев. Бикүнә жазым болып көтер деп аяды ма, кім білсін. Х.Есенжанов.

Бейқам/бейғам *орф./биғам сөйл./ғапылдық кітаб.* Кең, бейқам көңілмен қуана кірді. С.Шаймерденов. Бейғам адамның біреуімін. С.Мұқанов. Күндізгі бітімнің құр алдап, биғам қылу екендігі көріне бастады. С.Торайғыров. Көп еді ғапылдықпен еткен ісім. Н.Ахметбеков.

Беймаза/бимаза *сөйл.* Жаны бір жай таппайтын беймаза адам еді. «Қаз.әдеб». Өзім де бимаза адаммын. М.Иманжанов.

Беймәлім/беймағлұм/бимағлұм *сөйл.* Нақты жауап іздеп ойланғаны беймәлім. «Жалын». Өзіме беймағлұм басқа бір формасын байқадым. «Лен. жас». Қыз сырқаты бимағлұм. Ж. Молдағалиев.

Беймезгіл/бимезгіл *сөйл.* Беймезгіл уақыт емес пе? «Қаз.әдеб». Екеуінің бимезгіл келуінен күдіктеніп, абдырай бастады. Ж.Тілеков.

Бейнетқор/бейнеткер/бейнеткеш *морф.* Өзі өте бір бейнетқор адам. «Жалын». Бір тыным таппайтын бейнеткер әжем-ай. Б.Соқпақбаев. Жердің мәнін, дән-дақылдың тілін білетін бейнеткеш диқанды көрді.

Ө.Тұрманжанов.

Бейсауат/бейсуат/бейсеубет *сөйл./бейсеуіт сөйл./бейсауыт сөйл.* Бейсауат жолаушыға таңдана үнілді. С.Сматаев. Мас боп жүрген бейсуат бір адамды көрмейсін. З.Шашкин. Тау басынан бейсеубет біреу қарап тұрса дер еді. Ш.Мұртазаев. Көшеде ешбір бейсеуіт жүріс көзге түспеді. Х.Есенжанов. Жанында бейсауыт көз жоқ, қысылмай сөзінді бер. Д.Досжанов.

Бейтаныс/битаныс *сөйл.* – Алдыңдар ма? – деді бейтаныс дауыс. «Жұлдыз». Битаныс жігіттің ойнақы көздерінің күлімдеген қарашығына таңдана қадалып қалды. М.Иманжанов.

Бейтарап/битарап *сөйл.* Бағанадан бейтарап кісіше отырған. Ғ.Мұстафин. Өз бетінше битарап отырған. М.Иманжанов.

Бейуак/бейуақыт Бейуақта еркексіз үйде отырмаңыз. Р.Тоқтаров. Бұл кім бейуақытта жүрген? З.Қабдолов.

Бейхабар/бихабар *сөйл.* Ол жөнінен бейхабармыз. «Лен.жас». Ел басқару ісінен мүлдем бихабар. Ә.Жәмішев.

Бейшара/бишара *сөйл./бейбәкір сөйл.* Бұған Бәти бейшара не дер екен? «Жұлдыз». Бишараны қалдырып кетуге дәті шыдамады. Ш.Мұртазаев. Хамым қайғы бейбәкір, қайғылы болды заманым. Үш ғасыр жырлайды.

Бейіл/пейіл Жақсы бейіл білдірді. «Қаз.әдеб». Қария бізді шын пейілімен, жомарт көңілімен қарсы алды. «Қаз.әдеб».

Бейіш/пейіш/бейіс *сөйл.* Атаңды анаң азғырып. Тұрғызбаған бейішке. Абай. Пейіштен Адам сәпи шыққаннан соң, жылаған баябанда неше мүддет. Айтыс. Бұл бейіске апарар имандылық. «Батырлар жыры».

Бек/мықтап Атаның ұлы ерлерге малыңды бер де басың қос, Басыңды қос та, бек сыйлас. Шалкиіз жырау. Жақсы адаммен мықтап сыйласып, дос бол. «Лен.жас».

Бекет/станция Метро пойызының, тағы басқа темір жол қатынасы бойындағы аялдап тоқтайтын орынды бекет дейді. «Ана тілі». Бекет – орыс тілінен енген станция сөзінің баламасы. «Түркістан».

Бөктерінді/бөктерме/бөктеріншек Арт жағымдағы қомақты бөктеріндімді көрдің бе? Б.Соқпақбаев. Бөктермесі тоқ көрінеді, қаладан базарлы қайтқан болу керек. «Жетісу». Бөктеріншегі тоқ екен, олжалы келген болар. «Түсіндірме сөздік».

Бектік/бегілік *сөйл.* Балалары әлі дәулетті, бірақ бектік жағынан көп төмендеген. Ә.Көшімов. Бегілік пен байлықтан сөз қозғасам. Жамбыл.

Бекі/беркі *жерг.* Шаруасының қанаты да беки бермек. Ғ.Сыланов. Алып боп, ақылды боп, алдық беркіп. К.Аманжолов.

Бекін/беркін *сөйл./беркі жерг.* Суарылған құрыштай бекініп алған. Ә.Сәрсенбаев. Беркініп жатқан жаулар хабар алды, Қ.Жұмалиев. Асықпай жүріп беркіп алдық. «Соц.Қаз.».

Белбеу/белбау Аяғында көнелеу етік, белінде былғары белбеу. С.Сейфуллин. Кәмшат бөрік, күдері белбауы бар. «Жалын».

Бекіре/мекіре *сөйл.* Маңдайын тасқа соққан бекіре балықтай. С.Шаймерденов. Маңдайы тасқа тиген мекіре балықтай. «Қаз.әдеб».

Бен/бенен Жас қыз бен жас бәйтерек – бәрі бірдей. Абай. Қыз бенен

жігіт айтысы да ертеректе кең тараған. «Қаз.әдеб.».

Бендешілік/бенделік *сөйл.* Бендешілік жасама. «Жұлдыз». Төгеміз бенделікпен көздің жасын. А.Хангелдин.

Бергі/бертіңгі Бұл атам заманнан бергі белгілі ақиқат. М.Әлімбаев. Бертіңгі уақытта күнде барып жүрді. С.Мұқанов.

Бергіш/береген Қалыңмал алмай қыз бергіш болса, өзінен туған қызды неге бермейді. С.Сейфуллин. Береген қолым алаған. Мақал.

Береке/берекет Астық – бүкіл елдің берекесі. О.Шипин. Өткенге салауат, қалғанға берекет дегендей. С.Мұқанов.

Берекелі/берекетті *сөйл.* Ну еліміз берекелі бақыт құшқан. Д.Әбілев. Егіні мен малы қатар өскен берекетті қос өзенге ұқсайды. С.Омаров.

Берешек/бересі/бересек *сөйл.* Туған халқына берешек борышыңды енді ақта. С.Омаров. Аласаға алтау аз, Бересіге бесеу көп. Мақал. Бастырушы маған бересек. «Соц.Қаз».

Бері/бермен Балалар, бері келіңдер. Ауызекі тіл. Әй, сен бермен қарашы. Т.Ахтанов.

Берік/беркі/берек *көне.* Ол қамал мәңгі шеккен тастан берік. Жамбыл. Асау тулап жықпасқа, Артқы айылдың беркі игі. Шалкиіз жырау. Жері берек, елі сақ болып, оңайлықпен алдырмайтын. І.Жансүгіров.

Берірек/берегірек Берірек кел. «Қаз.әдеб». Берегірек жүре түс, қорықпа. Х.Есенжанов.

Бетінше/бетімен Әркім өз бетінше лағу шығарады. М.Қаратаев. Өз бетімен жүре алатын болып кетіпті. І.Жансүгіров.

Бесаспап/сарамжал Өзің бір бесаспап бала екенсің. «Лен.жас». Өзі сауда саласында істеп келе жатқан сарамжал қатын. С.Досымов.

Бет-бедері/бет-бәдені *сөйл.* Туған өлкемнің бет-бедеріне еміреніп қарай берем. Ө.Қанахин. Ақ маңдайы жарқырап, бет-бәдені нұрлана түседі. Ә.Көпбаев.

Бешене/пешене *сөйл.* Туғанда бешенеңе жазылған үлесіңе қанағат ет. «Жалын». Оны сүймек сыбаға пешенеме. Х.Ерғалиев.

Бешпет/бешпент *сөйл.* Көйлектің сыртынан қара бешпет киіп жүр. С.Сейфуллин. Кіржамбоз бешпентті қарына іліп есіктен сығалағаның ненің үрдісі. Т.Әлімқұлов.

Биалай/биала *сөйл.* Биалайын шешіп, қол ұсынды. К.Есімов. Бізге жылы биала, шұлық тоқымақ. «Соц.Қаз».

Бикеш/бике Тіліңді тарта сөйле, екі бикеш. Айтыс. Бике дегім келіп тұрады. Ғ.Сыланов.

Билет/белет *сөйл.* Күні-түні билет кассасының сынық терезесіне үңілетін. С.Мәуленов. Екі билет сатып алдым. «Қаз.әдеб».

Бипында/бипаңда Бипындап биші башайлар, тигізбей жерге өкшені. Д.Әбілев. Көк жорға бипаңдап жолға түсті. І.Жансүгіров.

Биттей/битімдей Биттей бойы босаса, сезер сонда, Жастық жеңіп, көңілді шайқағанда. Абай. Адамның денесі өзің жүрген жердің битімдей құмына ұқсас. Абай.

Бисымақ/бишікеш *сөйл.* Атқа мінер, бисымақтары да жалақтап тұр.

А.Токмағамбетов. Бишікештер сөз қосып жатыр. І.Жансүгіров.

Бияздан/биязылан Бұл жерде бияздана алмаспын. М.Әуезов. Биязыланып сөйлеген сөзін естиді. «Жалын».

Биязы/бипаз сөйл. Биязы көк шатырдай үлпілдейді. Ғ.Сыланов. Тәрбиелі, бипаз қызды қайдан табамыз. С.Мұқанов.

Биязыла/бипаза сөйл. Сөзін биязылап бастады. «Жалын». Бипазада келген шаруамыздың бағдарын аңғарттым. Т.Әлімқұлов.

Божы/делбе/делбеге жерг. Құлақтарын қайшылап, божыны жұлқа тартып келеді. Ә.Әбішев. Әбдіқадір аттың делбесін қағып-қағып жіберді. Х.Ерғалиев. Делбегені өзім ұстадым. Б.Майлин.

Божбан/бұжбан сөйл. Божбан қара жігіт еді. «Қаз.әдеб». Қына жапқан қоңыр бұжбан тас жатыр. М.Қаратаев.

Бозаң/бозамық/бозымық сөйл. Ақсары жүзі бозаң тартып, бетіме қарады. Н.Ғабдуллин. Шығыс жақ бозамық тартып келеді. Б.Атшабаров. Жер бетін бозымық тұман басқан. «Лен.жас».

Бозбала/бозбас жерг. Шықты міне тракторшы бозбала. Х.Ерғалиев. Жігіттің бозбас күнінде қызы құрғыр кісіні отқа да, суға да түсірмей ме. С.Сейфуллин.

Бозғылдан/бозаңыт/бозараңда Таң бозғылданып атып келе жатыр. Ғ.Мүсірепов. Өңі сәл бозаңытқан. С.Шаймерденов. Сәулесі бозараңдаған шөп арасына төгіліп тұр. Т.Сағымбаев.

Бозғылт/бозғыл/бозалаң Бозғылт өңіне бұрқ етіп қан тепті. Ә.Нұрпейісов. Бозғыл көде жел лебінен қалтырайды. М.Әуезов. Ақ сұр өңі азырақ бозалаң тартқан. Ә.Көшімов.

Бойсұн/бой ұсын орф. Өмір ырқына бойсұнды. Ә.Сүндетов. Мұсылмандыққа бой ұсынған жоқ. «Жұлдыз».

Боккөтен/боқтаншақ сөйл. Боккөтен немелер өңшең. «Жұлдыз». Сенен өңкей боқтаншақ, қиынды-жиынды қалыппыз. Р.Тоқтаров.

Боқтампаз/боқтағыш Боқтампаз Тәуке қолтақпандай-ақ кісі. Ғ.Мұстафин. Әншейінде боқтағыш-ақ. «Қаз.әдеб».

Боқша/боғжама/сумка сөйл. Боқшаны қанжығасына байлады. Б.Майлин. Сатуда шебер әйелдердің қолымен тігілген боқжамалар. М.Әуезов. Сумкасынан бірнеше таңбалы тастарды шығарды. С.Машақов.

Болған соң/болғасын морф. Жазып болған соң маған айт. «Соц.Қаз». Сөзі орынды болғасын уәж айта алмады. А.Хангелдин.

Болдыр/болғыз Қалай қылсақ та болдырайық деген шын көңіл жоқ. С.Сейфуллин. Бұл айтылғандай болғызарлық қызмет – әкімшілік. «Лен.жас».

Болжалда/болжала сөйл. Ой жүгіртіп, болжалдап қарайды. Ғ.Сыланов. Бүркіт екенін болжалап, аяғын алға қарай баса түсті. І.Есенберлин.

Болжам/болжама сөйл./торамжы жерг. Бәріне өзінше болжам жасап берумен болды. А.Сейдімбеков. Болжама картасын жасау аяқталуға тиіс. Ж.Шаяхметов. Толып жатқан торамжылар, ешкім дәл басып таба алмайды. С.Талжанов.

Болжамды/болжамдық/болжамалы/болжалы сөйл. Болжамдық жоба бойынша аздап жіңішкеретін сияқты. С.Хайдаров. Болжамалы пікірін

айтқанды. І.Есенберлин. Болжамалы тынысынан таныс көріністерді өрбітеді. К.Оразалин.

Болжыра/болбыра Немене болжырап, босап барасындар. Ғ.Мұстафин. Ол ширау орнына, болбырай түсті. С.Мұқанов.

Болмайтын/болмасын морф. Болмайтын іске әуре болма. «Жалын». Бой бермей болмасыны болғызам деп, Алланың ісі болды, болмағаным. Айтыс.

Болмашы/болымшы морф. Болмашыға риза. «Жұлдыз». Ағымдағы болымшы істер жайлы өз ойын ортаға салды. «Соц.Қаз».

Болмыс/болым Бар болмысыңды иірімнің ырқына бересің. Д.Досжанов. Бүкіл болымынан танып отыр. «Соц.Қаз».

Болпи/болби Болпиған семіз денелі. С.Мұқанов. Киім киісі де болпиған денесіне лайық. Б.Сокпақбаев.

Болса екен/болғай Шын жанашырық болса екен. «Жұлдыз». Өз адамың болғай да. Қ.Аманжолов.

Болпаш/болпық Мыңды айдаған болпаштардың бірі болсаң. Д.Әбілев. Бұла болып, болпық өскен ұлы бар. Ж.Жұмаханов.

Болып-толған/болық Болып-толған кісілермен ұстасатын. Ә.Нұрпейісов. Беделді, болық кісінің аузына жұрт жабыла қадалды. О.Сәрсенбаев.

Болып/боп Қатты риза болып келеді. Ғ.Мүсірепов. Қарға тамырлы боп байланысқанын көреміз. М.Әуезов.

Болысқандық/болыстық морф. Оның өзі болысқандық емес пе? «Лен.жас». Бұл үлкен болыстық болды. М.Жұмағұлов.

Бомазы/бумазы сөйл./бумазей сөйл./помази сөйл. Бомазы жаялығы болғаны дұрыс. Келіншектер. Бумазы жапқыштар жабылып қойылыпты. М.Қаратаев. Бумазей шұлғаудың бірі етіктің ішіне кетті. Ж.Нәжмеденов. Помази белбеудің ұшымен терін сүртті. Қ.Жұмаділов.

Бомбы/бомба кітаб. Темекісіз күн бар ма? Бомбыдан бомбы жауғанда. Қ.Аманжолов. Жау бомбасы үшін бүлдірген екен. С.Мұқанов.

Боп-боз/боп-бос орф. Боп-боз болып қашыпты өңі. Ә.Оңалбаев. Апиын зәрі сіңіп сарғайған жүзі боп-бос. «Қаз.әдеб».

Бопса/бопсы сөйл. Ояз бопсасына өле кетейін деп тұрған жоқпын. М.Әуезов. Ер болсаң, бопсыға шыда. Мақал.

Бопсала/боспала сөйл. Бопсалауына жол берілмейді. С.Төлешов. Құр боспалап беталды оқ жаудырады. Ғ.Сыланов.

Борбас/борбастақ Жол кейде тақ-тақ, кейде борбас. І.Жансүгіров. Қаңсыған арналар мен борбастақ жазықтар. Ә.Көшімов.

Бордай (тозғыр)/тоздай сөйл. Болмады... болмады бордай тозғыр. С.Нарымбетов. Жануарды тоздай тозғыр бір ит деп міне қашқаны. Н.Мұраталиев.

Боркемік/боржық Бізге боркемік жасықтардың керегі жоқ. Т.Ахтанов. Боржық неме, малды мен бағамын ба? Ә. Көшімов.

Борлама/күйдірген сазбалшық/керамика Сізде борлама құмыра бар ма? «Жаңа атаулар». Сазбалшықтан күйдіріп жасаған әдемі керамикалық

заттар көз тартады. «Білім және еңбек».

Бостекі/бостекей *сөйл.* Бостекі сөз атымен болмайды. М.Әлімбаев. Өзі бостекей бала. Ж.Молдағалиев.

Борышты/борышкер/борышқор/борыштар/борышқар *сөйл.* Мекеме адамды тәрбиелеуге борышты. М.Иманжолов. Алдында өзін борышкер санап жүрген. О.Сәрсенбаев. Борышқорлардың бәрі де бергенінді ал депті. С.Мұқанов. Өмірден борыштар боп кетем деген. Қ.Аманжолов. Біреуге борышқар едім. М.Жұмағалиев.

Босаң/босалаң Балғаның босаң ұрылғанын аңғарып отырған екен. С.Қасиманов. Ұлы момын, босалаң, қызы зерек. Ш.Әбенев.

Бояу/бояқ Оң жақ бетінде көк бояу жұққандай көгерген дақ бар. Ғ.Мүсірепов. Көк бояқ орман-тоғай үстін жапқан. Қияда қыр арқасы аспан қапқан. Д.Әбілев.

Бөгеу/бөгеуіл Бөгеуін алған ағын судай. С.Шаймерденов. Аз асқа жасауыл болма, Көп асқа бөгеуіл болма. Мақал.

Бөкпе/бөкпен Кеспе нан бөкпеге айналып кетті. Ә.Сәрсенбаев. Жақсылап бөкпен пісіріп қойдым. Қ.Қазиев.

Бөлдірке/кішкене қайық Сен өзекте жүрген бөлдірке, Мен теңіздегі пароход. Қашаған ақын. Кішкене қайыққа отырып, өзеннен өтпек болдық. Ауызекі тіл.

Бөлек-салақ/бөлтек-салтақ *сөйл.* Бөлек-салақ қағаздарды жинап жүр. Ө.Тұрманжанов. Бөлтек-салтағын буып-түйіп болған. Т.Әлімқұлов.

Бөлендір/бөлент Үлде мен бұлдеге бөлендірді. «Қаз.әдеб». Бөлентіп көк жасылға ағаш егіп. Т.Жароков.

Бөлік/бөлшек/бөлек Оның едәуір бөлігі – өнеркәсіп өнімі. «Лен.жас». Бөлшекке бөліп бүтінді. Ж.Өмірбеков. Жалпы мәселенің бір бөлегі. «Соц.Қаз».

Бөлім/пара *көне.* Тапқан малымның бір бөлімінен борышымды өтеймін. Ы.Алтынсарин. Бір параны мұз алды, Бір параны жел алды. Қашаған ақын.

Бөпе/бопа Бөпенді жылатпа, қарағым. С.Мұқанов. Әлди-әлди, ақ бопам, Ақ бесікке жат, бөпем. С.Сейфуллин.

Бөпеле/бопала Жас нәрестені бөпелейді. «Лен.жас». Балаларды бесікке салып, боपालап жатыр. Б.Майлин.

Бөрлік/бөрік *сөйл.* Бөрліккен қойдай бөліне қаштың. Б.Аманшин. Өз керегін сұрастырып бөрігіп жүрген жұрт. С.Бегалин.

Бөртпе/бөрткен Мұнан кейін қышыма бөртпелер шығады. Ғ.Мұлағұлова. Теріскенде бөрткен пайда болады. Х.Арғынбаев.

Бөрідей/бөрідейін *поэт.* Қозы алып қашқан бөрідей. І.Жансүгіров. Қозы арқалап қашқан дәл бөрідейін. Т.Әбдірахманова.

Бөрік/малақай/құлақшын *жерг.* Басында түлкі терісінен тіккен бөрік. Ауызекі тіл. Үстінде белін бүрген ұзын тон, басында малақай бар еді. С.Мұқанов. Оның құлақшыны домалап қардың үстіне түсіпті, жалаң бас жатыр. Т.Ахтанов.

Бөтелке/шөлмек/шиша *сөйл./бутылка кітаб.* Жалғыз өзі отыр, алдында бөтелке. С.Ерубаев. Дастарқан шетіне бір шөлмек шарап қойды.

С.Досымов. Бір шиша арақ ұстап қайтып келді. Б.Момышұлы. Махмұд бір бутылка коньяк алып кірді. М.Қаратаев.

Будан/метис Метис – екі тұқымның ортасынан шыққан будан. «Соц.Қаз». Арғымақты жаман деп, Буданды қайдан табарсың. Қырғыз жырлары.

Булағыш/булауыш/булама Сабанды арнаулы булағыштармен булауға болады. Қ.Құсайынов. Сосын азық булауыштан бу жіберіледі. «Жалын». Бұхарада бар булама, Ташкентте бар сулама. Үш ғасыр жырлайды.

Бума/буда/будам Ыбырай қожа бізге бір бума қағаз ракета сатып әперді. Түсіндірме сөздік. Үй ішінде текшеленген кітап пен газет-журналдар будасы да мол-ды. Х.Есенжанов. Бір будам жіп, бір будам ішек. С.Қасиманов.

Буржуй/буржуа *сөйл./бұржой сөйл.* НЭП-тің буржуйына аздап тізгін беріліп еді. С.Мұқанов. Буржуа бұл әдісті дәріптей береді. «Жұлдыз». Бұржойлар ала берсін демейді. Б.Майлин.

Бурыл/буырыл *орф.* Самайына ақ кірген, бурыл шашты. М.Иманжанов. Сақал-мұртына буырыл кірген. Ғ.Мүсірепов.

Буыршын/бұршын *сөйл.* Мына буыршын шайнай ма ботамды. Ғ.Мұстафин. Сары хан бұршын мініп аңға барды. Қозы Көрпеш.

Бұғалық/бұғалақ *сөйл.* Қара ат ақ пешканың бұғалығына түсіп тұр еді. Т.Әлімқұлов. Боздаққа салып бұғалақ, Месқарын неге желікті. К.Әзірбаев.

Бұғана/бұғанақ *сөйл.* Оқ бұғана мен топшысының аралығынан тиген. С.Мұқанов. Буыны бекіп, бұғанағы қатпаған жас бала. М.Ермеков.

Бұғын/бүк Көріңгім келмей бұғына түстім. Ә.Қалдыбаев. Бұға берсең, сұға береді. Ғ.Мұстафин.

Бұдыр/бұдырмақ Бұдыр тастары көрініп қалады. М.Әуезов. Бұдырмақ оқтардың орнына теп-тегіс тақтай білінді. С.Мұқанов.

Бұжыр/бұржық *сөйл./бұжырмақ сөйл.* Үйді шикі бұжыр қыштан салған. С.Сейфуллин. Қарасам, бір қара сақалды бұржық бет қазақ. С.Сейфуллин. Бұжырмақ кесек тастарды көресің. С.Мұқанов.

Бұзақы/бұзық/бұзақар Робик деген бұзақының ықпалына түседі. А.Қайдаров. Дарқанды бұзық, бұзақар атандырып, аңдып артына түседі. І.Жансүгіров.

Бұзғыш/бұзар Екі жүзді ел бұзғыш. Ү.Кәрібаев. Қодар да рақымсыз, қаражүрек, ант бұзар. М.Әуезов.

Бұзауқан/бұзаушық *сөйл.* Жұмып көзін бұзауқан, Сидә сирақ қошақан. Жамбыл. Жүр, бұзаушық, Бір жүрейік. Ә.Тәжібаев.

Бұйығы/бұйғын *жерг./бұйық сөйл.* Бұйығы, жуас жігіт. З.Қабдолов. Бұйғын жүректі жұлқып өткендей болды. Х.Есенжанов. Ашылмаған әлі бұйық. Ө.Тұрманжанов.

Бұйрық/бұйырық *орф.* Бұйрық сізден болсын. «Жұлдыз». Жеке-жеке ұшпауға бұйырық болды. І.Жансүгіров.

Бұйым/бұйім *сөйл.* Бұйым құрлы көрмеді. «Жалын». Шын ғашық шыбын жанды бұйім демес. Үш ғасыр жырлайды.

Бұйымтай/бұйімтай *сөйл.* Бұл кісінің бұйымтайын естілік. С.Көбеев. Бұйымтайыңыз дейтін не бұйімтай болады. І.Жансүгіров.

Бұла/бұлаң Аңқау өскен ер едім, Бұла болып жасымда. Махамбет. Ол – шал-кемпірдің ортасында бұлаң өскен жалғыз қыз. Б.Соқпақбаев.

Бұл/бұ Бұл араға қайдан келдің? С.Шарипов. Бұ кісілер жағдайды білмейді. М.Дүзенов.

Бұлады/шүберекке түйді Тарығып шын жыласа, Мол бітпеске немене, Жігіт жанды бұласа! Ел шетіне жау келсе. Тәттіқара! Жанын шүберекке түйді. Ауызекі тіл.

Бұлай ет/бүйт Бұлай ету жарамас. «Лен.жас». Гүлнұр бүйтер деп ойласам бұйырмасын. Ө.Қанахин.

Бұлғақта/бұлғанда Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң, Суретін көре алмассың көп бақпасаң. Абай. Шортан жемге де қарамай, жайымен бұлғандап өтіп жүре берді. Ы.Алтынсарин.

Бұлғалаңда/бұлғалақта Біз бұлғалаңдап үйге жеткенше түн ортасы ауып кеткен еді. Ғ.Мүсірепов. Петрушкин де бұлғалақтап, мас болған кейіп білдірді. К.Тоқаев.

Бұлда/пұлда *сөйл.* Думан қылды аулында, сөзін бұлдап сатқан жоқ. Жамбыл. Көрген емес ешкімге өзін пұлдап. Ө.Тәжібаев.

Бұл жақ/бұ жақ/бұяқ *морф.* Бұл жаққа қайдан келді? Ауызекі тіл. Мәселенің о жақ, бұ жағын ойластырып қарағанда, ескертетініміз осы. Ауызекі тіл. Бұяқта арбадан басқаны білмейді. Диал.сөздік.

Бұл жерде/бұ жерде/бүйерде *морф.* Бұл жерден археологиялық құнды ескерткіш табылған. «Қызыл ту». Бұ жерде бұрын да болғанмын. Ауызекі тіл. Бүйерге жарылғыш затты қоймау керек. «Жетісу».

Бұлтарыс/бұлтан/бұлтақ/бұлғалақ/бұлтық/бұлтың Таудың жол төселетін жерлеріндегі бұлтық, бұлтарыстар ығысып бара жатқандай. Ы.Тникин. Әділ бұл, бұлтанғы жоқ өмір заңы. Қ.Бекхожин. Адалдың адалы, бұлтағы жоқ, бір сөзді Мейрам бар. Ғ.Мұстафин. Эшелон осы бұлталақта 19 күн жүрді. С.Мұқанов. Деді де ұрты бұлтың етті. О.Әубәкіров.

Бұлтылдақ/бұлтақ Серке сан, белі делдек, шоқтық биік, Бұлтылдақ бұлшық етті – бейне киік. С.Сейфуллин. Жоқ қой әлі көңілінің бұлтағы. Х.Ерғалиев.

Бұлыңғыр/бұлың/бұлғыр *сөйл./бұлаңғыр* *сөйл.* Күн бұлыңғыр, сәске түстің шамасы. Б.Соқпақбаев. Ай сәулесі астында ақ желеңдей айқындамай бұлың береді. М.Әуезов. Бұлғыр түнек, қара түнді Әкетті айдап кек дауылы. С.Мәуленов. Күз-аспаны күңгірт, бұлаңғыр. М.Әуезов.

Бұралаң/бұраң Бұралаң соқпақпен бір адам ілбіп келеді. «Қаз.әдеб». Сұлап жатыр бұраң мүйіз теке. Қ.Мұқышев.

Бұранда/бұран *жерг.* Бұрандамен бекітті. «Жетісу». Жігіттер бұранды дамылсыз бұрап тұр. Ғ.Мұстафин.

Бұранда/бұраланда/бұрақта *сөйл.* Бұрандап бұтақтары күнге еркелеп. Д.Әбілев. Бұраландап жүре алмай қалған. З.Шашкин. Болдырған арық аттай бұрақтайсың. С.Мұқанов.

Бұрғыла/бұраула *сөйл.* Тас шындарды бұрғылады. «Соц.Қаз». Бұраулап жердің астын бұрғы жырды. Д.Әбілев.

Бұрқа/бұрқылда *сөйл.* Қойлы ауылдан ақшыл тозаң бұрқады.

Х.Ерғалиев. Бурадай бұрқылдап, келші бері дегендей. Ә.Әбішев.

Бұрқак/фонтан *кітаб*. Осы шаршыдағы аландар мен бұрқақтар (фонтан) басында түрлі сауық-сайран ұйымдастырылды. «Алматы ақшамы».

Бұрқан/буырқан *орф*. Теңіз шуын сүюші еді ол, Сүюші еді бұрқанды. «Жұлдыз». Көзіме елестеді буырқанған бір майдан іші. С.Мұқанов.

Бұрқасын/борасын/буырқасын *орф*. Бұрқасын көтерілді. М.Иманжанов. Суық борасынды күнде екі жаяу көзге шалына кетті. Ж.Жұмаханов. Ақын жаны тыныштықты сүймейді. Буырқасын керек. «Қаз.әдеб».

Бұрқырат/бұрқат *сөйл*. Шаңды бұрқыратып, зырлап келеді. З.Шашкин. Ат тұяғы бұрқатып тозаң, шаңды. Қ.Жұмалиев.

Бұрнағы/мұрнағы *сөйл*. Бұрнағы жылы егінін орғамын. Ғ.Орманов. Мұрнағы жылы көмір зерттеу институтынан қуылған. Ә.Әбішев.

Бұрыс/бұру *жерг*. Бұрыс кеткенін көрмедім. М.Ақынжанов. Жолдан әлдеқайда бұру отыратын жалғыз үй. «Жұлдыз».

Бұт/пұт *сөйл*. Тас мүсіндер, бұт құдайлар саны көп. М.Әуезов. Балаларымды пұтқа табынудан сақта. М.Тоқжігітов.

Бүгежекте/бүгженде/бөгежекте *сөйл./бөжекте жерг*. Қараңғыда жортқан бөрідей бүгежектейді. «Жұлдыз». Үйге қарай бүгжендей жөнелді. С.Сарғасқаев. Қорқақтап, бөгежектеп едім. Қазақ ертегілері. Жабыдан туған жаман ат Шаба алмайды бөжектеп. Махамбет.

Бүгелек/бөгелек *сөйл*. Жылқыны бүгелек аздырар, ешкіні кебенек аздырар. Мақал. Бөгелек аталатын инеліктің бір түрінен қорқатын. С.Мұқанов.

Бүгулі/бүгілулі Балалардың тізесі бүгулі. Ғ.Мұстафин. Басы бүгілулі. Б.Майлин.

Бүкшенде/бүкшінде Бүкшендей басып кете барды. Ә.Шашкин. Бүкшіндеп бақша ішін кезіп жүрміз. «Лен.жас».

Бүкіл/бүткіл/бүтін/бүтіл *сөйл*. Бүкіл ауылды басына көтерді. Ш.Күмісбаев. Тілегендей бүткіл ел Екі жастың өмірін. М.Әлімбаев. Аумағы бүтін екі көше енін алып жатыр. Е.Қалиев. Бүтіл елді өзіңе қарсы қоясың. Ә.Нұрпейісов.

Бүкір/бүкіс/бүкіш Бүкір талдарды жел екіге бүктеп тұр. «Жұлдыз». Қос өкпесі сырылдап, белі бүкіс иіле. Мұқышев. Бүкіш белім жазылып, жігіт болдым көк өрім. Халық ақындары.

Бүлдірге/бүлдіргі Бүлдірге – сапқа байланатын қысқа жіп, қайыс. С.Қасиманов. Қамшының бүлдіргісіне байлап ал деген. Б.Тоғысбаев.

Бүлдірме/бүлме *сөйл*. Бүлдірмеген кезі жоқ. «Қаз.әдеб». Сокқанда дауыл сол қатты, ел қалды ма бүлмеген? С.Мұқанов.

Бүлкек/бүлкіл Бұлаң құйрық бүлкекпен ел шетіне кіре берді. Ә.Нұрпейісов. Жол жүргенде ит бүлкілі ішінді түсіреді. Ә.Нұрпейісов.

Бүлінген/бүлген *поэз*. Сабыр ет, бүлінген ешнәрсе жоқ. Ауызекі тіл. Ормамбет би өлген күн, Он сан ноғай бүлген күн. Шалкиіз жырау.

Бүркеншік/бүркеншек *сөйл*. Жабысып алба-жұлба бұлт бүркеншік, салмағын сала түсті бұл да едәуір. А.Тоқмағамбетов. Қолдан тоқыған көк

бүркеншегі босағада ілулі тұр. С.Шарипов.

Бүркеуіш/бүркеніш Көнді бүркеуіш түрінде де шашуға болады. А.Жанғалиев. Өздерінің әрекетіне саяси бүркеніш ететіні белгілі. «Соц.Қаз».

Бүрсенде/бүрсекте Бұрындары жыртық киіз үйде бүрсендеп жүретін. М.Әуезов. Бала бүрсектеп тоңуға айналды. Қ.Әбдіқадіров.

Бүрсен (қағу)/бүржің сөйл. Балалары бүрсен қағып, мазалай бастады. С.Алдабергенов. Басында бүржің қағып отырсам да. Айтыс.

Бүрісті/бүйісті сөйл. Іші ауырып бүрісе бастады. Ы.Алтынсарин. Бүйі тигендей бүйісті де қалды. С.Төлешев.

Бүтіндей/бүкілдей сөйл. Бүтіндей қайта құру қажет. М.Иманжанов. Жұрт назарын бүкілдей аударып әкеткен. Ғ.Сыланов.

Бықсы/бықыс жерг. Бықсиды улап көзді, жүректі жеп. Қ.Бекхожин. Тар бөлме жиналмай бықысып жатыр. Т.Ахтанов.

Бықсыма/бықсық Кеудесі толған бықсыма арамдық. М.Әуезов. Айғыздан сондай бықсық шықпай жүре ме? М.Әуезов.

Бықсыт/күңсіт сөйл. Қайдағыны бықсытқаны абыржытып тастады. Ө.Қанахин. Күңсітіп өсек таратты. Д.Досжанов.

Былай/бұлай Адамға былай амандасар болар. С.Мұқанов. Рахметолланың бұлай деуінде себеп бар. М.Тоқжігітов.

Былау/ванна кітаб. Қажетіне қарай адам аяқ-қолын былауға салуға болады. «Мәдениет және тұрмыс». Ванна – кісі шомылатын ұзынша терең астау. Түсіндірме сөздік.

Былғары/бұлғары сөйл. Былғарымен қапталған есік ашылып кетті. С.Шаймерденов. Сары бұлғарымен жапқан пәуескенің үсті-басы сарала жез. Ғ.Мүсірепов.

Былдырла/балдырла Тілі шығып қапты, былдырлап жүгіріп жүр. З.Шашкин. Екеуі балдырлап, көп нәрсенің ұшын шығарып тастады. С.Сәмбетова.

Былжыр/былжырақ/балжыр Тек, көк соқта, былжыр. Ә.Нұрпейісов. Қар – онша былжырақ емес. «Жұлдыз». Балжыр ауыз Ақмади үйге кірді. І.Жансүгіров.

Былжыра/балжыра Былжырай қалғаның не сенің. С.Омаров. Балжырап көзіңе жас алғаның қалай? Ш.Құсайынов.

Быр-быр/пыр-пыр Бүркеніп быр-быр ұйықтайды. І.Жансүгіров. Күзетші пыр-пыр етіп ұйқыға кеткен. «Қаз.әдеб».

Бырдай/пырдай сөйл. Қозылар бырдай жусаған. Ғ.Орманов. Үйір-үйір жылқы, ақтылы қой аралас пырдай боп жатады. Ш.Ахметов.

Быртық/бортық сөйл. Быртық, мұқыл саусағын шошандатып. Ә.Нұрпейісов. Ақ бортық саусақтар сүт ағынға малынып тұрды. А.Сүлейменов.

Бытыраңқы/бытыранды Қалпы да, салты да бірыңғай мал баққан бытыраңқы ауылдар екен. С.Көбеев. Сай-саладағы бытыранды киіз үйлерді қарусыздандыруға екі мылтық желеу болды. М.Тиесов.

Бытыс/быттыс сөйл. Нағашы, жиен болып бытысып жатады. С.Мұқанов. Быттысып араласып жатқан. Б.Майлин.

Біз/бігіз жерг. Қолында біз, қайыс ат-тұрманды жамап отыр. Ғ.Мұстафин. Біздің үйде бігіз болмайды. Диал.сөздік.

Біздіңше/бізше Біздіңше, ертерек секілді, «Жалын». Бізше, берер тағылымы аз болмаса керек. «Қаз.әдеб».

Білгір/білгіш/білімпаз/білімдар/білермен Ақтарыла, білгір ұстазша сөйледі. Ә.Шәріпов. Күйді түйе сезбейді деп Нәзір білгіш айтады. С.Сейфуллин. Ұлы білімпаз адам еді. С.Ерубәев. Кім де болса, білімдар кісінің жазғаны. Т.Әлімқұлов. Тартымды, білермен болатын жігіт. І.Жансүгіров.

Білгішесу/білгіресу Нұрлан білгішсіп, шақылдап айтқанға көнбейтін. З.Шашкин. Біреулер көз, біреулер тіл тиді деп білгірсіді. Ө.Қанахин.

Білдей/пілдей сөйл. Еркеш – енді білдей инженер. А.Мұздыбаев. Сыра заводының пілдей қызметкері болдым. «Қаз.әдеб».

Білетін/білетұғын көне. Ол кісіні сырттай білетін. «Жұлдыз». Жасы менімен шамаластығын бұрын да білетұғым. О.Бөкеев.

Білмеймін/білмейм сөйл. Қазір қайда екенін білмеймін. «Соц.Қаз». Мен өзгені білмейм. Ғ.Мүсірепов.

Білте/пілте сөйл./пілік жерг. Білтелі аспалы шам бар. Ғ.Мұстафин. Терезесінен пілте шамның жарығын көретінбіз. Қ.Тоғызақов. Шамның пілігі жана бастапты. Ә.Тәжиева.

Білікті/білгілікті сөйл. Білікті адамның өзін көргенше асықтым. Ғ.Мұстафин. Білгілікті кісі болсаң, неге атамасын. С.Мұқанов.

Біраздан соң/біраздасын сөйл. Біраздан соң жауап қатты. «Лен.жас». Улап-шулап өткендей біраздасын. Ғ.Қайырбеков.

Бір-бірлеп/бір-біріндеп сөйл. Бір-бірлеп үлестірді. «Жетісу». Бір-біріндеп сөксе де, Қабағын жаппас ер керек. Махамбет.

Бірегей/егей көне. Ыбырай – қазақтың бірегей азаматы. С.Көбеев. Батыр туған егейім. Ү.Кәрібаев.

Бірақ/ләкин кітаб. Бірақ туған аулымнан шетте өстім. С.Мұқанов. Ләкин соғыстан да ғақбыты жаманырақ. Б.Кенжебаев.

Бірдеме/бірдеңе сөйл./бірдеңке морф. Ол жерден бірдеме шықпай қоймайды. Ғ.Мүсірепов. Жерден бірдеңені алды. Б.Қыдырбекұлы. Беретін бірдеңең бар ма? «Диал.сөздік».

Бірден-бір/бірме-бір сөйл. Заң шығаратын бірден-бір орын. «Соц.Қаз». Оның бірме-бір емі – балшыққа салу. Т.Ахтанов.

Бірді-екілі/бір-екілі/бірлі-екілі сөйл. Бірді-екілі жаралы болмаса, шығын жоқ. Н.Сыздықов. Бір-екілеп шыққандар солай қарай бет алысты. Қ.Исабаев. Бірлі-екілі ағылшындар да бар екен. А.Машанов.

Бірер/біраз Арасында бірер бурыл сақал қарт. М.Әуезов. Біразы кешігіп келгендер. «Жалын».

Біржолата/біржола/біротала/ақи-тақи Біржолата жоюға мүмкіндік бар. М.Ермеков. Бұл мәселе біржола бітсін. М.Иманжанов. Біротала құтылған сияқты. «Соц.Қаз». Ауыр ойдан ақи-тақи айыға қоймады. Ә.Нұрпейісов.

Біркелкі/біргелкі орф. Үйлері де біркелкі әдемі. С.Мұқанов. Біргелкі үйлер салынып келді. «Лен.жас».

Бірқатар/бірқыдыру/бірсыпыра/бірпара *жерг.* Бірқатар оқыған баланың таяқ жегені болмады. Б.Майлин. Бірқыдыру мәселе соңғы бір айда шешілмек. Б.Соқпақбаев. Бірсыпырасына шаншу боп қадалды. Б.Майлин. Осындай міндеттің бір парасын өзім арқаласам. «Соц.Қаз».

Бірлі-екілі/бірді-екілі Бірлі-екілі номер берді. «Жалын». Бірді-екілі малымызды бағып отыра береміз. Ғ.Мұстафин.

Білтеле/пілтеле *сөйл.* Дітіңді білтелемей, білдіре айтшы. Жамбыл. Ойыңды пілтелемей, білдіре айтшы. Айтыс.

Бірлі-жарым/бірлі-жарымды Бірлі-жарым ән шығарғанға мез. А.Жұбанов. Бірлі-жарымды орыс жазушыларының бюстері тұр. Ғ.Ахметжанов.

Бірнеше/бірғанша Бірнеше адам келді. Ауызекі тіл. Көмектесуге бірғанша адам сұранып жүр. «Енбек туы».

Бірталай/бірқауым Бірталай уақыт өтті. Ауызекі тіл. Бірқауым уақыт күтіп отыруға тура келді. «Қазақстан әйелдері».

Біртекте/біртекте Олар біртекте емес. «Лен.жас». Біртектес ерітінді түзеді. Н.Нұрахметов.

Біртін-біртін/бірсін-бірсін *жерг.* Жұрт біртін-біртін тарап кетті. С.Омаров. Көзіне бірсін-бірсін жас келе берді. Р.Тоқтаров.

Біртіндеп/біртін/біріндеп Біртіндеп қосыла-қосыла оннан асты. Ғ.Мұстафин. Жөнелді біртін екпіндеп, Үдере сызып, арқырап. С.Сейфуллин. Мұның көңіліндегі күдіктің бәрі біріндеп сейілді. Т.Ахтанов.

Бір уақыт/біруақ/бірауық/бір мезет/бір мезгіл Бір уақыт бізге де қарайласады. «Лен.жас». Біруақ ойланған дұрыс. «Қаз.әдеб». Бірауық өткінші өкінішке де ауытқып отырған. С.Омаров. Бір мезет қыз қиялы кетті самғап. С.Омаров. Бір мезгіл жұмыс та істеген дұрыс қой. О.Тұрманжанов.

Бірінді/біріні *сөйл.* Тегешімен бірінді қымызын алып шықты. С.Сейфуллин. Үлкен сырлы аяқпен біріні бидай алған. С.Жүнісов.

Бісмілда/бісмиллә/бесмелда *сөйл.* Бісмилда деңдер. С.Ерубәев. Бісмиллә деп құрақ ұшып жүр. М.Әуезов. Бесмелда деп сөйлейін. Айтыс.

Бітуана/бітуажа *сөйл./пітуәна сөйл.* Құдай кездестіріп, бітуана деп арман қылушы едім. Б.Майлин. Мен тек бітуажа есепті айтып отырмын. Ғ.Сыланов. Сиынып жүрген Тарғынның пітуәна бабасы. Ер Тарғын.

Г

Газел/ғазел *сөйл.* Күйіс қайыратындарға газелдер жатады. Қ.Қайымов. Бұл шаһбаздың ғазелі. Қобыланды.

Газеткер/газет қызметкері Алматы облыстық «Жетісу» газетінде газеткер болды. «Қаз.әдеб.». Газет қызметкерлері тегіс бөлмеге жиналды. Ауызекі тіл.

Гауһар/кәуһар *сөйл./ғауһар сөйл.* Мөлдір судың түбіндегі гауһардай. Ж.Саин. Асылдың асыл кәуһары. Айтыс. Гауһар көздерімен әкеме қарай берді. Ж.Жұмаханов.

Гәп/кәп *сөйл./кеп сөйл.* Кетуінде бір гәп болу керек. Т.Әлімқұлов. Біздің

кәп айта берсе толып жатыр. Жамбыл. Мұнда бөтен бір кеп бар. I.Есенберлин.

Генерал/жандарал *көне*. Тұрды қарап генерал. С.Мұқанов. Жарлық қып жандарал мен губернатор. К.Әзірбаев.

География/жағрапия *көне*. География сабағын ұнататын. «Лен.жас». Жағрапия мен жаратылыстан оқытқан. С.Мұқанов.

Гимн/әнұран *сөйл.* Мемлекеттік гимн орындалды. «Соц.Қаз». Республикамыздың әнұраны шырқалды. «Алматы ақшамы».

Гир/кір *сөйл.* Бір пудтық тұтқалы гир жататын. Ә.Нұршайықов. Сиырлар кірге түсірілді ме? Ж.Тілеков.

Гой-гөй/көй-көй *сөйл.* Жел болса гулеп, гой-гөйіне басып тұр. Ә.Қалмырзаев. Әйелдердің зарлы көй-көйін қайта ести бастадық, Ә.Кекілбаев.

Гөр/көр *орф.* Білмесем қадірінді, кеше гөр. М.Неталиев. Тиісіп көр, не болар екен. «Қаз.әдеб».

Гөрі/көрі *орф.* Сөзден гөрі күйді жақсы түсінер. А.Сатаев. Аттан көрі адам жегіп жүрген артық деп ойлағаны ғой байдың. М.Жұмағұлов.

Гуле/куле Алып қашпа, қаңқу сөз желше гуледі. Ж.Жұмаханов. Шынысы салынбай жел кулеп тұрушы еді. С.Мұқанов.

Гүіл/уіл Ертістің тасығаны сықылды толассыз гүіл. А.Жақсыбаев. Уақтар ғұмыр бойы қос уілмен. Т.Әлімқұлов.

Гүілде/куілде *сөйл.* Гүілдеп соққан жел үніне үн қосты. М.Әуезов. Телеграф сымы мұнды дауыспен куілдейді. Т.Әбдірахманов.

Гүжіл/күжіл Мотор гүжілі ғана естіледі. «Қаз.әдеб». Үйде қымызға тойғандардың күжілі. Ғ.Мұстафин.

Гүжілде/күжілде Гүжілдеп машиналар легі өтті. Р.Тоқтаров. Даусын бұза, күжілдей сөйледі. Ғ.Мұстафин.

Гүлзар/гүлхана/газон *кітаб.* Үш жүз шаршы метр жерде гүлзар мен саябақ жасалды. «Соц.Қаз». Миуа едің иісті гүлханадағы. Кете Жүсіп. Бет алысы – газоны бар ақ пәтер. Х.Ерғалиев.

Гүлтәж/венюк *кітаб.* Сонеттің бұл түрі орыс, әлем поэзиясына гүлтәж, демек венюк деген атпен белгілі. «Қаз.әдеб».

Гүрзі/күрзі *орф.* Гүрзімен сайыс салатын. Н.Сүлейменов. Күрзісін елге қарап күмпілдетті. С.Керімбеков.

Гүрс/күрс Мылтық даусы гүрс етті. Қ.Аманжолов. Бірдеме күрс етіп құлаған тәрізденді. Ғ.Мұстафин.

Гүріл/күріл Құлағын зеңбірек гүріліне тосып, ауық-ауық тыңдап алады. Ә.Нұрпейісов. Терезеден өзеннің күрілі естіліп тұр. Ауызекі тіл.

Гүрілде/күрілде Өзеніме қарашы ағып жатқан гүрілдеп. Жамбыл. Тасыған өзен күрілдеп. Абай.

Ғ

Ғажап/ғажайып/ғажаб *кітаб./қажайып сөйл./ажайып сөйл.* Сауық-

сайран құруда неше ғажап. Батырлар жыры. Ғажайып ғалым, ғұлама Әбунасыр әл-Фараби жат жерде дүние салды. Д.Досжанов. Екі құбылысты ғажаби түрде жақындастырады. М.Әлімбаев. Не бір қажайыпты осы арадан көрдім. «Лен.жас». Ажайып кестеленіп жатыр жайнап. И.Байзақов.

Ғажаптан/ажаптан сөйл. Жаралы аяғы қалай жазылып кеткеніне ғажаптанады. Ә.Нұршайықов. Бірақ үйткенмен ажаптандым. С.Сейфуллин.

Ғазел/ғазал орф./газел кітаб. Навоида да ғазелдер бар. М.Әуезов. Хожандтық лирикалық ғазалдары бар. «Қаз.әдеб». Лирикалық газелдері халық арасына кең тараған. «Лен.жас».

Ғазауат/ғазабат сөйл. Ислам дініндегі ғазауат соғыстары – осындай соғыстар. М.Тоғжігітов. Жүністі имам Ағзам ғазабатпен байланыстырмақ. З.Шашкин.

Ғазиз/әзиз/әз/әзіз орф./ғазіз сөйл. Ғазиз басын оққа байлай. Д.Әбілев. Абзал жүректі әзіз досымды өлдіге қимаймын. Ә.Әлішев. – Мейліңіз, – деді әзиз қыз әдеттегісіндей жымия күліп. Т.Қойшыманов. Әз тұтып келген атаға енді еркелеп ойнайтынды шығарды. Т.Жармағамбетов. Қадамы әзіз ердің ұзамайды, жігітке, бақыт шіркін сырт айналса. Ы.Алтынсарин. Аса бір ғазиз адам санап жақсы көретін. М.Әуезов.

Ғайбана/қаймана сөйл. Ғайбана қазақтың біреуімен сөйлескендей сөйлеседі. Б.Соқпақбаев. Әлгі қыз-келіншектердің тілі де, тіршілігі де басқа, қаймана біреулер сияқты. Ө.Қанахин.

Ғайбат/ғайбәт орф./қайбат сөйл. Өсек-аяннан, ғайбаттан, күншілдіктен басқаның бәрі жағады. Т.Әлімқұлов. Әйелі – ғайбәт сөйлемейтін, дініне мықты адам. Қазақ ертегілері. Өтірік емес, қайбат емес, несі бар, бұ да жаңалық. Ғ.Мұстафин.

Ғайбатта/айбатта сөйл. Сыртымнан ғайбаттап, Төлеубайды менен бездірген екен. С.Омаров. Оны сырттай айбаттайтыны бар. «Қаз.әдеб».

Ғайыберен/қайыбірлен сөйл. Ғайыберен қырық шілтен қолтықтан сүйеп демеді. Алпамыс. Бұл қайыбірлен қырық шілтен болды ғой. О.Сәрсенбаев.

Ғайып болды/ғайыптанды Лезде ғайып болды. «Лен.жас». Қайда ол, қайда ізгі адам ғайыптанды. Ә.Сәрсенбаев.

Ғақлия/ғақлы сөйл. Оның ғақлия сөздері бүгінгі жазушыларға да айтылып тұрғандай. Н.Шәкеев. Ғашықтық қайғысынан өлгендер көп, Мәжнүн ғақлы зая болғандар көп. Үш ғасыр жырлайды.

Ғалам/ғалем сөйл. Сендей сұлу қала жоқ, Он сегіз мың ғаламда. Жамбыл. Он сегіз мың ғалемді аралап ондай сұлуды көрген емес. «Мың бір түн».

Ғаламат/ғалемет сөйл./әлемет сөйл. Ғаламат бір кеме жасағысы келетінін айтты. С.Шаймерденов. Небір ғалеметін осында қолдан өсіріп жүр. Ф.Дінісламов. Мұндай әлемет суық болғанын көрген емеспін. С.Омаров.

Ғалым/ғалім орф. Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим – ғалым. Абай. Ғалім болсаң, ғалам сенікі. М.Әлімбаев.

Ғана/қана Жұрнақтары ғана біздің заманымызға жетіп отыр. С.Сейфуллин. Тілейтінім тек қана осы. «Лен.жас».

Ғанибет/ғанимат *кітаб./ғанимет сөйл./қанібет сөйл.* Күтпеген кездесудің ғанибеті көңілге елегізу салды. Т.Әлімқұлов. Ат жазбақ ағлам етіп дән ғанимат. Айтыс. Тәуір сыйлап өлең айт жарқын маған. Адамға ол да болса бір ғанимет. Қыз Жібек. Аман-есен көріскен бұ да бір қанібет, – деді «ғанибет» деген сөзді өте қазақшылап. С.Бегалин.

Ғаныш/гипс Жаңа нақыштар тауып, ғаныш пен саз балшықтан – әсем керамикалар өндіруде. «Соц.Қаз». Гипсті күйдіріп, құрылыс материалы ретінде пайдалануға болады. С.Жортанов.

Ғапу/ғафу *кітаб.* Ғапу ет, коллега! З.Шашкин. Өтінем сенен ғафу, асыл жарым. М.Мақатаев.

Ғапіл/ғафіл *кітаб.* Дүние деген ғапілді, Табалмай келдім ақылды. Батырлар жыры. Байқадың ба, бозбала, Қыз Жібектің ғафілін. Қыз Жібек.

Ғарыш/космос Шексіз ғарышта мың сан ғасыр дараланып, ғаламат құпиясын сақтады. «Қаз.әдеб». Космосқа самғап ұшқан жұлдызды жігіт. «Лен.жас».

Ғарышкер/космонавт/астронавт Тұңғыш қазақ ғарышкерінің космосқа ұшатын уақыты таяу. «Соц.Қаз». Совет космонавтарының қатары молая түсті. «Лен.жас». Американ астронавтары айға конды. «Спорт».

Ғаріп/ғарып *сөйл./қаріп сөйл./кәріп сөйл.* Белгісіз ғаріпке жаны ашыған. Р.Бердібаев. Ортамыздағы бір ғарыпты қайда тастап отырмыз. М.Әуезов. Үйіне қайтып келеді, Қаріптерді жияды. Батырлар жыры. Ренжітпе бенде болсаң бір бейшара кәріпті. «Қаз.әдеб».

Ғаріп-қасер/ғарып-қасыр *сөйл./кәріп-кәсер орф./қаріп-қасер сөйл.* Ғаріп-қасер, жетімге болды тойын. Қозы Көрпеш. Ғарып-қасыр, ақсақ-соқыр нашарларға таратушы еді. «Жұлдыз». Кәріп-кәсер бишараны сыйлайын десең өзің біл. «Жұлдыз». Қаріп-қасер, жетім-жесірге рақымды адам екен. Қазақ ертегілері.

Ғаріпхана/қарттар үйі Ғаріпханаға қалай ғана дәтің барып апардың. «Соц.Қаз». Қарттар үйінде алты жүздей адам бар. «Лен.жас».

Ғаурат/ғәурет *сөйл.* Бетінен басқа әйелдің бар денесі ғаурат деп. С.Мұқанов. Ғәуретін ашқанға мазаланды білем. Қазақ ертегілері.

Ғашық/ашық *поэт.* Баяғының ғашықтарыңша күрсінесің ғой. М.Иманжанов. Екі ашыққа саулық тілеп тұрғандай. С.Дәуітов.

Ғашықтық/ашықтық *поэт.* Ғашықтық келсе жеңер, бойынды алып. Абай. Аштық ас талғатпайды, ашықтық жас талғатпайды. Мақал.

Ғаяр/аяр *сөйл.* Бір ғаяр шебер қатын бар деуші еді, өлтіріп сол болмасын үптейтұғын. Амангелді. Бір аяр қатынның кесапатынан осындай күйге душар болдым. Қырғыз ертегілері.

Ғибадат/ғибарат *кітаб.* Мінажатын, құмиылық ғибадатын күшейтсін. М.Әуезов. Сол аңызда да ғибарат бар. Ғ.Қайырбеков.

Ғибадатхана/қибадатхана *қарап.* Қалада ғибадатхана көп. Қ.Сатыбалдин. Бабаның сарайы барлық мақлұқтар қибадатханасы екен. Мың бір түн.

Ғибрат/ғыбрат *сөйл./ғибат қарап./әбірет жерг.* Біздерден ғибрат алған талай тарлан. Ғ.Сыланов. Көкірекке ақыл, көзге ғыбрат, жалынды талап,

жаңа үміт. І.Жансүгіров. Ұстаз аузынан шыққан ғибатты ұйып тыңдап қапты. «Қазақстан мұғалімі». Мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады. Ы.Алтынсарин.

Ғибратты/ғибратлы *кітаб.* Көркем әдебиет халық тұрмысынан жазылған ғибратты хикая. С.Сейфуллин. Крыловтың ғибратлы шығармаларының зердесіне ұялауы аударма өнерінің құдірет күшін танытар. М.Әлімбаев.

Ғимарат/ғымарат *қарап./имарат. сөйл.* Құлаған көп ескі ғимараттар байқалады. М.Әуезов. Ғимараттың асты-үстіндегі жарықтың бәрі жойыла қалды. Ж.Тілеков. Көп қабатты имарат алыстан көз тартады. «Жұлдыз».

Ғой/қой Түлкі ғой ол, – деді Әйтiм. Н.Ғабдуллин. Ол тас қой жатқан. «Қаз.әдеб».

Ғұзыр/құзыр *сөйл.* Неге тіреу етсеңіз де ғұзырындамыз. С.Шаймерденов. Құзыр сұрай келіпті. Қазақ ертегілері.

Ғұлама/ғұлами *кітаб.* Есімі халық музыкасының ғұламасы ретінде кеңінен таныс. Ж.Рсалдин. Ғұлами елге іріткі салуы күпірлік. Б.Аманшин.

Ғұламалық/ғұламдылық *сөйл.* Медресе ұстап, ғұламалық етері анық. Д.Досжанов. Осының бәрі – ғұламдылықтың белгісі. М.Мағауин.

Ғұрлым/ғұрлы/құрлым *сөйл.* Кісі ғұрлым көрмейтін жөндекілеу жігіттері. М.Әуезов. Жетім қыздың тойы ғұрлы болмағанына күлкім келеді. Ш.Хұсайынов. Бір еркек құрлым сыйлайтын секілді. О.Сәрсенбаев.

Ғылыми/ғылми *орф.* Тең жартысының ғылыми атағы бар. «Соц.Қаз». Ғылыми жетекшісі болуы шарт. «Лен.жас».

Д

Да/де/дағы Октябрь таңы атты да, нұр бітірді көзіме. Н.Байғанин. Ел де, ер де риза. «Соц.Қаз». Адамбыз ғой біз дағы. Ә.Тәжібаев.

Дабырла/дабырла/дәудірле Жұмысшылардың дабырлаған даусы естіледі. С.Ерубасев. Дабырлаған сөздері естілді. С.Сейфуллин. Дәудірлеген сөзімен Дәуренге де ұнады. С.Сарғасқасев.

Дабылпаз/дабылшы Дабылпаз шабуылға шақырды ма? Қ.Бекхожин. Ей, дабылшы, дабылды соқ тағы да. Қ.Бекхожин.

Дағар/дағара *сөйл./дағыра* *сөйл.* Бір дағар тезек теріп келеді. Б.Соқпақбаев. Дағара – үлкен қап. С.Қасиманов. Дағыралар қатты ұрылып, Қандар ақты ағыл-тегіл. Қ.Бекхожин.

Дағдарулы/дағдарлы *сөйл.* Не істерін білмей дағдарулы. «Лен.жас». Ішінде бұл шаһардың дағдарлы едім. Айтыс.

Дайын/даяр Заманда дайын асқа тап болдық қой. Б.Әбдіразақов. Қымызды басар артынан, Ет даяр ма қасында. Абай.

Дайында/даярла Түн ішінде кім тамақ дайындап береді оған? З.Шашкин. Керекті қағаздарды даярлап қойған екен. Б.Момышұлы.

Дақ/нақ Дақ сондай сорақы болған емес. «Лен.жас». Нақ Ақаттай суреттеп жаза алмайды. Б.Майлин.

Дақпа-дақ/дақ-дақ Аяғын дақпа-дақ басып кіріп келген. А.Байтанаев.

Аяғын дақ-дақ баса шығып кетті. М.Қаратаев.

Дақпырт/дақбырт *орф./дағбыр сөйл./ғақбыт кітаб.* Сол дақпыртқа елігіп мен де елімді іздеп келем. С.Талжанов. Көп мұғалімдер осыны ұқпай дақбыртпен кетті де. М.Иманжанов. Мың сомдық әрқайсының дағбыры бар. Айтыс. Ләкин қан төгілген соғыстан да ғақбыты жаманырақ. Б.Кенжебаев.

Далақтау/далбалақтау Соншама далақтай бермей, сабыр ет. «Қызыл ту». Ол далбалақтамай, астындағы атына жабысып қалғандай тік ағызып барады. Ғ.Мүсірепов.

Далан/далашық/даланқай Старшындар далаңдарға тарап, үйір-үйір кеңеседі. М.Әуезов. Шопан далашықтағы отарынан келе қалды. С.Бегалин. Ойпаң төмен созылып даланқай болып кеткен. С.Сейфуллин.

Далбағай/далбай *сөйл.* Жұрт ішінен түйе жүн далбағай да көзге түседі. І.Есенберлин. Қара далбайды басына киіп Әлекең тұр. Б.Майлин.

Далбанда/далбақта/делекте Екі етегім далбандап, шауып келемін. С.Бақбергенов. Далбақтап тұра жүгіруден өзімді-өзім эзер ұстап қалдым. Б.Соқпақбаев. Делектеп жел көңілдің жетегінде не демедік. Қ.Тоғызақов.

Далба-дұлба/жалба-жұлба/далба-жұлба Үсті-басы далба-дұлба. Б.Майлин. Кісідей жалба-жұлба киімі ауыр. А.Токмағамбетов. Шүберекпен жамаған далба-жұлба жарғақ көйлек. Б.Тұрсынбаев.

Далдам/қалқатайым Далдам, не қып отырсың мұнда? «Мәдениет және тұрмыс». Көзіңнен айналайын, қалқатайым менің. Ауызекі тіл.

Далбаса/далбас *сөйл.* Топты көзімен аралап, далбаса боп тұрған. З.Шашкин. Көлге келуім де далбастың бір түрі ғой. Ә.Омарбаев.

Дал-дал/дал-дұл Үстіндегі көйлегі дал-дал. БАманшин. Киімдері дал-дұл болған. Ә.Әбішев.

Дали/далди Неткен дала, япырау, Жатқан мынау далиып. Қ.Жұмағалиев. Кең көшелер жазық құла түзге қарай далдиып созыла береді. З.Шашкин.

Дамыл/дәміл *сөйл.* Көк бестісін мінгізіп, дамыл бермей өтетін болған. С.Дөнентаев. Дәміл таппай үсті-үстіне шабады. С.Ерубаяев.

Дамыл-дамыл/деміл-деміл/дембіл-дембіл *сөйл.* Жазғанын дамыл-дамыл өшіре берді. «Лен.жас». Қыз жүзіне деміл-деміл қарайды. Қ.Жайлыбаева. Дембіл-дембіл көсіп алып тұрған. М.Қаратаев.

Дана/данагөй *сөйл.* Жақсының болдым жолдас данасына. Ақансері. Данагөй, батагөй болғанымыз да құрысын. Ш.Хұсайынов.

Дандайсы/даңғайсы *сөйл.* Неменеге дандайсып жүрсің? Ғ.Мүсірепов. Даңғайсығанның қолы даңққа жетпес. Мақал.

Даңғаза/даңғаз *сөйл.* Өмір сүрдім дегені даңғаза өткен күндер сияқты. Т.Ахтанов. Даңғаза, дарқылдақ би жампаңдасты. «Жалын». Қарамай даңғазға, дабырға, Аңғардың арығынан аттап өтіп. Қ.Тоғызақов.

Даңғайыр/даңғыл *морф.* Бабас – көп дүниені жадына түйген, көне құлақты, даңғайыр да ділмар ақын. «Қаз.әдеб». Келелі ойын ықшамдап жеткізетін даңғыл жүйрік Әйтеке екен. С.Талжанов.

Даңғой/даңғал *сөйл.* Ол өскенде де даңғой, не аяншақ болып шығады. Ғ.Мұстафин. Бұрынғы өзі білетін ақкөңіл, даңғал досы. М.Иманжанов.

Даңғырадай/даңғарадай Даңғырадай бір үйде жалғыз қалдық. «Қаз.әдеб». Даңғарадай үй салып алған. С.Байжанов.

Даң-дұн/шаң-шұң Көп адам даң-дұң дауыспен жинала бастады. С.Мұқанов. Шаң-шұң еткен дауыстар шыға бастады. М.Дүзенов.

Даңк/дабыс/дәріп Батыр қала Москва, Даңқы асқан Астана. К.Әзірбаев. Өмірі үшін еліңнің Шықсын ерлік дабысың. Д.Әбілев. Алыстан ердің дәріпі бар; Қасына келсең, баладай. Мақал.

Даңқты/дәріпті/даңды жерг. Жаппасбай аулы атақты, даңқты ауыл. Б.Майлин. Дәріпті жүйрік емен жарысқандай. Белгілі Отаныма аты даңды. Айтыс.

Дап-дардай/үп-үлкен Дап-дардай адамның осы қылығы жөн бе? Т.Әлімқұлов. Баласы үп-үлкен боп есейіп қалыпты. «Еңбек туы».

Дар/дара сөйл. Тартылды дарға талай ғаріп адам. Ә.Әлеков. Жүністің туысын дараға асты. З.Шашкин.

Дар/дор Көйлегін дар еткізіп қақ бөлді. Н.Баяндин. Бір парағын дор еткізіп жыртып тастайды. Б.Тоғысбаев.

Дарақы/дәлекі жерг. Барықсыз, дарақылау, бойы бұлғаң. С.Торайғыров. Дәлекі шешесі жақсылықты білуші ме еді. О.Сәрсенбаев.

Дарақылан/даңғылан сөйл. Дарақыланып аузына келген сөзді оттайтын адам емес. С.Мұқанов. Даңғыланбай шаруанды істе. «Жалын».

Дардаңда/дардақта Сен кімсің, осыншама дардаңдайтын. С.Мұқанов. Соңынан дардақтап жүгіріп шықты. «Балдырған».

Даркылдақ/аңқылдақ Сен аңқаусың, даркылдақсың. Т.Ахтанов. Ақкөңіл, аңқылдақ адам. С.Төлешов.

Дархан/тархан сөйл. Келген соң бір дархан иемденіп малай қылған. А.Машанов. Жәнібекке бірінші тархан деген атақ берілді. І.Есенберлин.

Дарылдат/дорылдат Тракторды дарылдатып, жерді аударып-төңкеріп жүрген. С.Нарымбетов. Шаруа кеп салды ара дорылдата. Қ.Аманжолов.

Дат/тат/тот Таза ұста дат жуытпай намысыңа. К.Әзірбаев. Темір таты қолыңа жұғар болса. Ғ.Сыланов. Семсерін Амангелді тот баспасын. Жамбыл.

Датта/дәтте сөйл. Елді неге даттайсың? Жамбыл. Мені бай деп дәттеген болар. Ғ.Мұстафин.

Даттағыш/датқой Жақсы жүрген жерін мақтағыш, Жаман жүрген жерін даттағыш. Мақал. Болар-болмас нәрсеге өкпелегіш, датқой болған адам абырой ала алмайды. «Әдебиет майданы».

Даттан/таттан/тоттану Іштегі көп қажыры ой қынабында тот басып даттанған. «Жұлдыз». Дағдағаным құрысын, аузым таттанды да кетті. Б.Қыдырбекұлы. Тоттана бастаған селебені әкелді. Е.Ибрагимов.

Дауалама/дауама сөйл. Жүрегі дауаламайды. М.Иманжанов. Қарауға жүрек дауамайды. Д.Досжанов.

Даугер/даукес/даушы/дәукес орф./даукос сөйл./дәугер сөйл. Мен бұл жолы жынысымның даугерімін. М.Әуезов. Мына келген даукес Дәуғара – болыстың туған ағасы. Б.Тәжібаев. Төре әділ төрелігін білсін, даушы жеңер сөзін білсін. К.Әзірбаев. Дәукес неме соған да дау айтады-ау. М.Әлімбаев.

Дауқос адамша, мұның қалай? «Жалын». Дәугерді мысқыл – әжуа етеді екен. М.Әуезов.

Дау-дамай/дау-дабыра/дау-дабыр *сөйл./дау-дама сөйл.* Дау-дамайда жеңіп кете беретін. «Лен.жас». Мұншалықты дау-дабыра тумас па еді. Т.Бердияров. Дау-дабырдан тыйыла алмады. «Қаз.әдеб». Дау-дамада дүмділер жағы жеңіп кете беретін. «Қаз.әдеб».

Дауылпаз/дабылпаз Дабыл ұрған әлемге Дауылпаздың өзі едің. Н.Байғанин. Ақынның революция дабылпазы болғанына айқын айғақ. С.Мәуленов.

Дауыстау/дабыстау *сөйл.* Тыстан біреу дауыстады. Б.Майлин. Дабыстап: – Ай, Қажмұқан-ай! – деп, жан-жағына қарады. С.Сейфуллин.

Даяр/дайын Тұр даяр трактордың тобы қырда. Т.Молдағалиев. Сақ бол, сержант, дайын жүр. Ж.Саин.

Даяшы/даяршы *сөйл./даяғашы көне.* Даяшы келіншек кетіп қалды. Қ.Найманбаев. Даяршы жігіт үйге кіріп, қолымызға су құйды. С.Көбеев. Даяғашы жігіт ханға иіліп, жігіттің сәлемін жеткізді. «Қазақ ертегілері».

Дәйім/дәйімі *сөйл./дайым сөйл.* Дәйім уақытынан кеш қалып, ғафыл болып-ақ отырғаның. Абай. Даусы дәйім қарлығып жүретін. Ғ.Мұстафин. Әкесі дайым мүжіп, мазасын кетіріп жүр. Т.Нұртазин.

Дәлдеу/дөптеу Аяғын дәлдеп басып, жоғары қарады. С.Ерубасев. Дөптеп қақ ортасынан скважина қаз. Ә.Бірмағамбетов.

Дәліз/сенек/далан *сөйл.* Есік сықырлап дәлізге кірдім. З.Шашкин. Басқышы бар үйдің сенегіне кіре берген. С.Мұқанов. Қараңғылау даланға кіргізді. М.Әуезов.

Дәмдеп/дәмлеп *сөйл.* Дәмдеп ас пісіреді. «Қаз.әдеб». Оны табаға салып, сартап қып, дәмлеп жейміз. Ғ.Сыланов.

Дәлду/дәлдір Кенжесі ес білмейтін дәлду болып, Ақылды кісі болып екі ағасы. Б.Майлин. Дәлдір менен дананың терезесін бір қара жер теңейді. М.Әлімбаев.

Дәмді/пәмі *көне.* Ақын десем, шіркін-ай әңгіме едің? Әңгіменің бұзасын дәмді жерін. Жамбыл. Келгенде қызыл тілге қыз қызысып, Белгілі толы жұртқа сөздің пәмі-ай. Н. Шыршығұлұлы.

Дәмелі/дәмегейлі Дәмелі бәйге аттың бірі еді. М.Әуезов. Өзгелер де дәмегейлі. С.Талжанов.

Дәмешіл/дәмегөй Жас көңіл әлі де дәмешіл. «Жалын». Өзінің дәмегөй арсыз көңілін әжуа қылды. «Жалын».

Дәмхана/шағын асхана Қазір асхана мен дәмхана тұрақты жұмыс істейді. «Қазақстан мұғалімі». Ауыл қонақүйінде шығыс асхана жұмыс істейді. «Жетісу».

Дәндеу/дәнігу Дәндеген екенсіз. М.Ақынжанов. Кітапты оқи-оқи дәнігіп, құнығып кеттім. Ө.Тұрманжанов.

Дәндүріс/дәнекүс *жерг.* Егер мені бір дәндүріске балап, мазақ еткісі келмесе, жаныма бір оралып соғуға тиіс. Ф.Дінісламов. Ол желөкпе дәнекүске не керек? «Қаз.әдеб.».

Дәнеме/дәнеңе/дәнеңке *жерг.* Ауысқан дәнеме жоқ. Ғ.Мүсірепов.

Айттым ғой дәнеңе білмейді деп. Ж.Алтайбаев. Дәнеңкені сезбегендей, үн-түнсіз отыра берді. Б.Сокпақбаев.

Дәп/тап Жиғандай дәп қазір өз есін. С.Оразаев. Тап бүгін еңсеңе бір мінермін-ау. А.Жұбанов.

Дәреже/даража көне. Жер бетінде адам боп жүрудің өзі – зор дәреже. Ө.Қанахин. Еңбексіз пайда табуды даража деп отырмысың. «Жұлдыз».

Дәретхана/әжетхана Дәретханаға хлорка кұйылды. М.Қаратаев. Әжетханадағы нәжісті аралау арқылы ауру жұқтырады. Ж.Сұлтанов.

Дәрі/дәру тар./дару сөйл. Иттің боғы дәрі болса, дарияға тышар. Мақал. Ауасы деген бір дәру. «Лен.жас». Жеген сон дару шөпті – жастық нәрін. Е.Бердин.

Дәрігер/доктор/доғдыр сөйл. Дәрігерге қаратып жүрген. С.Дөнентаев. Басқаша ауырып, Апырмай докторлар, Жүрмесін жаңылып. Абай. Плитада от жоқ, Доғдырларда құт жоқ. К.Әзірбаев.

Дәрісхана/аудитория Орта бойлы, қара торы қыз дәрісханадан көңілді шықты. «Лен.жас». Студенттер аудиторияда лекция тыңдап отыр. Ауызекі тіл.

Дәріхана/әптек сөйл. Дәріханадан дәрілерін алып, ішіп жүре беріпті. Е.Оразақов. Дәрі алмақ ем әптектен. Қ.Мырзалиев.

Дәу/дырау/әйдік/дәс жерг. Көк долыдан дәу пері қашқан. Мақал. Әкем қолындағы дырау қамшының өрімін қыса білеп тұрып алды. М.Әуезов. Оның жетегінде әйдік қара нар. «Жұлдыз». Алдымызға дәс табақ ет әкелді. Диал.сөздік.

Дәулетгі/жиырлы көне. Аталы тұқымның, дәулетті байдың баласы болды. Б.Майлин. Жиырлының қызы өсер, Кенелейін деген жігіттің жылқы ішінде екі арғымағы тел өсер. Шалкиіз жырау.

Дәуіт/тәует жерг. Жылан мен дәуіт арбасты. С.Бақбергенов. Тәуеттің тынымсыз шырылы келеді құлаққа. Қ.Жұмаділов.

Дегбір/декпір сөйл. Айтсайшы деймін дегбірім қалмай. Қ.Жұмаділов. Жуып кетсең, «жеңгейлеп» декпіріңді жаңылтады. Б.Майлин.

Дегбіре/дебдіре Айрылып ақылынан дегбіресе, белгілі не істері қасқыр залым. Ө.Тұрманжанов. Тоқта дебдіремей! Алдымен өз жөніңді айт. Ө.Әбішев.

Дегендей/дегендейін поэт. Бәрекелді, дегендей келдің, шырағым. Ө.Нұрпейісов. Жығылсақ дегендейін нардан жығыл. Д.Еркінбеков.

Деген соң/дегенсін морф./дегесін морф. Сізді үйде жоқ деген соң келмеген шығар. «Қаз.әдеб». Сәлем беремін дегенсін алып келгенім. Х.Есенжанов. Қымбаттайды дегесін ертерек сатып алған. «Егемен Қазақстан».

Дедек (қақты)/делбен/дегелең Дедек қағып келе жатты. Қ.Әбдіқадыров. Судан шыққан балықтай делбең қағады. З.Шашкин. Дегелең қағып жүретін ол еңкіш тартып, аяғын сүйрете басады. Ш.Құмарова.

Дедекте/деденде Кәріпжанды дедектетіп алып келді. Ө.Әбішев. Жас кезде жалаң аяқ дедендеген. Ө.Тұрманжанов.

Деймін/дейім морф. Ұят болмаса екен деймін. «Қаз.әдеб». Ізіміз теріс

болмас дейм. Ғ.Мүсірепов.

Дейтін/дейтұғын *көне.* Жәрдем берем дейтін емес. «Қаз.әдеб». Мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады. Абай.

Дейін/шейін Сексен жасқа дейін ол ағаш үйлер қиды. С.Мұқанов. Есігінен төріне шейін сықыған адам. Б.Майлин.

Делбе/делбезе Делбесі қалай қозбасын. С.Әлімқұлов. Әншейін денім сау, делбезем бүтінде еркелеп жүре тұрайын. С.Досымов.

Делбеші/көшір Не делбеші, не курьер болуға бұл арланады. Қ.Аманжолов. Делбеші – божыны ұстап ат айдаушы адам, көшір. Түсіндірме сөздік.

Делдал/делдар *сөйл./декдар жерг.* Бір алпауыт байдың делдалы. Б.Шаймерденов. Бұрын Бердібектің делдары боп жүрген. М.Әуезов. Нәсілің төрт шар дейді декдар қожам. Айтыс.

Делди/дели Танауы делдие қалыпты. Б.Майлин. Таңқы танауы делие келді. Т.Ахтанов.

Делқұлы/самал *жерг.* Делқұлы мағлұм болды жамандығың. Айтыс. Мынаның өзі барып тұрған самал екен. Диал.сөздік.

Дел-сал/дегдар *жерг.* Бойы дел-сал, басы мең-зең. З.Қабдолов. Қайғысы да, қуанышы да жоқ дегдар бір кейіпте. Е.Шаймерденов.

Демал/сарық *көне.* Тысқа шығып демалсақ қайтеді? Ш.Хұсайынов. Аз да болса сарығып тынықсын. С.Жүнісов.

Дем арада/дем арасында/демде/дем сағатта/дем сәтте/ демарасынша Дем арада барып келді. «Қазақстан пионері». Дем арасында жоқ болды. Ауызекі тіл. Демде бұлқан-талқан боп, біреуді зекіп тастауға да ұстардым. Х.Ерғалиев. Дем сағатта сұраған нәрсемізді тауып берді. Ауызекі тіл. Осыдан кейін дем сәтте аттанып кетпей ме? Б.Майлин. Демарасынша жоқ болды. «Балдырған».

Дембелше/деңбелтек *сөйл./даяу лекс.* Дембелше бала жігіт орта бойлы. Ж.Саин. Келте мұрын, деңбелтек Карбышев жүгіре шықты. І.Есенберлин. Толық келген мығым денелі адамды даяу деп те атайды. «Мәдениет және тұрмыс».

Дембелшен/дембелшелеу Аласа бойлы, дембелшен жігіт. Т.Қайшыманов. Бітік көз, үрпек сары дембелшелеу шықты біреу. І.Жансүгіров.

Деме/демесін/тоғанақ *жерг.* Айқын да бір жағынан демеп жіберді. Ә.Әбішев. Өлмей қалуына бір демесін осы сүт болды. С.Сейфуллин. Солдаттар көңіліме тоғанақ беріп, көзімді тойғызбайды. Б.Тұрсынбаев.

Демеуші/демеуіш *сөйл.* Сондай бір демеуші күш қасында бола берсе. Ғ.Сыланов. Ол төрт демеуіш тіректен тұрады. «Соц.Қаз».

Демеуші/спонсор Қаладағы бірқатар ірі кәсіпорын мен мекемелер Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамына демеуші, яғни спонсор болуға ынта білдіруде. «Алматы ақшамы».

Демік/алқын Демігуді білмейтін қызу жанша. С.Оразаев. Алқына дем алады. С.Мұқанов.

Деңгейлес/деңдес *сөйл.* Дәрежесі деңгейлестерді сыйлағыш. Ә.Көшімов.

Лағын өргізетін мерзіммен деңдес-кететін көрінеді. Ө.Қанахин.

Деңгей/дөңгей *сөйл.* Кеме деңгейінен ұзап түскен екенмін. Ө.Сәрсенбаев. Су дөңгейі көтеріліп кетті. Ж.Молдағалиев.

Дере/дер *жерг.* Мал суаратын астаудың төрт аяғын дере дейді. С.Қасиманов. Атын дерге байлап келе жатыр. Ж.Молдағалиев.

Деректеме/дәйекнама *морф.* Олардың деректемелеріне сын көзімен қарау керектігін көрсетті. «Білім және еңбек». Олардың еңбектерінде қазақ тілінде сақталған дәйекнамалар жатқаны ақиқат. «Ана тілі».

Дерт/дермене/дәрт *кітаб.* Дертім жаныма батқан соң аяп отыр. Б.Майлин. Дерт-дерменеден аулақ қылғай. М.Әлімбаев. Құмарлық дәртінен арыла алмады. Бейбітшілік жасасын.

Дес/дәс *кітаб.* Қазаққа қарасөзге дес бермедім. Абай. Дәс бергенде Бәтес қасында болды. Ж.Молдағалиев.

Дес/дейіс *сөйл.* Әлгінің даусы ғажап деседі. Ж.Молдағалиев. Екеуі де ләм дейіскен жоқ. Р.Райымқұлов.

Десеңші/десейші Қалай батыл айтып салдым десеңші. Б.Соқпақбаев. Қандай шофер десейші. З.Қабдолов.

Диуана/дуана *сөйл.* Өзің диуанасың, кімге пір саласың. Ә.Нұрпейісов. Тұқымынан дуана көп шығып еді. Ғ.Мұстафин.

Дихан/диханшы/диқан *орф.* Дихан болсаң, қос егізің тең болсын, шаруа болсаң, қос етегің кең болсын. Мақал. Диханшы жұрт думандатып жүр. Ғ.Мұстафин. Қарапайым диқанға мұның қажеті не? «Соц.Қаз».

Диханшылық/дихангершілік Ауыл-село тұрғындары диханшылықпен айналысады. «Жетісу». Сабакты ине сәтімен деп, дихангершілік асығыстықты сүймейді. Ы.Жақаев.

Диірмен/тиірмен *жерг.* Дәнді диірменге тартып, ұнтақтап береді. «Лен.жас». Сол жерде жел тиірмені де бар. Д.Әбілев.

Диірменші/дерменші *сөйл./тиірменші жерг.* Аз күнде диірменші бала атанды. С.Жүнісов. Дерменшілер ұнның қандай бидайдан тартылғанын бірден сезеді. С.Мұқанов. Тиірменшінің айтуынша, тақтайдың асты жыланның қордасы. С.Мұқанов.

Добалдай/добардай *сөйл.* Добалдай тері қолғаптарын қолына алды. Б.Соқпақбаев. Добардай боп іскен. С.Жүнісов.

Добыра/қобыра Әр жері добырап, сарғыш тартып қапты. Ө.Қанахин. Қобырап босағандарын теріп алды. «Лен.жас».

Доға/тоға Тізгінін доғаның шығыршығына байлады. Р.Әутәліпов. Тоғасының түбінен екі қолын өткізе ұстап, керіле басады. Р.Райымқұлов.

Доғалдау/добалдау *сөйл.* Құйрығының ұшы доғалдау болады. Х.Қадырбаев. Дөңес маңдай, ұш жағы добалдау дөңес мұрын. Т.Ахтанов.

Доғар/тоғар *жерг.* Айбаршамен кеңесін доғарғаннан кейін ойлап келеді. С.Мұқанов. Осымен әңгімені тоғарайық. Т.Ахтанов.

Доғарулы/тоғарулы Арбасы доғарулы. Т.Ахтанов. Аңадай жерде тоғарулы шана көрінеді. З.Шүкіров.

Дозак/тозақ *орф.* Алғысын ұзмақ, қарғысын дозақ қылып, Көзінен көз айырса безгіш көрдім. С.Торайғыров. Тозаққа түсетіндей көретін. Ә.Әбішев.

Дойбы/шатыраш көне. Дойбыдан, шахматтан жарыс өткіздік. «Спорт». Екі қыз шатыраш ойнап білмей қалды. Абай.

Доқ көрсет/күш көрсет Доқ көрсете сөйледі. А.Хангелдин. Күш көрсетуден тайынар емес. «Жалын».

Доқаба/түкті барқыт/доғаба сөйл. Кигені доқаба бешпент. «Қаз.әдеб». Ұлмекен формалы көйлек, түкті барқыттан сумка тікті. С.Омаров. Көк доғабамен тыстаған сусар бөркі. Р.Райымқұлов.

Долана/донала сөйл. Судың жағасына долана өсіпті. С.Мұқанов. Доналаның әбден піскен кезі. Ж.Жұмаханов.

Долдан/долық/долыр сөйл. Долданып, денесі қалшылдап кетті. С.Мұқанов. Долыққан кемпір қос қолын ербеңдете берді. Ө.Қанахин. Ашуы басылмаған Айтуар долыра ытқып, есікке ұмтылды. Д.Әбілев.

Долы/долуыр/долан/шая/долышыл жерг. Сырынды жаңа білдім, долы катын. Ғ.Малдыбаев. Ей, долуыр, сап-сап! Қ.Бекхожин. Айтатын сөздері әрі долаң, әрі тұрпайы. С.Мұқанов. Шая әйел болса ғой ұрыс басталар еді. Ө.Шәріпов. Долышылдар қарайды кейде бұғып. Пернедегі термелер.

Долылық/долдық сөйл. Долылығын, ашуын албастыдай басты. Б.Майлин. Долдықпен хан Ескендір ашуланды. М.Әлімбаев.

Долданған/долыланған сөйл. Долданған әйелді бөлмеден шығарып жіберді. М.Қаратаев. Долыланған арыстанша Айналаға тиеді. С.Сейфуллин.

Домбық/домық/долыр сөйл. Күюі, домбығуы, үсуі салдарынан тері ауруға шалдығады. С.Омаров. Домыққан беттерін уқалаумен келеді. Ө.Қанахин. Долырған бет-аузы адам қарағысыз. С.Мұқанов.

Домбытпа/домбай сөйл. Ұлық бетінен ықпандар, домбытпасы болса сескенбендер. М.Әуезов. Оның елінде ағайындар тысқа шығып күңкілдеуші еді, Мыналардың домбайы ыңғайсыз тиді. «Қаз.әдеб.».

Домда/домбалда Саз балшықтан домдай салған. Ө.Кекілбаев. Қолдан домбалдана жасала салған орындықты лекерлей отыр. Б.Тоқтаров.

Доңғалақ/тегермеш жерг./тегершік жерг. Доңғалақтың мұрындығын суырып алып жатқан. С.Мұқанов. Пәуеске тегермеші тасқа соғып, даңғыр-даңғыр салдырап қоя берді. Ө.Қанахин. Құмға арбаның тегершігі көміліп, торы ат тоқтайды. Б.Майлин.

Дорба/добыра сөйл. Дорба біткенді ортаға қойдың. Ғ.Мүсірепов. Кішкентай добырасын ашып қарай бастады. «Жалын».

Дорби/борби Ерні мен танауы дорбиып ісіп кеткен. С.Мұратбеков. Денесі борбиып, бет-аузы жалпақ тартқан. К.Тоқаев.

Дордақ/дүрдек Дордақ Ахметке тұрмай кеткені есіне түсті. С.Сейфуллин. Дүрдек еріндері жыбыр-жыбыр етіп күбірлсй жөнелді. Т.Шаханов.

Дос/дост кітаб./адас жерг./аданас көне. Досын келіп досына жамандайды. Абай. Ақылсыз достыдан Ақылды дұспан артық-ты. Алдаспан. Ендеше біздің адас Исаевқа барайық. С.Мұқанов. Қалада менің екі аданасым жұмыс істейді. «Диал.сөздік».

Дос-жар/дос-жаран/дос-жора/досшар орф. Дос-жарлармен жүргенде жалғыздық онша сезілмейді. Ө.Қанахин. Дос-жарандары звандаған екен.

Т.Әлімқұлов. Көбі бұрыннан дос-жора жазушылар. С.Мәуленов. Мұстафамен досшар, әрі түйдей құрдас. Ғ.Мұстафин.

Дөкей/дөй/дой сөйл./дойман сөйл./дыр жерг. Облыстық бір дөкей ауданға дейін сынайды. Ш.Смаханұлы. Менің әкем – дөй денелі, тұлғалы адам. О.Әубәкіров. Ақыры бірі боп дой тұлғалардың, жеңіспенен оралдың. Ғ.Сейілжанов. Кілең дойман, кілең дүр. Бізге азуын ашып жүр. М.Әлімбаев. Біркелкі лек ішіндегі дыр едім. С.Сейфуллин.

Дөкір/дөң мінез Әй, есер жастық, жігітке біткен дөкір мінез-ай! Ғ.Сыланов. Осы бір дөң мінезінен өзі де жапа шегіп жүргенін біле ме? «Әдебиет және искусство».

Дөкірлік/дөкерлік жерг. Дөкірлігін айтып кейіп те алды. «Қаз.әдеб». Ақын жаны дөкерлік пен сотқарлықты қостамаса. Р.Әутәліпов.

Дөңбекші/төңбекші жерг. Дөңбекшумен көрер таңды көзімен атқызғандай. А.Нұрманов. Таң атқанша төңбекшіп шыққан. Ә.Кекілбаев.

Дөңгелек/домалақ/доңғалақ/доғалақ сөйл. Дөңгелек жүзді ақсары, әлжуаз. М.Сүндетов. Қара домалақ қазақ балалары. Ғ.Мүсірепов. Кабинаңды көмбек сазбен доңғалақ. О.Сәрсенбаев. Олақ ұстаның доғалақ арбасындай. Мың бір түн.

Дөңбектей/дүмдей жерг. Көптің ортасында дөңбектей боп оқшау көрінді. Ғ.Сыланов. Туырылтып дүмдей қойлар арқалаған. Ғ.Орманов.

Дөңгеле/домала/доңғала Дөңгелеп қызған сайын өрге өршіді. Т.Жароков. Үрген қуықтай домаланып қалған. С.Мұқанов. Кейде орнынан жылжымастан доңғалап. О.Сәрсенбаев.

Дөңес/дөңкес/дөмпей/дөңгел жерг./қырпу жерг. Дөңеске жайғасып отырды. «Жұлдыз». Дөңкес мұрынның екі сайын ұлпа шаң жауып кетіпті. Ғ.Мүсірепов. Дөмпейдің иығына құлай жорғалаған бір мақұлық көрінді. Ә.Көшімов. Дөңгелге қаққан қазықтай қасқайып бала тұрады. Алпамыс. Дүкеннің алды қырпу екен. С.Аманжолов.

Дөңесқой/қара дүрсін Орашалақ, дөңесқой тілмен жазылған шығарма. «Қаз.әдеб». Онысы құр қара дүрсін ғана. М.Әуезов.

Дөңки/теңки Өлген өгіздей дөңкиіп жатыр. Ә.Әбішев. Өлгі орында 4–5 жылқы қалды теңкиіп. Н.Оразов.

Дорби/борби Дорбиған қолыңнан танымын. С.Мұратбеков. Ерні мен танауы борбиып ісіп кеткен. С.Мұратбеков.

Дөрекі/дөкір Оспан дөрекі, сөйлесе, бірдемені бүлдіріп алатындай. Б.Майлин. Сөзі де дөкір, әрі өктем. Х.Есенжанов.

Дөрекілеу/дөкірлеу Дөрекілеу сұрақтан ұялып, төмен қарады. С.Алдабергенов. Мұраттың мінезі дөкірлеу. Т.Ахтанов.

Дөрекілік/дөкерлік сөйл. Мына сүйреуің дөрекілік қой. С.Шаймерденов. Ақын жаны дөкерлік пен сотқарлықты қостамаса да. Р.Әутәліпов.

Дуагер/дуагөй/дуакер орф. Бұл іске дуагер болған бай-манапты Сібірге айдады. І.Есенберлин. Бұлардың дуагөйі Қуаныш хазірет болды. С.Сейфуллин. Жоқ іздеген жігітке кез болыпты дуакер. И.Байзақов.

Дуадақ/дуалақ жерг. Лашынға алдырмайтын құс – дуадақ. С.Мұқанов.

Дуалақты түткен тұрымтайдай-ақ тырп еткізгем жоқ. Ғ.Орманов.

Дуалы/дұғалы Ел аузы – дуалы. Ауызекі тіл. Дұғалы аузының уәлілігі қашып, жаман дегені жақсылар қатарына қосылып барады. Т.Әлімқұлов.

Дуалық/дуахандық сөйл. Дуалығының ғажап күші бар. «Қаз.әдеб». Дуахандықпен бір пәле еткен шығар. Қазақ ертегілері.

Ду-думан/ду-дүрмек Клуб ішін ду-думан кернеп кетті. «Қаз.әдеб». Ду-дүрмекпен бұрын байқамай, астындағы байталды жаңа ғана көрген. Х.Есенжанов.

Дулыға/дуылға сөйл. Ақтабан аты астында, дулығасы басында. Махамбет. Төбесін дуылғаның қойған буып. И.Байзақов.

Думан/шауқым көне. Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ. Абай. Күндегідей дағдылы дырду, шауқым, көңілді жарқын үн жоқ. Ж.Орманбаев.

Думанды/дулы көне. Думанды, қызығы мол жастық шақты еске алысты. «Қазақстан әйелдері». Ойлағанда, Аралбай, өмір бір дулы шәр болар. Қашаған ақын.

Думаншыл/дуаншыл сөйл./**душыл** сөйл. Жастар да желігіп думаншыл боп алды. Т.Ахтанов. Біраз күндей дуаншыл боп жүр еді. Ғ.Қайырбеков. Өзінің душыл ашық мінезіне бағып, ежелгі танысындай сөйлескен. З.Қабдолов.

Дуылдас/дауылдас сөйл. Көрген түстерін айтысып дуылдасуда. С.Талжанов. Дауылдасып тарай бастады жұмысшылар. Ғ.Мұстафин.

Дұға/дуа Жатқан сайын ұйқыға. Дұға оқушы ем шошынып. Абай. Басыңды дуамен айналдырған. Ғ.Мұстафин.

Дұғашы/дұғагөй/дұғахан жерг. Ұлына мұсылманның дұғашымыз. Айтыс. Дұғагөй, бірің емес, жалпына едім. Пернедегі термелер. Қара суды теріс ағызатын бір дұғахан келіпті. О.Дастанов.

Дұшпан/дұспан көне. Әйел дұшпаның деген осы. О.Әубәкіров. Дұспан көзі ретінде тәуір киінуге тырысады. Қ.Жұмаділов.

Дүбіліс/әуре-сарсаң Түн баласында көз ілдірмеген дүбіліс күй. К.Оразалин. Дал болған әуре-сарсаң мен сор маңдай. Ж.Саин.

Дұдамал/дүдәмал орф. Біле алмай дұдамал болып отырғанда Байшегір келді. Ғ.Мұстафин. Жүсіп дүдәмал жауап берді. Ғ.Мүсірепов.

Дүз/жүз сөйл. Дүзіндей ұстараның дірілдеген. Н.Байғанин. Әбді орағын дәл жузінен баса қалды. М.Әуезов.

Дүз/түз сөйл. Құла дүзде ғұмыр кешкен жандар. «Лен.жас». Құлазыған жапан түз жәйі әбден мәлім. М.Әуезов.

Дүзген/дүзен сөйл. Дүзгеннің тікенегі алақанын тіліп кетеді. Т.Ахтанов. Жыңғыл, дүзен арасында жатады қыста мал. Б.Адамбаев.

Дүйім/дүйым жерг. Дүйім жұрт қошеметтеп қол соқты. Ә.Сәрсенбаев. Бас қосып, мәжіліс болған ұлы дүйым. Айтыс.

Дүкерт/өткір пышақ Дүкерт болмаса, анау-мынау кездікті қынға салмаушы едік. Диал.сөздік. Үйде өткір пышақ бар. Ауызекі тіл.

Дүлдүл/дүлділ орф. Ту ұстап, дүлдүл мініп топты бастап. О.Шипин. Бұл өзі жануар қыр дүлділі ғой. Ө.Қанахин.

Дүлей/түлей сөйл. Ұзақ күндер бойы дүлей теңізбен тірескен. М.Әуезов.

Еш нәрсенің парқына бармайтын түлеймісің. «Жалын».

Дүмі/дүбі/дүмбі *жерг.* Мылтық дүмі быт-шыт сынып кеткен. Д.Әбілев. Автоматының дүбімен қабырғаны бір түртті. Ә.Шәріпов. Өзіңді мылтық дүмбісі теуіп жібереді. Ш.Айманов.

Дүмбе/күздік бидай Екі жүз гектар дүмбе ектік. «Соц.Қаз». Күздік бидай егетін мезгіл. «Жұлдыз».

Дүмбілез/дүмбіл Дүмбілез шикілеу болатын сияқты. І.Жансүгіров. Жүгерінің шала піскен дүмбіл кезі. «Лен.жас».

Дүмбірле/дүмбіре *сөйл.* Аржақта Арғынқазы дүмбірлеген. Шернияз. Ол келгенде дүмбіреп тұрсын деп жүрген. Ш.Құмарова.

Дүме/жапырла Алыс-жақынның бәрі дүмеп келе бастады. Ө.Қанахин. Көпшілік жапырлап орындарына жайғаса берді. «Қаз.әдеб».

Дүмпи/дөмпи Кейде көтеріліп дүмпие бастайды. С.Табынбаев. Дене дөмпийіп ісінеді. М.Қайрақбаев.

Дүмше/дүмбіл *сөйл.* Мамандығы жоқ «дүмше» дәрігердің кеңесінен аулақ болыңдар. Ғ.Қыдырниязов. Дүмбіл боп қалғаныңды сезесің бе? Ш.Смаханұлы.

Дүние/дүния *кітаб.* Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ. Абай. Дүнияда не бір ғажап құбылыстар болады ғой. «Қаз.әдеб».

Дүңгір/фляга Бұзауын ұстасып, сүтін дүңгірге құйысып, қолғабысын тигізді. «Қаз.әдеб». Фляга – сұйық зат құйып алуға лайықталған көлемі үлкен қалайы құты. «Түсіндірме сөздік».

Дүр/дүр *сөйл.* Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі дүр, Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі дүр. Мақал. Кім бай дүр, кім жарлы дүр тәңірге аян. Үш ғасыр жырлайды.

Дүрбелен/дүрбілен *сөйл.* 1916 жылдың дүрбелеңі кесірлік жасады. С.Мұқанов. Қан ағып, ел қырылған жыл дүрбілен. К.Әзірбаев.

Дүрбі/түрбі Дүрбісін маған берді. Ә.Сәрсенбаев. Нанбасаң тыңда түрбіңмен. Д.Әбілев.

Дүрбілі/қырағы Емес пе елдің көзі шын дүрбілі. С.Керімбеков. Алыстағыны байқағыш қырағы. «Жұлдыз».

Дүрдараз/дүрдеараз *орф.* Кісімен дүрдараз, Бұрандап қылма наз. Абай. Бірде дүрдеараз, бірде тату. Қ.Сатыбалдин.

Дүрегей/дөрегей *сөйл.* Дүрегей тазымды ертіп қырға шықтым. Ә.Көшімов. Итаяғын қорыған дөрегейге ұсап, сілейесің де жатамысың? Ғ.Мүсірепов.

Дүрлік/дүрік *сөйл.* Балалар жамырай дүрлігіп әр тұсқа тарай қойды. М.Иманжанов. Сен көпке дейін хабарсыз кетіп, бүкіл ауыл дүрігіп жүр. «Соц.Қаз.».

Дүрліктір/дүрбіт *сөйл.* Ақсуат өңірін дүрліктірген оқиға болды. Октябрь өрендері. Қалың елді дүрбіткен боқ мұрынның бүлігі. «Жұлдыз».

Дүріл/гүріл Бұлардың желке тұсынан дүріл шықты. Т.Ахтанов. Құлағын зеңбірек гүріліне тосып, тыңдап алады. Ә.Нұрпейісов.

Дыбыр/дабыр Сырттан дыбыр естілді. Ш.Құмарова. Даусы бұл дабырдың бәрін басқандай. М.Әуезов.

Дыз/тыз Дыз еткен ашудан да дым жоқ. Ә.Нұрпейісов. Тыз етпе ашушаң лейтенант. Т.Бердияров.

Дызақта/дызалақта Менің дызақтап жүргенім сендердің қамдарың емес пе. Б.Тілегенов. Елдің бірлік-ынтымағы ыдырады деп, дызалақтап жүргендер де бар. С.Омаров.

Дық/дік сөйл. Ешкім еш нәрсені дық көріп, ішіне түйген жоқ. С.Талжанрв. Серігі еш нәрсені де көңліне дік санамады. Қазақ ертегілері.

Дық-дық/тық-тық Дық-дық басып жүріп кетті. К.Баялиев. Тық-тық басып кетіп барады. «Қаз.әдеб».

Дықсыз/зілсіз Дықсыз ұрыса бастайды. Ә.Қанахин. Осы бір зілсіз әзілін ұстартып жатыр. С.Шаймерденов.

Дымқыл/дымқос Бұған қарағанда, әуеде ызғар, дымқыл болмағаны. Т.Әлімқұлов. Тұманның дымқос иісі түтін сасып кетті. С.Мұқанов.

Дындай/дығырдай/дырымдай қарап./діндей сөйл. Дындай бір мал дәрігері боларсың. З.Иманбаев. Дығырдай бір мекеменің бастығысың. Қ.Ыдырысов. Кәдімгі дырымдай маманбыз. С.Ләмбеков. Діндей педагог боп келіп отыр. «Лен.жас».

Дырдай/дардай/дыраудай сөйл./діңгіттей сөйл. Қаршадай балалар бүгін міне дырдай жігіт боп жатыр. Б.Тілегенов. Дардай жігітті бетінен сүйгені несі. Б.Майлин. Екі-үш жылдан кейін дыраудай болып өседі. Б.Майлин. Әлібек қазір діңгіттей азамат. Б.Тоқтаров.

Дыр-дыр/тыр-тыр Дыр-дыр еткен трактор үні құлаққа келеді. «Қаз.әдеб». Мотоциклдің тыр-тыр еткен даусы естіледі. М.Гүмеров.

Дігерле/дігірле сөйл. Дігерлеп жатқан Оспан, Ғ.Мүсірепов. Ол «жұт-жұт» деп дігірлеп барады. Ғ.Сыланов.

Дікенде/дікекте/дікілде/дікінде Бірақ мына дікендеуі несі? Р.Райымқұлов. «Шығар» деп дәу қараның дікектеуі тимейді тіпті жеңіл ол да маған. І.Жансүгіров. Қағазсыз неке қимаймын деп дікілдейді. Б.Майлин. Дікіндей берме оған. «Жұлдыз».

Ділгер/ділгір орф./ділгар сөйл. Шәлтіктің ділгер жұмысы осы нәрселер. М.Әуезов. Ділгір бір халге түскендейсің. Ғ.Мүсірепов. Мектеп көмегіне қашан да ділгар. М.Иманжанов.

Ділда/ділдә орф./тілда сөйл./діллә кітаб. Сүймегенге сүйкенбе, қадірің кетер, мың ділдалық басыңды бір пұл етер. Мақал. Жүз ділдәні қолына ұстатты. «Қаз.әдеб». Қалтасындағы тілда салған әмияны томпиып өте берді. Мың бір түн. Осы сөзді бата мың ділләға сатып алды. Ә.Жылқышиев.

Ділмар/ділмәр орф./тілмар/тілмәр орф./тілгер сөйл. Ошақ бұтында сөз бермейтін талай ділмар тайсақтады. Т.Әлімқұлов. Ділмәрдің сөзі ұстаның бізінен өткір. Мақал. Сазанбай – шешен, тілмар адам. А.Токмағамбетов. Баяғы тілмәр Күләнда әп-сәтте мүсәпірлік үнмен қайнысының алдына басын иді. М.Дүзенов. Ұзар байыпты, ойлап сөйлейтін, тілгер, кеңпейіл болатын. А.Жұбанов.

Ділмарлық/тілмарлық сөйл. Шешіле сөйлеп, ділмарлық танытты. Ауызекі тіл. Еспе тіл, сылдыр тілмарлықтан да шын шешендік өрісі шалғай жатыр. З.Серікқалиев.

Ділмарсы/тілмарсы *сөйл.* Отырғандар ділмарсып шарпысқанда, Сүлеймен ойлана басты. С.Жүнісов. Ете бер өз ісінді ерінбестен, Тілмарсып құр тіліңмен орақ ормай. Ә.Оңалбаев.

Дімкас/дімкәс *орф./дімкес сөйл./дымқос сөйл./дымкес сөйл./дімкар сөйл.* Дімкас көкірек деміксе шошытады. Т.Әлімқұлов. Жүрек дімкәсі бар адамдай екі иінінен дем алады. Ө.Қанахин. Денсаулығым нашар дімкес адаммын. Б.Соқпақбаев. Әйел дымқос па, бүкірейген еңкіш. «Лен.жас». Дымкес әйелі баласына қарай алмапты.Т.Ахтанов. Өзегіне құрт түскен дімкар жан. «Соц.Қаз».

Діндар/діншіл/діндәр *орф./діндарман көне./дінші сөйл.* Бұл өлең – діндарларды әшкерелеген өткір сатира. Т.Қожакеев. Ешбір адам анадан діншіл болып тумайды. М.Тоқжігітов. Хиуа, Бұхар оқуын тауысқан діндәр адам. Ғ.Сыланов. Діндарман, шарифаттың шартын құптай, Аулына Асан дейтін молданы алған. І.Жансүгіров. Насихатымыз діншілерге де лайықты соққы берер. С.Байжанов.

Діңке/діңкәр *көне.* Қазақ жазуын білмегенім діңкеме тиді. Ғ.Мұстафин. Ауылға қайтқан сықылды, құртып сол күн діңкәрін. Қамбар батыр.

Дірдекте/дірденде *сөйл.* Киімі жұқа адамдар дірдектеп ықтай береді. Б.Майлин. Сәріде тұрдың дірдендеп. О.Малқаров.

Е

Ебдейлі/ебдейсек *жерг./ебедейлі жерг.* Кенші істе алғыр, ебдейлі, басшысын сүйіп атайды екен. Ғ. Сыланов. Өзі ауыс-түйіс күнкөріске ебдейсек. Б.Аманшин. Сен ебедейлі жігіт көрінесің. Х.Есенжанов.

Ебдейсіз/ерепейсіз/ебетейсіз/епетейсіз/ебегейсіз *жерг./ебедейсіз жерг.* Сыртқы түріне қарағанда аю – ебдейсіз аң. Ә.Бірмағамбетов. Бастық ерепейсіз үлкен денесімен қалбалақтап қарсы жүрді. З.Иманбаев. Ол партадан сықырлата – тарсылдата, ебетейсіз тұра келді. Ғ.Мүсірепов. Осы епетейсіз денесіне қарамай садақты аса шебер тартады. Д.Досжанов. Еңгезердей денесінің ебегейсіздігіне өзі ыңғайсызданды. Ш.Мұртазаев. Өзі – ебедейсіз үлкен жігіт. Ғ.Мұстафин.

Ебдейсізден/епетейсізден *сөйл.* Аз-кем ебдейсізденіп тұрып қалды. «Қаз.әдеб». Кінәлі адамдай епетейсізденіп орындыққа отырдым. К.Баялиев.

Ебдейсіздеу/ерепейсіздеу Ебдейсіздеу қимылдап, желкесін қасыды. Қ.Салғарин. Ерепейсіздеу, әйтпесе жақсы әйел.

Ебей/ебейін/ебене *сөйл./ебесін көне.* Ебей – кәрі әйел, кемпір. С.Аманжолов. Есік алды ебейін, күйген үрер көмейін. Батырлар жыры. Есіктің алды ебене, ерлер киер кебене. Қобыланды. Айналып ақыл табарға Есіктегі ебесін. Алдаспан.

Ебелек/ебей Жүзген, изен, ебелек – белгілі шөптер ғой. Ғ.Қайырбеков. Сен салмақсыз қаңбақ бос, ебелек қаққан ебейсің. Жамбыл.

Ебіл-себіл/ебіл-дебіл *сөйл./ебіл-тебіл сөйл.* Тұраш ебіл-себіл жылап отыр. С.Нарымбетов. Тұрар ебіл-дебіл күйі ішке енді. С.Алдабергенов. Ебіл-тебіл Есжанов келді. А. Тоқмағамбетов.

Ебір-жебір/аңғал-саңғал Бомба түскен үйдей ебір-жебір. С.Адамбеков. Үйдің есік-терезесі аңғал-саңғал. «Лен.жас».

Еврей/жебірей *көне*. Олардың құрамында қазақ, еврей, татар болды. Қ.Әбілдаев. Циркті Гесак деген жепірей ұстайды. І.Жансүгіров.

Егделен/егдер *көне*. Жүзінің ерте егделене бастағаны содан. Д.Досжанов. Бейнет көрген әйелдердің көбі егдеріп қалған. Ж.Әбдіхалықов.

Егей/ығай мен сығай Елде жүрген егейлер Қалада құр үйілдің. Жамбыл. Жігіттер де өңкей ығай мен сығай. І.Жансүгіров.

Егемен/егеменді/суверенді *кітаб*. «Егемен Қазақстан» газетін үзбей алдыртады. Ауызекі тіл. Біз егеменді мемлекеттің еркін азаматтарымыз. «Жас алаш». Мемлекеттің ішкі-сыртқы істері суверенді мемлекеттің тікелей өз билігінде. «Коммунист».

Егер/егерде/егерки *сөйл./әгәр сөйл./әгәрки сөйл./мәгәр сөйл./мәгәрки сөйл./әгәрәкім жерг*. Егер жау берілмесе – оны құртар болар. Ғ.Мүсірепов. Егерки болыс екең келген болса. Ж.Саин. Егерде сұрай қалса, білмеймін деңіз. Ә.Әбішев. Әгәр бұл қудалауын қоймаса, Орынборға тартамын. Ғ.Мүсірепов. Әгәрки тірі қалмасам, еліме хабарлар. «Қаз.әдеб». Дариға, болса мәгәр басында еркі. Батырлар жыры. Мәгәрки мал бағатын біреу болса, оған өзің жауаптысың. Х.Есенжанов. Әгәрәкім кете алмай қалсаң, осында кел. Қ.Жұмаділов.

Егеудей/егеудейін *фольк*. Егеудей жонып түсетін едің. І.Есенберлин. Асқары асырмайтын егеудейін, Шалғыны жан жаралап егеудейін. І.Жансүгіров.

Егін-жай/егіс-жай *сөйл*. Егін-жайды аралап қайтайын. Т.Иманбеков. Бәйгі ап қайтты егіс-жайдан. С.Сейфуллин.

Егін-терін/егін-тегін *сөйл./егін-суан жерг*. Егін-терін жиналғанға дейін шыдайық. Т.Тобағабылов. Жұрттың егін-тегіні пісіп тұр. М.Әуезов. Егін-суан қалып барады, жұмыстан шыға алмаймын. «Қаз.мұғ».

Егістік/егіндік Қызылша егістігін аралады. С.Бақбергенов. Бұл Оралбайдың егіндік жерлері. Ф.Мыңжасарова.

Едәуір/недәуір Отары жатқан жер едәуір жырақта болатын. Н.Ғабдуллин. Медеу менен недәуір үлкен болатын. Ө.Тұрманжанов.

Еді/ед *сөйл*. Ләззаттың үйіне де барған еді. С.Бегалин. – Бай менен бала ма ед қалған кемің. Ә.Сәрсенбаев.

Едім/ем Сан жүйрік көріп едім мен нелерді. Біржан. Осылай болар деп ойлап ем. «Лен.жас».

Едің/ең Ұстап едің қолымды. Жамбыл. Осыдан артық сен не қылушы ең? І.Жансүгіров.

Едірей/ежірей Құрымбайға бір шекесінен, едірейе қарады. М.Есламғалиев. Көзі ежірейіп айбын көрсетіп отыр бай. С.Омаров.

Едіренде/ежіренде Кейде ұрттап алған кісіше едірендеп кетесің-ау. Т.Нұрмағамбетов. Онда сенің ежірендейтін жұмысың жоқ. Х.Есенжанов.

Еже/нағашы апа Шешемнің туған әпкесін, демек менің нағашы апамды еже деп атаймын. «Еңбек туы».

Ежелден/әзелден *сөйл*. Қазақ – ежелден меймандос халық. С.Омаров.

Қымбат бұйымның иесіне байғазы беретін әдет әзелден бар. Қ.Токмырзин.

Ежігей/ежегей *сөйл.* Ежігей мен алдық ірімшік, айтуынша бәрінің. О.Шипин. Әкететін ежегейі қайнасын. Х.Ерғалиев.

Ежік/ұзын-ырғасы Ежігін айтқанмен, түсінбейсің. Диал. сөздік. Ол болған жайдың ұзын-ырғасын айтып берді. Б.Шаханов.

Езбе/езмалта Күндестігін қоздырып, Азапқа қалма езбеден. Абай. Езмалтаның сөзінде Шындық бар деп сезінбе. Мақал.

Езеуре/өзеуре *сөйл.* Ана біреуің езеуре болмайды ғой. Ж.Молдағалиев. Жақындаған сайын өзеуре ентелеп барады. Ғ.Мүсірепов.

Ей/эй Ей, бұл жерде не істеп жүрсіндер? Қ.Әміров. Әй, достарым, жігіттерім, қолыңнан келсе қыл қайыр. Ы.Алтынсарин.

Екпе/екпелі *сөйл.* Егіс көлемінің төрттен бірі екпе шөптер. Қ.Серікбаев. Екпелі шөп егу мүмкіндігі де бар. Ф.Оңғарсынова.

Екпін/епкін *сөйл./ексім жерг.* Екпіні қатты екен. «Қаз.әдеб». Шаңғышының қырдан түскен епкіні шығарып-ақ салады бір биікке. Қ.Мырзалиев. Жел ексімі білінгендей болды. Б.Әбдіразақов.

Екпінде/епкінде *сөйл./ексімде сөйл.* Аяғын екпіндей басты. Ә.Әбішев. Арқанды епкіндете шайқаған болып, тартыңқырап қалды. С.Мыңжасарова. Екпіндеп, ексімдеп сөйлегенді ұнатпайды. Ә.Жәшімов.

Екпіндет/епкіндет *сөйл.* Екпіндете соққан боранның ызғарланып тұрғанына екінші күн. Ә.Шәріпов. Арқанды епкіндете шайқаған болып, тартыңқырап қалды. С.Мыңжасарова.

Екпінді/епкінді *сөйл.* Қара жорға шынында екпінді екен. С.Мұқанов. Епкінді жүрісін баяулатпады. «Лен.жас».

Екілен/ексімден/ежелен *жерг.* Темірбек бір көтерілсе, екіленіп тоқтамайтын. Б.Тоғысбаев. Рас, – деді Әділбек ежелене түсіп. Х.Есенжанов. Ол екпіндеп, ексімдеп сөйлегенді ұнатпайтын. «Соц.Қаз.».

Екінді/екіндік *сөйл.* Күн екіндіге жеткенде алыстан қалың орман көрінді. К.Тоқаев. Күн екіндіктен ауып қалған-ды. Оныншы асу.

Екіншідей/екіншілей Ойынға екіншідей баршы, кәне. Б.Майлин. Екіншілей тентек болма, балам. Т.Ахтанов.

Елауадан/атам заманнан Ол ел сонау елауадан бері отырықшы. Б.Аманшин. Атам заманнан келе жатқан дәстүр. «Соц.Қаз».

Елбекте/елпекте/ебдіре *сөйл.* Жақындаған сайын сайтандай елбектеп тұрар. О.Бөкеев. – Ой, айналайын-ай! – деп әкесі елпектеп қалды. О.Дастанов. Ебдіреп барып вагон баспалдағынан көтеріп түсіріп жатты. Д.Әбілев.

Елбелекте/елпелекте/елбеленде/елбіре *сөйл.* Бала елбелектеп тезірек барса, жұрт жиналып қалыпты. З.Шашкин. Батыржан елпелектеп кеп Сейілді сүйеді. Р.Райымқұлов. Елбелендеп жүгіріп келе жатқан. К.Қазыбаев. Бұ да Қасен деп онша елбіремейді, елемейді. М.Әуезов.

Еле/електе *сөйл.* Өздері ұн елеп жатыр. С.Мұратбеков. Байға тамақ дайындап, нан илейді електеп. С.Сейфуллин.

Елегіз/елгіз *сөйл.* Нағи оған елегізе қарап қалды. З.Шүкіров. Боздайды анаң, жар-жар-ай, кеткеніңе елгізіп. «Жұлдыз».

Елек/елгезер/елеуіш/елегіш Заңды өзгерістерді сын елегінен өткізіп те көрді. Ф.Дінісламов. Елгезерге қос уыс ұн салдым. Т.Бердияров. Елеуішті ұстаған күйі отырып қалды. Б.Майлин. Мынау – сеялқаның елегіші. Ә.Нәбиев.

Еленде/елеңсі сөйл./елеңіт сөйл. Енді қандай сөз тарар екен деп елендеп еді. Ә.Кекілбаев. Жігіттің жүзі жабырқау, жалтақтап тұрды елеңсіп. Н.Шәкенов. Асыл еленітіп, есік жаққа құлақ түрді. Т.Тілеуханов.

Елендеткіш/елеңшіл Әрдайым елендеткіш әрекетке үйір. «Қаз.әдеб». Елеңшіл ойдың үстінде тұр. Т.Ахтанов.

Елжіреуік/елжірек сөйл. Кең пейілді, баладай елжіреуік. Б.Шаханов. Анасының мұншалық елжірек кезін көрмеген. Ә.Нұрпейісов.

Елжірегіш/елжірлік сөйл. Осы сен-ақ елжірегіш екенсің. «Лен.жас». Абдолла жырларында сары уайым, елжірлік көп дейтіндер бар. «Лен.жас».

Елпелекте/емпелеңде сөйл./емпелекте сөйл./еңмену көне. Батыржан елпелектеп кеп Сейілді сүйеді. Р.Райымқұлов. Енесін өкшелей Әмина емпелеңдеп келеді. Ж.Молдағалиев. Сағат бірлер шамасында емпелектеп Жаңғабыл келді. «Қаз.әдеб». Еңменіп келсем қасыңа, Бозарып жатқан топырақ, қан түкіріп қайғырып, қарап тұрып жүдедім. А.Оңғарбекұлы.

Елпең/ебелек/елпелең/емпелең (қағу) Ол елпең қағып жүгірді де отырды. К.Қазыбаев. Сен ебелек қаққан ебейсің. Жамбыл. Елпелең қағып алдынан қия етпеді. «Қаз.әдеб». Емпелең қағып қонақтарын үйге қарай бастады. Б.Тілегенов.

Елпілдек/елпек Ол – ақкөңіл, біреудің сөзін екі етпейтін елпілдек қыз. М.Дүзенов. Тілалғыш, елпек бала деп, оны мұғалімдер жақсы көретін. Б.Тұрсынбаев.

Елті/елт сөйл./еліт сөйл. Оның әңгімесіне еріксіз елтисің. «Лен.жас». Күй сазымен кейде өлең жазам, елтемін. Р.Нұрпейісов. Әңгімесі барған сайын мені еліте берді. К.Асанов.

Елі/тауық соқыр Көзің елі болса, көзілдірік ки. Диал.сөздік. Тауық соқыр боп, алыстағыны көре алмайды. «Лен.жас».

Елікте/елік Ерке жаным еліктегіш, Албыртады бәріне. Т.Әлімқұлов. Белгісіз арманға бой ұрған елігу ме? Т.Ахтанов.

Еліктегіш/еліткіш/еліккіш сөйл./елтігіш сөйл./елігіш жерг. Жас көңіл еліктегіш, жақсы, жаманды айыра бермейді. Ғ.Мұстафин. Ойдан жырақ елтігіш кезімде мен алалығын өмірдің сезінбеп ем. Ф.Оңғарсынова. Раушаннан аңғарған бір мінез оның не көрсе, соған елігіштігі. С.Сарғасқаев.

Еліктеу/елігу Жас кезде адам әр нәрсеге еліктегіш келеді. «Семья тәрбиесі». Сексенде тұяғыңды серіппейсің, Селт етіп еш нәрсеге елікпейсің. Шал ақын.

Елір/елеуре/елірмеле морф. Еліре берме, Шашубай. Жамбыл. Әлденеден үріккен ботадай елеуреп, екі көзі шатынап кеткен. Х.Есенжанов. Жолаушы елірмелеп, қикұлай бастады. «Жалын».

Елірме/еліртпе сөйл./елерме сөйл. Елірме науқасқа душар болып, көше аралап кетеді. О.Сәрсенбаев. Әлсін-әлсін ұстайды еліртпесі. Қ.Мырзалиев. Жасынан елермесі бар. С.Адамбеков.

Емексі/емескі *сөйл./еміскі сөйл.* Емекситін ештеңе де жоқ. Қ.Сатыбалдин. Емескі сөздің ізіне түсіп келген-ді. Қоғамдық тәртіп сақшылары. Денесінің қызып бара жатқанын еміскі сезіп қалды. Т.Жармағамбетов.

Емен-жарқы/емен-жарқын *сөйл.* Ол жайды да емен-жарқы айта кетейін. С.Мұқанов. Қатыңқы қас-қабағына емен-жарқын жылылық жүгіргендей. С.Омаров.

Емеспін/емен Мен баласыз қатын емеспін. М.Әуезов. Награда алайын деп ойлаған емен. М.Ғабдуллин.

Емеурін/емеуір *сөйл./емеусін жерг.* Мұса мырза Секербайға емеурін білдірді. З.Ақышев. Шатырға еніңіз дегендей емеуір білдірді. К.Әзірбаев. Өзі кешірім сұрап емеусін білдірмеді. Ө.Қанахин.

Емеурінсіт/емеусірет *сөйл.* Емеурінсіткенге түсінбей келе қалуын көрмейсің бе? Х.Рахимов. Шешесінің емеусіреткен осы бір сөзінен демей тапқан. А.Хангелдин.

Емешегі (құрыды)/емесесі *сөйл.* Сені тілеп, емешегі құрып келген. С.Омаров. Не болады деп, емесесі құрып отыр. М.Әуезов.

Емешек/емесек *сөйл.* Оған емешегім езілген емес. Р.Райымқұлов. Сенің қызыңа емесегі үзіліп қалғанынан-ақ кәдік алып едім. Ө.Кекілбаев.

Емле/еміле *поэз.* Емле қателерін аз жіберетін болады. Қ.Жарықбаев. Ағасы оған ұрысып, Емілені сөз етті. Қ.Мырзалиев.

Емхана/докторхана *сөйл./емдеухана сөйл.* Емханаға барып жүр. «Соц.Қаз». «Ян бин шин» қытайша сөз – докторхана. С.Мұқанов. Төкен емдеуханадан шығып, елге қайтарда қуанған. С.Бегалин.

Емші/емгер *сөйл./дарымшы жерг.* Сестраның міндеті – емші дәрігерге қызмет ету. Ж.Жұмаханов. Қарақұрт шаққан малды дарымшыларға әкеп оқытатын. Х.Арғынбаев. Бұл сырқаттың содан бөтен білгір емгерін білмеймін. Д.Әбілев.

Емізік/еміздік *сөйл./емік көне.* Аузында емізік, ояу жатыр. З.Шүкіров. Қозыға еміздіктен сүт беріп отырған. «Соц.Қаз». Айтайын айт дегеннен емік ембе, Бір жері тұрғанынан кеміген бе. Қозы Корпеш.

Емізікте/емізекте *сөйл.* Күймесінің артында емізіктеген қара саба келе жатыр. М.Әуезов. Емізектеп толған қара сабадағы іркіттің майын түсіру, оңай ма. З.Жәкенов.

Емінгіш/еміншек/емінсек *сөйл.* Еріншектің бір міні – емінгіш. «Қаз.әдеб». Ер емес ем сезікті, Ез емес ем еміншек. І.Мәмбетов. Емінсек көздерін төмен салып айналып ұшып жүр. «Қаз.әдеб».

Емін-еркін/арқайын *көне.* Забойларды емін-еркін аралап көрді. «Халық кеңесі». Қай заманда да ашылып-шашылып жатқан арқайын дүние. Ө.Кекілбаев.

Емірен/еміркен *сөйл./емірін сөйл.* Біз бе екен елім десе еміренбейтін. Т.Әлімқұлов. Ана жолы дыбысты еміркене тыңдады. С.Талжанов. Баласын еміріне құшағына қысты. Т.Жармағамбетов.

Еміс-еміс/еміс-деміс Музыка үнін еміс-еміс естіп жатып оянып кетті. Алдабергенов. Есі еміс-деміс кіре бастады. «Соц. Қаз.»

Ен/енек Бұқаның ені, сиырдың желіні ісиді. Ә.Әбішев. Көбінесе еркек малдың енегі ісиді. «Соц.Қаз».

Ендеше/енше *морф.* Айкүміс, амалым жоқ, қош ендеше, кетелік сыр білдірмей жат елдерше. Жамбыл. Енше өзің біл, менің мұндай іспен жұмысым жоқ. «Диал.сөздік».

Ендігәрі/ендігіден әрі Ендігәрі кешікпейін, болды ма? М.Иманжанов. Ендігіден әрі қайталатпа. «Жұлдыз».

Ендіркеле/ендірке *морф.* Ендіркелеп бірден залға жетіп барды. «Қаз.әдеб». Сәскенің мезгілі еді ендіркеген. И.Байзақов.

Енепай/қисапсыз көп/ерепасыз *жерг.* Енепай жігіттер жұмысқа тұра алмай, бос сандалуда. «Оңтүстік Қазақстан». Атом полигонынан зардап шеккендер қисапсыз көп. «Ана тілі». Күн кеше ерепасыз жауды. «Диал.сөздік».

Енжу/інжу *сөйл.* Енжу іздеуші тулаған толқыннан қорыққан ба! А.Хангелдин. Безенген өне бойы інжу, маржан. Дастандар.

Ентеле/ентеленде Жұрт Мырзашты жан-жақтан ентелеп қамай түсті. С.Ерубаяев. Алмалап екі жағын ентелендеп. С.Керімбеков.

Ентіккен/ентігіңкі/ентігулі *сөйл./енменіп көне.* Ентіккен қалпы жетіп келді. «Қаз.әдеб». Даусы ентігіңкі, бәсең шықты. О.Серсенбаев. Жүзі жүдеу, өзі қатты ентігулі. Б.Аманшин. Елден ұшқан аққудай, Келіп қондым еңменіп Әтекеңнің төріне. Н.Шыршығұлұлы.

Еншалла/иншалла *кітаб./іншалла сөйл.* Еншалла, бір жеңілдігі болар. Р.Тоқтаров. Иншалла, ұятқа қалдыра қоймаспыз. «Лен.жас». Иншалла, еңбегің зая кетпес. Т.Ахтанов.

Енбек/емгек *көне./ембек сөйл.* Сан рет кездестім еңбек үстінде. С.Мұқанов. Өстіп емгек армиясына алындым. «Жұлдыз». Ембек ер атандырап. «Ленин жолы».

Енбеккер/енбекқор/еңбекшіл/еңбекқой *сөйл.* Енбеккер де іскер жігіт. М.Әуезов. Мал сүйген еңбекқор қазақтың дағдыры осы. З.Шашкин. Еңбекшіл үкіметін құрту ниетінде әрекет қылған. С.Сейфуллин. Қазақтың еңбекқой оқушылары орыс тілін де тез игерді. «Айқап».

Еңгезердей/еңгезер Өгіздің еңгезердей тас мүсіні жатыр. Қ.Сатыбалдин. Соңында еңгезер бір жігіт салбырап жүр. Б.Майлин.

Еңкектеу/еңкіштеу Көкшіл көзді, еңкектеу келген жайдары адам. Ө.Әлішев. Ашаң жүзін, еңкіштеу тұлғасын жадында сақтап қалды. Ә.Әлімжанов.

Еңкеуіт/еңкеу *сөйл./еңку сөйл.* Еңкеуітте екпіндеп келе жатқан еді. С.Әжіков. Әрірек еңкеуде інген жайылып жүр. З.Шүкіров. Ертеден шапса, кешке озса, еңкуден салса, төске озса. Үш ғасыр жырлайды.

Еңкіш/еңкек/еңкіс *сөйл./еңкес сөйл.* Орта бойлы еңкіш тартқан адам кірді. «Лен.жас». Шөп сабағы сәл еңкек өседі. Б.Шағыров. Едені де солай қарай еңкіс болады. А.Елеманов. Аса зор еңкес ойпатында айқын көзге түсіп тұр. «Спорт».

Еңкіштеу/еңкістеу/еңкектеу Еңкіштеу келген нық денесін бір шолып өтті. Х.Есенжанов. Төсеніштер кеспекке қарай еңкістеу орнатылды.

Қ.Құсайынов. Арықтау, еңкектеу адам екен. С.Сейфуллин.

Еңсегей/еңсе *сөйл.* Еңсегей бойлы, ер тұлғалы жігіт. «Қаз.әдеб». Еңсе денелі, қатқыл жүзді қарт қалып қойды. «Соц.Қаз».

Еңселілеу/еңселірек Ауыл шетіндегі еңселілеу үйге ат басын тіреді. «Қаз.әдеб». Таза, еңселірек үйге шам жағылған. Ә.Көшімов.

Еңре/еңіре *орф.* Есқожа деген елімнен Ерлер шыққан еңреген. Айтыс. Еңірегенде көз жасына етегі толады. М.Дүйсенов.

Еңіс/еңкеу *сөйл.* Мал еңісте жайылып жүр. «Лен.жас». Қыздар ана еңкеудегі өзенге суға кетіп барады. О.Сәрсенбаев.

Епсіз/ептейсіз Кенже болбыр, епсіз адам еді. Т.Сағымбаев. Жиын болса өзін ептейсіз, қораш сезінеді. «Жұлдыз».

Ептейтін/ептейтұғын *морф.* Бәрін де жөнге келтіріп ептейтін. «Соц.Қаз». Айтқанда кісі сөзін ептейтұғын. Елінде жөні түзу бір адам жоқ. Айтыс.

Епті/ептейлі/ептегейлі *сөйя./епсекті* *сөйл.* Ұрлыққа менен епті, менен ыспар адам болмады. Бозінген. Ептейлі қолымен тез ғана отырғызды. «Жұлдыз». Ол да зорман аулауға ептегейлі. «Соц.Қаз». Оның қолы ұрлық пен саудаға епсекті. С.Мұқанов.

Ептілік/ептейлік/епшілдік *сөйл.* Зілсіз әзілге ептілігі бар екен. «Жетісу». Бала жігіттің ептейлігі ұнады. З.Жәкенов. Еселі еңбек етпеген епшілдігің құрсын-ау. Айтыс.

Ер/ергін *морф.* Соңынан ерді де отырды. «Жұлдыз». Артымнан іле жортып ергін дейді. Батырлар жыры.

Ербең-сербең/ербек-сербек Ербең-сербеңдері қат-қабат асығыстыққа саяды. Қ.Оразалин. Ербек-сербек ағаштары да бір түрлі көрінеді. Ө.Тұрманжанов.

Ерби/ербей/ерей *сөйл.* Айбат шеккен мысықтың мұртындай ербие түседі. Ө.Қанахин. – Аманбыз, – деді ербейіп. Дегендей сырды бермейік. Ө.Тұрманжанов. Ерейген көк арбаның қасында 3–4 жігіт көрінді. Ғ.Мүсірепов.

Ергежейлі/ергежей *сөйл.* Ергежейліге ұқсаған беті әжімді кішкентай адам. Қ.Исабаев. Осы сорттарды ұластырып ергежей ағаштар шығарған. Ш.Хабибуллин.

Ергенек/ергеншек *сөйл.* Есіктен ергенек кетсе, иттен иба кетеді. Бозінген. Мойнына ергеншек ілініп талып жығылған. Бозінген.

Ерғашты/ерқашты *орф.* Ерғашты болған малды ұстау қиын. «Қаз.әдеб». Ерқашты мінезбен тіпті қапаланып айтты. Д.Досжанов.

Ерегіс/егес/ерегес *орф.* Оразбаймен ерегіскен жайын айтыпты. М.Әуезов. Егеске тұратын жігіт емеспін. С.Жүнісов. Ерегесте ер өлер, Екі батыр егесе, Екеуінің бірі өлер. Мақал.

Ерегіспе/ерегіскіш/егесшіл/егеспе Таңғұттардың ерегіспе, кекшіл екендерін білетін-ді. Ә.Кекілбаев. – Қозғалмасақ, қонармыз, деді ерегіскіш мінезі ұстай ғап. С.Мұқанов. Нұрғанымның жүзіне егесшіл бір мысқыл толыпты. М.Әуезов. Кімнен кім озады деген егеспе басталды. М.Қаратаев.

Ерегісшіл/егесшіл/ерегескек *сөйл.* Ерегісшіл мінезіне бақты.

«Жұлдыз». Шұғалы жүзіне егесшіл бір мысқыл толыпты. М.Әуезов. Бала күнінде де осындай ерегескек-ті. З.Шашкин.

Ерекше/ерек/ерен/ересен Ерекше көзге түсті жеке дара. Ж.Саин. Ат жақты жүзіне елден ерек сұс беріп тұр. Д.Досжанов. Даусы ерен, әрі сұлу, әрі күшті. Ғ.Мұстафин. Ұлбосынның бала сүюі ересен еді ғой. Ж.Молдағалиев.

Ерке/тәлпіш жерг. Жорғаның тері кеппес, еркенің көзі кеппес. Мақал. Жасынан бұла өскен тәлпіш қыз күлбілтенді де білмейді. Б.Аманшин.

Еркек/ер/ражұл кітаб. Еркек біткеннің бәрі етікші емес. Ө.Қанахин. Ер адамдар соңыра келді. «Соц.Қаз». Зина қылған әйел мен ражұлға қараңыз, Мойнында сом шынжыр, жылап кетіп барады. Қ.Малдыбаев.

Еркексі/ерсіре Еркексіп қалған әйелдерді оңай иемденеміз. Б.Нұржекеев. Ерсіреп жүрген ешкім жоқ. «Қаз.әдеб».

Еркекше/ер адамша Еркекше киінген қыз екенін аңғарады. І.Есенберлин. Ер адамша киінген мұғалима келді. Ж.Молдағалиев.

Еркелік/еркетайлық Еркеліктің аяғы иесіздік болады. Қ.Айнабекұлы. Үй тәрбиесінде еркетайлықтың қызығын Сағат көрді. «Лен.жас».

Еркек-шора/ерке-шора Мінез жағынан шалдуар еркек-шора қыз болатын. С.Мұқанов. Ер балаша киініп, ерке-шора болып өскен. М.Дүзенов.

Еркелет/еркейт сөйл. Қатты еркелететін еді. «Лен.жас». Батырларын еркейтін, не сұраса қақпаған. Абай.

Ерке-тотай/ерке-тоти Ерке-тотай Тәттімбет қара табан кедейге айналды. Т.Әлімқұлов. Алаң иелерінің ерке-тоти болатыны бар. С.Бердіғұлов.

Ерке-шолжың/ерке-шолжан/ерке-тәйттік/ерке-тәлпіш сөйл. Бай қызы бұлғақтаған ерке-шолжың. С.Торайғыров. Мінезі де ерке-шолжан. І.Есенберлин. Ерке-тәйттік қып өсірген баласын алмағай ең. Т.Әлімқұлов. Баяғы ерке-тәлпіш мінезіне басады кейде. Б.Аманшин.

Еркіндік/еркіншілік морф. Заманым берген еркіндік. «Жетісу», Еркіншілікті көксеу адамға емшек сүтімен бірге келеді. Қ.Кемеңгеров.

Ернеу/ернек Өзеннің жарлауыт ернеуінен баспалап қарады. Ғ.Мұстафин. Құрдым құздың ернегінде тұрғандайсың. Ә.Кекілбаев.

Ерсілі-қарсылы/ерсіл-қарсыл морф./ерсі-қарсы сөйл./ерсең-қарсаң жерг. Станцияда ерсілі-қарсылы жүріс. Р.Әутәліпов. Кабинетінде ерсіл-қарсыл жүріп сөйлеуді ұнатады. С.Мұқанов. Жүк тиеп, адам тиеп ерсі-қарсы, Шаңдатты бұрқыратып дала, жонды. С.Сейфуллин. Ерсең-қарсаң басылып, Қалмастан кедей жазылып. Қ.Тоғызақов.

Ертегі/ертек морф. Әжем ертегіні мәнерлеп айтатын. «Балдырған». Ертегіңді ертеңге дейін қоя тұр. Ә.Әлімжанов.

Ертегідей/ертегілі морф. Ғажайып ертегідей сырлар шертеді. М.Мәуленов. Ел аузында ертегілі Сенің жырың жатталатын. Сәлем саған Украина.

Ертелі-кеш/ерте-кешті поэт./ертенді-кеш сөйл. Ертелі-кеш жел соғар қоңыр майда. К.Әзірбаев. Оқитын болды намаз ерте-кешті. Т.Ізтілеуов. Ертенді-кешкі жиналыстарын өткізді. М.Әуезов.

Ертесі/ертесін/ертеңі/ертеңгісін Ертесі келіп жөнін айтты. «Соц.Қаз».

Ертесінде Сорқабак өңірін әлдеқандай зор гүріл алды да кетті. Е.Домбаев. Партия комитетінің бюросы ертеңінде басталды. З.Шашкин. Ертеңгісін бар жағдайын айтып жалынса ше? М.Дүйсенев.

Ер-тоқым/ер/егер *көне.* Төреге ерген ер-тоқымын арқалар. Мақал. Арқасына ер батса, ат аяңшыл болар. Мақал. Егерді далаға тастай салып едім. ҚТТС.

Ертте/егерле *көне.* Қара қасқа арғымақты ерттеп әкел. М.Дүзенев. Атымды ертең ерте егерлеймін. ҚТТС.

Ерттеулі/ертті *сөйл.* Аты ерттеулі. «Жалын». Бауырында үш-төрт ертті ат жайылады. Ж.Нәжімеденов.

Ертіңді/ерітпе Тұз ертіңдісі қолданылады. «Лен.жас». Титанның хром элементімен ерітпе қоспасы қолданылады. М.Бекенов.

Ерулі (қарулы)/ереулі *морф.* Құдағи, еруліге қарулы. С.Мыңжасарова. Ереуліге – қарулы деп барымтаға шығады. М.Елеусізов.

Ерігіш/ерімтал *морф.* Топырақ құрамында тез ерігіш тұздар көп. Е.Жамалбеков. Аминоқышқыл – түссіз, суда ерімтал кристалдық зат. Б.Бірімжанов.

Ерікті/бостан Искусство ерікті, бостан болсын деген пікірді үнемі жақтаумен келді. Қ.Жұмалиев. Өлімнен киік кетті болып бастан. Үш ғасыр жырлайды.

Есалаң/ауыш *лекс./есуан* *көне.* Пері соққан кісідей есалаң қалпында шахтыға келді. Ғ.Мұстафин. Ақсақалдың жалғыз ауыш баласы бар еді. Диал.сөздік. Осындай есуан адамды төбеңе шығарып жіберемісің? Диал.сөздік.

Есей/ересей *жерг.* Есімді білдім, есейдім. А.Тоқмағамбетов. Олардың бәрі де ересейіп, өсіп кетіпті. Ә.Нұршайықов.

Есек/ешек *жерг.* Көк есегі астында, Көк қалпағы басында. Ж.Смақов. Көршіміздің ешегін іздеп тауып бердім. «Оңтүстік Қазақстан».

Есенгіре/есеңгі *сөйл.* Жұрт есеңгіреп қалғандай еді! Қ.Жармағамбетов. Қалт тұрып қалды есеңгіп. Н.Шакенов.

Есепқор/есепшіл/есепқой/есепкер *сөйл.* Сенің түскен жерің тым есепшіл жандар. Ж.Жұмаханов. Есепқой шаруа советке кінә тақпаған. Ж.Молдағалиев. Игілік бұл далада тендесі жоқ есепқор еді. Ғ.Мүсірепов. Ықтайды жаңа заманнан, Есепкер кенттік ноғайша. Ж.Молдағалиев.

Есепшілдік/есепдарлық Тепе-тең есепшілдіктің де жөні жоқ. «Жетісу». Жалаң мадақтаушылық есепдарлық сияқты жат қылық атап көрсетілді. Т.Ақшолақов.

Есер/есірік/есірек/есіргіш Өннің де естісі бар, есері бар. Абай. Таласбайдың есірік баласы екі жігітпен келді. Ғ.Мұстафин. Бүйтіп әдетте есірек адамдар ғана күлетін. Ә.Нұрпейісов. Айқай шықса есіргіш Атойшыл Ертіс көк дауыл. Д.Әбілев.

Есерсоқ/келесау Кім бізге жасамақшы қоқан-лоқы, Біз мұндай көрмеп пе едік есерсоқты. Қ.Аманжолов. Мұнысы мақсатсыз, келесау ыржиыс емес. Б.Шаханов.

Ескек/ескіш/еспе *сөйл.* Ескегін қайықтың кенеріне сүйей салды.

Ә.Нұрпейісов. Сапар ескішті дереу қолына алып еді. М.Иманжанов. Қақпа паром өтуге, еспе-тақтай, бөрене. Қ.Аманжолов.

Ескергіш/ескерімді Ондайды ескергіш болсаңыз, әкеліңіз. Б.Нұржекеев. Ескерімді қария оған рұқсат етті. Т.Ахтанов.

Ескерткіш/ескерме Өткен күндердің ескерткіші секілді. С.Омаров. Ескерме ретінде сізге азын-аулақ тапсыратын нәрсеміз бар. Б.Момышұлы.

Ескерусіз/ескерімсіз/елеңсіз Бізді ескерусіз тастамас. Х.Оразалин. Ескерімсіз бір жағдай үлкен іске себеп болып кетті. А.Жұбанов. Ел лебізіне елеңсіз қарауды жек көретін. З.Жәкенов.

Ескі-құсқы/ескі-ұсқы *сөйл.* Тозығы жеткен ескі-құсқыны қайтеміз. «Жұлдыз». Үстіне қайдағы ескі-ұсқыны артып алды. С.Мұқанов.

Естен/есі кірді Есептесіп байлармен. Көзі ашылып естенді. С.Сейфуллин. Есейіп есі кіргенде түсінді. «Лен.жас».

Естуі/естімі Әркімнен естуім бар. Ш.Өтепов. Бұрындары ел аузынан естімі бойынша білетін. «Соц.Қаз».

Есті/есіт *сөйл.* Жақында ғана естіпті. «Жалын». Інісі зұлыстырға еріп кетіпті деген сыбыс есітті. М.Әуезов.

Естіген/есіткен *синт.* Келгенімізді естіген шығар. Ауызекі тіл. Есіткен құлақта жазық жоқ. Мақал.

Есіз/егесіз *сөйл.* Есіз тауда ойда жоқта кездескен. М.Әуезов. Егесіз жатқан неғылған мал. Салдабергенов.

Есірке/жебе Жаратқан ием өзі есіркеп жебесін! «Қаз.әдеб.». Сөзін айтар біреу жоқ, Жарлыны кім жебейді. К.Әзірбаев.

Есіл-дерті/есі-дерті Есіл-дерті сол қасқыр ішікте болды. А.Құрманғалиев. Күй болып ұйып отыр есі-дерті. І.Жансүгіров.

Ет/гөш *кітаб.* Қой етін сатып алды. Ауызекі тіл. Білді де талатқанын ауға гөшін, Шалдырды шапшандатып керней, сырнай. Т.Ізтілеуов.

Етбет/екпет *сөйл.* Ұлына ұмтыла беріп етпетінен құлады. Н.Ғабдуллин. Ол екпетінен құлап түсті. Ә.Сәрсенбаев.

Етбетте/екпетте *сөйл./етпетте орф.* Етбеттеп жатыр еді. С.Адамбеков. Екеуі жерге екпеттей жата қалып тындап еді. И.Есқараев. Бұлақ жағасына етпеттеп жата кетті. З.Жәкенов.

Еткен (шай)/әткен *сөйл.* Әжей еткен шай алып келді. «Қаз.әдеб.». Екі кесе әткен шай даяр тұрса. Ж.Тілеков.

Етшең/етті *сөйл.* Әбікеннің етшең доғал саусақтары мойнына кенедей жабысты. Т.Әлімқұлов. Торпақтар анағұрлым ірі, ерекше етті. С.Бегалин.

Еш/неш *кітаб.* Тыңдамаса еш адам, өз жүрегім толғансын. Абай. Саған неш алаңсыз, біржола берілдім. Ө.Қанахин.

Ешкемер/ешкіемер *орф.* Шол мақлұқтарынан ешкемер, қосаяқ, тағы басқаларын алыңыз. Ә.Көшімов. Өне, ешкіемер қашып барады. Н.Баяндин.

Ешқайсы/ешқайсысы/ішқайсы *сөйл.* Ешқайсына да салмағымды салмаймын. Ш.Құсайынов. Ешқайсысынан өзін кем санамайды. М.Есламғалиев. Ішқайсы байқар емес. «Қаз.әдеб.».

Ешмек/ешкі асығы Ешмек сақаға жарамайды. «Диал.сөздік». Ешкі асығын кей жерде ешмек дейді. «Мәдениет және тұрмыс».

Ештеме/ештеңе/ештеңке/еждеме сөйл./іштеме сөйл. Ештемені елемей жүре берген бе? «Лен.жас». Берер ештеңесі жоқ. М.Қаратаев. Қыз ештеңке андамаған боп, үндемеді. «Жұлдыз». Өтініштен өзге еждеме айта алмаған. Б.Тәжібаев. Іштеме ойына кіріп-шығар емес. «Жалын».

Ж

Жабдықта/жарақта Жақсы жабдықталған киіз үй қажет. С.Мәуленов. Техникамен қайта жарақтау жөнінде пікір айтылды. «Лен.жас».

Жабу/жалпуыш жерг. Жебір түйе жабуын жер. Мақал. Тұлпарына жасыл жалпуыш жапты. Д.Досжанов.

Жабыныш/жабыншы сөйл. Алтыннан жабыныш жапқан храмдар бар. М.Әуезов. Жыртық есік-терезе, тесік жабыншы болса, соның бәрін бітеп, бүтіндеп әзірлетті. М.Әуезов.

Жабыңқы/жабылынқы морф. Қабағың жабыңқы ғой. Ғ.Мұстафин. Қабағы жабылынқы, тек күрсіне береді. Қ.Жұмалиев.

Жабырқа/жабык/жабаура жерг. Соңғы күндерде тым жабырқап кеттіңіз. Ш.Хұсайынов. Көңіліне қызығу, жабығу сезімі қатар ұялады. Т.Әлімқұлов. Жасым жетіп жабаураған ғаріппін. Қ.Сыдықов.

Жабырқаңқы/жабырқаулы морф. Қай ауылды көрсең де жабырқаңқы, Күлкі, ойын, көрінбейді сейіл – серуен. Абай. Гүлсімнің жабырқаулы отырған шағында үйге Оразбай келді. А.Алдабергенов.

Жабысқақ/жабысқыш/жабыспақ сөйл. Мынау – екіжүзді айлалы жабысқақ кесел. М.Әуезов. Организм неғұрлым тез тозса, рақ соғұрлым жабысқыш келеді. М.Қайрақбаев. Өзі ошаған секілді жабыспақ қу еді. Ғ.Қабышев.

Жағажай/пляж кітаб. Бағиланы сол жолы жағажайдан көрді. «Жалын». Пляж – шомылуға, күнге күйеге ыңғайлы су жағасындағы жайпақ жер. Түсіндірме сөздік.

Жағал/сағал Аулада жағал ешкі байлаулы тұр. «Лен.жас». Сағал көз, сары жүзді. М.Әуезов.

Жағдай/жағдаят Жағдайы онша емес. «Жұлдыз». Бұл жағдаяттан бейхабарлығын білдірді. А.Мекебаев.

Жағымпаз/жағымтал/жағынымпаз сөйл. Жағымпаз аузы епті кейбір артист. Қ.Қуанышбаев. Өте бір жағымтал жар еді. «Лен.жас». Әмір иесіне жағынымпаз бір бейшара. Ғ.Мүсірепов.

Жағымпаздан/жағымсы Жағымпазданған қылығынан секем алды. «Қаз.әдеб». Кеше бізге жағымсып жүрген. Ш.Хұсайынов.

Жадау/жадаң сөйл. Сынық жүзді, күн қақты жадау әйелдер. Ғ.Мүсірепов. Үрпиген жадаң жүзді балалар. З.Жәкенов.

Жадыгер/жады күшті/жадыгеш/жатшыл морф. Мен жасымда жадыгер едім. Диал.сөздік. Ол – бір естігенін ұмытпайтын жады күшті адам. Ауызекі тіл. Ескі әңгімені жадыгеш адам біледі. Диал.сөздік. Қыдырғали жатшыл адам-ау, бір естігенін қайта айтып береді. Диал.сөздік.

Жадығат/материал Мазар салуға қолданылған күйген қыш, майолика

тақтасын жасайтын жадығат (материал) таптырмайды. «Жана атаулар».

Жаза/саза/сазай Мың жазаға бір-ақ саза. Мәтел. Құдай сазайынды берсін. Қарғыс.

Жазалаушы/жазагер *сөйл.* Жазалаушы отряд жіберіліпті. «Қаз.әдеб». Ақ пен алаштың жазагер отряды тап осы кезде келді. Ғ.Мүсірепов.

Жазғыр/жазықтыр *морф./жазықта сөйл.* Зорлықты өзің етесің де, оны кеп жазғырасың. Абай. Бір жәду сөзге еріп жазықтырма. Н.Ахметбеков. Мұндай тентектікті жазса да, жаңылса да жастық істейді. Жазықтамасын, жастың ісіне құдайдан жаза сұрамасын. Б.Нұржекеев.

Жазғытұрым/жазғытұры/жазғытұрғы *сөйл.* Жазғытұрым тым жүдеу еді. Б.Майлин. Жазғытұры қалмайды қыстың сызы. Абай. Жағада толқын үйірген, жазғытұрғы тасқындай. С.Мәуленов.

Жазғыш/жазарман Бейімбеттей жазғыш болу керек. Х.Есенжанов. Жазарман жамағатқа ойын айтуға хұқ берген ғой. Е.Әкімқұлов.

Жазира/жәзира *орф.* Жарасқан жазираға керілген бой. Т.Әлімқұлов. Бұл магистраль жәзира төсінде созылып жатыр. «Соц.Қаз».

Жазмыш/жазу/жазмыс *орф./жазылмыш морф.* Жазмыштан озмыш жоқ деген. Х.Есенжанов. Тағдырға не шара, жазу солай ғой. «Жетісу». Екі үйдің соқпағы ұқсас та, жазмысы бөлек. Т.Әлімқұлов. Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, бәрі де маңдайға жазылмыш. Диал.сөздік.

Жазық/жазаңқай Жер бауыры жазық. Мақал. Жазанқайдағы 2–3 түп шиіе маңына құлап түсті. Ә.Көшімов.

Жазықты/жазалы Алған бір жазықты, алдырған екі жазықты. Мақал. Он бір айдың ішінде тауып келмесендер, жазалы боласындар. Аяз би.

Жай/жәй *орф./жайуат морф.* Жай өзімше ғой. Ә.Дүйсенбеков. Жәй жүрсің бе? «Қаз.әдеб». Болған оқиғаны баяндап, жайуат отырғанда даладан тосын дауыс естілді. Ғ.Мұстафин.

Жайбарақат/жәйбарақат *орф./жайуат сөйл./емен-жай жерг.* Жайбарақат қана іліп-қашпа сөз. Ө.Қанахин. Ерік жәйбарақат. «Жалын». Өңгіме осылай жайуат аяқталды. С.Талжанов. Онымен емен-жай отырып сөйлесуді жағдай көтере ме? Б.Тоқтаров.

Жайға/жайғар *жерг.* Азғана малын жайғап қайтқан. Д.Әбілев. Тойын өзіміз жайғарамыз. Ә.Әбішев.

Жайдарлан/жайдарылан *орф.* Жайдарланып бетіне қан жүгірді. С.Жүнісов. Әдеттегісінше жайдарылана күлді. А.Хангелдин.

Жай-жапсар/жай-жағдай Жай-жапсарын сұрай бастады. М.Иманжанов. Ертеңіне-ақ жай-жағдайын баяндапты. «Лен.жас».

Жайлау/жәйлау *орф.* Қызығын сол жайлаудың көрем десең, Шөбіне баурың төсеп жатып алғын. Жамбыл. Жазда жәйлауға барып, дем алып қайтты. Ауызекі тіл.

Жайлы/жәйлі *орф.* Үш бөлмелі жайлы пәтері бар. «Жетісу». Бәрі де жәйлі пәтерде жайғасқан. «Жетісу».

Жайлым/жайылым *орф./жәйілім сөйл.* Жартысынан астамы табиғи жайлым мен шабындық. «Соц.Қаз». Көп сиырды жайылымға айдап барады. «Қаз.әдеб». Тау етегіндегі жәйілімде жүр. «Соц.Қаз.».

Жайпауыт/жайдақ Өзенді бойлап жайпауыт жерін тапты. Т.Ахтанов. Кез келген ит бір жалаған жайдақ ең. Ө.Қанахин.

Жайсақ/жәйсең *сөйл.* Жайсақ жігіт қой өзі. Д.Исабеков. Кілең жәйсең жандар. «Қаз.әдеб».

Жайтанда/жайтақта Ауылға кіргенде тіпті жайтандап кетті. К.Қазыбаев. Ақбоз атпен жайтақтатып өте шықты. І.Жансүгіров.

Жайшылықта/жәйшылықта *орф.* Жайшылықта оңай көне қоймайтын. С.Шарипов. Жәйшылықта бұлай демейтін. «Жұлдыз».

Жайында/жәйінде Тау қырандары жайында әңгіме шертеді. С.Мәуленов. Әңгіме оқу-тәрбие жәйінде болды. «Лен.жас».

Жақау/жабыңқы Кезінде жабыңқы да, салқын тартқан жақау да күпті көңіл болатын. С.Бақбергенов.

Жақсымысыз/жақсысыз ба Жақсымысыз, әже, дені қарныңыз сау ма! Ауызекі тіл. Жақсысыз ба, апай! «Балдырған».

Жақтырма/жақама Сыңайына қарағанда жақтырмайды білем. З.Шашкин. Бірақ оны бала жақамай, жорғалата жөнелді. Б.Қыдырбекұлы.

Жақұт/яқұт *кітаб.* Жақұттай жалтыраған «Батыр ана» медалі. Бейбітшілік жасасын. Безенген өне бойы інжу-маржан яқұт тастан. Дастандар.

Жаланаш/жалаңқай *морф* Батальонның жалаңаш ашық жерде, жау оғынын астында жатқанына сағатқа жуық уақыт болды. Ә.Нұрпейісов. Қаланың алды жалаңқай, бетке ұстар бір бұта я бір жылға жоқ. «Социалистік еңбек».

Жалаңқай/жалаңқая Ақшам жоқ, жалғыз атты жалаңқаймыи. С.Мұқанов. Жалғыз атты жалаңқая біреуге берсем обал. С.Мұқанов.

Жалбағай/жалбай Ал басындағы жалбағайды. М.Ақынжанов. Біреудің сұр жалбай киген басы қылтиды. А.Нұрманов.

Жалбақ/жалбақай Көрінгенге жалбақпен күнін өткізді. С.Дөнентаев. Жағымпаз, жалбақай боп өссе ше? Б.Аманшин.

Жалбарын/жалбар *сөйл.* Жалбарынғаннан нәтиже шығар емес. «Қаз.әдеб». Алдап, жалбарып, адастырып кетпекші. Б.Майлин.

Жалгер/арендатор *кітаб.* Жалгерлер жоғары өнім үшін онсыз да ынталы емес пе? «Жаңа атаулар». Бұрынғы басыбайлы шаруалардың біразы жерді жалға алатын арендаторға айналды. «СССР тарихы».

Жалғаншы/жалған айтқыш Болмасаң өзің жалғаншы, Қамқоршың сонда ел болар. М.Малқаров. Жалған айтқыш бұл зұлым Талайларды алдаған. Батырлар жыры.

Жалғыз/жаңғыз *сөйл.* Автобуспен өзім жалғыз келдім. Б.Соқпақбаев. Таң атқанша төңбекшіп шыққан жаңғыз Итжемес. Ә.Кекілбаев.

Жалғызсыра/жаңғызсыра *сөйл.* Гүлнар жалғызсырап қорқа бастады. «Қаз.әдеб». Туыс іздеп жаңғызсырамасын. Ж.Молдағалиев.

Жалқаяқ/жалқық *сөйл.* Жалқаяқ ісік аз күнде солып көгілдір таңба қалды. С.Мұқанов. Қабынғаннан пайда болған жалқық. Х.Қашағанов.

Жалма-жұлма/ұлма-жұлма Үсті-басы жалма-жұлма. «Лен. жас». Қоянға жетсе терісін ұлма-жұлма ғып тастайды. С.Тұрғынбеков.

Жалмауыз кемпір/заңқы *лекс.* Қарағылыш болса, бір жалмауыз кемпірдің үйі екен. Ы.Алтынсарин. Ертегілерде заңқы кемпір көп айтылады. Диал.сөздік.

Жалпаңда/жалпақта/жалпылда Жоғары шығындар деп, Лиза жалпаңдап жатыр. К.Баялиев. Сәкен көлгірсу, жалпақтау дегенді білмейтін. С.Мұқанов. Әйелдері жалпылдап амандасып, жайын сұрасты. З.Қалауова.

Жалпи/жалпай Жалпиған үлкен тамы қалың баудың астында. «Қаз.әдеб». Тиеген шөп тым жалпайып кеткен. Р.Тоқтаров.

Жалтақ/жалтаң Жалақордың жаны жалтақ. Ө.Тұрманжанов. Дүниесі құрғырдың тарлығы жалтаң көз ғылып барады. М.Әуезов.

Жалтақ-жалтақ/жалтақ-жұлтақ/жалтаң-жалтаң Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ. Абай. Жалтақ-жұлтақ қарап қояды. «Қаз.әдеб». Сұрланып қарай берді жалтаң-жалтаң. Д.Еркінбеков.

Жалтақта/жалтаңда Артына жалтақтап қарай берді. М.Иманжанов. Айналасына жалтаңдап көз салумен болды. Б.Тұрсынбаев.

Жалт-жалт/жалт-жұлт Күн нұрымен жалт-жалт етеді. К.Қазыбаев. Жалт-жұлт етіп көрінді. Б.Тоқтаров.

Жалшы-жақыбай/жалшы-жабыр/жалшы-жақпай *орф.* Малайлықта жүрген жалшы-жақыбайлар. С.Жүнісов. Сорына жалшы-жабырдың дүние салған деседі. Ж.Молдағалиев. Ауылда көрші-қолаң, жалшы-жақпайы көп. М.Әуезов.

Жалшылық/жалдық *сөйл.* Екеуміз де жалшылықта тұрдық. С.Мұқанов. Жалдыққа жануарды біз мінейік. Батырлар жыры.

Жалшылықта/жалға Жалшылықта жүретін бір жиені өз қолына алып еді. М.Әуезов. Жасымда жалға тұрып алдым байдан. С.Керімбеков.

Жалын/жалбарын Өтірік айтып жағынғанша, шынындық айтып жалын. Мақал. Жалбарына отырып, еркелете арқаға қақты. М.Иманжанов.

Жалын/жалқын *Өрт* қаулап, жалын үйді құша бастаған. С.Көбеев. Қыраттарды қызыл жалқын қанға малды. Т.Ахтанов.

Жамағайын/жама ағайын *орф./қабырға ағайын жерг.* Жамағайын мені балалар үйіне тапсырды. Е.Өтетілеуов. Жама ағайыны болса да біреуі жоқ па? Т.Дәуренбеков. Ол жігіт бізге қабырға ағайын болып келеді. «Жетісу».

Жамағат/жамифат *сөйл./жамифа кітаб.* Ау, жамағат! – деді де орнынан тұрды. Ғ.Мұстафин. Естілді құлақ түрген жамифатқа. С.Торайғыров. Шаттанды үй ішінің жамифасы. Т.Ізтілеуов.

Жампоз/жанбоз *сөйл.* Не бір жайсаң мен жампоздар. Б.Аманшин. Елдің талай маңғазы мен жанбозы. Е.Ибраһим.

Жамылғы/жамылтқы *сөйл./жамылтқыш жерг./нақабы көне.* Ақ жамылғы түсірілгенде есімдерін оқыды. Қ.Қамбаров. Кейбірінің үстінде бамбук жамылтқылары бар. С.Мұқанов. Жамылтқышты ашып көрсеткен тәрізді. І.Жансүгіров. Нақабынды ашсаңшы, Келбетінді көрейін. Батырлар жыры.

Жанамала/жанамайла/жанапайла *сөйл./жанарла сөйл.* Біз тас жолды жанамалап ағаш ішімен жүрдік. М.Ғабдуллин. Жанамайлап қасынан өте

берді. З.Шашкин. Оны жанапайлап соғу керек. С.Мұқанов. Жанарлай келіп тоқтады. М.Дүзенев.

Жансебіл/жаны сірі Жаны не деген сірі, жансебіл, төзімі темір, беріктен жаратылған деп таңқалар еді. «Жұлдыз». Мұншама жаны сірі болар ма! «Лен.жас».

Жануыш/жанығыш сөйл./жонуыш сөйл. Оның қолыңда да ұзын жануыш. Ж.Молдағалиев. Жанығыш пен кескішті жеткізіндер. Ы.Алтынсарин. Жонуышпен қайрады. «Жалын».

Жанұя/семья кітаб. Маскүнемнің ең әуелі жанұясы зардап шегеді. «Егемен Қазақстан». Семьядағы бақыт – өмірдегі бақыт. Ауызекі тіл.

Жаңа/және сөйл. Жаңа келген қонақтарды үйге кіргізді. Ауызекі тіл. Және ғана осында жүрген. Ауызекі тіл.

Жаңар/жаңғыр/жаңыр Қайта жаңарған дәстүр өз жалғасын тапқан. «Жұлдыз». Бертін келе жаңғыру дәуірінде еркін аударма етек алады. М.Әлімбаев. Өткен қайта жаңырды. «Алматы ақшамы».

Жаңғырт/жаңыра сөйл. Жүз түрлі дауыспен жаңғыртысып қоя берді. Т.Жармағамбетов. Сол көркем даусымен құзды жаңыратып еді. І.Жансүгіров.

Жаңқа/жоңқа Жаман балташының жаңқасы көп. Мақал. Шашына тұрып қалыпты темірдің жоңқасы. Т.Нұртазин.

Жаңыл/жаңсақтас сөйл. Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұяқ болмас. Мақал. Тәжірибелі барлаушы жаңсақтасқан жоқ. Ә.Нұрпейісов.

Жаңылғыш/жаңылшақ Жаңылғыш боп барасың. «Жұлдыз». Ер қартайса жаңылшақ болады. Қ.Сәрсекеев.

Жаңылыс/жаңсақ Өмірден баз кешкен, жаңылыс жолға түскен. Ө.Тұрманжанов. Есіткеннің жаңсақ жерін түзетіп алды. А.Жұбанов.

Жапа/запа сөйл. Дүниенің тартып жүрмін жапаларын. Абай. Мұндай күйге қалай түстің, кімнен запа шектің. Қ.Сәрсекеев.

Жапа-жалғыз/жапан-жалғыз сөйл. Есіз далада жапа-жалғыз қалдырды. «Лен.жас». Жапан-жалғыз жөнep кеткен-ді. Ә.Көшімов.

Жапан/құла (дүз) Өзіміздің жапан дүз, тұлпар тұяғы мүжіліп, бабаларымыз ақ отау тіккен жері. Р.Шаханов. Елсіз құла дүз жатыр. С.Бегалин.

Жарайды/жәрәйді орф. Жарайды, мен мойныма алайын. Ә.Нұрпейісов. Жәрәйді ендеше, біз қарсы емеспіз. «Жалын».

Жаралан/жарақаттан Үш жауынгеріміз жараланып, қатардан шықты. М.Хасенов. Ол атыс үстінде ауыр жарақаттанды. К.Тоқаев.

Жарамды/жарақты сөйл. Пайдалануға жарамды. «Алматы ақшамы». Жауынгерлер үшін жарақты қару еді. Р.Ыдырысов.

Жарамдық/жарамдылық Тұқымның егіске жарамдық сапасы көрсетіледі. А.Ажкеев. Тұқымға жарамдылығын анықтайды. М.Ерлеспесов.

Жарамсақ/жағымпаз/жалбак/жәркелеш морф./жәреуке жерг. Жарамсақтар қызметтен қуылды. С.Шаймерденов. Ол жағымпаз адам болатын. Б.Майлин. Жағымды жігіт боламын деп, көрінгенге жалбақпен күнін өткізді. С.Дөнентаев. Оның өзі көп ұзамай тұрлаусыз, жәркелеш біреу боп шыға берді. Ә.Қанахин. Жоламан – жылымшы жәреукеге жаны қас,

мақтау сүймейтін адам. С.Омаров.

Жарамсыздан/жарақсыздан *сөйл.* Бір жылға жетпей-ақ жарамсызданып қалды. «Лен.жас». Жеріміз егінге жарақсызданып қалды. «Айқап».

Жарапазан/жарамазан *сөйл.* Жарапазан айта бастады. «Қаз.әдеб». Бір келген он екі айда жарамазан. Ә.Нұрпейісов.

Жарас/жеңкей *көне.* Өзінің жарасса, атаңмен ойна. Мақал. Күйеумен көркейіп, жиенмен жеңкеюге мен де ынтық жанның бірімін. М.Әуезов.

Жарастыр/жамастыр Екеуін осылайша жарастырды. «Қаз.әдеб». Араз елді жамастырам деп, қыз да беріседі. М.Әуезов.

Жарасымды/жарасты *сөйл./жарастықты морф.* Қылығы өзіне жарасымды. «Соц.Қаз». Еркелік саған жарасты, маған ерсі. З.Шашкин. Қыз бала жарастықты әдеппен отырып, ағасына қарап қояды. Д.Әбілев.

Жаратқан/жасаған Жаратқан ием, қолдай гөр! «Қаз.әдеб». Жасаған қойған шығар салдалшы деп. Айтыс.

Жарау/жараң *сөйл.* Өзі жарау семіз ат. Қ.Әжікеев. Жараң аттарың бусана терлеп тұрады. Қ.Сәрсекеев.

Жарби/жарбай *сөйл.* Жар басында жарбиған жалғыз ағаш. Бейбітшілік даусы. Сен дағы жарбаясың мініп атқа. Б.Майлин.

Жарғы/устав *кітаб.* Жарғы (устав) деп ұйымды құрудың негізі болып саналатын ережелер жиынтығын атаймыз. «Ана тілі».

Жарғым/жарқыным/жарығым *орф.* Жарғым-ау, енді қайттік? «Жұлдыз». Ау, жарқыным, әуелі тыңдап алсаңшы. Ә.Нұрпейісов. Жарығым, жан ырысым талайлым менің. Қ.Сатыбалдин.

Жария/мәшһүр/жәрия *орф./еғлан (етті) жерг.* Бұл хабар жария болды барлық елге. И.Байзақов. Өз объектісін әркім әртүрлі жолмен мәшһүр етпек. О.Бөкеев. Жақсының ісі көпке жәрия. «Қаз.әдеб». Барша мұсылман қауымына еғлан етуге келіпті. Х.Есенжанов.

Жарияланым/публикация *кітаб.* Газет бетінде басылған сөздің құны бүгінде арта түскеніне орай, қандай да болсын жарияланымның (публикацияның) зардаптары үшін жауапкершілік те анағұрлым елеулі бола түсті. «Жаңа атаулар».

Жар-қия/жалаңқия Сонда мен ытқып шықтым тар ұядан, Секірдім ор киіктей жар-қиядан. С.Омаров. Жалаңқия жерлерден жазбай түсіп түлкі алған. Үмбетей жырау.

Жарқылдақ/жайнаңкер Дулат – жарқылдақ ашық кісі. М.Әуезов. Келіндері шетінен жайнаңкер. Ғ.Сыланов.

Жарқындылық/жарқындық Жылылық пен жарқындылық танытты. «Соц.Қаз». Жүзінде бұрынғы жарқындық жоқ. М.Дүйсенев.

Жарлы-жақыбай/жарлы-жақпай *орф.* Жарлы-жақыбайлар наразылық білдірді. «Жұлдыз». Жарлы-жақпайлар қолдау көрсетті. «Қаз.әдеб».

Жарма/жармақ *сөйл.* Жарма дақылдарының шығымдылығы төмен. «Соц.Қаз». Күріш жармағынан көмген бір таба нан. Н.Сералиев.

Жарнама/реклама *кітаб.* Қаладағы реклама, афиша, жарнамалар түгел дерлік ағылшынша жазылған. Т.Ахтанов.

Жартымды/жартулы морф. Жартымды ештеме айта алмады. «Лен.жас». Жартулы жұмысқа қолы тимей жүруіне кінәлі. А.Жақсыбаев.

Жартымсыз/жартусыз/жалаңқат лекс./тауапсыз жерг. Аудың балығы жартымсыз. Ә.Нұрпейісов. Жартусыз базарлығына тигім келмеді. Б.Аманшин. Түнде жалаңқат жұқалаң қар жауып, арты қалың тұманға айналған. Ш.Мұртазаев. Қамбада тауапсыз ғана астық қалған. «Лен.жас».

Жарық/саң жерг. Шам жарығымен күндізгідей жайнап тұр. М.Иманжанов. Күннің саңы семіп, қас қарайғанша белді жазған жоқ. Д.Исабеков.

Жарықта/жарық қыл Терезе пердені ашып, бөлмені жарықтандар. «Қазақстан мектебі». Балалар бөлмесін жарық қылыңдар. Ауызекі тіл.

Жарықшақ/жарқыншақ/жарқаш сөйл. Даусында жарықшақ бар. «Қаз.әдеб». Жарқыншақ дауыстарын аямай тапап жатқандай. Ә.Кекілбаев. Даусына жарқаш ілінген екен. Қ.Жұмаділов.

Жарым/жарты/жармы орф./жары жерг. Жарымы – Алшын, жарымы – Кәдір аталатын екі ауылдай ел бар. С.Мұқанов. Жартыны жарып жеген – татулықтың белгісі. Мақал. Жармысын шашып, жармысын ғана алып жатыр. Ғ.Мұстафин. Жары етін қазанға салды. Ә.Нұрпейісов.

Жарымес/кеңкелес/жәрмес орф. Ақылды қасыңнан қорықпа, Жарымес досыңнан қорық. Мақал. Дәл өзі сен емес пе кеңкелестің? Болады сөзі осындай жарыместің. Айтыс. Аралап жүрмін деп ұғады екен-ау бұл жармес. К.Оразалин.

Жарымжан/жарымжанды морф. Жарымжан адамды босат. С.Шаймерденов. Жалғыз үй, жарымжанды кемпір мен шал. І.Жансүгіров.

Жарын/келер жылы/келесі жыл Әкем жарын балалайтын інген алды. Ө.Қанахин. Келер жылы оқуын тамамдайды. «Алматы ақшамы». Келесі жылға дейін диссертациясын жазып бітірмек. Ауызекі тіл.

Жасаған/жаратушы/жаппар Я, жасаған ием, өзің қолдап-қорғай гөр! Ауызекі тіл. Он сегіз мың ғаламды жаратушы иемді алла тағала деп атаймыз. О.Сәрсенбаев. Қашаннан сөйлеп жүрген мен бір жорға, я жаппар, өткен бабам, өзің қолда! Айтыс.

Жасамыс/жасамыш сөйл./жасамал сөйл./жасамалы сөйл. Жасамыс дәрігер сөз қыстырып қалды. Ж.Жұмаханов. Зор денелі, шашы аппақ жасамыш кісі. Ж.Молдағалиев. Жасамал жұмысшыларға хат танытып, ерінбей еңбек етелік. Қ.Әбдіқадыров. Дөнен айғыр, бесті айғыр, жасамалы айғыр деп айтады. Х.Арғынбаев.

Жасаң/жасаныс Сұлудай көктем жасаңған, жырламас ақын – қалайша?! М.Әлімбаев. Заманымда өзімнің жасанысқан жау көрдім. Үмбетей жырау.

Жасанды/жасама/жаратынды сөйл. Мінез-құлқында еш жасандылық жоқ. «Жұлдыз». Жасама қылығын көрген емес. «Қаз.әдеб». Жаратынды дүние жаратылыс жаннатын тасалайды. Ж.Жұмаханов.

Жасаңғыра/жасарыңқыра Жасаңғырап қайтадан, Бақыт белін байлады. С.Керімбеков. Жасарыңқырап кеткендей. «Лен.жас».

Жасаңдау/жасаңғыр морф. Жасаңдау әйел есік ашты. Ауызекі тіл. Жасаңғыр кісі емес, жұмысты қалай істесін. «Диал.сөздік».

Жасар/жасаңда морф. Қайта туып жасарған, Қырғызыма қуанам. «Қырғыз жырлары». Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ, жекжатымен ел өсіп жасаңдамақ. Жамбыл.

Жасауыл/ертөле көне. Жасауыл үй тінтпек қылыштары жарқылдап. Жамбыл. Шыңғыс нояндары бір елді шабар болса, ең алдымен ертөлерін жібереді. І.Есенберлин.

Жастай/жастайын поэт. Әке-шешеден жастай айрылған. С.Омаров. Көрдім мен ақ қайыңды азап шеккен жастайын. М.Әлімбаев.

Жастық/жасшылық морф. Жастық не істетпейді. «Жетісу». Жасшылық ұрындырды талай жарға. Жамбыл.

Жасұлы/үлкен кісі Жасұлы – жасы үлкен адамдарға қарата айтылатын ізет атауы. «Ана тілі». Жасы үлкен кісісіз, төрлетіңіз. Ауызекі тіл.

Жасын/жасыл Аспаннан жасын түскендей. Т.Есімжанов. Кем түспей жазғы жайдың жасылынан. С.Мәуленов.

Жатақхана/жатақ сөйл. Бұл – институт жатақханасы. «Жетісу». Таныстарының көмегімен жатақтан орын алды. «Жұлдыз».

Жат-жаран/жат-жора/жат-жара сөйл. Жат-жарандар кетіп, өз адамдары қалған. Ғ.Мұстафин. Жат-жораларды сақтандырғыш үні естілді. Ә.Көшімов. Жат-жарадан қорғаушылар. С.Мұқанов.

Жатқан/жатырған морф. Келе жатқан адамдардың алдынан шықты. Ауызекі тіл. Сіздің әскерлер қашып келе жатырған көрінеді ғой. Т.Ахтанов.

Жатқыз/жаттыр морф. Көрші үйге жатқызды. «Қаз.әдеб». Той біткесін қыз-күйеуді жаттырмай ұзатады. Қамбар.

Жатыр/жатын Жатыр – әйелдердің ішкі жыныс органдарының орталығы. Ә.Есенқұлов. Жатындағы қатерлі ісік баяу дамиды. Ә.Есенқұлов.

Жауап/жұбап көне. Жауап қатпады. «Жалын». Жұбап бермей және отыра алмады. І.Жансүгіров.

Жауап беру/жауаптан Әркім өз жұмысы үшін жауап береді. Ауызекі тіл. Бригадир мал шаруашылығы үшін ғана жауаптанады. «Жаңа өмір».

Жауапкершілік/жауапшылық морф. Жауапкершілікті талап етеді. «Соц.Қаз». Бұл – жауапшылығы үлкен шаруа. «Лен.жас».

Жауаптас/жұбаптас көне. Екеуі жауаптасып кетті. М.Әуезов. Тәжи оған жұбаптаса алмаған. І.Жансүгіров.

Жаудыр/жәудір Мөлдір қарақат жәудір көзін тіге қалды. Т.Бердияров. Қарайсын мөлдіретіп жаудыр көзің. С.Торайғыров.

Жаудыра/жәудіре Мөлдір көздері жәудіреп тұрған сұлу жан. Р.Райымқұлов. Көздері жаудырап бес бала отыр. С.Омаров.

Жауқазын/жауқаз/жауқасын сөйл. Жауқазын өсіп тұрған. Ә.Нұршайықов. Жауқазды жұлып алып, омырауыма қадады. С.Омаров. Қызғалдақ жауқасын құлпырып жайнайды. М.Әуезов.

Жаулан/бұрсан Жауланып батыр Қозы келе жатса, Алдынан сұлу Баян кез келеді. Қозы Көрпеш. Төңкеріліп төңірегін Бұрсанды кей батыр ұлан. Қ.Аманжолов.

Жауластыр/жауықтыр Жауластырмақ жаушыдан, елдестірмек елшіден. Мақал. Екеуін іштей жауықтырған. І.Есенберлин.

Жаура/тоң/мұзда Ұшып жаурап біткен сорлы жан. М.Әуезов. Қар жауса да тоңбайды бай баласы. Абай. Қолы мұздап қалыпты. Ғ.Мұстафин.

Жаурын/жауырын *орф.* Кісі екен еңкек денелі, кең жаурынды. С.Мұқанов. Ол – жауырыны жерге тимеген атақты балуан. Ауызекі тіл.

Жаутаң/жәутең Жаутаң қағып айналасына қарайды. «Жұлдыз». Маңына жуи алмай, жәутең қағады. Ө.Тұрманжанов.

Жауша/қара бидай Бұл ауыл жауша да егеді. Диал.сөздік. Биыл қара бидай ектік. «Жетісу».

Жауын/жаңбыр Күркіреген бұлттың жауыны аз. Мақал. Себелеген жаңбырда су болғаныңды сезбейсің. Мақал.

Жауынгер/жаугер/соғыскер Жауынгерлер келешек үшін қанын төкті. М.Дүзенов. Жаугер бәдәуи ыңылдап әндетіп келеді. Д.Досжанов. Тек соғыскер батыл рухы, тұяғының ғаламат күші ғана тірі сақтады. З.Шашкин.

Жауыра/жауыр болу Жатудан жамбастарың жауырады. «Үш ғасыр жырлайды». Талай адам мініп жауыр болған қара атан. Ә.Қалдыбаев.

Жә/жа Жә, жетер. «Қаз.әдеб». Жа, не айтарыңды білемін. М.Иманжанов.

Жәбір/зәбір Кімнен жәбір көрді. Б.Майлин. Біреу зәбір етсе, сен сабыр ет. Мақал.

Жәбір-жапа/зәбір-жапа Жәбір-жапа көріп келген. Х.Есенжанов. Зәбір-жапа шегіп, мүгедек халге түскен. Б.Сокпақбаев.

Жәмпейлес/әмпейлес Қалтаның қалыңдығына қарай, ірі-ірі түрік саудагерлерімен жәмпейлесіп кетуі мүмкін деседі. Қ.Толыбаев. Кейбір бозбалалар ауыздары жабысып, әмпейлесе қалыпты. С.Омаров.

Жәміш/жасанды тері Жұмсақ келген жасанды теріні жәміш деп атайды. «Мәдениет және тұрмыс».

Жәннат/жаннат *орф.* Жәннат сияқты боп көрінген. Ө.Қанахин. Жаны жаннаттың төрінде болсын! Х.Есенжанов.

Жәп-жақсы/жап-жақсы *орф.* Қызметін жәп-жақсы істеп жүрді. «Соң.Қаз». Жап-жақсы жүріп жатты. С.Мұқанов.

Жәрдем/жардам көне. Бізге жәрдем берді. Б.Сокпақбаев. Жаманнан жақсы іске болмас жардам. Айтыс.

Жәркелеш/жәреуке Жәркелеш біреу боп шыға берді. Ө.Қанахин. Жылымшы жәреукеге жаны қас. С.Омаров.

Жебелеу/үсті-үстіне Ол шылымды ұзын ғып орап, жебелеп тарта беретін еді. Диал.сөздік. Не істейтінімізді үсті-үстіне қайталап айта берді. Ауызекі тіл.

Жебеңгер/қолды-аяқты Жауапты жұмысқа аттанатын жебеңгердің бірі – мен. С.Бегалин. Қолды-аяқты жігіт. Б.Тоғысбаев.

Жегжат-жұрат/жегжат-жұрағат Жегжат-жұрат сабылды. І.Жансүгіров. Бажа, жегжат-жұрағат дегендер бар. Б.Тәжібаев.

Жедеғабыл/жебеғабыл *жерг.* Қыздың жедеғабыл берген сұрақтарына жауап берді. Ғ.Сыланов. Асығыс жебеғабыл киінді де, машинаға отырды. «Қазақстан әйелдері».

Жейде/ерлер көйлегі *жерг.* Маған бір жейде берші. Б.Қыдырбекұлы. Ерлер көйлегін сатып алдық. «Соң.Қаз».

Жекеше/жеке меншік/жекелеме морф. Жекешеге айналған форма қожалығының басшысы. «Жас алаш». Жеке меншік иелерімен сөйлесті. Ауызекі тіл. Жекелеме малдың жыл басынан бері он алтысы өлген. «Большевиктік жол».

Жек көрініш/жек көрініс Жек көрінішті болғанын көрмеймісің. М.Гумеров. Нұрпейіс оған жек көрініспен қарады. Т.Жармағамбетов.

Жекір/жекі/жекірін/зекір Сұрақ пен бұйрығын қосарлай жекірді. Х.Есенжанов. Тарт қолыңды! – деді жекіп. С.Мұқанов. Ұлбосынға жекірінбейтін болды. Б.Майлин. Көшеде де балаға зекіріп жатқан. Ә.Кекілбаев.

Жел/желең морф. Күшті жел тұрды. «Спорт». Шумақтайды самал желең. Ә.Шалабаев.

Желаяқ/желдаяқ Желаяқ – адамның жүйрігі, желдаяқ – жылқының жүйрігі. Ә.Меңдекеев.

Желбегей/желегей сөйл./желең/елбегей жерг. Шекпенін желбегей сұға салды. С.Мұқанов. Ол боз шекпенін желегей жамылған. Т.Әлімқұлов. Пальтосын желең жамыла салған. Ө.Қанахин. Қария орнынан елбегей көтерілді. Ө.Қанахин.

Желбір/желбіршек Екі иығында желбірі бар. Б.Соқпақбаев. Қос желбіршек салған ақ бәтес көйлегі бар. С.Талжанов.

Желгіш/желгір/желгек морф Желгіш торы атты жегіп, жүріп кетті. Н.Ғабдуллин. Бабы жақсы желгір ат. Б.Тоқтаров. Жер қорығыш желгек шал. Абай.

Желдірме/желдіртпе сөйл. Желдірме жыр өлшемімен жеңіл оқылады. Т.Әлімқұлов. Ақын өзінің желдіртпесіне салды. С.Адамбеков.

Желек/желкілдек морф. Желкілдейді көк желек. «Жалын». Дала көк желкілдекке малына бөленіп тұр. Ө.Қанахин.

Желкемдеу/желтендеу сөйл. Күн желкемдеу боп тұрған. С.Омаров. Жаға желтендеу екен. Ә.Нұршайықов.

Желпеңбай/желпекбай Желпеңбайды тапқан екен бұлар. С.Мыңжасарова. Жеңіл мінезді бір желпекбайлар деп ойламаңыздар. С.Адамбеков.

Желпуіш/желпігіш Одан желпуіш жасайды. Ш.Қожахметов. Ол үшін желпігішті пайдаланады. «Соц.Қаз».

Желік/желір сөйл. Желірген құлан желігіп, тізе көріп қысылмай. «Қаз.әдеб».

Желіскер/желісқор/желісті Желіскер арғымақтың тұқымы. С.Мұратбеков. Желісқор қасқаға жегілген фазтон. С.Бегалин. Тамаша желісті аттарды ұстаған ол. С.Мұқанов.

Жемқор/жемір/жемпаз сөйл. Елдегі жемқор болыс билердің бастығы болған. М.Әуезов. Жемір болыстарды орнынан түсіртіп, жеңілдік әперейін. М.Әуезов. Тобықтының жемпаздары қызарғанын құртып барады. М.Әуезов.

Жемтірілген/қырқылып тозған Шалбарының жемтірілген балағына шейін көрінді. Р.Тоқтаров. Жеңі қырқылып тозған. «Жұлдыз».

Жеңеше/женге Ақыл қосшы, жеңеше. М.Әуезов. Нағашы жеңгесі

далада. С.Бегалин.

Жеңілден/жеңілей *морф.* Қой семірген сайын терісінің салмағы жеңілдене береді. М.Ермеков. Кеш жатып тұрса да, бойы жеңілейді. Қ.Оразалин

Жеңімпаз/жеңіскер/чемпион *кітаб.* Ұлы Лениннің жеңімпаз туы қолдасын! «Соц.Қаз». Жеңіскер балуанға көрсеткен құрметі. Н.Баяндин. Ауыр салмақта украин жігіті жеңіскер атанды. «Спорт». Әлем чемпионы атанған қазақстандық спортшылардың қатары көбейді. «Спорт».

Жеңістік/жеңсік Ағасы жеңістік берер емес. Ф.Муфтақов. Сапақ сөзге жеңсік берер емес. О.Сәрсенбаев.

Жеппелет/асығыс-үсігіс Мұрат жеппелетіп айта жөнелді. Т.Нұртазин. Асығыс-үсігіс түсіндірген болды. «Лен.жас».

Жеркен/жирен/жиркен Кімнен жеркенді екен сонша? С.Омаров. Өнерді үйрен, үйрен де жирен. Абай. Жаман қылығынан жиркенді. «Соц.Қаз».

Жеркенгіш/жиренгіш/жеркеншек/жиреншек Өзі жеркенгіш-ақ еді. «Алматы ақшамы». Жаман әдеттен жиренгіш. С.Сарғасқаев. Танагөз жеркеншек-ақ болатын. Ғ.Мұстафин. Аталып жүрме жиреншек. Қ.Қуанышбаев.

Жеркеніш/жиреніш Мырзаларға жеркеніш боп тұрған кезі еді. Қ.Әбдіқадыров. Қыздың көңіліне жиреніш сезім сап етті. Т.Нұртазин.

Жермай/керосин Бір бөтелке жермайға зар болады. Ө.Қанахин. Керосин сатып алады. «Жетісу».

Жерұйық/жерұйек *сөйл.* Жерұйық жәннат еткен тұрағын. Д.Досжанов. Сочи – жерұйек емес пе. «Жалын».

Жерін/жері Өздігінен ұрынса, жігіт жерініп қала ма деп те жасқанады. Ж.Тілеков. Ұнамаса өлеңім, Онда менен жерісің. Жамбыл.

Жетекте/жетеле Жетектеген төбет қораға үрмес. Мақал. Атын жетелеп Садуақас тасты айнала берді. Ж.Саин.

Жеткілікті/жеткіл *морф.* Қыста жейтін жемшөп жеткілікті даярланды. Ауызекі тіл. Бізде мал жағы жеткіл. Диал.сөздік.

Жеткіз/жеткер Ойын толық жеткізгендей. «Соц.Қаз». Құдай туған жердің топырағынан жеткерсін. З.Шүкіров.

Жетім-жесір/жесір-жебір *сөйл.* Жетім-жесірге шарапаты мол. «Лен.жас». Ел шауып жесір-жебір ысырап қалды. Айтыс.

Жетімсіз/жетіксіз *морф.* Жетімсіздіктің қасіретін қанша шексе де, көңіл қаяуын сездірмейтін. Ә.Әбішев. Мына кітаптарың жетіксіз болар. Диал.сөздік.

Жетіспеушілік/жетіспестік Қажетті құралдың жетіспеушілігі сезіледі. «Спорт». Санаторийдің жетіспестігі көп еді. Е.Оразақов.

Жинақ/аманат (кассасы) Ақшасын жинақ кассасына салып қоймақ. Ауызекі тіл. Аудан орталығында аманат кассасы бар. «Жұмысшы».

Жинақшы/вкладшы Жинақшы – жинақ банкісіне ақша салушы адам. «Ана тілі». Вкладшыларға екі пайыз есебінде кіріс төленетін. «Егемен Қазақстан».

Жинақы/жинақты *морф.* Ұша жөнелердей жинақы отыр. Ғ.Мүсірепов. Бұл – жинақты да жігіт емес. Р.Өтесінов.

Жиналмалы/жималы/жиылмалы Жиналмалы кереует құрып, күзетте отырған Байназар бүгін де тым тынымсыз еді. Саржайлау. Жималы төсегін үш бүктеді де, қабырғаға сүйей салды. С.Шаймерденов. Ортада аяғы екі тұтамдай жиылмалы дөңгелек стол. Ж.Тілеков.

Жиналыс/жиылыс Жиналыс ұзаққа созылды. «Жетісу». Жиылысқа қатысқандар салмақты наразылық айтысты. М.Әуезов.

Жиһан/жаһан Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып. С.Торайғыров. Тілі жалпақ жаһанға түгел түсінікті. Т.Әлімқұлов.

Жиһангер/жаһангер/жиһанкез/жаһанкез/жиһангез *орф.* Жер жүзін аралаушы жиһангер тәрізді. «Лен.жас». Жаһангер чемпиондардың ойынын шарлап шықпақ. Т.Әлімқұлов. Жиһанкездер жайындағы кітаптар бар. «Жетісу». Жаһанкез саяхатшыларға жабдықтаған. С.Бегалин. Асан ата секілді жиһангездер. Х.Әбішев.

Жиын-терін/жиын-терім *морф.* Шәкірттері әлі колхоздың жиын-терінінен босаған жоқ. З.Шүкіров. Күзгі жиын-терім кезінде көмектесеміз. «Қаз.әдеб».

Жиырмасыншы/жиырманшы *морф.* Жиырмасыншы ғасыр аяқталуға жақын. «Алматы ақшамы». Бұл – жиырманшы жылдарға тән құбылыс. «Лен.жас».

Жоба/нобай Істелер істің жобасын таратты. Ғ.Мүсірепов. Қаулы нобайына өзгеріс енетін болды. Б.Тоғысбаев.

Жойқын/жойпар *морф.* Жойқын сеңнен көрінбей кетті. Ө.Қанахин. Жұмыс істейін десе, ол жойпар. М.Сүндетов.

Жойт/жейт/жойыт *орф.* Мынау бір жойт қой. Б.Соқпақбаев. Тый, ана жөйттеріңді. Ж.Молдағалиев. Шынжыр табан жойыт қой. Қ.Жұмаділов.

Жоқтаушы/жоқшы Соны ауданда жоқтаушы, қорғаушылары көп. М.Әуезов. Найманнан шыққан бір топ жоқшылар келіпті. М.Әуезов.

Жолаушы/жолшы/жүргінші *морф.* Біз жолаушы едік. С.Көбеев. Бір жолшы жардан төмен түсе берді. Х.Есенжанов. Жүргіншілер селқос. С.Сматаев.

Жолбасшы/жолгер/жол бастаушы Жолбасшы алып жүріп кетті. З.Шашкин. Данышпан білгір халықтан, үлгілі жолгер қарттан шығады. Ө.Қайнарбаев. Жол бастаушы алда келеді. «Лен.жас».

Жолдас/жора Жаман жолдас жауға алдырар. Мақал. Менің жорам қалаға кетті. «Диал.сөздік».

Жол-жора/жол-жоба/жөн-жоба Сіз жол-жораны бір адамдай білесіз. Ауызекі тіл. Жолға жол-жоба білетін адам әзірлетіңіз. К.Оразалин. Ол жөн-жобамды толығырақ сұрастырды. С.Мұқанов.

Жомарт/сақы/сақи *кітаб.* Жомарт бергенін айтпас, Ер айтқанынан қайтпас. Мақал. Теріскейде жылқышы жомарт, күнгейде қауыншы сақы. Т.Әлімқұлов. Сақилықтың белгісі – халықтың қамын көздеген; әкімдіктің белгісі – тентекті жиып жөндеген. А.Керейұлы.

Жол-жәнекей/жолшыбай/жолай Жол-жәнекей көздерің түспеді ме?

С.Алдабергенов. Жолшыбай өлеңімді келем жаттап. Қ.Аманжолов. Егер жолай қолға түспесе. І.Есенберлин.

Жолық/жолғас *морф.* Арнайы барып жолықты. «Ана тілі». Оңаша жолғасып сыр ашысудың ретін келтірді. С.Мұқанов.

Жонғыш/жонғы *морф./жануыш* Жаңа жонғыш бордай боратады. Т.Нұртазин. Шот, қашау, жонғы сияқты құралдар жеткізді. «Жұлдыз». Осы от жанын жануыш боп қайрай түскендей. Ә.Нұршайықов.

Жоңышқа/беде/жоңырышқа *морф.* Жоңышқаның тұқымын беріңіздер. С.Бегалин. Совхоз беде өсіреді. «Жетісу». Жоңырышқа, жуа түр-түрімен табылар. «Жалын».

Жора-жолдас/жолдас-жора Жора-жолдастары келгіштей бастады. О.Күмісбаев. Бірге өскен жолдас-жоралары. «Соц.Қаз».

Жоралы/өнегелі Ілияс жоралы шығармалар бере бастады. М.Қаратаев. Өнегелі ісімен құрметке бөленді. «Өркен».

Жорамал/жорам Жорамалы дәл шығып отырады. Ғ.Мүсірепов. Кенбайдың жорамы дұрыс екен. Ғ.Сыланов.

Жорт/жорыт *орф.* Желе жортып жүре берді. И.Байзақов. Қараңғыда жорытқан бөрідей. «Жұлдыз».

Жорта/жория *морф.* Жорта қоқан-лоқыға басты. С.Омаров. Қайтеміз? – деді Шеген жория калжындап. А.Хангелдин.

Жортуылшы/жортушы/жорықшы Төгілді жортуылшы, жолда қаның. Ә.Қожамұратов. Жортушылар мен жорықшылар елестейді көз алдыңа. «Соц.Қаз».

Жоса/жосын Қызыл жоса қып қуып барамыз. Ғ.Мұстафин. Көл жағасы толды қанға жосындай Қ.Көпішев.

Жөндекілеу/нашарлау/қораштау Жөндекілеу деген нашарлау, қораштау, әлсіздеу деген ұғымды білдіреді. «Қазақстан мұғалімі».

Жөнді/жөндем Жөнді, жөнсіз, Сөз теңеусіз. Абай. Талабыңа қарай бір жөндем адам жолықса жарар еді. Ж.Молдағалиев.

Жөнділік/жөндік Мұнысы жөнділік. «Жұлдыз». Жүрмейсің деп жөндікке, кейде ұрып, түртіп жүр. Ү.Кәрібаев.

Жөнел/жөне *морф.* Сәду сытыла жөнелді. С.Ерубасев. Отырсың жөнейін деп бөтен елге. Сыйлаумен жасы үлкеннен алғыс алсаң. Н.Шыршығұлұлы.

Жөн-жосық/жол-жосақ *сөйл.* Тойды да, шілдехананы да жаңа жөн-жосықпен өткіземіз. С.Омаров. Католик дінінің жол-жосағын ұсынғаны тым ерсі. Ғ.Мүсірепов.

Жөнінде/жөнде *морф.* Ол жөнінде әлі хабарсыз. «Лен.жас». Бұл жөнде мақаласында айтылған С.Сейфуллин.

Жөңкеріл/жөңкіріл *орф.* Жөңкерілген еті ауыр жетпіс жаста. Ғ.Орманов. Ылдиға жөңкіріле түсе берді. С.Мыңжасарова.

Жөп-жөнді/жөпшенді Өзендер тұрсын, жөп-жөнді бұлақтары да жоққа тәндік. Ә.Көшімов. Жөпшенді жерде қорқа қоймайтын мықты. М.Әуезов.

Жөтел/жөткөрін/жөткір *сөйл.* Дамылсыз жөтеліп жатқаны естілді. Ғ.Мүсірепов. Маңғаз қытымыр жөткөрінді. Т.Тілеуханов. Дәл желке тұсынан жөткіріп қап, түрегеле қойдым. М.Әуезов.

Жуа/көкжуа Тауда жуа өседі. Ауызекі тіл. Дінгене ауруына шалдықпас үшін, көк жуаны жеген пайдалы. «Мәдениет және тұрмыс».

Жуанда/жуанай *морф.* Балтырлары недәуір жуандап калған. А.Хангелдин. Мойнының иыққа қарай жуанайған жақтары да аппақ. Ғ.Сыланов.

Жуғарақпанда/жуырда/жуыр арада/жуық арада/жуықпанда/жуырманда/жоғарақпанда *сөйл.* Жуғарақпанда ұстатпаушы еді. Ә.Бүркітбаев. Бір әзілдесім жуырда жолыға кетті. С.Бегалин. Жуыр арада жүруге қам етіп жатыр. С.Бегалин. Әңгімесі жуық арада бітпейтін болды. Ә.Шәріпов. Бір ауған бетінен жуықпанда қайта қоймайтын. К.Оразалин. Бір кірсе, жуырманда шыға қоймайды. З.Шашкин. Ол жоғарақпанда мұнда келе қоймас. «Жетісу».

Жусат/жаусат *сөйл.* Өздерін жусатып кете жаздаған. І.Есенберлин. Қашырған бәрін жаусатып. Айтыс.

Жуықта/жанайла *сөйл.* Қала маңына жуықтады. «Соц.Қаз». Қора жаққа жанайлап барып қайтты. «Қаз.әдеб».

Жуып-шаю/жайып-шуу *сөйл.* Бай да өзінің кінәсін жуып-шайып жатыр. С.Көбеев. Ешқандай жайып-шума, жалтарма сөзбен таласуға болмайды. «Бейбітшілік даусы».

Жұбаныңқыра/жұбаусыра Жұбаныңқыраған «сияқты еді. «Лен.жас». Енді жұбаусырап, мұңая сөйледі. З.Қабдолов.

Жұбаныш/уаныш Сол жұбаныш болсын. «Спорт». Уаныш ететіні – үкіметке пайда келтіргені. Т.Нұртазин.

Жұбат/уат/жуат/алдарқат/жұба *морф./жұбант сөйл./жұбаурат сөйл.* Жұбатқан болды. «Жұлдыз». Бізді өзімізден басқа уататын кісі жоқ. С.Мұқанов. Жырымен елді жуатты. К.Әзірбаев. Ата-анамды алдарқатпақ боп жүріп, өзімді де алдап кетіппін. Ә.Нұрпейісов. Түсірмей көңілге ақау, аяп жұбады. С.Бегалин. Қойып едім атыңды, жұбантсын деп Жұбаныш. Батырлар жыры. Өзін тағы едәуір жұбауратты. Ө.Қанахин.

Жұғын (болмады)/жұқ Шиеттей сегіз баласы бар үйіне жұғын да болмайды. І.Есенберлин. Үш-төрт шана шөп қыруар малға жұқ та болмайды. С.Жүнісов.

Жұдырық/жұмырық Жұдырығын көрсетті. «Балдырған». Жұмса жұмырығымен бүріп тұрған кезі. Ж.Жұмаханов.

Жұқалтаң/жұқалаң/жұқалтақ/жұқалтай/жұқалтым Қаусырма тонды жұқалтаң сары жігіт. К.Ахметбеков. Аққұба, қара қасты, жұқалаң жігіт. Ж.Молдағалиев. Сұңғақ бойлы жұқалтақ жігітті үнемі көресіз. «Қазақстан мұғалімі». Жұқалтай ғана қоңырқай кітапша. М.Қаратаев. Ай нұрының жұқалтым сәулесі. О.Бөкеев.

Жұмақ/ұжмақ *сөйл.* Жер жұмағы дер екен. Жамбыл. Жердің жүзін бейне ұжмаққа теңейтін. Б.Майлин.

Жұмыл/күмбіл *көне.* Жұмыл бәрің жұмысқа, сіздерге айтқан бұл нұсқа. «Халық ақындары». Алға қойған міндетті жүзеге асыруға күмбіл кіріссе, іске аспайтын жұмыс жоқ. Қ.Ертаев.

Жұмылдыр/жұмылт Бүтін халықты жаумен күреске жұмылдырды.

Ә.Шәріпов. Жұртшылықты жұмылта колхоз өсіп барады. А.Тоқмағамбетов.

Жұмыскер/жұмыскор Жұмыскер адамды қоғам қолдай біледі. Х.Ерғалиев. Жұмысқор диқан делегаттар Ғаниді жақтайды. Ш.Хұсайынов.

Жұмыста/жұмыс істе Қырықта қынға салған қылыштаймын, елуде әр жұмысты жұмыстаймын. «Ана тілі». Күніне үш сағат қана жұмыс істеп, қалған уақытта жаттығады. «Спорт».

Жұмыстаушы/жұмыс істеуші Жұмыстаушылардың орташа ақысы 1995 жылы 20%-ке өсті. «Үгітші». Әкесі осы мекемеде жұмыс істеуші еді. Ауызекі тіл.

Жұпыны/жобалғы лекс. Жұпыны киінген бір әйел сыртқа шығып кетеді. С.Көбеев. Бұл жігіт өте жобалғы киінеді екен. С.Мұқанов.

Жұрт/жұрат/жұрағат/жұрият кітаб. Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек? Абай. Жақындағым келеді. Жақсы көрген жұратым. Жамбыл. Туған жұрағатын ойлағанда соншалық тебіренеді. М.Әуезов. Ер жұриятты шабаздан, Солардан ерік көргелі, Хал-ауқат етіп біз жұрміз. А.Керейұлы.

Жұт/жұтшылық морф. Қонақ бір қонса, құт, екі күн қонса, жұт. Мақал. Жұтшылыққа ұшырап тұрған. Н.Шакенов.

Жұтқыншақ/жұтқын Жұтқыншағына сұғып жіберіп, есе жөнелді. С.Мұқанов. Мұндай адамдардың көздейтіні бір ғана жұтқыны-ау. С.Бегалин.

Жүгермек/зэнталақ/жүгірмек сөйл. Мына жүгермек жеті түнде неғып жүр? М.Иманжанов. Ә, зэнталақ, сен маған келген шығарсың. Ғ.Мүсірепов. Әй, жүгірмектер, болды енді. А.Мекебаев.

Жүдә/тіптен де/зады лекс. Жүдә сөзі тіптен де, сірә дә дегенге жақын мағынаны білдіреді. «Қазақстан мұғалімі». Бұл қылығың зады дұрыс болмады. «Ленин жолы».

Жүде/жада Жабырқап жүзің жүдеп, жаның жадап, тағатсыз күтіп таңын азаттықтың. С.Сейітов.

Жүдеу/жадау Сынық жүзді, күн қақты жадау әйелдер. Ғ.Мүсірепов. Әйелдері тіпті жүдеу. «Қаз.Әдеб.».

Жүз/дүз¹ сөйл. Жүз жасаған қария, ақылы теңіз дария. Ауызекі тіл. Екі дүз жасқа келсең, сөз сенікі. Айтыс.

Жүз/дүз² сөйл. Айқынның онымен жүз көрсеткеніне жарты айдан асқан жоқ. Ә.Әбішев. Бет көрсе, дүз ұялады. Мақал.

Жүзу/дүзу сөйл. Суда жақсы жүзеді. Ауызекі тіл. Балалар суда дүзуді білмейді. Ғ.Мұстафин.

Жүзгіш/дүзгіш сөйл. Жүзгіш атанып жүргенмін. Б.Тоғысбаев. Дүзгіштігі керемет. «Спорт».

Жүзік/дүзік сөйл. Алтын сырға құлақта, қолда жүзік. Шашубай. Саласы оң қолымның күміс дүзік. Айтыс.

Жүзікара/дүзіғара орф. Кімнен қымсынсын имансыз, жүзі қара. І.Жансүгіров. Құдайдың сен дүзіғара бетін көрме. Айтыс.

Жүзім/дүзім көне. Жүзім жинады. «Лен.жас». Дүзім жейді. «Айқап».

Жүйрік/күлік/жүйкір сөйл. Жолға салсаң – жорға, жонға салсаң – жүйрік. Мақал. Бихан барда ғана жүйрік, сұлтан ел барда ғана күлік. Мақал. Желдей бір жүйкір жануар. А.Шамкенов.

Жүргізуші/айдаушы/жолашы *морф./шофер кітаб.* Жүргізуші кабинаға кірді. «Ленин жолы». Ол автотресте айдаушы болып істейді. «Білім жене енбек». Жолашы машинасын тоқтатты. «Жаңа өмір». Шофер – автомобиль жүргізуші маман. «Түсіндірме сөздік».

Жүргінші/жүргін *сөйл.* Жүргінші қазақтар кездеседі. С.Сейфуллин. Жүргіндерге мұнан артық қуаныш бола ма. О.Тұрманжанов.

Жүргіш/жүрімпаз Әйелі жүргіш, күйеуі баскесер ұры болса, семьяда не береке болады. «Қаз.әдеб.». Жүрімпаз жігіттің бірінің сол әйелге көңілі кетіпті. Мың бір түн.

Жүрдек/жүрдекі *сөйл.* Жүрдек поезд жүйткіп келеді. Б.Тәжібаев. Грознен қойы шымыр, жүрдекі келеді. М.Ермеков.

Жүрексіну/айбыну *лекс.* Ашып айтуға жүрексінді. Ауызекі тіл. Жертөлеге қайтып кіруге айбынып тұр. Ә.Кекілбаев.

Жүрсеңші/жүрсей *морф.* Тезірек жүрсеңші. Ауызекі тіл. Неге кібіртіктеп қалдың, жүрсей тезірек. «Диал.сөздік».

Жыбырлауық/жыбырлақ/жыбырқай *сөйл.* Тұнық су бетіндей жыбырлауық құбылыс байқалады. Ғ.Сыланов. Жыбырлақ жазуы бар шөлмектер бар. Б.Қыдырбекұлы. Жыбырқай жазған жазуды айыра алмай қалады. Б.Майлин.

Жығылыңқы/жығыңқы/жығық *морф.* Бұрынғыдай емес, байлардың жүні жығылыңқы. К.Әміров. Жүндері жығыңқы сияқты еді. Ж.Жұмаханов. Келген достың бәрінің жүні жығық. С.Торайғыров.

Жықпыл-жықпыл/ыңғыл-жыңғыл Жықпыл-жықпылдың тасасымен бара жатты. Т.Әлімқұлов. Олар Дербенттің ыңғыл-жыңғыл ұры сайларынан өтті. І.Есенберлин.

Жылауық/жылаңқы/жылағыш *морф.* Долы қатын жылауық, сұғанақ қатын сұрауық. Мақал. Құлағына оның жағымсыз жылаңқы үні жетті. Ө.Қанахин. Алғадайым өлгелі боп кетіп ем жылағыш. Жамбыл.

Жылбысқа/жылбысқы Ери жауатын жылбысқа қар емес. Қ.Жұмаділов. Жылбысқы бір суық тер шығып тұр. С.Мұқанов.

Жылмақай/жылмықай/жылтықай *сөйл./жылмық морф.* Жылмақай жігіттерден жеркенемін. Ә.Оңалбаев. Жылмықай жігіт секілді. «Жалын». Жылтықай қара жігіт оларды көп ұстамайды. Ғ.Сыланов. Март ішінің жылмық күндерінің бірі еді. Б.Майлин.

Жылми/жыми/жылмай *көне./жылмырай сөйл.* Жеңгей ақырын жылмиып күліп тұр. Б.Майлин. Жымиып жол берді. «Қаз.әдеб.». Жеңгей ақырын жылмайып күлді. С.Сейфуллин. Маңдайынан қарайды жылмырайып. Ақан сері.

Жылмында/жылманда Іші-баурынан өтіп тұрған жылмындаған қара жігіт. Б.Майлин. Ұзын мұртты жылмандап жетіп келді. Б.Майлин.

Жылпос/жылпың/жылпықай *морф.* Жүзіктің көзінен өтетін жылпос. С.Мұқанов. Қимылы жылпың қыр жігіті. М.Қаратаев. Көзге түскен жылпықайлар ғой. Ғ.Мұстафин.

Жымысқы/жымсыма/жымсық *морф./жылымыр сөйл.* Жымысқы қулығы болатын-ды. С.Шаймерденов. Іргелес отырған – жымсыма құлар.

3. Жәкенов. Сен жымсық ар жағында бірдеме сақтап жүрсің. К. Қазыбаев. Сол жылымыр шіркін бер деген болар. Ә. Көшімов.

Жып-жылмағай/жып-жылмақай *орф.* Тұрған жері жыл-жылмағай. С. Сейфуллин. Жып-жылмақай далаға тау-тау боп үйіліп қалды. С. Мұқанов.

Жыпық/жыпылдақ *морф.* Қанайдың жыпық екенін енді білді. Ә. Әбішев. Жыпылдақ Садырдан сескенемін. С. Шаймерденов.

Жырақ/жырақай *сөйл./айдамал көне.* Екі арасы жырақ екен. «Алматы ақшамы». Жырақай бір тасада өзегірек. І. Жансүгіров. Шөп шабатын бұ жақтан айдамал. «Диал. сөздік».

Жырау/жыршы Ақындық дарынның иесі – жырау. Қазақ ССР тарихы. Еститіндері қысса айтатын жырау-жыршылар. М. Қаратаев.

Жырашық/жыраша *сөйл.* Жауын суы жырашықтармен ағып жатады. «Жетісу». Жолдың шеті жыраша жар. Б. Соқпақбаев.

Жырбында/жырбанда/жырбықта Орынсыз жырбындап күлмейді. «Лен. жас». Содия екен ғой. – дейді жырбандап. Ғ. Сыланов. Жырбықтап күле береді. К. Тоқаев.

Жырлампаз/жырлауық Сайратшы жырлампаз құстарын. Ә. Тәжібаев. Бар ма екен сенен де бетер жырлауық. М. Сатыбалдин.

Жырмала/жырмышта/жырымда Жырмаламай тұтас бер. Ә. Сәрсенбаев. Жырмыштап берекесін кетіреді. Б. Майлин. Салам ба деп қалтама, жырымдап ала бердім. О. Шипин.

Жыртақай/жыртаңбай Жыртақай әйелдерді қас-қабағымен үйіріп отыратын. С. Жүнісов. Жыртаңбай деп пе едің? Б. Тоқтаров.

Жытпа/жұтпа *сөйл.* Жытпа – маядағы тапталып қалған шөпті суыратын ұшы имек ұзын сапты шөп суырғыш. Диал. сөздік. Маядағы шөп престеліп қалғандықтан, шөпті жұтпамен суырамыз. «Көкшетау правдасы».

Жытыр/зытыр *сөйл.* Алманы қайда жытырдың? Т. Айдарханов. Жәшіктің ішіне зытырып жіберді. Қ. Салғарин.

Жіт/құрып біт Құдайберген өлмейді, жітпейді. Ж. Жұмаханов. Тұқым-тұқиянымен құрып бітті. «Соң. Қаз».

3

Завод/зауд қарап. Завод жұмысшылары үш сменамен жұмыс істейді. «Жұлдыз». Заудтан шықса шыққандай-ақ екен. С. Бердіғұлов.

Зағип/эз Денелі, сұсты адамның зағип көзіне аянышпен қарады. С. Жүнісов. Бүкіл денем сау, тек көзім ғана соққының зақымынан эз боп қапты. С. Бақбергенов.

Зады/задында/заты/зәті *сөйл.* Зады сәл кешігіп ұғатын шабаңдығы барды. Т. Әлімқұлов. Мұндай жігіттердің задында таза болатынын білдік. Б. Тоғысбаев. Заты мерген оғы болса керек. С. Бақбергенов. Бұл өзі зәті қорқақ кісі. Ә. Нұрпейісов.

Залалды/залалкер *сөйл./зарарлы сөйл.* Залалды үйлерден аттап өттік. М. Әуезов. Соншалық залалкер де емеспін. Қ. Тайшықов. Зарарлы надандық, ол құранда сөгілген. Абай.

Залым/зәндем/зәлім *сөйл.* Тарт қолынды, залымдар! Ж.Саин. Бәрі залым, бәрі зәндем, сен байғұсты бір-ақ күнде қып жүрмесін алым-салым. С.Дөнентаев. Зәлім бұзады ғой деп, еңіреп жіберді. «Жалын».

Заман/замана Ол заман келмеске кетті. «Спорт». Замана тозбақ та, уақыт озбақ. Т.Әлімқұлов.

Заманнан/ерте заманнан Заманнан келе жатқан дәстүрімізге ден қойғанымыз абзал. «Ана тілі». Ерте заманнан халқымыз сом білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, қан төгісіп, жан берісіп өз жерін қорғап келген. Ауызекі тіл.

Заматта/заматында Заматта жоқ болды. «Жетісу». Жайылды заматында талай жерге. И.Байзақов.

Заңгер/заң қызметкері/юрист *кітаб.* Заңгер – заң жөніндегі маман. «Ана тілі». Кіші ұлы заң қызметкері болып істейді. «Семья тәрбиесі». Юрист – жан-жақты білімді керек ететін жауапкершілікті мамандық. «Қызыл ту».

Заңғардай/заңғарадай Заңғардай зәулім биік үйлерге жүреді жұрт ағыла. Қ.Бекхожин. Заңғарадай кең бөлмені ерсілі-қарсылы кезіп жүр. І.Есенберлин.

Заңшыл/заңқор Терентий заңшыл адам еді. С.Мұқанов. Кәрлі көзін заңқор адамның бетіне төңкерді. Х.Есенжанов.

Запы/запыс/зәрезеп/заразап/зәрде *сөйл./заразат (болу) жерг.* Запы болған жасқаншақ жандар. С.Омаров. Талай таяқ жеп, запыс боп қалған. Х.Есенжанов. Іштей зәрезеп ел лезде жинала қалды. Қ.Сатыбалдин. Жатсына беретін заразап мінезінен хабардармын. О.Сәрсенбаев. Әбден аузы күйіп заразат болған ғой. Диал.сөздік. Алдыңғы партиядан зәрде болған ол енді болыстықты берсе де алмас. С.Торайғыров.

Запыран/зағпыран *сөйл.* Жүрегі айнып запыран тастайды. А.Даиров. Сарғайып зағпырандай солушы еді. Құламерген.

Зардап/зарпы *көне.* Құрғақшылық елеулі зардабын тигізді. Ә.Кәкімжанов. Қатты таяқ зарпынан Қарашаш сұлу талады. Батырлар жыры.

Зарлы/зарлық Күңіренген кемпір-шалдың зарлы үні ғана естілді. Қ.Әбдіқадіров. Сен осындай болмасаң, мен мұндай зарлық болар ма ем. М.Әуезов.

Зауғайым/күтпеген жерден/зауғайыр *сөйл.* Зауғайым кездесе қалды. «Жұлдыз». Күтпеген жерден көріп қалды. «Қаз.әдеб». Зауғайыр кездесіп, жөнін айтты. «Лен.жас».

Заулау/саулау *көне.* Білем талай жылдар заулап өтер, топырағымды ұшырып алып кетер. Х.Ерғалисв. Шапқан аттай саулаймын, Жанған оттай қаулаймын. А.Керейұлы.

Зая/зайғы/зайығы *орф.* Өткен іске өкінбе, өміріңе зая. Мақал. Төкпесе, берін майданға, ердің өмірі зайғы өтер. К.Айнабеков. Не керек зайығы кеткен білген молы. Ақан сері.

Зәкір/якорь Кеме тұмсығындағы батпан зәкір. Ә.Сәрсенбаев. Якорь кемені тоқтату үшін керек. «Соц.Қаз».

Зәңгі/негр Орталық Африканың халқы дерліктей зәңгі нәсілдес, демек кара түсті негрлер. «Жалын».

Зәр/заһар/зәһер *көне*. Сақтаған зәрін бойына. Жамбыл. Аждаһаның күші заһарында. М.Тиешов. Бәз болыстар қарызға батып жүрсің, Бал деп ұрттап зәһерді татып жүрсің. О.Кертағыұлы.

Зәредей/зәрредей *орф*. Зәредей қиянаты болған емес. «Ана тілі». Зәрредей қарсылық білдіруіне жол да жоқ. Т.Әлімқұлов.

Зәрезап/зәрэзап *сөйл./зәрэзат көне*. Алты ай қорық қорып зәрезап болған. «Жұлдыз». Дауылды күнгі қорқыныштан зәрэзап болған. А.Мекебаев. Біздің қазақты кім зәрэзат қылмаған. «Айқап».

Зәуде (болса)/дәуде Зәуде болса, дені сау емес-ау деймін. Б.Тұрсынбаев. Дәуде болса, бізді сыбап жатқан болар. Ә.Әбішев.

Зәудемде/әудемде *сөйл*. Ол машинаға зәудемде жетіп келіп, қарғып мінді. С.Хайдаров. Бұл жаңалық әудемде барша елге тарады. С.Омаров.

Зәулім/зеңгір/заңғар/зеңгер *сөйл./зәу морф*. Зәулім биікке кетіп жатыр. М.Әуезов. Құлагер – қазақ поэзиясының зеңгір шоқысы. М.Қаратаев. Альпі тауының ең заңғар биігі – Монбланның жанынан өттік. М.Әуезов. Отарба Әзімханды зеңгер Көкшетауға қарай алып қашты. С.Сейфуллин. Өзектің өрге қарғаған басында ерекше зәу боп өскен бәйтерек көрінді. Ө.Тұрманжанов.

Званда/телефон соқ/телефон шал Звандасам күтіп отырмын дейді. С.Шаймерденов. Жұмысына телефон соқты. «Жетісу». Әкесі телефон шалды. «Қаз.әдеб».

Зейнетақы/пенсия *кітаб*. Зейнетақысы өзіне жетерлік. «Алматы ақшамы». Пенсия аламыз. «Лен.жас».

Зейнеткер/пенсионер *кітаб*. Ата-анасы – зейнеткер. «Алматы ақшамы». Пенсионерлерге қамқорлық жасады. «Жетісу».

Зейін/зейіл Құрбыға зейіні бар ой тастаған. Қ.Аманжолов. Енді бәрінің де зейілі Омарға ауды. Н.Қазыбеков.

Зекетің (кетейін)/секетің *сөйл*. Зекетің кетейін деп, асты-үстіне түскен. С.Жүнісов. Секетің кетейін-ау, күте тұрсайшы. «Жетісу».

Зекі/зеккі *орф./ығыр жерг*. Мұндай зекуді өте сирек еститін. С.Бегалин. Өмірі ешкімнен зеккі естімеген. Б.Тоғысбаев. Қатты ығырып, қатал әмір жүргізуге болмас. Ш.Хұсайынов.

Зембіл/зәмбіл Заттарын зембілге салып тасыды. Ауызекі тіл. Зәмбілмен тасып, жолға тас төседі. «Көкшетау правдасы».

Зергерхана/ювелирлік шеберхана Тұрды нәзік үмітпенен зергерхана есігінде. С.Баймолдин. Жүзігін ювелирлік шеберханаға апарды. Ауызекі тіл.

Зерделі/зершіл *морф*. Зерделі оқушыларын халық дәстүрін қастерлеуге тәрбиелейді. «Ана тілі». Жаман жершіл, жақсы зершіл. Мақал.

Зерделілік/зерделік *морф*. Зерделілік көрсете алмай, қиналып қалады. І.Омаров. Өз зерделігімен жеткен биігі деп білем. Қ.Қазыбаев.

Зерен/зерең *орф*. Зерен толы қымызды қайтарған жоқ. Д.Досжанов. Зереңге сорпа құйып ұсынды. Ғ.Сыланов.

Зинақор/зинаһар *кітаб./зинашы сөйл*. Ондай жаза зинақор әйелге жасалатын. Ж.Молдағалиев. Ол – зинаһар. С.Жүнісов. Зинашы қатындар ерлерді аздырар. Х.Есенжанов.

Зират/зиярат *сөйл*. Зираттағы қабырларға ағаш егілген. «Қаз.әдеб».

Зияратқа түнетіп, құрмалдық сою керек. С.Торайғыров.

Зиялы/зиат *жерг.* Қол қояды шарттарға, кәриямсып зиялы. Қ.Аманжолов. Жас та болса кәріден зиат. Ғ.Мүсірепов.

Зиян/залал/зарар Ешкімге зияны жоқ. «Ана тілі». Малшыға қасқырдың залалы орасан. С. Мұқанов. Зарары болар еді бала оқытсақ. «Айқап».

Зиянды/зияндасты/зияндас *морф.* Арақ организмге өте зиянды. М.Көшербаев. Алыс-алыс қашыңыздар, зияндасты кісіден. Үш ғасыр жырлайды. Одан туған зияндас, зияндастан туған делбе еді. Қашаған ақын.

Зияпат/сиясат Сый-құрмет зияпатымызды істеп күттік. С.Бегалин. Сый, сияпат қыла ма деп ойлайды. Б.Майлин.

Зор/дөкей/дардай/зораң *морф.* Зор денелі қарулы жігіт еді. «Қаз.әдеб». Жігітім жүйрік те өзің, тұлпар да өзің, Бірінен-бірі дөкей айтқан сөзің. «Шағын пьесалар». Барекелді, дардай үлкен жігіт болыпсың. «Жалын». Әжесі де қапсағай денелі, зораң адам ғой. Ә.Сәрсенбаев.

Зорман/сартышқан/сарышұнақ Зорманның арқа жоны қоңырлау. Х.Қыдырбаев. Бұл кеміргішті сартышқан деп те атайды. Х.Қыдырбаев. Ін таба алмай сарышұнақ. Сорлы сасып, пысып жүр. С.Дөнентаев.

Зорық/салық/салықсы *жерг.* Аттар зорықса, одан жаман нәрсе жоқ. С.Бақбергенов. Басқұдыққа ұлы бесінде салығып жетті. З.Шүкіров. Жұрт қатты салықсығандарын сезді. М.Ысқақов.

Зығыр/зығырдан Ойласа, зығыры қайнайды. З.Шүкіров. Бізге іштей зілі бар, зығырданы бар. Ш.Хұсайынов.

Зыт/жыт Таң атпай зытып отырған. І.Есенберлин. Тағы бір жаққа жыта ма деп қауіптенген. С.Мұқанов.

Зілдей/зілмендей/зілмауырдай Қатігез зілдей тағдыр қара тастан. Ғ.Қайырбеков. Зілмендей ауыр екен. «Жетісу». Жуан бөренеге орнатқан зілмауырдай төс темірді қозғады. М.Жұмағұлов.

Зілзала/зілзәлә *орф./зілзәлә сөйл.* Бұл – көптің басына түскен зілзала. «Алматы ақшамы». Жатқанда зілзәлә боп зымыстанда. Д.Әбілев. Зілзеле боп жер мен аспан, соқты ұйтқып оқ бораны. А.Жұмағалиев.

И

Ибалы/инабатты/ибалықты *жерг.* Күліп қой бетіне қарап көрмеген ибалы Қамарымыз еді. С.Торайғыров. Ол – өте кішіпейіл, инабатты жігіт. Ауызекі тіл. Мына келіннің ибалықтысын-ай! «Диал.сөздік».

Игі/ізгі Игі жақсының бөтендігі жоқ. Мақал. Ол – халықтың ізгі талап-тілектерін жырлаған ақын. Е.Ысмайылов.

Игілікті/игілі Игілікті еңбек ет. К.Әзірбаев. Өте игілі жоспар. Ж.Тілеков.

Идиома/идиом *сөйл.* «Ат-тонын ала қашу» – мәтел емес, идиома. М.Әлімбаев. Идиомдық топтағы сөздердің байланысы берік болады. Қазіргі қаз.тілі.

Ие/иге *сөйл./еге сөйл.* Ас иесімен тәтті. Мақал. Халық игесі хан едің. Қамбар батыр. Балаларға өзің еге боларсың. «Лен.жас».

Иегері/марапатталған/кавалері *кітаб*. Тәрде отырған отағасы – Даңқ орденінің кавалері, Ленин орденінің иегері, бірнеше медальмен де марапатталған аулымыздың ардагер ақсақалы. «Соц.Қаз».

Иелен/иемден Тастаған заттарын басқалар иеленді. Ауызекі тіл. Бұл күнге дейін иемденіп алған көп байлыққа қанды шеңгелін енді ғана салғалы келеді. Ғ.Мүсірепов.

Иелік/егелік *сөйл.* Балаларға иелік жасап отырған. Ә.Жәмішев. Бізге егелік етуші кім екенін білмей көп кідірдік. С.Бақбергенов.

Иесіз/есіз/иен Иесіз тауда ғана белгілер бар. Ғ.Мұстафин. Қу мекен, есіз дала жан баспаған. М.Сәрсекеев. Сені мен иен үйде қалдыруды ыңғайсыз көрдім. Қ.Жұмаділов.

Иекте/екте *сөйл.* Қызын Жәмидің ұлы йектеп алыпты ғой. З.Жәкенов. Сұм кесел, сені бір жың ектеді ме? Үш ғасыр жырлайды.

Иелен/емден *сөйл.* Халықтың орнығып иеленген жері. Абай. Түн бойы еркін емденіп, Толқынға баяу тербеліп. Ә.Сәрсенбаев.

Илан/милан *көне.* Сөзіне иланып қалған екен. Ә.Нұрпейісов. Бірақ милана қойғам жоқ. Д.Әбілев.

Иманды/зайыр *көне.* Сенің де ауыртпалығыңды ала кетсем, менен иманды ешкім болмас еді. К.Қазыбаев. Істелген жақсылықты салыстыру арқылы зайыр танылады. Б.Қойшыбаев.

Имиген/имейген *сөйл.* Инеліктей қатып, имиген қара кісі. Н.Серәлиев. Имейген арық денелі шал шыға келді. С.Мұқанов.

Инабат/ибадат *сөйл.* Инабат көрсетіп, жылы амандасты. Б.Соқпақбаев. Келіншегі адамға ибадатпен қарайды. Ж.Өмірбеков.

Инабатты/ғинабатты *көне.* Инабатты бала екенсің, шырағым. С.Омаров. Адам ғинабатты тәрбиені керек етеді. С.Бақбергенов.

Инедей/инедейін *поэз.* Инедей шанышқылап отырғызбады. Ә.Әбішев. Жүрегімді байқасам, инедейін таза емес. Абай.

Ислам/ісләм *сөйл.* Ислам дінін тұтынатын халық. «Ана тілі». Ісләмнің көп парыздарын орындай бермейді. О.Сәрсенбаев.

Ишарат/ишара Құрмаш әке сөзіне қосылатынын басын ие изеп, ишаратпен білдірді. Ә.Әлімжанов. Ишарамен білдіріп, Өтегенді шақырды. Жамбыл.

Иінде/ине *сөйл.* Иіндеп келген екі үлкен қара сақал. Ғ.Мұстафин. Сүмесі дерткен биелердің сүріне инелген қара сабалар. С.Мұқанов.

Иір-қиыр/иір-шиыр Иір-қиыр тау жолдары. Д.Жанботаев. Иір-шиыр үлкен қос мүйізін арқасына жатқызып алған. Ә.Көшімов.

Иірмекіл/жемекіл *жерг.* Иірмекіл – сөредегі кенетайды атып ойнайтын сақа ойыны. Түсіндірме сөздік. Отырып «құжтеке», «жемекіл» ойнады. Ғ.Мұстафин.

К

Карта/қарта *орф.* Аудан картасы ілулі тұр. «Жетісу». Геологиялық карта жасалды. «Соц.Қаз».

Картоп/картошка/картопия морф. Картоп қышқыл топырақта да өсе береді. «Халық мұғ». Ол ет араластыра картошка қуырыпты. А.Жақсыбаев. Көлден су тасытып суарып, картопиясын құрғақшылықтан аман алып қалды. І.Есенберлин.

Кәде/қаде сөйл. Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед. Жамбыл. Қадесіз жерге жұмсауға көзі қимай. А.Мекебаев.

Кәдеге жарау/нәренжу болу көне. Бір кәдеге жарап қалар. Ауызекі тіл. Нәренжу бола ма деп, қоржынға салмай, сақтанып қойныма салдым. С.Бегалин.

Кәдесый/сувенир Дос-жарандарға естелік ретінде сыйлайтын ұлттық нақышты әдемі кәдесый (сувенирлер) дүкенге түсіп, сатылып жатса, жарасымды емес пе. «Соц.Қаз».

Кәдік/күдікті жағдай Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген. Абай. Жолда бір күдікті жағдайдың кезігуі мүмкін. «Соц.Қаз».

Кәдімгідей/кәделгідей жерг. Онда шаршаған кісі кәдімгідей жатып демалады. Ә.Шәріпов. Кәделгідей соғыс ашты. С.Мыңжасарова.

Кәдімгі/кәдуілгі/қадімгі сөйл./кәдуескі жерг. Бұл – бізге таныс, кәдімгі Төлеп. С.Ерубаев. Мұның кәдуілгі сабақтан айырмасы жоқ. Қ.Сәрсекеев. Өздеріңнің қадімгі үйреншікті жұмыстарыңмен айналысасыңдар. «Советтік шекара». Бірінші бөлімі біткен соң кәдуескі театрдағыдай антракт болды. К.Сатыбалдин.

Кәзап/кезеп қарап./кәзап орф. Мынауың барып тұрған кәзап. Т.Бердияров. Елде жылқы қоймаған кезеп төре. Айтыс. Олардың жалдамалы кәзаптары бізді жеңіп кетті ме? Р.Райымқұлов.

Кәкір-шүкір/асай-мүсей/көр-жер/көрбай-жербай сөйл. Кәкір-шүкір, көр-жерді пайда көріп ептеймін. Абай. Үй ақтайтын асай-мүсейін көтеріп жеткен. О.Әубәкіров. Көрбай-жербайыңды буып-түйіп тайып тұрдың. «Лен.жас».

Кәлла/адамның басы Әр кәллада бір қиял дегендей, екеуі екі ұдай ойдың жетегінде. Д.Досжанов. Адамның басына ұқсас мүсін көрінді. «Қазақстан пионері».

Кәнеки/кәне/кәнекей сөйл./кәні сөйл./кәніки қарап. Кәнеки, іздеп таба алсыншы. Ғ.Сыланов. Кәне, көмектесіп жіберелік. С.Шәймерденов. Кәнекей, қателігім неде? М.Иманжанов. Кәні, ашып сөйлесейік. С.Омаров. Кәніки, отыр енді. С.Сейфуллин.

Кәнігі/кәнікті/кәдігі сөйл. Кәнілігін сездіре жауапты сеніммен қайтарды. К.Ахметбеков. Кәнікті кісі көрінді. Б.Тоқтаров. Кәдігі болған ол кез ағашты ұршықша үйіреді. Х.Мұстафин.

Кәпір/кәуір көне. Исламның кәпірлерге кәрі дей ме. М.Әлімбаев. Мұсылман мен кәуірдің Арасын өтіп бұзып дінді ашқан. Сүйіншіұлы Қазтуған.

Кәрлен/керлен жерг./керден сөйл. Кәрлен ыдыстарды сылдырлатып қонақ күтіп жүр. С.Сейфуллин. Керлен кесенің сыңғырлаған үні естіледі. Ә.Шәріпов. Керден кесемен қымыз сіміріп. Т.Әлімқұлов.

Кәртеміс/кәртамыс/кәртәміш Кәртеміс әйелдер мәз-мейрам болысты.

А.Сатаев. Кәртамыс ақынның мақтаншақтығын ұнатпады. Т.Әлімқұлов. Қабақ қақтырмай сезетін кәртәміш емеспін бе. С.Бегалин.

Кәрі/лақса көне. Тісі түсіп әбден қартайған кәріні лақса дейді. «Оңтүстік Қазақстан». Лақса кәрі сылқымнан сақтасын, шалықтың «шапағатынан» сақтасын. Мақал.

Кәрілік/қарылық жерг. Жігіттік өтті көрдің бе? Кәрілікке көндің бе? Абай. Жігіттікте сөйлеп қал, Төкпектеген бұл жанға, Қарылық, шіркін тап болар. Н.Шыршығұлұлы.

Кәсіп/кесіп сөйл. Көлденең кәсіпті де көздеп отырған. Ғ.Мұстафин. Жаяу кесіппен күн көріп отырған. Ғ.Мүсірепов.

Кәсіпкер/кәсіпқор/кәсіпқой Балықшы көлін мақтайды, Кәсіпкер кенін мақтайды. Мақал. Көпшілігі әншейін ұсақ кәсіпқорлар. Ғ.Мүсірепов. Қымыз сатуды күн көріске айналдырған кәсіпқойлар. К.Баялиев.

Кәуап/шашлық кітаб. Шырынын піскен кәуап үстіне кұйса, дәмді болады. К.Шалекенова. Шашлық пісіріп жеді. «Әдебиет және искусство».

Кәусар/каусар орф./кәусер сөйл. Шарбатым, абаятым, кәусар суым. Қ.Әбдіқадіров. Жаңа сүзген каусар судан енжу, лағыл. Шолпан. Кәусер деп, туған дала, суынды ішем. Қ.Аманжолов.

Кәшек/қырқынды сөйл./сағыр жерг. Кәшек қосып талшықтап беріп отырды. «Жұлдыз». Қора маңында, қыстайғы қырқынды жататын. Қ.Сәрсекеев. Шөп сағырын, сабан жағып отырындар. С.Мұратбеков.

Кеберсі/кеберзі орф./кебержі сөйл./кебер морф. Тамағын кеберсіген қойды кенеп. І.Мәмбетов. Кеберзіген ернін жалап қойды. Л.Құрманбаева. Аузым кебержіп, үнім шықпай қалыпты. Ғ.Мүсірепов. Аузы кеберіп, әбден шөлдеді. Ә.Тарази.

Кебіңкі/кепсіңкі/кебік Кебіңкі топырақтың үстіне қойды. Б.Мұқаев. Кепсіңкі топырақты ұшырып әкетуі ықтимал. Д.Досжанов. Кебік, сар құмдақ жолдың үстіндегі арба. Ә.Әзиев.

Кебержі/кебіртексі/кебірткісі сөйл. Кебержіген қатқыл еріндері шөпілдесе өбісті. С.Омаров. Жер кебіртексіп қалған. «Жұлдыз». Кебірткісіп әлдеқашан кұрғап қалған. Е.Домбаев.

Кегжеңдет/кекшеңдет Басын кегжеңдете берді Т.Әлімқұлов. Жирен айғыр басып кекшеңдетіп тұрып қалды. Ж.Мусин.

Кегжи/кекши Басы кегжие қалыпты. М.Мағауин. Басын кекшитіп, бұрыла қарайды. «Қаз.әдеб».

Кедей/кембағал Кедей ағайындарына материалдық жәрдем беріп келді. «Алматы ақшамы». Қара сирақ кембағал сорлыларға – ондай алау бұйырмайды. Қ.Сатыбалдин.

Кедей-кепшік/кедей-кепсек сөйл. Ондайда жоқшы, әрине, ең алдымен кедей-кепшіктің есігін сығалайды. Ә.Қанахин. Кедей-кепсек болса да жасқа бермей. Бозінген.

Кеден/таможня кітаб. Орысша таможня, қазақша кеден аталатын орын бар. С.Мұқанов.

Кежеге/кегеже жерг./кежегі сөйл. Кежегесі кейін тартып, салаксып кетіп еді. О.Сәрсенбаев. Кежежелерін кейін тартып тұрады осы біз дегенде.

С.Шаймерденов. Кежегін кейін тартар мал дегенде. К.Әзірбаев.

Кежір/керенау Жайдары жақсы болмай кесірленед дейміз енді, мұны кежір демей. Шашубай. Ол кежір, керенау болып өсті. М.Хасенов.

Кездеме/кезмал көне. Кездеме тоқу үшін мал жүнінен басқа шикізат та қолданылады. М.Ермеков. Бұл жүн фабрикасында қымбат кезмалдар тоқылады. «Жетісу».

Кез/тұс/кезеуілде морф. Кезді елсіз даланы, Кезеді тау мен тасты олар. Ж.Әбдірашева. Соққан желдер күш болды, мұндай заман тұс болды. Кашаған ақын. Қазақтың кең даласын кезеуілдеп келді. Ә.Әбішев.

Кезбе/кезеген сөйл. Қозғау салып қоздырсам, Кезбе шалдан пайда жоқ. Абай. Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста. Абай.

Кездес/кездел сөйл. Өмірде алуан түрлі күтпеген жайлар кездесе береді. К.Туғанбаев. Қарсы кезделер, қуып жетер көлік жоқ. «Ердің даңқы енбекте».

Кезек/шірет лекс. Бөлмеде кезек күтіп бірталай адам отыр. Ғ.Мұстафин. Өзі тамақ алғалы шіретке тұрды. Қ.Сатыбалдин.

Кезектес/кезекпелес морф. Оқытушылар кезектесіп күзетке тұрды. С.Көбеев. Келіндері кезекпелесіп жоқтау айтысқан. Т.Жармағамбетов.

Кезеріңкі/кезерулі морф. Күн қағып кезеріңкі тартқан ерні ерніне тимей, құлшына айтты. С.Бакбергенов. Қатты шаршаулы, ерні кезерулі. Б.Аманшин.

Кейбірі/кейісі морф. Кейбірі қолынан, кейбірі аяғынан жаралы. С.Сейітхазин. Кейісін топырақ, кейісін қар басып қалған. М.Жұмағұлов.

Кейіптес/кейіпті Түрлері моңғол кейіптес. І.Есенберлин. Қызарып жетпістегі шал кейіпті. Айтыс.

Кейігіш/кейімпаз Кейігіш боп барамын. К.Қазыбаев. Кейімпаз адамдар бірен-саран ғана. «Лен.жас».

Кекесін/кекетін морф. Сөзінің кекесін екенін түсінді. З.Шашкин. Бұл сөзді кекетіп күлкімен қарсы алды. Ж.Жұмақанов.

Кекесінді/кекетінді Оның кекесінді сөзіне жауап айтуға Манапбай сөз сұрады. С.Бегалин. Кекетінділеу үнмен қол берді. С.Алдабергенов.

Кексе/ексе жерг. Бұл күнде кексе тартқан. М.Әуезов. Балам жас, елім ексе. Ғ.Мұстафин.

Кекшіл/кекекшіл сөйл. Кекшіл болма. «Ана тілі». Кек сақтағыш кекекшіл. Шәкәрім.

Кекір/кекірен сөйл. Е, таңертең жейміз де, – деді Бекен кекіре сөйлеп. С.Мұқанов. Ішкен сайын кекіреніп қодиланып қалады. А.Сатаев.

Кекірею/кекіректеу/кекию/қақыраю көне. Келмей жатып кекіреюіңе жол болсын. А.Байтанаев. Әр кеші «Деев менің өзім» дейтін, Әр кеші «кекіректе көзім» дейтін. Д.Әбішев. Аулымның қонған жері «Сұлутөбе», Іңқар-ау кекиесің сонша неге? А.Тоқмағамбетов. Ол безірейе қақырайып жауап қатпады. «Мәдениет және тұрмыс».

Келбет/келім/келпет орф. Ақыл бітпес дәулетке, Дәулет бітпес келбетке. Абай. Жұрт аузына іліккен келімі келген жігіт. А.Мекебаев. Өзін-өзі ұстау келпеті өзгешелеу. І.Есенберлин.

Келбеттес/келіптес/келбетті/келімді морф. Достарым бар туған елмен келбеттес, Жүрген жері береке. У.Әлімбаев. Адам келіптес тұлыптардың ісі. Т.Кәкішев. Жаралған сырт денесі бір келімді. Е.Бердин. Екеуінің кескіні ұқсас, келбетті екен. «Қазақстан мұғалімі».

Келген соң/келгесін Жұмыстан келген соң демаласың. «Жалын». Келгесін де жаттап алмайсың ба? З.Иманбаев.

Келеді/келед орф. Ол ертең осында келеді. Ауызекі тіл. Атыңды келед әр кез қайталағым. Ә.Сәрсенбаев.

Келе жатыр/келеятыр/келатыр сөйл. Осылай келе жатыр. «Ана тілі». Келеятқан адамдарды көрді. «Қаз.әдеб». Көркейіп келатырсың сен-ақ есен. С.Мұқанов.

Келеке/келемеж/келемеш орф. Болармыз құр келеке. Жамбыл. Келемеж күлкісін ап-анық естіді. Т.Ахтанов. Қайтсін әйел келемешін. Х.Ерғалиев.

Келемін/келем синт. Асықпай жүріп келемін. Ауызекі тіл. Езіп, жаншып илеп келем. Б.Майлин.

Келеңсіз/келесау/әңгүдік/кілеңсіз жерг. Бір-екі келеңсіз жайт есінде қалыпты. К.Юсупов. Оның келесау сөздері жүрегіне тікендей қадалды. «Жұлдыз». Адамды ақын ететін де, әңгүдік ететін де өмір ғой. Ә.Нұршайықов. Үш қызға мақтанды кілеңсіз құл, Айбасты шоқпарменен салып қалды. Батырлар жыры.

Келешек/келесек көне. Келешегіне зор үміт артады. Ауызекі тіл. Келесекте барыс-келісіміз жиілей түссін. «Қызыл ту».

Келте/күлте жерг. Кеңесіп кескен тон келте болмас. Мақал. Қолтығына жат қол жүгіріп, күлте кекілі жат саусақ уыстағандай екен. А.Сүлейменов.

Келімді-кетімді/келінді-кетінді Келімді-кетімді кісі аз емес. «Лен.жас». Келінді-кетінді жолаушылармен кетіп қалса қайтеміз. Ә.Шәріпов.

Келін-кепшек/келін-кейпек жерг. Аға-іні, құрбы-құрдас, келін-кепшек, Айналдым аузыңдағы ақ тілеуден. Бекет батыр. Келін-кейпектің амандығын біліп кететіні бар. З.Ақышев.

Келіп/кеп Жақында келіп кетті. «Азия». «Қаныш аға» дегім кеп тұрады. Ә.Тәжібаев.

Кемпір/кемпес морф. Міне бүгін кемпір болдым, Кеше жас қыз секілді ем. Т.Молдағалиев. Үлкен кісіні, кемпесті шақырыңдар. Ж.Нәжімеденов.

Кемтар/кемтік/кемтікті Кемтар адамды сәбидей күтті. Ә.Нұршайықов. Бірі – ақсақ, бірі – соқыр, бірі – кемтік, Киімі – жүз құраулы жемтік-жемтік. Абай. Кемтікті кедей кенелсін. І.Жансүгіров. Кемтар адамды сәбидей күтті. Ә.Нұршайықов.

Кем/кемді/таусыншақ Ауруға шалдыққан өсімдіктің өнімі едәуір кем болады. Ж.Жиенбаев. Құдеке, салған жерден кері шалма, жүрейік күліп-ойнап кемді күнге. Айтыс. Енді азғана таусыншақ күнді жүрек түкпірінде бұғып қалған азғана қуатқа кіреуке етейін десе, оған да болдырмайтын түрі бар. Р.Тоқтаров.

Кем/кеміс Кең болсаң, кем болмайсың. Мақал. Ерсінген есі кеміс, өңшең жарым. Т.Ізтілеуов.

Кембағал/кембағыл *көне.* Бармайды кембағалдың жайларына. Ә.Найманбаев. Бір аяғы тізеден жоқ кембағыл. Б.Тоғысбаев.

Кемер/кернеу *сөйл.* Сырдария кемерді толтыра екпіндей ағып жатыр. С.Мұқанов. Суы кернеуімен бірдей, шыпылдап тұр. З.Шашкин.

Кем-кетік/кем-кетіс *морф.* Өлеңінің кем-кетігі де байқалады. Т.Айбергенов. Бірлі-жарым кем-кетісі бар. Е.Тұрысов.

Кемпірауыз/атауыз/аттіс *жерг.* Қолында кемпірауызы бар. Ғ.Мүсірепов. Атауызын қолына ұстатты. «Қаз.әдеб». Балам, аттісті қайда қойғансың? Диал.сөздік.

Кемпір-семпір/кемпір-сампыр *сөйл.* Жиылып қатын-қалаш, кемпір-семпір. Батырлар жыры. Үй ішіне кемпір-сампырлар толып кетіпті. Ө.Қанахин.

Кемтарлық/кемтаршылық Кемтарлыққа ұшырады. Ф.Дінісламов. Кемтаршылық көрмеді. «Жалын».

Кемшіл/кемшін/кеміс/кемдар *морф.* Дененде кемшіл жерің жоқ, сегіз мүшең бәрі сау. Айтыс. Кемшін жайларға кейістік білдірді. Х.Ерғалиев. Әрине, табылады кемісім де. Ә.Тәжібаев. Саны саусақпен санарлықтай кемдар. О.Сәрсенбаев.

Кемшілік/кемістік/кемдік/кемтік *сөйл.* Кемшілікті көріп қана қоймады. М.Ақынжанов. Кемістігін толықтыруға болмайды. Ә.Тәжібаев. Неге айтпайсың кемдік ісін. Айтыс. Бірі – ақсақ, бірі – соқыр, бірі – кемтік. Абай.

Кемік/кемірік *морф.* Майлы кемік сүйек тастады. М.Мағауин. Сүйегі қара кемірік. Қ.Жапсарбаев.

Кенезе/кенеге/кенезей *сөйл.* Жан біткеннің кенегесін кептіріп барады. З.Иманбаев. Кенезесі кепкендей сіміре бастады. Б.Қойшыбаев. Кенезейі тоймаса, құлпыра ма онда жер. Жамбыл.

Кенет/дүрік *көне.* Кенет ызғырық жел тұрды. Ауызекі тіл. Дүрік соққан дауыл дүрік тынды. Ә.Сәрсенбаев.

Кенеттен/тосыннан/ғайыптан Өзенге жете бере олар кенеттен үйірлі қасқырға тап болды. «Мәдениет және тұрмыс». Жігіт екен жауап тапты тосыннан. Қ.Аманжолов. Қара Бұқан жаурыншы түнде қалың жол тартар. Ғайыптан болжап сөз айтар. Қобыланды.

Кенеу/калори *кітаб.* Қыдырып ішкен көженің кенеуі жоқ, Қыдырып айтқан биліктің керегі жоқ. Мақал. Малға калориі мол жемшөп даярлайды. «Малшыларға кеңес».

Кент/поселка *кітаб.* Сырдария жағасындағы кенттердің маңызы ерекше зор болатын. І.Есенберлин. Өзенге таяу үлкен поселка салыныпты. «Соц.Қаз.».

Кеніш/рудник Кеніш – жер қойнауынан пайдалы қазба байлық өндіретін кәсіпорын, рудник. «Ана тілі».

Кеніш/мүкәммал *лекс.* Арам, арам түбі – реніш, Адал, адал түбі кеніш. Мақал. Оның орыс байларынікіндей мол мүкәммалы, қарағай үйлері бар. Б.Аманшин.

Кеңкілде/кеукілде *сөйл.* Игілік ақкөңілдене кеңкілдей күлді.

Ғ.Мүсірепов. Ол кеуکیلдей ұзақ күлді. З.Камалиденов.

Кеңшілік/кеңіс/кеніш *сөйл.* Шыдадым қапаста, кеңшілікке мен қаштым. С.Сейфуллин. Рахаттың түбі – кеңіс, Еңбектің түбі – жеміс. Мақал. Алды пейіш, арты кеніш болсын! «Ана тілі».

Кепка/кепкі *сөйл.* Кепка – бас киімнің бір түрі. «Балдырған». Кепкісін қолына алды. Ә.Шәріпов.

Кепсер/кекпір *сөйл./кәкпір* *сөйл./шолпы* *жерг./шабала* *жерг./майшолпы* *жерг.* Кепсермен бауырсақты қазаннан сүзіп алды. Ауызекі тіл. Кәкпірмен ыстық бауырсақ алды. Р.Тоқтаров. Кекпірін ұстап жетіп келді. О.Сәрсенбаев. Бауырсақты шолпымен бұлғап пісіреміз. Диал.сөздік. Темір шабала маңдайына тиіп жырып түсті. С.Мұқанов. Қолындағы майшолпымен қазандағы бауырсақты араластырып тұр. «Әдебиет және искусство».

Кепілдеме/рекомендация *кітаб.* Кепілдеме ауызша және жазбаша түрде берілетін жағымды пікір, рекомендация. «Ана тілі».

Кергі/керкі *сөйл.* Осы күні қит етсе, керги калатын келіншектерден-ақ көңілі қалып бітті. Қ.Найманбаев. Қыз бердім деп керкитін әке мен емес. Д.Исабеков.

Керденде/кеки Қарап тұрса, қаншама өзгеріс болған! Бұрынғы кекиген, кердендеген байлар емес. М.Қаратаев.

Кереғар/керегер *сөйл./керіғар* *сөйл.* Кереғар әрекетін естіп жүрді. «Ана тілі». Біріне-бірі керегер антоним. М.Әлімбаев. Жұмысына керіғар әсерін тигізді. Ғ.Мұстафин.

Керекпеу/керек *етпеу* Тыныштық керекпегені ме? Өздері тиіскені солай болғаны да. Ә.Нұрпейісов. Ешкімді өздеріне керек етпегені шығар. «Еңбек туы».

Керекті/керекдар *морф.* Керекті заттарын қалдырмай алды. Ауызекі тіл. Дер көзінде керекдар нәрселерді қоя білсе. Б.Қыдырбекұлы.

Керемет/әйдік/әдиса *кітаб./айлапат* *көне.* Жанды өзіне тартып баурап әкететін кереметі бар. Д.Досжанов. Ол домбыраны әйдік тартады. А.Сатаев. Өліп жатқан айдаһарды көріп, бұл не деген әдиса деп таңданды. Қырғыз ертегілері. Ұзындығы алпыс құлаш, ені қырық құлаш айлапат ақ өре киіз бар екен. Ә.Кекілбаев.

Керенау/керсалақ *жерг.* Керенау жалқау түзелмейд, Сынға мүсін қайнамай. М.Қуанышбаев. Біздің ішімізде керсалақ адамдар көп-ақ. Диал.сөздік.

Кермек/кермал *морф.* Кермал дәмі кетпеген құдық суы. Т.Сағымбаев. Оған бола кермал сөзге барып қайтем. Қ.Тоқмырзин.

Кертақыс/керқайзан/керқайсаң *орф.* Қияңқы, кертақыс мінезін қойдыра алмады. «Жалын». Үлкен кісі керқайзанданып, әдейі сығырдаң сөйледі. Т.Тілеуханов. Қасаңданып шығатын керқайсаң үнмен үн қатты. С.Бегалин.

Кертартпалық/кертартпашылық *морф.* Кертартпалық әрекетті дәріптемек. К.Әзірбаев. Ыбырай кертартпашылықты шенейді. М.Ақынжанов.

Кертiк/кертпек/кертпеш/кертпiш *орф./кертеш* *сөйл.* Кертiк танау ақ

сары қыз. С.Бақбергенов. Кертпек танау, суық сұрғылт көзді. Е.Мырзахметов. Кертпеш танау қара әйел. І.Омаров. Кертпіш танауы таңқырайып жоғарыға аңқиды. Т.Тілеуханов. Мұрнының ортасы кертештеу келген. С.Мұқанов.

Керілдес/шарқылдас *сөйл.* Керілдесіп, кермалдасып ұзақ отыратын заман жоқ. Ш.Мұртазаев. Сақышпен шарқылдасып жатқысы келмеді. К.Оразалин.

Керіс/кермал *морф./кергіс сөйл./кермалдас көне./қидалас жерг.* Керіс осындайдан басталып кетеді. С.Мұқанов. Інісімен ылғи кермал сөйлесіп қалатын. Ә.Кекілбаев. Сонша кергісіп отырған. Ғ.Мүсірепов. Жарайды, кермалдаспай-ақ қояйық, бірақ өзінді жақсы ұста. Қ.Жұмалиев. Жоқтан өзгеге қидаласасың да жүресің. «Ленин жолы».

Кесапат/кесепат *орф.* Өміріміздегі кесапаттардың ең қатерлі түрі. Ө.Қанахин. Бұл ой үстінде көп жүргеннің кесепаты. Д.Досжанов.

Кесек (мол)/үрім *жерг.* Есік жақтағы бұрышта қырық пұттық кесек мыс жатыр. Ғ.Мүсірепов. Желінбей үрім ас қалды. С.Мұхтарұлы.

Кесектей/үрімдей *жерг.* Етті майдалап турамай, кесектей жеді. «Лен.жас». Сонша майдалап қайтесіз. Үрімдей бере беріңіз. Т.Дәуренбеков.

Кесене/мавзолей/сағана Мұсылман әлемінен келген туристер Қожа Ахмет Йассауидің ұстазы саналатын Арыстанбабтың кесенесінде (мавзолейінде) болады. «Соц.Қаз». Қызыл кірпіштен шығыс архитектурасының стилімен салынған биік мола – сағана. Т.Нұртазин.

Кескін-келбет/кескін-келіп *морф.* Мекеме басшысының кескін-келбетін айнытпай келтірген. «Халық мұғ». Танырмын әркез кескін-келібінді. С.Сейітов.

Кесімді/кесікті *морф.* Кесімді ақысын дер көзінде алғанына дән риза. «Қазақстан әйелдері». Киекең кесікті ақы алмағанмен, «орамал» деп бергенді өмір бақи тастаған емес. С.Әлжіков.

Кесірлі/кекірт *жерг.* Қарай гөр мұның кесірлісін! Ауызекі тіл. Бөкең кекірт қызға бас июге мәжбүр болды. М.Мағауин.

Кесіртке/кесертке *орф./кесерткі орф.* Кесіртке кездестіре бастадық. Ә.Тәжібаев. Жауларын кесертке құрлы көрмеді. Ә.Сәрсенбаев. Жыланды үш кессең де кесерткідей күші бар. Т.Есенберлин.

Кетпейтін/кетпейтұғын Бүгін-ертең кетпейтін едім. «Ана тілі». Сенде Ажар бір мінез бар кетпейтұғын. Айтыс.

Кетпен/кетмен *кітаб.* Кетпенмен арық казды. «Алматы ақшамы». Кеш салынған кетменге жер біткеннің бәрі тас. Мақал.

Кеудемсоқтық/амбиция *кітаб.* Кеудемсоқтық өзін-өзі өзгелерден жоғары ұстауға шектен тыс, иегізсіз ұмтылушылық, амбиция. «Ана тілі».

Кеудірлек/кеудірек/кәудірек Мал іздеріне қатқан кеудірлек мұздар. Х.Ерғалиев. Бір кеудірек күй көңілін күйрете түседі. Ш.Құмарова. Қарт адамның кеудірек келері бар. А.Байтанаев.

Кеу-кеуле/кеу-кейле Кеу-кеулесуге мұрша бермеді. С.Мұқанов. Молдалар кеу-кейлей жөнелді. «Жұлдыз».

Кешен/комплекс *кітаб.* Экономикалық реформаны жүзеге асыру

шеңберінде практикалық және тиімді шараның өзара байланысты кешені (комплексі) қажет. «Соц.Қаз».

Кешеуле/кешеуілдеу/кешенде/кешелде *сөйл.* Кешеулеу сыр андағаным ба? М.Әлімбаев. Хабар кешеуілдеу келіп жетті. Б.Әбдіразақов. Қыстауға кешендеп көшу – үйреншікті әдеті. З.Жәкенов. Кешелдеп қалған Қаранардан бұрын қимылдады. Р.Райымқұлов.

Кешқұрым/кешкірім/кешкітұрым/кешкіқұрым *орф.* Кешқұрым серуенге аттанды. Ш.Айтматов. Паркте жүрді кешкірім. Ж.Молдағалиев. Ауыл жастары кешкітұрым алтыбақан тепкенде. А.Жұбанов. Кешкіқұрым кинокартина көрсетті. Б.Тәжібаев.

Кешірім/кешім Ол белгіленген уақытта келе алмағанына кешірім сұрады. Ауызекі тіл. Қыбын тауып, қырын келсе біреуі, екіншісі кешім сұрап жарасты. Қ.Жармағамбетов.

Кешірімпаз/кешірімшіл Адам баласы кешірімпаз келеді ғой, бәрін де ұмытуға тырысар. І.Есенберлин. Сабыржан жаратылысында кешірімшіл, кеңпейілді болатын. О.Сәрсенбаев.

Кеңе/микеңе/кесше *орф.* Балаға «кеңесің, сенен түк шықпайды» деген сөзді айту – зиянды әдістің бірі. С.Көбеев. Түкке түсінбейтін микеңе шәкіртіне ыза болған ұстаздай, Мөңкеге мысқылдай бет бұрды. Ә.Нұрпейісов. Шәкіртінің кесшелігінен ыза шекті. Б.Серкебаев.

Кикілжің/кикіл/кіркілжің/келкелжің *сөйл./кіргілжің орф./кергілжің сөйл./ырғылжың лекс./керкелжің сөйл.* Тағы бір кикілжің боларын сезіне қалған. Ғ.Мүсірепов. Әуелде кикілдің болары анық. М.Мырзақұлов. Бұл кіркілжің Сәкенге де ұнамады. Т.Кәкішев. Отбасының келкелжіңінде итжығыс түсіскен жерлері. Т.Әлімқұлов. Қабақ шытысқан досындай кіргілжің. Қ.Қазиев. Кергілжің сөзге араласты. Т.Әлімқұлов. Ит ырғылжыңмен тағы бір жаз шықты. М.Мағауин. Үй-ішіндегі керкелжіңнен әбден ығыр болды. «Әдебиет және искусство».

Килограм/кило/келе *қарап.* Килограмдап май әкетіп жүрді. Ә.Нәбісв. Бес кило қант алды. «Жетісу». Жолға алған бір келе шұжық жатыр. С.Ернебаев.

Килік/кигіл *сөйл.* Болмас іске килікпе. «Соц.Қаз». Бір бүйірден кигіліп қояды. Ә.Қанахин.

Киліккіш/килікпе Қырсыққанда кісіге әр нәрсе киліккіш қой. С.Алдабергенов. Өмірде бар осындай килікпелер, Арыңа арсыздықпен шүйліккендер. Қ.Көпішев.

Кимелегіш/киіңкі *морф.* Бас-көзге қарамай алға ұмтыла беретін кимелегіш екен. «Соц.Қаз». Киіңкі көңіл, қу үміт, Пәреге басты бір сүңгіт. І.Жансүгіров.

Киттей/киттейін *поэз.* Майсыз жері жоқ-ау титтей, Ұзын тұрасы тура киттей. М.Рәшев. Кемелер – алып киттейін. Опырды бәрін жапырды. М.Мақатаев.

Киіз/кигіз *жерг.* Киіз үйлер тігілді. Ә.Шәріпов. Төрт қанат кигіз үй тұрғызылды. «Жұлдыз».

Комбайншы/комбайнер *кітаб.* Комбайншының көңіл-күйін бағады.

Ж.Дәуренбеков. Комбайнер бейнелері өздерінің құрметті орнын сахнадан таппай келеді. «Қаз.әдеб».

Космодром/ғарышжай қарап. Байқоңыр ғарышжайынан (космодромынан) жердің тұңғыш жасанды серігі ұшырылды. «Білім және еңбек».

Көбе/көбен/көпей сөйл. Ерте туған марка қозыны көбе дейді. «Балдырған». Сыйлы қонақтарға көбен сойып берді. «Еңбек туы». Жем жеп шыққан көпейдің біреуін алдыра ғой. С.Мұқанов.

Көбінесе/көбіне/көбінше/көбнекей Көбінесе үйде жұмыс істейді. Ауызекі тіл. Көбіне жыл сайын боталайды. И.Жұмағұлов. Көбінше мұндай адамдардың көз алдында болды. М.Әуезов. Көбнекей сөз еткелі отырғанымыз – мақал-мәтелдер. М.Әлімбаев.

Көгершін/көгаршын орф./кептер Бұл – көгершін ұялары. Ә.Шәріпов. Көгаршындар антенна сымына қонады. Ж.Тілеков. Ол ақ кептер боп ұша жөнелді. Р.Райымқұлов.

Көгерім/көкөрім орф. Көкшенің көгерім түлектері. Ә.Нұршайықов. Ол өлі талдырмаш көкөрім. С.Бегалин.

Көгілдір/көгілжім Көгілдір ашық аспаннан күлімсірей күн қарап тұр. С.Мұқанов. Көз ұшында көгілжім тартқан көкшеге қарай сығыраяды. Ә.Тәжібаев.

Көгөніс/көгеріш сөйл./көктат лекс./көгөріс жерг. Көгөністі кешіктірмей екті. Б.Мұқаев. Отырғызған көгерішті мал жеп құртып еді. Б.Тоғысбаев. Мемлекетке ерте пісетін көктат сату жөніндегі тапсырма асыра орындалды. «Соц.Қаз.». Биыл көгөріс мол өнім берді. «Оңтүстік Қазақстан».

Көгер/көкте Көктем шығып, жер көгерді. Ауызекі тіл. Көктемде ағаштардың бәрі тегіс көктеді. А.Хангелдин.

Көди-сөди/күди-сүди сөйл. Көди-содиді ойын қылып, көңіл көтереміз. З.Иманбаев. Күди-сүди боп кеткен әртүрлі сыр мен олиф бар. Ж.Алтайбаев.

Көзде/көзе сөйл. Мылтықтың қайдан көзделгенін айыруға тырысты. Ә.Әзиев. Комиссар қолындағы пистолетін көзейді. Б.Момышұлы.

Көздес/көзік/көзес сөйл. Нысананы көздесті. Ауызекі тіл. Шалматай Досайға Сатанды көзіктірді. І.Жансүгіров. Садақ оқтарын алыстан көзесіп жүретін күндес мергендер. Ғ.Мүсірепов.

Көздестір/көзіктір/кезіктір Бір-бірімен көздестірді. «Халық кеңесі». Көбіне-көп бір-бірімен көзіктіре бермейді. Ә.Кекілбасв. Даланы кезіп, ешкімді кезіктірмеді. М.Жұмағұлов.

Көземел/гипотеза Көземел – белгілі бір құбылысты түсіндіретін ғылыми болжам, гипотеза. «Ана тілі».

Көзілдірік/көзәйнек/көзгелдек жерг. Көзілдірік киіпті. «Лен. жас». Ал әжем сол орында, көзәйнегі мұрнында. Қ.Ыдырысов. Көзгелдексіз ине сабақтаудан қалдық қой. Диал.сөздік.

Көк/майса Көкке тойған көбендер, Көк шалғынды жапырып. С.Мәуленов. Екеуі осындай майсада шыққа батып тұр. С.Бақбергенов.

Көке/жәке сөйл./дада көне./папа индив. Балалары әкесін көке деген. «Балдырған». Жуырда ғана жәкем келді. Б.Соқпақбаев. «Дәденді (даданды)

колыңа берем» деген тіркестегі дада-көке, әке сөздерінің мағынасын білдіріп тұр. «Ана тілі». Папам заводта жұмыс істейді. «Балдырған».

Көкейгөз/интуиция Кеме іздеушілер су астындағы істе көне карталар мен өздерінің ішкі көкейгөзін (интуициясын) ғана басшылыққа алатын. «Зерде».

Көкейтесті/көкейкесті/көкейжарды Амал жасалық деген көкейтесті өтініш болатын. Д.Досжанов. Өзінің көкейкесті мақсат-мүдделерін өлең-жыр арқылы суреттеген. Ғ.Мұстафин. Эстетикалық тәрбие ісінде біраз көкейжарды проблема бар. «Қаз.әдеб».

Көкпаршы/көкпаркеш *сөйл.* Ей, көкпаршы бала, мына салымыңды ал. М.Қуанышбаев. Енді біреуін көкпаркештерге бердің. Д.Досжанов.

Көкпеңбек/көкпеңкөк *жерг.* Қазір ығында тұрған адамды мас қылғандай көкпеңбек мәйек мұрын қытықтайды. С.Жүнісов. Алыстан карағанда тау көкпеңкөк болып көрінеді. Диал.сөздік.

Көксеңгір/көксеңгі *сөйл.* Көз ұшында көксеңгір тау бұлдырайды. К.Сақабаев. Көксеңгі таудың сай, тасы толқындап тұрды сағымнан. Н.Шакенов.

Көлкөсір/көлгөсір *орф.* Көлкөсір, мидай езіп жердің үстін, Шүмектеп құйды нөсер үш күн, үш түн. М.Әлімбаев. Көлгөсір жібектен тіккен ат жабу. С.Жүнісов.

Көктейтұғын/көктейтін Шындық дейтін әрбір елде, әр үйде, шежірені көктейтұғын бар ине. «Лен.жас». Әжем көрпе көктейтін инесін маған берді. «Қазақстан пионері».

Көктем/көктеме *жерг./баһар кітаб.* Көктем келіп, жер көкорай шалғынға бөленді. «Балдырған». Он алты – жас қыз үшін нағыз көктеменің көріктеп бір құлпырған шағы. О.Бөкеев. Жаңбырын жүктеп баһардың, суға толған сабасы. «Жұлдыз».

Көкіректі/көкірекшіл Өр көкіректігі өзіңе тартқан. З.Жәкенов. Теректей тентек кеуде көкірекшіл. А. Тоқмағамбетов.

Көлгірсі/көлбірсі *сөйл.* Неменеге көлгірсісің? М.Сүндетов. Көлбірсіп көп алдында қылмаң қақты. А.Лекеров.

Көлдеу/көлдеуіт Көп бала көлдеуде ойнаса, жалғыз бала жар басында жүреді. Ә.Кекілбаев. Көлеңкесі мол да, шуағы тапшы көлдеуіт өлке. Ә.Сәрсенбаев.

Көлдіре/күлдіре Көзінің алды көлдіреп көлеңкеленген. Ә.Тарази. Бет-аузы қызарып, көздері күлдіреп тұр. С.Мәуленов.

Көлегейле/көлекеште *қарап.* Зәуреш сәл алға озыңқырап бетін көлегейлеп отырды. Ә.Әлімжанов. Бетін алақанымен көлекештеп ап сілейіп тұр. Ш.Айтматов.

Көл-көсір/көл-көпір/көл-нөсер *жерг./бай-бөсір жерг.* Көл-көсір мол дүниеге көз бен көңіл бірдей тойғандай. С.Омаров. Көл-көпір ғып үйіп турап қойыпты. Н.Ғабдуллин. Бай-бөсір ақша дорбасы, Шоқпары жез мұрт ылаңның. Ж.Молдағалиев. Жердің үсті көл-нөсер жауынды күн. С.Мәуленов.

Көлпарсын/көлпарсы Үй иесі де бір көлпарсынған жан екен. Ә.Сатыбалдиев. Білсе де білмеген болып, Жауырды жаба тоқып көлпарсуы

күйдіреді ғой. Д.Досжанов.

Көлшік/көлмек/көлмекше/көлдеуік Содан соң машинаңыз бір көлшікке қойып кетіп, бірер сағат өкіріп алады: Ә.Әділетов. Көлмек жасатып, аттарын суаратын. Б.Дәулетбаев. Саулықтарды дәрі қосқан көлмекшеге тоғытып алатын. Б.Дәулетбаев. Көлдеуік шалшықтарға айналған бастаулары да жерді кілкітіп жатыр. Ә.Сәреенбаев.

Көлік/күлік Көліктері тап-тұйнақ, Арқырайды айғыры. А.Тоқмағамбетов. Талай байдың күлігі жабдықталды, Жаннан безген жаужүрек тоқтасын ба? Қ.Жұмалиев.

Көм/көмбіле Жалма-жан тез оянып тұрса мерген, Қап-қараңғы аспанды түнек көмген. Қ.Мұқышев. Қара тұман машинаның сәулесін ауық-ауық көмбілеп кетеді. Ә.Әбішев.

Көмбеш/көмеш/көмпеш *сөйл.* Жарты көмбешін қомағайлана аузына тыққылады. Ж.Сатаев. Көшкен елдің көмеші болса, Еру елдің ерулігі бар. Мақал. Жарты көмпеш нанды бөліп жедік. А.Сүлейменов.

Көмей/көмекей Аузын ашса көмейі көрінетін жігіт. Б.Мұқаев. Көмекейің көрініп тұр, бала. С.Мұқанов.

Көмейле/көмекейле Көмейлеп майды асасын деді. М.Рәшев. Етті көмекейлеп асап жатыр. С.Шаймерденов.

Көмектес/көмекте *морф.* Мұқтаж адамға көмектесу – сауап. Ауызекі тіл. Көптеп, көмектеп ел қатарына қостық. «Халық мұғалімі».

Көмескі/көмес *поэз.* Мыс сақинаның жалтырағаны көмескі тартыпты. Ш.Мұртазаев. Құбылып кейде жарық, кейде көмес. А.Тоқмағамбетов.

Көмп/көмп Осыларды мүлік ішіне көмп еткізіп тастай салғаны-ай. Б.Қыдырбекұлы. Көбелек келіп көмп етіп, көбігін ішіп ол кетті. С.Адамбеков.

Көмусіз/көмуілсіз *морф.* Өлдім, біттім. Көмусіз қалмаспын – деп ойлады Ғатау. Х.Мағзамов. Тоғызы да сол арада атылған, Көмуілсіз жатыр әлі томарда. Е.Ибраһим.

Көнбіс/көмпіс/көмбіс *сөйл./көнбісті сөйл./көнікті морф.* Көпті көрген көнбіс кісі ғой. С.Омаров. Қазақтан көмпіс халық жоқ. Р.Тоқтаров. Қай жұмысқа салса да тартынуға шарасыз жігіт көмбіс боп төселген. С.Жүнісов. Көшім жылқысы жұмысқа көнбісті. Д.Керімбаев. Түпкі тәртеде көнікті атан өгіздер бар. Ә.Әзиев.

Көнбістік/көнбістілік *морф.* Не деген көнбістік! С.Мұқанов. Семья қатынасы көнбістілікті керек етеді. І.Омаров.

Көндік/көндігіс *көне.* Көндікпей ме бала бүркіт. К.Бекхожин. Жүре-жүре көндігіседі екенсің. С.Сарғасқаев.

Көне/көнекі *көне./шарқыш жерг.* Қалалары бірегей. Әрі көне, әрі жас. А.Шамкенов. Оқыдым көнекі қалалардың дуалынан. «Достық жыры». Ол шарқыш арбасын даңғырлатып жетті. Б.Тілегенов.

Көнтекілеу/көнтектеу *сөйл.* Қара жұмыстан көнтекілеу тартқан құрғақ алақан. Ә.Сатыбалдиев. Ерні көнтектеу кісі. Б.Майлин.

Көнти/көнтай Көктің нілі жабысып табаным көнтиіп қалыңдай берді. С.Бақбергенов. Шіркей шаққан жері көнтайіп ісіп кетті. С.Омаров.

Көншіт/көншіктір *морф.* Жасымай отырса ғана көңілін көншітеді.

М.Сатыбалдиев. Ол жайда да көңілін көншіктіріп кетпек. С.Мұқанов.

Көңіл/кеуіл жерг. Көңілін қалдырмады. «Ана тілі». Ояз кеңсесінде істегелі кеуілі өскен. Ә.Нұрпейісов.

Көңірсі/күңірсі сөйл./көңсі жерг. Ана жақта шешесі көңірсітіп бауырсақ пісіріп жатыр. А.Нұрманов. Көптен бері қазаны күңірсімеген. Ә.Сараев. Бәкір бұл сөзді біреуден естіген соң, көңсітіп отырған болар. Ә.Дүйсенбеков.

Көңірсік/күңсік сөйл. Тонының жағасынан көңірсік иіс шығады. «Лен.жас». Мол ылғалды, күңсік жер исі сезіледі. М.Сүндетов.

Көптен соң/көптесін Көптен соң барып жауап қатты. Ауызекі тіл. Көптесін барып сөз бастады. Қ.Жиенбаев.

Көпірме/көптірме/көлпал/көпіртпе/көлпар сөйл. Өтірікші неғұрлым қараңғы болса, соғұрлым көпірме келеді. Е.Соқпақбаев. Қызыл сөзді желге шашқан, дуасыз ауыздың нағыз өзі еді. Пақыр көптірмелеу болатын. Ә.Нұркенов. Діңкемізді сондай көлпал сөзбен құртасыңдар ғой. Ә.Көшімов. Аңшының көпіртпесіне еріп кете бергенім қалай? Ғ.Мүсірепов. Осы жақсылығымды екі дүниеде ұмыта алмас деп көлпар сөйлейсіз. Д.Досжанов.

Көрбан/қорқау қасқыр Сонау қалың шоғыр арасынан көрбанды көргендер бар. «Ленин жолы». Қорқау қасқыр көбінесе түнде жортады. «Білім және еңбек».

Көргемін (жоқ)/көргенім/көргем сунт. Келіп-кеткен адамды әзірше көргемін жоқ. Ауызекі тіл. Қақпаның тарс жабылғанын көргенім жоқ. «Лен.жас». Бүгін оны көргем жоқ. «Жалын».

Көрген-баққаны/көрген-жіткені Осы жеңгеннен басқа көрген-баққаның бар ма? Т.Тобағалдиев. Өткені, осыған дейін көрген-жіткені тас қараңғылыққа батып, шорт үзіліп қалды. Р.Тоқтаров.

Көргендік/көргенділік Бұл да көргендіктің белгісі. З.Ақышев. Әділетін айтып, көргенділік танытты. «Жас алаш».

Көреген/көрегеш морф. Көреген басшы елді көгертер. «Жас алаш». Көрегеш боп пысықтық жасағаны тегін емес. Қ.Исабаев.

Көрешек/көресі/көресе Басың жас, көрешегің алда. Т.Тілеуханов. Ыбырайдан көретін болдың көресіні. М.Ақынжанов. Көресең алдыңда ғой. Таң нұры.

Көркемдеу/шандоздау жерг. Мәдениет сарайының ішін оюлап, нақыштап көркемдеді. «Қаз.әдеб». Қарағай шаптым шандоздап, хан қарасын жоям деп. М.Өтемісов.

Көркемдік/көркемділік Көркемдікті қабылдауға келгенде бәрінің қабілеті бірдей. Қ.Бектұрғанов. Күнде ме, түнде ме, әлде көркемділік, Күйде ме еліктірген ерке күліп. Ж.Смақов.

Көрпелдес/көрпеш/көбей сөйл көрпелдеш сөйл. Семіріп, көрпелдес әдемі қозы болып алды. Ө.Тұрманжанов. Көрпелдеш қозы – мерзімінен кеш туған қозы. Ш.Жанәбілев. Кенже туған қозыны көрпеш деп те атайды. С.Мұқанов. Қонақтарға деп көбей қозының бірін алдырды. «Мәдениет және тұрмыс».

Көрші/бастас/қоңсы/сыбай/хошна жерг. Машина алды көршіміз.

С.Мәуленов. Жақсы көретін сыйлас бастасын көтеріп тұрғызды. Ә.Нұрпейісов. Жаман адамға мал бітсе, Жанына қоңсы қондырмас. Мақал. Ақ қурай, қызыл қурай, қурай-қурай, Құдайым қызды ауылмен сыбай қылғай. И.Байзақов. Бұл кісі – хошнамыз. «Жетісу».

Көрші-қолан/көрші-көлең *сөйл./көрші-көлем сөйл.* Көрші-қолан аяныш білдіріп еді. Ә.Омаров. Оған көрші-көлеңнің бәрі таң қалатын. Н.Оразов. Үй иесі көрші-көлем, ағайын-туысқа рахметін жаудырды. Ж.Нәжмеденов.

Көрімдік/көзақы Келін түсті көріңдер, көрімдігін беріңдер. Халық өлеңі. Қарағандарың үшін көзақы бересіңдер. «Еңбек туы».

Көрінеу/көріне Мынау көрінеу қиянат қой. М.Әуезов. Ұлы ақынды патша өкіметі көріне өлімге айдады. М.Қаратаев.

Көсіл/көсіріл *морф.* Екі аяғын көсіліп отырды. Ауызекі тіл. Артқан түйе шөгеріп көсірілді, жылы-жұмсақ жиынға пісірілді. Н.Ахметбеков.

Көсілт/көсілдір Әңгімені көсілтіп айта бастадым. А.Бек. Судай көк жорғаны көсілдіріп келе жатқан. І.Есенберлин.

Көтерімпаз/көтергіш/көтерімді Көтерімпаз жер де талып кеткендей боп жатты отта. Д.Әбілев. Көтергіш көне бол күн сайын Өмірдің дауылын, жауынын. А.Лекеров. Қалжыңға өзі де шебер, әрі көтерімді жігіт. Д.Әбілев.

Көтеріңкі/көтеріліңкі *сөйл.* Отырғандардың көңілі көтеріңкі екен. Ауызекі тіл. Еңсесі көтеріліңкі ер жүректі болып шықты. І.Жансүгіров.

Көтеріңкі/көтеріңді *сөйл.* Бір қасы бір қасынан сәл көтеріңкі. Ш.Мұртазаев. Келіншек көтеріңді кеудесін көрсетті. С.Бақбергенов.

Көтеріңкірек/көтеріңкілеу Даусын тым көтеріңкірек алыпты. З.Шүкіров. Әдемі қыр мұрнының үсті сол көтеріңкілеу. Ә.Нұрпейісов.

Көтеу/геморрой *кітаб.* Көтеуі бар адамдарға бұл дәрі берілмейді. С.Сұбханбердин. Геморрой – артқы ішектегі қан тамырының кеңеюінен болатын сырқат. «Лен.жас».

Көшпелі/көшпенді *көне.* Көшпелі ел жайлауға бармақ, күздікке келмек. Ғ.Мүсірепов. Көшпенді ел дүрлігіп, үйін жықты көшуге. Е.Елубаев.

Көшпенділік/көшпелілік/көшпендік *морф./көшпеншілік көне./көшпелік сөйл.* Өмірі көшпенділікпен өткен. С.Сейітқазин. Сан ғасыр көшпендікті қайталатты, Н.Оразов. Елдің көшпеншіліктен гөрі отырықшылыққа айналуына дәнекер болған. «Қаз.әдеб». Көшпелілікті жоюға алғаш рет негіз салған оқиға. І.Омаров. Бұрынғы көшпелік қалпымыз жақсы ма? «Айқап».

Көші-қон/көш-қолан *сөйл.* Көші-қон кезінде Шолпан туа жүк артамыз. Б.Кененбаев. Мынау көш-қоланда мұны ескермесе бола ма? «Қаз.әдеб».

Крокодил/қолтырауын *қарап.* Ежелгі мысырлықтар құдайларына құрбандық ету үшін қыз балаларды өздері әулие тұтатын қолтырауынға (крокодилге) жегізетін болған. «Жұмысшы».

Куәгер/куәдар *сөйл./куәші сөйл./куәдір сөйл./куәкер орф./куәдәр сөйл./куәдүр көне.* Куәгері бар екен. З.Шашкин. Ескіге куәдар болатындарға сөз беріп көрелік. А.Тоқмағамбетов. Жағымсыз бір әңгіменің куәсі болғаным бар. М.Сәрсекеев. Сен соған куәдірсің. Ж.Молдағалиев. Айғақ болатын

куәкері болмаған. М.Дүйсенов. Куәдәрміз, куәдәрміз, куәлікке жүрәдәрміз. С.Кенжахметов. Әкелген адамдар куәдүр болса ше? С.Жүнісов.

Күбжінде/күбежекте/күбженде *сөйл./күбсеңде сөйл.* Смайыл да күбжіндеп қалды. Ә.Әзиев. – Мен бе? – деп Хасен күбежектеп қалды. Д.Әбілев. Ақан бірдеме іздеген болып күбжендей берді. З.Шашкин. Балашағаның ортасында күбсеңдеп отырып қалатын. М.Хасенов.

Күбін/күпін Тах үстінде кеуде қағып күбініп. Қ.Мұқышев. Үйде отырып күпінгенмен болмайды. С.Мұқанов.

Күбір-күбір/гүбір-гүбір Күбір-күбір әңгіме көбейді. Ауызекі тіл. Олар аудан картасының әр жеріне қарындашпен белгі қойып, гүбір-гүбір әңгіме үстінде отыр екен. Ғ.Сыланов.

Күдік/кәдік/күмән Бағанағы күдік ойдан қысыла кірген. М.Қуанышбаев. Осылардың бір кәдігі бар-ау. Өз күдік-күмәнін айта бастады. Ө.Қанахин.

Күдірей/кідірей *сөйл.* Садық желкесі күдірейген өгіздің сауырынан сипап тұрды. Түсіндірме сөздік. Мына күшік неге кідірейіп тұр. Т.Әлімқұлов.

Күжілдек/күжілдеуік Күжілдек дауысқа селт ете қалдым. Түсіндірме сөздік. Әлдекімнің күжілдеуік жат үні тірлігінің бар екенін мойындатқандай. Р.Тоқтаров.

Күздеу/күздік/күзеу Малшылардың бәрі күздеуге жылжып кетті. К.Ахметбеков. Итбай аулы күздікке қонған еді. С.Мұқанов. Ел жайлаудан түсіп, күздеуде отырған шақ. «Қаз.әдеб».

Күзелген/күзегер Азамат – қыр мұрынды қырқа күзелген мұртты жас жігіт. Б.Майлин. Күзегер байталдай шүнтиып киінген шетен қалпақты жігіт. Б.Соқпақбаев.

Күйбін/күйбең/күйбек/күйбелең/күйбежек/күйбіжік *сөйл./күйбежен сөйл.* Күйбің тірлігіме сен келіп араластың. Ө.Қанахин. Баяғы бір күнделікті күйбең тұрмыс. Е.Қонарбаев. Алған соң еш қаймығып қақпас күйбек. С.Торайғыров. Дегбірсіз емес күйбелең, өзіне жігіт нанымды. О.Малқаров. Көп нәрседе күйбежекпіз, төменшікпіз, ғаріппіз. Ә.Жәмішев. Қозғалыс-қимылдары шаруаға алданған адамның күйбіжік әрекеті. Т.Тілеуханов. Күйбеженге басып, жауапкершіліктің салмағын өзіне арта сөйледі. М.Иманжанов.

Күйбежекте/күбіжікте/күбілжікте/кибіжіңде/кібіженде Күйбежектеп, жан-жағына жалтақтады. М.Иманжанов. Күбіжіктеген қара шал бас шұлғыды. Ә.Бөриев. Бір нәрсені шұқылаған болып, күбілжіктеп кетуші еді. С.Торайғыров. Істі цех бастығына қаратып, кибіжіңдеп соза беретін. З.Шашкин. Үй иесі кибіжендеп сөйлескісі келген пішін көрсетті. Асыл ана.

Күйбеңде/күйбінде/күйбекте/күйбіжікте/күйбіжіңде *сөйл.* Енді от басында күйбеңдеуім дұрыс па? Д.Рамазанов. Үйінің төңірегінде күйбіндеп жүрген. К.Қазыбаев. Балалар ойыншығы болса, жинастырып күйбектеп жүр. С.Байжанов. Қос маңында күйбіжіктеп жүріп алды. С.Жүнісов. Сыртқа шығып күйбіжіңдеп жүрген. Ж.Мусин.

Күйттеуіш/күйттеуші Отарға күйттеуіш қошқарлар жібереміз. Ш.Ерманов. Тақымға пайдаланатын күйттеуші қошқарлар болады.

М.Ермеков.

Күйдір/күйгіз Табаға салған нанын қап-қара ғып күйдіріп жіберіпті. Н.Ғабдуллин. Астығымызды күйгізбей сата аламыз. І.Жансүгіров.

Күйкі/күйкіл Күйкі тірлікке қанағаттанбайтын. Н.Мұраталиев. Оларға керегі күйкіл өмір емес қой. Қ.Тұрсынқұлов.

Күйзелушілік/күйзеулік/күйзеушілік *сөйл.* Бүкіл облыс шаруасына күйзеулік келтірген. М.Әуезов. Берген хабары жұртты зор күйзеушілікке ұшыратқан. К.Оразалин. Көптеген шаруа қожалығы күйзелушілікке ұшырады. «Жас алаш».

Күйкі/күйкілі Күздің бір күйкі күні еді. І.Мәмбетов. Күйкілі тірліктің жанды сыздатар қасіретін айтады. Ә.Мейірбеков.

Күйлі/күйтті *морф.* Ел қыстан күйлі шыққан екен. С.Көбеев. Күйтті ауылдан шығып, бұл да жеңілденіп қалған ба? Ж.Мусин.

Күйрек/күйреуік/күйреуіңкі Қаралы күй, күйрек күрсініс көп мұнда. О.Сәрсенбаев. Табансыз, күйреуік жандардың мұндай іс қолынан келмейді. «Лен.жас». Бұл да күйреуіңкі жанына үлкен медеу. О.Бөкеев.

Күйтінде/күйтенде Онда бір жұмыспен айналысқан боп, күйтіндеп сәл уақыт аялдады. А.Байтанаев. Көңілдегіні күйтендетпей бетке басып салып карап тұратын. С.Бердіғұлов.

Күйт/күйіт *орф.* Арық саулықтардың күйті нашар болады. М.Ермеков. Күйіті келген сиыр көп болған соң бұқа жетпейді. Ш.Құндызбаев.

Күйттегіш/күйтшіл Тек өз мүддесін діттеп, өз жанын ғана күйттегіш адам. «Қаз.әдеб». Күйтшіл әйелдердің мүсінін жасаған. Т.Ахтанов.

Күйші/күйшіл *сөйл.* Күйшілер күй, жыршылар жырын жырлап, жеткендей барлығы да тілегіне. И.Байзақов. Ол әншіл-күйшіл ақын. С.Мұқанов.

Күйі/ыпыны *жерг.* Жалғыз еді үйіміз, Жаман еді күйіміз. Ө.Тұрманжанов. Елдің ыпыны ерекше жүдеу екен. К.Ахметбеков.

Кұлапара/жепен *көне.* Бастарына құлапара етіп киген қой жүні қаптарын тастап, қонақтар отқа жақындады. Ғ.Мұстафин. Жепенді қазір көп кимейді. Диал.сөздік.

Күлбіреуік/күлбірек Бұл ауруды мида тіршілік ететін күлбіреуіктер қоздырады. Х.Қашағанов. Жұмыртқадай күлбіректер мен кеңсірік құрттары табылды. Х.Қашағанов.

Күлгін/күлгір Күлгін түстес топырағына таңдана қарайтын. С.Бақбергенов. Бұралып шыққан ақсаусақ, күлгір көзді Дөсет-ау. Б.Майлин.

Күлгінден/күлгіндел *сөйл.* Алыстан бір түрлі күлгінденіп көрінеді. Т.Хайруллин. Тотияйындай күлгінделген шатқал жап-жалтыр. Б.Қожабеков.

Күлдәрі/күлдері *сөйл.* Қатын ғой күлдәрімен белін буған. Абай. Камшат бөрік, күлдері белбауы бар. Айтыс.

Күлді-бадам/шала-пұла Талғаусыз, танымсыз жазылған күлді-бадам шығармалар оқырманды қызықтырмайды. «Әдебиет және искусство». Тапсырған істі шала-пұла істей салуға болмайды. Ауызекі тіл.

Күлдіргіш/лаққы *көне.* Басындағы күлдіргіштің (клоунның) қалпағы. Ә.Шәріпов. Лаққы деп аталатын күлдіргіш адамдарымыз бар. Диал.сөздік.

Күлді-көмеш/күлше-күлдемеш *сөйл.* Асыға-аптыға отырып сыза салған күлді-көмешің. Р.Райымқұлов. Күйік күлше-күлдемешін қойынға қойшы орады. І.Жансүгіров.

Күлдіргі/күлдіргілі *морф.* Ол – ақжарқын, ашық, күлдіргі кісі. Қ.Құттыбаев. Күлдіргілі жауап берді. С.Мәуленов.

Күлдіреуік/күлдірек *морф.* Терідегі күлдіреуік жарылғаннан кейін пайда болады. Ш.Халықов. Кейбір күлдіректер жарылып, мазасын ала бастады. Е.Оразақов.

Күлегеш/күлкішіл/күлкіші/күлімпаз/күлкішек *морф.* Бұл кезде жігіт ағасы Тәкежан қалжыңқой, күлегеш болатын. М.Әуезов. Өзінде ой жоқ күлкішіл кердең наданның. Абай. Қыздырманы ғана айтатын күлкіші Дулат емес. М.Әуезов. Күлімпаз келіншектерге қызыға қарады. С.Бақбергенев. Осыны айтып түлкішек, жайдары жан күлкішек. О.Тұрманжанов.

Күлгіш/күлекеш *орф./күлешек морф.* Күлгіш Күлән томсарып отыр. Ғ.Мұстафин. Күлекеш қыздардай үсті-үстіне жымың қағады. Ә.Әлішев. Күлешек қыз қолынан тартып қалды. Ш.Мұртазаев.

Күлкі/күлістік *морф.* Күлкісі қандай сүйкімді еді. К.Асанов. Күлістік етіп көбісі, бір-біріне ымдайды. Т.Ізтілеуов.

Күлкішілдік/күлкішілік Арылмас әдет болды күлкішілдік. Абай. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы күлкішілік. Абай.

Күллі/жүмле *кітаб.* Беріліп барлық ынтамен, Күллі халық сеніп тұр. Бір жаманмен дос болсаң, Күндердің күні болғанда, жүмле ғаламға күлкі етер. Шалкиіз жырау.

Күлмең/күлмің *сөйл.* Ойда жоқта, бір күні күлмең қағып қасыңа жетіп келетін секілді. О.Сәрсенбаев. Жанары күлмің қағып, ұшқын шаша қадалды маған. Т.Алтынбаев.

Күлпарша/күлпара *жерг.* Бүтін затты күлпарша ғып бүлдіру зұлым үшін бұйым ба? С.Оразбаев. Ескілікті күлпара қып, езіп, жаншып илеп келем. Б.Майлин.

Күлімсі/күміскі *сөйл.* Үйдің ауасы күлімсі сасып, тынысты тарылтты. С.Мыңжасарова. Қарасу кеуіп кетіп, орнында күміскі, шірік иісті қақ жататын. Ж.Жұмаханов.

Күмп/көмп Күмп беріп суға сүнгіді де кетті. З.Шашкин. Көмп еткізіп тастай салған. Б.Қыдырбекұлы.

Күман/күмән *орф.* Ешбір күман барға ұқсамайды. О.Сәрсенбаев. Еш күмәнданған жоқпын. «Алматы ақшамы».

Күмәндылау/күмәндау *сөйл.* Өзінің қимыл-қылығы да бір түрлі күмәндылау. Б.Тоқтаров. Күмәндау жерін тез бүркеу үшін, әңгімені баланың кім екенін білуге бұрды. Х.Есенжанов.

Күмәнданғыш/күмәншіл Әр нәрсеге сын көзімен қарау күмәнданғыштық емес. «Білім және еңбек». Әр нәрсеге көңілі бітпейтін, күмәншіл. О.Сәрсенбаев.

Күмбез/сағана *көне.* Қарағанда самолеттен ұқсайтуғын күмбезге. С.Мәуленов. Бұған дейін талай салынған сағана. О.Дастанов.

Күмбірле/күмбіре *сөйл.* Еске алсам жүреkte жыр күмбірлейді. Айтыс.

Ер – азаматтың көкірегіндегі күмбіреген әні. Ш.Құмарова.

Күмбірлек/күмбірлегіш Бос күбі күмбірлек келетін еді, осы ініңіз де сол сияқты. «Саржайлау». Көк иірім күмбірлегіш тереңінен. Қ.Мүсірепов.

Күмпи/көмпи Жел кеулеген жейдесі арқасына допша үйіріліп күмпиіп кетіпті. Ә.Әбішев. Көрікше көмпиіп молая бермек. А.Қалығұлов.

Күмілжі/күбілжі *сөйл./күмілжікте сөйл.* Инеш күмілжіп жауап берді. С.Шаймерденов. Айыптауға болмайды, – деді күбілжи түсіп. А.Хангелдин. Күмілжіктей тіл қатты. «Жұлдыз».

Күмілжіңкі/күмілжім/күмілжілеу *сөйл.* Ренжітіп алмасақ болар еді, – деді серігі күмілжіңкі үнмен. «Қазақстан әйелдері». Ойында күмілжім күдік бар. Б.Аманшин. Сөзінің аяғын күмілжілеу қып екі ұшты ой тастады. Ә.Нұрпейісов.

Күнә/күна *орф.* Күнәнің бәрінен де арылып, алдына келіп отырмын. Ә.Әбішев. Гүлдер, гүлдер, күнасы жоқ паң гүлдер. Ә.Тәжібаев.

Күнәкар/күнәкәр *орф./күнаһар орф./күнәһар орф./күнәгер сөйл.* Қу басын күйттеп жүрген күнәкарлар. Д.Досжанов. Өзіндей күнәкәр жер бетінде жоқ сияқты. Ө.Қанахин. Күнаһар адамға сот құрғанда. К.Сатыбалдин. Өзіл айтсақ та күнәһармыз ба? Ж.Молдағалиев. Осыншама шытырман шиенің күнәгері. О.Сәрсенбаев.

Күнбағыс/күнбағар Техникалық және майлы дақылдан мақта мен күнбағыс қана егілді. «Қазақстанның ауыл шаруашылығы». Биыл біз он гектар жерге күнбағар ектік. Ауызекі тіл.

Күнге дейін/күнгеше *морф.* Осы күнге дейін хабар-ошарсыз. Ауызекі тіл. Бұл күнгеше сыншыларының да сол беттегісі көп. С.Сейфуллин.

Күңгей/күнесін *жерг./күңгей сөйл.* Сиыр фермасы жалпақ қайың орманның күңгей бетінде. Б.Көпбаев. Әйтеуір жайғасып ап күнесінге. С.Оразаев. Әр жылы күңгейдегі қорымда кекілік қақылдайды. М.Етекбаев.

Күңгейлеу/күнескей *жерг.* Найман мен керейдің қалқаны күңгейлеу жатыр. І.Есенберлин. Жолдың күнескей бетіне көтерілгенде ақ бауыр қоян ата жөнелді. С.Бақбергенов.

Күндегіш/күншіл/күндемпаз/күндесшіл *сөйл.* Қиылған қасың, төгілген шашың, күндерлік еді күндегіш бар қыз. Д.Әбілев. Қасірет шеккің келмесе, күншіл болма ендеше. Мақал. Ішің тар, күндемпазсың, ақылың әлсіз. Ә.Тәжібаев. Болыпты ғой күндесшіл, кекшіл елім, өткіздің сен солардың көп сүрегін. Ж.Сәтібеков.

Күндегіштік/күншілдік Қызғаныш пен күндегіштік пиғылын жасыра алмады. «Әдебиет және искусство». Қызғаныш пен күншілдіктен іші күйген. К.Тоқаев.

Күндік/күңгейлік Күндік – әйелдер жаулығы. С.Қасиманов. Кіші жүзде кимешек орнына күңгейлік киеді. І.Есенберлин.

Күнпарақ/күңтізбек/жылпарақ/күңтізбе *сөйл./жыртпалы календарь сінт.* Күнпарақ – бір жылдың барлық мезгілі, айы мен аптасы белгілі бір жүйемен көрсетілген анықтама кітапша. «Жаңа атаулар». Кейін ғана түрлі әдебиетке «Маусым» болып еніп күңтізбекке, жылпараққа ауысып жазылып жүр. «Соц.Қаз». Жоспар бойынша, мамыр айында атқарылар жұмысты

күнтізбеге (жыртпалы календарьға) белгілеп қойды. «Жұлдыз».

Күнім/кұнтайым Ғазиза ана соны айтып, Күнім деді Ермегін. «Балдырған». Көрерсің, менің құнтайым мерген болады. С.Омаров.

Күніне/күніге Күніне екі жүзге жуық адам келеді. Ауызекі тіл. Күніге келіп-кетіп тұрады. Е.Қонарбаев.

Күндік/күншілдік/күншілік Шығыс қыздарын күндіктен құтқарған Ленин қыраным. М.Хакімжанова. Күншілдікте жасаған қараңғы елге теңдік шамын жағамыз. Ж.Молдағалиев. Күншілікке айдап әкетілген қыздар жазыпты. Ә.Бектемісов.

Күңкіл-сүңкіл/күңкіл-шүңкіл Күңкіл-сүңкіл әңгіме тірілді. Ә.Кекілбаев. Әйелдер күңкіл-шүңкіл сөйлесіп, бет шымшысты. Т.Әлімқұлов.

Күпсек/күпсік *сөйл.* Күпсек қар, ағыза шапқан көп аттың тұяғынан ақ боран борады. М.Әуезов. Күпсік қар киізденіп қатып жатыр. З.Камалиденов.

Күпте/күпсе *жерг.* Ұлық аз, халық көп болған соң айрандай аптап, күбідей күптеп жүрген халі бар. К.Оразалин. Алтынмен апсап, күміспен күпсеген. А.Жүнісов.

Күпті/күптігей/күптігөй *сөйл.* Түнерген төңірек күпті жүректі сергітпеді. М.Иманжанов. Көңіліндегі күптігей жайларды ашып айтты. З.Қабдолов. Күткені келмей күптігөй көңіл күнде алаң. И.Сапарбаев.

Күпілдек/күмпілдек Ала жылан, аш бақа, күпілдектер, Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр. Абай. Қой біткен қонды, оңды деп, есеп берді күмпілдек. М.Рашев.

Күрделірек/күрделілеу Жүрек ауруына жасалатын операция жүрекке қадалған оқты алып тастаудан күрделірек. Е.Оразақов. Тағдыры бұларға қарағанда біршама күрделілеу. С.Омаров.

Күреңдеу/күреңкей *морф.* Күреңдеу сақалына аздап ақ кірген. С.Шарипов. Алдымызға бандуралы, күреңкей тартқан жуан қазақ шықты. «Соц.Қаз».

Күркілде/кіркілде *жерг.* Біреуі жөтелсе болғаны бәрі бірдей күркілдейді. С.Алдабергенов. Көкірегі кіркілдеп жөтелден арылмайды. М.Қайрақбаев.

Күркілдек/күркілдеуік Төсек тартқан күркілдек кәрі шалдай. Ә.Қалмырзаев. Күркілдеуік шалдың немересі екенін де таныды. «Мәдениет және тұрмыс».

Күрме/күрмекте/күрмеле Жіпті діңгекке күрмеп байлады. Ауызекі тіл. Қалтасынан аузын күрмектеп байлаған дорбасын суырып алды. К.Тоқаев. Жіптің бір ұшын күрмелеп байлайды. Ә.Бөриев.

Күреңсе/күреңше Таудың күреңсесі күлтелене көрінген. О.Бөкеев. Шөп көп шығыпты, өте-мөте күреңше жусан, баялыш. С.Байжанов.

Күрт/күртіс Қар Жаманшұбарда біресе күрт ериді. С.Мұқанов. Өкпек жел қарды күртіс ерітті. Х.Әбішев.

Күстана/күстәна *орф.* Ондай күстана кесірің Жанәділ емес. Д.Досжанов. Онымен қоймай тағы да мұны күстәна қылуы хақ. А.Нұрманов.

Күстанала/күстәнала *орф.* Адам деген құр аты бар арам бездер ғана күстаналайды. «Жұлдыз». Басқаны күстәналаудан бас тартты. Ж.Аймауытов.

Күтімшіл/күтімшен *сөйл./күтімдар морф.* Күтімшіл жанның құнттап шығарып салғаны көрініп тұр. Б.Соқпақбаев. Үсті-басына күтімшен қарай бастады. М.Сатыбалдиев. Ұсынықты да күтімдар әйел болып алды. Ө.Қанахин.

Күтірлек/күтірлеуік Аяқ аттаған сайын күтірлек қар опырылып, жүрісті өндіреп емес. Қ.Әбдіқадіров. Күтірлеуік сухарларды етегіне қотара салды. Ә.Көшімов.

Күтулі/күгілміш Неше күннен бері күтулі. М.Сәрсекеев. Күгілміш жау сау ете қалды. Т.Әлімқұлов.

Күшейіп/күшірлеп *көне.* Қамардың ауруы күннен-күнге күшейіп, болмасқа айналды. С.Торайғыров. Соғыстың күшірлеп тұрған шағы. Қ.Тоқмырзин.

Күштісін/күштімсі Күштісінуін қарашы өзінің. «Жалын». Манағы едіреңдеп, күштісіп тұрған батырың. «Ақ бидай».

Күшігім/күшім *сөйл.* Күшігім-күшігім, – деп, бала күшігін сипалайды. «Балдырған». Күшім, күшім, жат. Жата ғой енді. Т.Жармағамбетов.

Күшіген/күшеген *орф.* Күшіген – бүркіт тұқымдас жыртқыш қарақұс. Түсіндірме сөздік. Тұйғынға күшегендер ауыз салды. М.Көпеев.

Кібжікте/кибіжікте Бірдеме айтқысы келгендей, кібжіктеп қарай берді. «Білім және еңбек». Төмен қарап, кібіжіктеп қалды. Ш.Мұртазаев.

Кібіртік/кібірік *сөйл.* Кей нәрсеге келгенде кібіртікпіз. Қ.Байсейітов. Ресторан тұсында Қуекең қақты кібірік. М.Рашев.

Кібіртікте/кібірікте/кібіртінде Бірақ ауыз аша алмай, кібіртіктей берді. Д.Досжанов. Не дерін білмей, кібіріктеп қызара түсті. С.Алдабергенов. Кібіртіндеп шегінуін тоқтатпақ. Б.Майлин.

Кіді/кідікшіл/кідің Ол үлкен кісі кіді алып қала ма деп сескенбеді. Ә.Шәріпов. Көңілі жарым адам кідікшіл болады. Т.Ахтанов. Екеуіңнің араңда бұрыннан да кідің бар ғой. С.Мыңжасарова.

Кідіріс/аялыс *сөйл.* Ол аз кідірістен соң қайта сөйледі. С.Шаймерденов. Деревняда аялыс жасадық. Ж.Жұмаханов.

Кілгірт/кілдіре Сәнді домбырасын ырғала күйлеп, көзін сәл кілгірте түсіп машықпен әндетті. Ғ.Сыланов. Аурудан тұрған кісідей көзі кілдіреп қос қолымен жер тіреп, тұрмақшы болды. Д.Досжанов.

Кілең/кіл/кілкей *морф.* Кілең қайратты жігіттер. С.Бақбергенов. Тұғыры кіл асыл тас өзі тапқан. Ғ.Қайырбеков. Шаруашылықты еңсеріп тұрған кілкей әйелдер. Л.Құрманбаев.

Кілкілде/кілкекте *морф.* Беті қаймақ кілкілдеп, хош иісі келеді. З.Қалауова. Ас батырмай кілкектеп тұратын беймаза күйден арылды. С.Ғаббасов.

Кілми/кілби/кірти/кіржи *сөйл.* Оның үлкен қара көзі кілмиіп кішірейе берді. С.Шаймерденов. Әлгі көз тағы кілбиіп мүләйімси қалды. А.Нұрманов. Кіржиген ала көз кісіге түспей, айдалаға кілгіре қарайды. Ә.Кекілбаев. Сыртқы бейнесі өте жүнжіген, көздері кіртиген. Б.Майышұлы.

Кілт/ашқыш/ашар *жерг.* Қосымша кілт жасатты. Ауызекі тіл. Әлгі ашқышыңды Арыстанға бер. Ж.Тілеков. Ашарымды жоғалтып алып, үйге

кіре алмай тұрмын. Түсіндірме сөздік.

Кілти/қылти Балалардың әзілін көтермей, кілтие қалатыны бар. 3.Шүкіров. Сәл нәрсеге бола өкпелеп, қылтиятыны бар. Е.Қонарбаев.

Кінарат/кінә/кіна *орф.* Келініңіздің оңдай кінараты жоқ деп, ақтала сөйлемек еді. 3.Жәкенов. Ол өз кінәсін өзі мойындады. Ауызекі тіл. Ақбаланы кінәға қимады. Ә.Нұрпейісов.

Кінаратта/кінала Ол үшін атамды кіналамаңыз. А.Әлсеров. Көрмей, білмей сырттан кінараттаудың күнә екенін ескертті. А.Мекебаев.

Кінәлі/кінакар Кінәлідей болып үнсіз отырып қалдым. Ә.Нұршайықов. Оны негізгі кінәкар ретінде айыпқа тартуы мүмкін. Ж.Тәшенов.

Кінәшіл/кінәмшіл/кінәмпаз/шікамшыл/кінамшыл *орф.* Жас бала кінәшіл де талғамшыл келеді. С.Сарғасқаев. Кінәмшыл енесін бағып-күту міндет еді. М.Сқақбаев. Кей кезде Жасын шектен тыс шікамшыл. Т.Әлімқұлов. Үлкен кісінің көңілі жас баланың көңіліндей кінәмпаз келеді. С.Бақбергенов. Аз нәрсемен кінәмшыл ағасын ырза ғып аттандырып еді. Ә.Нұрпейісов.

Кірбендік/кірбіңдік Осы бір жасанды тұяқтың кемістігі кірбендік көрсетпесе еді. Ә.Көшімов. Әлгі кірбіңдіктен тез айығып, жадырай сөйледі. 3.Жәкенов.

Кірбит/кірбеңсіт/кіртит Мәруа мәселесі бір кісінің көңілін кірбитуге жарайтын. Ж.Нәжмеденов. Үлкен қара көзін кірбеңсіте кіреукелеп, қыз көзінде ажарлы болғанын аңғартатын ақшыл жүзін де жүдетіңкіреп жіберген. 3.Жәкенов. Ене алдында көзін кіртитіп сұлық жатыр. Б.Момышұлы.

Кірбін/кірбең/кілтен/кірбелең *сөйл./кірдің сөйл./кіркеу жерг./кезбастық көне./күбің жерг.* Балжанға қарасам, қабағында кірбің бар. Б.Тоғысбаев. Әкенің көңілін кірбең шалғандай. М.Хасенов. Көңілінде басқа бір кілтені бар. С.Омаров. – Көңіліне кірбелең кіргендей болды. Б.Дәулетбаев. Көңілінде бір кірдіңі болмаушы еді. Қ.Ыдырысов. Қабақтарына кіркеу тұра жаздап жадырап кетті. Ә.Тарази. Араларында еш кірбің, кезбастық жоқ жандай. И.Жақанов. Күбің ой қылтиып басын көтереді. О.Сәрсенбаев.

Кірбінде/кірбеңде Қайдағы жоқты айтпаңызшы, – деді Балқия кірбеңдеп. С.Омаров. Кінәлі пішінмен кірбіндеп отырып баяу сөйледі. Ә.Көшімов.

Кірбің-сірбің/кірбің-кілтін/кірбің-кіреуке Әзіл-қалжың
отырғандардың кірбің-сірбіңін жазғандай. «Мәдениет және тұрмыс». Мөлдір, тұнық көзбен жарқын қабақтың, кірбің-кілтін, шаңы болмас сүртілер. А.Тоқмағамбетов. Бетіне кірбің-кіреуке түспеген. М.Сатыбалдиев.

Кіресілі-шығасы/кірмелі-шықпалы/кіресі-шығасы/кірділі-шықтылы/кірерлі-шығарлы/кірелі-шығалы *сөйл.* Кіресілі-шығасы ойыма келгені тастан қабір салу болды. Т.Жармағамбетов. Кірмелі-шықпалы есі бар. Б.Соқпақбаев. Есі кіресі-шығасы. Қ.Тұрсынқұлов. Кірділі-шықтылы есі бар. Қ.Сатыбалдин. Кірерлі-шығарлы ғана есі бар. І.Омаров. Есі кірелі-шығалы боп, әйтеуір елін тауып келді. Ә.Бориев.

Кіреуке/күреуке *сөйл.* Ортада үлкен көк шатыр, төбесінде қыпшақ туы

– кіреуке, сауыт ілулі тұр. Д.Досжанов. Қалың қабақ астына жиналған күреуке жазылып, жадырап сала берді. М.Сүндетов.

Кіресі/кірешек *жерг.* Түйелі кірешілер үйілген көмірді тиеп алып жатыр. Ғ.Мұстафин. Кірешектер көліктерін суғарып тұр екен. С.Шарипов.

Кір-қожалақ/кір-күйелеш Тұрдыбектің бет-аузы қап-қара, кір-қожалақ. Б.Соқпақбаев. Қап-қара, қасы-көзі кір-күйелеш. Б.Адамбаев.

Кір-қон/кір-қолан/кір-қоқыс/кір-қоқыр/кір-қоқым/кір-қаяу/кір-кірбен/кір-кіреуке Кір-қонын кемпірім жуып тұрушы еді. Б.Дәулетбаев. Кір-қолан шалмаған пәк ой қандай алғыр. С.Бақбергенов. Мен алдына барған сайын кір-қоқыстан тазарам. Т.Молдағалиев. Кір-қоқырларды жәшікке апарып төгіп кел. Ө.Тұрманжанов. Асау арнаның ағысына шыдамай, кір-қоқым сияқты лезде көзден ғайып болады. М.Дүзенов. Ешқандай кір-қаяу жоқ көңілімде. «Халық ақындары». Саған деген кір-кірбеңім жоқ. С.Бақбергенов. Бұл талапты бұлжытпай орындау оның сана-сезімін кір-кіреукеден арылтады. З.Қабдолов.

Кірпияз/шепік *лекс.* Кірпияз сері талғампаздық жағынан бірдей. О.Бөкеев. Ольчанский – тамаққа шепік адам. С.Мұқанов.

Кірпікшешен/кірпішешен *сөйл.* Кірпікшешен сияқты жиырыла қалады. М.Сүндетов. Чума індеті көзінде кірпішешен, түйе ауыратыны анықталды. «Аса жұқпалы аурулар».

Кірти/кірпи/кірбию Көзі кіртиіп үнсіз отыр. Б.Мұқаев. Ене алдында кірпийіп сұлық отыр. Ү.Доспанбетов. Көзің кірбиіп қалғи бастайсың. Б.Момышұлы.

Кіші/кішік Жасы менен кіші. Т.Нұртазин. Жақсының өзі кішік, ойы биік. Мақал.

Кішкенеден соң/кішкенедесін *морф.* Кішкенеден соң үйге қайтып оралды. Ғ.Сыланов. Әжем кішкенедесін көрші үйге кетеді. Ж.Молдағалиев.

Кішіпейілдік/кішілік Кішіпейілдік бәрімізге ұнайды. М.Иманжанов. Мараттың кішілік етуі қартқа өте-мөте жылы тиді. Т.Сағымбаев.

Кішірек/кішігірек *морф.* Боржабай – орташа бойлы, жасаураған кішірек көзді, қоңыр өңді кісі. С.Мұқанов. Мен бұл кісіні кішігірек кезімде көрген едім. Диал.сөздік.

Кішірей/кішір Үлкен үйге кіргенде бәрі кішірейіп кеткендей. Ғ.Мүсірепов. Жейдесін жуа бергесін, ширап кішіріп кеткен. «Жетісу».

Қ

Қағыс/қақас Қағыс естуге шеберлер танып кетуге де шебер. С.Төлешов. Жас жалшыда қақас ой, қалты мінез бола ма? І.Жансүгіров.

Қадір/кәдір *сөйл.* Олар ата-анасын қадір тұтады. Ауызекі тіл. Аяжанның кәдірі де арта түскендей. Б.Соқпақбаев.

Қадірмен/қадірменді Ол қазір комбинат ұжымының ең бір қадірмен адамы. Ә.Жәмішев. Ауылдың ең үлкен қадірменді адамымен ұзақ әңгімелесті. Ш.Әмірәлиев.

Қажет/әжет Қажет десең, ала бер. Ауызекі тіл. Бір әжетіңе жаратарсың.

Б.Соқпақбаев.

Қажу/қаржалу Қапаста қажып қалған жігіт жанын Ерлік жыр дүркін-дүркін шыңайтады. Д.Әбілев. Қабырғасы қатқан кәрі боз, Қаржалған күні жүгіре алмас. А.Өтембетұлы.

Қазақшыл/қазағуар Сарыбас қалада қазақшыл болып жүретін. С.Мұқанов. Мұратов қазақ арасында көп жүріп, қазағуар боп кеткен. «Жұлдыз».

Қазақшылық/қазақбайшылық Қазақшылықтың келмеске кеткені ме? Ж.Арыстанав. Қазақбайшылық шығар деп едім. Ө.Бөриев.

Қазақы/қазағуар/қазақнамай морф. Садуақас ауылда өскен қазақы адам болатын. Түсіндірме сөздік. Жұрт мұны қазақшаға судай, қазағуар деп, дәріштеп кеткен. Ғ.Мүсірепов. Меніңше де ол кісі тым қазақнамай. Ғ.Мұстафин.

Қазан/октябрь кітаб./ақырап көне. Қазан айында ол қалаға барып қайтты. Ауызекі тіл. Октябрь айында студенттер ауыл шаруашылық жұмысынан оралды. «Халық мұғалімі». Уақиға болды хауыста, Алдында өтті ақырап. Қашаған ақын.

Қазаншы/бақыршы жерг. Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса. Мақал. Бақыршы қоста қалып, ас әзірлеу мен аңды сою істерін істейді. «Лен.жас».

Қазбала/қазмырла Жұрт та қазбалап ештеңе сұрамады. С.Мұратбеков. Мен де қазмырлап ештеме сұрамадым. С.Бегалин.

Қазықтау/қазық қағу Үйлерін қазықтап, арқанмен бастырсын. Н.Баяндин. Үй сыртынан қазық қағып, сиырын арқандады. «Әдебиет және искусство».

Қазымыр/қазба морф. Өсетін елдің қарты қазына болар, Өспейтін елдің қарты қазымыр болар. Мақал. Қартайғанда қатының қазба дейді, Келін менен балаға жазба дейді. Көтеш ақын.

Қазір/кәзір сөйл. Қазір күніне бір кезіп шықпаса отыра алмайды. С.Бегалин. Кәзір жағдай түбірінен өзгерді. А.Сүлейменов.

Қазіргі/кәзіргі сөйл. Ол қазіргі халықаралық жағдай туралы баяндама жасады. Ауызекі тіл. Көбінің көз алдына кәзіргі тұрмыстары елестейді. Б.Тілегенов.

Қазірше/қазірінше морф. Қазірше еш өзгеріс жоқ. Ауызекі тіл. Мен оны қазірінше білмеймін. «Ол күндері».

Қай жақ/қаяқ морф. Қай жаққа барасыз? Ауызекі тіл. Аузым бұлбұл, аяғым дүлдүл еді, Кәрілік шіркін келіп ең қаяғымнан. Қобылан жырау.

Қай жер/қаер Қай жерге қойғанын есіне түсірді. Ауызекі тіл. Мен оны қаерде көргенімді есіме түсіре алмадым. Түсіндірме сөздік.

Қайнақ/қайнаған Қайнақ суды ғана ішу керек. «Балдырған». Қайнаған су әкеп берді. Ауызекі тіл.

Қайран/хайран орф. Ғашық жардай қайран өмір, қиналдырмай қалатын ба ең. Қ.Аманжолов. Бұл – хайран қаларлық ерлік және көркемдік. С.Мұқанов.

Қайсыбір/қайбіреу Қайсыбір уақытта екеуінің қол ұстасып жүргенін

көріп, қариялар әлденеге күрсінеді. Т.Ахтанов. Үйлердің қайбіреуінде жиналмаған дастарқан тұр. С.Шарипов.

Қайсын/қайсының *синт.* Тәуекелге бел байлаған қайсың бар? Ауызекі тіл. Көк жалды Сар Жомарттай қайсының бар, қызығы Мысыр шәрдей естен кетпес. Айтыс.

Қайтарым/қайырым Қайтарым – негізгі өндірістік қорлардың бір теңгесіне шаққандағы өнім мөлшері. «Жаңа атаулар». Қордың қайырымын жақсартуға бағытталған шаралар жүзеге асырыла бастады. «Қазақстанның ауыл шаруашылығы».

Қайткен/қалай еткен/кәйткен *сөйл.* Сирек шыққан күріш атыздарын қайткелі жатырсыздар? С.Алдабергенов. Қайыркеннің кәйткен күнде де бір тойғызары күмәнсіз. Ж.Еділбаев. Қалай еткенде де бір жауабын беруге тиіс. «Қызыл ту».

Қайыршы/тіленші *сөйл.* Ол қайыршыға ақша ұстатты. Ауызекі тіл. Екі тіленшінің біреуі: «Сені жұртқа қайырлы би болар ма екен деп үміт етіп едім», – деді. Қазақ әдебиетінің хрестоматиясы.

Қақи/қақши/қақай Ол бедірейген күйі селт етпей, қақиып әлі тұр. Б.Тілегенов. Комендант та бір орында қақшия қалды. Ө.Қанахин. Қара түнде ол тіс жармай, қара ниеттеніп қақайып тұр. М.Рахимқұлов.

Қақпала/қақпайла Егер біраз қойды қақпалап осында қалдырсақ, жауапкершілігін өз мойнына алар ма едің. С.Шаймерденов. Өріске жеткенше малды қақпайлап отыруға тура келді. С.Мұратбеков.

Қақпа/дарбаза *жерг.* Қораны айнала қоршаған дуал, биік қақпа. С.Мұқанов. Біз дарбазасынан келіп кірдік. М.Әуезов.

Қақпашы/допшы *сөйл.* Қақпашы қақпаны голдан сақтап қалды. «Спорт». Алақанын әзірлеген допшыдай, Алабас шыңдар тұрды әзір. Д.Әбілев.

Қала/шәһәр/кент/шәр *сөйл.* Қала халқы шырт ұйқыда. Ә.Әзисв. Шәһәрдың екі жағы ат шаптырым. Қазақ ертегілері. Ол кенттерден әр түрлі товар алдыратын. Қ.Сәрсекеев. Қызығы Мысыр шәрдей естен кетпес. Айтыс.

Қалаймақан/бей-берекет, абыр-сабыр Сұңғыт осындай қалаймақан дүрбелеңмен келіп, «Шырғанақ» совхозына қонжыған болатын. С.Байжанов. Бей-берекет абыр-сабырда келіп-кеткенін байқамай да қалды. «Қазақстан әйелдері».

Қалет/әлет Осы қалетке жеткізген ұстаздарыма алғыс айтам. «Қазақстан мұғалімі». Әке-шешелерің осы әлетке жеткізген. «Жетісу».

Қалжыңбас/қалжыңқой/қалжыңшыл *морф.* Ол өте қалжыңбас екен. Ауызекі тіл. Ораз – адамға жақындасқыш, сөйлескіш, қалжыңқой жігіт екен. С.Мұқанов. Ол құр ғана қалжыңшыл емес, өзінің өлеңін де ел ортасында ағыл-тегіл айтып жүреді. М.Әуезов.

Қалиян/трубка Темекі тартатын трубканы қалиян деп атайды. «Лен.жас».

Қалы/кәлі *сөйл.* Қалы кілем, қара нар Жарасады қашарға. М.Өтемісов. Кәлі кілемде ауыл адамдары отыр. С.Әлжіков.

Қалып/қап Оқ өкпені тесіп шықпай, ішінде қалыпты. З.Шашкин. Әр

жері сарғыш тартып қапты. Ө.Қанахин.

Қалыппын/қаптым *орфоэп./қаппын орфоэп.* Асықпай істеймін деп жүріп, бәрінен де артта қалыппын. Ауызекі тіл. Кешіріңіз, сізді байқамай қаптым. «Советтік шекара». Оның айтқанын естімей қаппын. Б.Соқпақбаев.

Қанар/дағар Күріш салған қанар қаптарым қандай еді? С.Төлешев. Ұн толған дағар көлденеңінен сұлап жатыр. Б.Соқпақбаев.

Қанаха/алтарь *кітаб.* Қанаха – тақ тұратын орын (алтарь). «Жаңа атаулар».

Қанден/қандек *сөйл./кәнден сөйл.* Қанден ит қартайғанша күшік. Мақал. Пілге үрген қандектей. Т.Жақыпбайұлы. Сабалақ жүнді кәндені бар. С.Жүнісов.

Қапалан/нәумезден Ол серігінің қалдырып кеткеніне қатты қапаланды. Ауызекі тіл. Көш жүрісі неге баяу деп, ол нәумезденді. «Жас алаш».

Қапелімде/кәпелімде *сөйл.* Ол капелімде не айтарын білмей қалды. Ауызекі тіл. Қараторы беті кәпелімде қарақошқылданып кетті. Ә.Нұрпейісов.

Қапер/кәпер *сөйл.* Біздің алыста жүргеніміз оның қаперіне кіріп шығатын емес. Қ.Сатыбалдин. Қорыққанды білмейтін қозылар кәперсіз жатыр. Т.Сағымбаев.

Қапы/қапыл *көне.* Ылдисыз өр болмайды, қапысын таппас ер болмайды. Мақал. Жарлы, бай, жақсы, жаман ала жасап, Еркінше еліктірген қапыл заман. Н.Шыршығұлұлы.

Қапыда/қапылыста/қапияда/қапыста Қапыда қолға түсірді. Ж.Еділбаев. Қараңғы түнде қол бастап, қапияда жол тауып, қапылыста жауды жайратқан. С.Мәуленов. Сөз таппай қапияда сүрінгеннен жақсы екен ахиретте тартқан азап. Н.Шыршығұлұлы. Ұрланып келген бұл жауды, білмей қалды қапыста. Жамбыл.

Қаражат/қаржы Аудан басшылары қаражат жағынан көмек бермек. Ауызекі тіл. Комбинат жоспарын артығымен орындаса, бізде қаржы болады. С.Бақбергенов.

Қараша/ноябрь *кітаб./хауыс көне.* Қараша айында суық түсті. Ауызекі тіл. Уақиға болды хауыста, Алдында өтті ақырап. Қашаған ақын.

Қарғам/қарғашым Қарғам, үйге кіріп атаңа сәлем бер. Ауызекі тіл. Қалған күнім қасында өтсін қарғашым. С.Жиенбаев.

Қария/кәрия Көпті көрген көне қариядай тілін безеп сөйледі. С.Омаров. Бір-бір жез құман ұстаған кәриялар ұзап барады. Ә.Кекілбаев.

Қартай/кәртай/қары *көне.* Ол кісі қартайды. Д.Әбілев. Әлі де кәртайып отырғамыз жоқ. М.Хасенов. Асыл туған батыр ер Тоқсанға жасы жетпей қарымас. Шалкиіз жырау.

Қартан/қартамыс/кәртаң *сөйл./кәртамыш сөйл.* Таяққа сүйенген аппақ қудай қартаң адам кірді. І.Есенберлин. Қартамыстығын танытты. Т.Әлімқұлов. Кәртамыш жеңдет асыға қоймаған жеңдеттің жүзіне тандана қарады. С.Санбаев. Әкең жасы келіп кәртаң тартты. «Қазақстан әйелдері».

Қару-жаракты/жаракты Қару-жаракты болмайынша жауға төтеп беру қиын. «Лен.жас». Мал фермалары жаракты төл қоралармен қамтамасыз етілген. «Социалистік ауыл».

Қарулық/қарымдық *сөйл.* Ерулікке – қарулық. Мақал. Қойдың қондысын сойып, біздерді қарымдыққа шақырасың. Ө.Тарази.

Қаршағыз/снегурочка *кітаб.* Астана меймандары Островскийдің «Қаршағыз» (Снегурочка) ертегісіне жазылған музыканы тыңдады. «Соц.Қаз.».

Қарызгер/қарыздар Қарызгер – біреуден уақытша ақша немесе затты қарызға алушы адам. «Жана атаулар». Алған ақшаны қайтарып бердім, енді қарыздар емеспін. Ауызекі тіл.

Қарымақы/компенсация Оркестр штатын ықшамдап, қарымақы (компенсация) есебінен артистердің жалақысын екі есеге жуық көтеруге тиіс. «Соц.Қаз.».

Қарымта/қарым/қарымжы *жерг.* Қоңыр күз диқанның ала жаздай еткен еңбегінің қарымтасы қайтар шақ. Ш.Есмұрзаев. Қарым қайтаруға Миранстың мүмкіндігі болмады. Ө.Тарази. Шәкен бір аяқ қымыз беріпті, Қарымжысын тағы жіберіпті. Ғ.Мұстафин.

Қасарыс/қасар *сөйл./қайсарыс* *жерг.* Жау қасарыса қарсылық көрсетті. «Білім және еңбек». Жиырмаға жетіп жасанып, Жауға қарсы қасарып, Жеткен жасты көргенде, Кәрі Жамбыл жасарып. Жамбыл. Ананың тілін алмаған, Қайсарысқан қыз жаман. А.Керейұлы.

Қаскөй/қасақы/қасқой *жерг.* Осы тұрған жұрттың қаскөй жауы сенсің. Д.Әбілев. Сүттей ұйып отырған семьяны қасақы тағдырдың бір шикі өкпеге зар ғып қойғанын қайтерсің. «Мәдениет және тұрмыс». Ол – қаруымен де, қаламымен де қасқой жауды жамсатқан жауынгер жазушы. Ж.Тілеков.

Қасқаю/қасқару *көне.* Қасқайып қан майданның өртінде жүр, соғыс өрті алды-артын жатса да орап. Д.Әбілев. Жараға жақсы қасқарар, Ойбайлап жаман бас салар. Үмбетей жырау.

Қасқыр/итқұс/серекқұлақ *көне.* Ауыл иті ала болса да, қасқыр келгенде бірігеді. Мақал. Малды ит-құстан аман сақтады. Ауызекі тіл. Соңынан құйрығы селеңдеген серекқұлақ жетіп келеді. Б.Тоғысбаев.

Қасқырдай/қасқырдайын *поэз.* Төніп қапты төрт жақтан Аш қасқырдай жау анталап. Қ.Аманжолов. Қасқырдайын қас дұшпан төрт аяқтап еңкеңдеп қандаладай қабысқан. Қ.Аманжолов.

Қастан/қас Көрмеген қайыр малынан, қарынбайдай қастанның талайын кеткен жер тартып. Ақберен. Алыстағы дұшпаннан қасындағы қас жаман. Мақал.

Қастерле/кәстерле *сөйл.* Оның есімін қастерлеп, жанындай жақсы көретін. Ө.Тұрманжанов. Барлық халық кәстерлер Сүлейменді, Асыл сөзі жаныңның кілтін ашқан. Жамбыл.

Қастерлі/кәстерлі *сөйл.* Айтып тілім жетпейтін, Қастерлі қалың қасиет Толып жатыр елімде. Жамбыл. Көзіне іліккеннің бар-баршасы кәстерлі көне тарих беттері. «Жамбыл».

Қасыл/ғасыл Ыбырай қарауылдан нәсіл еді, өлең айтсам мұратым қасыл еді. Айтыс. Тәртіпсіз жоқ-бар затты көп оқумен, Ғылымның ғасыл болмас қуат күші. Үш ғасыр жырлайды.

Қасірет/ғасірет *кітаб.* Көкірегін қарс айырған қасіретін жай күрсініп

кана сыртқа шығарғандай. Ғ.Сыланов. Қалайда ғасірет жеп, қалма налып. Т.Ізтілеуов.

Қат/кәт сөйл./кәтшілік сөйл. Керосин қаттығын жоқтатпайтын да шығар. Х.Есенжанов. Бұдан гөрі де кәтірек нәрсеге ақша жұмсаймын. Р.Райымқұлов. Бұл қалада ағаш кәтшілік. А.Байтанаев.

Қате/кәте сөйл. Бір қатесі жоқ. С.Мұқанов. Өткесін зұлмат сан ғасыр Кәтелік болды демек пе? Б.Алдамжаров.

Қатулан/қатай Көзінен ұшқын өрттей лапылдаған, жауына қаһар жігіт қатуланған. С.Машақов. Ханның ісі қатайды, азамат ерден бақ тайды. Махамбет.

Қатыс/қатынас/қатына морф. Көп болды қатыспағалы. «Жұлдыз». Қарыз қатынасты бұзады. Мақал. Осыдан кейін ол жиі қатынап тұратын болды. «Қаз.әдеб».

Қаудырла/кәудірле Қырық жамау кигендері қомыт шекпен, Бұтында қаудырлаған тері кепкен. Ө.Тұрманжанов. Асты қар, беті кәудірлеген мұз. Б.Шаханов.

Қауқар/ахуал Қаусап қартайған адамда не қауқар қалды дейсің. «Қаз.әдеб.». Ожаудың он қасықтық ахуалы бар емес пе? А.Хангелдин.

Қаусаған/кәусеген сөйл. Қаусаған қарттың қауқары Қашыртмас ердің үрейін. Қ.Аманжолов. Кәусеген шалды ілмегенің бе көзіңе? Қ.Сәрсекеев.

Қауыш/қауыс Мауқын бассын, ағайындармен қауышсын. Т.Иманбеков. Мәкең екеуің қайта қауысып, келе жайнап отырғаныңды өз көзіммен көрдім. М.Әуезов.

Қауіп/хауіп морф. Адамды қауіп пен қиындық қиюластырады. Ж.Жұмаханов. Ол хауіп әлі кете қойған жоқ – жау Еділге емініп, еңсеме таман кеп қалды. Ғ.Сыланов.

Қаһар/кәр Көк найзасын көтергеннің бәрі кәр-қаһар төгіп елді дүрліктірген. М.Әлімбаев. Кемпір өз ісімен отырған келініне кәрін төкті. Ә.Сараев.

Қаһарлан/кәрлен Өзгеше қаһарланған тас-түйін кейіпте өз-өзінен сөйлеп кетті. «Жалын». Айналасына кәрленіп, қаһар шашып жүрген. «Бал дәурен».

Қаһарлы/кәрлі Бұл қыстың кәрлі қаһарына мінгені. Д.Досжанов. Қаһарлы, қатал қыстың аязы көзіңе елестейді. Ұ.Бағаев.

Қашаған/кетеген/қашақ морф. Қашаған болса, биен жау, Кетеген болса, түйен жау. Мақал. Осы себеппен қашақ болған елу сиыр қысыр болып отыр. Диал.сөздік.

Қашыртқы/арықша Қашыртқыға әрбір құлақтан су өз алдына ағып барады. Ы.Жақаев. Әр құлақтан арықшалар қазып, егістік жерді суарады. «Қазақстанның ауыл шаруашылығы».

Қиғаш/қиыс/қияс сөйл. Қиғаш жолмен бері қарай ойысып келеді. Т.Ахтанов. Қанталаған көзін қияс бір тастады. М.Әуезов. Дастарқанға ентелемей, қиыс отырған жас адам бейнесі көзіне шалынды. Ұ.Доспанбетов.

Қисыны/қиғы жерг. Өтіріктің өзіне нанба, қисынына нан. Мақал. Дәмге шақырмасақ та, ошақ майлар кешінде бірге болатын қиғы бар еді.

С.Талжанов.

Қиын-қыстау/қиын-қыспақ Қиын-қыстау кездерде Серік болған сөзбенен. О.Шипин. Жиренше нелер қиын-қыспақ жағдайдан құтылып шығады. М.Ғабдуллин.

Қиыр/қиян/қырым Оны қиырдағы бір ауылға жұмысқа жіберді. «Соц.Қаз.». Ананың көзі де, көңілі де қияннан шалады ғой. Дала шұғыласы. Енді құлашты қырымға сермегендей сезінді. М.Тоқжігітов.

Қиянқы/қиянқес/қырыс *жерг.* Қатты күйініп қайтқандай күрең қабақтанып, Тұрсынбай қиянқы да жеткен еді. Ғ.Мүсірепов. Мен қиянқестігім үшін қысылып қалдым. Қ.Әміров. Жұман қырыс жауап берсе де, Байжан өзінің бұған бейілділігін аңғартқысы келді. Ғ.Мұстафин.

Қожалық/фермер Жаңа экономикалық саясатқа сәйкес жеке меншік шаруашылық, демек шаруа қожалықтары дами бастаған еді. «Соц.Қаз.». Фермер – жеке меншікті ауылшаруашылық фермасының иесі. Түсіндірме сөздік.

Қойсаңшы/қойсайшы *синт.* Қойсаңшы, онда нең бар. «Жетісу». Қойсайшы, – деп келіншек күңк етті. М.Иманжанов.

Қоқи/қоқай Қораптың алдыңғы жағына қоқиып Мақсұт орнықты. Н.Ғабдуллин. Ол жарықтықтың да қоқайған бөркі қалыпты. Р.Тоқтаров.

Қоқсық/қоқыс Үйдің ішінде ыбырсып жатқан қоқсықтар. М.Ғабдуллин. Олардың біразы қоқыс төгілген шұқанаққа құлайды. Ж.Молдағалиев.

Қоқырсу/қоқсу Үйдің іші қарақұстың ұясындай қоқырсып кетіпті. Р.Райымқұлов. Тап-тұйнақтай тазала, қоқсымасын қоқысың. І.Жансүгіров.

Қолбасшы/қолбасы *морф./сардар көне.* Қолбасшысынан айрылған әскер қайрат қыла алмады. «Соц.Қаз.». Абылқайыр ханды қолбасы қылып аттанады. С.Сейфуллин. Сарбаздар жасағын құралық та, сардарларын сайлайық. Ж.Тілеков.

Қолғабыс/қолқабыс *орф.* Үлгірмей жатса, қолғабыс тигіз. «Қаз.әдеб». Осы орайда редакциялардың зор қолқабыс тигізгені жөн. «Лен.жас».

Қолғап/қолқап *орф.* Жылы жейде, түйе жүн қолғап, пима шырыштай. І.Жансүгіров. Аяқ киім, баласына қолқап сатып алды. «Жетісу».

Қонағуар/қонақжай/қонақшыл *сөйл.* Күнкедей емес, Ұлжан қонағуар, кең пейіл, мырза. М.Әуезов. Біздің еліміз қонақжай келеді. Ғ.Сыланов. Онымен келіп жеттік барар жерге, Қонақшыл күтіп алды сүйген ел де. Қ.Қуанышбаев.

Қонағуарлық/меймангершілік Қарапайым еңбек адамының қонағуарлығына тәнті болды. «Лен.жас». Ауыл адамдары меймангершілік камына кірісті. Т.Әлімқұлов.

Қондану/қонаю *сөйл./торалу жерг.* Айдардан айналасы азғантай үй, Қонданып он-он бес жыл біткелі күй. И.Байзақов. Қазақ қойының күзде жылдам қонайып, қыста етін берік ұстайтыны – маңызды қасиеті. М.Ермеков. Соғымға сайлап, күтімге қойған жылқысы тез торала бастады. К.Ахметбеков.

Қонды/бақуатты *лекс./қотты сөйл./қомды сөйл.* Ол өзі мұнда

келгендердің ішіндегі ең қоңдысы болатын. Т.Ахтанов. Бақуатты мол дастарқаннан дәмді тамақ ішіп, жүрек жалғау өз алдына. Қ.Жұмаділов. Бұрынғыдай емес, ауылдағылар қотты тұрады. «Арқа еңбеккерлері». Құр ат, комды түйе, атпал қойды сұрыптап, базарға айдады. М.Әуезов.

Қоңырсы/көңірсі Үкпелі темекінің қоңырсыған ащы иісі мұңқ ете қалды. Б.Момышұлы. Ауада сексеуіл шоғына қақталып жатқан еттің тіл үйірерлік көңірсіген иісі бар. «Жалын».

Қоңырсық/қаңырсық сөйл. Қоңырсық иісі танауға келді. «Соц.Қаз». Қаңырсық иісті қораға кірдік. «Қаз.әдеб».

Қора/азбар жерг. Итті асырасаң сырттаннан, Қой бермейді қорадан. Мақал. Мал азығы қысқы азбарға тасылып болған жоқ. «Қызыл ту».

Қорамсақ/қорамса морф. Қорамсақтағы оғын атып уатайын. Ер Тарғын. Қорамсаны қолға алды, Атайын деп оңдалды. Батырлар жыры.

Қорек/көрек сөйл. Бетпақтың көкпек, жусан, шөбі сұйық, Сол шөпті қорек қылған байғұс киік. С.Сейфуллин. Бала болған соң не болса соны көрек қылуға болмайды. С.Мұқанов.

Қоректен/көректен сөйл. Не болса сонымен қоректенуге болмады. «Жұлдыз». Бірақ адам етпен ғана көректенбейді, нан да, балық та қажет. Ә.Сәрсенбаев.

Қорқақта/қорқасақта Ол әлденеден қорқақтап, ұрлана қарап қояды. «Қаз.әдеб». Бұл жинақты шығарудан қорқасақтаудың түкке керегі жоқ. И.Қарағұлов.

Қорқыныш/қорқыныс морф. Ажал тым-ақ қорқыныш, болсаң да солдат бәрібір. Қ.Аманжолов. Қалың қолмен келді деп, Керей қорқыныс етеді. Д.Әлімбаев.

Қорқынышты/үркінішті сөйл. Небір қорқынышты жәйттерді басынан өткерді. «Қазақстан әйелдері». Бұл көрініс кентаулықтар үшін соны, үрейлі, үркінішті жай еді. Ж.Жұмаханов.

Қоршау/шалы жерг. Қоршаудан қалай шыққаныңызды айтыңызшы. М.Ғабдуллин. Үйдің айналасында қамыс шалы тартып, отын, шөп үйіп бықырсытып тастаған екен. Т.Ахтанов.

Қостау/қоштау Әңгімесін бастағанда қостаушы бола ма, жоқ па деп, екі ойлы болып еді. Б.Майлин. – Иә, ашып айту керек шындықты, – деп, қоштай жөнелді Әзіз. С.Бақбергенов.

Қуану/хошал болу жерг. Үлкен кісінің риза болғанын көріп, қуанып қалды. Ауызекі тіл. Аулына келгесін үй-іші хошал болып қалды. «Советтік шекара».

Қуғын-сүргін/үргін-сүргін сөйл. Ол қуғын-сүргіннен, айдаудан қайтып оралғанда осы кенді сағалаған. Т.Әлімқұлов. Ел арасындағы үргін-сүргін әлі басыла қоймаған кез. О.Тәжиева.

Қудала/қуғында Жаяу Мұсаның «Ақсисасы» Шорман өзін қудалап жер аударғанда айтқан кекті өлені. Е.Ысмайылов. Жаулары оны өмір бойы қуғындап, соңына түсумен болды. М.Қаратаев.

Қу тілді/қуақы/қушыкеш морф. Әкесі қу тілді, күлдіргі кісі екен. Ауызекі тіл. Қақпа алдында тұрған қаба сақалды қуақы шал Кеңесті

тоқтатты. М.Иманжанов. Өнер тойы болғандықтан, ақындарды, жезтаңдай әншілерді, кушыкеш күлдіргіштерді шақырған. «Жұлдыз».

Құбақан/құба/құбақай/құбаң *морф./құбақ жерг.* Сұлу мүсінді құбақан құлын еді. «Жалын». Арық, құба жігіт қағаздарын көрсетті. С.Сейфуллин. Құбақай жүзінде көңілді нұр ойнап, кескініне көз салды. Н.Ғабдуллин. Дөңгелек құбаң жүзінде сабырлы, қатал пішін бар. Ж.Молдағалиев. Құлазып жатқан құбақ дала танымастай өзгерді. «Қаз.әдеб».

Құбақандау/құбалану Құбақандап бозара көтерілді көкжиек. С.Сейфуллин. Бұталар күндіз құбаланып, айлы түнде қоңырланып тұратын. С.Мұқанов.

Құбылыс/құбылым *морф.* Бұл ел өміріндегі прогрестік құбылыстың бірі. «Жұлдыз». Оның мінез, құбылымынан қажырлы азаматты танимыз. «Лен.жас».

Құдағи/құдағай *жерг.* Күләш бәйбішенің құдағиы келді. Б.Майлин. Оның үстіне бұл кезде оны құдағай тұтып, Мөңке ірі балық әкелген күні асқа шақыра қояды. Ә.Нұрпейісов.

Құдай/құдая/құда Құдайдан қорық, адамнан қорықпасаң да. «Қаз.әдеб». Құдая, елді сақта сотталғаннан, теңселіп екі қолын бос салғаннан. М.Әуезов. Құданың құдіреті-ай десейші. Ауызекі тіл.

Құдірет/құдырет *орф.* Сақта, құдірет, жетімдердің анасын! Ж.Саин. Адамның құдыреттілігі еңбегінің жасампаздығы мен өнерпаздығында. Ә.Қанахин.

Құжат/документ *кітаб.* Құжат – белгілі бір фактіні немесе құқықты растайтын іс қағазы (документ). «Жаңа атаулар».

Құжыра/кафедра Жақында астанамыздағы шет тілдері институтында қазақ тілі құжырасы (кафедрасы) жұмыс істей бастады. «Алматы ақшамы».

Құқай/қоқай *сөйл.* Мен сені жұртқа құқай етіп көрсетпекпін бе? «Қаз.әдеб». Мұндай қоқайды көрмеген кісі. «Жұлдыз».

Құлпы/құлып *сөйл.* Құлпы сатып алып, есікке орнатты. «Қаз.әдеб». Клубтың есігінде ұдайы қара құлып тұрады. «Спорт».

Құлпылан/құлыптан *сөйл.* Есігі құлпыланған емес. «Соц.Қаз». Құлыптанған қара қабақ үйге кіре алмады. С.Бегалин.

Құмай тазы/құбарлан *көне.* Қаршығасы қолында, құмай тазы соңында, көрсе киік, заулайды. Қобыланды. Құбарлан ертіп, құс салған, Лашын, сұңқар ұстаған. Қашаған ақын.

Құман/құмған Бұзаубақтың пұшық құманынан беттерін жуысып жатыр. С.Сейфуллин. Үйге құман ұстап, 11–12-лер шамасындағы ұл бала кірді. «Жалын».

Құмдақ/құмдауыт/құмайт/құмдақты *морф./құмақ морф.* Түбі құмдақ, лайы жоқ, суы көз жасындай мөлдір екен. Т.Оразов. Құмдауыт жер екен. «Жетісу». Құмайт, шаңдақ жерін аңсап әңгіме ете алмады. Ә.Нұрпейісов. Құмдақты жерде кобальт аз кездеседі. «Соц.Қаз». Құмақ жерде егін шығымды болып көрген емес. «Социалистік ауыл».

Құнтты/құнақты *морф.* Ол кісіде шаруа ұрпағының сабырлы мінезі, құнтты іскерлігі бар. Т.Ахтанов. Анығында да Төлеген құнақты жігіт еді.

Ж.Аймауытов.

Құралпы/қарайлас/құралыптас морф./қаржас жерг. Сіз менің әкем құралпы адамсыз. «Қазақстан мұғалімі». Оның жасы сіз қарайлас. «Спорт». Ел басқаруға Қарекен құралыптас адам лайық. Ж.Молдағалиев. Ол – менімен қаржас адам. Диал.сөздік.

Құрлы/құрлым Сынаспақ болған дұшпанды, Шыбын құрлы көрмеген. Жамбыл. Бойдақ күніндегідей жанып-күймегенмен, бір еркек құрлым сыйлайтын секілді. О.Сәрсембаев.

Құрбандық/құрмалдық жерг. Діни мейрамға арнап құрбандық шалады. «Қаз.әдеб». Өзіңе ұнаған күні құдайға құрмалдық шалар едім. Ө.Қанахин.

Құрмет/үрмет жерг. Халық өнерпазына құрмет көрсетіп ұзақ қол соқты. С.Бақбергенов. Жасыңыз үлкен ағасыз, адамгершілік үрметінен тайсаңыз не болғаныңыз. Ә.Әзиев.

Құрсау/қырсау Ашу денесін құрсау салғандай кернеп кетті. «Жұлдыз». Біреу шекесін қырсаумен қысып тұрғандай. Қ.Жұмаділов.

Құрсын/құрысын орф. Ондай қатын алғанның күні құрсын. Үш ғасыр жырлайды. Бүйткен дүниесі құрысын. «Жұлдыз».

Құрттай/құртақандай/құйттай/құйтақандай/қиттай/құйтанақтай/құйтықандай/құйтымдай/құртамыштай сөйл./китімдей сөйл. Құрттай нәрсені алып жүруге де ерінемісің? «Қаз.әдеб». Құртақандай білегінің бар күшін салып көріп еді, болмады. Н.Сералиев. Құйттайдан кілт ете қалатын кінәшіл мінезін білетін. Ә.Нұрпейісов. Сендей секілділердің құйтақандай да білімі болмаған. «Лен.жас». Қиттай кезден әр бала өзінің табиғатына тартады. Т.Ахтанов. Құйтанақтай жұдырығын түйіп үнсіз жатыр. «Лен.жас». Құйтықандай тұмсығымен тасып-ақ үй салады. Ө.Қанахин. Құйтымдай ғана қыз екен. С.Жүнісов. Кеше ғана құртамыштай бала еді. Диал.сөздік. Китімдей детальдардан бастап саямағы бірнеше тонна белдіктемірді жонып жатқан неше түрлі станоктарды аралап келеміз. Т.Ахтанов.

Құрынған/құрып біткен Бәлеге қашқан ұрынған, Малынан пайда көрмеген, Қанағатсыз Қабанбай, Барын жоқ деп құрынған. Қашаған ақын. Жиған-тергені жұмсалып, құрып біткен. Ауызекі тіл.

Құсхана/құс фермасы Қала маңындағы бірнеше елді мекенде құсханалары (құс фермасы) жұмыс істей бастады. «Алматы ақшамы».

Құтты (болсын)/мүбәрәк кітаб./мерек көне. Мереке құтты болсын. С.Балзитов. Халима Илаһи әмин сізге де, бізгеде мүбәрәк болсын. Ш.Хұсайынов. Айт мерек болсын қарындас! – деді Мәмбет. Өзіңдікі бірге болсын! І.Жансүгіров.

Құшыкеш/күшікеш Жолдас-жорасына сыйлы құшыкеш жігіт. «Жетісу». Ол жайдары, күшікеш жігіт. З.Шашкин.

Құян/радикулит/шырымтал жерг. Құян ауруына мың да бір ем. «Соң.Қаз». Радикулит ауруына шалдыққандар емделіп жүр. «Жетісу». Әкемнің шырымталы бар, ауыр жұмысқа жарамайды. Н.Серәлиев.

Қыбыла/құбыла сөйл. Намазды қыбылаға қарап оқиды. Ауызекі тіл. Қол кеудеде, бет құбылада, Тіл – ағузы бісмеллада. Ә.Тәжібаев.

Қыдында/кідінде Ол қыдындап біздің мазамызды кетірді. Ауызекі тіл. Ол қағаз жазып бер деп, кідіндеп қоймады. К.Тоқаев.

Қыдыр/қыдырыста *морф.* Әлгі тегін ет жегендер ауыл қыдырып, бос жүрді. Б.Майлин. Мұның қыдырыстап жүруі қалай десті. Ш.Мұртазаев.

Қыдырымпаз/далабез/қыдырмашы *морф.* Өзің үй көрмейтін қыдырымпаз болып алыпсың. Ауызекі тіл. Ол – өз үйінде тиянақтап байыз тауып отыра алмайтын далабез адам. «Қазақ әңгімелері». Ол қыдырмашы кісіні ұнатпайды. Диал.сөздік.

Қызарақта/қызаранда/тызарақта *жерг.* Әшім қызарақтап қалды. Н.Оразалин. Бекбосын қызарандап қысылып қалды. Б.Майлин. Жолдасының тызарақтағаны ойында қалып қойыпты. Т.Әлімқұлов.

Қызғаншақтық/ғабанжанлық *жерг.* Ақжүністің ақылдылығы қызғаншақтық пен тиянақсыздыққа айналды. М.Қаратаев. Қыздардың қасына жоласаң, ғабанжанлық жасаймын. С.Мәуленов.

Қызу/қызғын/қызғынды *морф./қызулы жерг.* Іске қызу кірістік. «Лен.жас». Бұлар көрген жайлар өзгеше қызғын, оқшау хал болды. М.Әуезов. Қызғынды, қызулы ерді қызықтырды. Айтыс. Көктемгі егіс жұмысына ауыл еңбеккерлері қызулы даярлық үстінде. «Қазақстанның ауыл шаруашылығы».

Қызыр/қыдыр *сөйл./қызырман сөйл.* Атасы қызыр шалған Малдыбайдан, пірім мәдет тіледім Әжібайдан. Жамбыл. Қырмандап қыдыр диқанды. Диқаншы қызыл көшеді. І.Жансүгіров. Мен бір жүрген қызырман шал. Б.Қыдырбекұлы.

Қызылша/ләблеме *жерг.* 90 гектар жерге қызылша егілді. «Жетісу». Ләблеменің үлкені екі килодан да артық болады. Диал.сөздік.

Қылдай/қылдырықтай/қындай *сөйл.* Белі қылдай екен. Ауызекі тіл. Әлпештің қылдырықтай белі үзіліп кетердей – майысады. Н.Сералиев. Белі қындай, тұла бойы сымдай майысқан бір сұлу қыз. Ж.Жұмақанов.

Қылжақ/қылжан/қылжың Балаларын шектен тыс еркелетіп қияңқы, қылжақ етіп өсіреді. С.Көбеев. Қылжаң адамша мазасын ала берді. «Қаз.әдеб». Қыз қарадық қылжың әзіл сөйледік. Абай.

Қылжақта/қалжақта Елдің боз балалары ертеңді-кеш қылжақтап сол ауылдан шықпайды. Б.Майлин. Көңілденіп қалжақтап отырып, хаттың сөздерін түгел оқыған. М.Әуезов.

Қалжыңбас/қалжыңқой Отырғандардың езуін жидырмайтын қалжыңбас жігіт. Ауызекі тіл. Оның қалжыңқой мінезі Базаралыны бұрынғыдан да ұйытты. М.Әуезов.

Қылмында/қылманда/қымында *сөйл.* Несіне қылмындай қалдың. «Соң.Қаз». Сылаңдап келіншектер жүр қылмандап. Н.Ахметбеков. Кешегі Бибігүлдің қымындауы еске түсті. «Қаз.әдеб».

Қылп/қып/кіп *сөйл.* Аяқ астынан қылп ете қалды. «Жұлдыз». Мұны естіп іші қып ете қаларын кім білген. «Қаз.әдеб». Менің ішім кіп ете түсері белгілі. М.Сқақбаев.

Қылпылда/қылпы Жүзі қылпылдаған, қандай тасты да қашап түсетін бұрғы керек. Ғ.Сыланов. Жүзі жылтырап, ұстарадай қылпып тұр. Д.Досжанов.

Қылу/қылғу көне. Жақсылыққа жақсылық қылу керек. Ауызекі тіл. Қайрылып қайыр қылғуға Қылғаның жоқ ұнаған. Жиёмбет.

Қылып/қып/ғып орфоэп. Ел-жұртқа есен қайтсаң тілектестер, той қылып алдымыздан бізді тосар. С.Сейфуллин. Не қып жүрген адам? С.Бақбергенов. Жалтаң көз ғып барады. М.Әуезов.

Қымсын/қың сөйл. Қымсынып ұяла қалатын мінезін байқамады. Ә.Нұрпейісов. Оған қыңар, арланар бұлар емес. Ө.Қанахин.

Қыңыр/қыжыр/қиқар/қияс/қитар Қандай қыжыр, қыңыр деген адам да Қайырбековтың қасынан жайраңдап ажырасады. Ә.Нұршайықов. Ата-анасы әуектетіп, жасынан қиқар болып өскен бала еді. «Қазақстан әйелдері». Оның қиястығына ел көнбейді, онан да жөнге келсін. «Әдебиет және искусство». Қияңқы, қитар офицер, Талайды отқа тастады. Ғ.Орманов.

Қыпылықта/қыпықта/қыпылда/қыпында Ол қыпылықтап, батып сөйлей алмады. Ауызекі тіл. Әлденені күткендей ол қыпықтап тұр. С.Бақбергенов. Мен не болғанын білмей, ішімнен қыпылдап отырмын. М.Сатыбалдиев. Көрген зәбірін айта ма деп, Тайман қыпындап тұрды. Ә.Әбішев.

Қыранот/қырыққұлақ Қыранот – папоротниктердің бір түрі. Т.Мұсақұлов. Орман ағаштарын кессек, қырыққұлақ тез қурап кетеді. Ж.Жатқанбаев.

Қырбық/кірбік Қырбық қар жауған екен. «Жалын». Жонынан сипап еді – Арланекеннің бар қаһары көктемгі кірбік қардай еріп кетті. С.Оспанов.

Қырғи (қабак)/қырын/қырбай жерг. Бертін келе қырғи қабак араздық пайда болды. З.Шашкин. Лермонтов патша әулетіне қырын қабак екендігін ашық білдірді. Ғ.Мүсірепов. Қаратаймен қырбай болғандықтан, Құнанбай Көкшенің жайлауына ортақ болғысы келгендей. М.Әуезов.

Қырқу/бақарту жерг. Бидайдың масағын дәл түбінен ақырын ғана қырқып алды. С.Шаймерденов. Ауылдың маңайы – басын қоян мүжіп бақартып тастаған сирек шырпы. Б.Майлин.

Қырқыл/қыршыл Оның киімінің етек-жеңі қырқылған. «Жұлдыз». Үстіндегі шекпенінің жағасы мен жеңдері қыршылған. І.Есенберлин.

Қырқым/қырықтық сөйл. Мамыр қырқым кезі, қой қырқатын науқан айы. «Еңбек туы». Қырықтыққа ауыл жастары белсене қатысты. «Жетісу».

Қырсық/қырсау жерг. Міне сол қырсық мінезді шалға ісі түскелі тұр. Қ.Қазыбаев. Қырсау Қалмұрат атанған запастағы старшина бөгеліп қалды. О.Сәрсенбаев.

Қыршаңқы/қыршау көне. Оның қарамағындағы бес жұмыс атының қыршаңқы болғаны рас. С.Адамбеков. Жүйрік екен баршасы, Жоқ екен қыршау, шабаны-ай. А.Керейұлы.

Қыршын/қызталақ/зэнталақ Жүгермек, зэнталақ, қыршын, қызталақ, бәтшағар деген сөздер ұл балаға қарата айтылатын зілсіз балағаттағансу, еркелете кінәлау. «Мәдениет және тұрмыс».

Қырым/қырып алар Біржолата қырым еті жоқ қара қатпа болыпты да қалыпты. Б.Момышұлы. Қырып алар еті жоқ болғасын, оны қайтсін. «Қаз.әдеб».

Қырымпаз/қырымпоз Шешесі қырымпаз боп қылаңдаса, баласы бір маймөңке бұзық туар. Айтыс. Жандарбек те домбырашы, өлеңші, қырымпоз дегендей сері жігіт екен. С.Мұқанов.

Қыс/қыт Техник жігіт папиросын саусағының арасына қысқан күйінде тұр. Т.Ахтанов. Меңіреу дала белін қыл арқанмен қыта буған қарттың тынысын тарылта түскендей. С.Хайдаров.

Қысқаш/қышқаш Ыбырайдың бір қолында ұзын қысқаш. С.Сейфуллин. Қышқаш ұстаған қолының екі саусағы бір-бір буыннан шолақ. Ғ.Мұстафин.

Қыста/қыса/қыша/қышта Бізге балаңның тұрағын көрсет деп қыстайды. Н.Көшекбаев. Бірақ қорыққандығын білдіріп, атты қысаған жоқ. С.Мұратбеков. Атты көп қышамай жайырақ айда. І.Жансүгіров. Қыштап Дәмешке ән салдырдық. И.Жақанов.

Қысталаң/қысалаң Қысталаң шақта қырсықтың да дайын тұратыны бар емес пе. С.Сарғасқаев. Қыс тегі қысалаң бір тар кезең ғой. Қ.Бекхожин.

Қыстау/қыстақ/қыстама *жерг.* Әлтидің қыстауына біз ымырттатып жеттік. С.Мұқанов. Таяу жердегі қыстақты аралап жүріп, ол Төлеубекпен кездесті. К.Оразалин. Совхоздың бесінші фермасы қыстамаға осы бастан-ақ әзірлік жасауда. «Жаңа өмір».

Қыстыгүні/қыстыңкүні *орф.* Қыстыгүні тоңармыз, жер үй салып алалық. Ы.Алтынсарин. Қыстыңкүні бару қиын болар. «Жалын».

Қысылтаян/қысылшан/қысылтаң *сөйл./қысылаң сөйл.* Қысылтаян жағдайда сіздің халқыңызды жақсы көрдім. Б.Момышұлы. Қысылшан жерде жалғыз қалдырып, кете беру керек екен ғой. М.Иманжанов. Осындай қысылтаң кезде уақытты босқа өлтіруге бола ма? Ә.Нұрмаханова. Амал не, әкем оны сол бір қысылтаң жылы сатып жіберді. С.Сарғасқаев. Қысылаң дәурен күтіп тұр. Б.Майлин.

Қысым/қыспақ Олар ешкімге қысым жасамайды. Ауызекі тіл. Бағлан мына қыспақтан құтылғанына қуанғандай тұра жөнелді. Ә.Әбішев.

Қытырлат/кітірлет Қатқан нанды қытырлатып жей бастады. «Қаз.әдеб». Тәжен кепкен құртты кітірлете шайнады. З.Шашкин.

Қышқылтым/қышқылт Ашымалдың қышқылтым дәмі аузыма келіп, жұтынып қоямын. С.Сарғасқаев. Мұрнына қышқылт жұпар иіс келіп, көкіректі қытықтайды. Т.Әлімқұлов.

Қышқыр/қиқыр *сөйл.* Орныңнан тұра шабасың, атшабар келсе қышқырып. Абай. Алатаудай атаға ұл қиқырса керек-ті. «Қаз.әдеб».

Л

Лағыл/лағлы Қолөнершілер ақық, лағыл сияқты тастарды кеңінен пайдаланған. С.Қасиманов. Лағлы дүр, меруерттен шашу шашып, әркімнің ынғам етті әліне шақ. Т.Ізтілеуов.

Лағынет/лағнет *орф./нәлет/ләнет сөйл.* Соғыс атаулыға лағынет айтындар. Д.Досжанов. Сармоллаға лағнет айтысты. М.Әуезов. Мына нәлеттің кейпі жаман-ау. «Жалын». Қанша семья ләнет айтпады.

Т.Бигелдинов.

Лаж/ғылаж *кітаб*. Бір-бірімізге септесіп күн көрмесек, басқа лаж да қалмады. А.Линебаев. Бармасқа ғылаж болмады. Батырлар жыры.

Лазы/бұрыш/келімдәрі *жерг*. Шығыс халықтары тамаққа лазыны көп қосады. «Жетісу». Кейбір аудандарда қызыл бұрышты келімдәрі дейді. «Соц.Қаз.».

Лай/ылат *морф*. Тас көмір топырағы араласқан су лезде үсті-басымды қап-қара лайға шылады. С.Сейфуллин. Кейде қайғы, кейде шат, кейде тұнық, кейде ылат. І.Жансүгіров.

Лайықтап/лайқаттап *көне*. Жар-жар, бәдік жырлары – бірнеше адамның қосылып айтуына лайықталып шығарылған өнер. Е.Ысмайылов. Лайқаттап салған соң, Айласыз жүдеп көнемін. А.Оңғарбекұлы.

Лайым/лазым/ләзім/ләйім *сөйл./лағазым жерг*. Лайым солай болсын, – деді. С.Шаймерденов. Әйел еркектің жаны қиналғанда анасы, жадырағанда қарындасы да болуы лазым. М.Сүндетов. Бұл тілегін ләзім көрері кәміл. А.Байтанаев. Оның жүрген жолы – ләйім ақиқат жолы. І.Есенберлин. Өлім жазасын Сүйіншік сұлтанға айтқызған лағазым. Т.Есенберлин.

Лақат/ақым *көне*. Қабірдің түбіндегі бір жағынан ұзынша, кеулеп қазылған қуысты бір жерде лақат десе, екінші бір жерде ақым дейді. «Қаз.әдеб».

Лаулау/заулау *сөйл*. Жүректегі жалыным, Бүгін лаула, лапылда. І.Жансүгіров. Заулаған от айнала алды қамап. И.Байзақов.

Лауреат/мерейгер Аса жоғары баға алған еңбегі үшін ол Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты (мерейгері) атағына ие болды. «Қаз.әдеб.».

Лебіз/лепес Жас жүректен риясыз шыққан шипалы лебізді естіді. Ғ.Мүсірепов. Жақсы лепес – жарым ырыс. Мақал.

Лезде/әйдем *жерг./әйдемде сөйл*. Лезде жел тұрып, аспанды бұлт торлады. С.Омаров. Әйдемнің арасында жеті-сегіз жыл өтіп те кетті. Қ.Тоғызақов. Дүние деген әйдемде екен ғой өзі жиналмақ. Ғ.Қайырбеков.

Лоқылда/лөкілде Астындағы сары аты лоқылдай желеді. Т.Әлімқұлов. Бұлар бірде лөкілдеп кеп зымыраса, бірде күшейіп тырмысады. Б.Нұржекеев.

Лөк/үлек *сөйл*. Аруана туылар лөктен, Ағиық туылар түлектен, Тұлпар туылар жүйріктен. К.Әзірбаев. Қос үлектен туған кәтепті, Қара нар керек біздің бұл іске. Махамбет.

Лүпілдеу/лүпу Әсеттің жүрегі ақырын лүпілдеді. Н.Оразалин. Мәликенің жүрегі қазір де лүпіп соғып, әлдеқайда алып ұшқандай. Д.Әбілев.

Лыпа/ылпа *сөйл*. Көне шекпен етке лыпа бола ма? М.Әуезов. Үстімдегі бар ылпам осы-ақ. Ғ.Мүсірепов.

Лыпы/ылпы *сөйл*. Тор қасқа лыпылдаған желісінен танбады. «Жалын». Қамыс құлақты жирен бесті жорға бүлкілінен тынбай ылпиды. Қ.Қазиев.

М

Ма/ме/ба/бе Кіруге бола ма? Б.Соқпақбаев. Жансыз, ақылсыз құр пішінді жасайтұғын суретші ме? Абай. Аю ма, әлде адам ба, көргенше көңіл

ділгірді. Ү.Кәрібаев. Үй-іші, келін-бала есен бе? «Қаз.әдеб».

Мағына/мағана *сөйл.* Оның бұл ертегіні айта беруінде мағына бар. А.Машанов. «Достық» дегеннің мағанасы кең сөз. А.Байтанаев.

Мағынасыз/бимағына *кітаб.* Оның өлеңінде мағынасыз, керексіз сөздер болмайды. М.Мұқанов. Дос болма майда тілді күлгенменен, Бимағына сырты жылтырап жүргенменен. Шал ақын.

Мазасыз/мазаң Айдынға сүңгіп Ақан шақырғандай, Жанында мазасыз үн дүбірлеген. Қ.Бекхожин. Бала жылауық, мазаң болып кетті. «Жалын».

Майдай/майдамай *поэз.* Көңілі ашық, ойы дария қарияның мазмұнды сөзі жігіттердің жанына майдай жағып барады. Т.Қаупынбаев. Жақсының сөзі майдамай, жаманның сөзі найзадай. Қ.Күржімұлы.

Майдангер/майданшы Қан майданнан майдангер аман-есен оралды. «Жұлдыз». Тайпақтан сонау тапты іздеп майданшы солдат анасын. Ж.Молдағалиев.

Маймыл/бешін *көне.* Тұтайды түнде тоғайда шырақ, Жосиды маймыл бұтақта шулап. Ғ.Орманов. Мазарын, ою-өрнегін бешін жылы жетінші айдың жетісінде аяқтадық. «Ертедегі әдебиет нұсқалары».

Майрампаз/иллюзионист Ол жеңінен құс ұшырататын майрампаз (иллюзионист) болады. Д.Досжанов.

Майыс/майрыл Қанша күштегенімен майыстыра алмады. «Лен.жас». Шын болат майрылмайтын асыл екен. Ө.Тұрманжанов.

Мақлұқ/мақұлық *орф./мақлұқат кітаб.* Тілсіз мақлұқ жануар, бірге келген жолдасым, қасыма менің келмейсің. Қыз Жібек. Мақұлық қыбырлаған бәрі де мәз. Айтыс. Жалғыз көз маңдайында мақлұқаттың. Айтыс.

Мақсат/мақсұт *сөйл.* Ендігі мақсат – соны пайдалана білуді үйрету. «Жалын». Ғашық боп Ләйлі менен Мәжнүн өткен. Таппаған мақсұт-мұрат осылар да. Ақан сері.

Мақұл/намақұл *көне.* Не десе де мақұл деп, ауызына қарайық. Қамбар батыр. Намақұл сөздің мысалы, аң көрмей ұшқан далаға. Үш ғасыр жырлайды.

Малжанда/балжаңда Тісі өтпей малжандап ұзақ шайнады. «Қаз. әдеб». Тек қана азу тіс пен таңдайдың шайнаған, балжаңдаған, тамсанған дыбысы ғана естіледі. М.Қаратаев.

Малсақ/малқор/малқұмар/малжанды Жасынан малсақ бала қара қасқа құнанның қамын ойлады. «Жалын». Қазір өзі аса малқор, жер қорығыш болатын. М.Әуезов. Малқұмар қазақ жер шолып алады. Ғ.Мұстафин. Бала көзінен төлші боп малжанды болып өсті. «Соц.Қаз».

Мамыра/мажыра/мәжіре (жай) *сөйл.* Май айының мамыра жай түнінде бұлар біраз серуендеді. Ә.Әлішев. Осындай мажыра жай сұхбатты сағынып келіп ем. Қ.Найманбаев. Олардың өлеңдері ойына ұнап, отырды мәжіре жай аунап-қунап. Рүстем Дастан.

Мана/бана/бағана Жеті ауыл мана наразылық айтып ек. М.Әуезов. Банадан тұтқын күндер таң-тамаша. С.Сейфуллин. Бағана күн бата сіркіреген жаңбыр әлі ашылмады. З.Қабдолов.

Манағы/банағы/бағанағы Манағы кездескен жігіт сен емессің бе?

«Қаз.әдеб». Ыбырайдың үйінде банағы жігіт тұратын. Ауызекі тіл. Бағанағы күткен кісілері осы үлкендер болды. М.Әуезов.

Манадан/банадан/бағанадан Өне бойым манадан ауыр тартып, көзім карауыта берді. «Қаз.әдеб». Банадан бері күтіп отыр. Б.Соқпақбаев. Бағанадан ауыз үйде отырған. Ғ.Мұстафин.

Мандам/шұбыртпа *жерг.* Мандам – зәрі тұтылып барып, денеге ойдым-ойдым жара түсіретін жылқы ауруы. Х.Арғынбаев. Мандамды кейде шұбыртпа деп те атайды. Х.Арғынбаев.

Мансапқор/мансапқұмар/мәнсапкер/мансапшыл/мансапшы *сөйл.* Мансапқор, өркөкірек дегендер осыдан шығады ғой. Т.Ахтанов. Абайдың мансапқұмар болмағаны мәлім. «Қаз.әдеб». Тақ иесінің кәдесі бойынша мансапкерлеріне сыйлық берді. Мың бір түн. Мансапшыл, ұлық сыйлау бар ниеті. І.Жансүгіров. Мен мансапшы да емеспін. Ә.Әбішев.

Маңыздан/маңызсы Ол саспай маңыздана басып ортаға келді. С.Ерубаев. Нағашы жүрейік дегенде, мен маңызси қалдым. С.Мұқанов.

Маңырауық/маңырақ *морф.* Сүтсіз қой маңырауық. Мақал. Қозы маңырақ, қой маңырақ, Арасы толған көп қалмақ. Қалмақты қуып қашырдың, қара Ертістен өткізіп. Үмбетей жырау.

Мардымды/маңдымды Аузынан әлі мардымды ештеме шықпаса да, іштегі қуанышын сездіріп тұр. Ғ.Мұстафин. Қойдан маңдымды жүн алынбады. М.Ермеков.

Мархабат/мархамат *кітаб.* Сондай бір мархабатты мақаммен айтты. Т.Әлімқұлов. Жоқ еткен өзін-өзі бейшараны қарғамай, мархаматты есіңізге ал. Үш ғасыр жырлайды.

Масахана/пешехана *жерг.* Жұрт дәліздегі селдір масаханаға кіріп дамылдайды. Ә.Сараев. Пешехана – масадан, шыбыннан қорғайтын дәкеден тігілген жан-жағы бітсу шымылдық. Диал.сөздік.

Масқара/асқара *индив.* Мұның бәрі шын той емес, бедел сақтаудың, елге асқара, жұртқа масқара болмаудың шымылдығы ғана тәрізді. Ж.Жұмаханов.

Масқарашыл/масқарапаз/масқарампаз/клоун *кітаб.* Қуақы тілді масқарашыл жаннан сескенетін әдеті еді. «Соц.Қаз». Ол патшаның күлдіргі масқарапазы еді. Мың бір түн. Цирктегі масқарампаздардың (клоунның) өнері көрерменді өзіне үйіріп әкетеді. «Лен.жас».

Мастан/масық Бізге табысқа мастану, тоқмейілсу мүлде жат нәрсе. С.Сейітов. Әбден асып-тасқан, мансапқа масыққан Баймағамбет сұлтан әйелін жамандатты. Қ.Сатыбалдин.

Маусым/саратан *көне.* Жыл мезгілінің маусым айында тоқтаусыз жүре алады. С.Әбдірайымов. Ұмытпасам, мезгіл саратан айы болатын. Қ.Әшікеев.

Мауыты/мәуіті Асыл мауыты шапанды жаурынына жапты. Д.Досжанов. Құрметтеп мәуіті шапан кигізді. «Лен.жас».

Махаббат/мұхаббат *кітаб.* Шын махаббатпен сүйген ғашығына қосыла алмай, көкірегі қарс айрылды. С.Сейфуллин. Мұхаббатын мың жыл жазып ете алман түгел тамам. Партия туралы өлеңдер.

Махалла/квартал *кітаб.* Осы қазір жайғасып отырған махалла

(квартал) тұтасымен біздің еншімізге тимек. «Қазақстан коммунисті».

Машақат/мұшақ жерг. Жолшыбай көрген машақатын, жүрген жол мәнісін түгел баяндады. С.Мұқанов. Қиыс жолға түсіп адасып, көп мұшақ көреді. Қазақ ертегілері.

Машақаттан/мехнаттан Машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боларсың. Ы.Алтынсарин. Мехнаттана жүре жүкті арнаулы жеріне жеткізіп жатады. Т.Нұртазин.

Мәз-мәйрам/мәз-мейрам сөйл. Олар мәз-мәйрам боп қуанысты. «Жалын». Малшылар мәз-мейрам болып қалды. Ә.Шәріпов.

Мәжнүн/мәнжу морф. Қызылды жасыл көкала, Ұшқан сорлы көбелек. Гүлдерге ғашық диуана, Мәжнүн байғұс ебелек. С.Сейфуллин. Ақылынан ауысқан мәнжу немеше, онысы несі. «Лен.жас».

Мәймөңкеле/маймөңкеле сөйл. Өмірі жұмбақтай, мәймөңкелеп сөйлеп көрмеген Әзіретәлі турасына көшті. Ә.Дүйсенбеков. Маймөңкелеуді тыңдамайтын әдетім бар, айтарыңызды ашып айтыңыз. Ә.Әбішев.

Мәйпезде/майпазда Мәйпездеп, маңғаздана сөйледі. «Лен.жас». Аяжанды бұл сапарға құнттап, майпаздап шығарып салғаны көрініп тұр. Б.Соқпақбаев.

Мәйіт/мейіт сөйл. Мәйіттің жүзін молдадан басқасы көрмейтін. К.Оразалин. Мейітін көтерді де шықты жолға. С.Мұқанов.

Мәйітхана/өлікхана сөйл./**морг кітаб.** Мұнан соң жедел жәрдем машинасымен өлікті мәйітханаға (моргке) апарып тастағанынан бейхабар еді. «Білім және еңбек». Кемпірдің денесін өлікханаға апарып қойып, енді емдеуші дәрігерлер жақындарын іздеп жатыр. «Қазақстан әйелдері».

Мәлім/мағлұм/мәшһүр көне. Осы жайларды мәлім қылып, сізден сұраймыз. І.Жансүгіров. Ханзада ханға мағлұм қылды. Ер Тарғын. Ұрыста ұшырасып байлап алды, Рүстем болған соң ер елге мәшһүр. Т.Ізтілеуов.

Мәлімдеме/мағлұмдама сөйл. Отырған жұртқа тығыз мәлімдеме жасайды. С.Төлешов. Батырбек жасақшылар кеңесінің мағлұмдамасын оқиды. Х.Есенжанов.

Мәнпәси/кәмпит/конфет кітаб. Балымның ұсынған мәнпәсиін де бұртиып әрең алды. М.Сүндетов. Кәмпит пен өрік-мейізді оралған қалпымен қалтама салып алдым. С.Омаров. Темекі тартқысы келген кезде, оның орнына конфет сорған пайдалы. М.Қайрақбаев.

Мәлімет/мағлұмат сөйл. Алдағы жұмыс жоспары жайлы мәлімет берді. «Лен.жас». Прохор құпия түрде мағлұмат алыпты. М.Қаратаев.

Мәңгір/бәңгір сөйл. Ұйқылы-ояу, селсоқ болып, мәңгіріп жүреді. С.Сүбханбердин. Қой шыр көбелек айналып бәңгіреді де, өліп тынады. Ғ.Сыланов.

Мәрте/рет Ақырғы мәрте салауат жасап, тағзым етті. Д.Досжанов. Жеті рет жауынгерлік тапсырманы орындап қайтты. С.Бақбергенов.

Мәс/мәш Етік тігуге мәс екен. «Жетісу». Көздеп атқан шымшықты мергендікке мәш екен. Манас.

Мәселен/мәселенки Мәселен, ағаш әм егін саймандары секілді. С.Дөнентаев. Қалай болды мәселенки? С.Адамбаев.

Мәтке/үрлік жерг./арыс көне. Сарт етіп сынып түсті мәтке күйген, жалақтап жалын тілі асып үйден. Д.Әбілев. Үйдің төбесін қопарып, үрлік шабағын сыпырып әкетіпті. Ә.Нұрпейісов. Арыс – үйдің төбесін жапқан өрімді көтеріп тұратын көлденең ағаш. С.Қасиманов.

Мәтін/текст кітаб. Батыр туралы өз сөзімен мәтін мазмұнын айтып берді. «Қазақ тілі мен әдебиеті». Қазақшаға аударған текстіні оқып шықты. «Қазақстан пионері».

Мәулет/мәуліт Тек бірер күнге мәулет бер. Т.Әлімқұлов. Күн жылынғанша бір-екі ай мәуліт беріңізші. Ж.Арыстанов.

Медбике/медбибі/емшібибі сөйл./медсестра кітаб. Медсестраны баспасөзде медбике, медбибі, емшібибі деген секілді әрқалай аударып жүр. «Ана тілі».

Медет/медеу/мәдет сөйл. Пірлері медет бергесін. Батырлар жыры. Ақ жүрегің енді ұнатпас, мезгілі жоқ қай медеу. Абай. Жарандар мәдет қыла гөр. Қыз Жібек.

Межелі/мұғдарлы көне. Межелі жерге уақытында жеттік. Ауызекі тіл. Жылқының алдына түс те, түстенетін мұғдарлы жерлерін өзің басқарып отыр. С.Талжанов.

Мезгіл/мезет Төрт мезгіл тамағын беріп, жас баладай бағады. Ә.Дүйсенбеков. Жіберді бір мезетте қағып-қағып, тасқындап тыңнан бір күй қосылды ағып. І.Жансүгіров.

Меймілдет/мөймілдет сөйл. Шешесі бір тостағанға қымызды меймілдете құйып баласына ұстатты. Ә.Омарбаев. Ол зерер тостағанға мөймілдете құйған сусынды қылқылдата жұтты. А.Мекебаев.

Мейрім/мейрім кітаб. Махаббат мейрім, ән мен күй, ойын, күлкі, наз келді. Жамбыл. Сөзде тұр, шарттан аумай мейрім қансын. Ақан сері.

Мейрімден/мейірлен/мейілден сөйл. Күтпеген жерден баласының бұлай мейрімденгеніне Анна босаңсыды. Түсіндірме сөздік. Мейірленіп құлаш созып, көтеремін көгертем, аш-арығын тойынтам. М.Әуезов. Пендесінің біреуін жақсылыққа, біреуін жамандыққа мейілдендіріп тұрады екен. Абай.

Мейрімсіз/мейірсіз сөйл. Мұндай мейрімсіз жаннан не қайыр. «Соц.Қаз». Рақымсыз, қатты, мейірсіз, Самарқанда тұрағы. Ү.Кәрібаев.

Мейірбан/мейірман/меһербан кітаб. Орыс – әрі қатал, әрі мейірбан жұрт. Ғ.Мұстафин. Мейірманды анадан бір туылғандай. К.Әзірбаев. Дем тұратын меһербанды шешей кім? Д.Әбілев.

Мекен-жай/адрес кітаб. Мекен-жайы анық емес. М.Жұмағұлов. Баратын адресіне жете алмай, ұзақ жатып калады. З.Шүкіров.

Меніңше/менімше көне. Меніңше, ол арбаның аспабы емес. С.Ерубаяев. Менімше, сөйлесу қажет емес. С.Сейфуллин.

Меңзес/мегзес сөйл. Шабыты келген ақпа ақын басындағы аш қыранға меңзес. М.Әуезов. Қыран құсқа мегзес алыстағаны шалғыс. «Лен.жас».

Меңзеу/мегзеу сөйл./мегзеу сөйл. Ол қолымен менің ту сыртымды меңзеді. Ә.Дүйсенбиев. Ақылмен мезгеп алысты жеңдірместі жеңіп тұр. Халық ақындары. Ақынғұл мегзеген жерге келдім. С.Мыңжасарова.

Мерген/мергенші *морф.* Танат – құралайды көзге атқат мерген. Ғ.Сыланов. Қасқыр аулауға қақпаншы, мергенші қаптай аттанды. Қ.Әбдіқадіров.

Мердігер/міндеткер Мердігер дегеніміз – белгілі бір жұмысты орындап шығуды мойнына алушылық, міндеткер. Түсіндірме сөздік.

Мерейтой/мүшелтой/юбилей Алматы циркінің жанындағы бірлестік сіздердің мерейтойлық шараларыңызды өткізіп береді. «Алматы ақшамы». Жазушыны мүшелтойымен (юбилейімен) құттықтай отырып, оның жаңа әңгімесін назарыңызға ұсынып отырмыз. «Лен.жас».

Мерекеле/мейрамда Еліміз жеңіс күнін мерекеледі. Ауызекі тіл. Бүгін М.Әуезовтың немерелері оның туылған күнін мейрамдады. «Қаз.әдеб.».

Мерт/мерту *морф.* Абайсызда мерт болды. Т.Ахтанов Жаман атқа ұрындырған осы мерту басқыр Зарипа. Қ.Сатыбалдин.

Мертігу/мерту *морф.* Мертігіп құлаған малдай жерді сүзе жатыпты. Б.Майлин. Ол жығылса, мертілсе, ел-жұрты бар. Батырлар жыры.

Меруерт/мерует *сөйл.* Енжу мен ақ меруерт мойнында, ұрлаған екі алмасы қойнында. И.Байзақов. Мерует тістері көрініп күліп тұрады. С.Ерубаяев.

Меселі/мәселі *сөйл./пәті лекс.* Батасын берді Балық қарт, қайтпасын деп меселі. О.Шипин. Жиеннің мәселі қайт болмасын, домбыраны бір толғап жіберші. Т.Әлімқұлов. Бұл кісі ақыры әкімсымақтың пәтін қайтарып жеңді. «Ана тілі».

Мехнат/михнат *сөйл.* Соғыс жылдарының мехнатты зардабын бастан өткерді. «Жұлдыз». Азапты сағаты мен михнаты мелдеген минуттарды қосыңыз. «Лен.жас».

Микроаудан/мөлтекаудан/шағынаудан *сөйл.* Үлкен қалалардың жаңадан салынған тұтас архитектуралық кешенді аймағын микроаудан, мөлтекаудан, шағынаудан деп әрқалай аударып, қайсысына тоқтарымызды білмей жүрміз. «Соц.Қаз.».

Миқы/қиқы-жиқы Кей жерде бір-біріне қабатталып, миқы адыр, бүйрат болады. М.Әуезов. Үйлері қиқы-жиқы, ретсіз салына берген. «Соц.Қаз.».

Милау/миақы/миғұла/миқата Я асқан данышпан шығар, я дым білмейтін милау шығар. Б.Майлин. Миақы адамша аузына келгенін сөйледі. Синонимдер сөздігі. Жауды кеше, миғұла етіп бейнелемей, оның айлалы, қаскөй екенін ашып көрсетуге міндеттіміз. «Қаз.әдеб.».

Мисыз/мұңғыл *сөйл./мұңғыла жерг.* Бізді бір жүрген мисыз деп ойлап қалма. Ауызекі тіл. Аузыңды ашсаң, ақылы шамалы екен дейді, аузыңды жұмсаң, мұңғыл екен дейді. Ғ.Қабышев. Кейбір мұңғыла байлар жылқы тұқымын жақсартуды ойламайды. Х.Арғынбаев.

Митінде/титінде/мимыртта Митіндеп жүрісі өнбеді. «Жетісу». Әлде жол жаман боп, станцияға титіндеп жете алмай жүр ме? Н.Ғабдуллин. Көк есектің мимырттаған шабан жүрісі өнбей қойды. «Лен.жас».

Мойынсұн/мойынұсын *сөйл.* Тағдырдың жазғанын көріп алмаққа

мойынсұнды. «Жалын». Өзінің осы күйіне амалсыз мойынұсынған. К.Ахметбеков.

Мол/ырғын Биыл еліміз астықтан мол өнім алды. Ауызекі тіл. Былтыр жүз гектар жерге егін егіп көріп еді, өнімі ырғын болды. С.Ақтаев.

Мола/мүрде/там жерг. От жақпаған үй қорамен тең, Кісі кірмеген үй моламен тең. Мақал. Алғадайдың мүрдесін жол-жөнекей көрдің бе? Жамбыл. Төрт құлақты бейітті там дейді. Түсіндірме сөздік.

Молда/молла көне. Оған кінәлі – молдасы. «Жұлдыз». Молланың бұл қарсы сұрағын елемеді. Ә.Көшімов.

Момақансы/монтансы Бай момақансып, монтанси түсті. Ә.Қалмырзаев. Алпысқа жасым таянған, монтансыған Малтаң мен болам. Т.Жароков.

Момын/исалмас көне. Момынның ісін Алла тағалам өзі оңдар. Мақал. Исалмас Есқара бұлардың біреуіне де арланбай, ерінбей, жалықпай жүре беретін. С.Мұқанов.

Мосы/бақыр жерг. Екі мосыны әпкішке іліп су әкелді. «Соц.Қаз». Әкем ет асатын кішірек мыс бақыр мен оны асып қоятын ұшаяғын қоржынына сала аттанады. С.Мұқанов.

Мөли/мөлір сөйл. Мөлиіп ұзақ қарады. «Қаз.әдеб». Ас ішер ауыл жақын деген кәні, Көзімнің бір көрмедің мөліргенін. Айтыс.

Мөлтек/мөлдек орф. Сені ерекше бір мөлтек қуанышыма балағанмын. Ә.Қанахин. Осы бір кішкене, мөлдек тойдың өзіне көңілі жақын көршілер тәнті болысты. С.Бақбергенов.

Мұғалім/мұғалима морф. Сонан соң мұғалімін шақырып алды. «Қаз.мұғалімі». Ер адамша киінген мұғалима келеді. Ж.Молдағалиев.

Мұжы/мүжі сөйл. Қойдың басын мұжып, екі құлағын балаларына ұстатты. Б.Қыдырбекұлы. Сонда ереуіл елі қанжарымен сүйек мүжіп қалғаны ма? Ә.Кекілбаев.

Мұзайдын/айнамұз/мұзойнақ қарап./каток кітаб. Арнайы қатырып жасаған мұзда көпшіліктің сырғанақ теуіп бой жазатын орнын каток немесе мұзайдын дейді. «Соц.Қаз.». Айнамұз – мұзда сырғанақ тебу үшін арнайы жасалған орын, каток. «Қаз.пионері». Аяз қатты болса да бүгін мейлі, Мұзойнақта сәбилер күлімдейді. С.Жиенбаев.

Мұзақтанып/мұз қатып Қораның асты мұзақтанып, сиырлар тоңға жатып қалыпты. І.Жансүгіров. Қар еріп таңға қарай мұз басып қатып қалды. «Лен.жас».

Мұқыл/моқал сөйл./мұғал сөйл. Содан соң мұп-мұқыл добал саусағымен бас киімін жұмарлап, қыса ұстады да, сөзін қайта бастады. С.Бақбергенов. Қап, обал болған екен, – деп, Шалғымбай моқал қолымен түйтектей түсті. І.Жансүгіров. Іргеде тұрған кішкене мұғал бас қоңыр домбыраны ұсынды. С.Бақбергенов.

Мұқым/мұқылым/нұқыл сөйл. Белшеден лайға батудан мұқым арылатын боласыз. С.Төлешев. Мұқылым бір тайпа ел ақша жіберіп тұрды. С.Адамбеков. Аузында нұқыл қымбатты папирос. Ә.Тұрманжанов.

Мұнда/бұнда/мында жерг. Сынаушы сонда табылар Мұнда жатқан

елден де. Абай. Бұнда тұрған не бар дейсің. Е.Домбаев. Мында үй барын ұмытқан шығар. А.Байтанаев.

Мұнша/мұншама/бұнша/бұншама/бұншалық Ерте кезде қаз, үйрек тау көлінде мұнша көп болмайтын. Н.Оразалин. Мұншама ұялшақ болар ма? «Лен.жас». Неге бұнша сабылды? Ғ.Мұстафин. Бұншама жерді талқандауы таңдандырды. Ғ.Мүсірепов. Қыз денесіне бұншалық үйлеспейтіндей көреді. Ә.Нұрпейісов.

Мұның/бұның Мұның бәрі осында қалады. Б.Соқпақбаев. Бұның бәрі «Кұнанбай аулы» деп аталады. М.Әуезов.

Мұндас/мұңлас сөйл./мұғдас көне. Шақырды кедей тумасы құрбы-құрдас мұндасын. О.Шипин. Мұңлас бауыр табар едік. Д.Досжанов. Мұғдасым да, сырласым да туған жер. М.Әуезов.

Мұңды/мұңлы сөйл./мұңлық сөйл. Білмейміз баяғының мұңды зарын. Т.Әлімқұлов. Мұңлы жанға бар еңсесімен бұрылды. М.Әуезов. Ешкім маңдайынан сипамаған мұңлық. Т.Ахтанов.

Мұра/мирас/мұрас жерг. Атадан балаға қалатын мұра. Т.Әлімқұлов. Әкемізден үш мың алтын мирас қалды. Мың бір түн. Атадан балаға мұрас қалғанда мал-мүлкі қалушы еді. Ә.Әбішев.

Мұрагер/мирасқор сөйл. Құнанбай оны өзінің төл мұрагері еткісі келеді. Т.Әлімқұлов. Өзі өлсе де, артына мирасқор қалдырып кетті. К.Тайшықов.

Мұрала/мираста Ең жақсы қасиетін мұралады. «Қаз.әдеб». Әкесінің ұлысын мирастанып қалды. Қаз ССР тарихы.

Мұрша/мұрса/мұрсат/мұрсатана/пұрса сөйл./пұрсат сөйл./мәулет көне. Осыдан артық тілдесуге мұрша жоқ. І.Жансүгіров. Жігітке мұрса беріңіздер, өзі-ақ айтады. Ә.Қанахин. Ойлауға да мұрсат болмады. Д.Досжанов. Азырақ мұрсатана беріп еді. С.Сейфуллин. Үйге кіріп ас ішуге пұрсамыз болмады. Ә.Нұрпейісов. Оған қайрылатын пұрсат қайда маған. Т.Ахтанов. Тек бірер күнге мәулет бер. Т.Әлімқұлов.

Мұсылман/пұсырман көне. Мен нағыз мұсылманның өзімін. З.Шашкин. Дін пұсырман баласы адамдыктан жерімес. Алдаспан.

Мүдде/мүддеғам жерг. Қоғам мүддесі үшін дұрыс пайдаланды. Б.Ордабаев. Мен дағы мүддеғамды білдірейін. Айтыс.

Мүжіл/мұжыл/тәумүжік сөйл. Қонақ қойдың басын ұзақ мүжіді. «Жалын». Қозының мүжылған мойнын алды. «Соц.Қаз». Баланың теумүжік кетпені анадайда жатыр. Д.Досжанов.

Мүйіс/мүйіш сөйл. Оның көңілін сонау бір мүйістен жүгіріп шыққан бала бөлді. М.Иманжанов. Үйге кіруге мүйішті айналғанда, біреу шыға келді. Ғ.Мұстафин.

Мүкіс/мүкі сөйл./мүлтік морф. Кәрі әженің құлағы көптен бері мүкіс тартқан. М.Әуезов. Сен жеңдің, біз жеңілдік, ақын жігіт. Сенімен айтысуға тілім мүкі. Н.Шыршығұлұлы. Сөйлейін сөйле десең сөзге жетік. Тіл мүлтік, қарлыққаннан тісім кетік. А.Өтембетұлы.

Мүлде/мүлдем/тасыгей жерг. Шытырман оқиғалы кітап оны мүлде тартпады. М.Иманжанов. Мүлдем кетсем, қызметтен біржола босанып.

Б.Соқпақбаев. Ән салуды да содан былай тасығой тастап кетті ғой.
М.Сқақбаев.

Мүлт/мүрт/мүлт *сөйл.* Бас идім мүлт еткізбей орындауға.
Н.Баймұратов. Мұндайда асығыстық мүрт кетіреді. С.Сарғасқаев. Қолы мүлт кеткен жоқ. Д.Досжанов.

Мүрдеші/молашы/бейітші Оның қасында мүрдеші көрінеді. «Лен.жас». Молашы қап ішіне салынған өлікті көрсетті. «Қаз.әдеб». Бейітші олардың басы-қасында болды. «Жұлдыз».

Мүсәпір/мүскін/міскін *жерг.* Менің екі құлыным да осындай мүсәпір болып жүрген шығар. И.Байзақов. Пақыр менен мүскінге Төренің тиер себебі. Батырлар жыры. Шырынгүл – күйеуі өліп, бақыты күйген міскін адам. С.Омаров.

Мүттайым/мүттахам *жерг./үміттайым* *сөйл.* Нағыз мүттайым екен. «Лен.жас». Ел ортасында отырған мүттахам залым саудагер. Ө.Тұрманжанов. Үміттайым неменің қылығын қарашы. «Жетісу».

Мүшкіл/мүскіл *сөйл.* Артынан қоймай қуады, Қалмаққа мүшкіл туады. Батырлар жыры. Мынадай бір мүскіліміз болып тұр. С.Торайғыров.

Мүштек/най/трубка *кітаб.* Шылым тартатын трубканың қазақша баламасы – мүштек. «Лен.жас». Най – бір жақ ұшында темекі үгіндісін салатын кішкене ұяшасы бар темекі тартуға арналған трубка. «Жаңа атаулар».

Мығым/нығым Мығым денелі, кең жаурынды, еңкіштеу қара жігіт. С.Бақбергенов. Қарсы дау айтуға болмайтын нығым дауыспен сөйледі. З.Шашкин.

Мылжы/мылжында/мыжы Мылжып ананы да, мынаны да сұрай берді. Ауызекі тіл. Сен де бір жағымнан мылжындамашы. І.Жансүгіров. Дүйсен «етті көп асасың» деп қатынын мыжиды да отырады. М.Әуезов.

Мылжын/мызың/мыжың/тантық Былшылдамаса мылжыңның іші пысады, біреу мылжың дей ме деп зәресі ұшады. Мақал. Құлақтың етін жеген кемпір мызың. Бір тынбай ертелі-кеш өршіп ызың. Ғ.Игенсартов. Мыжыңдап мазаны ала берді. І.Есенберлин. Есі шықпай мұнан да ішкені артық, Қисыны жоқ қышқырған не еткен тантық. Абай.

Мығымда/нығымда Тоқмолда сенгісі келмегендей мығымдап сұрады. Б.Соқпақбаев. Нығымдала отырып алды да, қолды бір-ақ сілтеді. З.Шашкин.

Мынадай/мынандай Мынадай бір мүскіліміз болып тұр. С.Торайғыров. Мынандай зорлық-зомбылықты кім көрген. М.Ғабдуллин.

Мынақып/азанама/некролог *кітаб.* Ы.Алтынсарин туралы газетте басылған мынақыпта (некрологта) оны өзінің туған халқы үшін пайдалы әрі көрнекті қайраткер еді деп көрсетеді. Б.Әбілқасымов. Араға күн салып газетте азанама жарияланды. «Жаңа атаулар».

Мын/түмен Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге. Мақал.

Мыңғырған/мыңғырлаған Ауданның бар отарында мыңғырған малдың бәрі электрмен қырқылды. Ғ.Сыланов. Көлдің айналасы мыңғырлаған мал екен. Ыбырай.

Мыржық/мыржы *сөйл./мырық* *сөйл.* Мыржық қызға тыржық күйеу

кез болар. Мақал. Мыржы қызға тыржы күйеу, Саржан албасты катынсыз қалар деймісің. Ж.Молдағалиев. Пәлі, мына мырық не дейді? Т.Ахтанов.

Мыртық/мақар/мыртесе/мықыр *сөйл.* Ол мыртықты біліп кайтесің. К.Тоқаев. Жепекеннің соқасын мақар өгіздер мықшия тартып барады. З.Иманбаев. Жоғал, ақымақ мыртесе! М.Әуезов. Жирен мұрты бар мықыр шалдан бір қарыстай ұзын Ғайни кетіп барады. О.Бөкеев.

Мысал/мисал *сөйл./тәмсіл жерг.* Айтпақ ойын нақтылы мысалмен дәлелдеп берді. «Жетісу». Махаммет, Қадишаны мисал қылма. Айтыс. Жарайды, тәмсілінді қоя тұршы. Қ.Жұмаділов.

Мінажат/мінежат *сөйл./мұнажат жерг.* Қанша қақсағанмен мінажаты қабыл болмады. С.Омаров. Мінежат әр нақылдан жазып қара. XX ғасырдың басындағы қазақ ақындары. Ол ғашық жарына ынтызарлық мұнажатын айтады. «Жалын».

Минамдай/мінамадай/минімдай/минімдей Минамдай нәрсені дарбайтып көрсетуге құмар. «Лен.жас». Жайдары мінезінен минамдай өзгермеген. І.Жансүгіров. Минімдай резеңке топтан от шығарды. І.Жансүгіров. Құмырсқа минімдей болғанмен, еңбекшіл жәндік. Диал.сөздік.

Міндетсі/сідетсі *көне.* Егер білсең, қазақша міндетси сөйлеуің қалай? М.Иманжанов. Қасымбектің істеген қайыры құрсын, соғұрлым сідетсіп зықынды шығарады. Ә.Болғанбаев.

Міндетті/міндеткер Берген уәдеңді орындауға міндеттісің. Ауызекі тіл. Еңбек шартын бұзбауға екі жақ та міндеткер. С.Сейфуллин.

Міне/мінеки/мінекей Міне, мынаны ал. І.Есенберлин. Мінеки, көк құстың осы ерекшелігіне таң қалысты. Ш.Айманов. Мінекей, саған керек болса! «Соц.Қаз».

Мініл/мілін *сөйл.* Әбден мініліп жауыр болған ат екен. «Қаз.әдеб». Көп мілініп жауыр болған арық ат. Б.Майлин.

Мініскер/мінгі *морф.* Сүйекші тебінгенде әмекейдің мініскер аты ілгері қозғала берді. Д.Исабеков. Әкімшіліктің мінгі аттарына арналып салынған ұзынша сарай бар. С.Мұқанов.

Місе/мүсе *сөйл.* Сонша сиырдың сүтін місе тұтпады. С.Мұқанов. Әуелі күйбең-күйбең жұмысты мүсе тұтпады. Ә.Кекілбаев.

Н

Нағашы/таға *жерг.* Еркелігің ұстаса, нағашыңа бар. Мақал. Адамның бір жұрты тағасы ғой. Диал.сөздік.

Нағыз/қас Халық арасына бояуы мол нағыз халықтық искусство әкелу шарт. З.Қабдолов. Арғымақ аттың баласы, Қас игінің баласы, Алдаспан ауыр қылыш суырған. Шалкиіз жырау.

Надан/ауам *сөйл./арда жерг.* Ауылнай – надан, оқымаған адам. Б.Майлин. Ауам дуананың сонда да әулие болғысы, ауам елдің әулиені көргісі келеді. Ғ.Мұстафин. Шырағым, мен түк білмейтін ардамын ғой. Диал.сөздік.

Найзағай/нажағай *сөйл./ажағай* Сол кезде найзағай жарқ етті.

М.Хакімжанова. Қырда жарқ-жүрқ нажағай. «Жұлдыз». Ажағай жарқ ете түсті. І.Жансүгіров.

Найқалу/паңдану Ол балпаң-балпаң басып паңданып жүріп келеді. Ауызекі тіл. Малтеке, әлгі бір жеңгейдің найқалуы-ай! – деп Шыңғыс жымыды. С.Мұқанов.

Найсап/наясап жерг. Өзің мүлдем құдайдан безіп кеткен найсап екенсің ғой. Ә.Әбішев. Өзің бір ұятты білмейтін наясап адам екенсің. Диал.сөздік.

Нақыс/нақыш Түскен қырау әйнекке, Қолсыз шебер өрнекке Нақыс салып бергендей. Т.Жароков. Әр бояуы, әр нақышы жанданып, күмбірлеп тұрғандай сезіледі. А.Лекеров.

Нақұрыс/надрұс жерг. Нақұрыс қылып берсе де, құдай бізден бір жаманды аяды ғой. Б.Майлин. Осының өзі надрұс боп кеткен шығар. Диал.сөздік.

Намыс/шам Ерді намыс өлтірер, Қоянды қамыс өлтірер. Мақал. Отағасы, жөн сұрасқанның несі шам. Т.Әлімқұлов.

Намысқор/намысшыл/намыскер/намысқой Ол – ар-ұятты ойлағыш намысқор адам. Ауызекі тіл. Жеңілем, өлем демедім, намысшыл, кекшіл өр едім. Д.Әбілев. Жас жігіт кереметтей намыскер болып өсті. Қ.Жұмаділов. Ол өз ар-ұятына тіл тисе-ақ, шытынай қалатын намысқой еді. «Қаз.әдеб.».

Намыстан/қытықтан жерг. Мұның өз бетімен істеген ісіне намыстанып, ызаланды. Қазақ ертегілері. «Жаман әкеден тудың» дегенге қатты қытықтанып, төбелесіп те қалатын. С.Мұқанов.

Нан/илан Екі бала нанарын да, нанбасын да білмей, тосырқап қалды. М.Иманжанов. Ол серігінің айтқан сөзіне иланып қалды. Ауызекі тіл.

Нандыр/налдыр жерг. Осы айтқанына бәрін нандырды. Мың бір түн. Парсы мұсылманы екенін дәлелдеп налдырды. С.Шарипов.

Наразы/паразы көне./нариза кітаб. Бірінің көңілін бірі таппай, іштерінен наразы болып айрылысты. З.Шашкин. Қалайша ұрындым деп, ішінен сондай паразы. Ө.Қанахин. Олар бірден наризалық білдірді. Диал.сөздік.

Нарык/рынок кітаб. Сонымен бірге нарыққа көшу бағаның өсуіне әкеліп соқтыруда. «Алматы ақшамы». «Рынок» сөзінің нарық деген дәл баламасы бар. «Ана тілі».

Насаттан/найсаптан жерг. Насаттанып бұл қарға сілкінеді, ішін тартып мықтап бір күледі. Ы.Алтынсарин. Жасырмай, найсаптана, мақтана сөйледі. Ж.Жұмаханов.

Насыбай/нас морф. Насыбайды біздің жақта нас деп, қысқа да нұсқа айтады. «Лен.жас».

Науа/шашпа сөйл. Науасы қазған арықтай бетінде жоқ бедері. О.Шипин. Шашпадан күрт-күрт шөп жеген қасқа тайдың тықыры естіледі. Қ.Ысқақов.

Наубайхана/нанхана сөйл. Бұл колхоздың өзінің пісіретін наубайханасы бар. А.Дауылбаев. Нанханада нан пісіру жоспары 40 процент қана орындалды. «Соц.Қаз.».

Наубайшы/нанбайшы *жерг.* Наубайшы – нан пісіруші деп, нанбайшыны – нан сатушы деп, екі сөзге екі түрлі мағына жүктеген тиімді. «Ана тілі».

Науқастан/шікірттен *жерг.* Төрт ай науқастанып өз аулында дүние салды. М.Қаратаев. Кішкентайымыздың мазасы кетіп шікірттеніп қалғаны рас. Б.Нұржекеев.

Наурыз/март *кітаб./амал көне.* Наурыз тұрып, жер жібіп, жаңа жыл келді. Б.Қыдырбекұлы. Март келді, ери бастады жердің қары, Март келді, төлдей бастады елдің малы. М.Хакімжанова. Амал жұлдызын атқарып, Ақшаға жаны толулы, Әбден жолы болулы. Қашаған ақын.

Нашақор/апиыншы/көкнәрші/наркоман *кітаб.* Бүгіндері республикада есепте тұрған нашақорлардың төрттен бірі – он сегізге толмағандар. «Арай». Қоймадағы шикізат көкнәрші, апиыншы адамдардың ұрлап алуына оңай жерде сақталады. «Лен.жас». Наркотик ішуге құмартқан адамды наркоман дейді. С.Сүбханбердин.

Нашарлау/аяқсу *жерг.* Ағасы әлгі әзірдегісінен де нашарлап, мендеп қалған секілді. Ә.Нұрпейісов. Біздің бала кешелі бері аяқсып жатыр. Диал.сөздік.

Нәпақа/нәфаха *орф.* Оңнан – молдан жинаған азғантай нәпақасын талшық етті. А.Мекебаев. Мына қу сирақтарға ешкі де болса нәфаха. Ш.Мұртазаев.

Нәпсі/ләпсі *сөйл.* Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін, тіл үйренген нәпсінің қу мінезін. Абай. Қолда жоққа құмартып, әуреленбе ләпсің тый. Үш ғасыр жырлайды.

Нәрсе/нәсте Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер, апар дағы, ойланып, көзінді сал. Абай. Көрмегенсіп түк нәсте, монтанысып ой тапқан. Батырлар жыры.

Нәсілі/нәті *жерг.* Біздің Сырбайдың бар болған нәсілі – жалғыз Дәулет. С.Мұқанов. Нәті неміс болғанмен, оған да тірек керек шығар. М.Дүзенова.

Нәсіп/несіп Сүйгені бөтен жерге нәсіп болып айрылып шыбын жаннан қалғандар көп. Үш ғасыр жырлайды. Өзіңе құдайдың берген несібі шығар. Қазақ ертегілері.

Нәубетші/вахтер Министр нәубетшіге (вахтерге) телефон соғып, ешкімді кіргізбеуді бұйырыпты. «Соц.Қаз.».

Небары/небәрі Әңгіме небары тоғыз-ақ сөзден тұрады. Ш.Мұртазаев. Аптасында небәрі 39 сағат жұмыс істейді. «Лен.жас».

Неғайбыл/нағайбыл *сөйл.* Оның мұнда келу-келмеуі неғайбыл. Ауызекі тіл. Тұтасқан қалың жауды жарып өту нағыз бір бақытты болмаса, өте нағайбыл. Т.Ахтанов.

Неғұрлым/неғұрым *сөйл.* Ілгерілеу талабы неғұрлым биік болса, солғұрлым оның қабілеті тез өседі. М.Иманжанов. Неғұрым өндіріңкіреп алғайсың. Ғ.Сыланов.

Некен-саяқ/некен-нұқан *сөйл.* Балаларын жаңаша оқуға беретіндер некен-саяқ. Х.Есенжанов. Мұндай адамдар табиғатта некен-нұқан кездеседі. Ғ.Мұстафин.

Не қылыш/неғып/нағып көне. Не қылып, не қойғанын өзі де білмейді. «Жалын». Неғып ербиіп тұрсың? С.Талжанов. Жапан түзде нағып жүрсің? Батырлар жыры.

Не қылған/наған сөйл. Не қылған адам? «Жұлдыз». Оқ астында жүргенде қаңғырған наған ой. С.Бақбергенов.

Немәлім/намағлұм сөйл. Алда қандай істің күтіп тұрғаны да немәлім. «Лен.жас». Алланың ісі намағлұм, жауыздың тіліне ермеңіз. «Жұлдыз».

Немқұрайдылық/немқұрайлық Мұның аты – немқұрайдылық. «Лен.жас». Бейсекең заводтағы немқұрайлықты беттеріне басып, газетке жария етті. Ә.Бөриев.

Несібе/нәсібе Ағайын аянбай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді. Абай. Оның нәсібесіне ең шалғайдағы аудан тиді. «Лен.жас».

Неше/нешік Неше жыл келмей кеткен. «Соң.Қаз». Қорлықпен күнім өтіпті, амал нешік. Батырлар жыры.

Нобайы/жобасы Қаулы нобайына өзгеріс енетін болды. Б.Тоғысбаев. Оқу, жазу ұқтыру жобаларын сан тәжірибе сабаққа жүр қолданып. З.Қалауова.

Нобия/фасоль кітаб. Фасольдың оңтүстік облыстарда нобия деген баламасы бар. «Ана тілі».

Нойыс/мойыс жерг. Бастығымыз қатыгез, нойыс, тоңмойын жан еді. З.Шашкин. Ол айтқан бетінен қайтпайтын мойыс мінезді еді. «Лен.жас».

Ноқай/дүлей Ноқтасыз табиғаттың ноқай күші өмірге өң беруде болмай ісі. Қ.Сатыбалдин. Табиғат дүлейіне қарсы күреске шақырған жігерлі әннің сазына жігіттер де қосылды. Ә.Сәрсенбаев.

Ноқат/нұқат жерг. Көзі бір ноқатқа қадалып қалған секілді. С.Сейфуллин. Әлде бір нұқатқа қадалған күйі біраз жатты. Қ.Жұмаділов.

Нұршашу/фейерверк Нұршашу – мереке, салтанат кездерінде ауаға ұшырылатын түрлі-түрлі сәндік ұшқындар, фейерверк. «Жаңа атаулар».

Нығызда/нығарла Боран қар үстіне қар үйіп нығыздап тастапты. Б.Момышұлы. Ол осы отырған жігіттердің бәрі де пікір айтуы керек деп нығарлап қойды. М.Хасенов.

Нысап/ынсап сөйл. Нысап кетіп асқынған жау оққа ұмтылған өзі өлуге. Жамбыл. Әділет, ынсап, білім деген үлкен күш мектепте тұр. Ж.Молдағалиев.

Нышан/нышана Мұхиттан ескен жел күз мезгілінің нышанын сездіргендей. С.Омаров. Жаңа дәуір тың нышанасын көрсетіп келеді. Ә.Тәжібаев.

О

О баста/ен баста/тәу баста жерг. О баста-ақ осы жайында ескертіп айтқан едік. «Қазақ елі». Сол қуатқа мен сеніп ен басында, бағуға құштарландым колхоз малын. С.Керімбеков. Тәу баста ет жүрегі бірден дауалай қоймай, қобалжи беріп еді. С.Омаров.

Обыр/оназа Ашқарақ адам дәмге қаншалықты обыр болса, ол ғылымға да сондай оңаза еді. Т.Сұлтанбеков.

Оғаш/оғат/ағат/шеккі жерг./шетен жерг. Оғаш мінезін көзіне дәл елестетті. Ө.Тұрманжанов. Жаңағы сөзді оғат айттым-ау, қап! М.Әуезов. Ағат айтсам, ғапу етіңіз. «Лен.жас». Бұлардың келгенін Ноғайқұл шеккі көрмеді. Т.Әлімқұлов. Оның мінезі шетен. Диал.сөздік.

Одан соң/онан соң/одансын морф./онсоң морф. Одан соң не болғанын өзін білесің. «Лен.жас». Онан соң да кемітуін қоймады. «Соц.Қаз». Одансын басқарманың үйіне күзет қойдырды. Ғ.Мүсірепов. Онсоң сылдырап ағатын сулары ұнайды. С. Сейфуллин.

Одыранда/ожыранда Еңгезердсй қара жігіт одырандап шыға келді. С.Талжанов. Айтқожаның ожырандап бір нәрсені айтып қалатыны бар. С.Бегалин.

Ожар/оржар сөйл. Ол ағайын ішінде ожар мінезімен көзгс түскен сөзге олақ, ұрт жігіт болатын. Ғ.Мұстафин. Өзің оржар неме екенсің. Ш.Хұсайынов.

Ойбай/ойбұй/үйбай Ойбай салды, білді де қаса сорлы болғанын. Абай. Ойбұй, айналайын-ай, деді шал қалбалақтап. Т.Әлімқұлов. – Үйбай бетім-ай, енді не айтайын, – деді әйел. «Жұлдыз».

Ойда жоқта/бағызда жерг. Бұл кісімен ойда жоқта кездестім. С.Ерубаев. Жем қайда, Жайық қайда, Сағыз қайда? Ескі өлең еске түсті бағызда ойға. Ж.Молдағалиев.

Ойқы/ойқыл/ойқанақ/ойдық сөйл. Ойқылау алаңқайдан жайпақ төбесі көрінді. Б.Тоғысбаев. Отыз жас – ор қабақтың ойқылындай. ХХ ғас.бас. қазақ ақындары. Болғанда мен жалтыр көл, сен ойқанақ. Айтыс. Ойдық желке, кекшіл бас, құлжамойын наз бедеу. Үш ғасыр жырлайды.

Ойқы-шойқы/ойқы-шұйқы/ойқы-сойқы Бірің ойқы болғанда, бірің шойқы. Бәрің де қосылыпсың ойдан, қырдан. Жамбыл. Ойынды ойқы-шұйқы бердім деген сөзіңді естіртіп кет көпке, жаным. Айтыс. Жаңа әріппен ойқы-сойқы жазыпты. Б.Майлин.

Ойна/ойнас морф. Балалар далада көп ойнамады. Ауызекі тіл. Меніңменен, ханым, ойнаспа, Менің ерлігімді сұрасаң, Жолбарыс пен аюдай. Жиёмбет.

Ойнақшыл/ойнақшымпаз сөйл. Лапылдақ жалын, іші қау, от ойнақшыл тегінде. І.Жансүгіров. Сынаптай ойнақшымпаз болып кетті. К.Райбаев.

Ойнас/зина/ашына Бір кезде ойнас болып едім бұл әйелмен. С.Мыңжасарова. Зина деген не нәрсе? Көр етеді ол жанарды, Раушан көңіл айналмақ тас түнекке қараңғы. Қ.Малдыбаев. Әйелді өзіне ашына етті. Мың бір түн.

Ойпаң-тойпаң/ойпыл-тойпыл Олар бірінің соңынан бірі жүгіріп, ойпаң-тойпаң боп жатқан жерге жетті. Р.Райымқұлов. Мұндай ойпыл-тойпыл кезде халыққа қызмет ету өте қиын. С.Жүнісов.

Оқшаншай/боқшантай сөйл. Оқшантайы, қыны, басқа да салпыншағы көп қазақы кісесі болушы еді. С.Мұқанов. Иығымдағы брезент

боқшантайымды сәл жөндедім. І.Есенберлин.

Ойпыр-ай/ойпырым-ау Ойпыр-ай, мынау бір нағыз, түйсіксіз мылжың екен. С.Адамбеков. Ойпырым-ау, мынау сорлы тағы да ішіп алған екен ғой. А.Сейдімбеков.

Ойран-асыр/ойран-топыр/ойран-ботқа Аспанды қара түтін қаптап, ойран-асыр болды да кетті. Б.Момышұлы. Жүректі ыза, кеудені кек кернеді, Дүние ойран-топыр бүлінгенде. Қ.Айнабекұлы. Танктер жау қамалының ойран-ботқасын шығарды. Т.Бигельдинов.

Ойраншы/ойран салушы Тас-талқан ғып ойран салушы адамдардың, ойраншылардың кесірлі қылықтарын мәжіліске қатысушылар батыл айыптады. «Соц.Қаз.».

Ойсана/эрудит Газет бұдан былай ойсана (эрудит) атты бөлімінде оқырманды толғандыратын қызықты хабарлар жариялап тұрмақшы. «Өркен».

Ойсыра/омсыра Онсыз да ойсырап, жүдеген елді жүдете түсейін деді ме екен, биыл қыс ерте түсті. С.Омаров. Нұршаның жоқтығы омсырайып-ақ тұр. Т.Әлімқұлов.

Ойша/ойжота *сөйл.* Өзінің туған еліне, кіндік кесіп кір жуған қасиетті мекеніне ойша жол тартты. С.Омаров. Ол кейде мәселенің байыбына бармай-ақ ойжотамен соға береді. Синонимдер сөздігі.

Ойықша/ойыңқы/оймыш Мұз ойықшалары жанына жақындай қалсаңыз болды, күтірлей опырылып кетеді. М.Мұсабаев. Оның екі жағы ойыңқы дөңгелектей. М.Қайрақбаев. Шананың көтеріңкі етіп жасаған оймыш басы сияқты. Ө.Қанахин.

Оқиға/уақиға Болған оқиғаны түгел айтып берді. С.Мұқанов. Үлкен оқиғалардан мерейің өсті. «Лен.жас».

Оқтын-оқтын/өктім-өктім *сөйл.* Ну орманда оқтын-оқтын сайраған бұлбұл әні қандай сүйкімді. С.Омаров. Күн күркіреп, өктім-өктім жаңбыр құйды. І.Есенберлин.

Оқу залы/оқуhana Оқу залы студенттерге лық толды. «Лен.жас». Оқуhanaда болып, газет-журнал оқыды. Қ.Тайшықов.

Оқуы көп/оқулы Оқуы көп көзі ашық адам емес пе. «Лен.жас». Орысша киінген оқулы жас жігіттің сөзі әсер етті. Ә.Нәбиев.

Оқшау/шетеу *жерг.* Бір-бірімізден найза бойы оқшау келе жаттық. Ж.Жұмаханов. Аудан-ауданның басшылары өз кісілерін шетеу шығармай, иіріп, вокзалға шығатын мерзімдерін пісенде етісті. Т.Әлімқұлов.

Оқыра/сәйгел/оқалақ *жерг./шанышқақ жерг.* Сиыр қуды оқыра, жылқы кетті бөгелектеп шоқыра. І.Жансүгіров. Жылқыға бүгелек, сиырға сәйгел тиіп, малдың мазасы кетеді. С.Мұқанов. Оқалақ тиген сиырдай оқырына қарайды. С.Бақбергенов. Арқаның жерінде сиырдың жауы – «шанышқақ» дейтін инелік шыбын. Ә.Бірмағамбетов.

Омырыла/омсырыла *сөйл.* Қарсақтың белдемесі омырылып қалған екен. С.Мұқанов. Жаңбыр мен қардан тез бұзылып, омсырыла құлап жатыр. С.Мұқанов.

Оқырала/оқалақта Сиыр кетті оқыралап. «Қаз.әдеб». Жаны шыға

кашып жүр сиыр біткен оқалақтап. С.Асанов.

Оқыс/оқияс морф. Даусы шу дегенде оқыс қатты шығып кетті. М.Иманжанов. Жаңа асуда оқияс істер бола береді. Ғ.Мүсірепов.

Ол/о Ол осында отыр. Ауызекі тіл. Сана – о бастан-ақ қоғам жемісі. Филос. оқулық.

Олай деп/өйдеп Олай деп айта қоймас. Ауызекі тіл. Күпір сөйлеп, көкіме өйдеп. «Жалын».

Олак/орашолак/дәлаң көне. Не сөзге, не істейтін іске икемі жоқты олак адам дейді. «Қазақстан пионері». Қодар өзі сөз білмейтін, аса бір орашолак адам еді. М.Әуезов. Азамат сөзге, әзілге дәлаң, қулық білмейтін олак көрінді. Б.Майлин.

Олжа/алапа көне. Олар мол олжаға кенелді. Ауызекі тіл. Әуелі әрқайсысына алапа үлестір. Ә.Кекілбаев.

Оллаһи/білләһи Оллаһи көрген де, білген де емеспін. «Жұлдыз». Түрі қандай қорқынышты еді? Білләһи жәй емес. Ғ.Мүсірепов.

Омал/омық жерг. Сен неге үйден шықпай омалып отырсың? «Еңбек туы». Бір күні үйде отыра-отыра омыққан көңілден серпілу мақсатында тоғайға барды. Е.Домбаев.

Омақаса/омақата сөйл. Жаза басқан ат сүрініп, омақаса құлады. З.Иманбаев. Ол омақата жерді сүзе жығылды. Ә.Шәріпов.

Омбылау/оппалау/омбалау сөйл. Жұрттың сүрлеу жолымен жүргенім жоқ. Нар тәуекел омбылап тура бастым. Қ.Аманжолов. Қарлы даланы оппалап келеді. З.Иманбаев. Талайы босқа жығылды, ат астында омбалап. Ғ.Шөреков.

Онша-мұнша/анша-мұнша Онша-мұнша нәрсеге көз сала қоймайды. «Қаз.әдеб». Балтасының жебесі анша-мұнша шарадай. Манас.

Оны-мұны/оны-пұны сөйл. Оны-мұны заттарын ала келді. Ауызекі тіл. Оны-пұныларды жиыстырып жатқан. Ә.Нұрпейісов.

Оңай/оңтағай сөйл. Киім пішсең кең піш, тарылтуы оңай. Мақал. Ақсақалдың ашуы осал-оңтағай ашу емес, зілді ашу. Қ.Кемеңгеров.

Оңашалан/оңашар сөйл. Бар адамның реніш қуанышынан оңашаланып, оқшау кеткен бір өзгеше құпия сырдың соңында еді. М.Әуезов. Үй-іші оңашарып, бастас кісілер жеке қалған. Ә.Нұрпейісов.

Оңбағандық/саппастық көне. Мұнысы жарасымсыз қылық, оңбағандық. Ауызекі тіл. Сақал сатқан саппастықтан сақтасын. М.Әлімбаев.

Оңтүстік/түстік/түскей Сағындырған жаз желі оңтүстіктен есіп тұр. С.Сейфуллин. Жау бізді терістік пен түстіктен де қоршап алды. «Балдырған». Адырдың түскей жақ етегін жанамалай Есіл өзені ағып жатыр. Х.Рахимов.

Опай-топай/ойпыл-тойпыл жерг. Лезде опай-топайын шығарды. Ауызекі тіл. Бүгінде заманның өзі ойпыл-тойпыл болып кетті. М.Құмарбеков.

Опалы/опашыл морф. Опасыз болма, опалы бол. Ауызекі тіл. Балташ жолдасқа опашыл, уәдешіл болатын. Ж.Аймауытов.

Опасыз/биопа Оны өкпелетіп алып, кешірім сұрап жалынған опасыз жігіт секілді еді. Ғ.Сыланов. Биопа дүниеде өрге шықпай, келіп пе ед,

жарықтығым, үйде отырғың? Айтыс.

Опық жеді/опық шекті Алданып опық жедім айтқан сертке, Ғафу ет, кінасына өткен кездің. З.Қалауова. Не нәрсе талаптансаң табылады, Пайда жоқ ер жігітке опық шекпей. Шал ақын.

Опыру/омыру Жердің астын опырып кен қопарған, Кенші, шахтер, инженер небір маман. Д.Әбілев. Махамбет жалма-жан шұжықты омырып еді, ішінен бір тұтамдай болат егеу шықты. Б.Аманшин.

Оразды/бағы жанған Ораздының ұлы өсер, Жиырлының қызы өсер. Шалкиіз жырау. Жамандықты көп қусаң, құтылмас пәле жолығар, жақсылықты көп қусаң, бағың жанып, дәулетің молығар. Мақал.

Оралман/репатриант кітаб. Өткен жылы Моңғолиядан он мыңдай оралман (репатриант) өз ата-бабасының туып-өскен жеріне қоныс аударды. «Егемен Қазақстан».

Орамал/шарқат жерг. Орамалымен бетінің терін сүртті. С.Ерубәев. Жазира ақ жібек шарқатын тартқан. М.Сүндетов.

Орасан/ересен Қазынаға Қазақстан орасан бай. Қ.Айнабекұлы. Ересен ірі қасқыр еді. Т.Әлішеров.

Орау/шару көне. Арқан ұшын өз беліне орап та үлгірген еді. С.Шаймерденов. Ол дөңгелектерді темір шынжырмен шарып байлауға кірісті. К.Баялиев.

Орнығу/орындасу көне. Жауынгерлер жаңа бекініске нық орнығып алды. Ә.Нәбиев. Жанасып жақсылармен әзіл айтып, Арада сол секілді орындастым. Шал ақын.

Орыс/рус кітаб. Жиырмалар шамасындағы орыс жігіті келді. Ауызекі тіл. Русша «ведь» деген сөз «гой» деген мағынаны білдіреді. Ғ.Сыланов.

Осы/үшбу көне. Осы арада кездескен едік. Ауызекі тіл. Үшбу хатты жазған адамдар сенің келуіңді бек қатты күтеді. С.Мұқанов.

Осынша/осыншама/осыншалық Осынша кешіккенін қарашы. Ауызекі тіл. Осыншама тұнжыраудың себебін мен кейін ғана түсіндім. Ә.Сәрсенбаев. Осыншалық қуатты қайдан алдық? Р.Өтегенов.

Отаршылық/отаршылдық Халық отаршылық саясаттан зардап шекті. «Лен.жас». Отаршылдық соғыс сәтсіздікке ұшырайды. Ә.Сәрсенбаев.

Оташы/сынықшы Оташы Қуаттың әкесінің сынған аяғын таңып берді. Ғ.Мұстафин. Сынықшы – шыққан сүйекті қайтадан орнына келтіретін адам. «Қазақстан пионері».

Отырықшы/отырақ морф. Бұл Жайыққа таяу жердегі отырықшы елдер арасындағы мектеп-ті. І.Есенберлин. Өнер-білімді отырақ болып, медресе-мектептер салып, тәртіп-тағлим арқасында тапқан. «Айқап».

Ө

Өзбек/сарт тар. Ауыл халқының үштен бірі – өзбектер. Ауызекі тіл. Бұл там – Мәтмұрат сарттың ас қоятын сарайы. З.Шүкіров.

Өзге/өңге Абайды өзгеден өңге қылатын оның тағы бір ерекшелігі бар. Қ.Жұбанов. Өңгесі жоқ боп кетеді. Д.Досжанов.

Өзенше/өзеншік Ішерлік суды ауыл сыртындағы өзеншеден алады. «Соц.Қаз». Кішігірім өзеншіктерді бөгеп, жайлымды суғарады. С.Жұмабаев.

Өзеуре/өзеуле *сөйл.* Аты шөпке жақындаған сайын өзеуреп, ентелеп барады. Ғ.Мүсірепов. Өзеуленіп жау келсе, өлімнен қорқып қыңбас ең. Амангелді.

Өй/ой/үй/ей/эй Өй, еңкиген неме. М.Хасенов. Ой, өзі бал татиды. С.Бегалин. Үй, сенің мұның қалай? «Жалын». Ей, жігіттер, жігіттер, қару алсаң мылтық ал, жаяу жүрсең таяғың, қарның ашса тамағың. «Қаз.әдеб». Әй, бала, мұнда кел. «Жалын».

Өйдеме/үйдеме *сөйл.* Әкесінің баласы, өйдемесең еді. Р.Тоқтаров. Үйдемегенің дұрыс шығар. «Жұлдыз».

Өйт/үйт *сөйл.* «Өйтуге жарамайды» дегенге көндіре алмадым. С.Мұқанов. Үйтпесе іс бітіп еді. «Жұлдыз».

Өк/эк Өк – сиыр малын айдау үшін айтылатын сөз. Ауызекі тіл. Бас білген өгізге «эк» деген өлімнің қара басы. Мақал.

Өкпешіл/өкпеші *морф.* Өкпешіл болмау керек. Ауызекі тіл. Таныстарыңа болмайды деме, өкпешіні көбейтіп аласың. М.Дүйсенов.

Өксеу/аңсау Өзі емес өксегені, бүкіл жұрты, Бас тіккен соны сақтап қалуға аман. Ғ.Орманов. Үйіме міне келдім аңсап күткен. Қ.Мұқышев.

Өктем/өргек *морф.* Өзінен жоғарыларға қошеметшіл, төменгілерге өктем адам еді. Б.Момышұлы. Өскен ел өргек те өктем сөйлер болар. М.Әлімбаев.

Өктемде/өксімде *сөйл.* Олай болса өктемдеп, Алатауды бөктерлеп, бұдан да сырғып өтейін. Жамбыл. Ат үстінде тұрған солдаттар деміне нан піскендей боп өксімденді. Б.Майлин.

Өкіл/уәкіл Ауданның бір колхозына егін жинау көзінде өкіл боп кеткен. С.Мұқанов. Орыс тіл білімі уәкілдерінің еңбектерін ескеруіміз керек. К.Аханов.

Өкін/опын Сәті түспеуін қарашы, – деді ол шынымен өкініп. М.Иманжанов. Осындайда қалтасына кітап сала шықпағанына да опынды. Ө.Қанахин.

Өкініш/опыныс/опыныш *сөйл.* Өкініш өкпе қысты, Өртенді өзек ызаға. З.Қалауова. Отырған қызда опыныс көп. Мақал. Опынышы мен күдігі мол күндер, қатерінен шаттығы басым тартыстар сол жақта қалды. Х.Есенжанов.

Өкінішті/өксікті Өкінішті көп өмір кеткен өтіп, өткіздік бір нәрсеге болмай жетік. Абай. Бақтығұлдың есінде сайрап тұрған нелер өксікті күндер бар. М.Әуезов.

Өкіректе/өкіренде Болмастан өкіректеп ол тұрғанда, сесімді көрсетейін мен де бәлем. І.Жансүгіров. Жұмабай өкірендесе, Биғайшаның денесі мұздан қалтырап кетеді. Б.Майлин.

Өлусіре/өлімсіре Өлусіреген жүрекпен ақырын ғана иек қағудың орнына, ол сақылдап күліп еді. М.Әуезов. Жапырағы сарғайып өлімсіреп, Байғұстың кім тыңдайды жылағанын. Абай.

Өлік/өлет *морф.* Жапырақты сырғытып мүрдені ашқанда қап ішіне салынған өлікті көрді. К.Тоқаев. Кейде қорқақ, кейде өжет, кейде тірі, кейде

өлет. I.Жансүгіров.

Өлімтік/өлексе Енді бір сәтте жүргіншілер өліп қалған жылқылардың өлімтігіне кездеседі. Н.Ғабдуллин. Қара қарға қарқылдап, Өлексені жеп те жүр. С.Дөнентаев.

Өмір/ғұмыр Туған ел өмір сүрем ғұмырың боп. Р.Ниязбеков. Сұрау бір минуттық ұят, сұрамау – ғұмырлық ұят. Мақал.

Өмір-бақи/мәңгі-бақи Ол өмір-бақи ұмытпастай жақсылық жасады. Ауызекі тіл. Бұл – мәңгі-бақи естен кетпес оқиға. «Зерде».

Өмірбаян/өмірнама Ол өз өмірбаянын толықтырып жазып берді, Ауызекі тіл. Міне, сегіз қырлы жанның өмірнамасына тоқтау жасағандағы айтарымыз – осындай жәйттер. «Лен.жас».

Өмірлі/ғұмырлы Өмірлі бол, бақытты бол! Ауызекі тіл. Ана жүрегі қызының ғұмырлы болуын қалайды. Ә.Қалмырзаев.

Өнімді/өнікті *сөйл.* Айтыс жанры үшін аса бір өнімді жыл. К.Сейдаханов. Жұмағали – соғыс жылдарында өнікті еңбек еткен ақын. С.Мәуленов.

Өңею/өңі кіру Жеңем жүдеп, өзіңіз өңейіп қалыпсыз ғой, – деп қалжыңдады. К.Оразалин. Кенеттен өңі кірді жас баладай, Жүгірді түсе сала атқа қарай. И.Байзақов.

Өңкей/өңшен/өңшей Аш-жалаңаш қаңғырған, өңкей ғана балдырған. Б.Майлин. Балалардың үсті-басы тап-таза, өңшең жаңа киім киінген. М.Әуезов. Жарысып қозы қуып кететінбіз өңшей бір қара тұлым. М.Айтхожина.

Өңки/еңки Зор денесімен өңкііп келіп қарады. «Қаз.әдеб». Еңкиген неме, андағы бойыңмен баланың сыбағасын қалай қанағат тұтасың. М.Хасенов.

Өңі/қышылы *көне.* Басында өңі сыдырылған былғары пилотка. С.Мұқанов. Жаңа киген етіктің бірте-бірте қышылы кете бастайды. Диал.сөздік.

Өңі қашу/өңезу *морф.* Көңілдегі көрікті ой қағазға түскенде өңезіп, өңі қашып кетеді. Б.Соқпақбаев.

Өр/өргек/өргелең *жерг.* Ол көздегеніне жетпей тынбайтын өжет, өр, алғыр бала боп шықты. З.Серікқалиев. Өскен ел өргек те өктем сөйлер болар. М.Әлімбаев. Тарлан жолы өргелең – Тақсымы жоқ жабығар. Қ.Бекхожин.

Өректі/өрескі/өрепкі *сөйл.* Өректіген жүрегі үркектеп, лүп-лүп етеді. М.Сүндетов. Өрескіген жүрегін баса алмай келе жатқан. С.Мұқанов. Шаңырақ иесі бізбіз дегендей өрепкі күліскен. Б.Соқпақбаев.

Өрескел/өрескіл *сөйл./өрескі морф./өрелді көне.* Ашуы тараған соң, өзінің өрескел қылығына өкінетін. К.Тоқаев. Ордандап, өрескіл басып барды да, аяғын жапты. Ғ.Мүсірепов. Құлағын кесіп құнтитып, Іс қылып едің өрескі. Қамбар батыр. Ойында өрелдік жоқ. Мақал.

Өркениет/цивилизация Өркениет – белгілі бір қоғамдық-саяси формацияның қоғами, мәдени жағынан көтерілген сатысы, цивилизация. «Жаңа атаулар».

Өр кеуде/өкірік *сөйл./өктеуін сөйл.* Жиһанкездің сөзі өр кеуде байдың

намысына тиді. Ө.Тұрманжанов. Оның сөзі намысына тиген өкірік те күншіл, сараң бай әлгі диқанды алдырды. О.Тұрманжанов. Кім мына бір отырған, Балабас-ау, өктеуін? Т.Жароков.

Өрлеу/күрлеу көне. Малың бағып, егін сап, колхоз «Талап» өрледі. І.Жансүгіров. Жалшылардың тегін күші Нұралының қалтасына ақша боп құйылып, шаруасы тіптен күрледі. Е.Домбаев.

Өрлеуіт/өрлеу/өрлем жерг. Байтал өрлеуітке шыға алмай, қалжырай бастады. І.Жансүгіров. Машина өрлеу жерге келіп тоқтады. «Халық кеңесі». Машина өрлем жердегі мұздан жүре алмайды. Диал.сөздік.

Өршелен/өжелен жерг. Полканға бір кішкентай қанден ит келіп, өршелене үрді. Ы.Алтынсарин. Бұл бала бір жыласа, өжеленіп кетеді. Диал.сөздік.

Өрімдей/өндірдей Бәрі де өрімдей жас жігіттер мен қыздар. Ауызекі тіл. Өндірдей жастар футбол ойнаймыз. «Лен.жас».

Өспірім/өскін сөйл. Жас өспірімді мектеп қабырғасында тәрбиелеу мәселесі қызу талқыланды. «Қазақстан мектебі». Өзінен кейінгі жас өскіндер барын естен шығармаған абзал. «Білім және еңбек».

Өстіп/осылай етіп/үстіп сөйл. Өстіп жүргенде еңбек армиясына алындым. С.Жүнісов. Осылай етіп отыра береміз. Ә.Дүйсенбеков. Үстіп келіп жарасып кете беруші еді. Б.Майлин.

Өсімтал/өсімпаз морф. Өрген төлі есімтал, Еңбегі зая кетпейді. Н.Байғанин. Түйе жақсы көретін ащы шөптер өсімпаз келеді. М.Тілеуғабылов.

Өте/жүдә Metallургия заводы өте қолайлы жерге орнады. Ш.Мұртазаев. Жүдә, дұрыс бұл ақылың. М. Рахманбердиев.

Өтесін/өтеу/өтем Ал енді осы ненің орайы, өтесіні не болмақ. М.Әуезов. Әкеден көрмеген қамқорлықты осы кісіден көрді, өтеуі не болмақ? М.Дүйсенов. Істеген жақсылығының өтемі осы болмақ. «Егемен Қазақстан».

Өткіз/өткер Балаларды, қайықпен бергі жағаға өткізді. Ауызекі тіл. Қамалдың қиратылған көзін көзімнен өткердім. С.Мұқанов.

Өткінші/өткіншек сөйл./өктім морф. Төгілген нөсер таласып, Өткінші болып өтпес пе? Жамбыл. Ұлбосынға деген өткіншек сезімім болған жоқ. І.Есенберлин. Жер кеуіп, көк шыға күн күркіреп өктім-өктім жаңбыр құйды. І.Есенберлин.

Өтініш/өтіл морф. Театрға барайық деп өтініш айтты. Ауызекі тіл. Шілбике тағы да бір өтіл айтыпты. Т.Жармағамбетов.

Өшпенділік/өшпендік сөйл./өшпен морф. Қан толған көзімен өшпенділік оғын ата бір қарады. Ғ.Сыланов. Ежелден бергі өшпендігі бар. «Халық кеңесі». Өшпені бітпес дау үшін өртін шашар сол майдан. Қ.Бекхожин.

II

Па/ба Балық па? Жабайы аң ба? Ауызекі тіл.

Па/ба Па, шіркін! Қайтып келді маған жастық. Жамбыл. Ба! Шкафша

ішінен кәдуілгі кран көрінеді. Қ.Исабаев.

Пайдакүнем/пайдакер/пайдақор Қарашыоның пайдакүнем айласын. Қ.Бекхожин. Отан үшін күш аяп, мал қызғанба, пайдакерлік лайық дүр әрбір жанға. Б.Кенжебаев. Халық мұрасын көрінген пайдақордың талан-таражына салдыруға болмайды. А.Машанов.

Пайда/пайдалас *морф.* Кенет алдан ашық алаң пайда болды. М.Иманжанов. Осы қалаға пайдалас болғалы екі жыл. Шарипов.

Пайымда/байымда/текте/бағамда Жұрт сұлтан ыңғайын пайымдай алмады. С.Сматаев. Бөбегінің талабын әке де жақсы байымдап отыр. М.Иманжанов. Сөз мәнісін тектейді, сөз мәнісін білмеген, сөз түбіне жетпейді. Мақал. Борсықтың өзіне түкке қажеті жоғын да бағамдап үлгіргенді. М.Сқақбаев.

Пақыр/бақыр *сөйл.* Оп-оңаша қалыпты екі пақыр, шермеңделер. М.Әуезов. Анаң бақыр сағынды бек, Шалғайдағы шырағын. Т.Әлімқұлов.

Палау/балау *сөйл.* Палау – өзбек халқының сүйікті асы. Ауызекі тіл. Бедене пісірген балаудағы күріштің дәндері езілмеген түйіртпек қалпында жүр. С.Мұқанов.

Паңсы/паңқы *сөйл.* Паңсып жуықмандағыны менсінбеген сыңай танытты. «Жұлдыз». Мына кәржік мұрын қалай паңқып тұр. Ә.Нұрпейісов.

Пара/пәре *сөйл.* «Сыбаға» деп, «жол» деп, мол параны бадырайтып алып жатады. М.Әуезов. Бес пұт бидайды пәреге беріпті. «Әдебиет және искусство».

Парақ/барақ *сөйл.* Бір парақ қағаз қолынан түсіп кетті. Ө.Тұрманжанов. Блокноттың бір барағын жыртып тастады. Б.Тоғысбаев.

Парапар/барабар Әзірге мұз ерімейді деген тұжырыммен парапар. А.Мекебаев. Сұрап ішкен тамағың су ішкенмен барабар. Мақал.

Парасаткер/санагер Маскүнемдік туралы арғы-бергі кезеңнің парасаткерлері, санагерлері (мыслитель) айтқан ұлағатты ойларын келтіруді жөн көремін. «Білім және еңбек».

Парла/барла *сөйл.* Ащы таяқ тиді етіме, парлап жасқа екі көз. С.Машақов. Көзінен жасы барлай бастады. Ғ.Мүсірепов.

Паршала/боршала/бақшала *сөйл.* Паршалап жырты. «Алматы ақшамы». Етті кесіп, боршалап жайды. «Жетісу». Болатбек қу бөренені бақшалап жарып, рет-ретімен бөлшектей бастады. Ж.Жұмаханов.

Парша-парша/пәрше-пәрше *сөйл.* Ең кемел ойлары түсірілген қағаздардың парша-паршасы шықты. «Жалын». Көшірген қағаздарымды пәрше-пәршесін шығарып жыртып тастадым. Ә.Дүйсенбаев.

Парық/барық *сөйл.* Айыра білер ел-елдің ақ пен қара парығын. Жамбыл. Әлде неге елігіп алған Баян баласының сөзін барық қылмай сөйлей берді. Т.Нұртазин.

Пәкене/бәкене Тәуіп пәкене ғана шал екен. Д.Досжанов. Шағын денелі бәкене жігіт. Т.Әлімқұлов.

Пәле/бәле Басына пәле шақыратын бәтуа бұл. Д.Досжанов. Қой, мен ондай бәлеңе ұрына алмаймын. Ғ.Мүсірепов.

Пәлекет/бәлекет Соғыс тілеп жүрген пәлекет те. Д.Досжанов. Суында

карғалының ауыз ашты, бір бәлекет халыққа душарласты. Жамбыл.

Пәлен-түген/пәлен-пәштуан Пәлен-түген деп ештеме айтпады. Ауызекі тіл. Әйтеуір пәлен-пәштуан деп, ғылым мен оқудың түбіне бойлайтындай Алматыда орын тауып қалып қойды. К.Сегізбаев.

Пәлсапа/пәлсафа *орф.* Өзің пәлсапашыл-ақсың, материалист емеспісің? З.Қабдолов. Оның шатағы мол пәлсафасы тыңдаушыларын абдыратты. «Жалын».

Пәни/фәни *орф.* Бұл пәни дүниенің күйкі тіршілігінен алыстаған. Ш.Мұртазаев. Бейшараға бұл фәниден ұзақ дәм-тұз бұйырмаған. Ш.Мұртазаев.

Пәтер/бәтер *сөйл.* Пәтер жалдап тұрып, қиындық көрді. Қ.Тайшықов. Біржанға бәтер беретін болыпты. Ғ.Мүсірепов.

Пәтуа/бәтуа Бұл сөйлесуде не пәтуа барын ол да аңғарған жоқ. З.Қабдолов. Бәтуалы сөздеріне мән берді. «Лен.жас».

Пейіш/бейіс *сөйл.* Ондай пейішке бармай-ақ қояйын. Ғ.Мүсірепов. Бейістен шығып келмесе, бұл жалғанда хор қызы. С.Сейфуллин.

Пен/пенен Тақ пенен жұп, жақсылық пен жамандық болды сегіз. Абай.

Пенде/бенде *сөйл./бәнде кітаб./пәнде жерг.* Пенде үшін мұнан өткен бақытсыздық жоқ. Ө.Қанахин. Әйелді оқыту зарарлы дескен бенде әлі көп. «Айқап». Өмірінде бәнде болып басы сәждеге тимеген. Қ.Қуанышбаев. Сөйлейді әр алуан пәнде ағасы, жыласа қабыл болар көздің жасы. О.Кертағыұлы.

Пендешілік/бенделік *сөйл.* Бәрі пендешілік қой, балам. Ж.Арыстанов. Бенделіктің толықтығы әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние ойран болса керек. Абай.

Перзентхана/бөбекхана Толғақ қысқан әйелді перзентханаға алып кетті. «Қаз.әдеб.». Бөбекхана – әйелдер босанатын үй. «Лен.жас».

Пиала/пиалай Ұсынды қолындағы пиаланы, Көздерін күн сияқты күлімдетіп. Рүстем Дастан. Ол екі пиалай шай ішті. «Жетісу».

Пиғыл/биғыл *сөйл.* Жасытып кетпек пиғылдағы емінінің жағасынан ала түскен. Д.Досжанов. Соның биғылы дұрыс болмады. «Қаз.әдеб.».

Пияз/жуа/бияз *сөйл.* Пияздың емдік қасиеті бар. Ауызекі тіл. Маңайдан жуаның, жас шөптің иісі келеді. М.Әуезов. Шығыс халықтары биязды тамаққа көп жаратады. «Қызыл ту».

Планета/ғаламшар *поэз./нысан қарап.* Жер планетасы күнді айналып, күннен жарық, жылылық алады. Астрономия. Жер жаным, ғаламшарым, сиқыр күшің, шұғыла табиғаттың сыйысың ғой. «Қаз.әдеб.». Күнді айналып жүретін аспан денесі планетаны нысан деп аударғандар бар. «Қаз.әдеб.».

Плюш/бүліш *сөйл.* Қол құрағы плюштей, суы мөлдір күмістей. С.Мұқанов. Кесте басқан көк бүліштей. С.Бегалин.

Порым/пішім/пошым Сырт порымының өзі көзге ерекше тартымды. Ө.Қанахин. Дене пішімі дәл келгенмен, сөздері сәйкес емес. Ө.Дүйсенбеков. Іннен шүкшиған оқжыланның пошымынан шошыдым. С.Сматаев.

Пұл/бұл *сөйл.* Кім берер ақ теңгесін бақыр пұлға. Айтыс. Бұл жіберді қалаға. Қыз Жібек.

Пұт/бұт сөйл. Оң бір мың пұт астық тапсырды. «Лен.жас». Базардан бір бұт астық әкелді. Түсіндірме сөздік.

Пұшық/бұшық сөйл. Сыпайы сырын жасырмас, пұшық мұрнын жасырмас. Мақал. Жапырайған қара бұшық құман. С.Сейфуллин.

Пырдай/бырдай Пырдай болып алмалар жерде шашылып жатыр. Ә.Дүйсебеков. Бырдай болып жайылып жүрген мал. «Лен.жас».

Пырт-пырт/бырт-бырт Пырт-пырт омырылған сүйектерге шүйліге тиіседі. «Жұлдыз». Қара жердің қыртысы бырт-бырт сөгілді. Ғ.Мұстафин.

Пырылда/пырла морф. Торғай пырылдап ұшып жүр. «Балдырған». Көкке қарай зырлайды, Қанатын сілтеп пырлайды. Қашаған ақын.

Пыс-пыс/пыш-пыш Ол пыс-пыс ұйықтаған баланың қасына келіп, айналып-толғанып тұр. Ғ.Мұстафин. Пыш-пыш етеді, бірақ ұйықтаған баланың түрі емес. Т.Ахтанов.

Пысықсу/тидақшу көне. Мына бір пысықсыған біреу қайдан келген? С.Адамбеков. Бағиланың бір жұмысты істегенде тидақшып қоймай істейтін әдеті бар. Синонимдер сөздігі.

Пысына/бысына/бықына Күпі іші ыстық, пысынап терлеп барады. З.Қабдолов. Қапырық үйден бысынап сыртқа шықты. «Жалын». Тұмшаланып алыпсың, бықынап кеттің ғой. Д.Еркінбеков.

Пытырла/бытырла Буын-буыны пытырлап қоя берді. А.Мекебаев. Саусақтарын бытырлата қысты. «Лен.жас».

Пышылда/пысылда Мұрны пышылдап тәтті ұйқыда жатқан. Ә.Тәжібаев. Бала төсегінде пысылдап ұйқтап жатты. Ауызекі тіл.

Підия/педия сөйл./ысқат көне. Молдаға підиясын берді. Ауызекі тіл. Қасық қаным берейін өз қолымнан, педиямды алып мақсатқа жетші, молда. С.Торайғыров. Ысқатты тәртіп бойынша кедей адамдар алуы қажет. Ж.Молдағалиев.

Пікірсайыс/дискуссия Егемендік жөніндегі декларацияға арналған пікірсайыста (дискуссияда) біз мемлекеттілік туралы мәселеге тым көп күш жұмсадық. «Алматы ақшамы».

Пікірталас/диспут Жас ұрпақ проблемасына қатысты пікірталас (диспут) материалдары баспада жарияланып жүр. «Зерде».

Пірадар/бірадар сөйл. Пірадар-ау, мен жалғыз аттылы кедеймін. Д.Досжанов. Биесін жоғалтқан бірадар жарықтық. «Жұлдыз».

Піскен/пісі Біткен іске сыншы көп, піскен асқа жеуші көп. Мақал. Ас қатық – тұзды құрт, сүзбе т.б. жасалатын пісі ас. «Мәдениет және тұрмыс».

Піспек/піскек Мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піспегі. Мақал. Піскекті саба сары қымыз жанымды сонымен сыйлады. Дастандар.

Пітір/бітір сөйл. Пітір бер мерзімінен қалдырмастан, Оразаның сауабын, жаным, жайма. С.Торайғыров. Бітір – ораза айында жан басына алынатын діни садақа. «Қазақ елі».

Р

Рабайсыз көп/епей көне. Отты суды рабайсыз көп ішу неше түрлі

қылмысқа итермелейді. «Жас алаш». Ол қымызды епей ішетін кісі еді. Диал.сөздік.

Рабат/рабада Диуан сарайы қонақтар жататын рабаттан әжептәуір. кашық болатын. І.Есенберлин. Рабада қала сыртында. Д.Досжанов.

Разы/риза/ырза Біз разы болдық. Ғ.Мүсірепов. Жақып жолдас, сізге риза болдым. Б.Майлин. Жолдасы кедейліктің ұйқы мырза, ерте жатып, кеш тұрса болады ырза. И.Байзақов.

Разылық/ризалық/ырзалық Бәрінің де бет-ажарында разылықтың белгісі бар. С.Мұқанов. Қыздың өз ризалығы болған ғой, сірә. Ғ.Мүсірепов. Ырзалық, бойсынған шарты да бар. Б.Майлин.

Рақат/рахат *орф./райыс жерг.* Михнат болмай, рақат болмас. Мақал. Лебіңнен кенет рахат таптым, жаным. «Жұлдыз». Үйіне барған сайын қонақ етед, Келіннен көріп жүрмін көп райыс. Н.Байғанин.

Рақаттан/жырға Суына рақаттанған адам мен мал, Жемісі неше алуан шекер мен бал. С.Адамбеков. Жаңа бастық келіп, жақсы айлық алып, жырғап қалдық. «Советтік шекара».

Рақым/рахым *орф.* Бізге жанашығыштығын білдіріп рақым етті. Ауызекі тіл. Ата-анаға рахымды болсын деп, атыңды да Рахым қойып едім. Дала қырандары.

Рақымды/рақымшыл Ол жетім-жесірге рақымды адам екен. Қазақ ертегілері. Бұл жігіттей рақымшыл жігіт кездесе берер ме маған. А.Тоқмағамбетов.

Рамазан/рамадан Жыл сайын рамазан айында 30 күн ораза ұсталады. А.Құрманғалиев. Жылдың ең ыстық айы рамаданда күндіз жұмыс істеу өте қиын. Қ.Шүлембаев.

Расуа/рәсуа *орф.* Көтере алмай құлап кетіп, тағам расуа боп жүрмей ме? З.Шашкин. Мұнша дүниені рәсуа ету – жөнсіздік. «Мәдениет және тұрмыс».

Расытхана/обсерватория Армениядағы Бюрокан расытханасы (обсерваториясы) әлемдегі ең үлкен объективтік призманы қолдану арқылы көптеген беймәлім жайдың бет пердесін ысырды. «Білім және еңбек».

Рауғаш/рауаш Рауғаш – қаракұмық тұқымдас көп жылдық шөптер тәріздес өсімдік. С.Сұбханбердин. Жаз сұлуындай майысқан рауаш. І.Жансүгіров.

Рахмет/рақмет/рахымет *орф.* Рахмет, жаным, келіп тұр. «Жетісу». Қошемет білдіргендерге рақметін айтты. «Лен.жас». Сонда да бір рахыметін жоқ. «Жұлдыз».

Рәсім/ресім *сөйл.* Құдайы мейманды қондырмау – қазақта жоқ рәсім. Ж.Өмірбеков. Бота сою, әрине, қазақ ресімінде жоқ. Т.Әлімқұлов.

Редактор/мұхаррир *кітаб.* Ол біраз уақыт «Үгітші» журналының редакторы болды. Ауызекі тіл. Ол – «Қазақ» газетінің мұхаррирі. А.Байтұрсынов.

Резина/резинка Дұспан резина көпірмен бергі бетке өтуге ыңғайланды. Ә.Бектемісов. Директор Дәулетханға резинка етік лақтырып еді. С.Хайдаров.

Ренжу/шитку *жерг.* Зина жақтырмай, ренжіп сөйледі. Т.Нұртазин. Нұрекең көңілінің шиткіп қалғанынан аз да болса сейіліп, арылғандай еді.

Б.Қыдырбекұлы.

Рендес/еліптес Сақал, шашы бір рендес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қояды. М.Әуезов. Ханша әкесі Қарауыл қожаға еліптес. Б.Аманшин.

Реңсіз/күдеусіз Титай реңсіздеу болса да мінезді, ақпейіл жігіт еді. «Советтік шекара». Мен бірақ реңсізбін, күдеусізбін. М.Мақатаев.

Реңі/репеті Реңі байсалдылықты аңғартты. Х.Есенжанов. Ханшаның репеті әлдеқайда жұқалаң да нәзік. Б.Аманшин.

Ресми/рәсми *сөйл.* Сенаттағы ресми басшылар да мұнымен санасатын. С.Жүнісов. Жұлдыз ғана салқын да маңғаз рәсми қалып сақтап қалды. М.Сатыбалдиев.

Ресторан/мейрамхана/думанхана *сөйл.* Рестораны таңға дейін жұмыс істейді. «Лен.жас». Мейрамханада той өткізетін болды. «Алматы ақшамы». Жүз орындық тағы екі думанханасы бар. Ж.Исмағұлов.

Рет/мәрте Ол үйіне екі рет барып келді. Ауызекі тіл. Ол ақырғы мәрте салауат жасап, тағзым етті де, сарайдан шығып кетті. Д.Досжанов.

Реті/ұтыры/мәуріті *кітаб./ығыты жерг.* Егер ісім өнсін десең, ретін тап. Абай. Ұтыры келсе экспедитор да бола салады. Б.Тоғысбаев. Оның мәуріті келді. Мың бір түн. Бұл бір реті келген іс болды. «Соц.Қаз». Бір сөздің ығытында жігітті шымшып алды. Т.Әлімқұлов.

Ретінде/бағдында *кітаб.* Сыйлық ретінде жіберген затын табыстады. «Жалын». Сәлем бағдында айтар сөзіміз ұстазым кеше зауыттық үлкен қызыл мектебіне әкеліп түсірді. Ғ.Мұстафин.

Ризық/рызық/рыздық *сөйл./ырзық сөйл.* Астық – отан байлығы, ел ризығы деп бекерге айтпаған. «Соц.Қаз». Құдай ризықсыз ешкімді жаратпайды. А.Мекебаев. Алыңдар, жеңдер табиғаттың берген риздығын. М.Рашев.

Рұқсат/ұрықсат/ұлықсат/лұқсат Маған 4–5 күнге рұқсат бер. Б.Майлин. Ұрықсат етсе бірге бармақ. Б.Соқпақбаев. Тысқа лұқсат сұрап шығамыз. С.Сейфуллин. Ел қазағы ұлықсат сұрап кіретін. Ә.Нұрпейісов.

Рұқсатсыз/лұқсатсыз *сөйл.* Рұқсатсыз ешкім кірмесін. Ауызекі тіл. Сарыбала Әділовтің кабинетіне лұқсатсыз кірді. Ғ.Мұстафин.

С

Сабаз/шабаз *жерг.* Уа, данышпан сабазым, езілгенді теңедің. Жамбыл. Аты әйел кейбір шабаз еркек тайлас, Жігіттен пәнері артық қыз да болса. Н.Шыршығұлұлы.

Сабак/дәріс Жақсы үлгіріп сабақты жаңа кітап ашамыз. Ғ.Орманов. Сәкен аға бізге дәріс оқыды. М.Қаратаев.

Сабыл/сарпылда Олар үш күн сабылып, қызды таба алмай, қалжырап қайтты. Ә.Нұрпейісов. Отыз құлы таусылды табанынан, су төгіп таң атқанша ол сарпылдап. Абай.

Сабынсу/шампунь/сұйық сабын *қарап.* Ғалымдардың көмегімен «алтын тамыр» деген атпен кеңінен танымал сабынсу (шампунь) өндіру ісі

жолға қойылды. «Алматы ақшамы». Қызғылт радиола түнбасы қосылған сұйық сабын өндіріле бастады. «Зерде».

Сабыр ет/сабырла жерг. Сабыр еткеніміз жөн. «Қаз.әдеб». Халайық, аздап сабырлаңыздар. Ғ.Мүсірепов.

Сабырлылық/сабыршылық Емдеу ісі дәрігерден сабырлылықты тілейді. Ш.Көшербаев. Мезгіл жоқ ауруға да енгітетін, жөн де жоқ сабыршылық етілетін. Х.Ерғалиев.

Саға/сағалық Сүңгіні сағасынан қанға малып, ұмтылды кек құмарын қандыруға. Қ.Жұмалиев. Мықты қолдары ғана автоматтың сағалығынан қыса түседі. Ә.Нұрпейісов.

Сағана/мавзолей «Мавзолей» атауының «сағана» деген атауы бар. «Ана тілі».

Сағыздан/сағыздал Нағыз шайырдың өзі сағызданып қалады. Алғы шепте. Баласының аузынан сағыздалған бірдеңені алды. Н.Қазыбеков.

Садаға/садақа Садаға мен садақа сөздерінің әрқайсысына мағыналық реңк үстемелеп, қатар қолдана бастадық. Сөздің жарыспа тұлғалары.

Садағасы/нәрізі көне. Мал – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы. Мақал. Жан – нәрізі арымның, Өлімнен қорқу мін бойға. С.Бегалин.

Сазай/саза/шүр жерг. Одағай сөйлегені үшін әйелінің сазайын берер еді. М.Гумеров. Ат қадірін білмесең, жаяушылық берсін сазанды. Мақал. Таңға дейін жатпайтын болсандар, ертең шүрлерің дайын. Қ.Қазиев.

Сазар/саздан Шернияз үнсіз, сазарып отырса да, айтар сөзі әзір екен. Ә.Әбішев. Үйге тату құрбың келсе кіріп, Сазданба сен қабақпен имендіріл. Абай.

Сазды/саздак/саздауыт Өзенге жақын сазды жер бар. Ауызекі тіл. Жаңбыр қатты жауыпты, жолдың саздақ жері көп. Ж.Өмірбеков. Қамыс, құрақ ескен саздауыт жағада киіз үйлер тұр. М.Жұмағұлов.

Сайдак/сайғақ жерг. Ақырет шақ таянып, Сайдақ қылар найзаны. С.Баймолдин. Басына сайғақ етіп бір таяқ шанышқан жалғыз мола екен. Ғ.Ахметов.

Сайдауыл/сайдауыт Ереулі найза қолға алған сайдауыл жігіттер аттанып бара жатты. Ж.Мусин. Шөмеле салып жүрген сайдауыт жігіттердің қайсысынан да қалысар емес. Ж.Тілеков.

Сайқал/сайдақы жерг. Құлағымнан келіншектің сайқал күлкісі кетпейді. О.Бөкеев. Түлкі – сайдақы, қу, аю – аңқау, алаңғасар ретінде сипатталады. Қ.Сиранов.

Сайқалдан/сайқылан сөйл. Сағира сайқалдана күліп тосып алды. Қ.Сатыбалдин. Қара қатын сайқылана күліп кеп Еламанның алдын кескестеді. Ә.Нұрпейісов.

Сайлы/сайлау Сайлы жерді жағалап, Көктөбені беттеді. Жамбыл. Сайлау жерге келгенде тартынып қап, Мұрныңды тұрар ең, жыртып қана. Медел қожа.

Сайыпкер/саяпкер сөйл. Сайыпкерлер жүйріктің бабын қарап, сынап өтіп барады жонын тарап. С.Керімбеков. Әзімхан атақты сыншы,

саяпкерлердің бірі болатын. Б.Момышұлы.

Сайыскер/сайысшы Шпагадан біріншілікке қатысқан сайыскер. «Лен.жас». Сайысшылардың көбі ұзын бойлылар. Қ.Найманбаев.

Сақи/шүлен көне. Сақидың қай уақытта алды ашық, Саран кісі жүреді асып-сасып. М.Әшірбекұлы. «Батырың» енді ірі бай – мырза, шүлен. Байлығын есептеуге қатар сілең. С.Сейфуллин.

Сақпан/сақман Бір топ бала сақпан кезіндегі қауыртта жәрдемге келді. Ә.Бүркітбаев. Содан кейін барып сақмандарға бөлінеді. Қ.Серікбаев.

Сақтағыш/сақтауыш морф. Көгеніс сақтағыш қоймасы бар. «Алматы ақшамы». Колхоз бен совхоздың мұз сақтауыштарының көлемі қандай? С.Сейітов.

Сақтай гөр/сақтағыл жерг. О, жаратқан ием сақтай гөр. «Жұлдыз». Сақтағыл, Алла, біз құлды. Батырлар жыры.

Сақталатын/сақталмыш Ұзағыраққа сақталатын көгөніс. «Жетісу». Меніңше, астықтың өзі – мәңгі сақталмыш азық. Х.Ерғалиев.

Салауатты/салуалы жерг. Ақыл-парасаты мол салауатты азамат. Ауызекі тіл. Ауыр мінезді, ойлап сөйлейтін салуалы Әбдірахманды әмір сыйлайтын. Х.Есенжанов.

Салауаттық/салауаттылық Алькоголь ішімдігіне бой ұрмаушылық мағынасын білдіретін орыс тіліндегі трезвость сөзін салауаттық немесе салауаттылық деп аудара бастадық. «Қазақ тілі мен әдебиеті».

Салғылас/тәжікелес Ол ешкіммен салғыласып, бет жыртысып көрген емес. «Соц.Қаз.». Жасы үлкен адаммен тәжікелесу әдептілік емес. Ауызекі тіл.

Салғырт/салғыр сөйл. Оның сөзін салғырт тыңдады. Ә.Нұрпейісов. Қызғанша айғай шығып едім салғыр. Айтыс.

Салдақы/салдаман жерг. Салдақы келіннің бұзықты асырап жүргенін бәрі біледі. Х.Есенжанов. Ол кімнен қалмаған салдаман. С.Жүнісов.

Салпақта/салпанда Күні бойы тыным көрмей салпақтап, шаршап-шалдықты. Ауызекі тіл. Құр салпандап бай үшін көп сандалдым. Д.Әбілев.

Салық/дәлық көне. Салықты төлей алмады. «Қаз.әдеб.». Жоқ, малға қарамаймын, дәлық жинап жүрмін. «Айқап».

Салып/сап Қалтаңа салып ал. Ауызекі тіл. Тарпа бас сап жығып алуға басы босамай жүрген Қаратай қызды екі бүйірінен кезек-кезек төмпештеді. А.Жүнісов.

Салыстыр/салғастыр сөйл. Бір нәрсеге салыстыра сұрап жатыр. Ғ.Мұстафин. Ылғи салғастыратыны жүні, еті, жайлымға сергек, қысжанды, таушылдығы. С.Бегалин.

Сама/шамба жерг. Шайдың самасын аузына салды. «Жұлдыз». Аққұмандағы шамба ақ судың түсін күреңітуге әзер күші жетеді. Т.Ахтанов.

Самарқау/марқау сөйл. Табиғатты қорғау ісіне самарқау қарайтынымызды айқындай түседі. С.Мәуленов. Ол Бейльдонның марқау шыққан сылбыр да шұбалаң сөзін тыңдады. М.Қаратаев.

Самаурын/самауыр Сары самаурын да быжылдап келіп қалды. Б.Жамалов. Самауырға қайталап от салды. М.Иманбаев.

Самдағай/шамдағай жерг. Оның қимылы самдағай. «Қаз. әдеб». Шамдағай қимылмен сатыны самолеттің ернеуіне дік еткізді. С.Бердіғұлов.

Самға/замға сөйл. Төрт көгершін самғап ұшып еркін шарықтайды. Ғ.Орманов. Қарқындап замғаушы едім тоқталмастан. И.Байзақов.

Самса/самсы сөйл. Оң жақ қапталдан ағызып келе жатқан самсаған қолды көрді. І.Есенберлин. Тау беткейлерін қаптай өскен қарағай, қайың самсып тұр. Р.Райымқұлов.

Санаулы/санамалы Елдің көшуіне санаулы-ақ күн қалды. А.Хангелдин. Өз арамыздан санамалы сыншылар ғана сөйлейді. «Қаз.әдеб.».

Санауыш/счетчик кітаб. Санауыш – газды, электр энергиясын есептеуге арналған құрал атауы счетчиктің дәл баламасы. «Қазақстан мұғалімі».

Сандал/сандақта сөйл. Вокзал басында сандалып жүріп-жүріп қайтып кетеді. Ә.Тарази. Көшеде жығылып-тұрып сандалақтап жүргендер көп. Ғ.Мұстафин.

Саңғырла/саңғыра Жым-жырт отырған қалыпты саңғырлап сөйлеген әйел даусы бұзып жіберді. Ж.Жұмаханов. Оның даусы саңғырап шықты. Қ.Қайсенов.

Саңлақ/сандақ сөйл./сайдақ сөйл. Қазақы жылқыдан алуан түрлі саңлақ шыққан. Ж.Орманбаев. Бәйгіден күнде келген ол бір сандақ. Ақан сері. Шығыпты талай сайдақ жұлқынысып. К.Райбаев.

Саңырауқұлақ/кереңқұлақ Екеуміз орманнан саңырауқұлақ теруге барғанбыз. М.Серсекеев. Кереңқұлақты тағамға жаратады. «Жалын».

Сапиян/сақтиян Қызыл сапияннан тысталған креслоға ардасын тіреп шалқая береді. З.Ақышев. Өзі аяғына қызыл сақтиян етік киген. Х.Есенжанов.

Сара (жол)/сараман жерг. Партияның сара жолына кіршік келмеу үшін аянбай күресуде. Ш.Өтепов. Адамға адаспай жүретін сайраған сараман жол керек. Ө.Тұрманжанов.

Саранау/сүтті сиыр «Сүтті сиыр» деп, сөз тіркесімен берілген ұғымның «саранау» аталатын қысқа да нұсқа атауыш варианты бар. Сөздің жарыспа тұлғалары.

Саран/сырдан/пес/бақыл жерг./сарамжал жерг. Бір бақыл бай бар екен сараң болған, есігіне еш кедей бара алмаған. XX ғас.бас.қаз.ақын.шығ. Болмаса кім сыйлайды сендей песті. Айтыс. Түзде мырзаң, үйде сырдаң, сөзі қылжаң еркесің. Абай. Талай сарамжалды балқытқан Сүйінбай мен боламын. Диал.сөздік.

Сарапшы/эксперт Белгілі бір істің, мәселенің қаралуында дәл, соңғы тұжырым беруші маманды сарапшы (эксперт) деп атаған қисынды. «Соц.Қаз.».

Сарбаз/шерік көне./аламан көне. Амангелді сарбазы алып кетті жеркөкті. О.Шипин. Енді біразда қарулы шеріктер биік алаңқайға шығарылып жатты. Ә.Хасенов. Қара Мәмбет залымның аламаны көп еді. Н.Байғанин.

Сарбуын/сарық Кейбір төлдер сарбуын ауруына шалдығады. Х.Арғынбаев. Аяғының бір жерінің сарығы сыздағанын сөзді. Ә.Сараев.

Сарғайыңқыра/сарғаянда морф. Шөп сарғайыңқыраған. «Қаз.әдеб». Бетеге, селеу сарғаяндап, дала жүзі қуаң тартқан. Х.Әбішев.

Сарғылт/сарғыл сөйл. Алып еменнің сарғылт жапырақтары көрінеді. Қ.Қайсенов. Көкжиек енді-енді ғана сарғыл реңдене бастаған. Н.Ғабдуллин.

Сарғылттан/сарғыштан/сарғаянда Күзге қарай шөп сарғылттана бастаған. «Лен.жас». Егіннің алды пісуге жақындап сарғыштана бастаған уақыты еді. Ғ.Қайырбеков. Айналаға көз жүгіртсек, бетеге, селеу сарғаяндапты. Х.Әбішев.

Сарқы/сарық Сиырдың емшегін сарқып саумағансыңдар-ау. С.Алдабергенов. Аян рюмкадағы шарапты сарықты да, отырып қалды. Қ.Ысқақов.

Сарқ-сұрқ/сарқ-сарқ Самауырлар қақпағын көтере сарқ-сұрқ қайнап, екі иінінен дем алады. С.Жүнісов. Есік жақтағы төрт үлкен қазан сарқ-сарқ қайнайды. Ғ.Мүсірепов.

Сарқынды/сарқыншақ/сарықпа жерг. Жауынның сарқынды суы. «Жетісу». Шәйнектің түбіндегі суды сарқыншағына дейін қалдырмай радиаторға құйды. Ә.Әзиев. Шай жиылды, сарықпа да сұйылды. Қ.Жармағамбетов.

Сарсыл/сарыл Жеңсехан түні бойы жалықпай шам алдында сарсылып отырып алды. С.Қамбаров. Жауды жеңіп жан жарым, тезірек қайт сағындым, саған құрбан жас жаным, сағынумен сарылдым. Ф.Дінісламов.

Сасып калу/татырау көне. Айтқан уақытында бара алмаймыз ба деп, сасып қалды. «Жас алаш». Әркім де қалды татырап, Уақиға болды қауыста алдында өтті ақырап. Қашаған ақын.

Сатпақ/сатал Ақбике баласының бетінің сатпағын да жумай, күлді-көмеш күйінде жіберетін. Н.Қазыбеков. Ол жылдам еңкейіп, сатал сары қағазды жұлып алды. Ш.Мұртазаев.

Сатқын/сатымсақ морф. Достарыңды қалдырып, сатқын болып келдің бе? Ж.Қашқынов. Сатымсақ ардан кешкен арзан ақын болма. М.Әуезов.

Сатушы/сатарман морф. Ол азық-түлік дүкенінің сатушысы. Ауызекі тіл. Сәнді жабдықпен жарақтанған мұндай базар комплексі сатарманға да, сатушыға да өте жайлы. «Соц.Қаз.».

Сауалдама/сұраулық/пікіртерім сөйл./анкета кітаб. Сауалдама қорытындысы бір айдан кейін газетте жарияланды. «Соц.Қаз.».

Сұраулықтарды жиналғандарға таратып, толтыруын өтінді. «Лен.жас».

Әскери қызметкерлердің 30 пайызы алғашқы пікіртерімде қолдау көрсетті. «Халық кеңесі».

Сауап/рауа/зауал сөйл./сұбап сөйл. Екі досты қосқанның сауабы бар, дос арасын ашқанның обалы бар. Мақал. Әбеудің жауыз екені рас, оған не істесек те рауа, – деді. С.Мұқанов. «Әр пәлеге бір зауал» деген осы! Әлі де жазасын берер. С.Сейфуллин. Би-еке, тағы келді ғой байғұс. Сұбабын ал. Ғ.Мүсірепов.

Саудагер/сәудегер сөйл. Онда саудагерлер мен байлар түседі. Ғ.Мүсірепов. Сен баяғының бақалшы сәудегерінше сөйлейсің. М.Тиесов.

Сауық/сақай/райлан жерг. Темір біржола сауығып келді.

Ә.Нұршайықов. Ауруынан аман-есен сақайды. «Лен.жас». Әкесінің өңі кіріп, райланып қалыпты. «Әдебиет және искусство».

Сауықшыл/сауыққой Олақ қатын оймақшыл, Салақ қатын сауықшыл. Мақал. Ауыл жастары сауыққой. «Еңбек туы».

Саябак/сквер *кітаб.* Саябақ – елді мекендегі кішігірім қоғамдық бақ (сквер). «Қазақстан пионері».

Саябырсы/сабырсы *сөйл.* Институт маңындағы адамдар саябырсып қалды. С.Жүнісов. Күтпеген жерден айнала біраз сабырсығандай болды. Б.Момышұлы.

Саяжай/дача *кітаб.* Саяжай – қала сыртындағы жаз айларында тұру үшін салынған шағын үй (дача). «Жаңа атаулар».

Саяз/саян/сайыз *сөйл.* Біресе оны тереңге батырады, біресе саязға шығарады. Т.Нұртазин. Әріректегі саян тұстан екі киіз үй көрінді. С.Мұқанов. Сайызға толқын кемеңі лақтырады. Қ.Жұмалиев.

Саяздау/сайыздау *сөйл.* Көлдің саяздау шетінде суға шомылғандардың көптігі сонша, көз тұндырады. Е.Мырзахметов. Бізге сайыздау жағалауы жетеді. С.Сарғасқаев.

Саятшы/саяткер Сен бүркіт бола қалсаң мен саятшы. Айтыс. Найманда ол – дария саяткерім, балық боп ілінемін қармағына. Сара.

Сәби/шақалақ *жерг.* Қара көз сәби бөбегім. Жамбыл. О, ханым, мен сені шақалақ күніңнен білем. Т.Бердияров.

Сәйкес/сай Жыл мезгіліне сәйкес атқарылар шаруашылық жұмыстар бар. «Түрік әлемі». Ақылына сөзің сай, Сіз жалын шоқ, біз бір май. Абай.

Сәлемдеме/сауқат *көне.* Бұл – дос қызының беріп жіберген сәлемдемесі. Ауызекі тіл. Біздің қолымыздан дәм татсын деп, сізге азғана сауқат жібердік. С.Омаров.

Сәлемет/саламат *сөйл.* Сәлем айтса, өздері де сәлемет болсын. М.Дүзенов. Саламат болсақ, түс қайта ауылда боламыз. Ғ.Сыланов.

Сәлеметтік/саламаттық Одеколон сен емес, сәлеметтікті сақтауға жатады. І.Жансүгіров. Соларға саламаттық тілейік. Н.Ғабдуллин.

Сәнгер/модельер *кітаб.* Оның жұбайы – қаламыздағы атақты сәнгер (модельер). «Жас алаш».

Сәресі/сахар Таң атып келе жатқанда сәресін ішті. Ауызекі тіл. Кәрібай молда сахарын ішіп, таң намазын оқыды. Б.Майлин.

Сәтте/пәсте *жерг.* Сәтте орындап шықты. «Жалын». Қалған жерді бір пәсте тазалап тастадық. Ә.Дүйсенбеков.

Сәті/қырпуы *көне.* Оның сәті түспеді. Ауызекі тіл. «Қырпуын тауып ұр» деген мағынада айтылады. С.Қасиманов.

Сәуегейлік/сәуегөйлік *сөйл.* Ғылыми сәуегейліктен әрі аттап баспады. «Соц.Қаз». Сәуегөйлік айтуға дейін барып жатты. Ө.Қанахин.

Себезгі/душ *кітаб.* Жаз айларында себезгі (душ) суларын жылыту үшін күн энергиясын пайдалануға болады. «Білім және еңбек».

Себет/корзина *кітаб.* Себеппен себет арбаға мінеді. Мақал. Бұл шеберханада корзина және басқа қол бұйымдарын жасайды. «Еңбек туы».

Сезімтал/сезгіш/сезімпаз/сезгір *жерг.* Кейбір бала өте пысық, сезімтал

келеді. С.Көбеев. Адамнан қырағы, сезгіш жануарлар толып жатыр. А.Машанов. Сүйген жүрек көңгіш те, сезімпаз да болып келеді. С.Талжанов. Сезгірлігі жоқ деп ешкім де айта алмаса керек. М.Қаратаев.

Секемшіл/шікемшіл *сөйл.* Оның бұл сөзі секемшіл Есеналының шекесіне балғамен ұрғандай тық ете түсті. Ж.Тілеков. Шікемшіл адамдай басы кегжеңдей шартақ маңында сыр беріп қалады. Т.Әлімқұлов.

Секеңде/секекте/селтекте/селтеңде Ой, Ардақ, сен ақ қоян секеңдеген, Артында мен ақ тұйғын жетем деген. «Қазақ әндері». Секектей басқан қаракердің үстінде отырған сақидың көңілі тасулы. Ғ.Сыланов. Өне бір селтектеп жүрген қу тірсек Бірке дейтіннің екпінін басып қой. С.Көбеев. Ендеше бол салмақты, селтеңдей берме, жігітім. Т.Ізтілеуов.

Секер/шекер/құмсекер/құмшекер *сөйл.* Дорбаға салған секері бар. «Қаз.әдеб». Шекердің дәмін татқан мол құмырсқа ойнақ салып, тызылдатып шаға бастаған. Қ.Құттыбаев. Дүкеннен құмсекер сатып алды. «Жалын». Жондарды жарқыратып алыпты орап, қойғандай құмшекерді жерге шашып. Т.Жароков.

Секпіл/сепкіл *сөйл.* Секпіл бет адам. Ауызекі тіл. Көзінің алдындағы ұсақ сепкілі де оған ерекше сән бергендей. Ө.Қанахин.

Секілді/сықылды/іспеттес Боталы түйе секілді. Абай. Ауылға қайтқан сықылды. Қамбар батыр. Кигені толарсаққа дейін түсетін ұзын әрі тап-тар жырық етек юбка іспеттес киім. Ә.Шәріпов.

Селқос/селсоқ *сөйл.* Жүргіншілер селқос күйде отыр. С.Сматаев. Газет, журналдарды селсоқ қарап шықты. «Лен.жас».

Селт етпеді/қыңбады Келешекті жасайтұғын ұрпақтың соған бола селт ететін жаны жоқ. Х.Ерғалиев. Жездесіне ызаланып қарап еді, бірақ Ақбала қыңбады. Ә.Нұрпейісов.

Семсер/сапы *көне.* Қолында жарқ-жұрқ еткен семсер. Қ.Боқаев. Қолында жалаңаш сапы. М.Әуезов.

Семішке/пісте *жерг.* Үш гектар жерге семішке ектік. «Жетісу». Ол өткен жұртты қызықтап, шарбаққа сүйеніп, сырт-сырт пісте шағып тұрды. М.Қаназов.

Сенбісің/сенсің бе Сенбісің, ақын бұлбұл, жаңа көрдім? Атыңа жұрт мақтаған құмар едім. Абай. Маған звандаған сенсің бе? «Қаз.әдеб.».

Сенімді/сенулі Алған міндеттемесін орындайтынына сенімді. «Жетісу». Біз елге сенуліміз. Ғ.Мүсірепов.

Сенімхат/сенімқағаз *сөйл.* Өз қолымен сенімхат жазып берді. Ауызекі тіл. 1982 жылы толтырған сенімқағазды малданып қоймашы қалды. «Лен.жас».

Серею/дерею *сөйл.* Сексеуілі серейіп, жапан түзде шалқиған. Ә.Көшімов. Аянышты қарасы, өліп жатты дерейіп. Қ.Мұқышов.

Сидам/сидан/сида/сидақ *морф.* Сидам денелі жігіт. Ауызекі тіл. Осындай сидаң жігіт ел ішінде мол-ақ. Абай. Дене бітімі сида, бет пішіні ашаң. М.Иманжанов. Сидақ қараға назар салмастан алға қарай өте шықты. Х.Әдібаев.

Сипат/сыпат *сөйл.* Бұл – қоғамдық өмірімізге тән сипатты көрініс.

«Лен.жас». Жалпы ғылым тынысының сыпатын анықтайды. «Лен.жас».

Сиыршы/бадашы лекс. Әкесі көп жыл бойы ауылда сиыршы болып істеді. Ауызекі тіл. Бадашы сиырларын жайлымға айдады. «Жетісу».

Сияқты/сиықты жерг. Жақсы ән оның да көңілін көтеріп жіберген сияқты. «Советтік шекара». Мен сиықты сүрелі қарттар толып жатыр. Диал.сөздік.

Сипаттама/сыпаттама сөйл. Шығарма сипаттамадан кем түспес деп үміттенді. «Жалын». Пішен жинайтын машинаның техникалық сыпаттамасы. «Қазақстанның ауыл шаруашылығы».

Сияпат/зияпат сөйл. Сый-сияпат білдіріп қарсы алды. Ауызекі тіл. Әрқайсың бойыңа лайық зияпатпен қарсы алыңдар. Ғ.Мүсірепов.

Соғұрлым/солғұрлым Ас әзірлеуге соғұрлым уақыт та аз кетеді. Т.Дәуренбеков. Жарық неғұрлым көп тисе, өсімдік солғұрлым жақсы өседі. М.Иманжанов.

Соғысқұмар/соғысшыл/соғыскер Ол соғысқұмар, қаны бұзық боп өсті. Ж.Тілеков. Соғысшыл, бұзық мінезін қоймапты. «Жұлдыз». Тек соғыскер батыл рухы, тұяғының ғаламат күші ғана тірі сақтады. З.Шашкин.

Сойқан/соян сөйл. Мынадай уақытта ол бір үлкен сойқан салатын еді. Ш.Айманов. Ойладым бастайын деп соянды. М.Әуезов.

Сойыс/сойым Көп үй тігіліп, көл-көсір сойыс, қонағасымен қарсы алысты. М.Әуезов. Пішеншілерге сойым малды әкелуге де сәпей барады. «Лен.жас».

Соқталдай/соқтадай/соқтауылдай/соқтандай/сойталдай/сомадай Сол Қияқ соқталдай жігіт болыпты. А.Нұрманов. Соқтадай жігіт осы үйдің суымен кіріп, күлімен шығуда. А.Хангелдин. Қазір ол есейіп, соқтауылдай жігіт болды. Ауызекі тіл. Баяғы бұйығы Сережа қазір соқтандай жігіт. Б.Соқпақбаев. Сол бала енді сойталдай жігіт, ер жетті, қолғанат болды. С.Шаймерденов. Ысқақ сонадай жерде сомадай боп жатыр. Б.Майлин.

Сол/со Отымен кіріп сол үйдің, сыпырған шықтым күлімен. О.Шипин. Со тұстан бақылады. «Халық кеңесі».

Солай де/сөйде Солай деген жоқсың ба? «Жалын». Сөйдеп едім, өзіме карап ыржандап күлді. С.Сейфуллин.

Солбыра/солбырай Ол төмен қараған бойы солбырап кетіп бара жатты. Е.Қонарбаев. Мен солбырайып сыртқа бет алдым. Ө.Қанахин.

Сөйт/әйт сөйл. Сөйтіп жиналған ақша оқу-білім ісіне жұмсалмақ. С.Сейфуллин. Темақаң әйтіп қойды, бүйтіп қойды секілді өсек-аянды біз жайғалы қашан. Ж.Нәжімеденов.

Сол жақ/со жақ/сояқ сөйл. Сол жаққа бұрылды. Ауызекі тіл. Со жақтан хабар күтеміз. Ауызекі тіл. Алатұғын малыңды сояқтан жүріп аласың. Батырлар жыры.

Сол жерде/со жерде/сөйерде жерг. Сол жерде кездестік. Ауызекі тіл. Со жерде отырып дем алды. Ауызекі тіл. Сөйерде жүрген шығар. Диал.сөздік.

Сонадайдан/сонадан Бақтыбай мені сонадайдан танып, қасыма жүгіріп келді. Түсіндірме сөздік. Келе жатқан Тарғынды сонадан байқап көреді. Ер

Тарғын.

Сонан соң/сосын/сонсоң сөйл. Сонан соң үйге кірді. Б.Соқпақбаев. «Иә, сосын, Ертай аға», – деді бойжеткен. Б.Майлин. Еңсесін жоғары көтеріп, ендігі сөзге сонсоң кірісті. Х.Ерғалиев.

Сонау/сона сөйл. Сонаудағы Сабыр елінің әміршісі елші аттандырған. Д.Досжанов. Сона бір жазаңқайдағы шиенің маңына құлады. Ә.Көшімов.

Сонша/соншама/соншалықты Байлығың сонша көп болса, Не ғып жүрсің бұл жақта. Жамбыл. Не болды соншама? Ауызекі тіл. Ол бас алмастан соншалықты ынтыға оқып отырған Сабырдан көз айырмады. С.Қамбаров.

Сонымен/сомен сөйл. Сонымен не айтпақшы. Ауызекі тіл. Піспекті саба сары қымыз Жанымды сомен сыйладым. Дастандар.

Сопы/сұпы жерг. Бұрынғының шалдарының жолын қуып, ишанға қол тапсырып сопы болыпты. Ж.Қосыбаев. Кәрі сұпы көңілсіздене түсті. Ә.Нұрпейісов.

Сотқар/сотанақ Баяғы тентек, сотқар бала Оспан енді қайта балалық қалпына келіп, күліп отырғандай. М.Әуезов. Ол да жас кезінде осы секілді шығаннан шыққан сотанақ еді. Б.Соқпақбаев.

Сөздік/лұғат Қазақша-орысша сөздік баспадан жарық көрді. Ауызекі тіл. Шолохов сөзі орыстың халықтық-поэтикалық лұғаты мен сөз жүйесінен каралады. М.Қаратаев.

Сөзуар/сөйлемпаз/сөзгер морф. Сөзуар, жарқын жүзді, әшейінде ауыз жаппайтын сөйлемпаз жігіт бұл жолы ләм-мим демеді. Ауызекі тіл. Ысылған сөйлемпаз қыз көрінесің. Айтыс. Данышпан білгір – халықтан, ділуар сөзгер – топтан, үлгілі жолгер – қарттан. Ә.Қайнарбаев.

Сөзшен/сөйлегіш/сөйлеуік Ол сөзшенең зайыбының шұбыртпа сөзін бөлуге мәжбүр болды. М.Хасенов. Сөйлегіш ауыз жыбырлағыш келеді. Ж.Еділбаев. Сөйлеуік Бейсен екі дүркін сөйлеп үлгірді. Ғ.Мұстафин.

Сөкет/сөлекет Жұмыссыз жастың жүргені сөкет, Иттен басқаның үргені сөкет. Мақал. Мен үшін бұл сөлекет болып көрінді. Б.Соқпақбаев.

Стакан/ыстақан сөйл. Екінші рет стаканымды толтырды. Ә.Дүйсебаев. Ыстақан толтыра сіміріп салды. «Қаз.әдеб».

Суайт/суқит/суқайт Әй суайт, бір қалта ақшаны мана санап жатыр ең ғой. С.Мұқанов. Әй, суқит! Қаратаздың мақтауын жеткіздің. Ә.Нұрпейісов. Ол жүрген бір суқайт. «Қаз.әдеб».

Суар/суғар Буаз түйелерді күніне бір-ақ рет суарады. И.Жұмағұлов. Тұлпарды тау өзенінен суғаратын. Ш.Күмісбаев.

Суармалы/суғармалы сөйл. Суармалы егіннен мол өнім беріп тұр. Ғ.Сыланов. Мақта суғармалы жерге егіледі. «Соц.Қаз.»

Судыра/судырла Жасыл барқыт тау өзеннің жағасы, судырайды қайың, терек ағашы. З.Қалауова. Баяу толқып судырлайды жапырақ. Т.Әбдірахманова.

Сумай/өсімдік майы Сумайға тоңмай араластырып бауырсақ пісіреміз. «Қазақстан әйелдері». Семішке, мақта, тағы басқа өсімдік майын тағамға көбірек жаратқан пайдалы. «Қазақстан әйелдері».

Сусамыр/сусақ морф. Сусамыр адамдай суды көп іше береді. Ауызекі

тіл. Киіктің қаны шөлі қанбайтын сусақ ауруына шалдыққандарға пайдалы. Х.Қыдырбаев.

Суырма/тартпа *лекс.* Қағазын үстелдің суырмасына салды. Ауызекі тіл. Мөрі кеңседегі тартпасында қалып қойыпты. Ж.Тілеков.

Суытыңқы/суқайт Бүгін күн суытыңқы. «Жалын». Кешкірген сайын күн де суқайт тартты. С.Шаймерденов.

Сұйық/сұйқылт/сұйқылтым/сұйқыл Сорпасы қатықсыз, өзі сұп-сұйық. С.Мұқанов. Өзбектің сұйқылт көк шайын да ішкен. Т.Әлімқұлов. Сұйқылтым қан түстес. Т.Ахтанов. Шөбі сұйқыл өңірдің оты молығыпты. Т.Нұртазин.

Сұлба/фасон *кітаб.* Пальтоның жағасы жарасымды қондырылған, оңтайлы орналасқан, қалталары сәнді сұлбаны (фасонды) толықтырып тұр. «Лен.жас».

Сұмырай/сұмқай Қаны қара сұмырай, Қатты басты белінді. Жамбыл. Кейбір кесір жандар әркезек әр түрлі сұмқай мінездер көрсетіп қап жүрді. М.Әуезов.

Сұмырайлан/сұмсын Сұмырайлану опа бермейді. Ауызекі тіл. Сом темірге балға бар, Сұмсынғанға алла бар. Мақал.

Сұңғат/живопись *кітаб.* Сұңғат заттар мен құбылыстардың түсін, пішінін, түрін, қалыбын өнерде қайталайды. Ол – живопись өнері. «Білім және еңбек».

Сұрақ/сауал Мынандай сұрақ қойды. «Лен.жас». Бұл сауалыңыздың жауабын отряд бастығы берер. «Жұлдыз».

Сұрамсақ/сұрауық/сұраншақ/сұрампаз *сөйл.* Саудагер ажарын сатады, сұрамсақ назарын сатады. Мақал. Долы қатын жылауық, сұғанақ қатын сұрауық. Мақал. Түртіншек сұраншақ боп пайда іздесе, Ақындық қайыршыдай кімге ұнар. Қ.Тәкежанов. Ол алдына барған сұрампаздың бетін қайтармайтын. О.Сәрсенбаев.

Сұраным/сұраныс Халықтың сұранымын қанағаттандырардай қажетті товарларды фабрика үзбей шығарып келеді. «Алматы ақшамы». Соңғы үш-төрт жылда заказ көп болмай, біздің шығарған өнімімізге сұраныс азайып отыр. «Зерде».

Сұрық/сұқсым *морф.* Бұзылды түн сұрықы, қара қошқыл көмірдей. Қ.Мұқышев. Терезеге қабаттап жабылған қара жамылып қана осы әдемі үйдің сұқсымын қашырып тұр. К.Оразалин.

Сұхпат/сұқбат *орф.* Сіздермен сұхпатымыз қыза түсті. «Соц.Қаз». Бүгінгі сұқбатымызды осымен тәмам етейік. С.Омаров.

Сүдігер/зьябь *кітаб.* Қырбық қардың әр жерінен сүдігердің қара кесектері қылтияды. А.Бек. Алдағы зьябь бәйгесінде озғандарыңды көреміз дағы. Ғ.Мұстафин.

Сүзгі/сүзгіш Камфора майы преске салып, сүзгіден өткізу арқылы бөлінеді. С.Сүбханбердин. Жаңбыр, қар суын сүзгіштен өткізіп, пайдалануға әбден болады. Б.Тілекметов.

Сүйеніш/сүйемел Арқа сүйер сүйенішіміз – сол кісі. Ауызекі тіл. Сүйеу жоқ, сүйемел жоқ есіл батыр, сұмдардың сұм кінәсін кешірді ақыр.

Ғ.Қайырбеков.

Сүйермен/жанкүйер «Қайрат» командасы соңғы екі сәтті ойынымен футбол сүйермендерін қуантты. «Спорт». «Қайрат» пен «Пахтакор» командаларының кездесуіне спорт жанкүйерлері көп жиналды. «Спорт».

Сүйеу/сүйесін *морф.* Қиын-қыстау кезде үлкен ұлы әке-шешесіне сүйеу болды. «Халық кеңесі». Ес білгеннен, Есімхан, Қолыңа болдым сүйесін, Қолтығыңа болдым демесін. Жиёмбет жырау.

Сүйсін/сүйін Бұрыннан жігіттеріне сырттан сүйсініп жүретін. Ғ.Сыланов. Құрманбек ойнаған рөлдерге көрермендердің сүйіне қарамаған күні жоқ. С.Мұқанов.

Сүйінші/шүйінші *сөйл.* Сол келді сүйіншіге салып айқай. И.Байзақов. Бірің барып шүйінші сұрай берсеңдер де болар. Б.Нұржекеев.

Сүйіспеншілік/сүйіспендік/сүйіспенділік *сөйл.* Жас та болса халықтың зор сүйіспеншілігіне бөленген. М.Қаратаев. Сүйіспендік идеалын жоғары ұстады. Қ.Жұмалиев. Саған деген халық сүйіспенділігінің бір белгісі деп ұқ. «Алматы ақшамы».

Сүлесок/сүлерсок/самсоз *жерг.* Капитан менімен сүлесок амандасты. Б.Момышұлы. Ерінің сүлерсок, енжар көңілін байқап, өкпелеп қалатын. Ә.Сараев. Қазима болса самсоз отырып қалды. М.Қаназов.

Сүмелек/сүмсік/сүмек *жерг.* Сол сүмелек кеткен еді малданып, Бажылдайды мазасыз тым тақылдап. М.Рашев. Ол бір жүрген сүмсік. «Қаз.әдеб.». Ел кезген сүмек адамнан не сұрайсыз. Диал.сөздік.

Сүр бойдақ/сүр бойдақ *жерг.* Неше жылғы сүр бойдақ үйге бір шүйкебас енгізіп кетем бе деп еді. Ғ.Мүсірепов. Көп жыл үйленбей жүрген жігітті сүр бойдақ деп те атайды. «Қаз.әдеб.».

Сүргі/үстірік *жерг.* Сүргімен ағашты қырнап тегістеді. «Жалын». Қабырғаға балта мен үстіріктің сан түрі, тағысын тағы саймандар ілініпті. Қ.Ысқақов.

Сүргіле/үстірікте *жерг.* Тақтайдың бетін әдемілеп сүргіледі. «Лен.жас». Балташылар жабдықтар әзірлеп, жонып үстіріктеп жүр. «Қаз.әдеб.».

Сүтті/саранау *көне.* Қазақ жылқысының биелері сүтті келеді. Д.Керімбаев. Бауыры бұлақ саранау сиырлар бізде жоқ. Х.Ерғалиев.

Сыбдырла/сыбдыра *сөйл.* Сыбдырлап көлдің бетін құрақ басып, желі де кісінеген құлақты ашып. Ғ.Қайырбеков. Арырақтан құрғақ қамыс анданда сыбдырап қояды. Ә.Тарази.

Сыбыс/қыбыс *сөйл.* Ұнамсыз сыбыс естіп қалды. М.Әуезов. Үй жақтан ешбір қыбыс білінбейді. С.Шаймерденов.

Сызыл/ызыл Сызылып қана сөйлейді. «Қаз.әдеб.». Қыз бала селтендемей, ызылып, әдеп сақтауы керек. Ә.Әбішев.

Сықақшыл/сықаққой Хұсакең – найза тілді, сықақшыл кісі. «Лен.жас». Сықаққой деп біреуді келемеждеуге шебер, мысқыл адамды айтады. Ауызекі тіл.

Сықси/сықсырай Майшам қалып сықсифан, электрмен нұр кірді. Халық ақындары. Ол маған шегір көзімен сықсырая қарады. М.Иманжанов.

Сынау/сындау *көне.* Жігітті шешенсінген дауда сына, Мақтаған қыран

құсты ауда сына. Ақан сері. Сен есенде, мен сауда Ырысымды сындайын, Сегіз қиыр шар тараптан іздермін. Шалкиіз жырау.

Сынғыш/сыңғақ морф. Ондай аурумен ауырған баланың сүйегі нәзік, сынғыш келеді. Т.Дарқанбаев. Ұшқалақ, сыңғақ мінезін, қойған ба алыс жасырын. Ж.Молдағалиев.

Сынып/синип/класс кітаб. Шынар – бірінші сынып оқушысы. Ауызекі тіл. Көптеген туыс тілдерде «класс» сөзі синип деп айтылып жүр. «Қазақстан мұғалімі».

Сыпайы/сыпа морф. Қаламгерлер сапына қосылатын кісі халық алдында сыпайы болуы қажет. М.Әлімбаев. Сөзі сыпа бойын бағар, Балам түзде қойын бағар. Б.Майлин.

Сыпайылық/сыпайышылдық морф./сыпалық сөйл. Сал мен серінің сыпайылық әдетінде бірқыдыру айырмашылық байқалады. Е.Ысмайылов. Үстімде сыпайышылдықтың іздері аздау екен. Ғ.Мүсірепов. Қайтындар сыпалықпен бермей сырды. Т.Ізтілеуов.

Сыпыртқы/сыпырғыш Үстімді қайың шыбығынан жасалған сыпыртқымен ұрғылаймын. Ө.Қанахин. Сыпырғыштың қызыл тікенектері қадалып қалса керек. «Семей таңы».

Сыпыру/сиыру Келін ерте тұрып ауланы сыпырып тазалайды. «Түрік әлемі». Сүмсемен қырман сиырады. Диал.сөздік.

Сыңар езу/қиямпұрыс/керқайсаң Олардың арасында да керқайсаң сыңар езулер жоқ емес. С.Бегалин. Бұл оның қашанғы әдеті, қиямпұрыс бір езу, сотқарлықпен көзге түскен жігіт. Б.Майлин.

Сыңғырла/шыңғырла сөйл. Сыңғырлап қоңыраудай құлын даусың. Д.Әбілев. Шыңғырлаған қоңырау үні келді құлаққа. С.Мұратбеков.

Сырғакта/сырдақта Командирдің алдында сырғактамай тыныш тұрып бер жауапты. Ә.Әбішев. Жылқылар пысқырынып, әлденені сезгендей, ұйлыға сырдақтай жайылды. М.Иманжанов.

Сырғана/сырғы Қол шанамен сырғанады. Ауызекі тіл. Елемес төмен қарай конвейермен сырғи жөнелді. С.Ерубасев.

Сырғанақ/сырғақ морф. Есік алды сырғанақ екен, тайып жығыла жаздады. Ауызекі тіл. Тоғайсыз ашық жондар да сырғақ көрінді. М.Әуезов.

Сідік/сарық көне. Жас төлдің сідігі. «Жұлдыз». Теңіздің тоғыз балл ұштырмасына төтеген шынжыр иттің сарығындай көлдің толқынына шыдамайды деген қайдан шыққан ақырзаман. Ә.Сараев.

Сілімтік/сімтік сөйл./сұқым жерг. Сілімтіктеріңді жина да, тайып тұр. Е.Ибрагимов. Ондай сұқым, сімтік шалдарды жаратпай отыратын. Ж.Аймауытов.

Сірә/жүдә/мұбада көне. Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да. Абай. Маған сол қызметтің жүдә керегі жоқ. «Қаз.әдеб». Мұбада жолың түсіп Баян барсаң, есіңе бір алғайсың жігітті сол. М.Әлімбаев.

Сірне/тірне Бір кесе сірнені үстіне құйып жіберді. Айни. Осы ғой мені тірне боп жабысып ап сөйлетпей тұрған. А.Байтанаев.

Сірінке/сіренке сөйл. Сірінке салатын қорап жасапты. Ш.Күмісбаев.

Сіреңке таба алмай әбігер болды. Ә.Нұрпейісов.

Т

Табаныңнан таусыл/табаныңнан тоз/табаныңнан сапқыр жерг. Табаныңнан таусылып бекерге әуре болдың. Қазақ ертегілері. Табаныңнан тозасың, құр жүгіріп, тарпылдап. Абай. О, табаныңнан сапқыр, бассаншы алғынды. С.Шаймерденов.

Тағам/шайнама сөйл./тістеме сөйл. Асханада дәмді тағамдар пісіреді. Ауызекі тіл. Шайнаманы жеуге тісі жоқ қызыл иек қарт тек шаймен күн көреді. О.Бөкеев. Ішіп болысымен жапа-тармағай тістемеге бас қойды. Н.Қазыбеков.

Тағдыр/дағдыр сөйл. Тағдыр тәлкегіне көп ұшыраған халық. «Азия». Мал сүйген еңбекқор қазақтың дағдыры осы. З.Шашкин.

Тажал/дажал сөйл. Жұрт ду етті, шыққандай жерден тажал. С.Мұқанов. Дажал адам баласын һәлақ етеді. «Жұлдыз».

Тайғанақ/тайғақ Тайғанақ жолмен жүру қиын. Ауызекі тіл. Төре аяғы маймақ, Төбе басы тайғақ. Мақал.

Тайқақта/тайлық/тайын Бірақ өзі найза сілтей алмай тайқақтай берді. С.Сейфуллин. Жыртқыштардың жарықтан тайлыққан қалпын көрген бала отты сөндірмеуге тырысты. М.Иманжанов. Шешінген судан тайынбайды. Мақал.

Тайсақта/тайсал/тайсан сөйл. Жаумен бетпе-бет келгенде тайсақтап табансыздық білдірген ешкім болмады. «Жұлдыз». Тайсалу ердің ісі емес, Жұмсай білгенге қару кіші емес. Мақал. Қандай оттан сендер таярсың, Қандай ажалдан мен тайсанармын. М.Әуезов.

Тайталас/тәйкелес/тәйкемдес сөйл. Ашу, ақыл тайталасып, ақыл жеңді, тоқтады. С.Машақов. Уәкілмен тәйкелесіп, шабындық-жайлауларының ата-бабасының меншігі екенін айтады. І.Есенберлин. Бағана екеуің тәйкемдесіп қала жаздадыңдар ма, шіркін? Қ.Қуанышбаев.

Тайтері/тәйтері орф. Тайтері – тері төсеніш. «Лен.жас». Тәйтері – жүнін үстіне қаратып, астыға салып отыратын бөстек. С.Қасиманов.

Такаппар/тәкаббар сөйл. Жалғанның такаппары ғой. Ш.Мұртазаев. Тәкаббар басын тік ұстап өтетін. Ә.Нұрпейісов.

Тақақта/тықақта Қаншама тақақтап сұрасам да, әңгімеге жарытпады. А.Бек. Тықақтамай тұра тұршы. М.Әуезов.

Тақсірет/тақылет жерг. Жоқшылық тақсіретін көп тартты. Ауызекі тіл. Су тақылетін тарту елге қиын. Ж.Молдағалиев.

Тақылда/тықылда/дақылда сөйл. Тақпақтап жыр шумағын сахнадан, біреу концерт бастады тақылдаған. М.Құрманалин. Әй, сен немене тықылдай бересің, кісі өлтірді деймісің мені бір. «Таң нұры». Фашистер Москва түбінде бірінші рет дақылдата ұрған сокқы алды. Ә.Тәжібаев.

Тақылеттес/тақылетті/тақылдес/тәкілеттес сөйл. Сол меңнің сыпыра көбелігінде сояудай ақ қылдар түксііп, кемпірдің онсыз да еркек тақылеттес кесек бітімін суыта түседі. Ә.Нұрпейісов. Күзен терісінен парик киген кісі

тақылетті, басы қап-қара, тып-тықыр. З.Қабдолов. Аң тақылдес адам, аңнан да бетер қиянатшыл, қанішер келеді. І.Есенберлин. Мұнтаздай таза киініп жүретін тахуа тәкілеттес адам. Ш.Мұртазаев.

Тақыл-тұқыл/тақыл-тақыл/тақ-тұқ Төлебайдың тапқаны тақыл-тұқыл тамаққа ғана жарайды. С.Мұқанов. Тапқан-таянғаны тақыл-тақыл ғана жетеді. «Жұлдыз». Күйзелген елде астық тақ-тұқ қана жетіп отыр. «Соц.Қаз.».

Тақырла/тоқырла *сөйл.* Табақ түбі тақырланғанда барып еңсесін көтерісті. К.Тоқаев. Анда-санда тас еменді тоқырлатып кілтшілер өтеді. С.Сейфуллин.

Талаба/медресе шәкірті Түркияда біздің елден барған 40 шақты талаба оқып білім алуда. «Түркістан». Қаладағы орталық мешітте медресе шәкірттері білімін жетілдіруде. «Егемен Қазақстан».

Талайы/тәлейі Қазақ әдебиетінің талайы мен тағдырын айтамыз. М.Әуезов. Тәңірім тәлейімізді үстем етсін. Жолымызды оңғарсын. З.Жәкенов.

Талақ етті/тәрк етті Күйеуі талақ етіп (әйелін) тастап кетіпті. М.Әуезов. Дүние мүлік, байлығын да тәрк етіп отыр. Б.Тоғысбаев.

Талапсыз/талайсыз Мен сорлы талаптымын, талапсызбын, талайға сол үшін де жарамсызбын. Қазақ мысалдары. Талайсыз, бақсыз мен сорлы. Айтыс.

Талан-тараж/талан-таразы *сөйл./таран-тараж сөйл.* Талан-тараж етті. Ә.Әлімасанов. Басына екіталай күн туып, жаудың талан-таразысына түсті. Н.Көшекбаев. Бұрын да әлденеше рет мемлекет мүлкін таран-таражға салғаны үшін қатаң жазалар алған. «Соц.Қаз».

Талапнама/талапхат *сөйл.* Жаңағы талапнама тұрғысынан цех хатшысының рөлі әрдайым жоғарылатылып келе жатқанын айтты. Б.Қойшыбаев. Біздің алдымызда көптеген жұмысшының қолы қойылған ресми талапхат (требование) жатыр. «Алматы ақшамы».

Талаптылық/талапшандық *морф.* Талаптылық пен қызығушылық керек. «Қазақстан мұғалімі». Сол талапшандықты алдымен өзіне қояды. Қ.Нұрмаханов.

Талға/ылға *сөйл.* Шықпаса мыңнан біреу талғап, таңдап. Абай. Ол кімге болса да аузына келген сөзді ылғамай айта салады. Б.Нұржекеев.

Талғажау/талқажаяу *орф./талжау сөйл.* Он күндей талғажау еттік. «Қаз.әдеб». Таршылық күндерде талқажаяу еткен, көңіліндегі үлкен сүйеніші Жанна еді. Қ.Жұмаділов. Бек пенен буылдықты талжау етті, аузыма тимесін деп жаудың асы. Ғ.Жұмабаев.

Талғампаз/талғамшыл Осының бәрі қыз бойындағы талғампаздықты танытқандай. З.Қабдолов. Ауылдың қыздары талғамшыл ғой, біз сияқты қатардағы солдатты қайтсін. «Лен.жас».

Талғампаздық/талғампаздылық Осының бәрі қыз бойындағы талғампаздықты танытқандай. З.Қабдолов. Оқиға музыка тілімен үндессе, ол баланың эмоциясына әсер етіп, талғампаздылыққа жетелейді. «Мәдениет және тұрмыс».

Талдырмаш/талшын Есіктен талдырмаш, ақ құба жігіт басын сұқты. Ғ.Сыланов. Қара бұрымды мың құбылтып тұратын шолпы, талшын бойымды талдырмай қынайтын күміс белдік менің масайрай ұстап-тұтқан бұйымдарым еді-ау. М.Сатыбалдиев.

Талдырмаштан/талдырмаштал *сөйл.* Баланың денесі біртіндеп талдырмаштанып, бойшаң бола бастайды. Семья тәрбиесі. Шынында да мамырдың гүліндей аппақ болып, бойы таралып, талдырмашталып өсіпті. А.Хангелдин.

Талмаусыра/талусыра *сөйл./әлусіре жерг.* Азырақ талмаусырап нашарлады. Абай. Мойнына қыл шылбыр батып буынған Қондыбай талусырап, сүйретіліп жығылады. С.Бегалин. Талусыр бір мезгілде кетер мызғып, сөнгенде әлусіреп іште жалын. Қ.Жұмалиев.

Талмауыр/талмауыс *сөйл./талмауыт сөйл.* Білгір ғалым жаңылған жоқ, талмауыр жерден дәлдеп соқты. М.Сәрсекеев. Терісін бүлдірмес үшін талмауыс жерінен сойылмен ұрып өлтірді. Б.Шалабаев. Мейлі, бұл ең талмауыт дерттен, күн сәулесі түспейтін іштегі көлеңкеден арылды. «Жалғыз салт».

Талпақтау/талпақайлау Талпақтау қара сұр өнді. «Лен. жас». Жаудың бірі – тарғыл күрең, талпақайлау, сасық сары болады, шоршымайды, жорғалайды. І.Жансүгіров.

Талпын/талпы Жас нәресте ұмтылып, талпынуын қоймады. Т.Жароков. Екі дүз жасқа келсең сөз сенікі, отырған жас баладай жаңа талпып. Айтыс.

Там/шатырсыз үй Там салғанның тамтығы қалмас. Мақал. Шатырсыз үйдің балама атауы – там. «Оңтүстік Қазақстан».

Тамада/асаба Тәжірибелі тамадаға мерейтойын басқаруды сеніп тапсырды. Ауызекі тіл. Асабасы жоқ асқа жарымас. Мақал.

Тамақ/ауқат *жерг.* Түскі тамағын ішіп, жұмысына кетті. Ауызекі тіл. Пісірген ауқаттары мәніссіз. «Соц.еңбек».

Тамақсау/тамақшыл *жерг.* Тамақсау күйеу дейтін еді жеңгелерім. Ғ.Мұстафин. Тамақшыл қауым түзеген дауын сезер ме нең бар ішінде? С.Бегалин.

Тамам/тәмам *сөйл.* Тамам елді таңқалдырды. «Жалын». Ең соңғы емтихан да тәмам болды. Ә.Шәріпов.

Тамамда/тәмамда *орф.* Сөз де осымен тамамдалды. «Жұлдыз». Дайындықты әбден тәмамдады. Ә.Шәріпов.

Тампыш/тәмпіш/тәмпек/тәмпік *сөйл./тампық сөйл.* Тампыш мұрын кішкентай қара бала ортаға шыға келді. С.Байжанов. Ол Беркіннің тәмпіш мұрнын саусағымен бір қысып қойды. М.Дүйсенов. Қарны жарқырап тәмпек мұрын қара бала поезбен жарысып келеді. Ғ.Мұстафин. Тәмпік мұрын, бүйрек бет қазақтың талайын көргенбіз. Ғ.Сыланов. Аласа бойлы тампық мұрын жігіт. Ө.Қанахин.

Там-тұмдау/тым-тымдау Там-тұмдап ақша төлеген болыпты. М.Төлешов. Тым-тымдап жүргізген жұмыстары нәтижесіз болған жоқ. «Қазақстан мұғалімі».

Тамұқ/тамық *сөйл.* Жаудыр шал жүрсе дағы қанша налып, тар тұрмыс

көрінсе де оған тамұқ. Д.Әбілев. Надандықта көрген күн тамық болды. С.Мұқанов.

Тамызық/тамыздық *сөйл.* Самауырға тамызыққа ағаш ұсақтап отыр. Б.Момышұлы. Өрт жалынына бірінші тамыздық сол үй болады. Х.Есенжанов.

Танаурас/танаулас *сөйл.* Жұрттың делебесі қозып, танаурасып алыпты. Ж.Молдағалиев. Мыналарға бірдеме көрінген шығар. Танауласып алыпты. Ж.Молдағалиев.

Танту/тантырау Оның сыртынан кіжініп, аузына келгенін тантитын көрінеді. З.Шашкин. Ол аузына келгенін айтып тантырады. «Мәдениет және тұрмыс».

Танық/таныс Демейміз оқымады біздің халық, болса да оқу анық, мақсат танық. С.Торайғыров. Қас-қабағынан таныс салқындық танылады. Т.Әлімқұлов.

Танымал/танымалы/танымды *морф.* Танымайтын кісіңнен танымал шайтан артық. Мақал. Бұл жердің әр тасына дейін танымалы. Т.Иманбеков. Жолдасы да өзі сияқты танымды диспетчер. «Қазақстан мектебі».

Таңба/тамға *сөйл.* Өз жылқысын таңбасынан таниды. «Лен.жас». Кеше өлгенше ішіппін, көзімді ісіппін, бетке тамға түсіріппін. А.Тоқмағамбетов.

Таңбала/тамғала *сөйл.* Жасауыл таңбалады малымызды. Н.Ахметбеков. Әмір екеуінің асауларды тамғалап, құйрық-жалын күзеген көктем күнін есіне түсірді. С.Санбаев.

Таңда/талға/таңла *сөйл.* Таңдаған тазға жолығар. Мақал. Ақын өзіне керекті рухани азықты талғап, таңдай алды. Е.Ысмайылов. Тай еді мінгенімде қара көгім ішінен он мың жылқы таңлап мінген. Батырлар жыры.

Таңдағыш/таңдампаз Шай – күтімді тілейтін, топырақ таңдағыш дақыл. «Білім және еңбек». Сонысына қарамай, өзі аса таңдампаз. «Соц.Қаз».

Таңдай/таңлай *сөйл.* Бір жұтым су тамызған таңдайыма. С.Мәуленов. Басым айналып, таңлайым кеуіп барады. Т.Бердияров.

Таңдақ/таңлақ *сөйл.* Сәлден кейін аққа бір қызыл таңдақ тартылғандай атып таң келе жатыр. Қ.Жұмалиев. Ашұлы суық пішінмен күн батыстағы ақ таңлаққа қарап, көзін алмай қадалуда. М.Әуезов.

Таңдан/таңырқа Осынша уақыт үнсіз шыдап келгеніне таңданды. «Қаз.әдеб.». Әбікеш таңырқады есі кетіп, Жүрегін балбыратты ән тербетіп. Ж.Саин.

Таңданыс/таңданыш *сөйл.* Сондықтан қара жігіттің таңданысын түсіну қиын емес-ті. Б.Нұржекеев. Назым таңданыш сезімін жасыра алмай, қалжыңға бұрды. Б.Тәжібаев.

Таңдаулы/таңлама/таңлаулы *сөйл.* Таңдаулы досың болса да. Х.Ерғалиев. Таңдама жігіттері алпыс адам. И.Байзақов. Озат шыққан таңлаулы ел ерлері қызылшадан тау жасап алған данқты. Ақын жырлары.

Таңертен/азанда/тәңертең *орф.* Таңертең Әбікеш пен Күләнданың барлық ел күңіренді естіп зарын. Ж.Саин. Азанда ол институтқа келді. М.Дүйсенев. Тәңертеңнен бері таба алмай жүрмін. Ж.Алтайбаев.

Таңқи/таңқай Таңқиған қысқа мұрынды кісі екен. «Соц.Қаз». Қаз-қатар

тігілген ақ боз үйлер анадайдан таңқайып көрінеді. З.Шүкіров.

Таңқы/таңқыш/таңқак/тәңкек *сөйл.* Бастығы мені қабылдап ала ма? – деген шашы жалбыраған таңқы танау ақ сары бала. Қ.Қайсенов. Осыларға біз мән беріппіз бе, бұрын, – деп, таңқыш мұрнын тартып, кеңкілдеп күлді. Д.Әбілев. Ырсия күліп таңқак мұрын, ұзын сирақ біреу келеді. Ә.Сәрсенбаев. Ол ұзын бойлы, тәңкек танау адам еді. Ә.Жылқышиев.

Таңқылау/таңқыштау Саян таңқылау біткен келте мұрынды, әлі сәби иегінде үлкен қалы бар кескінін шешесіне бұрды. С.Шаймерденов. Қара көзді, қиылған қасты, таңқыштау мұрынды қыз суреті көз алдына келді. С.Бақбергенов.

Таңсық/таңсықты *морф.* Әлгі қауынқағың бұл жақтағыларға таңсық қой. Қ.Найманбаев. Бұның бәрі қызығатындай Досжанға таңсықты нәрсе емес. А.Байтанаев.

Таңырай/тапырай *сөйл.* Танауы таңырайып, көзі сығырайып ойланып отыр. Ауызекі тіл. Енді қарашы, танауы тапырайып, болат тұлпарға орнығып отырып алыпты. «Ердің даңқы еңбекте».

Тап/дәп/тәп *сөйл.* Машина тап қасына кеп, оқыс тоқтады. З.Шашкин. Дәп жанымнан өте шықты. Ауызекі тіл. Тәп қазір барып айтам. «Қаз.әдеб».

Тапа/тападай/тапай/тапалай *сөйл.* Тапаның тал түсінде мен тоналып, жүре бердім, болмай басқа амалым. Т.Молдағалиев. Тападай тал түсте әлдекімдер айқай сап, шауып кеп сарт-сұрт сабап кетеді. Ә.Кекілбаев. Тапай тал түсте жолыңнан адастың. С.Омаров. Бүркімбайдың тапалай тал түсте Оралдарды тойдан қуып жібергені жаман болды. Т.Әлімқұлов.

Тапал/тәпел *морф.* Тапал бойлы адам. М.Әуезов. Әдемі киінген тәпел еркек қастарынан өте берді. Т.Бокин.

Тапалтақ/тәпелтек/бақалтақ *жерг.* Тапалтақ келген мұртты жігіт. «Жалын». Ұзынтұраның жанында тәпелтек орыс жігіті келеді. Қ.Исабаев. Бақалтақ бойлы бақырайған қара жігіт Айнұр көңлін аударған. Е.Мырзахметов.

Тапалтақтау/тапалша *морф.* Шегір тапалтақтау ақ сары орыс еді. С.Сейфуллин. Қош келдің, қызым, – деп, қуана қарсы алды тапалша келген орыс қарты. Ұ.Бағаев.

Тапқыр/тапқыш Тапқыр би қорғаған адамын қиындықтан алып шығатын көрінеді. С.Мұқанов. Жоғалғанды тапқыш менмін. Қазақ ертегілері.

Тапсырма/тапсырыс/тапсырық *жерг.* Тапсырмасы орындалды. М.Иманжанов. Ұлы Отанның тапсырысын орында. Б.Майлин. Мен бұған шоң тапсырық бергелі тұрмын. Ж.Тілеков.

Тапсырыс/заказ *кітаб.* Училище оқушылары осы мейрамға орай ұлттық киімдер тігуге алғашқы тапсырысты қабылдады. «Лен.жас». Біздің заказымызды да қабылдады. Ж.Тілеков.

Тапта/тапа Әлде оның қуанышын, бақытын осындай сөздермен аяғының астына сап таптағысы келді ме? І.Есенберлин. Осынша қой Ысқақовтың қысқы жайлымын тапап, жегенін жеп, жемегенін бүлдіріп кетеді. Ш.Дәрмағанбетов.

Тап-тақыр/айтақыр *көне.* Бұрынғы тап-тақыр алаң гүлге оранып тұр.

«Жас алаш». Айтақырда отырып, тас қорғанның ішіндегі алтын тақыттан дәм ету – есерлік. Ә.Кекілбаев.

Таптал/тапал *сөйл.* Аяқ астында қалып тапталмасын. «Алматы ақшамы». Олардың (ұсақ аңдар) көбі тапалып өледі. М.Мағауин.

Таптаурын/таптауыр *морф.* Өзіміздің кеш құлаған таптаурын даңғыл жолмен салып келем. Ә.Канахин. Таптауыр соқпақ жол. Н.Мұраталиев.

Тап-тұйнақтай/тиянақты/тиянадай/тып-тұйнақтай *жерг./тұянадай* Тап-тұйнақтай ғып жинапты. Ә.Нұрпейісов. Бәрі де тиянақты, орнықты істеліпті. Н.Қазыбеков. Бәрін де тиянадай етіп істесін. Н.Қазыбеков. Тапсырған істі тып-тұйнақтай етіп орындады. І.Есенберлин. Тап-таза, тұянадай үй кірсе шыққысыз. Ғ.Мұстафин.

Тапырақта/тапыранда Әлдебіреуді көріп қалғандай, жолдың оң жағына теңселеңдей, тапырақтай ұмтылады. М.Қабанбаев. Қотан сыртынан тапырандай басқан ат тұяғының дүрсілі естілді. «Лен.жас».

Тар/тараң/тарың *жерг.* Түн жамылған қарақшылардың пейілдері тар. Р.Райымқұлов. Кең дүниенің осыншама тараң екенін кім біліпті. О.Сәрсенбаев. Жері тарың елде тынысы кең жаңа үйлер көз тұндырады. Ғ.Мүсірепов.

Таразышы/таразыгер/таразбан *сөйл.* Сол кезде қырманда таразышы боп істеді ғой. С.Мұратбеков. Ақын сөзінің қай бояумен сырланып қай дәрежеде, қай мөлшерде айтылатынын жете білетін таразыгер болуы шарт. С.Мәуленов. Колхоз базарының таразбаны Олжай, тату көршісі Тілеуден ұялып, өлген этештің қасында аза тұтқандай қалшып қалды. С.Адамбеков.

Тарамыста/тарамышта *сөйл./тарашала* *жерг.* Ол кеудесіне түскен бозқырау сақалын саусақтарымен тарамыстап, тіктей қарап алды. «Лен.жас». Қатты ойланған сәттердегі әдетінше, оң қолының сұқ саусағымен кекілін тарамыштай берді. М.Мағауин. Сақалын тарашалап «енді не дер екен?» дегендей, директордың жауабын тосып отыратын шалдар аз емес. С.Досымов.

Тарау/тарқау Олар мектеп үйінен шығып, жан-жаққа тарап жатты. С.Бақбергенов. Жастар жиыны кеш тарқады. Ауызекі тіл.

Тарбай/тарби Тарбайып өскен аласа бұталар. «Жұлдыз». Іннің аузы жарқырап тұр, ортада тарбиып әрі қарап борсық тұр. Ғ.Нұрпейісов.

Тарбаңда/тарбаяқта *жерг.* Анда-санда алдымыздан тарбаңдап семіз саршұнақтар қашады. Е.Әкімқұлов. Ақбас өрге қарай тарбаяқтап зорға басады. О.Бөкеев.

Тарелка/тәрелке *сөйл.* Келіні тарелкамен алдына әкеп қойған. «Жалын». Тәрелкесіне уыстап салып берді. «Жалын».

Тар жер/ауыртпақ *жерг.* Тар жерде қысылысып отырамыз ба? Қазақ ертегілері. Екі көлдің ауыртпағында тұрып құс аттық. Диал.сөздік.

Тарих/тауарих *кітаб.* «Айқап» қазақ тарихында прогресшіл роль атқарды. Б.Кенжебаев. Оның тауарихтың Абайы екенін ойлаймысың. М.Әуезов.

Тарихаят *лингв./историзм* *кітаб.* Халық поэзиясының құрамында лексикалық архаизм мен тарихаят (историзм) сөздердің кездесетіні – әммеге

белгілі жәйт. Е.Жұбанов.

Тарихнама/историография кітаб. XIX ғасырдың жуан ортасына дейінгі тарихнамада (историографияда) Витзен айтатын пікір бел алып жататын. «Білім және еңбек».

Тарлауық/тарлау жерг./тарлауыт жерг. Кенет оның көзі изен, тарлауық, таспақияқ аралас өскен қолатқа түсті. Қ.Жұмаділов. Жусан, бетеге, тарлау жеткілікті. «Ақ бидай». Жоңышқа, жусан, тарлауыт, бетеге сияқты жұғымды шөптер жаздың осынау орта шенінде ғана бас жарып, қош иісін таратады. Ж.Жұмаханов.

Тарту/таралғы көне. Гаврил майдандағы жауынгерлерге тартулар апарған. Н.Оразалин. Батыр келді дегенде, халық түрлі таралғысын апарыпты ғой. Диал.сөздік.

Тартымдылық/тартымдық сөйл. Осы түр-сипатында бір тартымдылық бар. Б.Тоғысбаев. Еңкіш тартқан кәрі тұлғасында бір тартымдық бар. Қ.Жұмаділов.

Тартыншақта/тартынақта Жанат төмен қарап, тартыншақтап ішке кірді. С.Мұратбеков. Өзің неге тартынақтай бересің, ханым? С.Мыңжасарова.

Тартыс/тәркей жерг. Өмір алдыңнан тартысын тосады. З.Шүкіров. Тәркейде тұрған тағдыр бар, қорғанар пана жоқ. Ж.Молдағалиев.

Тарық/тарыл Ер тарықпай, молықпайды. Мақал. Бай шабылса, табылар, Жоқ шабылса, тарылар. Мақал.

Таса/тасан Әркім өзінің жетер жеріне, өмір мақсатына ұмтылып, оны көзден таса етпеуі керек деп айтқан-ды. Ә.Әлімжанов. Риясыз достық ашықтан тасаңға ауысқан тәрізді. Е.Рахимов.

Тасқаяқ/тасаяқ сөйл. Бар жұмысты тасқаяқтай қағады. Ауызекі тіл. Шырағдандай көзім барда шаруаны тасаяқтай қағатын жұлынған келіншек ем. С.Жүнісов.

Таспа/лента Мүфтидің ұлағатты сөздері магнитофон таспасына (лентасына) жазып алынды. «Қазақстан мұғалімі».

Таспиқ/тәспі сөйл./тәсбиқ сөйл./тасфих кітаб. Тасмағамбет таспиғын суырып алды. Ж.Молдағалиев. Шал қолына тәспісін алды. Т.Нұрмағамбетов. Тәсбиғын аударып отырған қариялар да бар. К.Сейдаханов. Кәне, Хафиз ғазалыңды тасфих ет те айта бер. «Шығыс жұлдыздары».

Тастақ/тасты/тастақы сөйл./тастақты морф. Үй сыртында әнебір кішкене тастақ төбе бар еді ғой. А.Сейдімбеков. Құлжа жалаңаш тасты беткейге ілінді де, қарасын шалдырмай кетті. М.Мағауин. Бәтеңкем тастақы далаға жүгіре беруге шыдамады, жыртылып қалды. М.Тиесов. Ал ыстық күндері тастақты жерде, құмда жайылған малдың тұяғы қызады. Н.Айдаров.

Тастүйіндей/тастүлектей сөйл./тастүйінақтай сөйл. Жаудың бетін қайтаруға тастүйіндей боп бекінген. «Жетісу». Қорғаймыз деп Отанды тастүлектей түйілдік. Қ.Аманжолов. Мүлгіп жатқан меңіреу таудың айбатты көрінісінен тастүйінақтай жинақы тас түлек Шоқанның ержүректігі асып тұр. Ж.Бектұров.

Тасыран/тасырақ/тасырқой морф. Бұл әдепкі мінез емес, алаң-жұлаң, тасырақ, әйтсе-дағы мен үйіме тез жетуге асығам. Ж.Сәтібеков. Мынауың бір

тасыраң жігіт екен. М.Мәжитов. Ақылды жігіт пе десем, тасырқой жігіт екенсің ғой, тәйірі. С.Мұқанов.

Тасыранда/тасырақта Тасырандасы жаман ғой, – деп әйелдер үрпиісе қалып еді. Ж.Сатаев. Сонда тасырақтап жүргені бетке шіркеу болмасын. Ә.Нұрмаханова.

Татаршала/татаршыла Айтылған ресми сөзді әуелі татаршалады. Ә.Кекілбаев. Сөйлеуінде түгелімен татаршылайтын ол наборға түскен қазақ сөздерін дұрыстауда кем түспейтін. С.Мұқанов.

Татулық/татушылық *морф.* Ол ағайынды екеуінің татулығын қатты қадірлейтін. Р.Тоқтаров. Ажары дүниенің – татушылық. Б.Тұлғажанов.

Татыр/татыран *сөйл./татырау жерг.* Көк майса арасынан таз баланың шашсыз төбеліндей ойдым-ойдым татыр көрінеді. Ә.Сәрсенбаев. Нартайлақ теріні татыранның сортаңымен әдемілеп тұздады. А.Жүнісов. Тікенекті баялыш басқақ сиықсыз татырау сияқтана қалады. С.Талжанов.

Татырлы/татыранды *морф.* Айналада оқтын-оқтын ойдым-ойдым ақтаңдақ татырлы атыраптар көрінеді. Ф.Дінісламов. Ол осы татыранды даланы ортаншы әйелі Құрманкүлді алып қашқанда бір көргені бар. А.Тоқмағамбетов.

Тауан/тауал *сөйл.* Бұрын-соңды тауаны қайтып көрмеген қайсар жігері қазір құм болып келеді. Ә.Қанахин. Тауалы шағылып, көңілі қайтқандай бригада тұрған жеріне ұйлығып қалды. Ғ.Мүсірепов.

Тауап/тәуеп Осы тауап қылушылардың ішінде алыстан келгендері де аз болмас. Т.Ахтанов. Кеңес туын барлық әлем еңбекшісі тәуеп етсе. С.Дөнентаев.

Тауба/тәубе Япырай, тауба, өңім бе, түсім бе? С.Шәріпов. Құдайдың осы бергеніне де тәубе. Қазақ ертегілері.

Таусылғыш/таусыншақ Сондайлық таусылғыш болғаны ма? «Қазақстан әйелдері». Ғазизаның көңілінде қалған таусыншақ сезімнің ойлатқаны анық еді. М.Әуезов.

Таусыншақ/реликт *кітаб.* Таусыншақ – өткен дәуірлерден сақталып қалған зат, құбылыс (реликт). «Жаңа атаулар».

Таутан/таутай *сөйл.* Шабәк пен таутан балықты аулау мөлшерін арттыру ұйғарылды. К.Күленов. Өзен тіршілігіндегі таутай, қарабалықтан бастап майшабаққа дейін жайынның ішінде жан тәсілім етіп жатқанын көзім шалып қалғаны бар. М.Рашев.

Тауық қора/тауықхана Тауық қора үрпек бас шөжелерге толып кетті. «Лен.жас». Тауықхананы аулағырақтан салсаңшы. Қ.Әжікеев.

Тауысу/түгесу Жылқыны шұбырған тауысар, етті қуырған тауысар. Мақал. Оның бәрін дәл бүгін түгесіп жату шарт емес. «Қаз.әдеб».

Тая/таяула Жау танкілері таяп келісімен, көпірді бұзу керек – тапсырма солай. Б.Момышұлы. Таяулап келе жатқандарына бүгін екінші күн. Ә.Сараев.

Таяз/тайыз *сөйл.* Ол сол жерде ағып жатқан таяз өзенге шомылып шықты. Ж.Жұмаханов. Ауын теңіздің тайыз басына салады. Ә.Нұрпейісов.

Таяу/тақау/таяулы *морф.* Ақтай таяу күннің ішінде үйленуді алдына мақсат қып қойды. Т.Бердияров. Астыңғы жақтағы ортаңғы және оған тақау

сүт күрек тістері түсіп, олардың орнына тұрақты күрек тістер шығады. И.Жұмағұлов. Кәрілік те тұр тақау, алдымызда айла жоқ. Абай. Алыс емес андысқан дұшпаны мұның таяулы, келе жатыр сандалып кербиеге қос артқан. Көрұғлы.

Тәбәрік/теберік *сөйл.* Мынау тәбәрік деп алған шүберек қой. Т.Тобағабылов. Бейіт басына жиналған көпшілікке теберік үлестіре бастады. «Лен.жас».

Тәж/таж *орф.* Хан отырды тағында тәжін киіп. Е.Бердин. Патша тажы жалп етті. Қ.Мұқышев.

Тәжікелес/ежікелес *сөйл./кежікелес* *сөйл.* Неменеге тәжікелесіп тұрсындар? Б.Нұржекеев. Осы сары далаға сыймай кер заманнан бері ежікелесе көшіп, керілдесе қонып жүрген ата-бабалары. «Мәдениет және тұрмыс». Келмей жатып кежікелескеніміз елден ұят. Х.Тілемісов.

Тәжім/тағзым Құрмет білдіріп ізетпен тәжім жасады. Ауызекі тіл. Салауат жасап тағзым етті де, кең адымдап сарайдан шығып кетті. «Жұлдыз».

Тәжірибе/тәжрибе *орф.* Студент осында тәжірибе жұмысына келіпті. Ж.Алтайбаев. Коллектив басқару жұмысында тәжрибесі бар екені байқалды. «Соц.Қаз».

Тәлкек/тәлтек Тәлкек етер адамың мен емес. М.Дүйсенов. Немене, мені тәлтек еткің келе ме? Н.Баяндин.

Тәлтірек/тәлтек *сөйл.* Қалған екеуі де тәлтірек қағады. Б.Тоғысбаев. Киік тәлтек қақса да, құламады. К.Ахметбеков.

Тәлтіректе/тәлтіренде Ауыр соққыдан тәлтіректен барып әрең түзелдім. Е.Ахметов. Қанша мас болса да Михаил есін жиып, тәлтірендеп сыртқа қарай шығып бара жатты. Б.Тілегенов.

Тәлім/тағлым Ата-анасынан тәлім алып өсті. Ауызекі тіл. Берер тағлымы аз болмасқа тиіс. Р.Бердібаев.

Тәмсіл *әдеб./притча кітаб.* Тау елінің тірлігіне байланысты айтылатын аңыздар, тоқылдақ кемпір туралы тәмсіл (притча) – бәрі де шығарма. О.Бөкеев.

Тәпелтек/тәпенек *сөйл./тәпене жерг.* Ол орысшаға жүйрік, тәпелтек сары жігіт еді. Ғ.Сармурзин. Көзіңізге құлауға бейімделіп тұрған, тәпенек үйлер түседі. А.Тоқмағамбетов. Ауылдың шетіндегі тәпене үй – біздің үй. Ә.Әлішев.

Тәптіш/тәптеш Алдырып хұзырына тәптіш етсең, менімен келді олар да болып жолдас. Т.Ізтілеуов. Табылған ит жайында тәптеш сөз басталды. Т.Әлімқұлов.

Тәптіште/тәптеште *сөйл./тәкірарла жерг./бақшала жерг.* Шағып сөйлейтін жігіттен Тойымбек туралы тағы да тәптіштеп сұрап жатуды жөн көрмеді. Б.Тоғысбаев. Әсіресе, қағаз көрінсе, жұмарланып жатса, оны жазып, тәптештеп қалтасына салады. М.Дәулетбаев. Не жөнінен? – деп, тәкірарлап сұрады. С.Омаров. Үй-іштерін бақшалап сұрап амандасты. С.Бегалин.

Тәргілеу/конфискелеу Ол Ақмола округіндегі тәргілеу (конфискелеу) науқаны қорытындысы жөнінен көптеген дәйекті де деректі мақала жазды.

«Қаз.әдеб.».

Тәрте/терте *сөйл.* Сары атан ұзын тәртені шірене тартып, сылбыр аяндады. З.Шүкіров. Қара жорғаны арбаның тертесіне байлап қойып, өзі оның қасына отырды. Қ.Жұмалиев.

Тәртіпкер/тәртіптеуші Тәртіпкер жирен офицер бөлмеге кіріп келді. С.Бегалин. Бұл – тәртіптеуші су қоймасы. Ә.Кәкімжанов.

Тәрізді/тақылеттес/рәуішті *көне.* Көңілін де кеңітіп жіберген тәрізді. Ғ.Мұстафин. Оның тағдыры да осы тақылеттес. А.Тәліпов. Рас, жас адам көктем рәуішті. З.Иманбаев.

Тәсілнама/инструкция Тәсілнама – жүзеге асырылуға тиісті жұмыстардың реті, әдісі көрсетілген нұсқаулар жиынтығы, инструкция. «Жаңа атаулар».

Тәсілім/тәслім *орф.* Таң ата кемпір жан тәсілім қылды. З.Шашкин. Иманы айтылмай жан тәслім қылса, нағыз тозақы болмаймын ба? О.Дастанов.

Тәуба/тәубе/тәубә *орф./тауба сөйл.* Ырыс бергеніңе, несібе бергеніңе тәуба. Ш.Мұртазаев. Аман қалғанына тәубе етпейсіз бе? Ә.Шәріпов. Құдайдың мұнысына да тәубә. Б.Тоғысбаев. Байғұс-ай, таубаннан жаңылғандай не болды сонша? Ә.Әбішев.

Тәулік/сөтке *кітаб.* Ол бір тәулік күзетте тұрып, екі күн демалады. Ауызекі тіл. Соғыста сөтке бойына аш жүруге болады-ау. Қ.Аманжолов.

Тегеурінді/қышырлы *жерг.* Тегеурінді екпініне шыдамады. «Алматы ақшамы». Бүркіттің уысы қышырлы болу үшін жас терекке отырғызушы еді. «Жұлдыз».

Тебен/жуалдыз Тонды шешем тебен инемен, жуан кендірмен тігеді. С.Мұқанов. Екеуі жуалдызбен қаптардың аузын қайта тігіп, есекке артты. Ш.Мұртазаев.

Теже/тезе *сөйл.* Атының басын тежеді. Ғ.Мұстафин. Денесін ширақ қария алды тезеп. О.Малқаров.

Тежеуіш/тежегіш/тежеме *морф./тормоз кітаб.* Мастер қажет болған жағдайда тежеуіш пен генераторды реттеп жібереді. Б.Далабаев. Ол жол жиегіне тежегіші шикылдап тұра қалған автомобильді нұсқады. А.Мархабаев. Милиция қызметкерінің ала таяғы көрінсе, шофер бірден тежемені (тормозды) басып, баяулай қалатын. С.Шаймерденов.

Текті/затты *лекс.* Сыйласарлық тектінің кім танымас нұсқасын, Күнде өзімшіл ептінің, Несін адам ұстасын. Абай. Асқар затты жерден қыз алуды онша мақсат еткен емес. Синонимдер сөздігі.

Текіректе/текіт *морф.* Текіректеген желіспен лезде ауылдан қара үзіп шығып кетті. С.Мұратбеков. Шалабай қараңғы түнде жерді дүңкілдетіп текіте жөнелді. Ғ.Мұстафин.

Теледидар/телевизор *кітаб.* Телевизия радиоқабылдағышын енді телевизор деп атамай, теледидар деп, әдемі баламасын тауып атайтын болдық. «Лен.жас».

Телше/телшік *жерг.* Ала тайдың қос телшесі былқып асылып жатыр. М.Әуезов. Жал-жая, телшікті кебежеден шығарып өреге жайдырған.

Ә.Көшімов.

Теңге/сом *көне.* Теңге – егеменді еліміздің өз ақшасы. «Алматы ақшамы». Өткен жылы колхозымыз үш жүз елу мың сом таза кіріс келтірді. «Жетісу».

Теңдік/теңлік *сөйл.* Біз достық пен теңдіктің туын көтереміз. Б.Момышұлы. Теңлік алсам өсіп ер жетіп, жүрекке ант қып түйгемін. С.Сейфуллин.

Теңселу/аутаңдау *жерг.* Тебіренді дауыл, теңселді терек. Шамкенов. Ірі денесі екі жағына кезек толқып, аутаңдап басып, мінбеге қарай жөнеле берді. Ә.Нұрпейісов.

Теңі/теңтұсы Тең теңімен, тезек қабымен. Мақал. Осында отырған қырық үйлі жоқ-жітікті сұрасаң, менің теңтұсым екен. М.Әуезов.

Тепенде/тепекте Күні бойы тепендеп, әбден титықтадық. Ауызекі тіл. Көк шолақпен тепектеп, Тор шолақты жетектеп, Жанай берме көшімді, Түйелерім шошиды. Жамбыл.

Теперіш/төперіш *сөйл.* Көрмеген теперішім жоқ. О.Бөкеев. Жастық ғұмырын кісі малының соңында өткізген Найзақара байлардан талай төперішті көріп еді. М.Хасенов.

Тепкі/текті *сөйл.* Қамшы мен тепкі тиген денесі көкпеңбек. С.Мұратбеков. Байдың соңғы сөзі өмірдің текпісіне түсіп басы айналған үйшіні қыстау болды. С.Талжанов.

Тепкішек/тектішек *сөйл.* Жүсіп тепкішекпен жоғары шығып кетті. А.Хангелдин. Ермек текпішекке аяғын дәлдеп басып, жоғары қарады. С.Ерубаяев.

Тепсін/тебіт *жерг.* Әйел мен кемпір маған тепсініп тұрған сияқтанды. Ә.Нұршайықов. Ақшамды әкел! – деп тебітті Қатыш. Ғ.Қабышев.

Терезе/терезешік *морф.* Терезеден қарады. Ауызекі тіл. Бір мезет жанындағы кішкене терезешіктен төмен үңілесің. І.Жансүгіров.

Термеле/термешіле *жерг.* Ол күле сөйлегенде өлеңдете, термелеп тұрғандай сөйлейді. Ә.Тәжібаев. Болат қазақтың ескі ән-күйлерін термешілеп біраз отырды. Т.Дәуренбеков.

Термеші/терімші Термеші қыз-келіншектер мақта теріп жүр. Ауызекі тіл. Күнсұлу – күндік мақта теру нормасын бір жарым есе орындап жүрген озат терімші. «Оңтүстік Қазақстан».

Терші/тебірші *жерг.* Түрекең тершіген қасқа маңдайын қол орамалмен сипап өтті. Ә.Нәбиев. Тақта алдында тебіршіп тұрған Самырат та күледі. Ә.Сәрсенбаев.

Тесік/тескін/тескіндік *жерг.* Есіктің тесігінен қарады. Қазақ ертегілері. Ағаштың тескініне қадады. «Лен.жас». Туды қадайтын тескіндік табылмай тұр. Р.Қошқарбаев.

Тесігі жоқ/тескінсіз/тескіндіксіз *жерг.* Тесігі жоқ, бүтін. Ауызекі тіл. Төбелері жалпақ, терезелері ішінде, сыртқы қабырғалары тескінсіз тұтас. С.Мұқанов. Тескіндіксіз айнала өскен қалың қарағайдың ортасында көлдің бейнесі сырлы аяққа құйған қымыздай. С.Мұқанов.

Тетір/теріс қылық Бұл істеген ісің – тетірлік. «Советтік шекара». Теріс

қылықтан аулақ бол. Ауызекі тіл.

Тигіш/тиімпаз *морф.* Сойылы сілтеген жеріне тигіш. Ауызекі тіл. Оның мылтығы тиімпаз. Е.Қонарбаев.

Титтей/титімдей/тинақтай/тинақымдай/титтай/тинәмдай/тиянадай Титтей арық қолдарымен қысып-қысып қояды. С.Ғаббасов. Адал жолдан титімдай бұрылып көрген жоқ. Н.Оразов. Фабрика ішінде Жылқыбай білмейтін тинақтай тетік қалмағай еді. Ә.Ибрагимов. Тинақымдай болып ап, білімге қара талабын. Б.Майлин. Титтайыңнан көз алдымда болдың. Ө.Қанахин. Тіске қыстырар тинәмдай етің жоқ. Ф.Дінісламов. Құнтиған тиянадай бойы мен жаңа қызыл бояуы осыны көрсетеді. М.Әуезов.

Тиын-тебен/тиін-тебен/тиын-сиын Қалтамды қағып, түбінде қалған соңғы тиын-тебенімді тықпаладым. А.Мекебаев. Қалтасындағы тиін-тебен мен белбеу, бет орамалына дейін әйелдерге тонатып шықты. З.Жәкенов. Өткен-кеткен жұрттың берген тиын-сиынын салатын қалайы кружке. Ә.Шәріпов.

Тиін/тиын *орф.* Тайгада тиін, бұлғын, бұғы бар. Ш.Айманов. Тиын терісінен тігілген малақай киген. «Лен.жас».

Тиіп-қашпа/тиіп-қашты Тиіп-қашпа әңгімеміз көбінесе кино мен әдебиет жайында болды. Қ.Сатыбалдин. Бұрындары тиіп-қашты бірдеңелері болғанымен, бұл өмірінде әйел денесінің сиқырына Ернардың алғаш рет жолығуы. Ө.Қанахин.

Тиіс/тиісті Биғайша да ешкімге айтпаған болуға тиіс. Ә.Нұршайықов. Совет әдебиеті коммунизм идеясының ұлылығы мен әсем сипатын көркем сөз арқылы суреттеуге тиісті. Ғ.Мұстафин.

Тиіскіш/тиісімпаз Көрінгенге тиіскіш. Ауызекі тіл. Ол әсіресе жеңгелеріне қандай тиісімпаз. Т.Жақыпбайұлы.

Тиісті/тиесілі *сөйл./тиемел жерг.* Өмір сүру үшін тиісті жағдай болмаса, жануарлар да тіршілік ете алмайды. Қ.Жарықбаев. Колхозшылар өздерінің тиесілі ақысын білгеннен кейін еңбегінің нәтижелі болуына тырысатын. С.Қаженбаев. Қорғасын кеніне тиемел екі вагон екі күн бұрын жөнелтілген. Т.Әлімқұлов.

Тобылғы/тобыл *морф.* Тобылғы әкелді. Ауызекі тіл. Тораңғы, тобыл, сексеуіл, тамшы тілеп аспаннан. К.Әзірбаев.

Тобышақ/тобышық *сөйл.* Тобышақ бие – қазанат пен қарабайырдың шағылысуынан пайда болған бие. Ш.Жанәбілев. Тұлпардың шын тобышық бедеуі екен, көресің шапса шаңын будақ-будақ. Хрестоматия.

Тоғаяу/тояттау Ол біраз ішіп-жеп тоғайып алған соң ғана еңсесін көтеріп, жадырай түсті. К.Тоқаев. Тояттаған қыран бүркіт тұғыр үстінде қалғыды. Ғ.Сармурзин.

Тозақ/тамұқ/дозақ/тозаб *жерг.* Тозаққа түсетіндей көретін. Ә.Әбішев. Молда айтқан тамұққа мен болсам жанатын. Б.Майлин. Қу тамақ үшін жұмыскерлер жандарын дозаққа салғандай. С.Сейфуллин. Бұл өмірдің азабы мен тозабын армансыз тартқан асыл жансебілдер-ай. Қ.Жұмаділов.

Тозақы/дозақы Тозақы мінезін байқатты. «Қаз.әдеб». Сен, дозақы қар, көрінбеші көзіме. Ә.Нұрпейісов.

Тозған/тозғындаған морф./салдама көне. Құрал-жабдығы тозған. «Қаз.әдеб». Жер кесіп, қыстақ салып отырғызды, тозғындаған шаруаны жиыстырып. Ақын жырлары. Сүлейменнің салдама арбасымен сүйретіліп қалаға қатысты. І.Жансүгіров.

Тозғыш/тозғақ Олар көбінесе сүттен және желін терісінен май соруының нәтижесінде тозғыш келеді. Д.Керімбаев. Пальтоңыз тозғақ, жасыңыз ұзақ болсын. Б.Соқпақбаев.

Тозық/тозыңқы/тозғын Тозық тұрмыс жоғалсын! Ескі ауылдың орнына Жаңа өмірлер құрылсын. І.Жансүгіров. Қыздың үстіндегі кимі тозыңқы. Мың бір түн. Үйге кірген кісінің үстіндегі кимі тозғын. «Лен.жас».

Той/тоғай Бауырсаққа тойып алды. Ауызекі тіл. Ыстық самса жеп, тоңазыған ет жеп тоғайып алды. М.Әуезов.

Тойтан/тойтан сөйл. Тайман сойқандықпен сахарада еркін қамшы сілтегенмен, қала бұл тойтанды көтермейді. Р.Нұрғалиев. Оның сөз сарынынан неде болса бір тойтанның болатынын ішім сезді. Ә.Хасенов.

Тойтанда/тойталаңда/тойтақта/тойталақта морф. Көше бойлай тойтандап жүріп келеді. «Жалын». Мәукіл тойталаңдап өндіріс бөліміне қарай тартты. С.Бегалин. Керекудің құмын есіп, көшесін тойтақтағанша шаруаға себі тисін. Р.Тоқтаров. Өзінің осы тойталақтап келе жатқандағы бар медеуі шөп үйіндісіне жетсе, Астрахан қорғанына кіргеннен кем болатын емес. С.Бегалин.

Той-тобыр/той-топыр Ылғи той-тобырда шынжыр балақ, шұбар төстерді оңды-солды өртті өлеңмен сілейте тіліп отырар еді. М.Сатыбалдиев. Жаттап алған өлеңдері болса да еркек демей, әйел демей, той-топырда айтысып жүре береді. Т.Сыдықов.

Той-томалақ/той-торалғы/той-топалаң жерг. Той-томалақта жастар өнер көрсетеді. Е.Ібітанов. Сен де бейбіт берекеңмен, той-торалғыңмен жарқын кел, жарылқай кел. «Соц.Қаз». Сонша болмай ырду-дырду той-топалаң озат шаруашылықты ептеп етекпен тарта жөнелді. Қ.Ыдырысов.

Тойын/тоғай Шөп жеп тез тойынады. М.Ермеков. Сауыны жоқтардың да аузы аққа тиіп, бала-шағалары тоғайып қалды. Ә.Тәжібаев.

Тойындыр/тоғайт/тоғайрат жерг. Үйге кіргізіп тойындырды. Ауызекі тіл. Шұркырап тұрған қарнын лезде тоғайтар еді. Т.Тобағабылов. Түлкідей қызыл дүниені қызықтап, біраз көңілін тоғайратты. Ш.Шалқаров.

Тоқаш/тоғаш сөйл. Тоқаш пісірді. Ауызекі тіл. Іші толған ақ қалаш, тоғаш, мейіз бен мәмпәси екен. Б.Аманшин.

Тоқпақтай/шоқпақтай сөйл. Бұрымы тоқпақтай. Ғ.Сыланов. Шоқпақтай қос бұрымын екі иығынан асырып әкеліп, кеудесіне салбырата түсіріп жіберіпті. С.Омаров.

Тоқпейіл/тоқмейіл Әдетте дауылдата сөйлейтін жылауық әйел қазір тіпті тоқпейіл, сыпайы сөйлеп отыр. Ғ.Мұстафин. Базаралы бір үйінен шалап, бірінен ірімшіктің сары суын ішсе де тоқмейіл. М.Әуезов.

Тоқпейілсу/тоқмейілсу Тоқпейілсіп қаннен-қаперсіз жүрді. Ауызекі тіл. «Өзім мерген екенмін ғой» деген мақтаныш пен тоқмейілсу пайда болып еді. С.Алдабергенов.

Тоқтық/тоқтылық жерг. Тамақтың тоқтығы, киімнің бүтіндігі жанға пайда, – деді Әбдікәрім ширатыла. С.Омаров. Мал тоқтылықтан өліп жатқан жоқ, ұқыпсыздықтан, дұрыс күтімнің болмауынан шығынға ұшырап жатыр. Асқан асу.

Тоқшылық/тоғыншылық морф. Тоқшылықта жеген тоқпан жілік ашаршылықта көзіңнен бір ұшар, Мақал. Ит басына іркіт төгілген тоғыншылық заман. А.Мекебаев.

Тоқылдақ/тоқылдауық Тұмсығымен қарағай тесіп күн көріп тоқылдақ жүр. Б.Дәулетбаев. Келісілген белгісі бойынша Шура орман ішінде тоқылдауық болып дыбыс берді. Ә.Шәріпов.

Тоқыма/тоқымалы Тоқыма фабрикасында жұмыс істейді. М.Иманжанов. Қазір тоқымалы жеке қаппен бөлінген қабырға түгелге таяу жабылып, аламыштана қалыпты. Ә.Сәрсенбаев.

Тоқым қағар/тоқым қақты сөйл. Бізді ұзатып келген соң жол ашарды да, тоқым қағарды да өздерің өткізіндер. С.Мұқанов, Жеңешемнің тоқым қақтысын жеке жегенше, бізді де шақырсаң қайтетін еді? Б.Дәулетбаев.

Толайы/талайы сөйл./тәлейі сөйл. Толайым, сөз әлпетіңе қарағанда сол сендер екенсіңдер-ау. М.Әуезов. Болдым-ау бойлағандай талайымды. Х.Бекхожин. Тәңірім тәлейімізді үстем етсін, Құдай жолымызды оңғарсын. З.Жәкенов.

Толқыма/толқымалы Толқымалы ой үстінде отыр. «Лен.жас». «Өзім оқытамын» дегені көкейіне әрі-сәрі толқыма ой салды. Д.Досжанов.

Толқындай/толқындайын поэз. Шашы да оның сол бір ақ жал толқындай. Ж.Молдағалиев. Толқындайын тауланып, қомданды жылан қос басты. Жамбыл.

Толу/толысу Денесі толып, арық беті еттеніп дөңгеленген секілді. С.Мұқанов. Денесі толысып, сымбаттала, әдемілене түскен тәрізді. «Лен.жас».

Толмайтын/толмайтұғын Жәшіктеріміз толмайтын секілді. «Қаз.әдеб». Ләпсіңізге қарасам, толмайтұғын қанарсыз. Айтыс.

Толы/толулы морф. Қора толы қой. Ауызекі тіл. Қыз жүрегі оған деген алғысқа толулы еді. З.Шүкіров.

Толық/толығынан Тапсырманы толық орындады. Ауызекі тіл. Керекті мәліметтерді толығынан беретін болды. «Сауыншы шамшырақтар».

Толықсы/толқысы сөйл. Таланты толықсып, жалынды, уытты шығармаларды үсті-үстіне тудырған. М.Қаратаев. Бұрынғыдан толқысып дәулет бітті еліме. «Пернедегі термелер».

Толыңқырау/толығыу Біршама толыққыраған. Ауызекі тіл. Толығайып кеткен іші мойынға асылуға жібермей, қолын соза берді. Х.Есенжанов.

Томсыраю/томсару/томыраю Томсырайып үнсіз отыр. Ауызекі тіл. Үндемей томсарып қалды. Ә.Нұрпейісов. Манадан бері ұнжырғасы түсіп, үн-түнсіз томырайып отырған. Т.Бердияров.

Тоң/томыр Тоңырайған тоң мінезді баласы бар. И.Байзақов. Тұйықтау, томыр мінез Шегебайдың аңқылдағанынан гөрі бұқпасы, бұқпесі көп. Б.Тілегенов.

Тоңазы/тоңарсы Тоңазыған ет жеді. Ауызекі тіл. Байқаймын түнімен тоңарсып қалған сияқты. Т.Иманбеков.

Тоңазыт/тоңдат *морф.* Біраз тоңазытып алды. Ауызекі тіл. Онан берегіректе балық тоңдататын үлкен мұз қала бар. Ә.Нұрпейісов.

Тоңазытқыш/мұздатқыш *лекс.* Тоңазытқыш сатып алды. Ауызекі тіл. Телевизор, мұздатқыш сияқты адам өміріне қажет заттың бәрі бар. З.Шашкин.

Тоңқалаң (асыру)/тоңқалақ *жерг.* Ұстаса кеткеннен тоңқалаң асырды. Ауызекі тіл. Тон ба саған, тоңқалақ асырайын мен сені. М.Есламғалиев.

Тоңқанда/тоңқалаңда Тоңқандай қатар жарысып барады. С.Мұқанов. Вагон-вагонның арасымен тоңқалаңдап жүгіріп келем. З.Шашкин.

Тоңмойындық/тоқмойындық *жерг.* Әйтеуір тоңмойындық мінезің көк ат пен менің сорым дағы. І.Жансүгіров. Тасырлық, тоқмойындық – білімсіздіктің көрінісі. М.Әлімбаев.

Тоңпаңда/томпаңда/тымпылда Баласы тоңпаңдап жүгіріп жүр. Ауызекі тіл. Амантай томпаңдап үй алдында ойнап жүр. С.Мұқанов. Сәрсенғалидың тымпылдап жүгіріп жүргеніне қарап, көзі жасаурап кететіні де бар. М.Байғұтов.

Тоң-торыс/тоң-теріс Салқын келіп тоң-торыс, сыртқа сыздап қарайсың. Жамбыл. Айдаладағы бекетін бұлдап, тоң-теріс жатып алды. Б.Тілегенов.

Топшыла/торамда *жерг.* Дүние тануға болатындығын дұрыс топшылаған. М.Ақынжанов. Мүмкін тіпті осының үшеуі де бар шығар. Кенжетай осылай торамдап отыр еді. Д.Әбілев.

Топырлау/топылдау/топылу *жерг.* Іштегілер топырлап сыртқа шыға бастады. Ә.Нұрпейісов. Жерге шетірткелер топылдап түсе бастады. А.Хангелдин. Желкесіндс, қырық қадам жерде топылып тұрған жұрт. Ж.Нәжімеденов.

Торай/торапай *жерг.* Торай сатып алып бақты. Ауызекі тіл. Шошқаның торапайы! Су мұрынның кәрі төбеті құсап ыржалаңдап не болды. М.Иманбаев.

Тораңғы/тораңғыл Бұғып жатқан таса жерімізден ытқып шығып, кәрі тораңғының түбіне жетіп келдік. О.Сәрсенбаев. Осы ауыл мекен еткен дария тұсында қалың тораңғыл өсетін. О.Сәрсенбаев.

Торсаңда/тортаңда Торсаңдап өкпелеп жүр. Ауызекі тіл. Үміт одан сайын тортаңдап, қолындағыларын лақтырып, қырып кете жаздады. Б.Тілегенов.

Торуылда/торула *сөйл.* Айнала торуылдап жүрген қарға. Н.Ахметбеков. Қайдағы қасқыр біткен қаптап кетті, торулап олжа тапқан осы жолда. Ә.Тұрманжанов.

Тосап/варенье *кітаб.* Жаз айларында әр түрлі жеміс-жидектен тосап (варенье) қайнатып алған жөн. «Мәдениет және тұрмыс».

Тосаттық/тасаттық/тосат *морф.* Әулие-әнбиелерге жалбарынып құрбан шалып тосаттық берді. «Соц.Қаз». Аспан тәңірісіне мал айтып тасаттық берді. «Жетісу». Қысы жұт, көктем басы қиыншылық, ұшырады ел екі тосат көлденеңге. Үш ғасыр жырлайды.

Тосқауыл/тосқау/тоспал *жерг.* Байлар қанша әрекет жасағанмен, өскелең өмірге тосқауыл бола алмады. Ш.Өтепов. Ескі қорғанның іргесіне биіктігі отыз метрдей тоған жасалып, тасқынға тосқау қойылды. О.Сәрсенбаев. Кез келген жаққа бір шауып. Кедергі тоспал көп болды. А.Тоқмағамбетов.

Тосқын/тосқан *сөйл.* Жантас: Мың асқанға бір тосқын деген. М.Әуезов. Мың асқанға бір тосқан деген емес пе. Е.Ысмайылов.

Тоспа/тоспал *сөйл.* Суландыру үшін тоспалар салған. «Жетісу». Ақмарқа өзен тоспалдарына уылдырық салады. К.Күленов.

Тоспала/тосқауылда *морф.* Есей алды-артынан тоспалап жарылып жатқан жер шамасын да мөлшерлеп қараған жоқ. Ә.Нұрпейісов. Тосқауылдап күтіп қалды. И.Байзақов.

Тостаған/тостақан *орф./тостақ морф.* Тостаған – ағашты ойып істеген кіші-гірім ыдыс. С.Қасиманов. Кішкентай ғана тостақан. «Балдырған». Қазан дегеніміз ортасы шұқыр, насыбайшының тостағы секілді бір зат. А.Тоқмағамбетов.

Тот/дат Тот басқан жерін егеп, бос тетікті бекіттім. Ә.Дүйсенбеков. Темірді дат басып кеткен. Ауызекі тіл.

Тотық/тоттан/даттан *сөйл.* Ескі шегелер тотығып кеткен. Ә.Сәрсенбаев. Үйге барды да, тоттана бастаған ағаш сапты селебені әкелді. Е.Ибрагимов. Шелек түбіндегі шегелер даттанып кеткен. «Жұлдыз».

Төбе (үйдің)/үшек *жерг.* Төбелері опырыла құлап жатыр. С.Мұқанов. Жайдың үшегіне шөп үймендер. Диал.сөздік.

Төбелескіш/төбелескек/төбелесқой/төбелесқор/төбелесқұмар Әрі өздері төбелескіш, боқтампаз, тентекбастау ма қалай? Ғ.Қайырбеков. Бүйрек бет, желкесі шұңқырайып тұратын, төбелескек Қасымбек мені қостай кетті. Ә.Нәбиев. Надандықтан туған осы жексұрын жікшілдікті әсіресе жуан білек төбелесқой балалар ушықтырады. Б.Соқпақбаев. Бұжыр бет шиқан шыққандай қызарып, төбелесқор адамдай шекесі шодырайып кетеді екен. Ш.Құмарова. Кейде әлгі төбелесқұмарлардың әкелері біздің үйге шақырылады. Т.Тобағабылов.

Төбетей/төбетай *сөйл.* Гауһар қалтасынан кішкене айнасын алып, өңіне үңіле қарап, төбетейін кейін шалқайта кие бастап еді. С.Мыңжасарова. Үстінде шаңқандай ақ халат, басындағы төбетайы да аппақ қардай. З.Жәкенов.

Төбешік/төбеше/шыңайт *жерг.* Төбешікке шығып қарады. «Жалын». Бақай тауына қанаттасып осындай төрт төбеше томпыып көрінеді. Б.Дәулетбаев. Құмды шыңайт ен дала. Ж.Сыздықов.

Төгілгіш/төгілмелі/құйылғыш/төгілешек *морф.* Тек гүлдер мен шок гүлдерді жинау ісі сәл кешіктірілсе, кептірілгеннен кейін төгілгіш келеді. С.Сүбханбердин. Толқымалы төгілмелі көңіл ғой, – деді Асан. Т.Нұртазин. Күріш деген – құйылғыш дақыл. Ы.Жақаев. Төгілешек ердің бүгін бұл шаңы соңғыларға бақыт берсе болғаны. Ғ.Қайырбеков.

Төгілт/төгілдір/төмілжіт *сөйл.* Жібек бетіне әшекейлеп кесте төгілтті. Ауызекі тіл. Төгілдіріп кесте тігу өнері халық арасына кең тараған. «Қазақ

ССР тарихы». Сая төмілжітіп ақ жібек жаулық салды. Д.Досжанов.

Төзгіш/төзімпаз/төзімтал/төзімшіл Қиыншылыққа төзгіш ондай жан сирек шығар. «Еңбекші қазақ». Төзімпаз халқымыздың бақытына сен ғана қамқоршымыз, қателеспе. Ә.Сәрсенбаев. Төзімтал жәндіктер өлмей қалса, әрі қарай қайта көбейеді. Н.Нұрахметов. Үй салтының езгісі оны бәріне де төзімшіл үнсіз күнге айналдырды. «Қаз. көркем очеркі».

Төлқұжат/паспорт *кітаб.* Мал бағып, егін өсіретін ауыл-селоның балалары қалаға келсе, төлқұжатын (паспортын) тіркейтін орын таппай қалады. «Халық кеңесі».

Төлхана/қозы қора Жаңа туылған қозыларды қамайтын төлхана (қозы қора) іші жылы әрі жарық. «Оңтүстік Қазақстан».

Төменшік/төменшек Өзін төменшік ұстамады. Ауызекі тіл. Жайшылықта қатарының ешқайсынан өзін кем санамайтын Талғат Әслима алдында тым төменшек, жасқаншақ. М.Есламғалиев.

Төменшікте/төменшекте Төменшіктей жүзін сырт алып, қаша берді. «Жүздесу». Дүниенің қоры болып кетсем де, оның алдына төменшектеп баруға мен де жоқпын. Б.Соқпақбаев.

Төмпеште/төпеште Төмпештеп ұрмақ болды. Ауызекі тіл. Қаратай қызды екі бүйірінен кезек-кезек төпештеп еді, бір кезде зілдей қол дақ қазантолмастың үстінен тиіп, сылқ ете түсті Нағым. А.Жүнісов.

Төмпешік/төмпеш/төмпе/төмпек Төмпешік үстіне жайғасты. Ауызекі тіл. Жұрт төмпеште, жонда пысынап, топ-топ болып тұрды. С.Сейфуллин. Айналасына құрақ өскен бұл жер – үлкен төмпе секілді. Ж.Молдағалиев. Әлгі маңнан биіктеу төмпек тауып, атты соған жақын тартып зорға міндім. Б.Соқпақбаев.

Төңірек/төңерек *сөйл./төгерек* *сөйл.* Төңіректі селт еткізді. С.Сейфуллин. Төңерекке көз салды. «Мәдениет және тұрмыс». Арғынның ат жеткісіз аймағы бар, Төгерек жеті дуан ойнағы бар. Біржан сал – Сара.

Төраға/раис *кітаб./председатель* *кітаб.* Бір мексеменің төрағасы. «Қаз.әдеб». Хорезмді жаулап алу соғысын раис Кутейбе басқарды. М.Токжігітов. Үлкен ұлы – біріккен бастауыш ұйымының председателі. «Жалын».

Ту/жалау/байрақ *кітаб.* Ту көтерген ел көрдім. Т.Жароков. Еліміздің қызыл жалауына ізетпен тағзым етті. «Қаз.әдеб». Мақсат – бәйгіден келу, байрақты алу ғой. Х.Сүйіншалиев.

Туар/туашақ Алда туар келешек ұрпаққа арналады. «Қазақстан әйелдері». Сөйте тұра оқығым келеді, туған я туашақ балаларым үшін. С.Мұқанов.

Туғалы/туасы *морф.* Туғалы мұндай нәрсені естімеген еді. Ауызекі тіл. Мәмбеттің отырған подвалына туасы көрмеген адамдар келді. І.Жансүгіров.

Тура/турамшыла *морф.* Піскен етті майдалап турап берді. Ауызекі тіл. Сиырдың семіз етін турамшылаған. С.Мұқанов.

Туралы/турасында/тарапты Теңдік туралы жырлады. Б.Кенжебаев. Онға жуық бригаданың үздігі турасында әңгімеледік. Қ.Найманбаев. Тіпті мен Қазиден тарапты қателескен-ақ болайын. Е.Мырзахметов.

Турашыл/турашы *көне.* Жұмаш болса мына ақсақалдың турашыл қылығын қатты ұнатып, темекісін өшіріп, басын изеді. С.Сматаев. Қай халық болса да өнер-білімді медресе-мектептер салып, тәртіп-тағлым арқасында тапқан. Бұған тарих турашы. «Айқап».

Турашылдық/турашылық Туғаннан турашылдығы бар Бейсекең заводтағы немқұрайлықты беттеріне басып газетке жария етті. Ә.Бөриев. Оның тура айтып, туғанына жақпайтын турашылығын сағынатын көрінеді. Б.Дәулетбаев.

Тусыра/тусы *сөйл./тусыр* *сөйл.* Тусырап жатқан байлықты игеру мыңдаған өрендердің пешенесіне жазылды. А.Сейдімбеков. Тусыған ту биенің құйрығындай ойдым-ойдым жерді алып жатқан боз шидің түбі алаулаған жасыл жалын секілді. Д.Жанботаев. Тусырып қалған жолдың өн бойы жидек сабағынан сыңсып тұр. Ж.Мусин.

Ту-талақай/ту-талапай Маңайдың ту-талақайын шығара өреки ұйтқып сес көрсеткен дауыл. Т.Қаупынбаев. Өзімнен өзім аяп келе жатқан қайран нан қазір ту-талапайға түседі. Б.Соқпақбаев.

Туталақайла/туталапайла Біз саған қарамай туталақайлап жіберіптік кой әуелі. Н.Қазыбеков. Туталапайлап алып кетті. «Қаз.әдеб».

Туыл/ту *сөйл.* Қасы кара қиылған жаннан артық туылған. Манас. Бүгін оның туған күні. «Лен.жас».

Туылатын/туашақ Биыл туылатын сәбилерге арнап перзентхана ашылды. «Жетісу». Өйтуім – өзім үшін ғана емес, туылған я туашақ балаларым үшін. С.Мұқанов.

Тұғжында/тұқыжында *морф.* Арық бойында тұғжындап бірдеме істеп жүр. Семья тәрбиесі. Біреудің тұқыжындап жер қазып жатқанын байқап қалды. Қ.Жұмаділов.

Тұғырнама/платформа *кітаб.* Әр түрлі тұғырнамада (платформада) тұрған коммунистердің арасына жік салмайтын, қайта оларды біріктіретін шешім қабылданды. «Алматы ақшамы».

Тұз/дұз *сөйл.* Тұзы татымаған. Ауызекі тіл. Астың дәмін дұз келтірер. Мақал.

Тұзақ/дұзақ *сөйл.* Торғай бір күні балалардың тұзағына түседі. Қазақ ертегілері. Дұзаққа оңай түсетін оқымаған надан ед. С.Сейфуллин.

Тұздық/дұздық *сөйл.* Ағаш табақта буы бұрқыраған еттің үстіне татыңқыратып тұздық құйдық. С.Мұқанов. Ей Балсары, дұздығың қайда? І.Есенберлин.

Түймеште/түйгіште/түйміште *сөйл.* Біреуі әлі де терезені түймештеп жатыр. К.Оразалин. Оның трибунаны түйгіштегені жайдан жай емес. З.Қабдолов. Арқасынан түйміштеп, нығарлап та жіберді. С.Бегалин.

Тұйнақтай/тұянадай Өз ісіне тап-тұйнақтай аса ұқыпты еді. С.Көбеев. Тап-таза тұянадай үй кірсе шыққысыз. Ғ.Мүсірепов.

Тұлымды/тұлымшақты Тұлымдымды тұл қылды. Алпамыс. Тұлымшақты қызды алды. Манас.

Тұмақ/тымақ *сөйл.* Бұл әкем киген тұмақ. «Лен.жас». Оның басында көнетоз қоян тымақ. Ғ.Мұстафин.

Тұмша/повязка *кітаб.* Сырқат адаммен сөйлесуге тура келсе, ауыз-мұрныңызға төрт қабат дәкеден тұмша (повязка) байлап алғайсыз. «Алматы ақшамы».

Тұмшау/тымшау Басын тұмшалап орап алған. Б.Майлин. Сол кез Ағжан іштегі өртенген дертті бір сәтке қуыс кеудеге тымшап тастап, жымия басып апасының жанына келіп тізе бүгетін. Е.Тұрысов.

Тұншықтан/тұңғыықтал Айжан әпкемнің мейірімді жанары бір сәт тұншықтана түнерді. Қ.Толыбаев. Жұрт көңілі тұйықталып, тұңғыықталып толқығандай болады. І.Жансүгіров.

Тұңғыш/тәугі *жерг.* Тұңғыш рет жылағаным сол болар. Т.Молдағалиев. Ол алғашқы еңбек жолының тәугі жеңісіне масаттанып келеді. Қ.Сәрсекеев.

Тұрғылас/тұрғы Бізді осы тұрғылас әңгімемен шығарып салды. Х.Ерғалиев. Өзіміз тұрғы кілең жас жігіттер. «Мәдениет және тұрмыс».

Тұрғын/тұрашақ *морф.* Тұрғын мекен-жайын бөренеден тұрғызады. Ауызекі тіл. Бұл үй-жай – сіздің тұрашақ мекеніңіз. М.Әуезов.

Тұрпат/тұрпет *сөйл./үрпет* *жерг.* Тұрлері, тұрпат-мінездері түрліше. С.Сейфуллин. Маңдайы қалың, ерні түрік қыз жабайы тұрпетімен түйсінтті. Т.Әлімқұлов. Көкбөрінің түбіті түтелегенде, бар үрпетін қашырып тұр. К.Ахметбеков.

Тұспалда/тоспалда *сөйл.* Өз үйін көңілмен тұспалдап қарай берді. Т.Ахтанов. Сөйлейді өткен-кеткен шежіреден, Тоспалдап әр дәуірдің өз мақамын. Қ.Жұмалиев.

Тұттықпа/тұтықпа *сөйл.* Сөзге шорқақ, ойға олақ, текпе тілге тұттықпа адам жағаласқа келмейді мұндай жерде. Ә.Рахымжанов. Тұтықпа адамша сөзінен жаңыла берді. «Жұлдыз».

Тұтық/тұттық Шалдың сөйлегенде тұтығатын әдеті бар. К.Тоқаев. Қарағым-ай, – кемпір күрсінді, – сен тұттығуды қойып келе жатыр едің. Ә.Сәрсенбаев.

Тұтым/қорытынды шешім Жәнейт атқа мінгенде, осындай қатты тұтыммен мінген. Ә.Кекілбаев. Бұл – жан-жақты ойланған қорытынды шешім. Ауызекі тіл.

Түгелсі/түгелсін Ішкі ұпайы түгелсіп, жымыып қояды. «Жалын». Ішкі ұпайы түгелсініп жігіттер жата берді. І.Жансүгіров.

Түгенде/түгелде *сөйл.* Есебімді түгендеп, теңдікті түптермін. С.Сматаев. Сен барып, бәрін түгелдеп қалдырмай айт. С.Сейфуллин.

Түгіл/тұрмақ/тұрғай Сен түгіл, бастығың да бара алмады. Ауызекі тіл. Манат машина тұрмақ жаяуды да аттатпайды. М.Сатыбалдиев. Мықты қол ағаш тұрғай темірді де сындырмай ма? Ж.Тілеков.

Түз/дүз Жапан түзде бір өзі ғана қалғандай. Ә.Қанахин. Өзіміздің жапан дүз, бабаларымыз ақ отау тіккен жер. Р.Шаханов.

Түзе/дүзе Көш жүре түзеледі. «Жұлдыз». Қозғалғандардың соңын ала Үдербай да көшін дүзеген. «Жұлдыз».

Түзу/түзік/дүзік *сөйл.* Заманның түзу уақтысы еді. Д.Досжанов. Басқаның бәрі тентек, сен түзікше. Айтыс. Ханның сөзі дүзік деп, Орынсыз сөзді жолдама. Шалкиіз.

Түзулік/түзіктік Бәрінен де абзалы – ниеттің түзулігі. Ауызекі тіл. Бұрын бұзықтық жасаған жерім жоқ, бүгінгім түзіктік болса болғаны. Х.Есенжанов.

Түйіршік/түйіршек *сөйл.* Қызыл түйіршік – қанның құрамындағы элемент. Биология. Қып-қызыл қан түйіршектері көрінді. Қ.Салғарин.

Түкпір/түпкір *сөйл.* Үшеуі Қазақстанның үш түкпірінен келген. «Жалын». Ауланың арғы түпкірі толған апорт алма. Ә.Шәріпов.

Түлей/дүлей Мал сонау түлейі көп қалыңға қыстайды. «Жұлдыз». Айтүйге қараушы ма еді дүлей мықты. Ә.Әбішев.

Түндік/түңлік Киіз үйдің түндігі түрулі. Ә.Нұрпейісов. Түңлігі ашылмағалы екі күн өткен. С.Сматаев.

Түнерген/тұнарған *сөйл.* Түнерген қалпы үн-түнсіз отыр. «Қазақстан әйелдері». Тұнарған қырау қабақ, сөзі ырғақты. Т.Жароков.

Түнеугүнгі/түнеугі Түнеугүнгі жалғыз биені ұры әкетті. С.Сейфуллин. Естідік қой жиналыста түнеугі. «Соц.Қаз».

Түпкілікті/түкпілікті *сөйл.* Күріш өсіруге түпкілікті орныққан адам аз. «Жұлдыз». Мұндағылар түкпілікті орнығып қалғандар. «Халық мұғалімі».

Түрегеп/түрекеп *сөйл.* Түрегеп тұрып түсіндірді. «Спорт». Стол басында түрекеп тұрған. Ә.Шәріпов.

Түрме/абакты/абакы *жерг.* Әкесі жазалы болып, түрмеде отыр. «Советтік шекара». Ол абақтыда алты ай отырып шықты. С.Көбеев. Абақыда да жатты. Диал.сөздік.

Түртіншекте/түртінекте Түртіншектеп бұл байғұстың да жұмысы таусылмайды. М.Құмарбеков. Ол бір нәрсені түртінектеп жаза беретін. С.Омаров.

Түршік/тіршік *сөйл.* Жүрегі түршікті. Ауызекі тіл. Махамбетовтың оны алдап жүргені есіме түсе кетті де, денем тіршігіп қоя берді. Д.Исабеков.

Түс/түс Түс мезгілінде үйіне келді. Ауызекі тіл. Сәске, түс кезінде жолға әзірленді. «Жұлдыз».

Түстік/түскі тамақ Бір үйден түстік, бір үйден кештік ішесіздер. С.Мұқанов. Екеуміз түскі тамақты ішуге біздің үйге келдік. Ауызекі тіл.

Түс киіз/түс киіз *сөйл.* Әдемі түс киіз төселген. Ауызекі тіл. Қабырғаға оюлы түс киіздер де ілінген. С.Жүнісов.

Түсінеді/тектейді *сөйл.* Ол айтқанының бәрін түсінеді. Ауызекі тіл. Сөз мәнісін тектейді, Сөз мәнісін білмейтін сөз түбіне жетпейді. Мақал.

Түсінік/түсініктеме Ол кезде елге келгендердің ел жиып, түсінік беріп жүру салты еді. Б.Балабеков. Исаковтың бет-бейнесі қандай екенін танытатын бұл сөзге анау айтқан-түсініктеменің де қажеті шамалы. «Лен.жас».

Түсір/дүсір Шауып келе жатқан аттың түсірі естілді. «Жұлдыз». Шабдарға қамшы басып, дүсір шыққан жаққа қарай құйғыта жөнелді. Ш.Айтматов.

Тығызтаян/тығылтаян Тығызтаян шаруасымен келіп қайтты. Сауыншы шамшырақтар. Шын еркектік қасиет тығылтаян жолығыста танылады екен. Р.Тоқтаров.

Тығыршықтай/тықыршықтай *сөйл.* Тығыршықтай толық денелі ат айдаушы көтеріле берді. Ә.Нұрпейісов. Тықыр шашты, тықыршықтай, топ-толық келген, дөңгелек жүзді қара торы баланың қолындағы суретке оқушы атаулы қадала қарап қалған. Ф.Дінісламов.

Тықақта/тақақта Ол – сендерді тықақтап беймазалайтын кісі емес. «Жұлдыз». Үйретіп жатыр тақақтап: Бүкте, – дейді – былайша. Б.Майлин.

Тықпала/тыққышта/тықпышта/кізіне жерг. Өзі қажетсінбесе, қанша тықпалағанмен, ол да зорлап берген арзанқол бұйым секілді, көзден тасаланысымен лақтырып тастап жүре бермек. М.Сқақбаев. Мұншама байлықты Қарабайша тыққыштағаны несі? С.Сарғасқаев. Жинақ кассасына тықпыштай беретін шығарсыз? Т.Иманбеков. Өз малын кізінеген, кісі малын іздеген, түбінде өз малына ие болмас. «Алдаспан».

Тықсыр/тысқыр/тышқыр *сөйл./ықсыр жерг.* Жабылып тықсырып бара жатқан. Ә.Нұрпейісов. Үш-төрт айдаушы тысқыра айдайтын болды. Ә.Сатыбалдин. Байға жағыну үшін жұмыскерлерді осы тышқыртып жүреді. С.Сейфуллин. Біздің әскерлер немістерді ықсырып қуып келеді. К.Қазыбаев.

Тымаурат/тұмаурат *сөйл.* Аздап тымауратып жүр. Ауызекі тіл. Соңғы күндері балалардың тұмауратуы жиіленіп кетті. С.Алдабергенов.

Тымпима/тымсақ *жерг.* Тымпима мінезі бар. Ауызекі тіл. Қызық, шал өзгеше жұмбақ, оң бетін өлгенше тірі пендеге танытпас тымсақ адам секілді. О.Бөкеев.

Тым-тырақай/тырым-тырағай Ауылға қарай тым-тырақай шауып келеді. «Қаз.әдеб». Тырым-тырағай шуласа жүгірген балаларды көрдім. Ә.Көшімов.

Тымырай/тымсырай/тұмырай *сөйл.* Тымырайып жақ ашпады. Ауызекі тіл. Ойбай, манадан бері осыны айтпайсың ба, ішімдегіні тап деп тымсыраймай, – деп қара кемпір маңырап қоя берді. Т.Әлімқұлов. Екеуі де көзін төмен салып, тұмырайып отыр. Ә.Нұрпейісов.

Тымырсық/тымырық Көше бойындағы қалың ағаштың көлеңкесі қою болғанмен, саясында салқын ауа жоқ, тымырсық, тыныс тарылтқандай тыншу. З.Қабдолов. Ақылбек өлердей бір беткей, тымырық адам ғой деп түйді Раушан. Н.Келімбетов.

Тымырсықтан/тымырықтан Жоғалындар, бұл ұяда жалғыз өзім жатамын дегендей, балапандарға басын ұрғылап, тымырсықтана пыс-пыс етті. Т.Жақыпбайұлы. Үй іші пысынап, тымырықтанып тұр. Ә.Шәріпов.

Тыну/аяқсу *лекс.* Дикан жауында тынады. Мақал. Дабырлап жүргендер орны-орнына отырып, дабыр-дүбір аяқсыды. І.Жансүгіров.

Тыншы/тишы Баласының хабарын білгенше көңілі тыншыр емес. «Мәдениет және тұрмыс». Қонақтарын кеп қалды, – деді әйелі мас ері тишығар деген үмітпен. С.Мұқанов.

Тынығу/тишығу Тынығып аттаныңыз. К.Оразалин. Енді бөрте атқа да аздап тишығу қажет-ақ. Ж.Молдағалиев.

Тынымсыз/тиышсыз Кейінгі кезде тынымсыз боп кетті. Ауызекі тіл. Әкем содан кейін ауыл-ағайынға аса тиышсыз болды деседі. С.Мұқанов.

Тынып/тымып *сөйл.* Барлығы ауыр ой үстінде, іштерінен тынып отыр.

Б.Момышұлы. Дауыл да тымып қалған екен. Ә.Сәрсенбаев.

Тыныш/тиыш/тишу/тишы/тиіш *орфоэп.* Үй маңы тыныш. К.Тоқаев. Тиышымды алдың, Қодар нас. Батырлар жыры. Қырық күн шілденің ми кайнатқан тишу күндері жан-жануарды дінкелетіп-ақ тұр. С.Омаров. Оның неге керегін білгенше байыз таппай тишы кетіп тұр. С.Омаров. Жаны тиіш бір жерге жайғастырсақ, екеуміз де мұқтажсыз болар едік. К.Оразалин.

Тыныш/тиышты *морф.* Тыныш жұмыс тапқан. С.Мұқанов. Тәніні жұрт тиышты адам әрі хан тұқымы деп көтерген еді. С.Мұқанов.

Тыныштал/тыншы/тыншай/тиіштал *сөйл.* Жиналғандар тынышталды. «Соц.Қаз». Ол қарағым оңалса, тыншыр еді жүрегім. Абай. Қоспанның азабын бөліп арқалағандай көңілі тыншаяды. Т.Ахтанов. Стол басы сәл тиіштала қалды. Ж.Алтайбаев.

Тыныштандыр/тишықтыр/тиыштандыр Оларды біраз тыныштандырды. Ауызекі тіл. Әрең дегенде үй-ішін тишықтырып, мән-жайымызды айта бастадық. Ғ.Мүсірепов. Оны екеулеп зорға тиыштандырды. Ж.Тәшенов.

Тыныштау/тишулау *сөйл.* Бұл ара тыныштау. Ауызекі тіл. Ауа райы ол күні тымырсықтау, тишулау еді. С.Мұқанов.

Тыныштық/тиыштық *сөйл.* Бізге бәрінен де тыныштық керек. Ауызекі тіл. Әйтеуір үй-жайы бір ретке келмей, тиыштық болатын түрі жоқ. Б.Тілегенов.

Тыңайтқыш/тыңдандырғыш Егістік жерге тыңайтқыш төгілді. Ауызекі тіл. Жер тыңдандырғыш заттар жөнінде Қабайдың білгені мынау. А.Машанов.

Тыңдағыш/тыңдампаз Құлағым сусындады ән тыңдағыш. С.Мұқанов. «Мың бір түн» десе, тыңдампаздардың құлақ құршы қанады. Т.Әлімқұлов.

Тыңқи/ыңқи *сөйл.* Тыңқиып тойып алды. «Балдырған». Ол біздің үйдің қауынына ыңқиып тойып алды. О.Сәрсенбаев.

Тып-тыныш/тып-тиыш Айнала төңірек тып-тыныш. Ауызекі тіл. Тып-тиыш. Үйді, қораны түгел қарап шықты. Ә.Шәріпов.

Тырағайла/тырақайла/тырапайла Көше басына қарай тырағайлай шаба жөнелді. К.Ахметбеков. Тырақайлап шауып басқа жылқышылар да жетті. С.Жүнісов. Бар даусымен айқай салып тырапайлап шапқан. Д.Досжанов.

Тыраң/тырапай Көз ашып-жұмғанша шоқиып әмір беріп отырған арлан бөрі тыраң етіп ол құлады. З.Шашкин. Өсте-өсте қай күні тырапай асқанымызды да білмей қалар ма екенбіз. К.Ахметбеков.

Тыраш/тыртаң Төре тұқымы тыраш келеді деуші еді, рас қой деймін сол. С.Мұқанов. Сол мырзасынған шіркіндер шетінен тыртаң. «Лен.жас».

Тырбанда/тырбалаңда/тырбақта Қол жетер жердегі теріскеннің бұтағынан шап беріп ұстап, тасбақаша тырбандап жылжуға әрекет етті. О.Сәрсенбаев. Шаттанып көкірегін кере түсіп, жүзіп жүр үйректер де тырбалаңдап. С.Мұқанов. Ә дегенде құйындай ұшып жөнелген Жақыптың қарагер құнаны бір белестен асып, келесі қайқаңға көтерілгенде тырбақтап жайыла берді. С.Бегалин.

Тырбиған/тырайған Тырбиған аласа бұталар өскен. Ауызекі тіл. Ердәлі тырайған арық, орта бойлы адам. Б.Тілегенов.

Тырбық/тырбақ Көктемнің тырбық көгіне оттай бастады. Ғ.Сыланов. Түйенің аяғын берік қып тұсап, мұрындығынан бір тырбақ бұтаға байлап қойды. С.Сейфуллин.

Тыр жалаңаш/сыр жалаңаш Балалары тыр жалаңаш шешініп тастаған. Ауызекі тіл. Суға түсіп сыр жалаңаш ойнап жүретін кезі. Ә.Шәріпов.

Тыржын/тыртаң Оның айтқанын жақтырмай тыржын ете қалды. Ауызекі тіл. Әнәпия Рымбаланың сөзін жақтырмай тыртаң ете қалды. А.Хангелдин.

Тырма/тырмауыш/тырнауыш *сөйл./тырмақ* Бір-екі тартып жіберіп еді, өгіздер тырманы сүйретіп ала жөнелді. Б.Тоғысбаев. Ағаштың қу бұтағынан жасаған төрт тісті тырмауыш жатыр. М.Мағауин. Жетектегі өгіз тырнауышты сүйретіп келеді. «Қаз.әдеб.». Айдалған жерді тырмақпен тырмалайды. «Балдырған».

Тырмала/малала/боранала *кітаб.* Трактормен жыртылған жерді тырмалады. «Советтік шекара». Бұрын уалмен де егістік жерді малалайтын едік. Диал.сөздік. Егін себетін жерді кезінде жыртып, бораналап, сеуіп үлгеруіміз керек. С.Мұқанов.

Тыртаңбай/тыртан/тыртақай Тиянағы шамалы тыртаңбайға, тұрлаусыз сөз тудырап бөртпе желік. Н.Оразов. Өлсең, қайтып келме, – деп бір жақтан Мырқан, – өй кілең бір тыртаң. Ә.Әубәкіров. Кілең бір шамасын білмейтін тыртақайлар ма дерсің. Шопан серігі.

Тыртаңда/тыртақта Тыртаңдап жоқтан өзгеге мақтану жараспайды. Қазақ әңгімелері. Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай, қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған. Абай.

Тырти/тыртай/тылти Өзін әлдеқандай көріп тыртып отырғанын көрдің бе? «Әдебиет және искусство». Қайсы біреулердің «пәлен атаға жатамыз» деп тыртайып отырғанын көргенде құрысып қалатын. К.Ахметбеков. Костюмі тылтиып денесіне жабыса қалыпты. О.Сәрсенбаев.

Тыртысу/қыртыстану Қабағы қыртыстанып, алая қарады. «Әдебиет және искусство». Жаратпаған пішінмен қыртыып, қабағы тыртыса қалды. Б.Тілегенов.

Тізбекте/тізбеле Төбешіктің алдын қоршай он арба шұбай тізбектеліп тұр. Қ.Сыдықбеков. Ол даңқты ғалымдарды тізбелеп айтып жатыр. Ж.Ыбыраев.

Тізгін/дізгін *сөйл.* Тізгін тартып атқа қондым. Д.Досжанов. Бес жаста, бала өзі дізгінге ие болды. Ғ.Мүсірепов.

Тізе/дізе *сөйл.* Тізесіндегі көк кітаптан көзін алмады. Д.Досжанов. Буыным босап, дізем дірілдей бастады. З.Шашкин.

Тізерле/дізерле *сөйл.* Біраз уақыт тізерлеп отырды. Ауызекі тіл. Селеу арасында еңкейіп дізерлеп отыр. Р.Әуталипов.

Тізілген/тізулі Жіпке тізілген. Ауызекі тіл. Қалған байлардың түйесі де тізулі. А.Жүнісов.

Тікелей/тікілей *сөйл.* Егін тек дестелеп орылсын, комбайнмен тікелей

ору тоқталсын. З.Шашкин. Жасақшылар милиция қызметкерлерінің тікелей басшылығымен жұмыс істейді. Ж.Жанарыстанов.

Тікен/тікенек Бұл жерде бүрме тікен, арам шөптен басқа ешнәрсе өспейтін. Өзбек әңгімелері. Бойлап тікенек өсіп кеткен. «Әдебиет және искусство».

Тікею/тікию Мысық жыланмен арбасқан шақта, оның жүнінің әрбір талы тікейіп түрегеп кетті. С.Мұқанов. Бақтығұлдың ұзын мұрты тікиіп, түгін сыртына теуіп алды. М.Әуезов.

Тіктеу/тікшіл/тігіндеу *морф./тіктеме жерг.* Тіктеу келген жарқабақ. Ауызекі тіл. Төбелері тікшіл, шошайған мұнарасы бар қызыл кірпіштен салынған екі биік үй көрінеді. С.Мұқанов. Сейтақ тігіндеу жауап берді. С.Мұқанов. Дөңнің түсе берісі тіктеме күз екен. Т.Тілегенов.

Тіктік/тікелік *сөйл.* Мінезінің тіктігі болмаса, қайтымы жылдам адам. «Бейбітшілік жасасын». Жомарттың бір мінезі – тікелігі. С.Сарғасқаев.

Тілашар/сөйлескіш *сөйл.* Орысша-қазақша тілашар сатып алдық. Ауызекі тіл. Ол қазақша-орысша-қытайша сөйлескіш жазып, баспаға тапсырды. «Жас алаш».

Тілегін тіле/тілеуін тіле/тілеушіле Ендіге жерде жалғыздың тілегін тіле. Ә.Шәріпов. Бір алладан тілеуін тіледі. Қазақ ертегілері. Тілеушілеп көк иеге жалбарынды. «Қаз.әдеб».

Тілейтін/тілейтұғын Елге аман-есен оралуын тілейтін. Ауызекі тіл. Шәкірттерін құттықтап, сәт-сапар тілейтұғын. «Лен.жас».

Тілектес/тілеулес Ғайбана қазақ халқы туысыңыз, тілектес сыртыңыздан барлық бауыр. «Халық ақындары». Дәрмен достарының, құрбылас қыз-келіншектің арасындағы достыққа барынша тілеулес. М.Әуезов.

Тілемсек/тіленшек Шеттеріңнен тілемсек сорлы екенсіңдер. О.Сәрсенбаев. Бұл – тіленшек көңілдің өтірік жорамалы. М.Сқақбаев.

Тілерсек/тірсек Оның өрген шашы артқы тілерсегіне түседі. Ж.Мұзапаров. Құлтай баба құнан атанның тірсегін тіліп, қашып құтылады. Ө.Жолымбетов.

Тілеулес/тілеуқор Қазірде бұның өзгеше жаны ашыған тілеулесі Бөжей еді. М.Әуезов. Ол Күзенбаевтың тілеуқоры болып шықты. Б.Қыдырбекұлы.

Тілкемде/тілкімде Тілкемдеп тіліп трактор, Сары адырдың сауырын. А.Тоқмағамбетов. Бір кезде сүйкімді, сұлу көрінген Тамараның астындағы атының өзі көңілді тілкімдеп барады. Ж.Жұмаханов.

Тілмарсу/ділмарсу *сөйл.* Тыштиған пысық неме тілмарсып бірдеме деген шығар. С.Мұқанов. Батырсынған жігітті жау келгенде көрерміз, Ділмарсыған жігітті дау келгенде көрерміз. Мақал.

Тілмаш/тілмәш *сөйл.* Қасымда отырған тілмаш жігіт Славикке карадым. Ш.Әбдіраманов. Рахымжан бірден тілмәшті қуа жөнелген. Б.Жүнісов.

Тілхат/тілқат *орф.* Жазған тілхатын көрсетті. Ауызекі тіл. Аламын кепілдікке, тілқатын да берейін. Ә.Сатыбалдиев.

Тілім/тілімше Өзек талып, басы айналып, көзден ұшты тілім нан.

З.Қалауова. Ол анау стол үстінде жатқан төрт бұрышты конверттен шыққан тілімше қағазға байланысты. М.Әбдіхалықов.

Тілім-тілім/тілкем-тілкем Қолы тілім-тілім болып жарылып кеткен. «Халық кеңесі». Беріліп сүйген сорлы жүрек тілкем-тілкем болып қала берді. Ө.Қанахин.

Тімітін/тімісін Шыны ұнтағынан әлденені тімітініп теріп жеп суықторғайлар базарлап жатыр. Қ.Ысқақов. Әлденені тімісіне іздейтін сияқты. С.Мұратбеков.

Тімітінгіш/тіміскілегіш Қонақ Бақытжан болғанымен, қожайын сол екенін тімітінгіш көзі тез-ақ байқаса керек. Б.Аманшин. Өздері тым тіміскілегіш. «Әдебиет және искусство».

Тіміскілеу/тіміску Ол жақындап келіп, тың-тыңдап, тіміскілеп көп жүрді. Ә.Нұрпейісов. Тіміскіп жүрген сен бе едің? Д.Досжанов.

Тіптен/тіпті Қалаға бара жатқанда о кісі тіптен көңілді еді. Т.Ахтанов. Пәлі, сен тіпті алысқа әкеттің ғой. С.Сарғасқаев.

Тіркелгі/тіркелім *кітаб.* Үйіне тіркелгі (тіркелім) жасалатын болды. К.Ахметбеков.

Тірнекте/тырнақта *жерг./тіртінекте сөйл.* Тірнектеп жүріп жинағаны сол-ақ. «Қаз.әдеб». Әлі де жетіспей жатқан құрылыс материалдарын жалынып-жалбарынып жүріп тырнақтап жинады. М.Дүзенов. Маңдай теріңмен тіртінектеп жеткен игілігінді тағы көре алмайды. О.Бейсебаев.

Тіршілік/тірлік Тіршілігім – құрбандық. Абай. Біздің тірлігіміз осы төңіректе жүретін. Р.Сәрсенбаев.

Тіршіліксіз/тірліксіз Күнделікті тіршіліксіз біте ме бұл айтқандарың. «Лен.жас». Өстіп жүріп түнін де тірліксіз өткізбейтін. Ж.Сатаев.

Тірі/тірік Ері – еті тірі пысық адам. Бақбергенов. Жігерлі, ер көңілді, еті тірік. С.Сейфуллин.

Тістегіш/тістеуік¹ Неткен асау, тістегіш те тебеген. М.Әуезов. Қаздың айғыры тістеуік екенін Ботағөз білетін. С.Мұқанов.

Тістеуік/тістеуіш² Қолында тістеуік, тым ұзын шегелерді қысқартуда. Ө.Қанахин. Тістеуіш – араның тісін ондайтын аспап. С.Қасиманов.

Тітіркен/тітіре/тітірен/тітіректе *жерг.* Айналаға тітіркене қарайды. Ғ.Мүсірепов. Досының мойнына түскен сол бір қасіретті есіне алғанда Әлібидің өн бойы тітіреп кетті. М.Кеңпейілов. Кеудесі тітіреніп, алқына дем алды. Қазақ әңгімелері. Өзінің қанжарымен шаптым басқа, қан шапшып, тітіректеп құсып қалды. Батырлар жыры.

У

Уағалайкумассалам/уаликумассалам Уағалайкумассалам, балам! «Қаз.әдеб». Уәликумассалам! Е, сенің де осындайың бар ма еді? Қ. Қуанышбаев.

Уағыз/ағуа *кітаб.* Байсалды, әсерлі үнмен уағыз айтқан молданың даусына салып жауап қайтарды. Айни. Азғын ағуамен қоректенгендер дін мен ғаділетті таптауға аттанды. Х.Есенжанов.

Уағызда/ағуала *кітаб.* Өздерінің оппортунистік көзқарастарын уағыздай бастады. КПСС тарихы. Мұсылман қауымын аздыруға ағуалайды. Х.Есенжанов.

Уаз/уэз *сөйл.* Дүниеден уаз кешкен күйінішті жан. К.Тоқаев. Көп жәбір-жапа шегіп, дүниеден уэз кешкен жан. Мың бір түн.

Уай/уэй Уай, мұның не? Ауызекі тіл. Уэй, ішімді қуып кетеді. Д.Досжанов.

Уайым/уэйім *сөйл.* Жігіттің уайымы үдей түскен. Д.Досжанов. Әжімді жүзінде уэйім толқыны тулады. С.Сматаев.

Уайымда/уэйімде *сөйл.* Уайымдап жатқанын айтпай сезді. Ш.Мұртазаев. Сыртқа сыр бермегенмен, іштей уэйімдеп жүрді. «Қазақстан әйелдері».

Уақиға/оқиға Басынан өткізген уақиғаны жазған екен. Ә.Шәріпов. Ұлылы-кішілі оқиғаға үн қосқан сергек ақын. Д.Әбілев.

Уақыт/уақ Егер тарих болмаса, өткен уақыттағы жақсылық, жамандықтан түк білмейтін соқыр, әңгүдік болар едік. С.Мұқанов. Екі дос түннің бір уағында ажырасты. «Қаз.әдеб».

Уақыттық/уақытқы Ұзақ уақыттық келісім шартқа қол қойылды. «Соц.Қаз.». Бесінші тілек тілеңіз, Бес уақытқы бес намаз, Біреуі қаза қалмасқа. Бұхар жырау.

Уәде/уағда *кітаб.* Өзі табыстауға уәде қылды. «Жұлдыз». Айтылған уағданы берік ұстап. С.Торайғыров.

Уәделес/уағдалас Семинар ұйымдастыруға уәделестік. Қазақстан үгітшісі. Қызылағашта кездесетін болып уағдаластық. Х.Есенжанов.

Уәделі/уағдалы Уәделі уақытта бардық. Ауызекі тіл. Тірі болсам, уағдалы сөзіңді күттім. С.Мұқанов.

Уәлаят/облыс/дуан *көне.* Түркістан уәлаятына келгенімізге де он шақты жылдың жүзі болды. С.Сматаев. Облыс, дуан, уәлаят сөздеріне мағыналық реңк үстемелеп қатар қолдана беруге болар еді. Сөздің жарыспа тұлғалары.

Уқала/уала *морф.* Ол орнынан атып тұрып, көзін уқалап, жан-жағына қарады. С.Мұқанов. Барбиған саусақтарымен буындарын сырт-сырт еткізіп уалады. Ғ.Мұстафин.

Умажда/умашта *орф.* Мұның аса аяулы кіршіксіз тазасын дәрекі, лас қолымен умаждап жатқандай. Т.Ахтанов. Оның қолы күн тәртібі жазылған бір тарақ қағазды умаштай берді. Синонимдер сөздігі.

Утас/известь Үйдің іші-сыртын әктеу үшін утас (известь) керек. «Жетісу».

Участок/участке *сөйл./учаске* *сөйл.* Бұл үйде сайлау участогі орналасқан. «Жетісу». Мектеп жанында оқу-тәжірибе участкесі бар. «Қазақстан пионері». Цех бастығының участкесіне келді. «Лен.жас».

Уыс/умаш *жерг.* Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім. Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім. Абай. Бір умашқа толмайтын өрігінді қайтем. Диал.сөздік.

Уілдеу/улеу Жел азынап, уілдеп, ұлып желігіп алған әбден. «Жалын». Вагон саңылауынан суық улеп, жел кіреді. С.Сейфуллин.

Ұ

Ұғымпаз/ұғымды Ұғымпаз бала әкесі сықылды халқының ән өнері мен сөз өнерін сүйеді. М.Қаратаев. Зейінді болса ұғымды, Көкірегі хат болар. Ү.Кәрібаев.

Ұдайы/дай Бұған оның жолдасы екі ұдай жауап берді. М.Әуезов. Бай мен кедей екі дай айырма жолға жеткенде. Ғ.Мүсірепов.

Ұжым/коллектив *кітаб.* Институт ұжымы бір ауыздан шешім қабылдады. Ауызекі тіл. Бақыт коллектив арасында үлкен беделге ие болды. «Қазақстан мектебі».

Ұзар/ұзай Ағаш кессен, ұзын кес, қысқартуың оңай, Темір кессен, қысқа кес, ұзартуың оңай. Мақал. Жасы есейіп, өмір қызығын көрудегі өресі ұзайған сайын өзі барған елдерде талай уақиғаға кездесті. Қ.Әбдіқадіров.

Ұйғыр/тараншы *тар./ойғыр сөйл.* Ұйғырлар – Шығыс Түркістанның ежелгі тұрғыны. «Соң.Қаз». Өзбек, дүнген, тараншы, Орыс, қазақ бірігіп, Іргелі ел боп бір енші, Отауы бірге тігіліп. Б.Майлин. Ойғыр халқының сан алуан ұлттық музыка аспабы бар. «Әдебиет және искусство».

Ұйым/ұжым *сөйл.* Әбілбек шын сенімді адамдардан жасырын патриоттық құрған ұйым. І.Есенберлин. Мынау бір ұжымшыл ел. Диал.сөздік.

Ұйымдас/ұжымдас/ұйыс Семейде цирк ұйымдасып жатыр, соған бар. Қ.Әбдіқадіров. Іскер қол ұжымдасып салалы ақыл, Қырсыздық түлеп түсіп қалады ақыр. М.Әлімбаев. Бірге егін салыспай, Бірге пішен жиыспай, Береке, өнім болар ма, Оңбаймыз ғой ұйыспай. І.Жансүгіров.

Ұйымшыл/ұжымшыл Жұмысшы деген халық ұйымшыл, қайратты халық қой. Ә.Әбішев. Ұжымшыл жанұяда өскен бала қашан да тәрбиелі, еңбекқор болады. «Қазақстан мұғалімі».

Ұққыш/ұққыр *морф.* Айтшы-айтшылап жалынар, Ұққыш жансып шабынар. Абай. Оның сезімпаз ұққыр жанына өз ішінен алғыс айтты. Ә.Нұрпейісов.

Ұқса/ғұса *орфоэп./құса орфоэп./оқса сөйл./ұса сөйл.* Сағынған айдын келді аққуға ұқсап. Халық ақындары. Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға. Абай. Арқалап бірін-бірі бүйі ғұсап. Ә.Әленов. Қайғыға мәжнүн құсап меңіреумін. М.Әлімбаев. Көз алдында біреуін оқсатса, біреуін ақсатады. Х.Ерғалиев. Итке ұсап жүреннен отырған нең? Ғ.Мүсірепов.

Ұл/ұғыл *көне.* Ұл тудым, ұятын туғам жоқ, қыз тудым, қылығын туғам жоқ. Мақал. Едігеден туылған ұғылдың Мырзасы өзің болғансың. Шалкиіз жырау.

Ұлағат/лұғат *сөйл.* Бұл оның данышпандық қағидасынан, ұлағат сөздерінен туған. «Қаз.әдеб». Мұғалім – лұғат тұтар мамандық. «Қазақстан мұғалімі».

Ұлағатты/лұғатты *сөйл.* Ең ұлағатты мамандықтың бірі – ұстаздық. Ә.Омаров. Нағашының жаңағы сөзі – лұғатты сөз. Т.Әлімқұлов.

Ұлан-асыр/ұлан-ғайыр Көкбесті өткен жылғы бір ұланасыр аста жүз

аттың алдынан келген. С.Бегалин. Сырласудың арты ұлан-ғайыр әңгімеге жалғасты. «Қаз.әдеб.».

Ұлпа/көлпек көне. Түнімен жауған қалың ұлпа қар. Ауызекі тіл. Келпек қарды тепкілеп, тас жиып алды. С.Мұратбеков.

Ұлт/міллет кітаб. Ұлт мәдениеті мен өнерін көтеруге баса көңіл бөлінді. Ауызекі тіл. Көрдің бе міллетінді ұйқы басқан. С.Торайғыров.

Ұлы/ұлық Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының ұлы ғалымы. Ауызекі тіл. Басында ұлық-кішік пендешілік мұраттары болады. О.Сәрсенбаев.

Ұмытпа/мұтпа орфоэп. Осы айтқанымды ұмытпағайсың. Ауызекі тіл. Мұтпаймын өлгенімше, досым деді. Батырлар жыры.

Ұнасым/ұнам Өлең деген әр сөздің ұнасымы, сөз қосарлық орайлы жарасымы. Абай. Мінезінде ұнамы жоқ имену бар сияқты. С.Шаймерденов.

Ұнаш/вермишель кітаб. Асханада ұнаш (вермишель) араластырып бірнеше тағам түрін пісіреді. «Оңтүстік Қазақстан».

Ұнжырға/онжырға сөйл./енжұрға сөйл. Ұнжырғасын түсіріп болды. Ө.Қанахин. Онжырғасы түсіп, құлағы салбырап, суынады. Х.Арғынбаев. Енжұрғасы біржола түсіп кетеді. М.Иманжанов.

Ұрпақ/сой көне. Көкенай лағнат қамытын киіп, ұрпақсыз өтпеп пе еді. М.Әуезов. Сұрасаң арғы түбі аға сойдан, Негізі беріш ұлы ағатайдан. Х.Ерғалиев.

Ұрсыс/ұрыс сөйл. Ешкіммен ұрсыспа. Ауызекі тіл. Оразбаймен ұрысып ерегіскенін айтыпты. М.Әуезов.

Ұры/ұрлықшы/ұрлықы морф. Ұрылар тастай беріп түнгі олжасын, жан-жаққа тым-тырақай қашты зытып. І.Есенберлин. Кернеу қылдың зорлықты ұрлықшыға. К.Әзірбаев. Ұрлықы жүрістеріне қарағанда қашып шыққан. М.Қаратаев.

Ұрысқақ/керіскек Ұрысқақ болса, ұлың жау, керіскек болса, келінің жау. Үмбетей жырау.

Ұсақ/уақ/пашақ жерг. Метол – қоңырлау металл түстес ұсақ зат. Б.Тілекметов. Уақ ақшаны айырбастап алып жатыр. С.Сейфуллин. Бұл елдің жылқысы шетінен пашақ болады екен. Ж.Жұмаханов.

Ұсақтау/уақтау Мынасы ұсақтау екен. «Қаз.әдеб». Жасы 17-ге келсе де сүйегі уақтау. М.Иманжанов.

Ұсақтау/уақтау/ұсату Отынды көл-көсір етіп ұсақтап тастады. М.Сүндетов. Етті уақтап турады. Ауызекі тіл. Ұсатты аяқтары басқан тасты, Көк қырқа жұлмаланып, шаңдақ басты. І.Жансүгіров.

Ұсқыны/нұсқыны/сұқсыты жерг. Ұсқын мен түрі жоқ, күннен-күнге кер кетті. Н.Байғанин. Жайқалған жасыл беделердің нұсқыны қашқан. Т.Сыдықбеков. Сұқсытын қашырып үрей тудырады. К.Оразалин.

Ұстазхана/мұғалімдер бөлмесі Теледидар тілшісі ұстазханаға (мұғалімдер бөлмесіне) жиналған мұғалімдермен әңгіме өткізді. «Қазақстан мұғалімі».

Ұстаным/позиция кітаб. Бұл мәселе жөніндегі менің ұстанымым (позициям) мен жұрт сенген өкілдер ұстанымы газеттің өткен санында толық бейнеленді. «Алматы ақшамы».

Ұсын/ұмсын Таудан мұнартып ұшқан тарланым, саған ұсынсам, қолым жетер ме? Махамбет. Қарт бір-екі ұмсынса да, қолы бала палуанның беліне оралмады. Қ.Әбдіқадіров.

Ұсынақты/сұнақты *сөйл./ұсынықты* *сөйл.* Жұмысқа ұсынақты болғанмен, сөзге сараң. Б.Тоқтаров. Домбыра да жасайтын қолы сұнақты адам. Х.Ерғалиев. Ол ұсынықты да үлгірімді, күтімдар да тазайым әйел болып алды. Ө.Қанахин.

Ұсыныс/ұсыным Зұлқияның ұсынысын сессияға қатысқан көп депутат жақтады. М.Иманжанов. Спрос и предложение – сұраным мен ұсыным. «Жаңа атаулар».

Ұтымды/ұтықты/ұтырлы *сөйл./ұтқыр* *көне.* Ұтымды қолданған екі әдісі үшін Әбілсейіт төрт ұпай алды. Түсіндірме сөздік. Оның аузына ұтықты сөз түсе қоймады. «Соц.Қаз.». Ол өзіне жұмсаған каруды қағып жіберіп, ұтырлы ретінде тап беріп, қарсы шабады. Ө.Нұрпейісов. Абай сөзінде ақындық тебіреніс, шешендік ұтқыр сөздер бар. «Қазақстан мектебі».

Ұшақ/самолет *кітаб./айырплан* *көне.* Астанаға ұшатын ұшаққа билет алды. Ауызекі тіл. Қырда гудок күрілдеп, шөлде поезд дүрілдеп, самолет көк жарады. І.Жансүгіров. Айырпланмен ұшып барады екен. С.Сейфуллин.

Ұшқыш/пилот *кітаб.* Баласы ұшқыштар даярлайтын оқу орнын бітірді. Ауызекі тіл. Пилоттың кабинасынан радист қыз шыға келді. Б.Аманшин.

Ұшы/ұштығы Жіптің ұшынан ұстады. Ауызекі тіл. Әңгіменің ұштығына жеткен жоқпыз. Д.Досжанов.

Ұшыр/үшір *сөйл.* Ұшыр – егін түсімінен алынатын салық. Қазақ ССР тарихы. Үшір салығы жайында әр егіншінің жылда алатын бидайының оннан бірін хандықтың қоймасына құйылсын деп шешті. Т.Есенберлин.

Ұят/мұят *көне.* Өтірік ұят – шын мұят. Мақал.

Ү

Үдере/дүрк *лекс.* Бұрын бір қонысқа ұзақ аялдамай, ілгері қопарыла үдере көшетінбіз. «Жалын». Құнанбай аулы көшкен шамада, айналадан өзге қалың ел де дүрк көшкен. М.Әуезов.

Үздіксіз/үздікпей *жерг.* Адамдар мұнда үздіксіз келіп жатады. «Білім және еңбек». Газетті үздікпей алып тұру үшін, бір жылға толық жазылыңыз. «Жұмысшы».

Үйезде/күйезде *сөйл.* Бойдақ жылқылар биік адырдың басына шығып ап, үйездеп тұр. М.Әуезов. Үй-үйдің көлеңкесінде күйездеп бастарын бір-бірінің бауырына тыққан қойлар. К.Оразалин.

Үйеме/үйме Үйеме табақ үлкендердің, қайқайма табақ қадірмендердің алдына келіп жайғасқан. С.Төлешов. Бәйбіше үйме табақ етті әкеліп, алдымызға қойды. Б.Майлин.

Үймек/мая Үймек – бірнеше шөмелені қосып жинаған кішірек мая, үйілген шөп. «Жетісу».

Үйінді/көпа/шом *жерг.* Мысы алынған кен үйіндісі бес шақырым жерді алып жатыр. Ғ.Мүсірепов. Өріректе кішігірім қопалар қарауытады.

М.Дүзенов. Омақша үйілген шомның басына күржиіп біреу шықты. Б.Майлин.

Үлгір/үлгер Жер әп-сәтте дегдіп үлгіріпті. Ә.Дүйсенбиев. Алдын ала тауып үлгерді. Ә.Қанахин.

Үлгірім/үлгерім Сабак үлгірімі жаман емес. «Лен.жас». Оқушылар үлгерімі жақсарған. Б.Мусин.

Үлес/телім *көне*. Мол үлес алды. Ауызекі тіл. Ортаға түскен олжадан кімдер телім алған жоқ. «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ ақындары».

Үлкен/нән/әйдік/абажадай/дыр *сөйл./ноян көне./шоң жерг.* Ертіс өзенінен жүк машинасы өтетін үлкен көпір салынды. «Соц.Қаз.». Сол төске білектей жуан темірді жастап қойып, ұсталар нән балғамен ыңқ-ыңқ соғады. Ә.Нұрпейісов. Мерқасым баланы әйдік көк есекке мінгізді. Қ.Әбдіқадіров. Мынау – күнде жатып-еріп жүрген абажадай бөлме. Ә.Кекілбаев. Біргелкі лек ішіндегі «дыр» едім. С.Сейфуллин. Қасым гарнизонның негізгі ноян күшін де талқандады. Ғ.Сыланов. Ол шоң мұрын, ұзын сақалды шалдың суретіне қайран қалды. Ә.Нұрпейісов.

Үлпек/көлпек *сөйл.* Жер беті жеңіл үлпек қармен опаланды. Б.Момышұлы. Күлипа қараң-құраң етіп жатқан жақпарлардың арасынан көлпек қарды тепкілеп, тас жиып алды. С.Мұратбеков.

Үмметі/үмбеті *сөйл./үммәті кітаб.* Бұлар – Мұхаммедтің үмметі деп аталған. М.Токжігітов. Үмбет – дін жолымен біреуге тәуелді адам. Түсіндірме сөздік. Бәріміз де Мұхаммедтің үммәтіміз. «Жұлдыз».

Үміт/сеніш *көне*. Бүгін тұман, ертең болмақ ол жарық, Үмітті боп тез құтылып кетуге. М.Имаижанов. Абайдың айтқанынан қуаныш, сеніш, жақсы бір елес сезгендей. М.Әуезов.

Үнемі/әмен/әмсе Ол үйге келіп, үнемі хал-жағдайымызды сұрап тұрды. «Еңбек туы». Бір бұл емес, ол жігіттің маған әмен істейтіні осы. Синонимдер сөздігі. Ашаң, қағылез әйел әмсе жастау көрінеді. Т.Әлімқұлов.

Үңгір/ғар *көне*. Тау етегінде ерте заманда адамдар мекендеген үңгір бар. «Қазақстан әйелдері». Осылай жүре берсеңіз, алдыңыздан үлкен ғар кездеседі. Диал.сөздік.

Үпті/өпті *сөйл.* Жұмабайдың үйінің іші үпті де, тап-таза. Б.Соқпақбаев. Нұршаның үйі өпті екен. Т.Әлімқұлов.

Үркіншілік/үркінді/үркінші *сөйл.* Әкесін үркіншілік жылы ақтар өлтіріп кеткенді де көргенмін. К.Қазыбаев. Кім біледі? Үркінді заман ғой. Б.Тоғысбаев. Сол үркінші үстінде біріне-бірі малша тығылып сүйкенісіп барып тұтасқан қарсылыққа бет қойып кетуге болады. М.Әуезов.

Үрмелі/үрлемелі *сөйл./үрлеме морф.* Оның айтып отырғаны – үрмелі оркестрдің аспаптары еді. С.Баязитов. Үрлемелі оркестрдің құрамында отыз бала қосылып ойнайды. Қ.Серікбаев. Көз алдына үрлеме оркестрдің көңіл күйкылжытқан үні келді. А.Нысаналин.

Үрпе-түрпе/үрпе-шүрпе/үрпі-түрпі *сөйл.* Шашы үрпе-түрпе. Ауызекі тіл. Шашыңды үрпе-шүрпе етпей тарап жүр. «Қаз.әдеб». Шашы үрпі-түрпі, беті қып-қызыл боп ісінген. М.Есламғалиев.

Үрім-бұтақ/ұқым-тұқым Аталас үрім-бұтақ жанды-жақты, Барлығы

тату-тәтті ынтымақты. И.Байзаков. Олар бағынбаған елді ұқым-тұқымымен күртпақ болған зәлім ғой. Диал.сөздік.

Үрінді/үрлесін *сөйл.* Үскірік жел сай-сайды үрінді қарға толтырып тегістеп тастаған. Б.Баязитов. Ойпаттарда қыста үрлесін қар көп жиналады. Б.Мұханов.

Үстел/стол Жылжи-жылжи үстелге келді. Ғ.Мүсірепов. Аудандық паспорт столына барып, паспортының мерзімін ұзартты. Түсіндірме сөздік.

Үстеп/үстемелеп Азотпен үстеп қоректендіру керек. М.Ерлеспесов. Қарызға сатылған товарлар үшін үстемелеп процент алатын. Қазақ ССР тарихы.

Үстірт/үстіртін Дәрігерлік мамандықтың жауапкершілігіне үстірт қарауға болмайды. «Ана тілі». Біз еліміздің жануарлар дүниесімен үстіртін ғана таныспыз. Б.Мұханов.

Үшем/үш егіз Үшем – қойдың (ешкінің) үш қозы табуы, демек үш егіз. Диал.сөздік.

Үшкірлеу/үшкілдеу Басында үшкірлеу дөңгелек тақиясы бар. Р.Тоқтаров. Орынбасар шешей үшкілдеу мұрнын сипап қояды. «Қаз.әдеб.».

Ф

Фатиха/патиха *сөйл.* Фатиха – Құранның бірінші кіріспе сүресі. «Ана тілі». Бұларға Құнанбай садақа бергізіп, бәрінің тегіс патихасын алған. М.Әуезов.

Фәни/пәни *сөйл.* Екі-үш күн дегенде Малдыбай бұл фәниден өтті. Ә.Шәріпов. Бұл пәниде көрген жақсылығы аз емес. «Әдебиет және искусство».

Философия/фәлсафа Философиядан емтихан тапсырды. Ауызекі тіл. Егер фәлсафа ұғымында айтсақ, Лениннің «Теория отражениясына» тура апаратын сара жол осы. А.Тоқпанов.

Фуфайка/купәйке Оның үстінде ескі фуфайка. «Соц.Қаз». Киген күпәйкесі – шұрқ тесік. Қ.Найманбаев.

Х

Хабар-ошар/хат-хабар Қалаға кеткен туыстарынан жарты айдан бері хабар-ошар болмады. «Қазақстан әйелдері». Ешбір адреске келген хат-хабар жоқ. М.Әуезов,

Хазірет/әзірет *сөйл.* Ауылға хазірет келеді. Ы.Алтынсарин. Ана бір заманда әзірет сұлтанға қол тапсырып қайтқаны бар. З.Ақышев.

Хайуан/айуан Адамзат хайуанат дүниесінен енбек арқасында бөлініп шықты. Қазақ ССР тарихы. Ахметтің шаруашылықта ең сүйетіні – бақша, айуанда – овчарка болатын. Ғ.Мұстафин.

Хайуанат/айуанат Бұрын-соңды көрмеген хайуанат. А.Тоқмағамбетов. Бұл жемістерге иелік етіп жүрген бір айуанат болу керек. Дефо.

Хақ/ақ *сөйл.* Растың бір аты – Хақ, Хақтың бір аты – Алла. Абай. Ақ

жүрген адам азбас. Мақал.

Хақылы/хақтылы *сөйл.* Шағым беруге хақылы. «Халық мұғалімі». Адаммын, азаматпын деуге хақтылы. Ө.Қанахин.

Хақында/тақырыпты көне. Бұл хатты бір адам хақында адамшылық борышымды өтеу үшін жазып отырмын. Ғ.Мұстафин. Ташкент қаласының әкімі көрсетуі тақырыпты жұмыстың сайлауымен Жақсыбай Құдабай ұлын би қылдым. «Түркістан уалаяты».

Хақысы/ақысы Өмір сүруге әбден хақысы бар. «Лен.жас». Бір ауыз сөз айтуға ақың жоқ. Ғ.Мүсірепов.

Хал/ахуал/әл-ахуал Ауылдағы қатын, баланың халі мүшкіл. Ш.Мұртазаев. Мұндағы бойдақтар ахуалымен де танысып-біліскен шығарсың? Ж.Тілеков. Хал-ахуалын сұрасып білгеннен соң. Батырлар жыры. Қазіргі әл-ахуал жақсарып келеді. І.Жансүгіров.

Халық/халайық/ұлыс Еліміздің халқы көп ұлтты. Ауызекі тіл. Тыста тұрған халайық төрені көріп, үрпиісіп қалды. Ж.Молдағалиев. Қазіргі баспасөзде халық – народ, ұлыс – народность мағынасында қолданылып жүр. «Ана тілі».

Хатым/қатым Әруақтарға Құран хатым қылып жатыр. М.Әуезов. Қатым күндерінде Қари мені қасына алып отыратын болды. С.Мұқанов.

Хикая/хикаят Мен еткен күннің мына бір хикаясын айтайын. Ө.Әбішев. Бұл хикаятта айтылған жайттар баз біреулерге бұрыс көрінуі мүмкін. Ө.Бөриев.

Хошия/ношия *орф.* Хошия (ношия) – оқырманның кітап шетіне түсірген белгісі, қысқаша пікірі. «Жаңа атаулар».

Хұк/хұқық/право *кітаб.* Шындығында менің осында келуге хұқым жоқ еді. Ж.Мусин. Мен әкемнің осы заңды хұқығына қол сұғылмауын тілер едім. Ө.Хасенов. Право – жұмысшы табы мен бүкіл еңбекшілердің заңға құрылған еркі, хұқығы. Түсіндірме сөздік.

Ч

Чемодан/шамадан *сөйл.* Қолындағы чемоданын жерге койды. Ө.Шәріпов. Мен шамаданымды ұстап тамбурға беттедім. К.Қазиев.

Ш

Шабалан/шабала Жаман төбет шабаланып үре қалды. С.Мұқанов. Иттердің шабалап үргені оларды қайтадан тік тұрғызды. Р.Райымқұлов.

Шабан/топырыш *жерг.* Сен мінген ат шабан емес. Ауызекі тіл. Алдыңғысы жүйрік, кейінгісі топырыш ат болуы мүмкін. С.Мұқанов.

Шабарман/атшабар/шабар *сөйл.* Жатақтар үстіне шапқылап шабармандар келді. М.Әуезов. Жай жүргенде бір күні Атшабар келді лепілдеп. Абай. Ертеңінде Ақмоладан приставтың шабары келді. С.Сейфуллин.

Шабындық/шабын *морф.* Екпе шабындықтың пішені өте құнарлы

болады. А.Еламанов. Бұндай жылдары шабын ат бойы өседі. Ғ.Мұстафин.

Шағын/шәпеті *лекс.* Екеуі шағын алаңға келіп шықты. М.Гумеров. Шығыршықтай шәпеті денелі осы жігіт болар-ау, – деген ойға тірелдім. С.Талжанов.

Шағын/тәбенек *жерг.* Екі бөлмелі шағын үй. С.Мұқанов. Тәбенек терезенің ар жағында ажалдың жексұрын көлеңкесі көлбеңдеп жүргендей болады. С.Омаров.

Шағыстыр/ұтыстыр Екеуін шағыстырып мынадай хат жазған сенсің. Ә.Әбішев. Ұтыстырам деп, екеуін төбелестіріп алдың. Диал.сөздік.

Шай/шәй *сөйл.* Ол шай демдеді. С.Хайдаров. Шәй ішіп бола бергенде Аманжол келді. А.Токмағамбетов.

Шайқалу/сайқалу Шелектегі толы суы шайқалып төгіліп барады. Ауызекі тіл. Телегейдей сайқалтып, арқыраған беренді Теңіз етсе, тәңірі етті. Шалкиіз жырау.

Шайна/қайза Құлындарды айғыр шайнап тастаған жоқ па? Х.Есенжанов. Емен шайнап, тал қайзар Құлан, бұлан баласы. Шалкиіз жырау.

Шайтан/сайтан Неше рет алдынан от жағып, әлгі шайтан шыға берді. С.Сейфуллин. Сайтаның басылмаған біреусің-ау. Б.Майлин.

Шайқала/найқала Шайқала басып қасына барды. Ауызекі тіл. Қолына шыны ұстаған Шырынгүл найқала басып, сөйлей келді. С.Омаров.

Шақар/шадыр Ол кішкене тұлғасынан шақар күш тапты. Т.Ахтанов. Оның мінезі шадыр, тез ашуланғыш, бірақ ықыласы таза. М.Әуезов.

Шақта/шағында Өлеңші өз бойынша шақтап әртүрлі репертуар жинап алады. Е.Ысмайылов. Кәрілікті білдірмес үшін сақалды шағындап, мұртты бастырсаңыз сізге жеңіл. Ж.Мұзапаров.

Шақ-шәлекей/шәк-шәлекей *сөйл./шат-шәлекей сөйл./шәк-шәлегі сөйл.* Үйін ақтарды, жиған жүгінің шақ-шәлекейін шығарды. Б.Нұржекеев. Шәк-шәлекейін шығарып, көзіне құм құйғалы келген без бүйрек келін осы ма? Б.Мұқаев. Ол жұрттың шат-шәлекейін шығарып, әпшісін қуырады. О.Иманәлиев. Өз-өзіменен шала бүлініп, шәк-шәлегім шығатын. Ө.Қанахин.

Шақшақай/шақшақ *морф.* Кіп-кішкентай шақшақай бұтадан бұтаға секіріп шақылдайды. Қ.Толыбаев. Ін аузында қылпылдап отыратын шақшақ елестеп еді. М.Әуезов.

Шақырай/шағырай *сөйл.* Тас төбеде шақырайған күн. Д.Досжанов. Арқан бойы көтерілген күн шағырайып тұр. Н.Әбуталиев.

Шалан/шалау Ауды теңіз түбіндегі шалаң басып, жабағы жүндей етіп тастайды. Ә.Нұрпейісов. Балапандар балдыр мен шалау арасына сүңгіп жем іздей бастады. А.Нұрманов.

Шала-пұла/шала-шарпы Ол шапшаң, шала-пұла киініп, атына мініп те алды. С.Сейфуллин. Орыс тілін шала-шарпы білетін неміс офицері былдырлап сөйлеп отыр. Ә.Нұрпейісов.

Шалғышы/шалғыншы *сөйл.* Ол жерлердің пішенін шалғышы қарттар қолмен шабатын. Ә.Әлімжанов. Шөп шабуда қайрат көрсетер шалғыншы – менің әкем. С.Бегалин.

Шалдық/шалық *сөйл.* Бәрі де шаршаған, шалдыққан секілді. М.Ғабдуллин. Күн-түн дегенді білмей еңбек етіп, шаршады да шалықты. Ғ.Сыланов.

Шалдыр-бұлдыр/шәлдір-бүлдір Тек Бекеш қана шалдыр-бұлдыр бірдеме білетін. С.Сарғасқаев. Жас балаға ұқсап шәлдір-бүлдір әрең сөйлеуші еді. О.Сәрсенбаев.

Шалжи/шалжай *сөйл./шали сөйл./шәни жерг.* Отырғандар аяқтарын айқастыра тастап, шалқая шалжиды. Б.Шаханов. Бір күн төсек тартып, шалжайып жатып көрген пенде емеспіз. К.Ахметбеков. «Алма піс, аузыма түс», – деп шалиып жатып алғанға қасара қалуы да қақ. С.Ақтаев. Түрім болса мынау – жатырмын шәниіп. Ә.Дүйсенбеков.

Шалқай/шалқи *сөйл.* Ол шалқая жайғасып, көзін жұмды. Қ.Жұмаділов. Осы тұста шалқиып отырған шал қозғалақтап, тілге келді. О.Сәрсенбаев.

Шалқар/айдын/оман *лекс.* Ақырын соққан самал шалқар көлдің ақша бетін аймалап сүйгендей. Ғ.Мүсірепов. Басы бұлақ болмаса, сағасы айдын болмас. Мақал. Сауапты іс – сарқылмайтын оман дария. Айтыс.

Шалқысын/шалқығай *синт.* Одан да бетер масайрап, жастардың көңілі шалқысын. «Әдебиет және искусство». Жасаған ие жар болып, Бейіште нұры шалқығай. Үмбетей жырау.

Шалу/тарту Лебізінді сағындым, домбыранды шалып жібер. Қашаған ақын. Ол – домбыра да тартады, скрипкада да ойнайды. Ән де шырқайды. «Қазақстан пионері».

Шал-шақыт/шал-шабыр *сөйл./шал-шауқан сөйл.* Қойсайшы, шал-шақытпен күресіп мүйізін шықпас. З.Иманбаев. Бірен-саран шал-шабыр, бала-шаға Әленнің соңында жүр. Ж.Сатаев. Ауылдың бар шал-шауқаны мұны әңгіме етпек. А.Сүлейменов.

Шама/шарқ Әр адам өзінің білсе шамасын. Жамбыл. Пәлен деуге шарқым жоқ. Т.Нұрмағамбетов.

Шамасында/мұғдарында *көне.* Кешкі сағат сегіз шамасында үйге қайттық. Ауызекі тіл. Сәби сүт пісірім мұғдарында дүние салды. Ж.Алтайбаев.

Шамданғыш/шамшыл Қатты айтқанға шамданғыш әдеті бар. Ғ.Қайырбеков. Есей тік мінезді, шамшыл кемпірді ашуландырып алдым ба деп, қысылып қалды. Ә.Нұрпейісов.

Шамдол/фонарь *кітаб.* Қолындағы шамдолының (фонарының) жарығымен ауланы шолып қарап шықты. «Жас алаш».

Шанаш/шанақ *сөйл.* Бергі бұрышта сөк салған ақ шанаш тұрады. Ө.Қанахин. Дорбасы тамаққа, шанағы сусынға толы болатын. Ә.Жәмішев.

Шанышқы/шанышқақ *сөйл.* Шанышқы мен қылыш сайысының жеңімпазы. Ә.Нұрмаханов. Көсеу десе күректі, Айыр десе шанышқақ... Сөйткен қызық күнде өтті. Кетті қазір алыстап. А.Шамкенов.

Шаңдат/шанлат *сөйл.* Мол жылқы шаңдатып қырға шығып барады. І.Жансүгіров. Қыс емес күннің жазында Жердің жүзін шаңдатты. Алпамыс.

Шаңк/шәңк (етгі) Өмірбай, – деді шаңк еткен әйел даусы. Х.Есенжанов. Па, шіркін! – деп шәңк ете қалды Бейсенбі. З.Иманбаев.

Шаңқан/шаңқай *сөйл.* Қырмызы сал аққудай шаңқан боз арғымақпен алда кетіп барады. К.Әзірбаев. Ақ шаңқай шатырлы биік үйдің қақпасына таянды. Қ.Ыдырысов.

Шаңқобыз/шаңғыауыз *сөйл.* Сыбызғы мен шаңқобыздан азалы күйлер төгіледі. С.Досанов. Шаңқобызды жергілікті тұрғындар «шаңғыауыз» деп те атайды. «Қаз.әдеб».

Шаңылтыр/шаңылтақ *сөйл.* Шаңылтыр аяз бетті қариды. Ш.Құмарова. Шаңылтақ аязда да қатпай жатқан сор суларының арасына Нәбира әлденендей бір темір арқалап барды. Х.Ерғалиев.

Шаңырақ/шаңғарақ *сөйл.* Құлан – бір шаңырақтан қалған жалғыз жігіт. М.Хасенов. Ауылнайды ертіп келіп, шаңғарағынды ортаңа түсіремін. Ә.Нәбиев.

Шаңыт/шаңғыт *сөйл.* Жер де, көк те аппақ боп шаңытып тұр. «Қазақстан мұғалімі». Аспан шаңғытып, жер бетін мұнар басты. М.Иманжанов.

Шап/шәп (ете қалды) *сөйл.* Мен де соны айтам, – деп Гүлайна апай да шап ете қалды. Т.Бердияров. Ғылымға пайдалы бірдеме шығатын жерде шәп ете қалады. Е.Оразақов.

Шапағат/шарапат/шапқат *кітаб.* Қолымнан келер шапағатымды әуелі саған жасап бағам. Б.Соқпақбаев. Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат. Мақал. Кемпір-шалдардың Әбішке айтып жатқан шапқат сөздері естіледі. М.Әуезов.

Шапалақтау/шапаттау *жерг.* Екі санымды шапалақтап жүгіре беріппін. Ә.Сәрсенбаев. Қалақай екі санын шапаттап, секіріп-секіріп түседі. З.Шүкіров.

Шапашот/шаппашот *сөйл.* Сенбі күні шапашотын қайрап, дайындап қоюы керек. З.Шашкин. Аңшы өткір шаппашотпен қарағұстан шаба берді. З.Шашкин.

Шапқы/шапқыш Ісмерлік сайманы сүргі, шапқы жатыр. Б.Соқпақбаев. Қолына шапқышын алды. «Халық мұғалімі».

Шапқыншылық/шабынды/шабыншылық *жерг.* Шапқыншылыққа ұшыраған Кәкімбек үйінің халінің ауыр екені айтпасақ та белгілі. С.Мәуленов. Бұл не қылғаның? Шабындыдан келген күң бе еді. М.Әуезов. Мұның арты айтыс, шабыншылық, барымта, дауға айналады. Ә.Бектасов.

Шарбақ/шардақ *жерг./шырта жерг.* Бұл көшенің орнында тал шарбақпен қоршалған ағаш үйлер болады. Ә.Нұршайықов. Шардақтың біріне ұзын сирақ бала көтерілді. Ә.Сәрсенбаев. Шыртаға сүйеніп, сырт-сырт пісте шағып тұр. М.Қаназов.

Шарғы/шарға *сөйл.* Бәукен шарғы денесін нық ұстап, зембілдің ауыр басын зорға көтеріп келеді. Р.Әутәліпов Ол оншалық көз тартар емес, бойы шарға, жуантық. С.Мұқанов.

Шариғат/шарият *кітаб.* Көкірегінде зердесі барға шариғат жолдары да пайдаға асады екен. Д.Досжанов. Шарият кітабының да көңілге тұтар сабағы болғаны. Д.Досжанов.

Шарқ ұрды/сарп ұрды *жерг.* Шарқ ұрып іздеді. Ауызекі тіл. Тірліктен

сарыла өзіндік бет іздеп, сарп ұрған шақ азабын әлі тарта қоймаған балғын жас. Р.Нұрғалиев.

Шартабақтай/айтабақтай Атан түйедей тұлғалы, беті шартабақтай Айранбай отырған. К.Сатыбалдин. Беті айтабақтай боп жайбарақат отыр. «Әдебиет пен искусство».

Шаруақор/шаруашыл/шаруагер/шаруакеш *сөйл.* Смағұл – ғажап шаруақор, еңбек сүйгіш. Б.Соқпақбаев. Жарастың әйелі де шаруашыл адам болып шығады. С.Мұқанов. Әуелбектің мұнысы шаруагер ауылдың көбіне ұнамады. Ж.Еділбаев. Әңгімесінен шаруакеш адам екені байқалады. «Жалын».

Шаршыла/шатырашта *сөйл.* Бойыңды ойыңменен шаршыладым. Жамбыл. Тастарды шатыраштап ойыстырып қалау арқылы сәнді өрнектер жасалды. С.Қасиманов.

Шарық/аяққайрақ *жерг./шар* *сөйл.* Шарыққа ұстаған орақ жүзінен ұшқан ұшқын. Н.Оразалин. Орақты осы аяққайрақпен қайраймыз. Диал.сөздік. Шарға су құйып, орағын қайрауға кірісті. Б.Майлин.

Шарықта/асқарла *сөйл./кергі* *жерг.* Меңсіз ақ көгершін самғап ұшып, еркін шарықтайды. С.Омаров. Алдына алып аспанды. Асқарлап бір шығасың. Қ.Мырзалиев. Балапан құстай оңдалып, қанатыңды қомданып, үш көңілім, көкке кергі енді. Жамбыл.

Шау/шәу (тартты) Жасы елулердегі шау тартқан кезі. Ж.Арыстанов. Шәу тартсам да көңіл әлі тарлан көк. Т.Шопашев.

Шаужай/шәужай *орф.* Қарагерді бір тебініп шаужайлап жіберіп, маған қатарласты. Б.Майлин. Қызып алған аттың басын шәужайлап тоқтатты. Ә.Шәріпов.

Шаһар/шәр Құнанбай жолдағы үлкен шаһарлардың атын сұрады. М.Әуезов. Әлім мен қатыны шәрге мал айдап бара жатқан. Д.Исабаев.

Шаһуат/шауһет *сөйл.* Кемшілік бердің бір қуатқа, Бойдағы тоқтау еттің шаһуатқа. Алдаспан. Ал екеуі бірдей қабынса, шауһет жүретін жолы беріш болып бітеледі. М.Исамбаев.

Шәй деспеді/іштеспеді *жерг.* Ол ешкіммен шәй десіп көрген емес. Қ.Ыдырысов. Ұзақ жылдар Әшім екеуі бірімен-бірі іштесіп көрген емес. К.Оразалин.

Шәк/шек (келтірмеді)/шүбә Бұл жер өз жері екенше ол шәк келтірмеген. І.Есенберлин. Ізтілеу бұл жігіттің ойлаған ісін орындамай оралмайтынына шек келтірмеді. М.Дүзенов. Осы тұста өз шәк-шүбәсын айта бастады. Ө.Қанахин.

Шәлкем-шәліс/шәлкем-шалыс *орф.* Шәлкем-шәлістеу мінез көрсете бастаған. Ө.Қанахин. Мінезі шәлкем-шалыстау. Қазақ әңгімелері.

Шәлти/шелти Оның шәлтиіп мына тұрысы тіпті жынымды келтіргені. О.Сәрсенбаев. Әлгі мұртты милиционердің жанында Рахым шелтиіп тұр. Н.Сералиев.

Шәрбат/шербет *сөйл./шәрбет* Шарап емес, шәрбат жұттым. Д.Әбілев. Жүзім шербетінен бір кесесін жұтып салды. І.Есенберлин. Күміс құтыдан шәрбет құйып берді. С.Омаров.

Шәркей/шоқай/шәрке *сөйл./шабата жерг.* Аяғың тоңса, ана менің шәркеймді киіп ал. Б.Тілегенов. Жергілікті елдің тапқаны шоқай киіп, таппағаны жазда жалаң аяқ жүреді екен. С.Елубаев. Аяқтарына кигені де көннен тіккен жыртық шәрке. К.Рахимов. Оразаевтың үстінде жаздық жейде, аяғында жеңіл шабата. С.Бердіғұлов.

Шебер/месекерлі *көне.* Шебер – көптің анасы, шешен – көптің апасы. Мақал. Қашаннан дарқан қолы месекерлі, ағаштан түйме түйеді. І.Жансүгіров.

Шеберхана/ұстахана Совхоз шеберханасында әртүрлі бұйымдар жасалады. «Соц.Қаз». Жөндеу ұстаханасы қандай! Б.Тоқтаров.

Шегілген/шегулі *морф.* Шегілген шылымының тұқылын күлсауытқа салды. Е.Қонарбаев. Темекісі шегулі, Тиіссіз жерге дәулет төгулі. Қашаған ақын.

Шейіт/шаһит *кітаб.* Балтабай майданда жүргенде шейіт болды. Р.Тоқтаров. Дін үшін талай жандар шаһит болды. Х.Есенжанов.

Шекілдеуік/семішке/пісте *жерг.* Жұрт шекілдеуігін шағып, базарын аралап жүр. Б.Тілегенов. Темекі тартып семішке шаққандар да жоқ емес. З.Шашкин. Шетенің өнімі жақсы. Диал.сөздік.

Шелек/мосы/бақыр *көне.* Онан шелекке сүрінді. Ә.Нұрпейісов. Қосқа кірсе асулы мосы, ілулі бақыр тұр. Қазақ ертегілері. Бұрынғы кезде металдан істелген шелекті бақыр деп те атаған. Қазақ Совет Энциклопедиясы.

Шелти/шылти *сөйл.* Дуаннан шелтиген бір келді төре. Қ.Бекхожин. Мұстафаның анау шылтиған немесі де қорғап тұр. Ғ.Мұстафин.

Шенқұмар/шеншіл *сөйл.* Қынжыламын, құр кеуде, Шенқұмар сол жандарға. Қ.Бекхожин. Шектен шыққан шеншіл бар, Өр көкірек меншіл бар. М.Рашев.

Шертпек/мәути/мәтек *жерг.* Сондай жаман баладан шертпек жегенің не? М.Гумеров. Кезекпе-кезек шашы ағарған тақыр басынын құйқасын іреп мәути алады. Б.Шалабаев. Мәтек ап басымыздан, тартты кеп шашымыздан. С.Әлімқұлов.

Шеруші/демонстрант *кітаб.* Май мерекесінде шерушілер (демонстранттар) шеруі орталық алаңнан басталды. «Еңбек туы».

Шет-жағасы/шет-шепірі *жерг.* Сапар Гүлсімге әңгіменің тек шет-жағасын айтты. З.Шашкин. Бұл аңыздың шет-шепірін Тайман Сағадай үйіне келген бойда естіді. З.Қабдолов.

Шеттеу/теткеу *жерг.* У-шудан шеттеу жүрді. Ауызекі тіл. Құнанбайдың сұмдықтарынан олар Абайды теткеу ұстауға тырысты. Т.Әлімқұлов.

Шиебөрі/шибөрі *сөйл./шүйебөрі сөйл.* Ара-тұра ұлыған шиебөрінің даусы естіледі. Ж.Молдағалиев. Бұл тоғайда шибөрінің көп екенін Қанат жақсы біледі. Қ.Құттыбаев. Қазақстанда шүйебөрі сирек кездеседі. Х.Қыдырбаев.

Шиедей/шиқандай Шиедей қып-қызыл етіп бояған. Ауызекі тіл. Май басқан жалпақ беті шиқандай. О.Бодықов.

Шиеленіс/шайырғалдан *жерг.* Бұл жай Сармолланың дін басшыларымен шиеленісе, шекісе сөйлеуіне себеп болды. М.Әуезов. Бұдан

әрі созылса, әңгіме шайырғалданатын еді. Ә.Көшімов.

Шиен/шиін *сөйл.* Айыр кезең, Майлыюшақ, Тақырдың тәтті шиені. А.Жапсарбаев. Тобылғы торы шиінге қойған басын көтерген жоқ. Ә.Әлішев.

Шикі/хам *кітаб.* Нанға шикі ет араластырып, итін тамақтандырды. «Лен.жас.». Піспеген хам қарбызды жеуге болмайды, ішті ауыртады. Диал.сөздік.

Шикідей/шикілей *сөйл.* Пышақ сырты қазысы бар майлы етті шикідей жұтып жіберді. Т.Әлімқұлов. Балықты пісіріп те, шикілей де сатуды кәсіп ететін. З.Шүкіров.

Шик/шиық (етті) Сыртқы есік шик етіп ашылды. Б.Соқпақбаев. Есік шиық етіл ашылған кезде, үйге бір топ адам кіріп келді. Б.Қыдырбекұлы.

Шимайла/шимақта *сөйл.* Орындықтың арқалығын неше түрлі бояулы қарындашпен шимайлаған. Т.Ахтанов. Ол қағаз бетін шимақтап отырып қалды. С.Бердіғұлов.

Шипа/шыпа *сөйл.* Жылқының еті – дәрі, қымызы – шипа, өзі – күшкөлік. К.Ахметбеков. Көңілімді дауалар, шыпа болар сөзіңіз жоқ. М.Әуезов.

Ширақ/ширақы *сөйл.* Бержан ақсақал әлі қуатты, ширақ еді. Ш.Дәрмағанбетов. Құлыным, – деді Күнтуар ширақы үнмен. І.Есенберлин.

Ширық/шилық *сөйл.* Ғабит – шеберлігі шығарма сайын ширығып, шыңдала беретін жазушы. Ж.Исмағұлов. Шарбанзаданы өз көзімен көріп, ерлігіне сүйсініп, өзі де шилығып өсе бастады. С.Бақбергенов.

Шоғырлан/шоқтарыл Осылардың тарқамай, әр жерде бір шоғырлануында үлкен сыр бар. Ә.Әбішев. Жұмыскерлер анталап шоқтарыла қалды. Ғ.Мүсірепов.

Шойтаңда/шойнаңда/шойталаңда/шойралаңда Ол балдағына асылып, шойтаңдап жетіп келді. Ә.Нұршайықов. Кембаш шойнаңдап атына қарай безіп барады. Т.Иманбеков. Күзетші Нұрқан шойталаңдап келді. А.Жұмаділдин. Мен де шойралаңдап олардың ортасында жүрдім. А.Сатаев.

Шойын қара/татыран жерг. Зор денелі, кең иықты шойын қара жігіт екен. Ауызекі тіл. Бикештері шетінен татыран қара. Т.Әлімқұлов.

Шоқи/шоңқи/шоқай *сөйл.* Мен есік алдында шоқиып отырдым да қойдым. Ә.Нәбиев. Айтқұл құйрығын өкшесіне қойып шоңқиып отыр. А.Нұрманов. Жақсыбек бір жерде шоқайып отыр. С.Бақбергенов.

Шоқынды/шоқыншы сөйл./шоқыншық жерг. Дуандағы Бердахмет мұғалім нағыз шоқынды. Ә.Нәбиев. Маған ерекше ой салған Илья деген шоқыншы қалмақ. С.Бегалин. Әлгі шоқыншық ноғайға бұдан да өткізіп, көзіне көк шыбынды үймелетеміз депті. Ә.Кекілбаев.

Шоқырақта/шоқанда/аталақта жерг. Бұлар да желе шоқырақтап шауып отырып, қуып жетеді. М.Әуезов. Машина жолсызбен тартқандықтан, қатты шоқандап кетті. Ә.Нұршайықов. Тайлақ аталақтай жөнелді. С.Мұқанов.

Шолақ/молтақ/молақ жерг. Әлтай шолақ жең жейде киген. «Советтік шекара». Айдары шошайған молтақ қанат қызғыштар қарсы алды. Ж.Қосыбаев. Милығы тар малакайдың шықшытқа ғана жеткен құлағы молақ. С.Жүнісов.

Шолжақ/шолжақай Тым ерке, шолжақ, – деді Сәбира. М.Дүйсенов. Өз аулында сен шолжақай баласың. С.Бердікұлов.

Шолжан/шолжың *сөйл.* Шолжаң баланың тентектігі ананың мазасын алып, қажытты. О.Бөкеев. Көзінде мен де біреудің шолжың өскен еркесі едім. Қ.Салғарин.

Шолжанда/шолжақта/шолжында *сөйл.* Ол өлеңді шолжандап, еркелеп айтып отыр. С.Мұратбеков. Қарқаралы қыз болды оң жақтағы, Ағайынға еркелеп шолжақтады. Т.Молдағалиев. Сенгенің бар ғой, соған сүйеніп шолжындап жүрсің ғой. М.Әуезов.

Шолжи/шолжай/шалжи *сөйл.* Бұ не шолжиып түске дейін жатып алу. Е.Домбаев. Шолжайып жата кетті де, төбесіне қарады. Д.Досжанов. Пеш түбінде шалжиып тиып жата беретін адам емессің бе. Т.Тілеуханов.

Шолпылда/шопылда/шолпы *сөйл.* Ақмолданың үлкен баласы шолпылдап малтып жүр. О.Сәрсенбаев. Кім шопылдап батпады дарияға. «Жалын». Дауыл соққан кемелер суында күміс бауыр балығы шолпыған көлдер жатыр. С.Байжанов.

Шолти/шолай *сөйл.* Сүйменің шолтиып қысқарып қалыпты ғой. С.Сейфуллин. Келте қара шашыңыз, түбіт бопты шолайып. І.Жансүгіров.

Шоматын/шомитын *сөйл.* Оңашада қалың ойға шоматын. Ауызекі тіл. Содан әмірші қияпас қиялға шомитын. Д.Досжанов.

Шоңайна/шоғай *сөйл./шоғайна жерг.* Ол бар тәнін жел мен күнге сүйгізіп, табанын шоңайнаға тілгізген. Ғ.Қайырбеков. Жылқы салдым тоғайға, Тоғай бір толы шоғайға. Үш ғасыр жырлайды. Жүніне жабысқан шоғайналарды алып тастап, тазалап жібереміз. М.Қаназов.

Шоңқал/шоқал *сөйл.* Науан іңірде шоңқал үстіне шығып талай отырған. М.Сүндетов. Әбілқайыр жақын жердегі шоқал үстіне көтерілді. Ә.Әлімжанов.

Шошай/шоқи Бағыла самауыр қасында шошайып отыр. З.Иманбаев. Ыбырай шана үстінде шоқиып отырған кісіні көрді. Ж.Молдағалиев.

Шошанда/шошанда *сөйл.* Мен өз жерімізде мылтығы шошандаған бөтен елдің әскерін көргім келмейді. Қ.Жұмаділов. Байбөрі шоқша сақалы шошандап адуын сөйледі. С.Шаймерденов.

Шоши/шошти Исахан сақалын шошитып тіктеп тура қарады, С.Бақбергенов. Жас кезінде сұлу болғанын шоштиған мұрны мен қайқиған ұзын кірпіктері ғана айтып тұрғандай. Қ.Исабаев.

Шошқа/доңыз Совхоз шошқа да өсіреді. «Жетісу». Ол доңыз емес, қой ғой. Е.Домбаев.

Шошымалы/шошымал *сөйл.* Ақырында шошымалы науқасқа ұшырады. З.Ақышев. Бойды алған шошымал ауру енді оған құпиясын да жасырта алмаған. Қ.Исабаев.

Шөгір/шөңге *жерг.* Шөгірлері қадалған табаныма. С.Торайғыров. Сан рет табаныма шөңге кіріп. М.Саринова.

Шөже/шіби *жерг.* Тауықтар шөжесін өзі басып шығарады ғой. Н.Сералиев. Үйге бір әтеш, бір шіби, екі тауық кіреді. Қазақ ертегілері.

Шөлейт/шөлдеуіт *сөйл.* Қазақстан территориясы шөлейт аймақтарды,

тау белдеулерін қамтиды. Х.Қыдырбаев. Арқаның шөлдеуіт, құмайт даласы коңыр күздің жүдеу аспанының астында көсіліп жатыр. С.Хайдаров.

Шөміш/бақыраш *көне.* Шелекке суды шөмішпен құйды. Ауызекі тіл. Ол қайық ішіне іркілген суды бақырашпен төкті. Х.Исенжанов.

Шұбат/қымыран *көне.* Шұбат – түйе сүтінен жасалған сусын. Ауызекі тіл. Қырсыққанда қымыран іриді. Мақал.

Шұбыру/шұбау Қаздың балапанындай шұбырып, балалар мектепке беттеді. С.Сарғасқаев. Сонда қалың жылқы өз беттерімен бұлардың соңынан шұбай береді. Қазақ ертегілері.

Шұлғау/байтабы *жерг.* Шұлғауымды аяғыма орап алдым. Ә.Сәрсенбаев. Бір балаң жігіт байтабысы салпылдап ошақ басында күйбендеп жүр. Б.Аманшин.

Шұңқыр/шұқыр Ол ауланың шетінен шұңқыр қазды. Ауызекі тіл. Оны енді желкемнің шұқыры көрсін. «Ана тілі».

Шүбәсіз/шәксіз Шын жүректен шыққандығы шүбәсіз сезіліп тұрды. Б.Нұржекеев. Бұрын бір жерде көргенім шәксіз. М.Иманжанов.

Шүберек/шүперек *орф.* Қоңыр қызыл шүберекпен бидайылаған екі жастық. С.Сейфуллин. Қалың шүперекпен байлап берді. «Жұлдыз».

Шүйгін/шүйгінді *морф.* Біздің жайлаудың суы мол, шөбі шүйгін. Ауызекі тіл. Төскейдегі Ойқұдықтың шөбі мол, шүйгінді жайлау еді. Ә.Әуезов.

Шүйкімдей/шүйкедей Қолында шүйкімдей ғана ораған нәрсесі бар. «Соң.Қаз.». Шүйкедей бұлт шүйіліп, Шыға келді төбеге. С.Боранбаев.

Шүйілді/шүйлікті/түйлікті Ақша бұлттан үзіліп бір түскендей, Шүйіледі көктен төмен шағала. Ғ.Қайырбеков. Жергілікті байлар маған қарсы шүйлікті. М.Бегалиева. Қуғыншылар да аянбай түйлігіп келеді. Ғ.Мүсірепов.

Шүкши/шүки *сөйл.* Шүкшиіп аяқ жағында Ұлар отыр. І.Жансүгіров. Отау үйдің ішінде Балбөпе шүкиіп қана отыратын. М.Әбдіқалықов.

Шүкіршілік/шүкірлік *сөйл./шүкірана жерг.* Қазір шүкіршілік, мамандарымыз өсіп келе жатыр. С.Талжанов. Екі көрпе табылғанына шүкірлік. З.Шашкин. Шүкірана айтам саған мен әр күн. Қ.Шаңғытбаев.

Шүлдір/шүлжің Өзінің қазақ ортасында қанша жүрсе де түзелмейтін шала, шүлдір тілімен хабар етіп еді. М.Әуезов. Онсыз да шүлжің кемпірінің тілі байланып қалған-ды. Ә.Сараев.

Шүлдірле/шүлдіре *сөйл.* Не деп шүлдірлеп кеттің тағы. Д.Әбілев. Айналайын, шүлдіреген тіліңнен. Қ.Сатыбалдин.

Шүлен/шүлеңгір *сөйл.* Үстінде шетін ақ шүлен қойдың терісімен көмкөрген қара тон. С.Жүнісов. Шүлеңгір мырза атанар ма екенбіз. Ақтамберді жырау.

Шүмекте/сүмекте Тұрдым қарап шүмектеген жаңбырға. Д.Қаңатбаев. Киіз үйдің жыртығынан сүмектеген су кең жайылып барады. «Лен.жас».

Шүңейт/шүңет *сөйл.* Сол маңда жауын-шашынның суы жиналатын терең шүңейт бар еді. С.Әлжіков. Жарлауыт, шүңет жер екен. С.Досымов.

Шүңірек/үңірек *сөйл.* Хасен – шүңірек көзді, қыр мұрынды, көселеу сұр

жігіт. С.Мұқанов. Батырбек – тықырлау, үңірек қара шал. І.Жансүгіров.

Шүпілде/шүмпілде *сөйл.* Ол науаны суға шүпілдете толтырды. Т.Қаупынбаев. Шүмпілдеген қос шелекті іліп, үйіне қарай қайқандай тартты. Н.Сералиев.

Шүрши/шүрти *сөйл.* Қыздың да жүзі томсарып, ерні шүршиіп жүр. А.Нұрманов. Қасым ерні шүртиіп ыстық шайды үрлеп отыр. Ж.Тәшенов.

Шығармашылық/ижад көне./творчество *кітаб.* Ғалымның 60 жасқа толу мерейтойы мен шығармашылық еңбегінің 40 жылдығына арналған кеш ұйымдастырылды. «Егемен Қазақстан». Творчество сөзінің «ижад» деп аталатын қысқа да нұсқа әдемі баламасы бар. «Сөздің жарыспа тұлғалары».

Шығымды/шығымтал Шығымды егіннен мол өнім жинадық. Ауызекі тіл. Осындай салмақты дән піскенде түспейтін, әрі шығымтал келеді. Ғ.Сыланов.

Шығыс/шарық *кітаб.* Шығыстан тан арайлап атып келеді. «Жұлдыз». Ел-жөнінде менің құбылам – Мекке де, шарық та емес, осы күнде батысқа көшкен. М.Әуезов.

Шыжбалақта/шыжбалақта/шыжалақта/шыбжында/шыбаланда *сөйл.* Тайлан шыжбалақтап еді, отырғандар оған алара қарасты. О.Иманәлиев. Ол шыжбалақтап байыз тауып отыра алмады. Б.Соқпақбаев. Апырмай, неғып нан жеткізілмей қалды екен деп шыжалақтай берді. Ә.Нұршайықов. Дәуірдің мұрты бұрынғыдан бетер жыбырлап шыбжындап кетті. Ә.Әбішев. Құр шыбаландап жүгірісіп, кіріп шыға берді. С.Торайғыров.

Шыж-быж/шыж-мыз *сөйл.* Мен бір шыж-быж ұйымдастыра қояйын. Ж.Молдағалиев. Қонақтарды қымызбен улатпай, шыж-мыж істеп жібересің бе? А.Лекеров.

Шыжы/шыжына Күн жоғарылаған сайын шыжып барады. Ө.Көшімбаев. Жаздың шыжынаған шілдесінде жылқы баласын іздемейтін. С.Бегалин.

Шыжың/бұртташ *лекс.* Егер шыжыңмен ауырған адам жүзім жесе, ол кілт әлсірей бастайды. С.Сүбханбердин. Түйе малы бұртташ болып та ауырады. Ауызекі тіл.

Шыл/шіл Шыл атып алды. «Жұлдыз». Қыста ептеп қоян, шіл алдырдым. Ш.Айманов.

Шылапшын/леген Шылапшын әкеліп, қолыңызға су құяды. М.Әуезов. Үйге қолында легені бар Мақұлбай енді. Т.Дәуренбеков.

Шылаужын/шұбалшан *жер./шұбалшын* *сөйл.* Шылаужын, маса личинкаларын балыққа жем ретінде беруге болады. Т.Мұсақұлов. Шұбалшандарды саз балшыққа орады да банкінің ішіне салды. Т.Бердияров. Қазып алған шұбалшындарын қармақтарына шаншып отыр. Ғ.Ахметов.

Шылғи/шымқай/шыли *сөйл./шіли* *жерг.* Құрышпенен ораған шылғи болат аспабы. «Ақын жырлары». Таксидің екі қапталы шымқай қара бояумен сырланған. Ә.Шәріпов. Айтқанының бәрі шыли өтірік. «Жұлдыз». Ажардың емделгені шіли өтірік. С.Омаров.

Шылқыма/шылқымай *сөйл.* Шылқыма өмірдің шаңырағы ортасына түсті. М.Қабанбаев. Жап-жас басымен шылқымайдың арасына кіріп алыпты.

Ж.Мусин.

Шылымқор/шылымшы *морф.* Шылымқорлар темекі тартудың зиян екенін жақсы біледі. «Лен.жас». Бұл тастың астында мектеп оқушысы шылымшы Қабыштың темекісі жататын. Е.Домбаев.

Шымдауыт/шымайт *сөйл.* Нағашым тұратын селоның жері шымдауыт. Б.Соқпақбаев. Сайдың орта шені жадағай көк шымайт болатын. Ғ.Мұстафин.

Шымшыма/шанышпа *сөйл.* Карповқа шымшыма әзіл айтады, онысы басшы бойына жарасымды әзіл. Ф.Оразаев. Аса өткір шанышпа мысқыл ажуа, ащы сөздер осы аудармаларда үнемі көрініп отырады. М.Әуезов.

Шымырла/шымылда *сөйл.* Толқыны бұйраланған көгілдір Ертіс шымырлап ағып жатыр. Н.Баяндин. Жалаңаш саусақты аяз шыдатар емес, шымылдап көгеріп барады. Н.Сералиев.

Шымырлан/шымыра *сөйл.* Абдолла қажымады, шымырланып шыңдала берді. С.Талжанов. Біздің елдің достығы шыңдаған сайын шымырай түсетін болат темірдей. Ә.Әбішев.

Шыңда/шынтта *сөйл.* Ол кәпірлер шыңдаса еркектен кем кимылдамайды. С.Мұқанов. Шынттап қолға алса түк те емес. А.Тоқмағамбетов.

Шынында/шындығында Шынында әйелдердің жер асты жұмысына жарамайтыны рас. Ә.Әбішев. Ол қиялы арқылы тапқан осындай өнердің шындығында болмағанына өкінді. Н.Ғабдуллин.

Шыңда/шыңла *сөйл.* Ұсталмаған темір күректі төске салып шыңдай бастады. З.Иманбаев. Балалардың-ақ тергені, – деді шыңлаған темірдей катулы жеткен бригадир. Қ.Әбдіқадіров.

Шыр/шырық (көбелек) *морф.* Екеуі де аңшының итіндей қалбалақтап, шыр көбелек айнала қалды. С.Сейфуллин. Ол шөпті жеген қой от оттап, су ішуден қалады, шырық көбелек айналып бәңгіреді. Ғ.Сыланов.

Шырай/рай Жүзің үнді гүлдеріндей жарасқан, Қызғалдақтай нұр шырайың, сен сұлу. Ғ.Орманов. Дәмелі тәу бастан-ақ жантереге рай бермей, кірпідей жиырылған. С.Омаров.

Шырақ/шырағдан *морф.* Ай бойы шырақ жағып жүрді. Ауызекі тіл. Шырағданның білтесі әбден қысқарған, сығырайып қана жанып тұр. А.Нысаналин.

Шырмал/шырғал *жерг.* Өрмекшінің торына шырмалып қалған қара шыбын тыпырлап жатыр. С.Ғаббасов. Ол шың араларына шырғалып қалған бұлттар болуы да мүмкін. С.Мәуленов.

Шытыра/шытырма Оң жағына шытыра, омырауына қызыл маржан қадаған кимешек. С.Жүнісов. Етікші кебістің үстін күміс шытырмамен сәңдей өрнектеген. «Қазақстан әйелдері».

Шіге/шік *сөйл.* Шіге жағы майдаланып жасалған добалдай үш үлкен сақа. С.Мұқанов. Асығыңның алшысы жоқ жігі бар. Т.Әлімқұлов.

Шікамшыл/шікемшіл Кей кезде Жасын шектен тыс шікамшыл, өзімшіл, бір беткей боп отырып алады. Т.Әлімқұлов. Шікемшіл адамдай басы кегжендеп, шартақ маңында сыр беріп қалады. Т.Әлімқұлов.

Шілдехана/шылдахана *көне.* Ұсақ салт жырларының өзі де шілдехана,

қыз ұзату т.б. байланысты шыққан. Е.Ысмайылов. Шылдахана да басталып кетті. Ә.Шәріпов.

Шілте/шілтең *сөйл.* Өлім туралы сөз қозғап, бір-бірімізді шілте қылмайық. «Айқап». Бетке бір шілтең түссе бір жанама. Ғ.Игенсартов.

Шілінгір/шілгір *сөйл.* Шілденің шілінгір ыстығында кебіс-мәсі киіп алған. Қ.Жұмаділов. Шілденің шілгір ыстығы, Төсек көрмей түзде өтті. Ш.Әбенев.

Шіркеу/шеркеу *көне.* Шіркеу парк ішіне орналасқан. «Жұлдыз». Шеркеуге ұқсаған үй екен. Ә.Шәріпов.

Шірінкене/шырынке *сөйл.* Бұл кәдімгі сауда кезінде берілетін шірінкене. М.Қаратаев. Осы қызметі үшін шырынке пұлға қарық болып жүретін. Ә.Сәрсенбаев.

Ы

Ығу/ығысу *жерг.* Иірген түніменен ыққан қойды, Таңғы жел ширықтырып тұла бойды. І.Жансүгіров. Торы бие өткен қыс ығысқа ұшырағанымызда, екі құлаш жырықтан шанасымен қарғып шықты. Ә.Сәрсенбаев.

Ығыр/егер *жерг.* Арынғазыны әбден ығыр еткен. З.Қабдолов. Бұршақтар сартылдап, ел егер боп еді. І.Жансүгіров.

Ыза болды/ыза шекті *синт.* Сенім артқан адамының мына қылығына ыза болды. Ауызекі тіл. Шәкіртінің кешелігінен ыза шекті. Б.Серкебаев.

Ызғыт/ыжғыт *сөйл.* Тоқтамастан ызғытып келеді. «Соц.Қаз». «Волга» машинасы ыжғытып келді де, тоқтай қалды. Ә.Қанахин.

Ызы-қиқу/ызы-қиқы Жүгірісіп шопандар үйлерінен, ызы-қиқу көбейді ауыр-ғауыр. Ә.Жәмішев. Көшенің ызы-қиқы дыбысы да Талбикенің жүйкесіне тиетін. С.Досымов.

Ызында/ызылда Қарсы алдымыздан ызындай соққан өткір жел бет қаратпайды. Ауызекі тіл. Ызылдап ұшып келе жатқан қоңыз оның шекесіне тиді. Т.Жармағамбетов.

Ықтырма/ықтасын/ықтың *сөйл.* Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, ықтырмамен күзеуде отырар бай. Абай. Мен қораның ықтасын жағына тұра қалдым. Б.Жетпісбаев. Есік алдына ықтың қаласаң қайтеді? Ә.Сәрсенбаев.

Ылғи/шыли/шылғи/ыңғи *сөйл./ыңғай* *сөйл.* Бұл бөлмелер ылғи осылайша бос тұрады. К.Тоқаев. Келіп жатқандар – шыли бір жас өспірімдер. «Жетісу». Шылғи ақ үйлер өте сирек кездеседі. С.Мұқанов. Маған ыңғи түсімде ас тартады. М.Мақатаев. Сейіт екеуі ыңғай бірге жүретін. Р.Райымқұлов.

Ылдым-жылдым/шапшаңбай *сөйл.* Еститінбіз саудаға ылдым-жылдым епті деп. Ш.Смаханұлы. Банзаров – шапшаңбай, ал мынау өзі аз сөйлеп, көп тыңдайтын сабырлы. С.Мұқанов.

Ылығу/ұйығу *сөйл.* Бұл уақыт қасқырлардың ылығатын кезі екен. С.Мұқанов. Қасқыр жылына бір рет ұйығады. Х.Қадірбаев.

Ым/ымба *сөйл.* Ымға түсінбеген дымға түсінбейді. Мақал. Бұл ымбамен

айтып ұғындырарлық ықылас лебі емес. С.Бегалин.

Ың-жың/ың-шың *сөйл.* Ың-жыңы біраз басылғанға ұқсайды. Ө.Қанахин. Ың-шыңсыз аттанып кетеді. «Қаз.әдеб».

Ынтық/ынтызар/мұстақ Қылмаса өмірге ынтық адамзатты, о баста берген тағдыр неге жүрек. Ғ.Орманов. Қалындық құшып сүйеге Күйеуіне ынтызар. Абай. Сол мысырлықты көруге мұстақ болып отырмын. Мың бір түн.

Ырбанда/ырбақта *сөйл.* Портрет те ырбандап оны мазақ қылғандай көрінді. Қ.Ысқақов. Қой, ырбақтама, бар! – деді Тәшібай. С.Сейфуллин.

Ыржалақ/ыржалаң Нұрқат ыржалақ күлкіден пышақ кескендей тыйылды. З.Шашкин. Осыдан кейін ол ыржалаң күлкімен табалдырыққа жылжи берді. О.Сәрсенбаев.

Ыржалақта/ырсалақта *сөйл.* Шегенің ыржалақтап күлгенін ол мүлде жаратпай қалды. А.Хангелдин. Бабаның сонда жатқан қу басы да лажсыз күлер еді ырсалақтап. Х.Ерғалиев.

Ырси/ырсыңда Ырсия күлген Керім орнынан тұрып жатты. Е.Өтетілеуов. Қасқыр тілін салақтатып, екі езуі ырсыңдап жатты. Б.Тұрсынбаев.

Ыршы/ыршын *жерг.* Ердос орнынан ыршып тұрып, солай қарай жүгірді. М.Етекбаев. Бір кезде лақ көзін ашып, үркіп, ыршынып қалды. М.Жұмағұлов.

Ырым-сырым/ырым-жырым *сөйл./рым орф.* Тәтем үйленгенде ешқандай ырым-сырым жасалмаса керек. Б.Соқпақбаев. Қазақтың ырым-жырымы, айт пен тойы көп қой. Б.Шалабаев. Осы көне рымға иланған. Д.Досжанов.

Ысқаяқ/ыспар/ыспандияр *морф.* Хан қапсағай ысқаяқ қара кісі, Оқ жыландай ызғарлы суық түсі. Қ.Жұмашев. Жолды көп жүріп ыспар болған Кенжетай мұндайда қимылдың шапшандығын сүйеді. Д.Әбілев. Көпті көрген ыспандияр дәрігерлердің байсалды мінезі сүйсіндірді. С.Омаров.

Ысқырық/ысқырғыш *сөйл.* Магазиндегі бар ысқырықты түгел сатып алдық. С.Бердіғұлов. Ол баласына ысқырғыш әперді. «Лен.жас».

Ысқыш/ысқы *сөйл.* Қазан түбін ысқышпен ысқылады. Ауызекі тіл. Ысқымен асықпай ысқылап, жалтырата тазалады. «Әдебиет майданы».

Ыстық/ыссы/ысық *жерг.* Жаңадан қоныс аударғандар ыстық климатқа алғаш көндіге алмай жүрді. «Қаз.әдеб.». Бүгін күн ыссы болып тұр. «Советтік шекара». Шілдеде күн ысық болады. Диал.сөздік.

Ысылған/ыспар *жерг./спар орф.* Соғысқа қатысып ысылған жігіттер әңгіме айтып берді. М.Ғабдуллин. Менен ыспар адам болмады. Бозінген. Алдаберген спар басшы еді. «Уақыт және қаламгер».

Ытқу/ыту Кеңес сығылысқан жұрттың екпінімен вагонның басқышына демде ытқып шықты. М.Иманжанов. Төлеуіш көзінен ытып кеткен ыстық жасын сүртіп алды. Ғ.Сыланов.

Іждағат/ыждағат сөйл./іждаһат кітаб./ыздағат сөйл./еждиғат сөйл. Үлкен іждағатпен логиканы және басқа ғылымдарды тереңдетіп қарады. А.Көбесов. Бұл еңбек пен ыждағатты істің жемісі еді. «Лен.жас». Диканның өз ісіне деген жауапкершілігі, іждаһаты артады. Қ.Найманбаев. Айналамдағының бәріне жіті қараймын, ыздағат бағалаймын. Ө.Қанахин. Әрқайсымыздың оқуға еждиғатымыз зор. С.Торайғыров.

Іздемпаз/ізденімпаз Ол қазақ ғалымы, ұлы іздемпаз Қаныш Сәтбаевқа ғана борышты. М.Сәрсекеев. Өнегелі мектептің ізденімпаз түлектеріне мәдени-ағарту мекемелерінің есігі ашық. І.Омаров.

Ізет/ғыззат кітаб. Ізет сақтап үндемеді. «Лен.жас». Мен сені қай себептен тұтам ғыззат. Айтыс.

Ізгі/езгі сөйл./езгу кітаб. Ол ежелгі ізгі досымен ренжісіп қалғанына өзінен-өзі жәбірленді. Ж.Тілеков. Семсерді сүйіп серт етер Елімнің езгі салты бар. Қ.Аманжолов. Еркіндік езгу келер шағын күтуліміз тәтті үміттей. Қ.Аманжолов.

Ізгілік/езгілік сөйл./езгулік кітаб. Адам бойындағы ізгілікке не жетсін. «Қаз.әдеб.» Адам бойындағы ерлік пен езгілікті мадақтауға не жетеді. М.Иманжанов. Адамның баласына ашып жаным, езгулікке жүрегім бір ұмтылар. Абай.

Із-түзсіз/ізім-ғайым Не із-түз жоқ сол байғұстан сонан бері. Т.Жароков. Баяғы жылы жүздердің бәрін енді дауыл үйіріп кеткендей ізім-ғайым жоқ болды. М.Дүйсенов.

Ілдалдала/ілделайла сөйл. Бәтжанның тозған киімдерін тарылтып, әйтеуір ілдалдалап кішкентайының үстін жүдетпеуге тырысады. С.Жүнісов. Арбаның шен темірін ілделайлап сым темірмен шандап байлап тастадық. «Жұлдыз».

Ілбиген/ілбік жерг. Оның соңынан ілбиген қу сүйек арық әйел кірді. Б.Соқпақбаев. Адаләттің кішкене қарақатын мөлдіретіп ілбік кірпігімен аймалап тұратын көзіндей әсер етпеді. Ж.Тілеков.

Ілбі/ірметіл жерг. Елжас ілбіп басып үйге аяндай берді. А.Жақсыбаев. Сеңді бұқпалап, ірметіле жүріп келеді. Ә.Сәрсенбаев.

Ілгек/ілмек/ілгешек жерг./ілме сөйл./ілмешек сөйл./шаппа жерг. Қамзолдың төсі неше түрлі асыл ілгек, алқым баулармен безелген. Б.Майлин. Аққұба жігіт есіктің ілмегін салды. М.Қосшығұлов. Қамзолдарды қынап, күміс ілгешектермен іліп тастаған. Т.Жармағамбетов. Ілгері өтсең, тұрады талай бөлме, салынған есігіне түгел ілме. С.Мұқанов. Ілмешекке ішігінді іліп қой. С.Оспанов. Есіктің шаппасын іліп алып Ғайшаның қасына келді. М.Әуезов.

Ілтифат/елтипат сөйл. Қыз оны ілтифатқа алмады. М.Әуезов. Елтипат ешбіріне қылмаған соң, құр іштен қапа болып жаның қинар. С.Торайғыров.

Ілуде/рабайда/ілу-шалуда жерг. Бұл іс ілуде бір адамның ғана қолынан келеді. Ауызекі тіл. Жырау қазір рабайда біреу кездеседі. Диал.сөздік. Бұл оның ілу-шалуда күлетін күлкісі еді. Ғ.Мұстафин.

Іліктір/іліндір Алтын шашты іліктірген балықшы, оны ханға тарту етеді. Қазақ ертегілері. Жауын-шашынға іліндірмей, астықты таза қалпында

өткізді. Ә.Нұршайықов.

Ілімді/ілімдар *кітаб*. Сіздің құшағыңыз кең, қаламыңыз ілімді. С.Ерубәев. Адам ілімдар емес, уақыт ілімдар. Н.Қазыбеков.

Інген/інген *орф*. Сүтті інгендерді сауады. И.Жұмағұлов. Құба інген бір сайда боталайын деп жатыр екен. Қазақ ертегілері.

Інжу/енжу Қара шашы құндыздай, Көздері жанған жұлдыздай, Киімінен құлпырып інжу маржан ойнады. Жамбыл. Теңіздерден енжу терген. З.Қалауова.

Іңкар/іңкәр *орф*. Айтуға бұл тілекті болдым іңкар. Х.Бекхожин. Әлгі айтқан іңкәр дүниесінің жанында жүр. А.Мекебаев.

Ірі/ірік *морф./ірікті морф./іребдел көне*. Семіз қойдың қозысы ірі туады. С.Мұқанов. Атпал қойлардың іріктілерін сұрыптап, базарға айдатты. М.Әуезов. Бұлардың мінген аттары ірікті. М.Әуезов. Соны жерге қонғаннан бері жетіле түскен торпақтар іребдел көрініп, тіпті қызықты еді. С.Бегалин.

Іскер/ісмер Ол – өте бір іскер адам. «Жұлдыз». Үния ісмер екен, өздеріне жаңа киім тігіп киіпті. Ә.Шәріпов.

Іспетті/есепті/сыпатты/еліпті *жерг*. Бұл тарих қойнауынан бізге жеткен құнды мәлімет іспетті. «Соц.Қаз». Елдігі мен ерлік тарихының шежіресі есепті. М.Омарбеков. Ол сыпатты қазақтан, Дүниеге ешкім келмепті. Абай. Ағай да, жеңгеміз де оқыған интеллигент еліпті адамдар. Б.Аманшин.

Ісіңкі/іспек Бет-аузы ісіңкі. Ауызекі тіл. Ең кенжесі іспек көз, домаланған қара еді. М.Сүндетов.

Ішкілік/ішімдік Ол жігіттің сұлтаны еді, ішкіліктен азғындап, ауруға шалдықты. І.Қожабаев. Келіншек ішімдіктен де онша тартынған жоқ. Ж.Еділбаев.

Я

Я/яки Я мен барайын, я сен бар. «Жетісу». Әке боп яки шеше боп, ақырып саған ұрсады. Ғ.Қайырбеков.

Япырмай/япырай/япырау/япырмау Япырмай, бірдеме болмаса игі еді. І.Есенберлин. Япырай, қарындас-ай, дәл түсіпін-ау. С.Алдабергенов. Япырау, сенейін бе, сенбейін бе? Б.Тоғысбаев. Япырмау, менің бұным не? І.Есенберлин.

БАЛАМА АТАУЛАР

Қай халықтың болса да сөз байлығы тілді тікелей қолдануға байланысты Еліміздің егемендікке ие болғанына он алты жылдан асса да, қазақ тілінің қолдану өрісі өз мәнінде бола алмай, орыс тілінің деңгейіне жете алмай, ұлтаралық қатынас құралына айнала алмай отырғаны тілжанашырларының көңілін алаңдатуда. Ресми мәжілістердің көбіне-көп орыс тілінде өтуі тіл жанашырларының өзегіне от түсіріп, көңіліне өкініш сезімін ұялатады. Мемлекеттік тіл мәртебесін алғанына он алты жыл толғанына қарамастан, ана тіліміздің орыс тілінің көлеңкесінде қалып келе жату проблемасының екінші жағы бар. Ол қазіргі ұрпақтың мүмкін болғанша орыс тілінде сөйлеуге ұмтылысымен байланысты. Тұңғыш президентіміздің «қазақтар бір-бірімен қазақша сөйлессін ең әуелі» деуі тегіннен тегін емес.

«Венгрияда 200 мыңдай қыпшақ бармыз. Қазақ десе жаны бөлек Мажарстан қыпшақтары арасынан шыққан тұңғыш түркітанушы Қоңыр Мандоки Иштванның шәкірті болғанмын. Қазақстанға ең алдымен ата-баба тілін аңсап келеміз. Бұл елде тұратын өзге ұлт өкілдерінің қазақшаға талпынбайтыны, қайсыбір қазақтардың өз ана тілінде сөйлегісі келмейтіні мүлде ұят. Тілін жоғалтқан ұлт түбінде өзі де жоғалады. Елі тұтас, жері ұланғайыр егемен Қазақстанда әлі күнге тіл мәселесінің толық шешілмеуі бізді де толғандырады», – дейді Будапешт ұлттық университетінің оқытушысы Дәуітқара Шомфайи («Ана тілі», 12.07.2001.). «Қазақтар – өте мейірбан, қонақжай халық. Мен әлемнің 141 елін аралаған жанмын. Бір өкініштісі өз тілінде өмір сүре алмай отырған бейшара халықты көрдім, ол қазақ халқы екен», – дейді Ренальдо Гаспарини, итальяндық «Ренко» компаниясының президенті. («Айқын», 25 қараша. 2005 ж.).

Елге келгенде нені көріп қуанасыз, нені көріп қынжыласыз? – деген сұраққа Хасен Оралтай: «Көк байрақтың желбіреп тұрғаны көңілімді өсіреді. Кейбір қазақпен қазақша амандасып, қазақша сөлесем, «түсінбеймін» деп басын шайқайды. Қынжыламын, намыстанамын. Өкініштен тіпті көзіме жас келеді. Өзінің туған жерінде жүріп, туған тілін білмеген қазақтың қазақша үйрене алмайтынына сене алмаймын. Олар туған тілін менсінбейтін адамдар ғой. Туған тілін менсінбейтін адамда ұлттық намыс болмайды», - деп жауап беріпті. («Қазақ әдебиеті», 06.07.2007.).

Бүкіл түркі әлемі ата жұрт деп қастерлейтін қазақ жері мен қазақ тілі – түркі әлемінің кіндігі екені белгілі Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең бай да икемді, көркем де көрікті, әуезді де шұрайлы тіл екендігі айтылып жүр. Проф. М. Жолдасбековтың сөзімен айтқанда, «Қасиетті қазақ тілі дегенде біз оның шын мәнінде қасиет тұтар ерекшелігін – лексикасының ұшан-теңіз байлығын, грамматикалық амал-тәсілдерінің молдығын, сөздерді оңды-солды ойнатып, ажарын ашып жіберетін икемділігін, сөйлем мүшелерін қырық құбылтып әкететін оралымдылығын, дыбыс жүйесінің саздылығын, әуезділігін, тартымдылығын» қазіргі ұрпақтың өз мәнінде түсініп, ана тіліне құрметпен қарап, ықылас қоюына жағдай тудыру – алда тұрған үлкен де абыройлы міндеттің бірі. («Соц. Қаз.». 03.10.1990). Осыған орай тілдің

беделін көтеретін қуатты күштің бастысы – өзге ұлт өкілдерімен қоса әсіресе өз ұрпағымызды ана тілінің көл-көсір байлығы мен көркемдігін айқын сезінетіндей етіп тәрбиелеу десек, артық айтқандық емес. Ең тиімдісі осы айтылған мәселеге баса көңіл бөлінгені жөн. Мұны айтып отырған себебіміз көп ұлттылығымен, көп конфессиялығымен Қазақстанға ұқсас малазиялықтардың егемендікке қолы жеткеннен кейін ана тілінің келелі мәселесінің оң шешімін табуы арқасында бас-аяғы он жыл ішінде қолданылуы тым шектеулі малай тілін аяғынан тұрғызып, шын мәніндегі мемлекеттік әрі ұлтаралық тіл дәрежесіне көтере алуы – үлгі тұтарлық жайт. Өз республикасында малаялықтар халықтың 48 пайызы ғана. Даяк, кадазан, меланау, баджау тағы басқа монкхмер халықтарымен қоса есептегенде халықтың 53 пайызын құрайды. Қалғандары қытайлары (37 пайыз) мен үндістандық тамилдер (10 пайыз). Бұл 2002 жылғы мәлімет. Ал біздің елімізде қазақтар 60 пайызға жуықтап, туыс тілді халықтармен қоса есептегенде халықтың үштен екісін құрағанмен, ондай жетістіктен қалыс қалып отыр.

«К началу XX столетия малайцы на своей исторической территории оказались в положении этнического меньшинства. При этом их язык нес отпечаток многовековой колониальной истории, за время которой английский язык занял прочные позиции в качестве элитарного и являлся необходимым условием для получения образования и качественных знаний.

Сейчас все официальными мероприятия в стране осуществляются только на малайском языке. При этом доминирование национального языка не вызывает негативных эмоций со стороны немалайцев» – деп жазады бұл жөнінде Мұрсалнаби Тұяқбаев («Каз. Правда» 22.05.2003). Қазақстан шын мәнінде қос тілді мемлекет болғандықтан, тілдің беделін көтеретін қуатты күштің бастысы – өзге ұлт өкілдерімен қоса әсіресе өз ұрпағымыздың ана тілінің көл-көсір байлығы мен көркемдігін айқын сезініп, оған ықылас қоюы екені белгілі.

Атақты ақынымыз Олжас Сүлейменовтің бір сөзінде «Қуатты орыс тілімен қиын да құрметті бәсекеде төтеп беру қазақ тілінің көгеріп көктей беруі үшін ауадай қажет» деп атап өткеніндей, қостілділік ортадағы тілдердің өзара салыстырмалы бәсекесі табиғи заңдылық. Одан ешқайда қашып құтыла алмаспыз. Олай болса ата-бабадан мұра боп қалған жас ұрпақты тәрбиелеуде пәрменді құралы болған әлем тілдерінің ішіндегі ең бір шұрайлы тілімізді жас буынның құлағына құйып, сезіндіріп, құрмет тұтқыза алмауымыз, оны ынта қойып үйренуге құлшындыра алмауымыз неліктен? Бұл тілдің ел өміріне батылырақ енуі үшін қандай қозғаушы күш керек деген сұрақтың астарына үңіліп көрген жөн.

Аталған проблеманың орфографияға қатысты тұсы неге екенін көп әңгімеленбей жүр. Өйткені емле үздік болған тұста нәтиже де үздік екені белгілі. Бүгінде егеменді, іргелі, өркениетті ел дәрежесіне қол созған кезімізде әр алуан лексикалық жұмыстар, түрлі жаңа сөздіктер, анықтамалықтар тіл мәдениетіндегі табыстарды, оның жүйелі қалыптасқан нормаларын жұртшылыққа дер кезінде күнбе-күн жеткізудің, білім берудің

көрінісі ретінде маңызын арттыра түсуде. Олай болса, қазақ тілін кең ауқымда дамытамыз десек, барлық күшті, мүмкіндікті әлі де сан алуан, түрлі-түрлі, сапалы сөздіктер жасауға жұмылдыруымыз қажет. Бұл – бүгінгі заман талабы. Бүкіл баспасөз, мектеп, радио, теледидар хабарларының, оқылатын лекциялардың бәрі де ана тілінің жүйеленген сөздіктеріне сүйене отырып жасалуға тиіс.

Малазия үкіметі, ондағы ғалымдар мен тіл мамандары малайлықтардың ұлттық тіл мүддесін қорғап, оны толыққанды мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріп, тіл туралы заңды жүзге асыруды ана тілін үнемі жетілдіріп, сөздік құрамын молықтырып, морфологиялық құрылымын байытып, грамматикасын оңтайлы ету арқылы жазу нормасы мен емлені бір ізге салу тұрғысынан жүзеге асырағаны біраз нәрсені аңғартады. «Малайзиское правительство осознавало, что для планомерного внедрения малайского языка в многоэтническом обществе было необходимо усовершенствовать сам язык. Лингвисты справедливо полагали, что если его словарный запас будет оставаться от современных достижений, то им будут пренебрегать не только китайцы и индийцы, но и сами малайцы» («Каз. правда», 22.05.03).

Ана тілімізді орамды да икемді ететін орфографиядағы оңтайлы емле ережелері жазу мәдениетімізді дамыта түсудің айқын күштері болумен қатар, тіліміздің кең қанат жаюына да әсер етіп, мемлекеттік тілді үйренерлік қажеттілікті тудыруда маңызды рол атқармақ. Орфография тіліміздің бетбейнесі, ажары мен көркі деп айтуымыз да сондықтан. Қай тілде болса да емле түзелмей, істің өрге баспайтынын өмірлік тәжірбие көрсетіп отыр. Әлемнің бай тілдері санатындағы ана тілінің қамын ойлап, оның қадір-қасиетін жас ұрпақ алдында да, өзгелер алдында да, төмендетпей емледегі қайшылық пен кем-кетіктің сыр-сипатына мән беріп, жан-жақты ойластырып, ақаудан аршып, кемшін тұстарын түзетіп, ұтымды түр-тұлғаларды ескеріп, бірлі-жарым сапалы өзгеріс енгізіп қана емлені сапалы түрде ретке келтірудің маңызы ойға келеді.

Елбасы Н. Назарбаевтың бірде «Ұлтты күшейтудің бір тетігі – туған ана тілі» деп айтқанындай, ана тілімізді алға оздырмай, халқымыздың жарқын болашағы туралы, ұлттық озық идея туралы сөз қозғаудың жөні жоқ. Ана тілін жастардың қанына терең сіңіру үшін тіл тағдырына қатысты қоғамдық ой-толғаныстар төңірегінде шектеліп қалмай, оны көркейтудің нақты жолдары, тиімді тәсілдері көрсетілуі керек. Нақ осы тұста авторлардың бір-біріне кереғар пікірі де айтылып жүр.

«Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең – ол күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу – бұл сүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате», – дейді Халел Досмұхамедов. («Егемен Қазақстан». 15.05.2004.). Демек, туған халқымыздың даралық сипатын айқындайтын рәміздік белгілерінің бірі де бірегейі – оның тілі екенін ескеріп, оның таяу болашақта халықаралық қауымдастықта өзінің салмақты салтанатымен көріне алуын ойластырудың маңызы зор. Осы тұрғыдан ана тілінің бары мен жоғын ой елегінен өткізіп,

жетпей жатқан тұстарына баса назар аударып, жаңа аталымдардың көңілге қонымдыларын қолданысқа енгізіп, тың баламалардың тілімізге тың тыныс, соны серпіп әкелгені көңіл көншітеді. Мемтерминком ұлт тілінің өз байлығын ұтымды пайдалану қағидатын берік ұстанып, тіл қойнауындағы терминге қойылатын талапқа лайықтыларын іріктеп алып, өзге тілдегі балама атауларды да ұлттық тілдің заңдылығына бағындырып, сөздік қорымызды байыта түсетін аталымдарды бекітіп келеді.

Тілдің лексикалық қат-қабатымен қоса жазу дәстүрін жетілдіру арқылы тілдің қолдану аясын, қоғамдық функциясын арттыру барысында жаңа ұғымдар мен атаулар үздіксіз қажет болып отырады.

Орнымен тауып қосылған әрбір сөз ана тілімізді көркейту жолындағы үлкен олжа екені белгілі. Мұндай ұтымды балама іздегенде әуелі аталымның білдірер нақты мән-мағынасы, қолдану ерекшелігі зерделеніп, салмақтанғаны жөн. Бұған дейін беймәлімдеу болып келген тұстарда жаңа ұғым, түсінік туғызып, жаңа реңк-бейнесімен, өзіндік сонылығымен ерекшеленетін аталымдар ана тілімізді байытып, оны жоғары да сапалы деңгейге көтере түспек. Соған орай терминдер мен жаңа аталымдарды бекіту кезінде қатаң сараптау мен ұзақ талқылау арқылы олардың терминжасамға қойылатын талапқа сәйкестігі, қолданылу жиілігі, ұлт тілінің өз байлығын толығырақ пайдалану мақсаты назарда ұсталмақ. Соңғы он бес жылдың көлемінде қазақ тілі баяу түрде болса да кеңірек қолданыла бастап, жаңа көкжиекке шығуға талпыныс жасады дей тұрсақ та, ана тілімізді ұлтаралық тіл етіп, мемлекеттік тілдің дәрежесіне жеткізу, оның қажеттілігін арттыру, тілдік орта қалыптастыру жұмысы әлі де ширата түсуді қажет етеді.

Белгілі бір тарихи кезеңде көршілес немесе аралас отырған халықтардың экономикалық, әлеуметтік мәдени қарым-қатынасы жанданып, соның нәтижесінде тілдік қарым-қатынасы дамып, тіл-тілден сөз ауысып, сөздік құрам жаңа атаулармен молығып отыратыны белгілі. Бір тілдің екіншісі бір тілді үстемелеп отыруы – барлық тілге ортақ табиғи үрдіс, заңдылық. Шынтуайттап келгенде, туыс тілдер сөздігіне зер салмай, ондағы бізге де жарамды, ұтымды баламаларды қолданысқа енгізбей, орыс тілінен ауысқан қыруар сөздерді сол қалпында еш өзгеріссіз алып, қаншама жыл шалағайлық таныттық. Тілімізге дәл балама сөз табылмай, аудару қиындық тудырып жүрген тұстарда туыс тілдерден сәтті аталымдар іздестіру де көп ретте оң шешімін беретініне көзіміз жетті. Туыс тілдер сөздігіне үңіліп, ана тілімізбен салыстыра зерделесек, бізге зәру біршама атаулар тауып, олжаға бататынымызды тәжірибе дәлелдеп отыр. Туыс тілдерден сондай-ақ бұрын атымен болмаған жаңа тың ұғымды білдіретін сөздерді де кездестіреміз. Оларды да жаңа атау ретінде әдеби тілдің кәдесіне жарата алсақ қанеки. Туыс тілдерден ауысқан сөздердің тағы бір тиімділігі – олардың бірден қолданысқа еніп, аз уақытта-ақ жалпыхалыққа түсінікті атауға айналатындығы. Оған ұшақ, хұқық, фыйыз, синиф, мәтін, нарық, кеден, ұжым, махалла, мүшәйра, ежіре тағы басқа аталымдар айғақ болады.

Мына төмендегі сөздер де орыс тілінен енген атаулардың сәтті баламасы болар еді: Дефне (лавр), допор (старт), донан (флот), дөвиз (валюта), дүрім

(ситуация), емеклі (ветеран), жадде (проспект), жаллад (палач), жамша (бокал), жидді (серьезно), жұмхұрият (республика), зағыт (давление), зиярет (визит), ефсана (миф), ижад (творчество), игдисат (экономика), илхақ (аннекция), истинтаг (допрос), ихражат (экспорт), итхал (импорт), июк (награда), кантин (ресторан), кэлам (речь), кэрхана (мастерская), кентал (центнер), кефалат (облигация), клима (кондиционер), котаз (буйвол), лахана (капуста), латания (пальма), латифа (анекдот), мәркізі (орталық комитет), мимар (архитектор), мәғаш (пенсия), мұхабир (корреспондент), мұхам (адвокат), мұхарип (ветеран войны), мұхаррир (редактор), назарият (теория), низам (конституция), нәзір (министр), раис - төраға (председатель), рә (өте-мөте), мархан (ломбард), расытхана (обсерватория), рессам (сурет), сағана (гробница), санаят (өнеркәсіп), сөйлев (речь), доматес (помидор), арзыла (хотеть), ашауыз (вилка), әдуа (инфекция), әсәсі (фундаменті), балина (кит), баят (несвежий), бәра (засада), бәрбат (арфа), бонақ (аванс), бодрым (подвал), гар (вокзал), автогар (автовокзал), акар (недвижимость), ғұң (глухонемой), бәдәви (первобытный), бертек (вывих), вализ (чемодан), вардия (вахта), виран (трущеба), гая (идеал), гези (экскурсия), дәзмал (үтік), етираз (возражение). Жеке қаламгердің ойдан қиыстырған қайсыбір атауларының туыс тілдерде ұтымды баламалары бар. Мысалы, мейрамхана, төраға, дәріхана, азатжол, жанұя сөздерінің қантан, башқан, екзине, еже, әйле тәрізді оңтайлы нұсқалары бар. Ана тіліміздің сөздік құрамындағы сөз сапынан азайтпау мақсатымен мұхарип (ветеран войны), жәдда (проспект), емеклі (ветеран), дәремет (спонсор) секілді аталымдарды қолдану да осы айтылған тұрғыда тиімді болмақ.

Ана тілімізді лексикалық тұрғымдан молықтырудың тағы бір тәсіліне туыс тілдердің етенелегіне сүйене отырып, көп мағыналы сөздердің тұлғалық жағынан даралануы жатады. Көп мағыналық негізде әрі синоним сөздердің реңктік айырмашылығын ескеріп, қатар қолдануға жарайтын сөздер аз емес. Мысалы, авара – бродяга, қаңғыбас – жеңіл жүріске салынып, бостан-босқа ел кезгіш, абида – памятник, ескерткіш – есте сақтауға арналған зат.

Дәл осыған ұқсас көп мағыналы мына төмендегідей сөздердің жеке мағынасының дара атауларын туыс тілдерден кездестіреміз. Гала (крепость), газа (катастропа), гапог (крышка), давет (пригласительный), лөңгә (полотенце), май (мазь), мамулат (продукция), антрен (тренировка), бәстәкар (композитор), бирадар (товарищ), дұбар (стена), дұрғы (пауза), али – жоғарғы (высший, руководящий), ғұрбат (диаспора), идара (правление) – басқарма, илада (приложение), тәфсірлеу (комментировать), мөхбир (корреспондент), гәрб (запад), лолы (бродяга), греб (забастовка), хаблұ (полотенце), шәрк (восток), ғарби (запад), өбу (целевать), новәт (очередь), нұсқа (вариант), өрнек (орнамент), ода (комната), сайфа (страница), сотир (строка), там (стена), қаумая (заповедник), қорықша (заказник), мәркіз (центр), бәстәкәр (композитор) секілді көп мағыналы сөздердің тұлғалық жағынан дараланып, сөздік құрамның жаңа атаулармен молыға түсуі де ана тілімізді көркейте түспек.

Тағы бір ескерген жәйт сөз тіркесімен айтылып жүрген сөздердің туыс

тілдерде атауыш баламасы кездеседі. Мысалы, адамхөр – людоед, адбаад – поименно, кимралмак – взять напрокат, илкиярдим – неотложная помощь, гәтл – кісі өлтіру, гәтлкар – кісі өлтіруші, дамар – қан, имза – қол қою, итираж – қарсы шығу, әфсана – ел аузындағы әңгіме, бұланты – жүрек айну, верем – құрт ауруы, өкпе ауруы, дола – бос емес (занято), ихтира – дауыс беру, кател – кісі өлтіру (казнь), минет – ауыр еңбек мысалдары осы аталған атауыш баламасы жоқ, сөз тіркесімен сипаттама түрінде айтылатын сөз орамдарының сәтті аталымдарына жатады.

Түркі тілдерінің бір-бірінен алшақтай түспей, керісінше, өзара жақындай түсуі үшін де туыс халықтардың басым көпшілігіне ортақ сөздер де тілімізден өз орнын табуы тиіс. Оған гүзел (өте әдемі), яғ (сары май), әйле (семья), матғам (ресторан), матем (траур), мәғаш (пенсия), хемшар (медсестра), хавалима (аэропорт), саяра (планета), жұмхұрият (республика), ғұрбат (диаспора), абага (папоротник), айван (терроса), арази (территория), асистан (лаборант), әдлия (юстиция), балтал (диверсия), балур (хрусталь), барат (плотина), бәдбин (пессимист), бәсіре (импорт), дағуа (претензия), дарбан (швейцар), дауам (істің жалғасы), дахыл (касса), дервис (патруль), дәнішма (справочная), идам (казнь), идхал (импорт), латания (пальма), керем (капуста), мөзәккар (мужской род) т.б. сөздері жатады.

Ана тілімізде әсіресе аударма ісінде сөздің дәл баламасын табуда қиындық келтіретін жағдайда туыс тілдерден сөз таңдап алу өз нәтижесін беретінін тәзе (свежий), индірім (скидка), гөвл (речь), сөйлев (речь), фавори (бакенбарды), уәкілет (делегация), дидем (хотеть), еже (абзац), дөвиз (валюта), тари (дата), тәхвил (сдача), жадде (проспект), гар (вокзал), назария (теория) сияқты әдеби тілге сұранып тұрған аталымдар айғақтайды. Қайсыбір сөздерге балама атауды ойдан қиыстырғаннан гөрі туыс тілдердегі қолданысты ескерген артық емес. Мысалы, жанұя - әйле, шығармашылық – ижад, емеклі – ветеран, мұхариб – соғыс ардагері (ветеран войны), мемұр – чиновник, тешжиз – диагноз, манар – маяк, түш – кнопка, оттұрық – поджигатель, мұфлис – банкрот, шілінгер – слесарь, морш – гимн т.б.

Еліміздің егемендікке ие болуы арқасында кейінгі он-он бес жыл көлемінде шетелдік терминдерді көбейте бермей, мүмкіндігінше қазақша балама табуда қаламгерлеріміз қыруар жұмыс атқарды.

Жеке қаламгерлердің орайын тауып баспасөзде өз ретімен қолдануының арқасында бұрындары жергілікті ерекшелікке жатқызып келген көптеген сөздің жалпыхалықтық қолданыс деңгейіне жеткені мәлім. Аудармашылардың да көнерген сөздермен сирек қолданылып келген басқа да сөздерді орнымен қолдану тәсілімен орыс тілінен енген сөздерге дұрыс балама тапқан кезі аз емес. Шетелдік сөздерді тәржімелеу барысында оң ізденістің нәтижесінде көненің көзіндей байырғы сөздерді қайта жаңғыртып, сөз қазынасын балама атау қажетіне жарата білудің сан түрлі тәсілі болатыны белгілі. Дәстүрлі шаруашылыққа, ата кәсіпке байланысты, ежелгі қолөнерінің қайнар көзіндей болған атауларды қолданысқа енгізу арқылы тілімізді жетілдіре, кемелдендіре түсетініміз анық.

Туған тілімізді көркейтуге тамшыдай болса да үлес қосуды мақсат

тұтқан жеке қаламгерлеріміздің көнерген сөздердің мол байлығын тірнектеп жинап қолданысқа енгізуі толассыз жатқандықтан болар, тіл қойнауында тұнып жатқан әдеби тілге сұранып тұрған асыл сөздеріміздің көбі әлі терусіз жатқандай, әсер қалдырады (қышкер, жарын (келесі жыл), дабылкеш, далдам, миуалы, пес, жырғау, әпкіш, мосы, елгезер, қысқаш тәрізді). Орыс тілінен енген сөздерге телінген сәтті баламалар ана тіліміздің сөздік құрамын байыта, молықтыра түсудің тиімді жолы екенін тәжірибе байқатып отыр. Жаңа атауды қабылдауды науқаншылыққа айналдырмай, орыс тілі арқылы енген сөздерге ұсынылған баламаларға байсалды қарап, оларды мұқият зерделеп, сарапқа салып, елеп-екшеп салмақтан, мерзімді баспасөзде жариялап, кеңінен пікір алысу өз нәтижесін бермек.

Өкінішке орай, тілді дамыту жолындағы игі ізденістермен қоса қайсыбір қаламгерлер келсін-келмесін өздерінше термин жасап, олардың кейбірінің білдірер мағыналық жігін ажырата алмай оқырман дал болып, берекесіздік тудырған кез де болды. Жаңа атау мен терминдерді бекіту кезінде олардың жаңа сөз тұлғасын жасауға қойылатын талапқа сәйкестігі жан-жақты ескерілгені жөн. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда біздің елде де термин жасауда пуризмге негізделген псевдопатриотизм белең алып, терминдерді жаппай қазақшалаудың салдарынан түсініксіздік тудырған жәйттер аз болмады. Бірде-бір сөз орысша аталмасын деген керенау талаппен оңқы-соңқы аударудан туған кертартпалықтан, сондай-ақ тілімізді мүлде оқшаулатуды мақсат тұтып, орыс тілінен енген сөздердің сырт тұлғасын мейлінше бұрмалап жазып, тіл қорына, сөйлеу дәстүріне күштеп таңа берсек, онда тынысы кең, мүмкіндігі мол тілімізді қиындатып, оралымсыз етіп, қиянат қателерге жол берер едік деп алаңдаушылар бар.

Өкінішке орай, мемлекеттік терминком бекіткен сөздердің қайта қарауды қажет ететіндерді аз болмай отыр.

Балама деп алынған қайсыбір аталымдардың мәні, білдірер мағынасы, қолдану ерекшелігі жеткілікті сараланып, салмақтанбағандықтан, өспе – опухель, таназат – вакцина, бөлікше – участок, дәріпіспек – шприц, шырай – валентность, пәрмен – команда, пернетақта – клавиатура, жұлдызша – астроида, қиым – гипотенуза, баскерме – диаметр, көрсеткі – индекс, дәрмен – потенциал, тәсір – процесс деп аударылған терминдердің тілімізде орнығып кетуі оңай шаруа емес («Ана тілі», 20.07.1995).

Дәл баламасын табу қиындық келтіретін, көпшілік түркі тілдеріне ортақ терминдерге дейін белден басып жіберіп, тисе терекке, тимесе бұтаққаның керіп келтіріп, жақсы ойластырмай, ұшқарылыққа салынып, қалай болса солай аудару салудың жаңсақ екенін, мұның өзі айналып келгенде әлемдік ғылымның жетістіктерінен тыс қалуға итермелейтінін тәжірибе байқатып отыр. Айталық, полюсті – кіндік, витаминді – дәурен, барабанды – дабыл, демагогияны – дақпырт, танкті – торсауыт, пушканы – гүрсатар, пулеметті – оқдауыл деп аударып, тілімізді көркейте аламыз ба? Керісінше, мұның өзі тілімізді кері кетіріп, қиянатқа жол беру болар еді. Құймасым – кабель, дәстелік – папка, сынталап – претензия, мекенмөр – прописка, тартымтас – магнит, бітеулік – атрезия, белгішарт – экспликация, барьер – кедергі,

вентиляция – бұлық, такси – ылау деген тәрізді басым бөлігі халықаралық (интернационалдық) сөздерге жататын атауларды, әсіресе сирек қолданатындарын қазақшалау сәтті бола бермейтінін тәжірибе байқатты.

Дәл осыған ұқсас математикалық атау ретінде ұсынылған кіндік – центр, үйір – семейство, өзек – ядро, пішін – фигура, жалқылау – дедукция, еліктеу – имитация, анықтағыш – индикатор, жалпылау – индукция, ырғақ – итерация, қиынды – сектор, жолақ – лакуна, жарма – биссектриса, қия – диагональ секілді басым көпшілігі сирек қолданылатын терминдердің орнына қарапайым сөздерді балама атау ретінде тықпалау тиімді емес.

Үшкілдеме – тригонометрия, өре – радиус, реттік – радиус, оңайлату – редукция, керме – хорда, қима – гипотенуза, цикл – дүркін, кейіптеме – формула, меже – шкала, күбіже – цилиндр, өтінді – супремум, таптама – таксономия, сантану – арифметика деп халықаралық терминдерді күнделікті жиі айтылып жүрген қарапайым сөздермен алмастырудың тиімсіздігі жоғарыда айтылған сепбептермен қоса есте сақтауды да қиындатады. Көп жағдайда мұндай атауларды басқа сөз мағынасымен шатыстырмай есте сақтау тіпті де мүмкін болмай қалады.

Бір сөздің бірнеше атаудың баламасы болатын тұстары кездесіп қалады. Мұның тиімсіз екенін ескеріп, сөздің әр сыңарына қосымша балама іздестірудің қажеттілігі туындайды.

нұсқау – инструкция	өскін – нарост
– указывать	– спора
үміткер – кандидат	піскек – поршень
– надеющийся	– мешалка
санат – категория	сүрім – сбыт
– ряд	– жағымсыз иіс
жергілікті – местный	тәмсіл – притча
– локальный	– ассимиляция
дәрісхана – училище	тоқсан – квартал
– аудитория	– девяносто
теледидар – телевизор	түбіртек – квитанция
– телевизия	– корешок
символ – рәміз	санат – классика
– нышан	– компания
жалдаптық – спекуляция	төңкеріс – революция
– махинация	– переворот
ұстама – приступ	жиын – митинг
– пароксизм	– сбор
әліпби – алфавит	әліпби – алфавит
– азбука	– азбука
мұрағат – ценность	қорық – заповедник
– архив	– заказник
нысан – форма	делдал – брокер
– объект	– маклер

– посредник	– припадок
тел – струна	алпауыт – магнат
– провод	– монополист
жарлама – декларация	себезгі – душ
– афиша	– лейка
нұсқама – инструкция	мұрағат – архив
– стрелка	– ценность
оқпан – мылтықтың ұңғасы	– археологическая культура
– трясина	мерейгер – юбиляр
өспе – сомножитель	– лауреат
– опухель	мүше – член
пішім – формат	– орган
– фасон	қарызгер – дебитор
сүргін – зонд	– должник
– древесина	шағым – жалоба
толайым – оптом	– претензия
– түгел, дерлік	шегерім – скидка
сәулеткер – зодчий	– вычет
– архитектор	ағза – орган
түмен – мың	– организм
– корпус	әріптес – партнер
– дивизия	– коллега
сардар – командир	гүлзар – оранжерея
– офицер	– газон
алағандық – лихоимство	– оазис
– мздоимство	ізашар – предшественник
дәлдүріш – дилетант	– первопроходец
– халтурщик	сұхбат – беседе
шығыс – расход	– интервью
– восход	делдал – брокер
кесте – график	– маклер
– таблица	– посредник
– вышивка	шартнама – договор
орам – оборот	– контракт
– обмотка	балама – эквивалент
– обертка	– альтернатива
бұйрық – приказ	аймақ – регион
– циркуляр	– зона
үлгі – образец	шипажай – санаторий
– шаблон	– профилакторий
сілтеме – ссылка	үмбет – чадо
– указатель	– мирян
шанақ – бункер	пай – доля
– чашка	– акция
қояншық – эпилепсия	сазгер – музыкант

– композитор	– приступ
– мелодист	сірне – мелисса
мәміле – компромисс	– патока
– сделка	қарызгер – должник
аймақша – зона	– дебитор
– участок	аударым – исчисление
сарапшы – жюри	– перевод
– эксперт	мәслихат – семинар
аралық – пролет	– конференция
– балка	ішірткі – рецепт
жендет – киллер	– микстура
– палач	еңлік – эдельвейс
айлақ – пристань	– косметика
– причал	мерейгер – лауреат
будан – гибрид	– юбиляр
– метис	оралым – оборот
жарнама – реклама	– вопросник
– афиша	сауалдама – анкета
жиектеме – оправа	– вопросник
– тесьма	толықтырма – дополнение
төңкеріс – революция	– возмещение
– переворот	сұлба – фасон
жаңашыл – новатор	– схема
– рационализатор	шамдол – люстра
топтама – серия	– фонарь
– цикл	шатыр – крыша
– пакет	– палатка
– комплект	толықтырма – дополнение
дерттену – патогенез	– забойка
– патология	дәмхана – закусочная
бірлестік – концерт	– кухня
– компания	жылнама – ежегодник
аймақ – зона	– летопись
– регион	науаша – желоб
дәліз – коридор	– паз
– колонна	рұқсатнама – виза
қандауыр – хирург	– пропуск
– ланцет	әмиян – кошелек
ғарышкер – космонавт	– портмоне
– астронавт	сұраным – спрос
шағым – жалоба	– заявка
– претензия	тұжырымдама – концепция
емхана – поликлиника	– заключение
– амбулатория	дінгір – конистр
ұстама – пароксизм	– фляга

үнсандық – магнитофон	– шляпа
– телефон	ғимарат – здание
сұңғат – монумент	– сооружение
– живопись	ішпек – подшипник
салым – вклад	– вкладыш
– депозит	бекіткіш – фиксатив
кепілдеме – задаток	– фиксаж
– рекомендация	рұқсаттам – разрешение
делегей – диск	– допуск

мысалдарынан көріп отырғанымыздай, екі-үш дербес атауға бір ғана сөзді балама етіп телу ұтымды емес. Ал егер ол сөздің өзі келтірген терминнің біреуінің де дәл баламасы бола алмаса, баспасөз сауаттылығын одан әрі кері кетірмек демеске лаж жоқ. Мұндайда жергілікті тіл ерекшелігінен, туыс тілдерден іздестіріп, ойдан жаңа атаулар қиыстырып жеткілікті балама сөз құрастыру да оң нәтиже беруі мүмкін. Мысалы, кеселхана (лечебное заведение), науқасхана (поликлиника), шипахана (лазарет), аурухана (больница), емхана (лечебница), шипажай (профилакторий) дегенге ұқсас қай сөздің балама атауы екенін анықтап, тиянақтау керек.

Жоғарыда айтылғанға керісінше, бір сөздің бірнеше баламасы жарыса қолданылып жүрген кездері де жоқ емес. Мысалы,

страхование – қамсыздандыру	– сусап
– сақтандыру	мастерская – шеберхана
хауз – бассейн	– ұстахана
– водоем	– кәрхана
оригинал – түпнұсқа	шофер – айдарман
– төлнұсқа	– айдаушы
абитуриент – талапкер	интеллектуализм –
– бақсынар	интеллектуалдық
квалификация – біліктілік	– санаткерлік
– мамандық	– зияткерлік
дверолов – аушы	штраф – айыпақы
– аугер	– айышпұл
столица – елорда	– жарима
– басқала	трезвость – айықтылық
– астана	– салауаттылық
кошелок – әмиен	керосин – жермай
– шилан	– лепмай
– күмәжнак	фундамент – іргетас
спонсор – демеуші	– әсәс
– қаражатшы	таможня – кеден
каток – мұзайдын	– гүмрік
– мұзойнақ	
диабет – сусамыр	

Мұндай сөздердің білдірер сәл-пәл болса да мағыналық реңкін айқындап, екі-үш сыңарын да тілімізде орнықтыру тиімді. Олай дейтін себебіміз тілдегі синонимдер – сөз қорының асыл қазынасы. Тілдің бай да оралымдығы, оның сөздік құрамының қандай дәрежеде дамып жетілгені көп ретте синонимдер арқылы көрініс табады. Ұлт – миллет, қала – шаһар, рә – өте – мөте, мұхтарәм – құрметті, шайыр – ақын, сөздік – лұғат, сөздікші – лұғатшы – лексикограф, етті – етшен, зиратхана – көрхана, байрақ – ту – жалау, көрдемше – ноқатек – сораз – шата (некесіз туылған бала), мемлекет – дәләт, өмір – ғұмыр, жөн – рәуа, харекетсіз – әрекетсіз, адамзат – инсаният, жұдырық – мүш, аты – есімі – намы, сөз – кәлима, бахар – ерте көктем, ғұмыми – жалпы – бүтіндей тәрізді сөздердің басым бөлігінің біртіндеп қолданысқа еніп, танымал болғаны – осы айтылғанның айқын айғағы.

Зерттеушілер тіптен мағыналық тепе-теңдіктегі дублет сөздер мен сөз нұсқаларының (варианттарының) да тіл жүйесінің сымбаты мен гармониясына нұқсан келтіретін кездейсоқ құбылыс санап, нұсқау берудің нәтижесі әрдайым дұрыс бола бермейтінін ескертеді. Осы тұрғыдан сөздікке мына төмендегідей сөз нұсқалары алынды: кеніш – мүкәммал, ғимарат – бина, мұражай – әжәйпхана – матхаб, лапас – азбар – албар – ықтырма, қабірстан – қорым – көрхана, ғарыш – әлемиет, суретші – рессам, хамла – талпыныс, киелі – мұқаддас, мүнәсіб – ыңғайлы, емдәм – диета, жанталас – агония, күйсандық – пианино, сүңгі – зонд. Мұндай сөз нұсқаларының арасынан да талғап-таңдау арқылы қолданысқа жарататындары табылуы мүмкін. Мәселен, журналист Сабыржан Шүкірұлы «Байрақ – бұрынғы кездегі батырлардың жеке туы. Ал қалың қолдың тұтастай елдік белгісі – ту. Жалау – мерекелі, салтанатты жиында жаппай, жағалай тігілетін тулардың жиынтығы» деп анықтап берген екен («Ана тілі», 13.02.2003).

Ай аттарының да жыл мезгілі мен табиғат құбылысына қатысты арнайы атаулары қолданылған. Мысалы, қараша (қасым, қауыс), мизан (қыркүйек), зауза (мамыр) т.б. Сөзтізбеде берілген жетімхана – мүсәпірхана – ғаріпхана, індірім – шегерім – скидка, сөйлев – гөвл – нитг (речь), сусап – сусамыр – диабет, айыппұл – айыпақы (штраф), әм – және, вә – және, әмсе – ылғи, шыли, әммесі – баршасы, баһра – үлгі, дарымшы – емші, елбасы – президент, елорда – астана, өмір – ғұмыр жарыспа сөздерінің мағыналық жағынан сараланып кеткендері, синонимдік қатарға айналғаны, сондай-ақ алдағы уақытта нормалануға тиістілері жоқ емес.

Тағы бір ескеретін жағдай балуан, палуан, әшейін/әншейін, пайымдау/байымдау, кәдімгі/кәдуескі, әпке/әпше, әлдеқашан/алдақашан, құдағи/құдағай жарыспалары секілді сөз нұсқаларының басым бөлігінің әдеби нормасын изогласына қарап, демек қайсысы басым қолдануына қарап анықтай аламыз. Дей тұрсақ та қайсыбір сөз нұсқаларының сирек қолданылатына қарамастан, омонимдерді тұлғалық жағынан даралауға септігі тиетін сыңарын, морфологиялық тұрғыдан дамып жетілген немесе

сөздің әуезділігін жақсарта түсетін түрлерін әдеби тіл нормасына жатқызу – тіл біткеннің бәріне ортақ заңдылық.

Ана тілімізді көркейту жолындағы ізденісте оның морфологиялық құрылымын жан-жақты дамытып, жетілдіре түсу жағын есте тұтатынымыз белгілі. Оған жұрнақ жалғану арқылы туындаған сөздермен, біріккен сөздермен, сондай-ақ кіріккен атаулармен сөздік құрамды молықтыра түсу жатады. Бұрындары сөз тіркесімен айтылып келген мағынаны атауыш сөзбен беру арқылы сөздік құрамды молықтырып әрі тіліміздің морфологиялық құрылымын да жетілдіре түсеміз. Мысалы, қымыздау – қымыз ішу, жалғасты – жалғасы бар, қодықтау – құланның құлындауы, махаббаттау – жақсы көретінін білдіру, суайттану – өтірікті көп айту, шұрқандау – шұрқан шығару, жұмыстау – жұмыс істеу, тәуірледі, әдістеді, бекемдеді, ектеді, марапаттады, жәлен – келесі жыл, ақшалау – а) ақша табу, ә) ақшаға айналдыру, алғыстау – алғыс айту, өмірлеу – өмірге келтіру, қызметтеу – қызмет істеу, пікірлеу – пікір айту, ризаласу – риза болысу, рұқсаттау – рұқсат ету, салттау – салтқа айналдыру, бейбітші – тыныштықты сақтаушы, тәуліктеп – тәулік бойына, ақылдау (ақылға салу), жағдаят (ситуация), автобуслау (автобуспен жүру), қазақия (қазақ тілі білімі), ғайыптану (жоқ болып кету), қазықтау (қазыққа байлау), қазалану (қаза болу), заялану (зая болу), ескектеу (ескекпен есу), дабыралау (дабыл көтеру).

Ана тілін жаңа атаулармен молықтырып, көркейтудің кең тараған түріне сөз тіркестерінің кіріккен тұлғаға айналып, мына төменгідей атауыш сөз тұрғысынан қолданылуы жатады: жандасу – жан берісу, керекпеу – керек етпеу, озагүн – алдыңғы күні, озажыл – алдыңғы жылы, ғайыптанды – ғайып болды, назарла – назар аудар, ойқану – ойланып бір шешімге келу, шотла – есеп шотына салу, ояқта – ол жақта, сояқта – сол жақта, өйдеме – олай деме, оерде (өйерде) – ол жерде, соерде (сөйерде) – сол жерде, бұерде (бүйерде) – бұл жерде, қаерде (қайерде) – қай жерде, ақылау – ақы беріп жалдап алу, ақылдау – ақылға салу, сыйлықкер – сыйлыққа ие болушы, сыйлану – сыйсияпат көру, сыйлықтау – сыйлық беру, керектену – керек ету, аннан – ана жақтан, әйелдену – әйел алу, жоқсану – жоқ ету, қайтеді – қалай етеді, қайтіп – қалай етіп, өстіп – осылай етіп, сөйдеді – солай деді, бүйдеді – былай деді, сосын – сонан соң, сосынғы – сонан соңғы, барғасын – барған соң.

Түркі тілдеріне тән ортақ заңдылық бойынша біріккен сөздер ықшам, жинақы қолданысты молықтырумен қоса, тілдің жалпы коммуникативтік қызметіне де қолайлы болып табылады. Соңғы он-онбес жылда қолданысқа енген біріккен сөздер – негізінен алғанда жеке қаламгерлердің ойдан қиыстырған балама атаулары. Олардың арасында **хат**, **жай** сөздерін біріктіру арқылы туындатқан сөздер едәуір. Мысалы, мәлімхат (рапорт), мәслихат (семинар), сенімхат, сұраухат, нұсқаухат, сыйхат, жеделхат, сынхат (рецензия), баянхат (докладная), тілхат, тұрғынжай, бөбекжай (ясли), ғарышжай, жағажай, жатаржай (спальня), қонақжай (гостиная).

Мұнан өзге төлемақы, мойынтұмар, телебаған, теледидар, тойкәде,

төралқа, төлкүжат, төлтума, төлнұсқа, тілашар, ұлтжанды, төлем, ізашар, ізтанба, ұжымшар, іссапар, төлемақы, нұршашу (салют), сыйақы, кинокөрім, қағазтескіш (дракол), дыбысжазба, кәдесый (сувенир), газқағар, газсауыт, ашкөз (тойымсыз), жылангөз (свиц), іріңғалта (гнойник), ізжазба (энграмма), шелмай (подкожный жир), сөздәйек (цитата), орыскол (орыс мінезді), азагүл (венок), емдәм (диета), алғақы (аванс), алғытөлем (предоплата), жанкешті (смертник), жаяусоқпақ (тротуар), жәрдемақы (пособие), желкөз (форточка), сөзтізбе, сөзбалам, пікірсайыс, жылпарақ (календарь), жолдорба (рюкзак), жолсерік (проводник), жолшам (светофор), жүксалғыш (багажник), жолсілтеме (путеводитель) баламалары қолданысқа енді.

Қосымшалар арқылы түрленген туынды сөздер ана тіліміздің лексикалық қорын үстемелеп, толықтыра түспек. Олардың әр алуан түрлері – шы, -шыл, -паз, -ғыш, -лы, -гер, -хор, -хана, -нама т.б. жұрнақтары арқылы түрленген.

Сирек қолданылатын жұрнақтар мынадай: шарап+хор, қанхор (вампир), жемхор (жегіш), шайтан+и қылық, адам+и , шажыр+қай (брыжейка), құмар+паз, адам+паз+дық (гуманизм), ат+паз (аттың білгірі), ат+пазшы, гүл+паз, алдам+ша (маскировка), қонал+ғы (ночевка), абай+лы (внимательный), құмарлы (құмар болған), әкел+ім (импорт), аяқ+су, бара+ғырақ, аяң+қы, гүл+стан, шатақ+шыл, әдіс+тес, ал+аған, ал+ым, тоң+ғақ (меконий), жағдай+ят, жазар+ман, әйел+дену, базар+ман, базар+қан, бөлік+ше, қағида+т, маза+ң, лаң+кес, маңлұқ+ат, өлтір+ім, пікір+ият, сатар+ман, сөздік+ше, сынақ+ша, талаб+ият, тарих+аят, мін+бер, мұғалим+а, өркен+иет, бар+ығырақ.

Соңғы онжылдықта орыс тіліндегі приставкаға ұқсас «би», «на» сөзалды қосымшаларын жандандыру арқылы туындаған сөздер баспасөзде ара-тұра қолдана бастағанын ескеріп, тіліміздің лексикалық қорын молайта түсетін жаңа аталымдар ретінде сөзтізбеде мыналарды көрсеттік. Айта кететін бір жәйт «Би», «бей» сөзалды қосымшасы арқылы түрленген туынды сөздер сөздік құрамды молықтырумен қоса тіліміздің морфологиялық құрылымды да жетілдіре түспек. Оған бижағдай, биқатер, биынсап, биуапа, биар, бейғамал, бидәрет, биазар, бибазар, бихая сөздері жатады. Бейабырой, бейазаматтық, бейқарекет, бейапар атаулары да осы тәріздес. «На» сөз алды қосымшасы арқылы туындаған жаңа аталымға надұрыс (дұрыс емес), намақұл (жарамайды, мақұлдауға болмайды), наилаж (лажсыз), наинсап (ынсапсыз), найсап (оңбаған), намәлім (мәлім емес), нариза (риза емес) сөздері жатады.

Жергілікті ерекшелікке жатқызып келген сөздердің тілде дәл баламасы болмағандықтан, жаппай қолданысқа сұранып тұрғандары толық анықталып, жиналып болған жоқ. Мысалы, рысқұт – қаражат, әтеке (ізет атауы), әтуерлі (құрметті), пес (өте саран), сөк (ақталған тары), жырғау – барынша рахаттану, албар – забор, ырғын – мол, қияпат – сыртқы түр, үшем – үш егіз, төртем – төрт егіз, жінігіп – бұзылып иістеніп кету, жұмыстау – жұмыс істеу, қияпат –

сыртқы түр, әйбат, құлақшын – кастрөл, зуқиту – өтірік айту, бөсу, кәтек – тауық қора, абылайша – времянка, абажадай – өте үлкен сөздері – мұның айқын айғағы.

Әдеби тілге сұранып тұрған аталымдардың көп бөлігі бұған дейін тек сөз тіркесімен айтылған баламаларды алмастыратындықтан, лексикалық қана емес, морфологиялық тұрғыдан да тиімді болмақ. Осы тұрғыдан қаперлеу (есіне салу), қапершең (есіне сақтағыш), ақсұңқар (ержүрек азамат), дінді (дініне берік), жемсек (зоб), екесті (есі кіресілі-шығасылы), желғуар (ветренный, несерьезный), жүзсіз (ұятсыз), жүзгөй (екі жүзді), жұмыскер (работник), құпиян (тайник), пес (скряга), әбдесте (сүлгі, қол орамал), жозы, жың, итаяқ, итауыз, насақ (оскорбление), озагүні (алдыңғы күні), оталақ (аузына келгенін сөйлеуі), сасай (импотент), сарымақ (жолбарыстың күшігі), шайлау (чаевничать), шайлану (чаепитие), жұдын (непогода), сығыр (близорукость), жүзбасы (рота командирі), бөсір (аскарида), бөзек (котенок), мәулен (ұрғашы мысық), мәше (ұрғашы есек), уән (дивизия), уәзір (министр), аламан (көпшілік халық) сияқты сөздердің баспасөзде қолдану барысында оқырманға танымал бола бастағаны аз емес.

Жергілікті сөздердің әдеби тілге енуі үшін олардың баспасөзде, сөз шеберлерінің қолдануында жарасымдылық табуы арқылы жұртшылыққа түсінікті атауға айналуының маңызы бары анық. Дегенмен жергілікті ерекшелікке жататын сөздердің сырын аша түсу, олардың әдеби тілдің кәдесіне жарайтындарын мүмкіндігінше пайдалану қажеттігін көптеген фактілер дәлелдей түседі.

Күнделікті тұрмыста қолданылатын құрал-жабдықтар, аспап, саймандардың әртүрлі аймақ тұрғындарында кездесе бермейтін немесе ұмыт болып бара жатқан атауларын әдеби тіл нормасына айналдыруда ұстанып отырған меже мен талап тұрғысынан ескеретін жәйттердің бар екені белгілі. Көп мағыналы сөздерді тұлғалық даралауда жергілікті ерекшелікке жатқызып жүрген сөздер де ескерілуге тиіс. Мысалы, бағана – баған, шонтай – шонданай, көмей – көмекей, тырнақ – тірнек, жұдырық – жұмырық, қабырға – қабыртқа, жоңқа – жаңқа, әбиір – абиыр, ыстық – ыссық.

Тіліміздің әлеуметтік мәні мен маңызының артуы, қоғамдық қызметі мен қолдану өрісінің ұлғаюы кезінде белгілі бір ұғым мен түсініктің атауы болған, кейін келе заманның өзгеріп озуына орай ескеріп, қалтарыста қалып қойып, ұмыт болуға айналған бірқыдыру көнерген сөздерді қайта жаңғыртып, қайсыбіріне жаңа мағына, реңк үстемелеп, кәдеге жаратуымыз, сондай-ақ жеке қаламгердің өзі қиыстырған қолтума атаулары, өміршең сөзжасамдары – сөздік қазынамызды байытып, молайту жолындағы игі кадам.

Жаңа балама атаулар іздестіруде тіліміздің ішкі мүмкіндігін барынша кең пайдаланып, жергілікті ерекшелікпен қоса көнеріп ұмыт болған сөздердің тамырына қан жүгіртіп көмескі мәнін аша түсіп қолданысқа ендірудің маңызы айтарлықтай.

Ана тілін көркейтуде көнерген сөздерді жаңғыртуды да қаперден тыс қалдырмау мақсатымен

ожар (хабар)	бұрташ – мал ауруы,
сүмек – кран	мағұрлану – риза болу,
ояң (ойпауыт),	заматта – әп-сәтте, тез арада,
өнік (өнімді)	муалы – азық-түлік қоятын шошала,
алафа (арнаулы азық-түлік)	кеусен – қырманда астық қаптағанда берілетін

үлес сөздеріне ұқсас соңғы кезге дейін қолданыстан шыға бастаған, ұмытыла бастаған атаулардың, тәржімелік тәжірибеден байқалған көмескі ұғымдары көрсетілді. Зәк, зеуріт, зіпір, кезекей, керсолқы, көзепара, күйіркелесу сияқты кейбір сөздердің көмескі ұғымдары анықталды.

Мұндай сөздерге сөздікте көрсетілген мына төмендегілер де жатады: агрек, ағылап, әбзел, бейнек, бәбісек, ағас, адарғы, айбан, ашуыт, әлтаман, ағима, азарлы, айбықан, әздектеу, әудем, азбар, азымтал, ақсирақ, әлемет, бәсіре, айдарман, лақат, кепият, боян, айтымал, алапат, аламан, алжастыру, андағай, астау, әкендоз, мінәсіп, жайуат, мәше, сасай, сыптығыр, сібер, ысқаяқ, үйе, көклан, қораба, қойыл, қайбарту, қайыл, шүлен, шігін, шомай, ақаншы, ақырайма, ардап, ауаза, багор, бодвод, борық, зорық, сондай-ақ этнографиялық танымды білдіретін атауларға қорықтық, сіргежіяр, томыртқа, топ, торта, төстік тағы басқа атаулар.

Айтылуы мен жазылуы бірдей, бірақ білдірер мағыналары бір-бірінен мүлде басқа сөздерді омонимдік қатарға жатқызамыз. Сөздің мағыналық ерекшелігіне қарай тұлғалық та дербестігі болғаны тиімді. Омним сөздерінің тұлғалық даралану үрдісінің әдеби тіл нормасы үшін маңызы бар. Себебі өзінің даму барысында тіл тек мотивсіз айтылған сөз нұсқаларынан ғана құтылуға тырыспайды, сонымен бірге ол өзгеше бір «варианттар» тұлғалық тепе-теңікті білдіретін тіл категориясы омонимдердің санын азайтуға да ұмтылып отырады. Тіл қоғамдық өмірде, адамның дүние танымы мен ұғымында болатын түрлі өзгерісті, ең алдымен, көп мағыналық арқылы бейнелейді. Ал сөздің семантикалық көп пландығы неғұрлым нақтыланған, лексикалық жағынан дараланған ұғымды білдіретін жаңа сөздерді қажет етеді.

Осы орайда көп мағыналы сөздер мен омонимдерді тұлғалық жағынан даралауға мүмкіндік беретін асоси (генеральный), әри (пчелка), әсел (мед), дұвар (стена), дұдак (губа), дәғват (приглашение), севме (любить), бәстежи (композитор) тәрізді сәтті балама атауларды қолданысқа енгізудің айтарлықтай маңызы бар.

Жазу дәстүрі қалыптасқанға дейінгі мерзімде омонимдердің көптеп ұшырасып, кейін келе тілдің фонетикалық құрылымының дамып, сөздік құрамының жетілу барысында олардың саны азая беретіні көптеген тіл тарихынан белгілі. Демек тілімізді көркейте түсу барысында көздейтін басты

мақсатымыздың бірі – осы аталған тұлғалық дербестігі жоқ сөздердің санын мүмкін болғанынша азайта түсу. Осы тұрғыдан көп мағыналы сөздердің де бірін таңдап алуда ескеретініміз олардың тұлғалық дербестігінің болуы. Осыған орай омонимдік қатар құрайтын аталымды мүмкін болғанша алмауға тырыстық.

Омонимдердің жиірек кездесетініне олардың лексикалық түрі жатады. Мұндай омонимдерді мына төмендегідей балама атаумен тұлғалық даралау тәсілін оқырман назарына аударып отырмыз.

ат (конь) – әд немесе ад (имя)	ашауыз (вилка)
алма (алушы болма) – әлма (яблоко)	бақ (етістік) – бағ (сад)
гирвәк – (берег)	жаға (воротник)
қайшы (противоречивый)	ғайшы (ножницы)
қабырға (стена) – ғабырға (ребро)	қара (черный) – ғара (смотреть)
көр (смотреть) – гөр (могила)	ара (пчела) – мишар (пила)
тырна (царапать) – дырна (журавль)	күн (день) – ғояш (солнце)
бұршақ (горох) – дұлы (град)	мақта (хвалить) – пахта (хлопок)
	кесте (вышивка) – гесте (график)
	төбе (верхушка) – сагиф (потолок)
жүз (сто) – йюз – лицо (бет-әлпет)	қазан – (котел) – эким (октябрь)
қорған (етістік) – гала (крепость)	түс (сновидение) – өйлә (полдень)
сауаш (битва) – ұрыс (ругань, ссора)	бақ (бақша) – бах (бақыт)
пал (мед) – бал (большой танцевальный вечер)	темірші (кузнец) – ұста (мастер)
дөңгелек (круглый) – тәкәр (колесо)	үзіліс (перерыв) – рәкза (пауза)
алма (алушы болма) – әлма (яблока)	тамақ (ішер ас) – боғаз (горло)
жүз (сто) – йюз (лицо)	демалу (отдыхать) – нефес (дыхание)
ұлы (сан) – ұллы (великий)	өкпе (обида) – өпке (легкие)
тамақ (ішер ас) – боғаз (горло)	лазы (перец) – бұрыш (угол)
қас (враждебный) – хас (настоящий)	дұлы (град), кизлау (родник)
қағира (журавль) – тырна (етістік)	тестера (пила)
үшек (крыша дома), халком (горло)	асоси (генеральный)
ерін (жалқаулан) – дудак (губа)	ғашыр (мул, лошак)
килисе (шіркеу), бибер (перец)	демалу (отдыхать) – нефес (дыхание)
саһифа (страница), тәмер (ремонт)	чатал (вилка), бауыр (брат)
ғонақ (бұршақ дәні), кәла (голова)	өкпе (обида), өпке (легкие)
қилаб (моток)	қас (враг) – ғаш (бровь),
вәрағ (лист бумажный)	ұлы (сын) – ұллы (великий)
шанышқы (шаншып алатын)	бәнт – (крепко)
джиэр (печень)	бағыр (печень) – бауыр (брат)
бұрыш (үйдің бұрышы)	әмкәк (тема, макушка)
пысқы (ара)	али (верховный)
поса (поцелуй) – сүю (любить)	
тақ – тахт (престол) сөздері де омонимдік қатардың тұлғалық даралануына септігін тигізбек.	

Дыбыс үндестігіне қарай екі нұсқада айтылатын офороэпиялық варианттардың тұлғалық даралығын ескердік. Мысалы,

кеш (вечер) – геш (поздно)	құс (рвать) – ғұс (птица)
гүн (день) – күн (солнце)	ғара (смотри) - қара (черный)
қаз (копать) – ғаз (гусь)	шай/шәй
жарайды/жәрәйді (мақұл)	жай/жәй
шаш/шәш	

секілді сөз нұсқаларын ажыратып қолдану арқылы омонимдік қатарды даралауға болады.

Осындай тәсілмен етістік пен зат есімді тұлғалық жағынан ажыратудың елеулі маңызы бар. Мысалы:

саш (волосы) – шаш (жем шашу)	суыр (вынуть) – сұғыр (сурок)
қорық (испугаться) – ғарық (заповедник),	қыс (зима) – ғыш (сжимать),
шақыру – (звать, вызывать) – давет (доход),	табыс (встречаться) – дәрәмат (доход),
(пригласительный),	демде (мгновенно) – демле (шай демле),
жалын (умалять) – ялқын (пламя)	байқұс (бейшара) – байғыз (сова),
тиын (копейка) – тиен (белка)	жансыз (жаны жоқ) – жасус (шпион),
тышқан (етістік) – сышқан (мышь)	дөңгелек (сын есім) – тәкәр (колесо)
сүю (целевать) – севме (любить)	
құс (рвать, рыгать) – ғұс (птица)	

Тіліміздегі ай аттарының көнерген нұсқаларының омонимдерді тұлғалық даралауға келетіндері бар. Мысалы, дәлу (январь) – қаңтар (етістік), сүмбіле (август) – тамыз (етістік), ақырап (октябрь) – қазан (ас пісіретін).

Омонимдік қатарды даралаудың тағы бір тәсіліне емлені жетілдіру жатады. Мысалы, қорық (етістік) – қорқ (ограда), қырық (стричь) – қырк (сорок), өпке (етістік) – өкпе (зат есім). Қазақ әліпбиіндегі әріп санын азайтпай, емле ережесін үйлесімді етудің де омоним сөздердің тұлғалық даралануына септігі тиюі мүмкін.

Қосымшалардың жалғануымен түзілген морфологиялық омонимдердің тұлғалық даралануын да қаперде ұстанғанымыз жөн. Мысалы, болымсыз етістікпен омонимдік қатар құрайтын сөздерді де мүмкіндігінше тұлғалық жағынан даралауға тырыстық. Мысалы, алма (етістік) – әлма (яблоко), ода – бөлме; нәшприят – издательство, ура – ра, шегерім – скидка, тырна – дырна.

Болымсыз етістікпен омонимдік қатар құрайтын сөздерге –ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе қосымшалары арқылы туындаған атаулар жатады. Сөздің тұлғалық дербестігін сақтау мақсатымен аталған қосымшалардағы соңғы дауысты дыбыссыз жазудың ұтымды екені тәжірибеден байқалады. Айталық,

жазылым (подписка)
ендірім (вставка)
жарияланым (публикация)
жасалым (изобретение)
жемірім (коррозия)
жекелем (жеке меншік)
қайтарым (отдача)
қойылым (постановка)
қайтарым (отдача)
оқылым (чтение)
опырым (обвал)
пайдаланым (использование)
пішім (формат)
салым (вклад)
сатылым (продажа)
суреттем (зарисовка)
сұраным (спрос)
тапсырым (заказ)

ашылым, әкелім атауларын жазылма, ендіріме, жариялама дегенген ұқсатып тұлғалық дербестігін сақтамай жазу тиімсіз болар еді.

Дәл осы сөздер секілді

аялдама (остановка)
әдістеме (методика)
бейнелеме (символика)
дайындама (заготовка)
дәйектеме (обоснование)
жариялама (репортаж)
жарлама (афиша)
жауаптама (допрос)
жоспарлама (планерка)
зерттеме (разработка)
кескіндеме (живопись)
кепілдеме (рекомендация)
қаптама (суперобложка)
қондырма (надстройка)
құйма (монолитный)
қыстырма (вкладыш)
нұсқама (инструктаж)
растама (дұрысқа шығару)
рұқсаттама (рұқсат ету)
саптама (қысқы былғары етік)
сауалдама (вопросник)

таралым (тираж)
тасалым (перегородка)
толықтырым (дополнение)
тұжырымдам (концепция)
тұйықтам (тупик)
шегерім (скидка)
шығарылым (выпуск)
туылым (рождаемость)
тұтым (улов)
түзетім (корректурa)
түсірім (съёмка)
тізілім (реестр)
түстем (обед)
ұйғарым (предписание)
ұсталым (выдержка)
ұстаным (позиция)
әкелім (импорт)
әкетілім (экспорт),

сынама (проба)
сілтеме (ссылка)
сіреспе (столбняк)
тартпа, суырма
талдама (разработка)
сіңбе (инфильтрат)
аударма (перевод)
тәсілдеме (методичка)
толықтырма (дополнение)
топтама (цикл)
түйіндеме (резюме)
түсініктеме (комментатор)
ұйыма (стекловидная влага)
ұстама (приступ)
уәждеме (мотивировка)
ұсынба (рекомендация)
үдеме (градация)
шарлама (быстрина)
шарттама (жасалған шарт)
ысырма (задвижка)
ілеспе (синхронды)

сенімдеме (аккредитив)
секіртпе (трамплин)
соңсілтеме (затекстовая)
солыма (вилт)
сұрақтама (анкета)
сығымдама (слиток)
сызба (чертеж)

ықтырма (кулисы)
қосарлама (қос қабат)
мәлімдеме (декларация)
өткізбе (трансферт)
хабарлама (информатика)

туынды сөз тұлғаларын да бұйрық рай болымсыз етістіктен ажыратып,

аялдам,
аударым,
әдістем,
бейнелем,
дайындам,
дәйектем,
жариялам,
жарлам,
дәйектем,
жауаптам,
жоспарлам,
зерттем,
кескіндем,
кепілдем,
құйым,
қыстырым,
нұсқам,
растам,
саптам,
сауалдам,
сенімдем,
секіртім,
соңсілтем,
солым,
сұрақтам,
сығымдам,

сызым,
сынам,
сілтем,
сіресім,
тартым,
суырым,
талдам,
сіңім,
тәсілдем,
толықтырым,
топтам,
түйіндем,
ұймам,
ұстам,
уәждем,
ұсыным,
үдем,
шарлам,
шарттам,
ысырым,
лесім,
ықтырым,
қосарлам,
хабарлам,
мәлімдем,
өткізім

түрінде сөз соңындағы а, е дауыстыларын қысқарту арқылы әр аталымның тұлғалық дербестігін сақтау мүмкіндігін ескерер едік.

Соңғы он-он бес жыл аралығында баспасөздің дәнекерлігімен айтыла келе екшеленіп, бірте-бірте орнығып қолданыс айналымына кірігіп, сіңіп кете алған, тіліміздің икемді, көп қырлы бола түсуіне септігі тиген жаңа атаулармен сөздік құрам молығып байи түсті. Туған тілімізді көркейтуге

тамшыдай болса да үлес қосуды мақсат тұтқан жеке қаламгерлеріміздің көнерген сөздерді жаңғыртып, әдеби тілге сұранып тұрған қайсыбір жергілікті сөйлеу ерекшелігін қолданысқа енгізуі, сондай-ақ туыс тілдерден орыс тілі арқылы енген сөздерге сәтті балама іздестіріп, сол атаулардың тілімізде орнығуы арқасында сөздік құрам молыға түскенін тәжірибе көрсетіп отыр.

Сөз тізбені берудегі көздеген мақсатымыз, біріншіден, ана тіліміздің сөздік құрамын жаңа аталымдармен молықтыра түсу. Екіншіден, бұрындары білдірер мағынасы сөз тіркесімен ғана беріліп келген сипаттама түріндегі аталымдарды жеке атауыш сөз тұлғасымен алмастырып, олардан өрбіген туынды сөздерді көрсету де тілімізді кемелдендіре түспек. Үшіншіден, жаңа атауыш сөздерді іздестіру арқылы орыс тілі арқылы енген сөздердің ұтымды баламасын табудың сәті түспек. Төртіншіден, түркі тілдерінің етенелігіне ден қойып, керекті аталымдарды іріктеп алу туыс тілдерді түсінуді жеңілдетіп, олардың жақындай түсуіне септігін тигізбек. Бесіншіден, болашақта барша туыс халықтарға ортақ түркі әдеби тілін құрастыруды мақсат тұтқандар сөзтізбеге ой жүгіртіп, кәдеге жаратар тұстарын таба алар деген ниеттеміз. Осы тұрғыдан бірсыпыра балама атаулардың бірнеше нұсқасының берілуі оларды саралап, туыс тілдерде басым қолданатын сыңарын әдеби тілде орнықтыру үшін қажет болмақ.

Жаңа атаулардың, жарыспа тұлғалардың тарихи, кітаби сөз нұсқаларымен вариант қатарын түзейтіндері жоқ емес. Атап айтқанда, сөзтізбеде көрсетілген жаңа атаулар біртекті емес. Жаңа атаудың да тілге толық орнығып үлгірмей, басым қолданыла алмай жүргені белгілі. Ал бұрынғы сөз тұлғасымен жарыса қолданылып жүрген бірен-саран сөздердің сәл-пәл мағыналық, стильдік айырмашылығымен ерекшеленетіндері де байқалады. Мысалы, арам – мәкүрік – харам, кесене – мавзолей, кеудеше – кофта, нұсқа – вариант, отаншыл – ұлтжанды – патриот, білгір – даңғайыр, әумесер – әуегейлік, кеніш – мүкәммал синонимдерінің коммуникативтік жағдайға қарай қолдану ерекшелігі бар. Жаяусоқпақ пен тротуар сөздерінің мағыналық айырмашылығы да елеулі болғандықтан, екеуін де қатарынан бердік. Ғарышнама – космология, дәйексөз – цитата, мүсінгер – скульптор, кент – поселок, пікірсайыс – дискуссия, еңлікгүл – эдельвейс, жеңсікас – деликатес, кеніш – рудник, кенеу – колория, көземел – гипотеза, көкейгөз – интуиция, газетхана – редакция, газетші – журналист, қабылхана – қабылдау бөлмесі, масқарампаз – клоун, мәжілісхана – мәжіліс залы, мәзір – меню, лаңкес – терроршы, хайуанатхана – зоопарк, дәрісші – лектор, ақыл-ой – интеллектуал, жермай – керосин, дәуірнама – эпопея, демеуші – спонсор, аңсар – трактат, дабылхат – сигнал, берім – пара, ғаламшар – планета, жалпылық – абстрактылық, жадығат – материал, ағза – организм, өзімшілдік – эгоизм, мерез – сифлис, жайра – дикообраз, лаққы – клоун, комбайншы – комбайнер, бөлме – кабинет, қиял-арман – фантазия, аурухана – госпиталь, арбау – гимноздау, асадал – буфет, арба – карета – экипаж, арқар – муфлон, әліпби –

алфавит, әскер – армия, әсірелеу – гипербола, демалыс – каникул, дәретхана – туалет, сықақшы – карикатурашы, мәселе – проблема, құрлық – континент, кеудемсоқтық – амбиция, қыжым – плющ, қызамық – скарлатина, синонимдерінің де жарыса қолданылып жүруінің өзіндік себептері бар. Олардың қайсыбірі көпшілік оқырманға танымал болып көріне алған жоқ. Кейде бірнеше сөзге бір ғана баламаның болуы да өз әсерін тигізбей қоймайды.

Терминжасам жүйесіндегі бірізділікке қағидаттық, тұжырымдамалық сипаттағы өзгерістер енгізу арқылы жетуге болатыны белгілі. Алайда үкімет жанындағы мемтерминкомның бекіткен терминдерін қолдануға жарамсыз санап, оларды мойынсұнбаушылықтың салдарынан бірнеше нұсқада жарыса қолданылып жүргені аз емес. Жұртшылық ұсынысын ескере отырып, мемтерминком тарапынан жіберілген кем-кетікті сол комиссияның өз шешімімен түзету жөн болмақ.

Айталық, цикл – айналым, оралым, топтама; схема – сызба, сұлба, тәсім; период – айналым, кезең, орам; аппаратура – құрылғы, аспап, жабдық; процесс – құбылыс, үрдіс, ғамалия; брикет – сомдама, сығымдама; капилляр – қылтамыр, түтікше деп әрқалай аудару – осы айтылғанның бір айғағы.

Оның есесіне баспасөзде қолдану керек деген мұрат – идея, үлгі – шаблон, көктемір – робот, дүркін – разряд, құрамыс – синтез, селдірек – вакуум секілді бір-бірімен мағыналық жақындығы жоқ әрі есте сақтау мүмкін бола қоймайтын көптеген атауды сөздікте көрсетпедік. Сондай-ақ бөгет – домбы, қисын – логика, даңғыл – проспект, аумақ – территория, қаңқа – каркас, жиын – митинг секілді бір-бірімен синонимдік қатар құрай алмайтын атаулардың да бірін ғана қалдырып, екіншісін қолданыстан алып тастау еш қисынға келмейтіндіктен сөзтізбеге қоспадық. Сөздікте берілген жаңа атаулардың бір бөлігі абсолюттік синонимдік қатар құрап, жарыса қолданыла бермек. Қайсыбір сөздің бірнеше баламасы берілді. Бұл олардың туыс тілдерде басым қолданған нұсқасын таңдап алуға мүмкіндік береді. Мысалы, кәрехана – исконто – исхана – шеберхана (мастерская), тәнзилат – шегерім – индирим (скидка), ғауыш – балұр (хрусталь), қонақхана – қоналғы (ночевка), зиратхана – қабірстан – көрхана (кладбище), қызан – алжұмыр – доматес (помидор), арази – аумақ (территория), исток – дидем – арзыла (хотеть), кантин – ашпұзыл – мейрамхана – локанта – матхам (ресторан), керен – лаханы (капуста), говлзибан – кәләм (речь), көрхана – зиратхана (кладбище), жәрен – есенгә (келесі жыл).

Қайсыбір сөздің орысша аудармасы берілді. Атап айтқанда, сөздің көп мағыналығын ескеріп, сондай-ақ дәл баламасын жоқ болған жағдайда, сөйлем немесе сөз тіркесі арқылы сипаттама түрінде ғана аударылатын тұстарда орысша аудармасы берілді. Мысалы, абадан – благоустроенный, абадандыр – благоустроить, ақбил – проездной, абага – папоротник, айнеят – объективность, бадам – миндаль, базихана – игорный зал, балұр – хрусталь, баң – набат, барай – плотина, бәндар – порт, бәра – засада.

Кейбір тұста омонимдерді, сондай-ақ сөздің көп мағыналығын ескеріп қазақша атауымен қоса орысша аудармасы жақша ішіне алынып көрсетілді:

айғақшы – ұстап беруші (доносчик)

айшық – жарты ай (полумесяц)

экәмат – странно,

элементнама – социология

әсәби – неврный

басымат – приоритет

баянат – айтып беру (пересказ)

баят – несвежий

Соңғы он-он бес жыл аралығында баспасөздің дәнекерлігімен айтыла келе екшеліп, бірте-бірте орнығып қолданыс аясына кірігіп, сіңіп кете алған, тіліміздің икемді, көп қырлы бола түсуіне септігі тиген жаңа атаулармен сөздік құрам молығып байи түсті. Туған тілімізді көркейтуге тамшыдай болса да үлес қосуды мақсат тұтқан жеке қаламгерлеріміздің көнерген сөздерді жаңғыртып, әдеби тілге сұранып тұрған қайсыбір жергілікті сөйлеу ерекшелігін қолданысқа енгізуі, сондай-ақ туыс тілдерден орыс тілі арқылы енген сөздерге сәтті балама іздестіріп, сол атаулардың тілімізде орнығуы арқасында жаңа сөздік құрам молыға түскенін тәжірибе көрсетіп отыр. Жаңа атаулардың басым бөлігі жарыспа сөз тұлғаларының тарихи, кітаби нұсқаларымен вариант қатарын түзейтіндіктен, мысалсыз өз алдына жеке топтап беріп отырмыз. Орыс тілі арқылы енген сөздердің жаңа атаулармен жарыса қолданылуы мынадай. Біріншіден, көнерген сөздерді жаңғыртып, балама атау ретінде қолданысқа енгізу. Мысалы, айдауыл – конвой, егемен – суверенитет, былау – ванна, ағза – организм, айлақ – пристань, аламан – батальон, бұрқақ – фонтан. Екіншіден, жеке қаламгердің балама атау ретінде ойдан сөз қиыстыруы: алғыақы – аванс, әуежай – аэропорт, мұражай – музей, автотұрақ – автостоянка, адампаздық – гуманизм, баянхат – докладная, бұйырма – заявка, дабылхат – сигнал. Үшіншіден, балама атауды туыс тілдерден іздестіріп, қолданысқа енгізу: мәтін – текст, пайыз – процент, айван – веранда, гар – вокзал, синип – класс, ғұрпат – диаспора, бекет – станция, эфсана – водоем, байна – пункт, ұшақ – самолет, әмен – оригинал, арази – территория, дая – сервис, махалла – квартал, дөвиз – валюта. Төртіншіден, жергілікті ерекшелікке жатқызып келген сөздерден балама атау іздестіру: бардақ – кувшин, құлақшын – кастрюль, пес – скряга (шектен шыққан саран), бәсіре – квота.

Туыс тілдерден енген сөздердің бұрыннан синонимдік қатар құрап келгендері де бар: дәріс – сабақ, байрақ – ту, шайыр – ақын, баһра – үлгі, ашады – ашушаң, аударым – тәржіме, ұлт – миллет. Мұндай синонимдер әсіресе көнерген сөздер мен жергілікті ерекшеліктен көбірек байқалады: әтуерлі – қадірлі, әйдік – ерен, үлкен, әбес – ерсі, дөкей – үлкен, алдаспан –

қылыш, делқайыр – парықсыз, дәсерлі – әтуерлі.

Көптеген жаңа атаудың тілде орнығып кетуі оларды баспасөзде ұтымды қолдану барысы көрсетпек. Қазірдің өзінде абсолюттік синоним ретінде жарыса қолданып жүрген сөз нұсқалары аз емес: бәден – фигура, дерттаным – патология, аймақ – регион – зона, бина – ғимарат – здания, дәретхана – әжетхана – туалет, гарсон – даяшы – официант, дуан – облыс, ғарышнама – космология; дәйексөз – цитата; ұлтжанды – патриот; мүсінгер – скульптор; кент – поселок; пікірсайыс – дискуссия; еңлікгүл – эдельвейс; жеңсікас – деликатес; кеніш – рудник; кенеу – колория; көземел – гипотеза; көкейгөз – интуиция; газетхана – газет редакциясы; газетші – журналист; қабылхана – қабылдау бөлмесі – приемная; масқарампаз – клоун; мәжілісхана – мәжіліс залы; мәзір – меню; лаңкес – терроршы; хайуанатхана – зоопарк; дәрісші – лектор; ақыл-ой – интеллектуал; нарықнама – калькуляция; жермай – керосин; дәуірнама – эпопея; демеуші – спонсор; аңсар – трактат; дабылхат – сигнал; берім – пара; ғаламшар – планета; жалпылық – абстрактылық; жадығат – материал; ағза – организм; өзімшілдік – эгоизм; жайра – дикообраз; лаққы – клоун; комбайншы – комбайнер; бөлме – кабинет; қиял-арман – фантазия; аурухана – госпиталь; арбау – гипноздау; арба – карета – экипаж; арқар – муфлон; әліпби – алфавит; әскер – армия; әсірелеу – гипербола; демалыс – каникул; сықақшы – карикатурашы; мәселе – проблема; құрлық – континент; кеудемсоқтық – амбиция; қыжым – плющ; қызамық – скарлатина синонимдерінің де жарыса қолданылып жүруінің өзіндік себептері бар. Олардың қайсыбірі көпшілік оқырманға танымал болып көріне алған жоқ. Кейде мына төмендегідей бірнеше сөзге бір ғана баламаның болуы да қосымша жаңа атауларды іздестіруді қажет етпек: асадал – буфет, сервант, әріптес – партнер, коллега; қандауыр – хирург, ланцет; дәліз – коридор, колонна; сазгер – музыкант, композитор, мелодис; мәмле – компромисс, сделка; жиектеме – оправа, тесьма; төңкеріс – революция, переворот; кеудеше – кофта, куртка.

Халықтар тұтастығын айғақтап, оларды бір-біріне жақындастыратын басты тетік – олардың тілі екені баршаға мәлім. Түбі бір түркі тілдерін, түркі тілдес әлемді бейнелеп, бұтақтары тармақталып жапырақ жайған алып бәйтерекке ұқсатамыз.

Өткен ғасырдың өзінде атақты түркітанушы В.В.Радлов түркі ұлысы секілді ұлан-байтақ өлкеге, үш алып құрылыққа бірдей тарай қоныстанған халық жоқтың қасы деген еді (“Образцы народной литературы тюркских племен”, ч.І. Спб., 1866). Өкінішке орай, таяу тарихи кезеңге дейін бір ғана тілде сөйлеп келген халықтың тілі әр түрлі тарихи, саяси, әлеуметтік себептен жеке говорларға ажырап, уақыт озған сайын бір-бірінен алшақтай түскені белгілі. Соның салдарынан қазіргі таңда 40 шақты жеке дара түркі тілдері қалыптасып отыр. Көп ғасыр бойы байланысы болмай, арақатысы үзіліп қалғандықтан, бұл тілдердің біразы түсінікке де ауырлап кеткен. Отаршыл күштер

түркі жұртының басы қосылып, біріге түсуіне мүдделі болмады. Олар өздерінің жаулық ниетін жүзеге асыру мақсатымен “бөліп ал да, билей бер” саясатын ұстанып, түркі жұртын сиырдың бүйрегіндей бөлшектеп, дай-дай айтысқа итермелеумен болды. Тіпті біртұтас халықтың өз ішіндегі жеке ру, тайпаларды бір-біріне қарсы қойып, жергілікті тіл ерекшелігін тереңдете түсу саясатын қолданған кезі болған.

Соның өзінде, зерттеуші ғалымдардың үнемі айтып келгеніндей, герман, роман, славян т.б. топтағы тілдермен салыстырғанда түркі тілдерінің лексикасы мен морфологиялық құрылымы өте жақын, грамматикалық жүйесінде сәйкестік басым. Алғашында оғыз, қыпшақ, қарлұқ, аралық тобындағы тілдерде сөйлеушілердің бір-бірін түсінуі қиынырақ көрінуі мүмкін. Өкінішке орай, әр түрлі тарихи себептен бір-бірінен қол үзіп кеткен түркі халықтарының тілдік айырмашылығы ғана ұлғайып қоймай, этникалық бірлігі де әлсіреп қалғаны мәлім. Дегенмен де зер салып зерделей білсек, жеке сөздер ғана емес, жеке сөйлемдерді де түсіне аламыз. Оның үстіне бұл айырмашылықтың көп бөлігі – бір сөздің дыбыстық варианттары. Айталық, жол-йол-юл-дол-джол-шол, жер-джер-йер-зер-сер-дьер-чер, борсы-борсу-бурсы-бурһы-бұрси-порсу-порса секілді вариант тұлғаларының біреуін ғана таңдап алып, ретке келтіруге неге мүмкін болмасын.

Мұны айтып отырған себебіміз қазіргі қалыптасқан қоғамдық, әлеуметтік жағдай қазақ тілінің емлесіне өзгеріс енгізіп, вариант сөздерді белгілі бір жүйеге сәйкес әдеби нормаға келтіруде, әсіресе орыс тілінен ауысқан сөздерге балама табуда туыс тілдер тәжірибесін ескеріп, тіліміздің жақындай түсуіне орай әрекет ететін қолайлы мүмкіндік тудырып отыр. Айталық, тілімізде жарыса қолданылып келген орфографиялық варианттардан сөздің табиғи дұрыс дыбысталу қалпын сақтап жазып жүрген туыс тілдердегі сөз формалары кездеседі. Мысалы, қазіргі тілімізде әрқалай айтылып та, жазылып та жүрген *бақыт/бахыт, тақта/тахта, қауіп/хауіп, ақымақ/ахмақ, диқан/дихан, құқық/хұқық, ақпарат/ахбарат, нақақ/нахақ, дастарқан/дас-тархан, бұқара/бұхара, рақмет/рахмет, рақат/рахат, рұқсат/рұхсат, рақым/рахым, сынып/синип, сап/саф, пайыз/файыз, ілтипат/ілтифат, пәлсапа/фәлсафа, сабақ/савақ* жарыспаларының көршілес туыс тілдерде қолданып жүргені – соңғы сыңары.

Тіліміздің морфологиялық құрылымын жетілдіре түсуде де туыс тілдер тәжірибесін ескеріп, тиімдісін кәдеге жарату ұтымды болмақ. Мысалы, қазақ тіліндегі сөз тіркестерінде айтылатын мағыналық дербестігі жоқ алу көмекші сөзі қазіргі ұйғыр тілінде жазудың фонетикалық принципі тұрғысынан кіріккен сөз тұлғасының қосымшасына айналып кеткен. Айталық, сетивалмақ (сатывалмақ), кеқивалмақ (қағывалмақ), қишқиривалмақ (шақыривал-

мақ), өткүзүлмәк (өткізілмәк), қилалмайду (қылалмайды), чиқивалди (шығывалды) дегенге ұқсатып, сөздің кіріккен тұлғасын Әдеби нормаға айналдыру мүмкіндігін ескерген тиімді.

90-жылдардан кейін түркі халықтарының саяси-әлеуметтік өмірінде тарихи игі өзгеріс, жаңа бет бұрыс болды. Бұрындары жалғызсырап келген Түркияға бес егеменді туысқан түрік республикасының қосылуы арқасында туыс халықтарға ортақ жазу ендіруге, ортақ термин жасауға, ортақ термин-ком құруға жағдай жасалғаны қазіргі тіл жанашырларын, отаншыл қауымды ойға қалдырып әрі қызықтырып отыр. Түрікшіл идеяны, түрік әлемінің бірлестігін насихаттап, елдіктің қамын көп болып жұмыла ойласып, бір түбірден тараған туыс халықтардың тілінің, дінінің, рухани бітім-болмысының, мәдениеті мен өнерінің ортақтығын, тұтастығын сездіріп, қайта қауыштыру – олардың ынтымағын күшейту бағытындағы баға жетпес игілікті іс.

Ел мен елдің бір-біріне риясыз ұмтылысын, халық пен халықтың зәуазаттық туыстығын, рухани-тілдік жақындығын қасиетті іс санаған түріктің абзал азаматтары болған. Кемал Ататүріктің бастамасымен түрік тілін жаңғыртатын, жетілдіре түсетін лингвистикалық ғылыми қоғам құрылып, түрік тілін көптеген кірме сөзден тазартып, олардың орнына орхон, ұйғыр жазбаларынан, жергілікті тіл ерекшелігінен алынған көне түрік сөздерін енгізіп, туыс тілдердегі сөздермен, кейде жеке қаламгердің өзі қиыстырған түрік сөздерімен алмастырған (“Ана тілі”, 18.06.1998). Қырым татары әдебиетінің негізін салушы, бодандықтың ауыр азабынан қалың ұйқыға кеткен түркі жұртының санасын оятып, ақыл-өсиет айтқан абзал ағартушы туған халқым, тілім деп көкірегі шерге толған қайраткер Исмаилбей Гаспиринский күллі түркі тілдеріне ортақ орфографияны құрастырмақ болған (“Ана тілі”, 28.03.1991). “Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап өскенде тіл де бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып, түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен... Тілдің басқалануына себеп болған әр түрлі бөтен жұртпен сыбайлас болып араласқандықтан... Егер де Гаспиринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек”, – деген екен Ахмет Байтұрсынов [22,395–393]. Академик Ә.Т.Қайдаров Қазақ тілі терминологиясына қатысты ұсынған өзіндік он бір принципінде терминжасам ісінде көрініс берген бұқаралық ұрдістің жақсы үлгілері, байырғы лексикалық байлығымызды сарқа пайдалану, интернационалдық терминдердің сандық және сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаумен бірге туысқан түркі тілдері тәжірибесін іске қосуды да атайды [120,64]. Сондықтан да бірыңғай әдеби тіл мәселесі орфографиялық сөздікті жаңадан түзерде, терминологияны ретке келтірерде қаперден шықпағаны абзал.

Тарихи әдебиетте, өткен ғасырдағы ақын-жазушылар шығармаларында туыс тілдердегі сөздер қазіргіден гөрі басымырақ қолданғанды. *Русша* оқу жайын сөйлегенде, қазақ бұл оқуларды қалай оқып жүргенін айтамын. “Қазақ газетінің бас *мұхаррирі*. Нағыз түркі тілімен жазылса, *лұғатсыз* оқуға болар еді (А.Байтұрсынов). Сібір һәм Башқұртстан автономиясымен ынтымағы бір (“Қазақ” газеті). Құр шулаймыз, жоқ жалау, *байрақсыз* қайрат – бос қайрат (“Қазақ әдебиеті”).

Абайдың шет тілі сөздерін еш талғаусыз қолдана бермегені мәлім... “...Абай қазақ тілінің араб, парсы, татар сөздерімен қатты шұбарланып, қазақ тілінде деген кейбір өлеңдері қай тілде екенін айыру қиын халге жеткен кезінде тарихи сахнаға шығып, қазақ тілін орынсыз шұбарлаушыларға аяусыз соққы беріп, ана тілін таза сақтадың, – дейді профессор Қ.Жұмалиев [83]. Абай шығармаларындағы *Әхмәр/қызыл, әһіл/қауым, бәһрә/үлгі, жаһил/-жауыз, инсаният/адамгершілік, кәлам/сөз, мазлұм/момын, рәһбәр/бастаушы, сахиб/мырза* т.б. көптеген сөздерді айтпағанның өзінде 30-жылдарға дейін баспасөзде қолданылып келген *Әдді-удда-үде, һәм-әм, ләкин, һәмма-әмма, тәржіме, дәріс* сияқты сөздер де халық тіліне көп уақыт бойы сіңісе алмай келді. Ақын-жазушылар шығармасында *көктем/баһар, дүние/дүниа, әдебиет/әдәбият, мәдениет/маданият, ақын/шайыр, бейнет/мехнат, сөздік/лұғат, атақты/мәшһүр, кәрі/лақса, мезгіл/мәурит, ұлт/миллет* сөздері синоним ретінде ертеректен-ақ жарыса қолданған. Кейінгі кез *мұшайра, мүбәда, пәруар, әфсана (предание), мұкаммал, пірадар, мұкарам, уәлаят, сахаба, бахас, баһадүр, баһар, баһара, баһарлы* кітаби сөз ретінде қолданысқа енген.

“Кеңесіп пішкен тон келте болмас” дегендей, түркі тілдеріне ортақ терминология қалыптастырудың бағыт-бағдары қандай болуы тиіс? Көнеріп ұмыт болған, орта ғасыр ескерткішінде сақтаулы бүкіл түркі халықтарына ортақ мына төмендегі сөздерді қайта жаңғыртып, әдеби тілдің қажетіне айналдыру – азаматтық парыз: *Бадам* – миндальные орехи, *пайза* – пропуск, *бардақ* – кувшин, *батман* – салмақтық өлшем, *тергі* – обеденный стол, *көншек* – іш киім (көйлек-көншек), *келеш* – беретка, *етши* – ет сатушы, *жамша* – бокал, *еңлік* – косметика, *дуан* – облыс, *даруға* – ел билеуші, *бүршік* – кисточка (“Ана тілі”, 04.04.1991). *Бөстек* – қырғауылдың мекені, *жазана* – айып тарту, жазалы ету, *маршағай* – аласа бойлы жуан кісі, *мұқақ* – жүзі қайтқан пышақ, *оңат* – жақсы жағдай, *сояшар* – маралдың екі-үш жасар бұқасы, *тамызғы* – капельница (мед.) (“Ана тілі”, 16.09.1993). Сондай-ақ сұпсын, тарағай, сарамжал, сейнек, мұрдыр, салпаяқ, сорын, сопал секілді көнеріп, қалтарыста қалып келген сөздер жергілікті ерекшелік пен туыс тілдерде ұшырасады. Өткендегі ауыз әдебиеті үлгілерін, жергілікті ерекшеліктер мен туыс

тілдер фактілерін салыстыру – сөз варианттары жөнінде құнды материал жинаудың маңызды көзі. Себебі сөздің жарыспа варианттарының көне заманнан бергі қалыптасқан түрлері туыс тілдерде ұшырасады. Мәселен, бір ғана сөздің туыс тілдерде *диірмен/тиірмен/дийирман/дигирман/тегирмен тимен/түгмән/тирмән/дегірмен/дәйірман/дээрбе* т.б. болып өзгеруі о бастағы бір түбірдің әлденеше вариантының пайда болуының оларың шығу арнасының ғасырлар бойғы тарихы іспеттес [120,302].

Таяу уақытқа дейін қолданған *самолет* атауын түрік тіліндегі *ұшақ* сөзімен ауыстырудың сәті түсті. *Егемен* атауын түрік ағайындар да қолдана бастапты. Олар шет тілінен енген кондицион, слоган, класс тәрізді атаулардың да қазақша баламасын қолданбақ ниетінде (“Ана тілі”, 05.06.1977). Қырғыздар “*отан*” сөзін, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт, қырғыз ағайындар “*азамат*” сөзін өз тіліне ендіруге ынталы көрінеді. Татар, башқұрт, Әзербайжан, ұйғыр, өзбек т.б. тілдерінде айтылатын “нефт” сөзінің орнына қазақ тіліндегі “*мұнай*” атауын сәтті балама ретінде өз тілдерінде енгізуді қалайды. Осындай ауыс-түйіс арқылы көптеген терминдердің туыс тілдердегі сәтті баламасын тауып, тілімізді байытуға елеулі үлес қосар едік. Өзара арақатыстың жандана бастауы арқасында соңғы ширек ғасырда жиірек қолдана бастаған *лұғат, шайыр, тәржіме, байрақ, бәдиһа, мұғдар, дәсерсіт, фәлсафа, гүлзар, шаһар, мұхтарам, жұмлә* секілді жоғарыда аталған түркі тілдерінің көбіне ортақ сөздердің қазақ тіліндегі сөздік, ақын, аударма, ту, суырыпсалма, мақсат, этуерле, философия, оранжерея, қала, құрметті, күллі сөздерімен жарыса қолданылып, абсолют синонимге айналып, сөздік қорымызды байыта түсті. *Пайыз, рәміз, синип, уәзипа, мәслихат, пай, бекет, махалла* сөздері орыс тілі арқылы енген процент, символика, класс, функция, заседание, ұпай, станция, квартал сөздерінің баламасы ретінде тілімізде орнықты. *Жарапазан* сөзі *рамазан* дегеннен шыққан. Қазір қатар қолдана беретін мағынасы әр басқа сөздер. Көпшілік түркі тіліне ортақ *аят, дастан, альманах, бәйіт, қисса, рубай* сөздерімен қатар *мұхаммас – бестік, месневи – қосарланған, аруз – бейітке ұқсас, газел – қосжолды өлең, диуан – классикалық поэзия, қасида – мадақтау өлеңі, хамса – көлемді шығарма, мусаддастар – алты жолды, мұсаббалар – жеті жолды өлең* секілді әдебиет терминдерін де қажетімізге жарата алсақ деушілер бар (“Ана тілі”, 10.10.1991).

Бірнеше түркі тілінде айтатын *хошия – заметка, тарихаят – историзм, тәмсіл – притча, сардар – генеральный, гүлдері – залима, нәбат – флора, лаңқа – банка, талаба – медресе шәкірті, уән – дивизия, мұхтасар – конспект, мұхтарият – автономия, жұмхұрият – республика, сағана – мавзолей, мақлұхат – фауна, мұғдарнама – устав, мәдде – материал, хауз – фонтан, әуіт – водоем, әфсафа – предание, уәлаят – область, гөрхана – усыпальница,*

айван – шырақ бөлме, уәзипа – функция, дәріс – лекция, низам – конституция, нәзір – министр, мұхаррир – редактор, гүлзар – оазис, мәркизі – центральный тәрізді әдемі балама атаулар да тілімізді байытып, көркейте түседі. Жаһат, жаһил, зинһар, сахаба, мұхтариет, идара, мұхаррир секілді әдемі де жарасымды баламаларды кәдеге жарата алсақ құбақұп. Өйткені баламасын табу қиын терминдерді өзімізге етене жақын түбірі бір туыс тілдерден алу анағұрлым сіңімді болмақ.

“Түптің түбінде тілі, діні, ділі бір түркі халықтары бірігеді деп жүрміз. Түрік халықтарына ортақ раис, байрақ, миллет сөздеріне тіліміздің төрінен орын берсек, ұтпасақ ұтылмаймыз. Мысалы, председатель сөзіне *төрага/төрана/төрайым/төрбасы/төрие* деген баламаны жарыстыра қолданбай, көптеген түркі халқына тән раис атауын алғанымыз абзал”, – дейді Бейсенбай Нұрлыбаев (“Ана тілі”, 13.09.1992). “Тілімізде бұрыннан бар “хауыз” сөзі тұрғанда фонтанға балама іздеп, бірде бұрқак, бірде шашыратқыш деп құбылта берудің не жөні бар” дейді Нұргелді Уәлиев (“Ана тілі”, 20.09.1990). *Жасуша* (клетка), *жантану*, сөздеріне де туыс тілдерден жарасымды баламалар табылар еді. Творчествоны – шығармашылық деп аударғаннан гөрі өзбек, татар, башқұрт т.б. тілдердегі қысқа да нұсқа әдемі атау “ижад” сөзін пайдалансақ, анағұрлым тиімді болмақ. Етістікпен омонимдік қатар түзейтін, тұлғалық дербестігі жоқ мақтаң, “ет” сөздерінің орнына көпшілік түркі тіліне ортақ “пахта”, “гөш” сөзін неге алмасқа. Ет (еті ауырып қалды), гөш (жеуге жарамды тағам) деп, мағыналық реңк үстемелеп қолдану кездеседі. Қазақ тұрмысында сирек болатын құбылыстар мен амалдарды білдіретін атаулардың жергілікті ерекшелікте айтылатыны бар. Мысалы, шірінкене – сауда жасайтын адамдардың арасына кірісіп делдал болғаны үшін алатын ақша. Өзбекше – ширинкома. Сондай-ақ шірікаңыз – бірнеше жыл тыңайтылған жер.

Туыс тілдерді ана тілімізбен салыстыра зерттеу, игеру, пайдалысын пайымдап ала білу, кәдеге асыру идеясын қуаттай отырып, ақын Мұзафар Әлімбаев кіндіктес елдің қымбат қазынасынан мысалдар келтірген (“Ана тілі”, 23.09.1993; 04.11.1993). Мысалы, автор туысқан өзбек тілінің құтынан тілімізде дара атауы, баламасы жоқ бізге қажетті мынадай сөздерді атайды: парху – аққудың мамығы, ниқап – маска, пархез – диета сақтау, ашадды – ашуы қатты адам, дая – кіндік шеше, шатырама – жанжалшыл бетпақ әйел, силаң – қасқыр мен иттің арасынан шыққан будан, алхондоз – сылқым, назданғыш әйел, серсүт – сүтті сиыр, ижадгер – жаңадан тудырушы, шіленгер – слесарь, зүлфін – есіктің шынжырлы ілгегі, шартнама – договор, жарақхана – арсенал.

Қырғыз-қазақ тілдерінің етенелігіне сәйкес мынадай ауыс-түйіс болуы

мүмкін: тосат – аңшының жасырынып аңды тосуы, телкі – ұрғашы елік, тояна – үйлену тойында берілетін сыйлық, құлшар – құлдың ұлы, ұт – тар саңлау, қонау – ат жарысындағы ең алыс қашықтық, қиранды – развалины, көреңкі – қымыздың ашытқысы, көземел – наблюдательный, проницательный, титақаш – арық адам, шатқаяқ – аяқтың шат пен тізе аралығындағы бөлігі, шығырмақ – үш жасар еркек бұғы, шығдан – киіз үйдің оң жақ кіре берісіндегі ши қабырға, кемиек – бұғының екі жасар өгізі, үндек – әшекейлі қымбат тоқым, үшала – өте некен-саяқ кездесетін ақ бүркіт, шаршық – еліктің бір жасқа толмаған бұзауы, естеу – еске түсіру, еске алу, аңырақай – құлазыған кең шалқар кеңістік, аттахана – ат тағалайтын жер.

Татар-қазақ тілдерінің етенелігінен де мол олжамыз болатынына мынадай сөздер мысал болады: жаран – геран гүлінің аты, ғауыш – хрусталь, жанқапқа – калитка, жалағай (қазақша жалағай – жағымпаз), жорунама – түстерді жору кітабы, итауыз – былапыт сөйлейтін кісі, шашқы – норка, зипа – гүл аты, шырантай – бұтақсыз қурап қалған ағаш, хұрапат – соқыр сенім, еңкеш – шешеге тартқан бала, хижап – вуал, алсан – малдың тұтас етінің алдыңғы жағы, қимая – біреуге пана болушы, ұтысхана – игорный дом, зинһар – пожалуйста, кезенек – терезе шаршылары, қырлаш – шілденің антонимі, зәмһарир – сақылдаған сары аяз, қыстың қақаған суық кезі.

Кіндіктес елдің қымбат қазынасынан осындай сөздерді атай отырып, Мұзафар Әлімбаев “ең дұрысы – туыс тілдерді ана тілімізбен салыстыра зерттеу, игеру, пайдалысын пайымдап ала білу, кәдеге асыруң, – дейді (“Ана тілі”, 16.09.1993). Осымен бірге көптеген туыс халықтар тілінде бірден орныққан қайсыбір орыс тілінен ауысқан сөздің дәл баламасын мансұқ етпей, қажетімізге жаратып, игілімізге айналдыруға ат салысу – парыз.

Түгел түрікке ортақ әдеби тіл жасау төңірегінде ортаға салған қысқаша ой-пікіріміз қайсыбір оқырман қауымға алғашында тосындау, әзірге пісуі жетпеген, кезеңі келмеген мәселе болып көрінуі мүмкін. Әр алуан күрделі де қиын-қыстау жағдайдың салдарынан бір-бірімен уақыт өткен сайын алшақтай түскен барша “түркі тілдерінің басын қосып, олардың өзара сәйкес лексика-грамматикалық элементтері мен үлгі-модельдері негізінде бай да жан-жақты дамыған ортақ әдеби тіл жасап шығарудың мүмкіндігіне күмән келтіріп, “бір түбірден тараған тегі бір туыс тілдер болғанымен, түркі тілдері оп-оңай қосыла кетуге бейіл емес” деген пікір айтылып жүр (“Ана тілі”, 22.01.1998). Күмәнданушылар мен сенімсіздік білдірушілерге қарамастан, ортақ әдеби тілдің артықшылығы ғасырға жуық уақыт бойы айтылып келеді. Біріншіден, діл – тәуелсіздік тірегі. Тіл туыстығы – діл туыстығы, тіл тұтастығы – рухани тұтастық деп айтуымыз тегін болмаса керек. Көптеген түрік ұлысының тағдыры алмағайып таразы басында қалт-құлт етіп тұрған 20-

ғасырдың бас кезінде біртұтас Түркістан мемлекетін құруды көксеген алаш азаматтары болған.

*“Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашар боп, хал харап боп,*

Қазағым, енді жату жарамасты”, – деп ақын Міржақып Дулатұлының 1909 жылы айтқан сөзі күллі түркі жұртына арналғандай.

Қайсыбір туыс халықтардың ұлттық тіні, діні болып табылатын ана тілінің тағдыры қыл үстінде қалып, мүшкіл халге душар болған кезін білеміз. Демек, төл тіліміздің тынысын кеңейтіп, мәртебесін биіктету, оны шын мәніндегі мемлекеттік әрі ұлтаралық тіл деңгейіне жеткізу секілді тілдің алыс келешегін діттеген, сындарлы да түбегейлі мақсат тұрғысынан ортақ әдеби тіл проблемасын көтеру табиғи да заңды құбылыс.

Екіншіден, тіліміздің әлі де болса қалыптасу, дамып жетілу кезеңін бастан өткеріп отырған қазіргі таңда, әркім әр түрлі жазып, баспасөздегі алақұлалыққа кең жол ашуда. Мұндай әрекеттің алдын алудың сенімді бір тәсілі – сөз варианттарының әдеби тіл үшін тиімдісін төл тілімізден ғана іздеп-термей, туыс халықтардың да сөздік құрамынан да елеп-екшеп ала білуде. Әсіресе көпшілік түркі тілдерінде терминология мен атаулар ретке келмей, сөздердің дәл баламасы табылмай, терминологияның унификациялануы қиындыққа кезігіп тұрған шақта түрік және басқа тілдерден сөз алуға батыл кіріскеніміз жөн. Атап айтқанда, орыс тіліндегі сөздерге телінген балама атаулардың басқа сөздермен омонимдік қатар құрайтыны, көкейге қоныңқырамайтыны, мағыналық дәлдігінің жоқтары ұдайы айтылып жүр. Мұндай сөздердің әдемі баламаларының туыс тілдердің бірінде болмаса да, басқасынан табылатыны анық. Терминжасам мен сөзжасамда “түркі тілдері сөз байлығын сарқа пайдалану принципін естен шығаруға мүлде болмайды. Аталған қазынаның көзін ашудан қашпалық. Ол – түп негізі бір түркі тілдерінде тұнып жатқан ортақ мұра. Біз күні бүгінге дейін бұл байлығымызды ескермей келдік... Қазақ терминологиясын тіліміздің ішкі болмысына орай жасап қалыптастырудың” тиімді жолы осы болмақ деп айта келе, проф. Ө. Айтбаев бүкіл түрік тілдеріне ортақ терминологиялық қор жинау ісімен шұғылдану керектігіне тоқталады. (“Ана тілі”, 11.11.1994).

Үшіншіден айтарымыз, ортақ әдеби тілге негіз болатын қай тіл деген мәселе тіл жанашырларын ойлантады. Ғасырымыздың бас кезінде мұндай тілге татар тілі лайықты деп есептеген түркітанушылар болған екен. Алдағы уақытта Түркиямен байланыс өте тығыз болатындықтан, қайсыбір авторлардың пікірінше, ана тілімізді компьютерлеуде, шаруашылық пен қызмет ба-

бында түрік тілінің тәжірибесі басымырақ ескерілетін секілді. “Алайда десе де ұғымдық, сандық, көркемдік, шешендік, табиғилық секілді басқа да қасиеттерді таразылағанда қазақ тілімен бәсекелесе алатын түрік тілі жоқ деп батыл сеніммен айта аламыз. Түркі танушылар “Ортақ тіл болуға басқа тілдік сөздермен былғанбаған қазақ тілі ғана лайықтың, деп әлденеше рет атап өткен деген пікір айтады Орынбай Бекжанұлы (“Ана тілі”, 14.10.1993). Ортақ тіл деген - көп тілді ұлттың ағалық басымдық жасап, аз санды халықты өз ықпалына алуы. Сондықтан біз жалпақ шешей болып, басқаның қолтығына кіре салудан аулақ болуымыз керек дейтіндей, еш себеп те, негіз де жоқ. Керісінше, түрік ағайындар Түркстанды бүкіл туыс халықтардың қасиетті орталығы деп, Қазақстанды бабаларымыздың отаны, ата жұрты, үлкен шаңырақ деп жүрек жарды ыстық лебізін білдіруде. “Түбі бір халықпыз. Түбі бір түтпейді, түбі бөлек жіктейдің деген бабалардан қалған сөз бар. Бізге бірге болуды маңдайымызға жазған деп, олар мүмкін болған достық, туыстық көмегін ғасырлар бойы беріп келеді.

Дана бабаларымыздан “Жеті рет өлшеп, бір рет кес”, “Келісіп пішкен топ келте болмас” деген мәйекті сөз қалған. Ортақ әдеби тіл мәселесі түрік, қазақ тілдерімен қоса өзбек, Әзербайжан, татар, ұйғыр, түрікмен, башқұрт, қырғыз секілді түркі жұртының 96 пайызын құрайты көп санды іргелі елдер тілінің ерекшелігіне ден қойып, зер сала зерттеу барысында ойластырылмақ. Жан-жақты қарастырып, қарымды қадағалап, зер сала зерттелмек. Ортақ тілді қалыптастыруда асығыстыққа, үстірттікке, науқаншылдыққа жол бермей, тілімізге нұқсан келтірмей, асыра сілтемей, ақылға салып, терең сараптап, қайсыбір туыс тілдерді реформалауда жіберген қателік пен олқылықты қайталамаған абзал. Үнемі көркею үстінде болатын күллі түркі жұртына ортақ тіліміз туыс тілдердің лексикалық байлығын бірдей қамтитын әмбебап тіл болғанда ғана діттеген мақсатымызға жетіп, азуын айға білеген қуатты мемлекеттермен терезе теңестіре аламыз. Осылайша туыс тілдер арасына ала жіп түсірмей, ғылым мен техникаға байланысты аталымдарды, термин сөздерді ортақ қабылдау жайлы асықпай тереңнен ойласу орынды болмақ.

Төртіншіден, түркі халықтарының бірыңғай әдеби тілін құрастыра алмағанның өзінде, бұл бағыттағы атқарылған еңбек нәтижесіз қалмақ емес. Туыс халықтардың тілі жақындай түсіп, бір-бірін еркіндеу түсінетіндей болса, оның өзі-үлкен олжа. Мұның тағы бір тиімді болатын тұсы туыс тілдердің әр тобындағылардың өзара жақындасуынан 40 шақты тіл орнына санаулы ғана тілдерді қолдану мүмкіндігі арта түседі. Акад. Әбдуәли Қайдар “түркі әлеміне қатысты ортақ тіл идеясының жоғарыда аталған халықаралық деңгейдегі ортақ жасанды тіл туралы идеямен жалпы принциптік, тәсілдік ұқсастығы болғанымен, мақсат-мүддесі мен қамтитын ауқымы жағынан басқ-

ашалау...”. Түркі тілдес халықтардың 96 пайызын құрайтын оғыз, қыпшақ, қарлұқ тобындағылардың үш жеке топ құрап, өз ішінде жақындай түсіп, аймақтық ортақ тіл жасауы да зиялы қауымның жан-жақты ойланып-толғанып барып шешуін талап етер еді деп ой толғайды. (“Ана тілі”, 22.01.1998).

Бесіншіден, адамзат ерте кезден-ақ үйренуге жеңіл, грамматикалық құрылымы дұрыс, ешқандай ауытқусыз халықаралық қарым-қатынастың қосымша құралы іспеттес баршаға ортақ жасанды тіл құрастыруды да армандап келген. 16 ғасырдан бергі 3-4 ғасыр аралығында еуропалық ғалымдар әлденеше рет осындай жасанды тіл құрастырып көрген. Алайда бұл “тілдерң қалың оқырман арасына тарай қоймады. Дүние жүзі көлемінде ең кең тараған халықаралық жасанды тілге 1887 жылы варшавалық дәрігер Л. Заменгофтың роман, герман, славян тобы секілді ешқандай туыстық жақындығы жоқ тілдердің көпшілікке кеңінен танымал сөздерінен құрастырған эсперантосы жатады. Грамматикасы жеңіл әрі қатал нормаланған, ондаған жыл бойы жетіліп, байыту үстінде болған бұл жасанды тіл 20 ғасырдың бас кезінде-ақ халықаралық деңгейге көтерілді. Қазіргі уақытта эсперанто халықаралық мәдени қарым-қатысты өрістетуге кеңінен пайдаланылуда. Атап айтқанда 50 шақты тілден эсперантоға көркем әдебиет аударылған. Эсперантода ғылыми және көпшілікке арналған әдебиетте шығып тұрады [117, 471]. Ал түп төркіні бір туыс тілдер негізінде ортақ табиғи тіл құрастыру әр басқа туыс емес тілдерден орайластырып жасанды тіл жасаудан анағұрлым жеңіл әрі сәтті болатыны белгілі.

6-дан, әлемдік тәжірибеге үңілсек, ортақ әдеби тілге көшудің тиімділігі күмән келтірмейді. Дүниеде әр алуан диалектіде сөйлейтін, бір-бірінің тілін жете түсіне бермейтін жиырмаға жуық араб мемлекеті бар дейді. Бірақ олардың бір ғана ортақ әдеби тілі бар. Египет тілі, иемен тілі, ирак тілі, ливан тілі, ливия тілі, алжир тілі, тунис тілі, судан тілі, марокка тілі, иордан тілі деген тілдер жоқ. Бірақ сондай диалектілер болған. Олардың қайсыбірінің айырмашылығы салыстырып айтқанда өзбек пен қазақ немесе түрікмен мен қазақ тілдерінің айырмашылығынан көбірек болған секілді. Ортақ әдеби тілге көшу бұл елдерге де оңай тиген жоқ. Күмәнданушылар да, қарсы шығушылар да болған. Осылайша жұмыла бірігудің арқасында араб тілі әлемдегі негізгі тілдердің қатарынан орын алды. Араб тілін оқытуға ешкім де шет қарамайды. Ағылшын, француз, неміс, испан, орыс, қытай тілдері секілді әлемнің көп бөлігінде араб тілі мектеп бағдарламасынан берік орын алып, тереңдетіп оқытатын оқу орындары күрт көбейді.

Қытай тілі де бір-бірінен алшақ жеті диалектіге бөлінеді. Олардың бір-бірін түсінуі әжептеуір қиындық келтірген. Бірақ қазіргі кезде олардың бәріне ортақ әдеби қытай тілі бар. Жалпы қытай деген бірыңғай этнос бол-

маған деседі. Қазіргі қытай ұлты әр алуан халық пен ұлыстың бір-біріне жақындасуынан қалыптасқан екен. 50 жылдардың орта кезінде Алматыға келген қытайлық тіл ғалымдары қойылған сұраққа жауап бере келе, қытай тілі орфографиясын латын әліпбиіне көшіре қалған жағдайда жеті бөлек тілдің қалыптасу қаупінің бар екенін айтқан еді. Саха, чуваш тілдерін есептемегенде айырмашылығы араб, қытай тілдері диалектілерінен көп емес түркі тілді халықтарға ортақ әдеби тілдің қалыптасу мүмкіндігін ескерусіз қалдыру жөн емес. Ортақ әдеби тілге көшу арқасында араб пен қытай тілі Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тіліне айналып отыр. Арабтармен салыстырғанда түркі жыртының саны көбірек, қоныстану ареалы да анағұрлым кеңірек. Ортақ әдеби тілге көше қалған жағдайда, біздің тіліміздің қолдану өрісі өлшеусіз артады. Өз еліміздегі басқа ұлт өкілдерін айтпағанның өзінде шетелдіктердің де түркі тілін үйренуге деген құлшынысы арта түспек. Тіпті түркі тілінің БҰҰ-ның жетінші ресми тіліне айналуы да ғажап емес.

Әу баста түркі жыртының ортақ әдеби тілі дегенге сенімсіздік білдіріп, жатырқап үрке қарайтындардың қаперіне мына жайтты сала кеткіміз келеді. Әдетте бұл – әр халықтың жергілікті ана тілін әсте де ұмыт қалдыруы деген сөз емес. Бір тілдің әуезділігін, екінші тілдің сағыздай созылған көркем образдылығын толық бойына сіңірген грамматикалық құрылымы жүйелі де оңтайлы, стильдік мүмкіндігі сан алуан түркі халқының бірыңғай әдеби тілін қалыптастыру 30-40 жылға, тіпті одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Мұндай тілдің орнығуы түркі елдерінің лингвист ғалымдарының белсене атсалысуының арқасында жүзеге аспақ. Оған дейін әр халықтың өзінің жергілікті тілін мейлі ғасырға жуық болса да әдеби тілмен қатар қолдана беруі ортақ тілдің шындала, жетіле түсуі үшін де қажет болмақ. Әрқарайғысын өмір-ұстаз өзі көрсете жатпақ. Айталық, ортақ түркі әдеби тіл дегенге мүлде қарсы авторлардың ойлағанындай, мұндай тілді құрастырудан қазақ тілін зерттеуші ғалымдар сырт қалып, халықтың қымбат қазынасы оның теңіздей терең тіл байлығынан ауыс-түйіс болмай, басқа туыс тілділер өздері ғана құрастырған жағдай орны толмас өкініш тудырар еді. Әрі көпшілік халық жаппай қолданған тілді бәрібір біздің де үйреніп, қажетімізге жаратуымызға тура келмек.

Қазақ тілі орыс тілді қауымға, мүлде бөлек жүйеге жататын басқа да тілде сөйлеушілерге сырттай қиын көрінгенмен, меңгерілмейтіндей тіл емес. Тек тілдік ортаны, тілді білуге деген қажеттілікті қалыптастыруымыз керек. Қарыштан дамып кемелденген, кең ареалға тарай қоныстанған елдердегі ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналған, халықаралық тілдер қатарына қосылған бірыңғай түркі тіліне деген қажеттілік артып, оны үйренуге қазіргідей ат үсті қарамай, нәтижелі түрде оқып үйренуге ден қоятыны анық. Сонда

ғана “терезесі тең елдермен келіссөз жүргізгенде, ана тіліміздің пайдаға аспайтыны қиын екен” деген секілді кейісті естімейтін боламыз.

Сан ғасыр бойы айнала анталаған жаумен жағаласа жүріп, сом білектің күшімен, көк найзаның ұшымен жан берісіп, қан төгісіп ата-мекенін қорғап қалған бабаларымыздың өз ұрпағына мұра ғылып қалдырған ең асыл қазынасы - ана тілі екені бодандықтан азат болған бүгінгі күндері жиі еске алынуда. Халқымыздың қастер тұтар мұраты, түбі бір туыс халықтарды байланыстыратын күре тамыры саналатын ана тілінің өз жұртымызда жұлдызы жануы ортақ әдеби тілдің мән-маңызын ашуға міндеттейді. Сөйтіп сөз өнерін қастер тұтқан түркі халықтары тілінің нәрі мен қасиетін бойына толық сіңірген ортақ әдеби тіл туыс халықтарды өзара жақындастыра түсетін алтын көпірге айналмақ. Соның нәтижесінде әр алуан халықаралық ресми жиындарда орыс тілі немесе басқа да шет тілі арқылы ғана қарым-қатынас жасап қоймай, негізінен өз тілімізде еркін сөйлеп, оның өрісін ұзарта беруге мол мүмкіндік тұмақ. Әбден кемеліне келіп, сан алуан стильдік тармағы дамып жетілген ортақ әдеби тіліміз, татар ақыны Хасан Турфанның айтқанындай, сырлы тіл, жырлы тіл, нұрлы тіл болғай.

Қазіргі таңда түрік елдерінде өткір қойылып отырған бірыңғай әдеби тілді қалыптастыру жұмысы ортақ әліпбиге көшуден бастау алмақ. Ортақ жазу туысқан халықтардың одан әрі шашырап, ыдырап кетуіне жол бермей, оларды жақындастырып, мәдениетінің өркендеуіне зор ықпалын тигізбек. Әлбетте, ана тіліміздің табиғатын дұрыс сақтап, жазу ережелеріндегі қисынсыздықты түзету және техникалық қиындыққа соқпау жағын қарастыру мақсатымен, халқымызға кемел әліпби таңдайтынымыз белгілі. Ресей империясының құрамында боп келген түркі халықтары сан ғасыр бойы араб жазуын тұтынып келгенді. 20 жылдардың ортасына таман латын әліпбиіне көшу мәселесі көтерілді. Алайда тоталитарлық жүйе тұсындағы орталықтың өктемдігі дегеніне көндіріп, түркі халықтарының жазуының 1940 жылы кириллицаға ауыстырылғаны белгілі. Емле ережесі қайта түзіліп, оған 1957, 1983 жылдары түзетулер енгізді. Небәрі 20-30 жылда жазуын үш рет өзгерткен біздің халқымыздың әліпбиді өзгертудің қиындығы мен зардабының жеткілікті екеніне көзі жеткендей. Сондықтан да болар, уақыт тезіне төтеп берер шын мәніндегі кемел әліпби қандай болу керек дегенде екі ұдай пікір айтылуда.

Қазіргі 42 әріпті кирилл әліпбиінің фонетикалық артықшылығы басымырақ, ана тіліндегі дыбыстың ұлттық ерекшелігін беруде анағұрлым ыңғайлы деушілер бар. Расында да, кирилл әліпбиіне көшкеннен кейінгі тұста жазу жүйесі дұрыс қалыптасып, алфавитімізді жөнге келтіруде айтарлықтай жұмыс атқарылды. Қазақ тілі орфографиясы тіл табиғатына, ұлттық артику-

ляциялық базасына сәйкес өзгеру, икемделу, жетілу үстінде болды. Авторлар бұл әліпбидің өмірмен орайлас жақтарын, тиімділігін, баспада терілу жеңілдігін, ана тіліміздің өз ерекшелігін танытатын сипатқа ие екенін, тіліміздің даму жүйесіне лайықтылығын, соның көрінісін толықтай таныта алатынын дәлел ретінде келтіреді (“Ана тілі”, 14.05.1992). Орыс алфавиті негізінде қазақ тіліндегі сөздердің жазылу нормасы түгелдей тиянақталды. Осы жазу үлгісімен сөздердің мағыналық, тұлғалық даралану, стильдік жағынан сараланып, тіліміздің оралымдық сипатының арта түскені де ақиқат.

Әлем халқының басым көпшілігі қабылдаған барша туыс тілдердің мүддесіне сай қызмет етуге, ортақтыққа ұмтылдыратын латын жазуының да тиімділігі даусыз. Сондықтан латынға көшу - заман талабы дейді тағы бір топ ғалымдар. Дегенмен латын мен кириллицаның бір үлгідегі жазу жүйесі екені, бір-бірінен алшақ кете қоймайтыны, олардың араб жазуымен салыстырғанда анағұрлым қолайлы екені күмән тудырмайды.

Академик Әбдуали Қайдаровтың атап өткеніндей, бөлек-бөлек емле мен әліпбиге жүгіну – түркі тілдері орфографиясындағы үлкен сәтсіздік. Өйткені бұл туыс халықтар арасын ашып, бір-бірінен алшақтата түсті. “Жазу таңдауда оның ұлтаралық, халықаралық деңгейде, жалпы жер жүзіне таралуы да ескерілуге тиіс” (“Ана тілі”, 22.03.1995). Аға ғалымымыздың “Кемел елге кемел әліпби керек...”. Түрік дүниесінің басын қосып, тұтастығын қалпына келтірудің үлкен бір шарасы – латын әліпбиіне негізделген ортақ түркі жазуын қалыптастыру. Бүкіл түркі елдері латын әліпбиіне көшіп, олардан бөлектеніп, бұрынғы жазумен қалып қоюға болмайды. “Терезесі тең тәуелсіз мемлекеттер қатарында қоғамдағы прогрессивті үрдісті, замана талабын ескере отырып” әлем халқының басым көпшілігіне ортақ латын әліпбиін қазақ мемлекеттік ұлттық жазуына негіз етіп алған жөн деген үндеуі жұртшылық тарапынан қолдау табуда (“Ана тілі”, 30.12.1993). Түріктер 70 жылдан астам уақыт бойы латын әліпбиін тұтынып келеді. Латын жазуының бір бәйтерек бұтағындай қанат жайған исі түрік жұртына лайық кемел әліпби екеніне мән берген, егемендікке ие болған басқа түрік республикаларында латын жазуына қайта оралу мәселесі көтеріліп отыр. Азербайжан, Түрікмен мен Өзбекстан Республикалары латын әліпбиіне көшіп үлгірді. Басқалары даярлық үстінде.

Ана тіліміздің тағдырын айқындайтын латын әліпбиі негізінде іске асуы тиіс жаңа жазу реформасы толғауы тоқсан қызыл тілдің толғақты мәселесін, оның қоғамдық-әлеуметтік қызметін қағажу қалдырмау тұрғысынан қолға алынғанын қалар едік. Атап айтқанда, “орыс тілі арқылы енген, еніп жатқан халықаралық сөздердің орысша дыбысталуына төзе алмаймыз. Себебі тілдің дыбыстық жүйесі бұзылады дегенді алға тартып (“Ана тілі”, 13.02.1995), өткен ғасырдағы сөйлеу дағдысына жүгініп, сөз басындағы ұяң *з, з, д* дыбыс-

тарының айтылуына жол бермей, ғашықты *қашық*, гүлді *күл* түрінде жазсақ не болғаны. *Х, ф, в* әріптерімен жазу үйреншікті болып, дәстүрге айналса, оның несі айып. Керісінше, аталған әріптермен сөзді бастап жазу, тіліміздің дыбыстық құрылымын жетілдіруде болсын, сөйлеу тілін бірыңғайлап әдеби тіл мәдениетін көтеруде болсын тиімді болмақ. Проф. Қ.Жұбанов ұсынған *ф, х, ч, э, ц, я, ю* әріптерінің термин сөздерді жазуда да, төл сөздеріміздің тұлғалық даралығын сақтап жазуда да игі әсері болғаны анық. Әр халықтың танымы мен дыбыстауы әрқалай. Несібеміз кемімей, есеміз кетпесін десек, тіл саясатын кемелдендірейік. *Я, ю, ц* таңбаларын қатардан алып тастап, қос әріппен таңбалау тиімді емес. Екі таңбаның орнына бір таңбаны жазу арқылы көлем жағынан орасан үнем жасаладың, – дейді журналист Сабыржан Шүкірұлы (“Ана тілі”, 01.04.1999). Қазақ әліпбиіндегі әріп санын күрт кеміту орфографияға қыруар қиындық келтірмек. Әріп санын азайтпау сауаттылық дәрежесін арттыра түсуді жеңілдетпек, әрі сөздің тұлғалық даралығын сақтау үшін де қолайлы дейтін авторлардың дәлелі көкейге қонымдырақ. Мысалы, *х* әрпін қолдану арқасында *хал-қал, хат-қат, халық-қалық, хас-қас, халайық-қалайық, хан-қан, ханым-қаным, хатым-қатым, хина-қина, хор-қор, хорда-қорда, хош-қош* секілді көптеген сөз тұлғалық дербестігін сақтаған. Тіпті 40 әріпке қосымша арнайы *ж(дж)* әрпін таңбаласақ, *Джордж-Жорж, Джон-Жон, джунгли-жунгли* деп жазу мүмкін болар еді.

Жаңа атау ретінде туыс тілдерде басым қолданылып жүрген, әрі тілімізде дәл баламасы болмағандықтан әдеби тілге сұранып тұрған бірлі-жарым сөздерді де алғаш рет қосып отырмыз. Мысалы, *анахандық – матриархат, атахандық – патриархат, гар – вокзал, дәнішма – анықтама бюросы, домбай – жабайы есек, назария – теория, жұмхұрият – республика, ихтидар – хақ жолды ұстанушы, индирим – скидка, миғмари – архитектура, мөдир – директор. Қайсыбір көнерген сөз бен жергілікті ерекшеліктің әдеби тілде ешқандай баламасы болмағандықтан, сөз тіркесімен немесе сипаттама түрінде анықтама бердік: алафа – арнайы азық-түлік, аяқшы – ас құйған ыдысты үлестіруші, аңрақай – құлазыған шалқар кеңістік, еңкеш – шешеге тартқан бала, жарын – келесі жыл. Орыс тілі арқылы енген бірен-саран сөзге екі баламадан телінген: Олардың бірі қолданыстан шығып қалмақ немесе абсолют синоним ретінде жарыса қолданыла бермек: *валюта – ділда, довиз, календарь – күнпарақ, күнтізбе, семья – жанұя, әйле; офицант – гарсон, даяшы, пожалуйста – мархабат, зинһар; творчество – шығармашылық, ижад.**

Балама атаулар 2000 жылы жарық көрген «Вариант сөздер сөздігінде» беріліп, синонимдер сөздігін құрастыру барысында толықтырылған. Алайда аталған сөздіктің көлемі көтермегендіктен, оған енгізілмей қалған. Бұған қосымша мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген мемтерминком бекіткен атауыш сөздер де іріктеліп жинақталды. Қазақ лексикологиясындағы жаңа қолданыстар ішінара 1992 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Жаңа

атаулар» жинағынан да алынды. Түркі тілдеріндегі балама атаулар ішінара 2006 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Сөз қоржын» атты жинақтан да алынды.

Балама атаудың бір бөлігі мына төмендегі туыс тілдер сөздігінен келтірілді: Туркменско-русский словарь. М., 1968; Русско-азербайджанский словарь. Баку, 1959; Узбекско-русский словарь. М., 1959; Каракалпакско-русский словарь. М., 1958; Кумыкско-русский словарь. М., 1969; Татарско-русский словарь. М., 1966; Уйгурско-русский словарь. М., 1968; Киргизско-русский словарь. М., 1965; Турецко-русский словарь. М., 1993.

Аба – жеңсіз шапан
Абага – папоротник
Абағайлау – атой салу, айбар шегу
Абад – благоустроенный
Абадан – благоустроенный
Абадандыр – благоустроить
Абадшылық – дамып өркендеу
Абажадай – өте үлкен
Абайлы – внимательный
Абайма – шен темір
Абайсыз – невнимательный
Абам – қара халық (простой люд)
Аббар – өте ұзақ
Абдал – бостан-босқа ел қыдырғыш
Абдан – арыстанның күшігі
Абзар – мол қора
Абида – монумент (есте сақтауға арналған зат)
Абуна¹ – подписка
Абуна² – абонемент
Абхаба – климат
Абылайша – времянка
Абыну – абыржып – аптығу
Абыройшылық – абыройлы болуға ұмтылушылық
Аванста – авансировать
Авара – қаңғыбас (бродяга)
Ават – адам қоныстанған (обжитый)
Авизе – люстра
Авир – іске асу (притвориться)
Автобекет – автостанция
Автобуслар – автобуспен жүру (ехать автобусом)
Автогара – автовокзал
Автожуу – автомойка
Автоқондырғы – автоустановка
Автотқатқыш – автостоп
Автотұрақ – автостоянка
Автотіркем – автоприцеп
Автотіркеуіш – автосценка
Агрек – жыртылмай қалған жер
Ағажанла – ағажан деп жалыну
Ағайын – анжы – рулас, туыс-туған

Ағаласу – алдыңғы кезекті ағаларға беру
Ағас – су орып кеткен жер (жыра)
Ағашенең – мықтысынып өзін жоғары санау
Ағеден – сыры, пікірі ашық ақкөңіл адам
Ағжелек – жесір әйел
Ағза – организм, орган
Ағича – молданың әйеліне қарата айтылған ізет атауы
Ағлан – құлақтандыру
Ағмиқан – горностай
Ағсифат – бет-жүзі ақ (белолицый)
Ағүйме – түйенің жүні
Ағызлық – мундштук
Ағылон – арба жетегі
Ад – есім (имя)
Адағайлау – айғай-шу шығару, сүрен салу
Адай – кандидат
Адалбақан – киім ілгіш
Адамжан – гуманист
Адами – гуманный
Адампаздық – гуманизм
Адамсынт – адам болғансыту
Адамхор – адам жегіш (людоед)
Адарғы – өрмек тоқитын құрал
Адауат – жауласу (вражда)
Адаш – тезка
Адбаат – атпа ат (поименно)
Аджек – агентство
Адина – теріс, ерсі қылық
Адлие – правосудие
Адыраспан – ащы дәмді өсімдік
Адырна – уықтың аяқ бауы
Ажырам – дифференциял
Ажырасараяқ – басқа мекен-жайға көшерде көршілерге беретін қонақасы
Ажырғы – ағаштан жасалған қамыт (колодка)
Азагер – аза тұтушы
Азагүл – венок
Азадә – опрятный
Азадәла – делать опрятным
Азакеш – жанкүйер (болельщик)
Азаматша – гражданка
Азами – максимум
Азанама – некролог
Азанда – таңертеңгі уақыт

Азатжол – абзац
Азаткер – азат етуші (освободитель)
Азбар – ашық қора
Азарлы – жанға бататындай
Азбырай – құрал-сайман жиынтығы
Азғақ – шыдамсыз
Азман – орасан зор (громадный)
Азмен – тым жалқау
Азна – қайықтың адам отыратын керме ағашы
Азықтан – азықпен қамтамасыз етілген
Азықты – азығы жеткілікті
Азымтал – төзімсіз, жүдегіш, аяғыш
Азыну – жүдеп-жадау
Айбан – үй алдындағы бөлме
Айбарак – напышенность, важность
Айбықан – өте бұзық адам
Айбыну – бата алмау, жүрексіну
Айван – веранда, терраса
Айгезбе – лунатик
Айгөлек – подшипник
Айғақкер – куәгер
Айғақшы – ұстап беруші (доносчик)
Айдар – рубрика
Айдарлан – айдарлы болу
Айдарлым – адамды еркелету атауы
Айдарман – шофер
Айдаушы – водитель
Айдауыл – конвой
Айдын – акватория
Айқағат – қарым-қатынас жасау келісімі
Айқындама – позиция
Айқыш – крест
Айлақ – кемежай, причал, гавань
Айларша – айлар бойы (в течение нескольких месяцев)
Айлас – екіғабат әйел
Айлық¹ – месячник
Айлық² – зарплата, жалование
Айлықлап – ай сайын (помесячно)
Айлықты – платная
Аймақ – регион, зона
Аймақша – участок
Айналшақ – нерасторопный
Айналым – цикл, период

Айнамуз – каток
Айней – объективный
Айнеят – объективность
Айтылым – выражение
Айтымал – келіннің бетін ашқанда алатын кәде
Айпара – жарты ай (полумесяц)
Айтақыр – тап-тақыр
Айтмыс – айтуы бойынша (по словам, по преданию)
Айтылыс – произношение
Айтым – фраза, изречение
Айтыскер – айтысқа түсуші
Айшық – жарты ай (полумесяц)
Айшықтама – ретушь
Айықтылық – трезвость (салауаттылық)
Айықтырғыш – вытрезвитель
Айылбас – бляшка
Айыпақы – штраф
Айыппұл – штраф
Айырық – судың тарамдалып бөлінуі
Акар – недвижимость
Акин – налет
Акламат – акклиматизация
Ақа – шпилька
Ақаба – жаңбырдың тоқтау суы
Ақаншы – қызыл балық аулаушы
Ақау – дефект
Ақаулаушы – дефектолог
Ақбайтал – күшейген ақ борасын
Ақбақ – үлек пен қалбағайдың буданы
Ақбил – проездной
Ақжайма – простыня
Ақибет – соңғы нәтижесі
Аққаса – миткаль
Аққой – қатырылған ет
Ақнаншы – арамтамақ (дармоед)
Ақпан – февраль
Ақпарат – информация
Ақпартізім – ведомость
Ақпаршы – информатик
Ақпия – ұдайы егін салатын жер
Ақсерке – уксус
Ақсирақ – малдың қырылып жұтауы
Ақсорпа – костный навар

Ақсұңқар – ержүрек азамат
Ақсыл – белок
Ақтағыр – екі қанатты шағын киіз үй
Ақтаңдақтар – белые пятна
Ақтәнді – белокожий
Ақтүймеш – тұз қосып істелген құрт
Ақтық – дәнді егіске арналған жер
Ақтымық – желсіз мүгілген тыныштық
Ақтышқақ – жас төлдерде кездесетін індет
Ақшақар – снегурочка
Ақшалау¹ – ақша табу
Ақшалау² – ақшаға айналдыру
Ақшатау – бұталы шөп түрі
Ақшелек – аузын ашса көмейі көрінетін
Ақшешек – ромашка
Ақшық – көз қарашығын қоршаған ағы
Ақық – сердолик
Ақылақ пед. – мінез-құлық пен жүріс-тұрыс (поведение)
Ақылау – жалдап алу
Ақылдау – ақылға салып ойлану
Ақылман – ақылды, білімді
Ақым – қабірде қазылған қуыс
Ақымдау – қабір ішінде өлік қоятын қуыс шығару
Ақырап – қазан айы
Акірім – сорпаға қатық қосып ішетін сусын
Алабалық – форель
Алабауыр – түйенің іші өтіп қаталап ауруы
Алаг – арам шөп (сорняк, бурьян)
Алагеуім – қараңғы түсе бастаған уақыт
Алагүбік – түйе ауруының түрі
Алағада – рассеянный, невнимательный
Алаған – ала беретін
Алағаншық – алай-түлей қатты боран
Алағат – разноцветный
Алажабыр – у-шу, дабыр-дүбір
Алай – полк
Алағаншық – суық жол
Алағаншықтау – қардың борай бастауы
Алағұйын – мінезі ұшқалақ адам
Алақшы – кісі өлтіруші
Аламан – айнала жатқан
Аламан – көпшілік халық, тобыр
Аламасақ – разноколосочник

Алапат – ғажап оқиға
Аламашы – старецчик
Алан – барыстың күшігі
Алаңқай – площадка
Алапа¹ – қалың мал
Алапа² – әйел босанғанда берілетін кәде
Алапай – неопрятный, неряшливый
Аларман¹ – сатып алушы
Аларман² – депонент
Аласы – долг (денежный)
Аласат – ойда жоқ жерде пайда болған жұмыс
Аласылы – кредитор
Алатұқым – лысосемянник
Алатікен – расторопша
Алау – костер
Алаулану – қып-қызыл нарттай болу
Алафа – арнаулы азық-түлік
Алашық – жеңіл киіз үй
Албай – полковник
Албар – забор
Албаты – еш мақсатсыз
Албыт – сәнді әшекей
Алван – охота (саған алван ба – что тебе за охота)
Алғарез – ақыр соңында (в конце концов, одним словом)
Алғаусыз – мінсіз (безупречный)
Алғыақы – аванс
Алғыскер – алғыс айтушы
Алғыстау – алғыс айту (поблагодарить)
Алғытөлем – предоплата
Алдарқату – алдап-сулап жұбату, көңілін аулау
Алдаспан – қылыш
Алдамша – маскировка
Алдаушан – алдай беретін (склонный обманывать)
Алдауыш – приманка, привада
Алдыгүні – алдыңғы күні
Алдырау – сасқалақтап қалу
Алет – құрал-жабдық (инструмент, орудие)
Алжастыру – шатастыру, қателестіру
Алжұмыр – помидор
Али – жоғарғы (высший, руководящий)
Алқа – совет
Алқагүл – венок лавровый
Алқалы – алқа ұйымдастырған

Алқанды – сабынның жұқанасы
Алқасурет – кулон
Алқатұмар – медальон
Алқыш – орация, аплодисменты
Алқышлау – устраивать орацию
Алман – неміс
Алмашы – продавец яблок
Алөпке – ірі малда болатын ауру
Алпауыз – сары ала тышқан
Алсан – малдың тұтас етінің алдыңғы жағы
Алсын-шапқан жерге қайта шыққан шөп
Алтақта – облучок
Алтгешит – жерасты жолы (подземный переход)
Алхондоз – өте сылқым, назданғыш
Алым – сбор
Алымсақ – сатып алушы
Алши – қарсы құда
Алыджи – сатып алушы (покупатель)
Алымсақ – алуға құмар
Алыпсатар – скупщик
Аманатшы – вкладчик
Амандау – амандығын білу
Амелият – операция
Амаш – ағаш соқа
Анабир – единоутробный
Анайол – магистраль
Анайы – надан, қараңғы
Анахандық – матриархат
Анаяқта – ана жақта
Анаяса – конституция
Анбар – склад
Андағай – бөкеннің бұқасы
Андағайлау – бәрі жабыла ентелеп қарау
Андам – нақыс (симметрия)
Андыздау – озық шығу
Андыр – ақырын ағыс
Анит – монумент
Аннан – ана жақтан
Аннары – одан соң (далее, затем)
Антлы – ант беруші
Антрен – жаттығу (тренировка)
Антсүйек – соғымның соңғы еті
Антхор – ант бұзушы (клятвонарушитель)

Антшыл – ант бергіш
Анықтама – справка
Анықтамалық – справочник
Аныңша – оның ойынша
Аңғалақ – көз шарасы
Аңдатым – аннотация
Аңлы – аңы көп
Аңрақай – құлазыған кең шалқар кеңістік
Аңсар – трактат
Аңшыл – аң аулағыш
Аңырайма – түйенің шөгіп жатып алатын кезі
Ап – алып (алған)
Апталық – еженедельник
Арази – территория
Арақоспақ – бура мен мырзақоспақтан туылған будан
Арайыш – справка
Арақхор – маскүнем
Аралық – пролет, бална
Арамсан – қиянат істеп тапқан нәрсе
Араншы – араға от салушы
Арапшы – арандатушы
Арарай – әннің қайырмасы
Арашы¹ – пчеловод
Арашы² – посредник
Арбашы – извозчик, аробщик
Арда – ерте туылған бұзау
Ардагер – ветеран
Ардап – қаталаған жылқыға ішкізетін сусын
Аржатыр – радиатор
Арзиды – татиды
Арзыла – хотеть
Арқайым – арқай-жарқай (благодушный)
Арқалық – өрлік (матка потолка дома)
Армай – надсмотрщик
Арсек – мышьяк
Арти – (мат.) плюс
Артикл – високосный год
Аруана – жалғыз өркешті аналық түйе
Аруға – ақша қаражатын тексеруші
Аруз – бәйітке ұқсас өлең
Аршөпке – кездеме өлшемі
Аршыл – ар-намысты ойлағыш
Арылдау – иттің қатты ырылдап үруі

Арымау – қажымау, қайраттану
Арыс¹ – горноста́й
Арыс² – оглобля
Асаба – тамада
Асадал – сервант
Асалат – ақсүйектік сезім
Асансор – лифт
Асарәт – бұғау (кабала)
Асаршы – асарға қатысушы
Асаю – тыным таптырмау
Асистан – лаборант
Асит – кислота
Асифа – шторм
Аскөк – укроп
Асқаралау – шарықтап көкке көтерілу
Асоси – генеральный
Аспа – дар ағашы
Аспақесел – суицид
Аспақ – нәрсе ілетін ағаш
Аспатөк – молшылық
Аспашам – фонарь
Астау – үлкен тегеш ыдыс
Астодан – саркофаг
Асүй – кухня
Асылзада – ақсүйек (аристократ)
Атабастау – дәнді дақылдың алғашқы піскенін масақтап алу
Атайман – өте-мөте, тым
Атакалау – атаковать
Атала – каша из муки
Аталау – аты-жөнін сұрау
Аталғы – ағаш жонатын құрал
Аталық – қаздың еркегі, атақаз
Аталым – атауыш сөз
Атаман – теңізде балық аулаушылардың бастығы
Атаулану – аталымға ие болу
Атаусөз – аталым сөз
Атауыз – тістеуік
Атахандық – патриархат
Атжал – айдалмай, жыртылмай қалған жер
Атжалман – үлкен сұр тышқан
Аткөшек – қайта көшіп келіп орнығу
Атқұлақтану – қаулап өсу
Атқы – мойын орағыш

Атомгер – атомщик
Атпалату – ручной полив пшеницы
Атпаз – аттың білгірі
Атпазшы – атты бастаушы
Аттахана – ат тағалайтын жер
Атұлан – адютант
Атхана – конюшня
Атшы – коневод
Атықтыру – ат қойып шақырып үйрету
Атылған – құдай атқан, жын соққан
Ауаза – жүзім астына қойылатын саты
Ауалану – құлшына істеу
Ауани – виртуальный
Ауаттану – түйені қомдау
Аугер – ау құрып аң аулаушы (зверолов)
Ауғын – ауып келген келімсек
Аударым – исчисление, перевод
Ауқаттану – баю
Аумақ – территория
Аумақай – жігерсіз (слабовольный)
Аутаңдау – әрлі-берлі теңселу
Аушы – зверолов
Ауыздама – суды ашатын қысқа арық
Ауызды – сөз тапқыш шешен
Ауыздық – заеда
Ауырлау – жүкті болу
Ауыртпақ – ши тоқитын құрал
Ауысқан – есалаң
Ауысқосқыш – переключатель
Ауыстырық – заменитель
Ауысым – смена
Афаг – горизонт
Афорида – творение, созидание
Афу – амнистия
Ахбар – информация
Ахлақ – мораль, этика
Ахуал – хал-жағдай
Ахун – діни сауаты бар адам
Ашадды – өте ашушаң адам
Ашамай – балаға арналған кішкентай ертоқым
Ашауыз – вилка
Ашкөк – асқа салатын екпе шөп
Ашқаран – төбесі ашық қора

Ашна – сыйлас адам
Ашнап – сандықтың бір түрі
Ашпұзыл – ресторан
Аштау – көз тиюден аулақтау
Ашудас – квосцы
Ашула – жырдың бір түрі
Ашуыт – сортаң жердің шөбі
Ашылым – открытие
Ашымал – тары мен бидайдан ашытқан көже
Аяққы – соңғы
Аяқсу¹ – басылу, тынышталу
Аяқсу² – аурудың асқындай түсуі
Аяқсытпау – аяқсыз қалдырмау
Аяқшы – ас құйған ыдысты үлестіруші
Аялдама – остановка
Аянкестік – жангештілік

– Ә –

Әбәди – нетленный
Әбдесте – сүлгі, қол сүртетін орамал
Әбексу – көлгірсу
Әбес – ерсі, қате қылық
Әбжал – епті, ыңғайлы
Әбжіл – вкрадчивый
Әбзел – қамыт-сайман
Әбзелдеу – ерттеу
Әбрәкай – уборная, отхожее место
Әвәз – замена
Әглөк – жетек (оглобля)
Әғақлау – уведомлять
Әдә – манера, выходка
Әдді – шама-шарқ
Әдебиетшұнас – литературоведение
Әдебилік – литературность
Әдепкіде – әуелде
Әдиса – сұмдық, ғаламат (зат)
Әдия – киім түрінде берілетін сыйлық
Әдлия – юстиция
Әдуа – инфекция
Әдіскер – методист
Әдіснама – методология
Әдістеме – методика

Әдістеу – әдіс-амалын табу
Әдісті – әдіс-амалға төселген
Әжайыпхана – музей
Әжер – вознограждение
Әжет – қажет
Әжиәби – шетелдік (чужеземец)
Әзәл – бұлшық ет (мышцы, мускул)
Әздектеу – айырықша аялау
Әзел – тағдыр
Әзиз – қымбатты (дорогой, чтимый)
Әзик – ұйпаланған (помятый, смятый)
Әзілкеш – қалжыңбас
Әйгәпір – жеккөрінішті
Әйдем – жақын жер
Әйбат – жақсы
Әйдік – үлкен, ерен
Әйелдену – үйлену, әйел алу
Әйелді – әйелі бар
Әйелет – провинция
Әйкел – құдықты шегендеу үшін салынатын ортасы тесік дөңгелек тас
Әйле – семья
Әйлелі – семьялы
Әйлелік – семьялық
Әйнекей – глазурь
Әйнектеуші – стекольщик
Әк – утас
Әкәмат – странно
Әкелім – импорт
Әкендоз – пештің күлін алатын қалақ
Әкиет – ең негізгісі, маңыздысы
Әкила – гангрена
Әкетілім – экспорт
Әкпіш – иінағаш
Әксинчә – наперекор
Әктастану – асбестоз
Әктеу – әкпен сылап ағарту
Әләй – соншалықты, ерекше
Әләк – донос, кляуза
Әләкші – доносчик, кляузник
Әләни – легальный
Әләният – публичность
Әләт – аппарат
Әләч – средство, способ

Әлбет – тәуірлігі бар
Әлгісі – жаңағысы
Әлей – онан бетер
Әлеке – жүйрік тазы
Әлектеу – әлегін шығару
Әлем – тапырақ – хаос
Әлемет – сұрапыл, кесір, жанжал
Әлемиет – вселенная
Әлеті – шамалы уақыт
Әлеует – потенциал
Әлеуетнама – социология
Әлжуаздану – әлсіздену, нашарлау
Әлма – яблоко
Әлмен – күш-қуат, әл-дәрмен
Әлмендену – әлдену
Әлмендірек – күштірек, әлдірек
Әлөрнек – заставка
Әлпі – бағыт – бағдары
Әлтаман – кейінірек, сәлден кейін
Әлүз – қолжуғыш (умывальник)
Әліпби – алфавит, азбука
Әм – және
Әмәлият – операция; банк әмәлиятты – банковская операция
Әмәнда – қашанда, әруақытта
Әмбалаж – упаковка
Әмбебап – универсальный
Әмбесі – барлығы
Әмбұлан – жедел жәрдем (скорая помощь)
Әмейі – әншейін, былайынша
Әмелдер – қолында билігі бар адам
Әмен – оригинал
Әмиян – кошелек, портмоне
Әмкәк – төбе (темя, макушка)
Әмма – оның есесіне (зато)
Әммесі – баршасы
Әмсе – ылғи, үнемі
Әмтия – товар
Әміралай – батальон командирі
Әміржасақ – полк командирі
Әміркен – сырлы былғарыдан тігілген етік
Әмірқосын – дивизия командирі
Әмірші – начальник
Әміріңіздемін – я к вашим услугам

Әнбаян – клип
Әнгәл – микроб
Әнгәлшiнәслiк – микробиология
Әндаза – манекен, траферет
Әндеме – сылақты тегiстейтiн қалақша
Әндиш – тревога, беспокойство
Әнжам – снаряжение, оборудование
Әнжамла – снаряжать
Әнжi – өте сайқал, мекер
Әнұран – гимн
Әңгi – есектiң еркегi
Әпкел – әкел
Әпсана – предание, миф
Әпсұс – сожаление
Әптер – тәптерiн (шығару) – шашып, былықтырып тастау
Әпу – извинение
Әпұн – сиқыр (волшебство, колдовство)
Әрама – кабина
Әрбап – деятель
Әргүл – винт
Әредiк – ара-тұра, анда-санда
Әрем – загон
Әри – ара (пчела)
Әркен – эстетика
Әрқайда – всюду, везде
Әрқайдан – отовсюду
Әрқилы – всесторонний
Әрлендiру – дизайн
Әрлеу – отделка, отделочные работы
Әрлеушi – отделочник
Әрлi – ажарлы, көрiктi
Әрмәк – бүрмелi шапан
Әрпiл-тәрпiл – қалай болса солай, жауапсыз
Әрсiз – өңсiз, ажарсыз
Әртектi – гетерогенный
Әрiге – алысқа, тереңге
Әрiлеу – ар жағына таман
Әрiптес – партнер, коллега
Әрiстесiн бiлу – ретi мен жөнiн бiлу
Әсәб – жүйке (нерв)
Әсәби – нервный
Әсәбилену – нервничать
Әсәс – фундамент

Әсби – сыпъ
Әсел – ара балы
Әсерсет – фактор
Әсет – шілде
Әсия – жиек, тігіс
Әскербасы – военначальник
Әсқату – керекке жарайды (пригодиться)
Әсла – ешқандай да (никак)
Әсте – никоим образом, вовсе
Әсіл – түпнұсқа (оригинал)
Әсірелеу – гипербола
Әтәмби – падалица
Әтек – евнух
Әтеке – келіндердің өз атасын атайтын сөзі
Әтешкер – көсеу
Әтияз – жазғытұры (поздняя весна)
Әткеншай – тұз, қаймақ, тұз қосып дәмдеген шай
Әткешші – контрабандист
Әткешшілік – контрабанда
Әтуерлі – құрмет тұтатын
Әтуерсіз – құрмет тұтуға лайықсыз
Әтібүрлі – алымды, ширақ адам
Әудем – үн қатып, дыбыс беру (отклик)
Әуежай – аэропорт
Әуезе – музыка
Әуейі – дарақы, еліктегіш, қызба адам
Әуек – қасқырдың үйірі
Әуж – апогей
Әулекі – есерсоқ
Әупіл – теңіз толқынының даусы
Әурет – адамның көрсетпейтін жері, әбиірі
Әуіз – бассейн
Әуіт – водоем
Әфсана – предание (ертеден айтылып келген аңыз әңгіме)
Әфсен – чарадей
Әһала – тұрғындар (население)
Әхлад – мусор
Әхлақ – этика, мораль
Әхлақсыз – безнравственный
Әхлақшы – моралист

– Б –

Баб – тарау (глава, раздел)
Баба – атаның әкесі (прадед)
Бабай – ақсақал адамға айтылатын ізет атауы
Бабар – гепард
Бавкән – аласа бойлы семіз адам
Бағ – бақша (фруктовый сад)
Бағам¹ – курс
Бағам² – құндылық
Бағама – графа
Бағамдау – пайымдау, аңғару
Бағатізбе – преискурант
Бағдарлама – программа
Бағдарлы – стратегиялық
Бағдарнама – жол бағытын көрсететін белгі
Бағдаршам – светофор
Бағзы – ежелгі
Бағлан – сүбеленіп семірген қозы
Бағызда – ойда жоқта
Бағым – пастбищное стадо
Бағыр – печень
Бағыра уша – балықшылардың желкенді кемесі
Бағыттам – стрелка
Бағыттамшы – стрелочник
Бада – бағудағы сиыр табыны
Бадалаг – подножка
Бадам – миндаль
Бадам әуіз – миндальные орехи
Бадана – жерге түйін тастап өсетін өсімдіктің пиязшығы, жуашығы
Бадашы – сиыршы
Бадбан – бумажный змей
Бадиғи – художественный
Бадия – үлкен жалпақ табак
Баж – пошлина
Бажақы – асыл тастардың жалпы атауы
Бажар – алабажақ түс
Баз – үлкен мал қорасы
Базарқан – базарный сборщик
Базарман – базар саудагері
Базаршы – рыночный торговец
Базихана – игорный дом
Базына – еркелік
Байқастау – сәл-пәл байқаңқырау
Байна – пункт

Байрақ – штандарт
Байрағдар – знаменосец
Байтаба – портянки
Байтар – ветеринар
Байшыгеш – біршама бай, әлді-ауқатты
Байынжан – баклажан
Бақал – ұсақ-түйек сататын саудагер
Бақала – сүт, май, жұмыртқа, ұн қосып пісіретін тағам
Бақалақ – сықырлауықты жабатын ағаш тиек
Бақан – шест
Бақана – бакен
Бақанла – битъ шестом
Бақаншы – бакенщик
Бақауыл – надзиратель
Балаған – уақытша баспана
Баламалы – альтернативный
Баламан – дудка
Балауыз – воск
Балашық – киіз үй керегесін кұрайтын ағаштардың қысқасы
Балина – кит
Балитал – диверсия
Баля – тюк
Балқаймақ – сүтке бал, сарымай қосып даярлайтын қоймалжың тағам
Балқаш – балшықты, сазды жер
Балқоспақ – мая мен бурадан туылған будан
Балқұрт – балара (пчела)
Балқыма – сплав
Балмұр – үрмелі сазды аспап
Балнама – гадаляная
Балташы¹ – дровосек
Балташы² – плотник
Балұр – хрусталь
Балшырын – нектар
Баң – набат
Бап – статья
Барағырақ – аздап бар
Барай – плотина
Барат – денежный перевод
Баратыр – бара жатыр (идет туда)
Барбик – перекладина (спорт)
Барғасын – барған соң
Бардаслы – человек с большим размахом, широкая натура
Барлы – ауқатты (имуций)

Барлылық – бай болушылық
Бардақ – кувшин
Бармақнан – галушки
Барт – порох
Баршын – кәрі бүркіт
Басабас – давка, толкотня
Басат – көлік жүруге қолайлы жер
Басбакан – премьер-министр
Басгина – головка
Басин – пресса
Басир – көріпкел (всевидающий)
Баскерме – диаметр
Басқақ – алым-салық жинаушы (сборщик налога)
Басқала – астана
Басқосу – саммит
Басқұр – туырлықтағы жалпақ оюлы құр
Баспагер – басып шығарушы (издатель)
Баспақ – тайынша
Баспашы – баспа қызметкері
Бастамашы – инициатор
Бастон – трост
Басықара – басы бүтін
Басыр – трахома
Бастырым – обмолот
Басылым – издание
Басытқы – закуска
Басымат – приоритет
Батагер – бата бергіш
Батагөй – бата бергіш
Батбат – құмда тіршілік ететін кесіртке
Батман – салмақтық өлшем
Батымбедер – тиснение
Батырғы – дави́льник
Батыршалыс – жүректілеу, батырлығы бар
Баулық – тоқылған шарбақты белдеулеп байлайтын тал
Бауыршет – диафрагма
Бафта – позумент
Баһар – ерте көктем
Баһра – үлгі
Бах – бақ
Бахша – бақша
Башқан – председатель
Баянжазба – докладная записка

Баяз – антология
Баялыш – тікенді, бұталы өсімдік
Баянат¹ – айтып беру (пересказ)
Баянат² – рапорт
Баянхат – докладная
Баяншы – баянист
Баяпар – долы, шайпау мінезді
Баятыл – нақақтан нақақ
Баят – несвежий
Бәбилі – сәбилі (имеющая грудного ребенка)
Бәбісек – көкек тәрізді кішірек құс
Бәдә – бокал
Бәдәви – первобытный
Бәдәлият – выкуп
Бәдбин – пессимист
Бәдбинлік – пессимизм
Бәде – толық ай (полнолуние)
Бәден – фигура
Бәдил – дублер
Бәдин – художественный
Бәдия – суырып салма (ипровизация)
Бәдхал¹ – немощный, тяжелобольной
Бәдхал² – недоброжелатель
Бәдізші – каменотес
Бәдірен – қиярдың бір түрі
Бәзлилеу – тыныштандыру (успокаивать, утешать)
Бәйгалаң – ипподром
Бәйлек – (грам.) Предлог
Бәк – депо
Бәкила – балықшылардың қонышы ұзын етігі
Бәкпай – (тех.) Бабка
Бәләдші – проводник
Бәлек – өсімдіктің сабағы
Бәлки – бәлкім
Бәліш – майға қуырып ұннан жасалған атала
Бәнд – скрепка
Бәндар – порт
Бәнна – каменщик
Бәнов – фиалка
Бәнт¹ – қолы бос емес (занятый)
Бәнт² – қатты (крепкий)
Бәнттеу – қатты етіп
Бәңші – апиыншы

Бәра – засада
Бәраят – реабилитация
Бәрбат – арфи
Бәрбәр – парикмахер
Бәрбәрхана – парикмахерская
Бәрбі – коловорот
Бәреңге – картофель
Бәсеңдеткіш – глушитель
Бәсит – примитивный
Бәскіні – бәсеңі, қалыңқысы
Бәсіре – квота
Бәһра – польза, выгода
Бәрфарз – предположим, допустим
Бәстәкәр – композитор
Бәт – заряд
Бәтес – мата атауы
Бәтлемек – заряжать (ружья)
Бәтуа – консенсус
Бәтхұй – человек с дурным характером
Бәхил – кешірім (прощение)
Бәхшиш – дар, подарок
Бәшер – фәни адам баласы
Беде – жоңышқа тұқымдас шөптесін
Бедекші – мал саудасындағы делдал
Беден – размер
Беденді – келбетті, сымбатты
Бедені – түр-түрпаты
Бежбенші – жиналған мақтаны қабылдаушы
Беже – айва
Безәп – ысырапшыл (не экономный, небережливый)
Безәрлеу – надоедать
Безендірім – транспарант
Бейабырой – абыройсыз
Бейаз – брынза
Бейазаматтық – азаматтыққа ие емес
Бейан – листовка
Бейапар – мазасыз, тынышсыз
Бейбітші – миротворец
Бейнежазу – видеозапись
Бейқаракет – бездеятельность
Бейнек – моншада пайдаланатын сыпыртқы
Бейнесалон – видесалон
Бейнелеме – символика

Бейнеусіз – қалай болса солай, кейіпсіз
Бейнесалон – видеосалон
Бейнетаспа – видео пленка
Бейнефильм – видеофильм
Бейнешілік – символизм
Бейуа – жесір әйел
Бейхабар – еш хабарсыз
Беқар – салт басты (холостой)
Бейімдеме – приспособление
Бекбатша – бура мен аруанадан туылған будан
Бекемдеу – закрепить
Бекерші – жұмыссыз, қолы бос адам
Бекершілік – бос уақыт
Бекет – станция
Бекзат – аристократ
Бектербегі – сюзерен
Бекші – сторож
Бекіткіш – фиксаж
Бекітім – утверждение
Белағаш – үй төбесіне салатын арқалық
Беларық – үлкен арық
Белбау – манжетка
Белгіше – значок
Белдем – балка
Белдеу – киіз үй сыртынан екі жерден тартылатын арқан
Беледие – муниципалитет
Белетші – билетер
Белтемір – турник
Белтір – аяқтың үзеңгілік жері
Белшер – қыспақ жер
Бенәм – багарная земля
Бензер – аналогичный
Беозор – безобидный
Бепарво – бездушный
Берабер – ничья
Берара – бір кезде (когда-нибудь)
Берән – тойымсыз (обжора)
Бербер – шаштараз (парикмахер)
Бергек – әшекейлі жамылғыш
Бердак – стакан
Береген – жомарт
Берен¹ – броножилет
Берен² – асыл мата

Берен³ – броня
Беркетмә – протокол
Берне – образ
Бернелі – образный
Бертек – вывих
Беріліс – передача
Берім – пара
Берің – бүркіттің тегеурінді бір түрі
Бесқонақ – шешек ауруының жеңіл түрі
Бестас – қақпақыл ойны
Бестежи – композитор
Бесікарба – коляска
Бетесеп – лицевой счет
Бетмай – вазелин
Бетперде – маска
Бетсай – колонцифра
Бехил – скряга
Биазар – скормный
Биазарлық – скромность
Биар – бесстыдник
Бибазар – базар күні емес
Бибер – бұрыш (перец)
Биберлік – перечница
Бидәрет – дәреті жоқ
Биемшек – малина
Бижағдай¹ – жағдайсыз
Бижағдай² – нехстати, не вовремя
Бизар – надоевший
Бизарлау – надоедать
Биззат – лично
Бикар – қолы бос (свободный от работы)
Бикаршы – бездельник
Биқатер – безопасный
Билкаш – указка
Биман – дінге сенбейтін (неверующий)
Бимақсат – мақсатсыз
Бималел – безобразный
Бимешік – (маш.) барашек
Бина – ғимарат (здание)
Бинакар – құрылысшы (строитель)
Бинме – посадка
Бинсап – нечестный
Биопа – опасыз

Биөріс – биополе
Бипам – безрассудный
Бипыл – әдемі, сәнді жүріс
Бирадар – жолдас (товарищ)
Бирем – құрылыс (стройка)
Бирен – (тех.) броня
Бирхил – однообразный
Бис – лезвие
Бискюви – печенье
Биуапа – сөзінде тұрмайтын
Бих – почки, росток
Бихал – әлсіреп қалған (бессильный)
Бихая – наглый, циничный
Бихуда – сандырақ (вздор, абсурд)
Боғаз – тамақ (горло)
Бодай – гречка
Бодақ – откормленный
Бодам – төлем, өтесін
Бодвод – қайықтың алдыңғы жағындағы қуыс
Бодрым – подвал
Бодық – қызған таспен пісірген ет
Божа – вяленое мясо
Бозарша – туя
Боздақ – төлдің алғашқы жылғы жүні
Бозшағыл – бородач
Бозым – айыр өркеш түйе
Бойлас – бойы бірдей (одного роста)
Бойра – қамыстан, шиден тоқылған төсеніш
Боқша – портфель
Боқшылық – өнімсіз өмір күйбеңі
Боқырлау – дезинфекциялау
Болатнай – кездеменің бір түрі
Болық – болып-толған
Болым – наличие
Болымды – ладный
Бонақ – аванс
Боп – болып
Бопса – шантаж
Бопсалау – сыр тартып, пікірін білу
Бопты – жарайды (ладно)
Борақ – борсықтың еркегі
Бордро – ведомость
Борноз – халат

Борса – биржа
Борша – отқа қақталған ет
Борық – ау тартатын ұршық ағаш
Босаңлық – безволие
Бостиян – құр бекер
Босут – мата сыйлығы
Бошақ – қарбыздың дәні
Бояқшы – красильщик
Боян – (бот.) солодка
Бояухана – мата бояйтын шеберхана
Бояушы – маляр
Бөбекжай – ясли
Бөбешік – сырғалық, құлақтың астыңғы етті ұшы
Бөгем – изгиб
Бөгесін – барьер
Бөгеуіл – тосқауыл (помеха)
Бөгіре – кішкене қол сандық
Бөжек – насекомое
Бөз – мата атауы
Бөзек – котенок
Бөкә – күрескіш (силач, борец)
Бөкпен – майға бөктіріліп пісірілген тағам
Бөктергі – багажник
Бөкіс – киіз қонышты етік
Бөлшектелім – розница
Бөлікше – участок
Бөлінім – экскрет
Бөрек – пирог
Бөртегүл – сирен
Бөртек – ойлы-қырлы
Бөстек – қырғауылдың мекиені
Бөсір – аскарида
Бөһран – кризис
Бракшы – бракодел
Буазу – егіннің бастанып, дән ала бастауы
Буат – шпонка
Будан – гибрид
Булығу – стресс
Бунақ – проточка
Бунақ әдеб. – стопа
Бураған – смерч, вихрь
Бухана – парная
Буыршын – жас бура

Бұдырлық – бугристость
Бұдырмақ – бобышка
Бұзаухан – жаңа туылған бұзау
Бұйырман – заявка
Бұй – вышина
Бұйрықшы – әмір етуші, бұйрық беруші
Бұқаша – екі жасар бұқа
Бұқашық – бір жастан асқан өгіз
Бұқтырма – сорпасыз өз сөгіне пісірілген ет
Бұлағай – бұлан-талан, айғай-шу
Бұланбақ – аттың терлеуі
Бұланты – жүрек айну
Бұлау – су емі
Бұлағам – майсыз, дәм-татусыз тағам
Бұллыр – хрусталь
Бұлжымсыз – непреложный
Бұлқу – жұлқыну (шарахаться в сторону)
Бұлық¹ – шарнир
Бұлық² – отит
Бұман – осы жерде (здесь)
Бұран – болт
Бұрахма – бақылаусыз (безконтрольный, безнадзорный)
Бұрғыша – бурав
Бұрқағыш – жиклер карбюратора
Бұрқақ – фонтан
Бұрташ – малдың жұқпалы ауруы
Бұрығ – скважина
Бұрыштама – виза
Бұтақталу – тарамдалу
Бұхары – камин
Бұяқта – бұл жақта (здесь)
Бүвә – (зоол.) Фаланга
Бүгері – балық аулау құралының бір түрі
Бүйен – соқырішек (цекум)
Бүйерде – бұл жерде (здесь)
Бүйту – бұлай ету
Бүктем – буклет
Бүкін – еркектік қабілетінен айрылған адам
Бұлва – холера
Бүлгін – разруха, разорение
Бүлен – (тех.) блок
Бүлендеуіш – (тех.) блокировка
Бұллұр – хрусталь

Бүршік – кисточка
Бүріккіш – опрыскиватель
Бызың – жаңа тебіндеген мұрт
Быламайлау – бытыстыру, сапырылыстыру
Былау – ванна
Былаухана – ванная
БыраMAT – празднoшатающийся
Быршыма – ашыған айран (сильно забродивший айран)
Бырық – қалай болса солай
Бышқы – қолара (ножовка)
Білте – турунда
Бірада – осы жерде (здесь)
Біраздасын – біраздан соң
Бірғанша – әлденеше
Бірлестік – концерт
Бірөңкей – бірыңғай
Бірпарасы – бір бөлігі
Біртекті – гомогенный
Біртума – үлек пен інгеннің бірінші ұрпағы
Біріздендіру – унификация
Бірішек – арлан қасқыр
Бітмер – ықыласпен беріліп істемейтін адам
Бітіғана – майда шыбын
Бітуажа – брокер
Бітімгерші – келісімге келтіруші
Бітімгершілік – миротворчество
Бітісу – бітімге келу (мириться)
Бітісім – бітімге келісу

-В-

Вагиз – (рел.) проповедник
Вадар – мәжбүр болған (вынужденный)
Вадарла – мәжбүр ету
Вади – оазис
Вазиет – форточка
Ваиз – проповедь
Ваклап – в розницу
Вали – губернатор
Вализ – чемодан
Вардия – вахта
Варис – наследник
Васлет – завещание
Васита – посредник, ходатай

Ватилдақ – мылжың (болтун)
Ватман – вагоновожатый
Вә – және
Вәба – холера
Вәзипа – должность, обязанность
Вәйран – ойран (опусташенный)
Вәрағ – барақ (лист бумажный)
Вәрәм – (мед.) туберкулез
Вәсвәси – қызығу (обольщение, соблазн)
Вәхші – изверг, варвар
Векалет – доверенность
Векил – министр
Вергисиз – безвозмездный
Верем – өкпе ауруы (туберкулез)
Виран – трущеба

-Г-

Габид – иман жүзді (набожный, благочестивый)
Гавам – қарахалық (простой народ)
Гавар – жер бедері (рельеф)
Гавиш – хрусталь
Гади – қарапайым (обыденный, заурядный)
Газа – апат (катастрофа)
Газеткер – газет қызметкері
Газетхана – газет редакциясы
Газетші – газет журналисі
Газқағар – противогаз
Газсауыт – баллон
Гаиб – жоқ болу (отсутствие)
Гала – қорған (крепость)
Галон – канистра
Галхан – щит
Гамат – стан, телесложение
Гаматлы – сымбатты (стройный)
Ганбұрма – қан құю (переливание крови)
Гангал – (бот.) татарник
Ганимат – благоприятный, удобный случай
Гапог – крышка
Гапагап – расхватывание
Гапама – замыкание
Гар – вокзал
Гарамтыл – темноватый, черноватый

Гарантияла – гарантировать
Гаргара – шаю (полоскание)
Гарзаг – скорлупа
Гаров¹ – тауық соқыры (страдающий куриной слепотой)
Гаров² – гарантия
